

АЖАРА
2011

ЗЕЙІН ШАШКИН



ТЕМІРТАУ

роман

ЗЕЙІН ШАШКИН ТЕМІРТАУ

Роман

*Бес нәрсеге асық бол,
Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым, ойлап қой.*

Абай.

БІРІНШІ БӨЛІМ

I

Мүсін-сымбаты, қанат бітісі қарлығаш тәрізді «Ил-18» атанған әдемі де зор лайнер Қарағандыға жақындаған кезде қалың қара бұлттың арасына еніп кетіп, толқын соққан кемедей шайқалып, бұлтақтады да қалды. Самолет төмен түскен сайын бұлт қоюлана берді. Нажағай үйірген бишіктей аспанды осқылайды. Самолет іші де ағарып, күнге шағылысқан ақ қардай көз қариды.

Осы жарық, терең ойға шомған Дәмешті де сергітті; жанжағына қараса, қатар отырған жолаушылардың да өңі бұзылып, бірі — алақанымен көзін басып, күбірлеп, алласына сиынып, енді бірі — алақтап терезеге қайта-қайта қарай береді.

Дәмеш те терезеге үңіліп, тұңғыық шыңрауға көз жіберді: жер қарасы көз ұшына ілінбейді, қою қара бұлт лайнердің қанатына оралып, қозғалтпай тастаған сияқты бір орында тұр. Нажағай да өшіккендей жиі-жиі атқылай бастады.

Қауіп күшейді. Жыландай суық үрей Дәмештің денесін тітіркентіп, жүрегін алқымына тықты: осылай аспанда қаза тапқаны ма? «Арманда кетті!» деп осындай өлімді айтады-ау, тегі...

Енді-енді жанды, енді құлады дегенде, ұшқыш та жанталасып, бұлт-бұлттың арасын қуалап, самолетті алып шықты. Заматта айнала жарқырап, көз ұшында қарайып жер де көрінді. Жүрек орнығып, көңіл жайланды.

Жолаушыларда уһ деп дем алып, біріне-бірі күлімдей қарайды. Өне бір жерде жатқан белбеу — өзен, Нұра өзені емес пе?.. Белбеудің жағасында қарайған сіреңкелер — үй-ау? Қала енді алыс емес, жақын. Өне бір қол созым жерде көрінген ақша бұлтты Дәмештің қолымен ұстай алғысы кеп, құмартады. Қандай тамаша, аппақ, үлп-үлп етеді, аумаған аспанға үйіп қойған ақ мақта!.. Самолет Қарағанды қаласының үстіне келгенде түлкіге түсер қырандай төмен қарай қиялай зырлады. Аэропортты бір рет шыр айналды да, жер бауырлай қонды. Дәмештің жүрегі үзіліп бара жатқандай, бойы шымырлап, аяғына тірек таба алмады. Электр қуатындай дене түршіктіріп соғып өткен үрейді шалдуар мінез—әуестік жеңді. Дәмеш терезеден аэровокзалға көз тастады. Қайсысы тосып тұр екен? Ораз ба, жоқ әлде Қайыр ма? Шарбақтан бері өте алмай бір топ адам тұр. Кешкі қара көлеңкеде кім екенін жөнді айыра алмады.

Жолаушылар дүрліге түрегелді. Дөңгелекке отырғызған сатыны әкеліп, самолетке тіркеп те үлгірді. Жұрт түсе бастады. Жүк таситын қол арбаны сүйретіп, кеуделеріне номер қадаған жүкшілер де лезде қаптап кетті. Радиодан әйелдің ширақ даусы: «Алматыдан ұшқан 99 рейстің самолеті келіп қалды», — деп ескертсе, іле екінші баяу еркек дауысы: «Азаматтар, қазір Қарағандыдан Қарқаралыға қарай 47 рейстің самолеті ұшады... Қамданыңыздар!» — деп шақырып та жатыр. Қарбалас.

Қарағанды аэропорты тоғыз жолдың торабы: Ақмола, Павлодар, Қостанай, Жезқазғанға да осы арадан ұшады. Әрбір бес минутта бір самолет қонып, бір самолет ұшып жатады. Дәмеш вокзал алдына жеткенше Қарқаралы, Баянауыл самолеттері бірінің артынан бірі көтеріліп, ұшып жатты. Гүрілдеген мотор даусы бүкіл аэропортты жаңғырықтырып, даңғаза — ес шығарады.

Шарбақтың аржағынан Дәмешке біреу қол бұлғайды-ау осы. Қадала қараса Ораз. Қайыр көрінбейді. «Директор» — үлкен адам курорттан келе жатқан Дәмеш алдынан шығып қайтсін. Әй, Дәмеш-ай, күтпейтінді күтіп, сүйгенді ернінен қағатын әдетің де бар-ау? Сөйткенше болмады, иін тіресіп тұрған халық арасынан біреу кеп, қолындағы пласмастан істелген елеуіш тәрізді тесіктесік сумкасына жармасты. Сөзінен қолы бұрын жүретін Ораз екенін түсін көрмесе де қылығынан аңғарды Дәмеш.

—Сәлеметсің бе, Оразжан! — деп Дәмеш жымыып, кеудесінде Герой ордені жарқыраған, талдырмаш, бұйра шаш, қара торы жігітке сүйсіне қарады. Сумкаға жармасып, еңкейген қалпы Ораз басын жоғары көтеріп, Дәмешке қуанышты көз тастады.

—Мұны өзім көтерейін, Оразжан, сен чемоданды ал!

—Чемодан қайда?

Ораз жан-жағына алақтап, дәл алдында тұрған чемодан ды да көрмейді. Беймаза адамның қылығы: сөзі келте, қимылы орашолақ, әлденеге асығыс. Дәмеш көңіліне секем алды...

Жұрт дүрбелең: жолдасы ма, досы ма, туысы ма, құрдасы ма, бірін-бірі құшақтай еміренісіп, қарсы алып жатыр. Дәмеш сытылып, шеткерірек шықты. Қара сафьянмен тысталып, сарғыш былғарымен көмкерілген екі үлкен чемоданды көтеріп, Ораз жол бастады.

—Осы екі чемоданды сүйретіп, сонау Қырымға да бардың ба?.. Недеген ауыр — зіл ғой жатқан! Не бар ішінде? — деді Ораз таңданған пішінмен чемоданды салмақтап.

Дәмеш күліп:

—Ауырсынып келесің бе? Қазан-қазан құрыш құйсаң да, батырым, екі чемоданға әлің жетпегені... Ажар ас бермей, көтерем қылған ба өзінді?.. Айтқандай, Ажар қайда? Неге келмеді? — деді.

—Үйін қағып-соғып... сен келеді деп, әбігер, ес жоқ!

Бұлар вокзалды кесіп өтіп, қала жақ бетке шықты. Қаз-қатар тізілген шұбар бүйір таксилер бірінің артынан бірі сып етіп, оқтай атылып зыр етіп кетіп жатыр. Іретін тосып, әр нәрсені бір тамашалай қызықтап, жаңа өзімен самолеттен бірге түскен жолаушылар тұр. Біреуі Дәмешті көріп, «жолың болсын!» дегендей қолын бұлғайды.

—Сен өз машинаңмен келдің бе? — деп Дәмеш Оразға бұрылды.

—Енді такси жалдар деп пе ең?.. Кәне, тура Теміртауға тартамыз ба, жоқ, біздің қайнағаларға кіріп тамақтанып, Қайырды тосамыз ба? О да осында. Обком шақырып, соған кеткен... — деді Ораз көк «Волганың» артқы есігін ашып, чемодандарды жүк артатын қоймасына салып жатып.

«Қайыр осында» дейді... Қарсы алуға келді ме, әлде өз бетімен жүр ме? Ораздан сұраса қайтеді? Жоқ...»

—Біз әне бір тұрған екі кісіні ала кетіп, жолшыбай қонақ үйге қалдырсақ қайтеді? — Дәмеш «Волгаға» мініп жатып, москвалықтарға тағы да көз қырын тастады. Олар Дәмеш «қайтер екен» дегендей сынай тосып тұр. Ораз ұнатпады ма, машинаның тұтқасына тұқырая береді.

—О кім еді?

—Жол серіктері...

Машина зыр етіп, москвалықтар алдына кеп тұра қалды.

—Мініңіздер, қалаға барсаңыздар, ала кетейік! — Дәмеш есіктен басын сұғып, әдеппен жымыып, меймандос пиғылын сездірді.

—О, рахмет!

—Қонақ үйіне жеткізсеңіз болды! — деп екеуі кезек-кезек бірінің сөзін бірі бөліп, қоса-қабаттаса дабырлай сөйледі.

—Сіз қайда істейсіз? — деді Дәмешке қонақтың біреуі.

—Теміртауда металлургия заводында инженермін. — Әңгіме желісін Дәмештің өзі үзді, қала мен аэропорт арасындағы көпірдің үстіне шыға бергенде, балаша аһ ұрып, қала бейнесін тамашалады. Қонақтар да сөзді доғарып, қаланың кешкі көрінісіне көз жіберді.

Жаңа ғана самолет терезесінен Қарағанды қаласы бір-ақ уыс боп Дәмештің алақанына сиған-ды. Енді мынау: ұшы-қиыры жоқ, телегей-теңіз, электр оты жарқ-жұрқ етіп, ашық аспандағы жұлдызға ұқсайды. Қиялмен жарысады. Неткен зәулім қала! Машина жақындаған сайын қала да қойынын ашып, көшелері кеңі береді. Бірі алдыңды орап, бірі тақымдай қуып, басып озып, енді бірі үзеңгілесе жарысқан көк-қызыл, қара машиналар. Машина ағызып доғадай иілген көпірдің үстіне шыға бергенде, көпір астынан вагондары тізбектеліп, пысылдап, паровоз да өте берді. Паровоз мұржасынан ұшқан көк түтін ертеңгі тұмандай «Волганың» алдын орап, қарсы келе жатқан машинаны да көрсетпейді.

Жаңа ғана Дәмеш ұшып келгенде аспан ашық еді, лезде манағы қою қара бұлт қуып жетіп, жаңбыр сіркірей бастады. Өкпе тұстан соққан жел көмір шаңын боратып, көше ішінде құйын ойнады. Москвалықтарды апарып тастап, Ораз немере қайын ағасының үйіне кеп түсті. Үй иесі шахтер сменаға барайын деп жатыр екен, қатқыл-салқын үнмен амандасып кетіп қалды. Жасынан адам қабағына қарап өскен Дәмешке үй қожасы күрең қабақ сықылды көрінді. Кейде бір ауыз сөз түгіл, көмейден шыққан үннің ырғағы да талай сырды сездірмей ме? Әлде шахтердің үйіне қонақ жиі келіп ерғашты қылған ба? Оған түс беретін қазақ па, тәйір. Мұнда бір сыр бар!..

Дәмеш бұрышта тұратын шар айнаның алдына барды; тірсегіне түсетін көмірдей қара шашын тарқатып жіберіп, шапшаңдата тарап үлкен бір бұрым өрді де, қошқар мүйіздеп желкесіне түйді. Ойы басқаға бөгелсе де, қолы шашын бөгелмей өреді... Дәмеш айнаға тесіле қарап, өз өңіне назар аударды. Самолет соққан ба, сағы сынық. Әсіресе, мөлдіреген бота көзі, әдеттегідей күлімдеп, жарқырамайды — тұман басқан күннің көзіндей күңгірт тартқан. Дәмеш айна алдында ойқастап, денесін де бір шолып өтті: нәзік мүсін курортта аздап толған сияқты, кеудесі де тырсылдап шертіп тұр. Дәмеш бетіне жеңіл-желпі опа жағып, тұқырайып газет оқып отырған Ораздың қасына барса, үй иесі — жеңгесі ас үйде екен.

—Ораз, осы үйдегі ағай бірдемеге ренішті сияқты...

—Себебі бар шығар... — деді ол басын көтерместен. Дәмеш Ораздың дүдәмал сөзіне түсіне қап, елеңдеп, құлағын түрді.

—О не қылған себеп?

Енді Ораз да газетін қоя салып, оңтайланып, манадан бері қалай бастаудың ретін таба алмай отырған ба, әңгімесін қалтқысыз Дәмештің алдына жайып салды. Дәмештің «не қылған себеп?» деуіне Ораз таң қалады. Демалысқа кетерде бүкіл завод бастықтарын газетке жазып, ел-жұртқа мазақ қылған Дәмеш емей кім екен? «Директор ашық ауыз»; «бас инженер кертартпа»; «завод баяғы атам заманғы техникамен әупірімдеп күн көріп отыр». Бұл ащы сөз қайсының жанына батпайды дейсің? Қайыр шерменде. Оның өрен-жарандарының: жаңағы шахтердің шырайы өзгеріп жүргені де сол болар.

—Неге өкпелемесін, мешкей деген жақсы атақ емес қой... — деп Ораз сөзін аяқтады. Қаперінде түк жоқ Дәмеш не дерін білмей дағдарып, Оразға бажырая қарай берді.

—Мақаланың астына менің атымды қойып па?

—Енді қалай?

Дәмеш кекесін күлкімен жауап қайырды:

—Әлгі орыс мәтелі: менсіз мені үйлендірді дей ме? Керек десең мен ол мақаланы білмеймін де!

Ораз сенбеген пішінде теріс қарап мырс етті. Дәмеш те түсінді: жұрт аузына ілінген сөзді қисық деп дау айтып қара, кім ақымақ болар екен?

—Ораз, сен маған сенбей тұрсың-ау, ә? Адал сөзім — мен жазғаным жоқ!..

Курортқа жүрер алдында «Советтік Қарағанды» газетінің тілшісі әңгімелескен еді, тегі атымды сол қоя салған болар.

—Маған ақталып қайтесің... — деді Ораз түрегеліп, ауызғы үйге барып тамақты әзірлетті. Кім білсін бұл сөзде не мән бар екенін, әлде: мен саған сенем, аузыңды ауыртып қайтесің дегені ме, жоқ, мен завод коллективі емеспін, төреші боп билік және айтпаймын дегені ме? Дәмеш өзін-өзі жақсы біледі. Ондай мақала жазу түгіл, ес білгелі бір адаммен түс шайысқан емес.

Дәмеш жөнді тамақ ішпеді, шешіліп үй иесіне Ялтада көрген қызықтарын да айта алмай, сол жабыңқы қалпы машинаға отырып кете барды.

Жолшыбай Теміртауға жеткенше қиял-ойдың тұтқыны болды да қойды.

Әй, Ораз-ай! Дәмеш ойына ортақ боп, жүрек соғысын кардиограммадай оқып отырса, Дәмешті сонда білер еді ол. Егер ол мақалада, Ораз айтқандай: завод техникасын жаңартуды сөз қылса, оның не сөкеттігі бар?

Атом ғасырында «есекке» мініп коммунизмге жете ала ма? Жер серігі...

Қала берді, биыл, жыл басында аспанға Күн серігі де ұшты. Ол аз десең, ертең Айға, Шолпанға саяхат етіп адам да барады... Есеп-қисап жасайтын машина бір тілден екінші тілге сөз аударып, ән салатын халға да жетті. Күн сәулесі электр күшіне айналды. Баспалдақтап ұшатын ракета. Атом

станциясы. Атом күшімен жүзген пароход... Мұның бәрі адам өмірін жақсартуға жасалып жатқан жоқ па? Еңбек-бейнет зая болмай, рахат-қызыққа, өмірді ұзартатын құралға айналса, атам заманнан бергі адам баласының арманы орындалмай ма?

Дәмештің құрыш қорытушылар еңбегін жеңілдетудегі бірліжарым ойы, завод бастықтарының шамына неге тиеді?..

«Волга» Теміртау қаласына жеткенін, Дәмеш өз үйінің алдына кеп тоқтағанда бір-ақ білді.

«Қайран менің өз үйім, кең сарайдай боз үйім!» — деп бұрын тегін айтпаған-ау. Дәмеш Ялтаның тамаша санаторийін де дем алса да, Москваның бай да, сәнді мейманханасында жатса да өз үйі — артық, көзіне жылы көрінді. Әсіресе әке орнына әке болған, ес білгелі маңдайынан сипап, мүсіркеп, бауырына басқан Құрышпайдың балаша жүгіріп алдынан шыққаны, неге тұрады? Дәмеш үшін бұл — дүниедегі ең қымбат, қол жетпейтін ардақ. Құрышпай Дәмешке жамағайын да емес, әйтеуір бір жақтікі, бірақ туыстан артық, әкесінің досы. Сол достығын ақтап, Дәмешке еңбегін де сіңірді. Сол еңбегін ұмытатын Дәмеш күнделік өмірдің балынан татып, ұшып-қонған көбелек дейсің бе? Құрышпай Дәмешті «қызым!» дейді. Көңілі түскен кісіге сыбырлап: «Досымның қызы» деп те қоятын. Досы кім? Ол кім болған? Ол жайында жұмған аузын ашпайтын. Дәмеш жабысып сұрағанда не бар айтатыны: «Қайтесің, балам! Сыр сандықтың аузын мықтап кілтке сап бекітіп тастағам. Уақыт жетсе, өзің ашып оқырсың да, түсінерсің. Қазір ерте!» дейтін. Ол кезде Дәмеш бала еді, таңқалып, бұл сөздің астарына түсінбейтін. Тек соңғы жылдары ғана: «Дәмештің әкесі Сақа Сағатов бізбен бірге Жетісуда Совет өкіметін орнатысқан революционер еді. Қиын-қыстау тар жолда талай адамға қол ұшын беріп, өлімнен құтқарған ер азамат еді!» дейтін болды. Тап қазір тағамға толы дөңгелек столдың басына келіп ересек қыз Құрышпайдың мойнынан құшақтап, шалдың түкті бетіне тақап, еркелеген себебі де осы. —Айналайын, сағынып қалдың ба? — деп Құрышпай Дәмешті арқадан қақты. Осы кезде төрт жасар Ораздың ұлы да кеп Дәмештің аяғына оралды. «Тәтелеп», бір ауыз сөзге сағынышын, балалық махаббатын сыйдырды. Дауысы қандай сүйкімді! Дәмештің жүрегі елжіреп, баланы еріксіз жерден көтерді.

—Ой, тәтеңнің үстін былғап алма! — деген Құрышпай шалдың сөзіне мән берген ешқайсысы жоқ. Мәз-майрам. Ұлының қылығына сүйсініп, шаттана күлген Ораз даусы, алыс жолдан келген Дәмешті қуаныштаған көрші-қолаң, кұрбыларының мадақ сөзі, күлкісі үйдің ішін басына көтерді. Бірақ Дәмештің жайдары көңілі сұрланып оқшау тұрған Ажарды көргенде, су

сепкендей басыла қалды: қатар өскен құрбысы, қазақ әдетін қуса — жеңгесі, неге Дәмешті қызықтамайды? Әлде сырқаттанып жүр ме екен? Дәмеш Болатты жерге қоя сап, Ажардың қасына барды:

—Ажаржан, неге көңілсізсің? Түсің бұзылып тұр ғой?

Ажар қабағын қайшылап: «жәй, әншейін, басым...» деп теріс айналды.

Дәмеш сенбеді, елегізіп: «Сен не білесің?» деген дей Оразға қарады, бірақ, о да күбжеңдеп, төмен тұқырайды.

Дәмеш ақ көңіл, жұрттың бәрін өзіндей көреді. Е, тапты! Ол тегі, ағасының жыртысын жыртып: «Газетке жазды!» деп намыстанып жүр де, әйтпесе, Ажардың өкпелейтін реті жоқ, Ялтадан сәлемдемеге шашақты қызыл жібек төсек жапқыш та әкеп берді. Мүмкін шешесі де шайпау тілімен екі араға маздата от жаққан болар... Курортқа кетпей тұрғанда мұндай емес-ті, еркелеп, мойнынан құшақтап, маңайынан шықпаушы еді. Дәмештің шырт етіп, көңілі бұзыла қалғанын шал да сезді. Оны аңғару — былайғы жұртқа аса қиынға түспейтін. Іштегі шер толқып жүрек кернегенде, Дәмештің сағы сынып, жүдей қалады. Дәмеш мінезінің осы бір қырына өзі де риза емес, талай ұтылып, кейіс те көріп жүр. Үміт-тілегі, қапа-реніші де замат та жүзіне мөрдей басылады. Қаншама өзін-өзі тежеп, салмақты ұстаса да болмайды, білініп қояды, аққұба беті нарттай қызарып, дуылдай жанады. Бірінші бокалды көтере бергенге, салмақпен басып, Қайыр кірді. Өзіне-өзі сүйсінгендей кеудесін кере, онсыз да тіптік, сымбатты денесін катайта ұстап, еркін кірді. Дәмеш Қайырды көрсе, құрыстап, іштей таласа айтысатын әдеті. Қазір де оны көрген бетте: «Мақтаншақ!» деп күбір ете түсті.

Маңдайы кере қарыс, беті жалпақ, нағыз Арқа қазағының беті, ер мұрынды... демекші қырат мұрын. Осы бет бітісіне сәл сәйкес келмейтін аузы мен көзі. Аузы кішірек те, көзі томпақ; мұны Дәмеш оның бойындағы кемшілік деп табады. Қазір Дәмеш Қайырдың өткір көзінен жүрек түбінде жатқан оның жасырын сырының ұшқынын аңғарғысы келеді. О, ол сездіре ме?.. Әне, құнсыз күлкісіне сап, паңдана басып, Дәмешке жақын келді.

—Қуанышым қойныма сыймай, жүрегімді алақаныма сап, алдыңнан шыққанда, тоспай кетіп қалғаның не?.. Осынша қудым, жете алсамшы! — деді Қайыр шұбырта мәнерлей сөйлеп. Дәмеш бұл сөзді кекесін сияқты ұғынды: «Қуанышым қойныма сыймай...» деген сөз, саған онша зар болып отырғаным жоқ дегені де... Дәмеш жаңа ғана оның өкпесін тарқатып, жүрек түйткілін жайып-шумақ боп еді, енді шегіншектеп, тартынып қалды. Самарқау амандасты.

—Жоғары шық, Қайыржан! — деп Құрышпай да қалбалақтап, завод директорына өзінің орнын ұсынды. Қайыр қызға денесімен бұрылып:

—Менен хат алдың ба, Дәмеш? — деді.

—Жоқ..

—Ол қай жерде қалды екен? Бір жағынан алмағаның да жақсы болған.

Алған күнде осы стол басында қатар отырып тамақ ішуің де неғайбыл еді.

—Ондай хатты жазуға батылың жетсе, айтуға да аузың барар!

¹ Жүрек соғысын жазатын дәрігерлік аспаб.

—Дәмеш әзілдей айтса да беті қызарып, қысылып отырғанын сездіріп алды.

—Аузымды қышытып қайтесің, Дәмеш! Көңілің қалар...— Қайырдың сөзбен матап, беттетпей, ықтатып алатын әдеті бар да. Соған көшкендей. Оп-оңай сөзін жіберіп, ықтай қоятын Дәмеш және жоқ. Кімнің пысы жеңеді, оны болашақ көрсетер...

Екеуі қақтығысып, шекісіп алды. Дәмеш те, Қайыр да алдарында жайнап тұрған: суық қазы, майлы қарта, исі мұрын жарған күрең бәліш, қыстан тұздалып аман шыққан қып-қызыл қарбыздың бірінен ауыз тиген жоқ. Көбік атып тепшіп тұрған бокалдағы шампан орталана берді де, Ораз оны еселеп құя берді.

—Қарағым, жесейші! Жолдан не тамақ іштім дейсің? — деген Құрышпайдың сөзі ғана Дәмешті қалпына келтірді. Рас-ау, Қайырдан қысылып қайын атасы ма еді сонша? Дәмеш қатая ысынған денесін босатып, жайлана отырды. Тамақ желінді. Бокалдар түбі қағылды... Жарыс сөз, думан қызды, бірақ балалы үйдің әдеті емес пе, төрт жасар Болат Қайырдың көк, ақ сұр люкстен тігілген костюмін жүгіріп кеп майлы қолымен баттастыра ұстай алды. Қайыр тыжырынып, атып тұрды:

—Әкетші мынауыңды! — деді Ажарға ала көзін қадап.

—Нағашысына жасаған жиендігі де, бір костюммен құтылсаң жарар еді...

—деп Құрышпай мысқылдай күлді.

—Сізді сыйлағандықтан Құр-аға, әйтпесе...

Қайыр сөзін Ажар орындады — жалмажан жетіп барып, құйрықтан шапалақпен салып қалды. Болат кемсеңдеп шалға қарай ұмтылды.

—Тиме! Неге тиесің балама! — Құрышпай келініне зекіп, баласын бауырына қысты. — Әй, бәлем сені ме! Тұра тұр!

—Шал мен кемпір тұрғанда балаларға тәлім-тәрбие беру қиын.

—Қайыр үстін сүртіп, терезенің алдына барды да, қалтасынан шылымын шығарды. — Қымс етсе арасына түседі... Боқта! — деп боғауызға үйретеді...

—Бас жаққа барысып қайтеміз, құда бала!.. Сені де сондай шал мен кемпір өсірген шығар, — деді Құрышпай қарсы дауға дайындалған адамдай

қомданып, иығын күжірейтіп.

«Ерегіс десе Құрышпайдың кәрі жыны қозады» деген құрдас шалдардың сөзі Дәмештің есіне түсті. Шал Қайырдың кезек сөзін күткендей, елегізіп бір жамбастай отырған кейпінен даудың бітпейтінін Дәмеш сезді де, Қайырды балконға алып шықты. Қонақ үйдің балконы көше жақта. Қала халқы кешке таман бүршік жарып хош иіс шашқан резеда гүліндей, кешкі салқында әдемі киінген, жұпар исін бұрқыратып, пар-пардан ағылып жатыр. Кейде дабыр-дұбыр, шатты-сылқым күлкі де қосылады. Қызылды-жасылды электр отымен жазылған сәнді жазулар мәдениет сарайының маңдайында бір сөніп, бір жағылып, алыстан көз тартады: «Мәдениет университетінде ертең кешкі сағат жетіде музыка факультетінің оқуы басталады» деген сөздің бір жолы қызыл, енді бір жолы көк түспен жазылады.

—Көрдің бе? — деді Қайыр отты қолымен нұсқап.

—Көрдім. Не демекшісің?.. Менің істеткенім деп, мақтанбақсың ба?

—Мақтанса ше? — Қайыр да ілгіштей сұрағына сұрақпен жауап қайырады.

—Мақтанудың аяғы дандайсу... Одан культтің де аулы алыс емес.

—Культ дегенді ұмытсақ дейім. Ескі жараның аузын тырналай беріп қайтеміз.

— Тырналауемес, достым. Адам өмірденсабақалады, үйренеді. Біз ол сабақты ұмытпауымыз керек. Сен сынауды — «жара тырнау» деп ұқсаң, ол — жақсы директордың қылығы емес.

—Саған жаға алмадық-ау, әйтеуір... Заводқа келмей жатып, шулата, газетінді ала келдің. Мен бір саған жат адамдай... — Қайыр өкпесін наз түрінде айтам десе, тілі құрғыр астарлы майда сөзге үйренбеген, кекесін тәрізді шықты.

—Қайыр, сенсең, мен сол мақаланы білмейім де.

—Шын ба?

—Шын.

—Қой енді, жасырма!.. — Қайыр күлімсірей қуана қарайды Дәмешке. Алақай-ай! Дәмеш жазбаса екен. Жақсы көрген адам газетке жамандап жаза ма?.. Егер, шын болса — сүймегені... деген ауыз айтпаған ойды Дәмеш сол бір сәт Қайырдың қуанышты көзінен анық оқыды. Жүрегі шымырлап аяғандай болды.

—Курортқа жүрерде, «Советтік Қарағанды» газетінің тілшісі менімен кеңесіп, қайдан естігенін білмейім, «рационализаторлық ұсыныс» жасапсыз, сол не халде?» деген-ді...

—Енді белгілі: директор жол бермейді деп сен оған шағым жасадың. Сонан соң ол жазып ап, газетке басты... — Қайыр олқы дауыспен айтты.

—Жарайды сенікі-ақ дұрыс болсын. Мен жазбасам да жаздым. Бірақ, принципке келейік: сенің Мүсілім ағаң: «Бұл атақ алудың оңай даңғыл жолы. Соңғы кезде кім жақпаса, сол консерватор бола қалатын әдетке айналды ғой» деп тыжырынып, сөйлеспей қойғаны өтірік пе еді?

—Мүсілім өз алдына бір қазақ, мен бір қазақ. Айтса, соны жаз, мені неге міңгестіресің?

Көрдің бе, өзіне кір жуытқысы келмейді. Дәмеш Қайырдың да:

«Әй, қоя тұршы, Дәмеш!» — деп басқа әңгімеге бұрып әкеткені есінде.

—Сен директорсың, неге құлақ аспадың? Мен саған айтпадым ба?.. Кәне, айтпады деші?

—Принципке барсаң, сенің сол ұсынысыңнан оншалық пайда көріп тұрған мен жоқ! Бұл өз пікірім. Оны өзіңнен басқа адамға әлі айтқам да жоқ.

—Бәсе, мәймөңкелемей, баяғыдан осылай деуің керек еді...

«Мені қоса жаздың» деп өкпелейтін жөнің де жоқ.

Қайыр сөзді әрі қарай тереңдеткісі келмеді, әңгіме желісін бұрып жіберді.

—Менің басымды қатырып жүрген, Дәмеш, бұл емес. Біздің қазақ жастары әлі де болса, техникадан аулақ жүр. Қой бағуды маңдайына жазып қойған жоқ қой, ертең анау үлкен үш домна біткенде Теміртау шығыстағы қара металлургияның орталығы болмақ. Сонда сол техника тілін қазақ жастары қолына алса, маман жұмыскерлер, техник-инженерлер кадры көбейсе, коммунизмге тезірек жетпейміз бе? Біздің заманда техникасыз бір қадам баса алмайсың. Ертең қой бағудың өзі техника тілін білуді қажет етпей ме?

—Әрине.

—Олай болса, менің арманым осы біздің завод сол кадр дайындаудың бірінші сатысы да, ұста дүкені сияқты болса екен дейім. Қазақтың қара металлургиясының бірінші заводы бастамағанда кім бастайды? Сен өзің ел жаққа барып көрдің бе? Жастар завод-фабрика дегенге әлі де асау аттай ойқастап, құлағын тіге қарайды. Осы өтірік пе? Әуелі қызметкер болсам деп кеңсеге қарай ұмтылады!..

Дәмеш еріксіз күлді.

—Оның бірі — сен. Заводты тастап директорлық креслоға отыра қалған...

—Қой, Дәмеш, мені қажама, мен бес жыл цехта істедім, директор болғаным жарты-ақ жыл. Үш жылдай министерствода істеген кім екен?..

—Мені оқу бітірісімен зорлап алып қалды.

—Е, мені де партия қойып отыр, өзім тіленіп сұрап алды дейсің бе?

—Шай жасап қойдық! — деді Ораз балконға басын сұғып.

—Жүр, дауды қой, Дәмеш! Әркімнің өзінің үміт-тілегі бар, сәті түссін де!..

Шай ішейік! — деді Қайыр татуласпақ ниетпен. Бірақ, Дәмеш Қайырдың соңғы сөзіне құлақ қойған жоқ, назарын Оразға аударды: еңсесі түскен,

қабағын түйген... Ажар да көңілсіз. Әлде екеуінің арасынан қара мысық жүгіріп өтті ме екен?..

...Дәмеш көлбей салынған тайпақ сатымен екінші этажға көтеріліп, оң қолға бұрылды. Қара дермантинмен тысталып, ақ бүршікті шегені үстіне тізбектей қаққан есік тұтқасын ұстай бергенде: «Бұл үйде Дәмеш енді тұрмайды!» деген жазуға көзі түсті. Өзіне-өзі сенбей қайта-қайта оқыды. Кім екен жазып жүрген? Келемеж! Ашу қысқан Дәмеш есікті қатты итеріп қап, үйге кіріп барса, дәлізде тірі жан жоқ, есік ашық. Апырау, біреу бірдемені алып кетсе қайтеді. Оң жақтағы ас үйдің есігін ашты. Көк жалыны жылт-жылт етіп, маздап жанған газ плитаның үстіндегі тарғыл түсті кастрюльде сүт көбік атып, сақылдап қайнап жатыр. Төгілдіау! Дәмеш жүгіріп барып кастрюльді көтеріп ап, столға қойды да, қайтадан дәліз арқылы қонақ үйге өтті. Стол сол кешегі жиналмай қалған қалпы: түрлі тамақ, тарелка, қасық, пышақ, шанышқы. Ажарға не болған, жайратып, қайда кете қалды екен? Алдымен шалдың бөлмесін жинап жүр ме? Қонақ үйдің оң жағында екі есік те, сол жағында бір есік. Дәмеш соларды ашып, әрқайсысына басын бір сұғады. Оң жақта шалмен қатарғы бөлмеде Дәмеш тұрады. Бұл — бөлме бұрын Ораздың кабинеті екен. Алматыдан Дәмеш келген соң: «Бөлек пәтерге шығам» дегенде Құрышпай шамданып соны бөліп берген-ді.

Дәмеш үйдің ішін тегіс аралап шықты, бірде-бірінде тірі жан жоқ. Енді плащын шешкенше болмады, «Өрт! Өртеніп жатырсың, Дәмеш!» деп біреу үрейлене айғайлады. Жан ұшырып ас үйге барса, газ-плита лаулап жанып жатыр, жалын аспанға шапшиды. Қайдан келе қалғанын, Қайырдың шешесі Ақмарал, қолында бір шелек суы бар жетіп барды. «Ойбай, апа, су құймаңыз, онан жаман өршиді!» — деп Дәмеш шырылдап Ақмаралды жібермеді. Жандәрмен Қырымнан сатып әкелген көк ала жемпірін шешіп ап, плитаның үстіне жаба салды...

Дәмеш оянып кетті. Жүрегін астына басып қапты. Терлептепшіген, қиналса керек... Сағатын шешуді де ұмытып кетіпті — жол соққан-ау. Сағат ертеңгі жеті. Күндегі тұратын мезгілі. Дәмеш төсекте жатып өткен түнгі уақиғаны есіне түсірді. Ия, Қайырмен екеуінің осылай тіл табыспай кеткені ме? «Мысық пен күшіктей!» деді іштей бір әзәзіл үн мысқылдап. «Сонда мысығы мен де, күшігі Қайыр болғаны ма?» деді өзіне-өзі күбірлеп. Біреу естіп тұрса — ұят-ау! «Бейшара, шатасқан екен!» демей ме!

Дәмеш о баста Теміртауға бекер оралған. Қайыр мен Оразды дос, жақын көріп келді ме екен? Кешегі Қайырдың айтып отырғанын көрмейсің бе: «Газетінді қолтығыңа қысып шула та келдің» деп... Осы сөзден кейін не жақсылық күтсін Дәмеш! Қайырдың: «Бес жыл тосып едім, бір түс

бермедің» дегені жігіттің қызыққандағы әдемі сөзі, әйтпесе, Қайыр осыдан үш жыл бұрын бір түн тоса алмай, селеу шаш ақ сары қызбен жампаңдаса қалғаны қайда? Жарайды, бір есептен Дәмеш Қайырға сенсін-ақ: ол қыз «жол серігі», бейтаныс адам бола-ақ қойсын... Үйленбей Дәмешті тосқаны да рас болсын... Бірақ, Дәмеш сол Қайырды сүйе ме? Осы сұрақты курортта өзіне-өзі талай қойғанды. Түрсипаты келісті, ер жігітке лайықты.

Сөйтседағы, Оразбен екеуін қатар қойса, Дәмеш әрине Оразды ұнатады: мінезі жұмсақ, жанына жағымды, қас-қабағынан ойын таниды. Күліп көзіңе телміре қарайды. Ал, Қайырмен жолдас болу үшін асау ат мінген адамдай әрдайым тізгінді мықтап ұстап сақтанып отырмаса болмайды; сәл қарайғаннан үркіп бір жерде тастап кетуі ықтимал. Өмірбақи адам өзін-өзі жинақы ұстап, сақ боп жүре ала ма? Ал, адам шылбыр сүйретіп, өзін-өзі бейқам ұстап, қасындағы жарына етін үйретіп алғанда не табады? Ондай өмірден тағы да қанағат таба ала ма?.. «Осыдан бес жыл бұрын жастай бірге өскен Оразды бір көрген Қайырға айырбастап кеткен кім екен?» деді іштей бір кекесін үн табалап.

Ия, Дәмеш Теміртауға бекер келген, диссертацияға материал жинайым десе, Череповецке, Запорожьяға баруына болушы еді ғой. Енді Дәмеш Теміртауға сол диссертация үшін келдім деп, сылтау таппақ. Оған кім сене қояр екен?

Жоқ. Дәмеш жеңілтек-ұшқалақ жігітті жек көреді. Алматыда талай жігіттер «қырындап» көрген, бірақ мінезін байқаған соң тайып тұрған-ды. Бір атақты художник: «Ақыл-ақыл деп өзің ақылдың құлы боп кеткен, әйеншек сорлысың ғой, ақылға сенсең, ертең күйеуге тимей отырып қаласың!» деп реніш те білдірген. Шынында Дәмеш ақылға көп бас иеді. «Ақыл еркектің көркі...» деп жүріп өмірден құр қалып қояды әлі. «Сонда күйеуге тигізбей жүрген ақыл дейсің бе?» деп тағы да бір әзәзіл дауыс іштей таласа түсті. Бұл талас — жас жеткен қыздың семьяны көксеген армансағынышы. Оны Дәмеш жақсы түсінеді. Тек жымыып, күрсініп қана қояды. Семья деп кез келген көк етіктің құшағына құлауға тағы болмайды. Дәмеш жүрегіне әмір етіп, билеп-төстеп әкететін жігіт әлі туған жоқ.

Партбюро завод басқармасының екінші этажында еді. Дәмеш соған көтеріліп бара жатып жолшыбай бас инженерге кез келді. Қасқа бас, көзілдірікті, істік мұрын Мүсілім айбынды да ызғарлы кісі. Бұғағы шығып, қарны қампия бастаған толық еркек. «Нәзік қағілез қыз инженер-металлург болам деп несі бар екен!» деп осыдан бірнеше ай бұрын, алғашқы келген кезде менсінбей, сөйлеспей де қойған. Қазір әйтеуір, тіл қатысады. Онысына да шүкірлік!

—А, саяхатшы, курортшы жолдас? Аман келдің бе? — Бір жағын кекесіндей баптана сөйледі.

—Мүсілім ағай, Айша апайдың дені сау ма? — Аузына қайдан түскенін, Дәмеш өзінен әйелінің амандығын бұрын сұрады. Поезд ішінде, Алматының бір журналисі: «Бұрын ауылда есендік сұрасқанда: «мал-жаның аман ба?» деп малын бұрын сұраушы еді, ендігі оқыған қазақтар бірінен-бірі: «жеңгей, келін аман ба?» деп қатындарын бұрын сұрайтынды әдет қылды. Оның себебі: қазақ бұрын малын жақсы көрсе, енді әйелін жақсы көреді!»— деп күлген-ді. Аузына қайдан түсе қалғанын... Бас инженер мұны басқаша ұғуы мүмкін. «Газетке шыққан мақаласы бетіне шырмау боп, айтарға сөз таба алмай тұр» деуі ықтимал-ау?

—Жұмысқа қашан шығамыз? — деді де, Дәмеш жауабын жүре тыңдап, төмен түсіп кетті. Бұл кісінің сөздігінде: «сіз», «сың» деген жалғау болмайды деп жұрт күлуші еді, рас екен...

Дәмеш партбюро секретарының кабинетін ашып еді, ауызғы бөлмеде, адам жоқ, кіріп барды. Қара былғарымен тысталған диванға отырды. Серегин телефонмен сөйлесіп жатыр екен, басын изеп Дәмешпен амандасты.

—...Жақсы. Жақында, бюрода қараймыз. Өзі де міне келіп отыр!.. Қашан?.. Кеше!..

Өңгіменің өзі жайында екенін Дәмеш енді аңғарды. Серегин телефонды іліп қойды да, орнынан тұрып, Дәмешке қолын ұсынды. Николай Ивановичтің оң аяғының нобайы болғанымен өз бетімен иесінің әмірін орындауы қиын. Соғыста кесіп тастап, ағаш аяқ орнатқан. Түрегелгенде, жүргенде сиырдың тұяғындай сырт-сырт ететін. Кәзірде де сыртылдай басып Дәмештің қасына отырды.

—Ия, жақсы дем алып қайттың ба?.. Кәне, бетіңді бері бұршы. Тамаша-тамаша! — деп күліп, Дәмештің қолын қаттырақ қысты. Серегин ашаң, ақ сұр еркек. Маңдайын қақ жарған тілдей ақ шашы, көз айналасындағы тарам-тарам құсаяқ ажым егде тартқан кісілердің қатарына қосады. Әйтпесе, қырық жас еркек жасы емес. Шынында Николай Ивановичтің түр-кескіні болмаса, жүріс-тұрыс, қимылы — ширақ; қайраты мол; сөз десе, көз майы шырағдандай жанады: көңіліне жақпаса мысқыл сөзбен шабақтап та алады. Кейде ілгешектей бір сөздің шашауынан ұстай ап, суыртпақтай суырып-суырып дымын қалдырмай қоя беретіні тағы бар. «Маңызды» деп қоқайып барған мәселеңнің, қолыңда тек шашағы қалады. Сондықтан да Дәмеш сөз кезегін Николай Ивановичтің өзіне берді.

—Естідің бе, сен жоқта сені үйлендірдік! — деді ол күлімсіреп.

—Сол бір хабарды естігенде мен де тап осы сөзді айтқам!..

Бірақ, мардымды ештеңе түсіне алмай, сізге келдім.

Николай Иванович үн жоқ, түн жоқ столдың жәшігін ашты да, «Советтік Қарағанды» газетін суырып ап, Дәмешке ұсынды.

«...Металлургия заводының аты үлкен де мәні аз. Үй дейтініміз соңғы он бес жылда құрыш қорыту техникасына енген жаңалықты, қаншама жарық алып іздесек те біз таба алмадық. Бейқам жатқан бір дүние! Қайта техника жайын сөз қылған адамды алакөз деп, жақтырмайтын да мінез бар.

Жақында мартен пешін бу аралас ауамен үрлеп, жандыру өнімді де қолайлы деп ұсыныс енгізген едім, бас инженер мен директор қолды бір-ақ сілтеді: мұның атын не дейміз?..» Дәмеш аржағын сыдыртып, көзімен шолып өтті де, газетті стол үстіне тастай берді. «Ал, енді өзіңіз не дейсіз?» — дегендей Серегин де Дәмешке қадалды.

—Бұл мақаланы өз қолыммен жазғам жоқ.

—Онда біреуге жаз деп айтқан боларсың, — деді Серегин бүгілген саусақтай жұтқыншағын бір қылқ еткізіп.

—Жаз дегем жоқ, бірақ, сырласып айтқаным шын!

—«Қолды бір-ақ сілтеді» деген сөзді қайдан алдың?

—Жобамды апарғанда Мұсекең тыжырынып, столдың шетіне қарай сырғытып тастаған. Соны басқаша айтқан да. Мағынасы бір ғой.

—«Қолды бір-ақ сілтеуді» көрген де, айтқан да мен! —Таңданған Дәмешке Николай Иванович күлімдей көзін тігеді.

—Жаздырған сіз бе едіңіз?

—Ақыл қосқан едім.

—Менің атымды неге қойдыңыз?

—Солай керек болды... Сенің айтуың бойынша «Советтік Қарағанды» газетінің тілшісі келіп, менен сұрады... Екеуміз бас инженерге бардық. Ол — «Мартенде істемей жатып, будың пайдасын қайдан біледі? Мүмкін зиян шығар, ә?» деп қолды бір-ақ сілтеген-ді.

—Ауа аралас будың пайда беретінін сіз қайдан білдіңіз?

—Мен техника бөлімінің инженерлерімен кеңесіп көріп едім, олар: «Негізгі ойы дұрыс. Есепті дұрыс жасап, байқап көруге болады!» деген-ді... Сонсоң бас инженер мен директордың пейліне көзім жеткен соң, тілшіге рұхсат етіп едім, сенің атыңнан редакцияға жазған хат есебінде басып жіберген көрінеді...

Серегиннің «көзім жетті» деген сөзі Дәмешке ауыр тиді. «Бұл жобанды іске асыру үшін көп қаражат керек. Ойланайық!» деп Дәмешті Қырымға шығарып сап, өзара күңкіл сауда жасаған екен ғой, Қайыржан?! «Көзім жеткен соң...» дегеннен артық не сөз керек Дәмешке? Бәсе, өткен түні Қайыр бұл жайында ашылып сөз қозғамаған еді...

—Көзіңіздің жеткенін тағы да немен дәлелдейсіз?.. Мен де коммунистпін,

жасырмай айтуға бола ма! — Дәмеш даусының қалтырап шыққанын өзі де сезді. Ұят-ай! Сабыр түбі сары алтын, Дәмеш! Күйіп-піспе!
—Дәлелдейтін мен емес, сен!.. Жақында партбюро, соған әзір бол...
Дирекцияға бар. Сұрап-біл! Айтар өздері де... — деді Серегин. Көкшіл көзі күлімсіреп, танауының желбезегі судан шыққан балықтай, делбең қағады. Ақылды адам айтпақ сөзді емеуірінненақ түсінбей ме? Бұдан артық не айтады ол? Аузына шайнап салатын Дәмеш — жас бала емес.
Серегин ибалы адам, әдеп сақтайды. Лақ еткізіп, сырын шашып ап, ертеңінде ие бола алмай жүретін кісі емес... Партияның этикасы бар, кейде тілге тұсау сап, ақырын күтеді.
—Жақсы! — Дәмеш әрі қарай сөз жалғап: «қалай еді, неге олай?» деп түртпектемеді де, кейбіреулерше айбат шегіп: «көрерміз!» деп тәйтiк сөз де кезенген жоқ, үн-түн жоқ шығып бара жатыр еді, Николай Иванович тоқтатып алды.
— Менің саған тапсыратыным: егерұсынысыңіскеассындесең, қайта-қайта тексеріп, қарт құрыш қорытушылармен ақылдас!.. Ақылдан қашпа! Оқуды бұрын бітірсең де, сен заводқа жаңадан келдің. Үйрен! Олардың саған сенбеуі де, осыдан шыққан... Шынында да сенікі теориялық ой, іс жүзінде ол — қандай пайда береді? Әзірге менің, де көзім жетпейді.
—Менің көзім жетеді! — Дәмеш сөзін байыпты, өзіне-өзі сенген адамдай айтты.
—Ба!.. Онда сәті түссін! — деді Серегин күлімсіреп.
Дәмештің мойнына дейін қызарды. «Менің бұл сөзімді қисық ұқсаң, жолың болсын!» деп тұрғанын Дәмеш оның дауыс ырғағынан аңғарды. Серегиннің өзі инженер емес, не біледі?

II

Қайыр Әлжанов металлургия заводына директор боп, партияның 21-съезінен кейін бекіген жас кадрдың бірі. Бұрынғы директор өмірінің қақ жартысын осы Теміртауда өткізген қарт инженер — прокатчикте. Өзі тіленіп, пенсияға шықты да, дәл кетерде, басқа инженерлер ішінен Қайырды таңдап ап орнына бекіттіріп кеткен. Обкомның хатшысына: «біз базардан қайтқан адамбыз ғой, сауда-саттықты біржола бітірдік. Аз-маз пұлымыз болса, тегіс қақтық. Қалтамыздың түбі тесілді. Енді біздің керегіміз де жоқ шығар. Менің орныма, өзі пысық, өзі жас Әлжановты қойыңыз» — депті. Обкомның хатшысы: «Немене, бастықтардың сөзіне өкпелеп қалғаннан саумысың?» деп күлсе керек. Сон да ол: «Қаншама жүрек ауырса да, шындық жеңеді. Қартайдық. Бастықтар дұрыс айтады!»

деп жауап қайтарыпты. Шал әуел баста заводты қимай, ерін мойнына алып, біраз мөңкісе де, ақыры көніпті... Расында заводта Әлжановтан басқа тәжірибесі де, білімі де мол — инженерлер көп, соларды неге ұсынбады екен?

Қайыр «победадан» түсіп жатып осы бір жұмбақ ойдың шешімін таба алмады. Бұған шешім іздеп, әуре боп несі бар, егерде соңғы бір-екі уақиға, түнгі ұйқысын шайдай ашып, күндіз директор кабинетінің әр бұрышынан сығалап, мазасын кетірмесе?.. Кеше директор боп тағайындалған шақта, жолдас инженерлері улап-шулап: бірі жылы сөз, енді бірі қатты сөз айтып, қолтықтап әкеп, директор кабинетіне отырғызғандар, неліктен екенін өзі де түсінбейді, кейінгі кезде селқос, маңайына топтанып жиналудан қалды. Әсіресе осы бір мақала газетте шыққаннан бері, үрпиісіп, бөлектене бастады: Не, Қайыр енді орнынан түседі, қайтеміз жарамсақтанып дей ме? Не, Дәмешке бүйрегі бұрылып, соның жыртысын жырта ма. Тегінде Қайырдың осы соңғы жобасы дұрысқа келеді-ау. Осыдан бірнеше күн бұрын мартен цехінде істейтін Қайырдың студент күнінен досы, бір жас инженер: «Сен ыңғай Мүсілім Сапаровичтің айтқанымен жүресің. Соның аузына қарайсың, өз бетіңмен мәселе шешуден қалдың!.. Ол — бір түлкі емес пе? Сағатованың ұсынысын «угробить»¹ еткен де сол!.. Сен жақсы директор болғың келсе, мына бізге — жастарға арқа сүйе!» деп шындықалжынды біраз сөзді жер-жебіріне жеткізе айтқан. Бұлар неге қырындап жүр екен Мүсілімге? Жап-жақсы адам... Өндірісті де бес саусағындай біледі. Босқа бұртаңдағанша үйренбей ме, сол кісіден?.. Мүсекеңнің бетке айтып тастайтын тік мінезі де болушы еді, әлде сонысын жақтырмай ма екен?

Қайыр екінші этажға көтеріліп, кабинетінің есігін ашты. Ауызғы бөлмеде хатшы қыздың қасында газет оқып, Дәмеш отыр екен. Қайырды көріп қап, түрегелді. Қайыр басын шұлғыды да, алшандай басып, кабинетіне кірді. Тоқтап, қол беріп амандасу керек еді... Хате болды ма?.. Жарайды, Қайыр қашанғы жалына береді... Өткен түнгі Қайырға не істегенін өзінің алдына келтірді. Қолынан ұстамақшы болғанда, қағып жіберіп, өз бөлмесіне кіріп кеткен жоқ па!

Дәмеш — Қайыр өмірінің шиеленген түйіні. Өз қолымен байлап, соны енді шеше алмай әлек. Зейіні де, ебі де жетпейді. Айтұйге келмей, қыздың газетке мақала жазғанына Қайыр қатты қынжылады: замандас та құрбы. Ол аз десе, Қайырдың жүрегін тағы сезеді... Мұнысы көріспеймін, аулақ, қайта өштесем дегені де! Қайыр Дәмешті тап мұндай... деп ойламап еді...

Хатшы қыз сөйлей кірді:

—Қабылдайсыз ба?.. Сізді тосқандар көп.

—Дәметкен Сахиевна маған келген болса, кірсін... Өзім шақырмай, басқа ешкімді жібермеңіз!

Қайыр енді қыз көңіліне қарап, несіне мәймөңкелейді? Ашық фактыны алақанға сап отырып, ұлтандап кесіп сөйлескені мақұл... Әлдебіреу итеріп сап, қолжаулық қып жүр ме, Дәмешті? Бір сөзінде Мүсілім ағай: «Итеріп сап жүрген Серегин болмасын, қулық-сұмдығы көп адам көрінеді» деп еді. Әлде, сол ма, қолына қаршыға қып ұстаған? Қой, Серегин кеше Қайырдың директор болуын қолдаған адамның бірі емес пе?.. Әркімді бір «қас» көріп, Мүсекең де осқырады да тұрады екен осы...

Дәмеш те өз қадірін білетін адамдай, аспай-саспай нығыздана кірді. Ялта жаққан екен Дәмешке! Нәзік денесі жұмырланып, бұрынғыдан да сүйкімді көрінді. Өңі құлпырып жасарған тәрізді.

¹ Құртқан деген мағынада.

Дәмеш отырған жоқ, әйнектен түскен күн сәулесін арқасымен жауып, терезе алдына барып, қырынан тұрды. Қайырға қарамайды, екі көзі қарсы қабырғадағы академик Бардиннің суретінде: қара металлургия тарихында «сіздей із қалдырсам!» дей ме? Әйтеуір көз түбінде сыр жатыр. Үндемейді. Сөзді Қайырдың өзі бастасын деп тұрған сықылды... Дәмешті Қырымнан келгелі күндіз анықтап көргені осы. Қандай көркем! Қолмен қашап скульптор жасағандай, кескінінде бір ерсі, артық мүше болсайшы. Мұрын да, ерін-иек те түп-түзу, келісті, біріне-бірі сай...

—Дәмеш, бірдеме айтпақ па ең? — Сөзді ықтиярсыз Қайырдың өзі бастады.

—Зерек кісісің ғой, адам ойын түсінетін, неге келгенімді біліп те отырған боларсың! — деді ол, кекес-қияс сөйлеп.

—Біреудің ішіндегісін болжап табатын факир емеспін!

—Факир болмасаң да, директорсың ғой! Партия сені халық тілін таба біл деп қойған болар.

—Халықтан бұрын сенің тіліңді табу қиын боп тұр маған.

Кәне, неғыл дейсің, айтшы?

—Менің ұсынысымды қайда тастадың? Өзіме қайырып беруіңе бола ма?

—Ол жайында бас инженер мен техника бөлімінің бастығына тапсырғам. Солар осы бір-екі күннің дересінде пікірлерін қорытып әкелмек. — Қайыр дауды өршітпеуге тырысты.

—Директор дегеннің өз пікірі болмаушы ма еді?

—Директор әуелі аппаратын тыңдап ап, сонан соң шешедімыс. Газет дабылы орынды да пайдалы! Но, заводқа алдымен жауап беретін — директор. Завод деген единица. Үлкен саясаттың бір тетігі. Бір бұранда

солғын бұралса, мемлекет дөңгелегінің жүрісіне ақау түседі. Дәмеш сияқты білімді инженер — оны ұғу керек.

—Ақылыңа рахмет! Мен: «ердің көркі ақыл» деген нақыл сөзді қостайтын адаммын, — деп Дәмеш мысқылдай күліп шыға бергенде, аржағынан Мүсілімнің қасқа басы жалт ете түсті. Дәмеш кейін шегініп, жол берді. Мүсілім ең артығы, «рахметін» де қимады, Дәмешті елеген де жоқ, тура директор алдындағы жұмсақ креслоға барып, сылқ етіп отыра кетті. Қайырға ағасының бұл қылығы ұнамай қалды. Дәмеш те бірдеме айтпақ боп, сәл кідіріп, оқтана бергенде, Қайыр шақырып алды:

—Дәмеш Сахиевна, отырыңыз! Пожалуйста! Мүсекең үшеуміз өзара кеңесіп алайық, әуелі!

Мүсілім басының жалтырын, қатпарланған бұғағын ақ торғын орамалымен сүртіп, әлдекімді жақтырмағандай, астыңғы ернін салпита:

—О не? Тағы әлгі «бу» ма? — деді кекетіп, саусағымен танауын шұқылап.

— Бу емес, ашық күнде адастырған тұман болды ғой ол бізге! —

Қарқылдап, өз сөзін өзі қоштай күлді.

Дәмеш сұп-сұр боп Қайырға: «Мені осы сөзді есітуге шақырдың ба?» — дегендей қамыға, күйінішті көз тастады. Қайырдың Дәмешке жаны ашыды!

—Мүсеке, біз инженер Сағатованың ұсынысын үш айдан артық ұстап қалдық. Уақыт жеткендей. Жараса — жарады, жарамаса оны айтып, жауап беру біздің міндет! — Қайыр қабағын шытып, қатал сөйледі. Оны Мүсілім ұқты, бірақ сыр бермей, иығын қиқаңдатып, саусақтарын жайды:

—Много шума из ничего!..¹ Мен пікірімді баяғыда айтқам!

—Пікіріңізді жазып, ұсынысымды қайырып берсеңіз... — деді Дәмеш қызарып, даусы сәл дірілдеп.

—Ха-ха. Арызға қосып, тағы да жоғарғы орынға жіберейін деп пе едің?..

Ендігі қалғаның сол ма еді? — Мүсілім Дәмешке қарамайды, Қайырға басын изеп: «Көрдің бе?» дегендей ишара жасады.

—Это уже подло!² — Дәмеш шыдай алмай, жылап ала жөнелді. Есік қатты серпіле жабылды.

Қайыр да сұрланып, Мүсілімге түксие қарады:

—Әдеп сақтау керек қой, Мүсеке! Мүсілім бажырайып, орнынан атып тұрды.

—Ау, не деп тұрсың өзің?.. Ол мені келемеждеп газетке жазады да, мен үндемей: «қарағым-қалқам» деуім керек, ә? Жоқ, мен Исус емес, оң жақтан тартып жіберсе, сол жағын бірге тосатын!.. Мен жиырма жылдық өмірімді осы өндірісте алдым. Мен кеше министрде болдым... Көзін ашып қарасын! Қайыр да орнынан тұрып, жиіркене оған көз тастады.

—Сіз коммунистсіз, соны ұмытпаңыз!

—Бұл үгіт блокнотынан алынған жаттама сөз!.. Коммунист өзін-өзі балағаттатып, кім көрінгенге келемеж қылсын деп қай уставта айтқан екен? Тыңдамаймын орынсыз сөзді! — Мүсілім дірілдеп-қалшылдап, бой бермеді. Но-но... Әдетте епті де жылпос Мүсекең, шабынған бураға ұқсады. Қайыр енді ашуланудың орнына іштей мырс-мырс күлді.
—Сіз де ашулана біледі екенсіз-ау? Сіздің ашуланғаныңызды көрген қазақ емес ем! — Қайыр шынын айтты — қайта біреу шақылдап дауысын көтерсе, күлкімен жәйіп-шуатын «ағасы» емес пе еді?..
Бұл сөз Мүсекеңнің арқасынан қағып, еркелеткендей; өкінішті дауыспен:
—Қарағым Қайыржан-ау, төрелігін өзің айтшы! — деп ол Қайырға жалына төнді. — Өзі өндірісті білмейді. Іске аспайтын

¹ Істен де шуы көп.

² Бұл сұмдық, екен!

бірдемені тауып ап, кісінің басын қатырғанға күйінесің бе, жоқ па? Ол аз дегендей, бүкіл облысқа масқаралады. Сондай адамға ішің жіби ме?.. Мен кісі танысам: өндіріске оның жаны ашып жүрген жоқ. Көзге көрініп арзан атаққа ие болу ғана онікі. Сүйтіп, оп-оңай біріміздің орнымызды тартып алу! Қашан айттың деме...

Қайыр қарқылдап, ұзақ күлді.

—Тартып алмай-ақ, берейін соған. Мен онша құштар емеспін директор болуға! Но, сіз... — Қайыр көзін шүйіріп, ағасына қулана қарады.

—Жоқ-жоқ, құдай сақтасын. Жетеді осы істегенім. Маған қай жерден болсын қызмет табылады, — деп Мүсілім сыныңқы дауыспен, жыпылықтап, танауын шұқылады.

Лида есіктен:

—Мүсілім Сапарович, сізді совнархоз телефонға шақырып жатыр! — деді.

Мүсілім денесінің ауырлығына қарамастан ширақы тұрды орнынан.

Мүсекеңнің мінезі бүгін Қайырға ұнамады: не истерик, не артист... адамды түсіну үшін үш пұд тұз жеу керек дейді орыс халқы. Сол тауып айтылған сөз. Үш пұд тұзды бір адам неше жылда жеп тауысады екен? Мүсекеңнің қыры көп кісі. Байқамаса, бір жерде шоңқитып кетуі де мүмкін.

Есіктен төрге дейін төселген хорасан кілемнің енін өлшегендей Қайыр адымдай басып, ерсілі-қарсылы бір рет жүріп өтті де, терезені ашып, көлден соққан самал желге бетін төседі. Қайырдың денесі ауырланған ба, төбедегі сегіз шамдық люстра еденді басқан сайын бірге сылдырайтын сияқты.

Күн түс. Арқаның майда қоңыр жазы. Көшеде ағылып жатқан халық.

Солардың ішінде әне біреу: тез-тез басып кетіп бара жатқан тегі Дәмеш-ау!

Үстіндегі ағылшындық сұр крепдешиннен соңғы модамен тігілген көйлегінің тар етегі адымын жібермей бөгеп барады. Мұндай көйлегі бұрын жоқ еді. Қырымнан тіккізіп әкелді ме екен? Биік өкшені қадай тықтық басқан қыз соңынан Қайырдың көңілі жетектеген күшіктей біресе алдына, біресе артына шығып, аяғына оралады... Қызбен оңаша қалса, жылы сөз айтып, үйіріп әкете алмайды, тек сыланып, қанатын тараған тоты құстай, әсемдене береді. Кейде қызға өкпелеп, айбат шегіп, бірекі күн түс бермей, сөйлеспей жүреді де, шыдай алмай шақырып ап, жоқты бар ғып, сөз бастайтын да Қайырдың өзі. Кейде қыз сол қылығын сезгендей сықақтап кетеді. Әйтеуір, қырына бір келмейақ қойды.

Қайыр Дәмешті бірінші рет, осыдан он бес жыл бұрын көрді. Ол — соғыс жылдары да. Қайырдың әкесі Рахым осы Теміртау заводының директоры боп бекіп, үй ішімен Алматыдан көшіп келген. Сонда осы Дәмеш — Құрышпай үйінде жүрген он бір жасар қыз бала. Талдырмаш келген, сирақты, ерке қыз болатын; коньки теуіп, көлден шықпайтын. Екеуінің бірінші рет айқасы да — сол көлде болған: ересектеу Қайыр бір аяқпен вираж¹ жасап, дөңгеленіп жүр еді, жаңағы қыз кеп, байқамады ма, соқты да кетті. Қайыр тыраң етіп, шалқалай құлады.

— Ух, аю! — деді ызалы Қайыр, үрейі ұшып, сексііп тұрған қызға.

— Байқамадым, ғапу ет! — деді ол үлкен кісідей...

— Жоғал, жетімек! — Қайыр алдында шешесінің «жетім қыз» деп отырғанын құлағы шалғанды.

Осы сөзді естіген қыз, өкіріп үйіне қарай жылап ала жөнелді. Содан қайтып, Қайырдың маңына жоламады. Екеуі бір мектепте оқыса да, қатар көрші тұрса да ебін тауып, кездеспеуге тырысып бақты. Қарсы кеп қалса, көшенің екінші жағына шығып кетеді. Қайыр кейде әндетіп, үстіңгі этаждан жүгіре түскенде, қыз астынан шыға келсе, есіктің қалтарысында тұра қалып, өткізіп жіберетін. Көңілі біржола қалса керек, Дәмеш қайтып қайырылмады. Ересек Қайыр да бала қызға назар аудармады және шешесі де: «Ойбай, аулақ жүр, пәлесі жұғады!» деп ыңғай басып отыратын. Тек Қайыр онжылдық мектепті бітіріп, Қарағанды институтына оқуға кеткен соң Ажармен жақындасып, араласа бастады... Дәмеш бой жетіп, қыз болғанда, Қайырға бір-ақ назар аударды.

Қайыр Қарағанды институтын бітіріп, демалысқа Алматыға барған. Қасында Ораз. Ол институтқа экзамен бере алмай, өндіріс техникумында оқып, Қайырмен қатар бітірді. Сол жылы Дәмеш те Алматыда тау-кен институтының металлургия факультетінің екінші курсін бітіріп, демалысқа, Қаскелең түбіндегі нағашы апасына жүрмек екен, әдейі жолынан қалып, Оразды шығарып салды. Қайыр осы күнге дейін, Дәмештің сол бір сәттегі

кескін-келбетін ұмытпайды. Зейінінде суреттей басылып қалса керек.

Іштей оны:

«Дәмештің өмірлік негативі» дейді Қайыр.

Қайыр қақпадан кіргенде, Дәмеш бақшада, тапал сатыны ағашқа сүйеп қойып, бойын соза бұтақтан алма үзіп жатыр екен; ақ торғын көйлегінің етегі шеңберлене делдиіп, белі қиылып, қолмен орнатқан суреттей, жабыса қапты. Қайыр ұялып, қарай алмай, біраз тұрды да, қызығып, қайтадан көз тастады. Арқасына жыландай иіріліп түскен қоңыр шашы өкшесін соғады, басы шаш салмағын көтере алмаған тәрізді кекиіп қалған... Қос алманы жасырып тығып қойғандай кеудесі тырсиып тұр. Сымбатты қыз!..

Алма үзіп жатқан Дәмеш көзінен, Қайыр өзіне ғана арналған қуаныш нұрын тапты. Ол қуаныш: «Е, сен баяғы сотқар баласың ба? Кел-кел! Ой-бой, ер жетіп, азамат болыпсың ғой» дегендей.

¹ Бір аяқпен шыр айналу.

Қайыр бір басып екі басып, біртіндеп, жақындай берді.

Екеуінің арасы қысқара-қысқара тіптен азайды...

Маржандай ақ тістерін ақсита күліп, қыз қолын созып:

—Мә, алма!.. Ал! — деді күмістей сылдыраған таза дауыспен.

Қайыр күшіктей арсалаңдап қолын кешірек созды. Алма сырт етіп, жердегі корзинаға түсіп кетті.

Дәмеш: «Ашық ауыз, өмірдегі сыбағаңнан да осылай құр қаласың әлі!» дегендей, жазғыра бір қарады. Қайыр өзіне-өзі ыза болғаны сонша, іштегі толқын қызарып бетіне шапты.

Енді қыз алғашқыдай үлкен алма әпермеді, сарғыш кішіректеуін ұсынды.

—Алалмаған өзіңнен көр! — деді күліп, Қайыр жеуге қимай, қалтасына салып жатыр еді, жаңағы сөз шамын қытықтады білем, алманы корзинаға тастай беріп, ес-түс жоқ, Дәмешті қаңбақтай көтеріп ап, бауырына қысты.

Мұндай оқыс мінезді күтпеген қыз, сасып, өзін-өзі қорғады. Белінен қысып, құшақтап тұрған Қайырды жақтан алақанымен тартып жіберді.

Қайыр сәл ауырсынып, көзін жұмды, бірақ босатпады.

—Қоя бер! — деді Дәмеш қатал дауыспен.

—Алманың жақсысын бересің бе?

Жігіт мінезі баяғы бала күнгі жанжалды қыз есіне түсірген болу керек:

—Ух, аю!.. Жетімек! — деді кекетіп. Бұл кезде Қайырдың да әкесі қайтыс болған-ды.

—Өшінді алдың, Дәмеш! Кел, қол алысып, достасайық.

Қайыр қызды жерге түсіріп, қолын созды. Тесіле қараған біреудің көзін сезгендей, қыз аулаға шығатын үйдің терезесіне жалт қарады.

Ораз терезеден басын сұғып тұр екен. Қабағын түйген. Өңі қуқыл.
«Неге тарылады?» Бұл жолы Қайыр түсінбеді. Дәмеш те сол бір сәт құбыла қалды. Бұлт астына түскен күндей, оның шатты жүзін көлеңке басты.
Оразға жақтырмаған көз тастады да, жайдары үнмен Қайырға:
—Паркке барып келеміз бе? — деді.
Қайырдың іздегені сол, сөзге келместен қызды қолтықтап ап жөнелді. Сол кеткеннен түнгі сағат екіде бұлар бір-ақ оралды.
Келсе, стол үсті толы жайнаған жақсы тағам. Бұларды тосыптосып, столға басын қойып, ұйықтап қалған Ораз.
Сол бір кештің бейнесі Қайыр жүрегіне еккен гүлдей тамырланып өсе берді, өсе берді...
Бас инженер тағы кірді. Пышақ қырындай жалаң сүйекті мұрыны бұрнығыдан гөрі имііп, ерніне төне түскен.
—Әлгі мақаланы ертең партбюрода қарайтын болды дей ме?
—Немқұрайды сұрады Мүсілім.
—Оны кім айтты? — Қайыр шын естіген жоқ еді. Серегиннің ақылдаспағаны ма?..
—Жаңа осыдан бес минут бұрын мені шақырып ап, алдағы дүйсенбіге бюроға дайындал деді. Тегі жаңағы қыз барып жылаған да, шағым айтып,
— деді Мүсілім танауын жұлқылап.
Қайырдың таңы бар: қыз директордан шығысымен партбюроға барып шағым жасайды да, ол байыбына жетпей, қолма-қол бюро шақырады.
Ақылдасып, келісім жасау деген жоқ. Мәселе шешу, егін орумен бірдей деп кім айтып еді осы? Ойды түйіндеп қаулы алу — түрлі пікірдің дәнін астықтай жинап, тазалап, көпшілікке тапсыру емес пе!.. Ия, Серегинді өз орнына отырғызып, басып қоймаса, ауа жайылып барады.
Қайырдың намыстанып қалғанын сезген бас инженер:
—Сізге талай айтып ем: осы қызды итеріп сап жүрген сол Серегин! — деді.
Қайырдың қасы доғадай иілді. Осы сөздің жаны бар. Бәсе, Дәмеш өз бетімен Қайырға қарсы шықпауы керек еді... Ыза кернеп, Серегинді телефонға шақырды.
—Жолдас Серегин? Жеке автономия құрып жүргеніңіз қалай? — «Дұрыс айттым ба?» дегендей Қайыр бас инженерге бір қарап еді, ол: «мені қоспа!» деп ымдап, алақанымен аузын басты. — Газеттегі мақаланы талқыламақсыз ба?.. Ия? Мен саған директордың орнын күзетушімін бе? Вот-вот. О жағын өзің білесің!.. Қалалық партия комитеті айтса да, маған жеткізіп, ақылдасып тұру сенің міндетің! — Телефонды іле салды.
—Ия, не дейді?—деген Мүсілімнің сұрағына жауап бермей, Серегинмен іштей таласып отыра берді. Серегин не дерін білмей, күйбеңдеп қалды.

Телефонда жүзі көрінбесе де, құлағына дейін қызарған сияқты. Әлен-пәлен: «Мен сіз олай ұғады деп ойламаған едім. Ендігәрі есімде болсын!.. Қалалық партия комитеті тез арада қарап, жауабын беріңдер дегенсін асығып еді!» — деп сылқ етіп түсті де қалды.

Қайыр сөзінің шет-жағасын естіген соң бас инженердің шырайы өзгере бастады, көңілі орнығып кесек-кесек ой тастай сөйледі: мәймөңкелеудің не керегі бар? Кім көрінгенге ақ жем болуды Мүсілім жаратпайды. Алдымен өзара келісіп, бюроға бірауыз болып барғанын мақұл көреді. Директор мен бас инженердің позициясына қарай жұрт тон пішеді. Мақала дер кезінде жазылып, бүкіл завод өмірінің техника прогресіне ұйтқы бола алды ма? Бола алмаса неліктен? Осыған жауап беріп алса, аржағы өзінен-өзі шешіледі. Сонан соң түрлі қиқарлы сұрақтар жаңбырдан кейінгі саңырауқұлақтай қаптап береді...

Жоқ, тізгінді беруге болмас! Жас директор деп бағынбай, әрқайсысы өзінше бір төбе боп жүрсе...

Бас инженердің бұл сөзінің нобайы дұрыс. Қайыр мәселені осылай қойса, мүмкін шым-шырғасы шықпай, шашаусыз шешілер? Жарайды, Мүсілім Сапарович ойын сарқып айтсын.

—Мақұл. Сонда... Турасын алғанда, не деуіміз керек? Сіз бұл мәселемен біраз шұғылданып та көрдіңіз. Ауыз тұшитын бірдемеңіз бар ма?

—Ну, мақаланың негізі дұрыс — техниканы жаңарту, өмірді өзгерту деген сөз, оған кім қарсы болады дейсіз. Бірақ, сол мақаланың ішіндегі фактілер көшеден теріп алынған, әлі піспеген шала.. Бұл бір. Екіншіден Сағатованың ұсынысы асығыс, шикі жасалған. Мұндай зерттелмеген мәселені алдын ала газетке жазудың өзі хате. Завод коллективінің беделіне нұқсан келтіру.

Осылай айтқан жөн! — Мүсілім көзілдірігін орамалмен сүртіп, қайта киді.

— Аржағында неге жазды? Қандай мақсат көздеген?.. Белсенділер сөз жамамай ма?

Но... Бұл Дәмешті қаралау емес пе? — Қайыр осы ойын дауыстап айтты:

—Сіз Сағатова әдейі іріткі салу үшін жазды дейсіз бе?

—Ау, сенбеймін мен сол қызға!.. — Қайыр таңдана ойланып қалды. Неге сенбейді? Қандай дәлелі бар?

III

Ораз қияңқы баладай, партбюродан арқасы құрыстап, томсырая шықты. Осыған тектес жарқыраған күн сәулесін біреу бетіне уыстап шашып жібергендей, көзін жыпылықтатып қымсынып қалды. Көлеңке жақтағы. Серегиннің салқын кабинетіне үйреніп қалған ба, жалмажан көшенің

екінші жақ қапталына ауысып, ағаш бұтағын самалдады.

Түу, күн бүгін шыжып тұр екен. Мысыққа ойын керек демекші, осындай ыстық күнде шақырады, еріккен хатшы! Ораз Серегиннің мінезін түсіне алмай-ақ қойды, қатпары көп өте қиын кісі. Хатшы деген түйіндеп: «олай істеме, бұлай істе» деп кесіп айтушы еді, бұл бақайшағына дейін шағып, «ағатай!» десең де қоймайды. Жабысып, қадалған жерінен қан алады...

Оразды ол тақымына толтырмай ма, жоқ, жас көріп менсінбей ме, ақыл айтып, балаша сөйлеседі. Құдайға шүкір Социалистік Еңбектің Ері деген атаққа Ораздың ие болғанына міне бір жылдан асты. Техникум бітірген маман... Институтта оқып келген Дәмештің өзі де тап Ораздай құрыш құя алмайды. Мақтанған емес, атақты да сол өнері үшін алған болар. Әркім өз мамандығына кір жуытпайды ғой, сүйтседекұрышқұюұлкенөнер!

Жәнебиылсырттан оқитын болып, институттың бірінші курсіне экзамен ұстады...

Облыстық Советтің депутаты. Серегин қымс етсе қамқоршы болып басқа қақпалауын қойсын. Басқа коммунистеріне ие боп, соларды үйретіп алсын! Ораздың болары болды, бояуы сіңді...

Үйіне жақындай бергенде Оразды бір әйел иығымен соғып өтті. Жалт қараса, бір жұмысшы қыз, Иннокентийдің досы. Ақсия күледі. «Нең бар, менде?.. Бар, Иннокентийіңді тауып ал!!!» деп іштей ұрысты да өте берді... Әй, дегенмен орыс баласы әділ ғой! Осы Серегинді қанша жақтырмай, Ораз іштей жер-жебіріне жетіп келеді-ау, сүйтсе де бас инженерге бой бермей, Оразды талай қолдады. «Аудың» шамасынан келсе, жүндей түтетін. Бірақ, тісі бата алмай, іштей зығыры қайнайды. Қазір, енді ол, әлгі татар Тұхфатуллинді тауып ап, Оразға қарсы қаршыға ғып салмақ. Өткен жыл оған «құрметті құрыш қорытушы» деген атақты да әперткен сол. Енді оған коммунистік еңбек бригадасының атағын бергізуге қам жасап жүр. Жаңа Серегин не деді?!

«...Коммунистік еңбек бригадасының атағына күрескеніңе үш айдан асты. Әлі белгілі бір межеден аспайсың, не болған саған?» деді Серегин түсін суытып, ызғарлана.

—Өнімді еңбек — коммунистік бригадасының сүйегіне сіңген қасиеті болуға тиіс... Мен Тұхфатуллин сияқты күшеніп, екі күн рекорд беріп, басқа күнде... әлеулай айтқым келмейді! — дегенде Ораз Серегинге мысқылдай, тесіле қарады.

—Сөзің асыл, ісің жасық боп жүрсе оңғаның!.. Сол қасиетті біз қашан көреміз? — деді ол. Ораз кекесін сөз екенін ұғып, бұлқан-талқан боп, қызараңдап қалғаны сол еді.

—Тұхфатуллин құсап, жұмасына бір рет киноға, кешкі мектепке баруға да

уақыт табылады. Бірақ, еңбек сүйіп еңбек қадірлеу әркімнің қолынан келе бермейді. Оған бас керек, жай бас емес, ақылды бас, сана керек!

Серегин тағы күлді:

—Сенде бар бас, басқада жоқ деп ойлама, достым! Кеше бас инженер коммунистік еңбек бригадасының атағын Тұхфатуллинге беру керек деп завкомде ұсыныс жасапты. Олар осы аптада біраз өндірсе керек-ті... Ал, сен өткен айда күшеніп-түшкіріп, әйтеуір, жүздің маңына әрең жеткізіп едің, өткен аптада одан да төмендеп кеттің. О қалай достым? Еңбек сүйгіш «қасиетінді» бойыңа сіңіргенің осы ма?.. Жақсы, сен облыстық Советтің сессиясына кете-ақ қой, бригаданың басқа мүшелері қайда қалды? — деп Серегин Ораздың жанына тиген жоқ па?

Серегин сөзінде бір шындық бар — қолқанаттары өзіне серік емес. Олар жас, ысылмаған, мартен пешінде құрыштай қорытылмағандар. Қолдың саусағы да бірдей емес. Ораздың үш қолқанатының мінезі үш түрлі: біреуі тентек, сотқар, әй-түйге қарамайды, егер осы қиянат-ау десе жетті, шап беріп жағадан ала түседі. Әйтеуір Ораздың тәк-тәгімен жүр. Достары оны «тентек Гена» деп атайды. Енді біреуі үстінен түйе жүрсе де үндемейді, сөзді қор қып, арам тер боп, анау Геннадийдай шақылдасып жатпайды. «Сенікі мақұл!» дегендей басын изеп, жүре береді. Бірақ, өзі қалай ұйғарса, солай істейді. Мұның атын: «момын Кеша» қойған-ды. Ал, енді үшінші жігіт — қуақы, ақ жарқын, қойнықоншын әзілге толтырып қойғандай, қыршаңқы сөз, мысқыл күлкіні боратып жүреді. Аты «қуақы Қуан!». Ең артық, осы үшеуін жұмсап тіл алдырудың өзі Оразға оңайға түспейді... Сынап-мінеп айту Серегинге жеңіл, құрыш қорыту қиын...

Ораз үйіне кеп, қапыл-құпыл тамағын ішті де, заводқа қайта оралды. Биік жарма қақпаны ашып, жүк артқан машинаны вахтер завод ауласына кіргізіп жатыр екен, Ораз да сонымен бірге өтті. Заводта істегеніне Ораздың бес жыл. Көзін байлап завод ауласына қоя берсе, мартен цехын адаспай табар еді.

Міне, аяңдап асфальтпен келе жатыр. Оң жағында темір шарбақпен қоршалған завод бақшасы да, сол жағында «Г» әрпі сияқты тізбектеле салынған зәулім үйлер — механика цехы, оған тіркес прокат цехы. Қазір Ораз солға бұрылса өзінің цехына, мартенге барады. Цехта қызған темірдің ыс иісін күніне бір иіскеп, алаулаған жалынға бетін қарымаса, шашын үйітіп, қолына қара күйе жақпаса, Ораздың көңілі көншімейді... Осы бір ойын Ораз өткен жылы Ереймен тауына, қайын-жұртына барғанда, кеңесіп отырып, сыр ғып айтқанда: «Әй, «отқа үйрендім» дегенді сенен ғана естіп отырмыз, есің дұрыс па, күйеужан?.. Отпен шайтан үйір, адам жаны безетін сұмдықты қайдан таптың?» деп шалдар тәлкек қылған. Әрине, отты сүю,

соған қызыға қарау — оларға жат; оғаш мінез. Адалына келсе, аң аулау, құс ату, футбол, бәйге сияқты, құрыш құю да желікпе мінез, қызулы сезім, батыл жүректі талап етеді. Құрыш құю — нағыз өнер. Ұшқыштар аспанға, моряктар теңізге қалай құмартып берілсе, жан-тәнімен сүйсе, құрыш құюға да адам солай үйреніп, құмартып алады. Құрыш қорыту профессия-мамандық. Мұны тек құрыш қорытқан адам ғана түсінеді...

Мартен цехының қызыл бұрышында бригада оперативкаға жиналып, смена бастығын тосып отыр екен, Ораз соларға қосылды. Бір бұрышта Геннадий мен Қуан бірінің сөзін бірі тыңдамай, керісіп отыр екен. Бірнеше адам оларды қоршап алған: мәз, қолтықтарына дым бүркіп, дем береді. Геннадий қабағын түйіп, ызғарлана сөйлесе, Қуан күлімсіреп, ойынға айналдыра, түрткілеп сұрақ қояды. Ораз неге керісіп тұрғандарын әуелі түсінбеді.

— Мен айтам: шойынды пешке артық салған дейім... — дейді Геннадий.

— Әдейі ме?

— Әдейі...

— Па, шіркін-ай! Өзің ойлап таптың ба?

— Қисық болса да өз басымнан шықты. Сендей жұртың сөзін термеймін!

— Сол термегендіктен мына жағың... — Қуан өз басын түртіп қойды. — Жетпей жатыр ғой.

— Сенен қарызға алармын! — Ду күлкі. Ораз килікті.

— Шойының не, Гена?

— Тұхфатуллин біздің пешке шойынды ылғи артық салады.

— Тек! — Ораз шошып кетті. — Оны кім айтты?

— Естідім!..

— Өсек. Сенбейім! — деп қолын бір-ақ сілтеп, теріс айналып жүре берді.

— Ого! Жарайды, көрерміз! — деді Геннадий таңдана басын шайқап.

Сықырлай ашылған есікке Ораз көзін тікті. Үстінде көк жакет, басында кепка, қолында көк көзілдірік Дәмеш кіріп келеді екен. Жиналып тұрғандарға басын шұлғып амандасты да, төрге, стол жанына барды. «Кім не айтады?» — деп мастердің, бригадирлердің шағымын тыңдап блокнотына жазып алды да, жұмысқа таратып қоя берді. Дәмештің мәселені тез шешуі, кесіп жауап беруі Оразға өте ұнайды. Дәмеш курортта жүргенде смена бастығы болып, бір тапалдау көзілдірікті инженер істеді, бір сөзді қайталап айтып, мезі қылатын езбе-ді. Қолма-қол шешіп тастайын істі, цех бастығына қаратып, күбіжіңдеп, соза беретінді. Қазақ ондайды «шылбыр сүйреткен» дейді... Геннадий жаңағы сөзін Дәмешке неге айтпайды екен? Әлде Геннадий күндеп, іштегі шайтаны басын көтеріп жүр ме? Тоқта-тоқта! Осындай бір ырабайсыз қылықты Ораздың ұстазы Ван-

Ванычтың ескерткені бар еді-ау: екі құрыш қорытушы араздасып, біріне-бірі шойынды көбірек салып мұқатқан деп... Бірақ, ол баяғы Демидовтың заводында, революциядан бұрын болған уақиға еді. Ей, Демидовың не? Осы Теміртау заводында да болған деседі. Соны кім айтып еді?.. Жоқ, мұндай адаммен коммунизмге жету қиын болар...

Цехтың кіреберіс аузында Дәмеш тұр екен, ептей басып келе жатқан Ораз соқтығып қала жаздап, дер кезінде өзін-өзі ұстап қалды.

Дәмештің кескін-сипаты цехты бірінші рет көріп тұрған адам сияқты. Көзі жарқырап, еңбек ырғағына сүйсіне қарайды. Бетәлпетінде терең ойдың толқыны ойнайды.

Әлде цехты сағынған ба?.. Жоқ, бұрын көзіне ілінбеген ғажайып суреттер тапқан ба?

Ораз Дәмеш көзінің ізімен осы бір сәт цех өмірінен бір өзгешелік іздеді. Заңғар биік зәулім цех. Бір жағында, құрыш қортатын алаң.

Онда қаз-қатар тізілген мартен пештері, кен салатын машина, от үрлейтін аспабтар... Бұл Оразға күнде көріп жүрген таныс бейне. Ана темір сатымен көтеріліп үстіне шығады да пешке кен сап, үрлеп жандырады, қып-қызыл пештің аузына барып, көк көзілдірігін киіп, жалынмен ар басады, қызуды өлшеп, құрыш ағызады...

Астыңғы құрыш ағызатын алаңда тұрған қараша үйдің аумағындай қара қазан жылжып, араның ұясындай жыбыр лап тұрған қалыптарға — изложницаға құяды. Жоқ, Дәмештің таңданып тұрғаны бұл көріністер емес. Басқа!.. Әлде, анау цехқа кіріп бара жатқан томпиған кішкентай паровоз ба?.. Е, тапты! Ораз өзі де таңдана қарайды. Ішінде жүргенде сезбейді екен-ау. Адамдардың жігерлі іс-әрекеті, тегеуірінді қимылы, анда-санда саңқ-саңқ еткен әмірлі дауыстарын, машинаның ырғағы қосылып, еңбек шабытының тамаша бір кезеңін елестетіп тұрған сияқты.

Дәмештің сүйсінетін де, таңданатын да жөні бар: цехтің ішінде қаптап жүрген жұмысшылар, бір адамдай, жұмыла кірісіп, жер серігін жасайтын, баспалдақты ракеталар, түрлі машиналар шығаратын құрыш құйып жүр. Бұдан ардақты да қадірлі еңбек бар ма екен? Заман тұтқасын осы бір адамдар ұстап тұрған жоқ па екен? Дәуде болса, Дәмеш осыны ойлап тұр. Ораз Дәмешті иығымен қағып қалғанын өзі де сезбей қалды.

—Ұйықтап келесің бе? — деді Дәмеш күлімсіреп, Ораз да селк етіп басын көтерді:

—Ләқаула! — күліп жағасын ұстады. Жасында шешесі марқұм қымс етсе: «ләқаула!» дейтін әдеті еді. Соны келемеждеп жүріп, Ораз да сол сөзді мәтел ғып кеткен. Оны Дәмеш білетін-ді.

Ол күліп жіберді.

—Әй, ләқаула! Бүгін тағы шойын бересің бе? — деді Дәмеш бір жағы қалжың, бір жағы шын.

—Мен бе, шойын құйып жүрген?

—Енді кім?.. Құрыш ішінде көміртегі көбейсе, шойынға айналмай ма?..

Менің естігенім: бас инженер Құрышпаевтың бригадасы бракты көп береді, «шойын құяды»... Коммунистік еңбек бригадасы атағын алуға тұрмайды депті.

—Кімге берсе, оған берсін, мен күндемеймін!

—Оразжан, сенің күнде-күндемеуіңе байланысты болып тұрған жоқ, мәселе принципте!.. Сенің герой деген атың бола тұрып, коммунистік еңбек бригадасының атағына ие болмауың...

—«Коммунистік еңбек» деген тамаша атақты алу үшін, алдымен адам саналы болуы керек. Еңбекті сүйіп, қадірлеу, бойға сіңген қасиетке айналуы тиіс...

Дәмеш Ораздың бетіне таңдана қарады.

—Сен өзің маған «ақыл» үйретейін деп тұрғаннан саумысың...

—Ақыл емес, бұл менің — принципім. Кейбіреулердей екі күн рекорд беріп, басқа уақытта мықшиып, түк өндіре алмай, «мен кеше рекорд бергем» деп кеуде қаға алмаймын! Жеке жағдай тудырса рекорд жасау әркімнің де қолынан келеді... Жұрттың бәріне бірдей жағдайда тәсіл тауып, еңбек өнімін арттыра білу керек. Міне, сонда ғана коммунистше еңбек етеді...

Дәмеш алғашқы кезде Ораз сөзіне мән бермей, әзілдесе де, соңғы сөзінен кейін райынан қайтқандай. Салмақты пішінде:

—Ол үшін не істеу керек? — деді.

—Менің бригадам, бұрын, өзіне жеке жағдай жасап ап, рекорд берді. Сол кезде мен герой деген атаққа да ие болдым... Бүгін сол рекорд біздің бойымызға сіңген еңбек өнімі боп қала алмады. Ендеше үзбей рекорд беріп тұратындай еңбек әдісін табу керек. Ол үшін — уақытты дұрыс пайдаланған жөн ғой дейім! Рекорд уақытқа байланысты!

—Ойың жақсы-ақ, қайдам?..

—Бұл жайында әлі өзіңмен ақылдасам!

Ораз сөзі Дәмешке ұнағандай, ұзын кірпігін серпи көтеріп, қадала қарады да:

—Жарайды, қыздыра бер пешінді! — деп жүріп кетті. Геннадийдің қолында ұзын қара көсеу, көзінде көк көзілдірік, пештің әйнегінен сығалап оттың жалынын байқап тұр.

—Ораз, көрші, жалын жете ме?

Ораз да пештің әйнегінен сығалады. Қараған сайын, жалынға Ораздың көзі

тоймайды. Жаны сүйсініп, айызын қандырғандай, сәулетті-сәнді күш!.. Қандай, жан тербететін, әсем сурет! Осы бір көрініске Ораз теңеу табалмай-ақ қойды... Жалын бір сәтте дауыл күнгі теңіздің толқынындай тулайды, ұшқын атып, куілдеп үрейді алады. Енді бір сәтте қол-аяғын шынжырлап, зынданға салған баяғы ертегінің дәу перісі сияқты қан жосын, уһлеп, дөңбекшіп жатады... Кейде тіптен көбірек үңілгенде: қып-қызыл толқынға батып бара жатып жанталасқан адамдардың бейнесіне ұқсайды: бас-аяқтары қайырылып, астына түсіп, дөңесіген жон арқасы, дударланған шаштары елестейді. Егер шалдарға айтса «ол — отқа күйіп жатқан күнәкәр сайтан!» дер еді... Ия, бұл жаратылысты адамға бағындырып берген от! От болмаса — адам баласы осы халға жетер ме еді?.. Прометей... Байырғы грек...

— Жалын әлі аз, жетпейді! — Ораз жан-жағына қарап, көзімен басқа қолқанаттарын іздеді. — Қуақы Қуан мен Қеша қайда?..

— Әй, сен екеуің не ғып тұрсыңдар? Қуан, сен шихта салатын машинаны әкел де, темір мен кенді аударыстыр, бір жерде үйіліп қалмасын, жалын бірдей тегіс тисін. Ал, Кеша, сен мазутты отқа шаша түс, жалын күшейсін! Ораз ширақ қимылмен көсеуді қолына алды да, шеткі пешке барды. Бірақ Ораздың жолы бүгін де болмады, Геннадий асығып, сарқылдап қайнап жатқан шихтаның үстіне шойынды лақ еткізіп тастай салса керек, шихта шашырап пештің аузынан ағып бірсыпыра әуре боп, уақытын өткізіп алды.

Мастер Күміспек Ораздың жер-жебіріне жеткізе ұрысты. Не ғып қара басқанын?.. Жығылған үстіне жұдырық...

Заводтан шыққан жылы су қаланы қақ жарған арықпен ағады. Мұз қатардағы көлдің суы тәрізді күндіз-түні бу бұрқырап, арық буырсанып жатады. Арықтың орталық көшені кесіп өтетін жерінде темір көпір бар. Ораз соған кеп сүйеніп, судағы дірілдеген көмескі көлеңкесіне қарап тұра берді... Түнгі көше күндізгідей жарық, халық сирек. Металлургтер сарайының алдында бірді-жарым, әлі де қоштаса алмай жүрген жастар ғана көрінеді.

Ораз сағатына қарады: бірге он бес минут қалған. Смена түнгі он екіде бітті. Жарты сағат жуынды... Сонда мөлшері дұрыс.

Үн жоқ, түн жоқ, біреу келіп қолтығынан алды. Қолы қандай жұмсақ! Ораз бетін бұрып, түсін көрмесе де, мұрын жарған хош иісінен таныды.

Дәмеш! Мұндай құмарттырып ынтықтыра түсетін жұпар иіс Дәмешке ғана тән. Ораздың бала күнінен қанық та құмар иісі. Ажарда неге жоқ екен?..

Дәмеш ойын бұзбайын деді ме, жоқ, Ораз қиялымен жарысқа түсті ме, тақала түсіп, суға үңіледі. Су түбінде жатқан екеуінің көлеңкесі дір-дір

етіп, бірде жақындап, бірде алыстап, дәл қазіргі шаужайлап шапқан екеуінің қиялына ұқсады.

Дәмештің денесі қалай ыстық, Ораздың иығын күйдіріп барады... демді де жиі алады... Лүпілдеп соққан жүрек жүрісі естіле ме, қайтеді? Шынымен Ораз сияқты Дәмеш те балалық шақтағы кіршіксіз таза махаббатын жүрегінде сақтағаны ма? Жә, қиялға жайдақ мініп, далақтай шабатын Ораздың әдеті. Кім біледі ерке қыздың жүрегі неге аусап, нені көксейтінін? Әлде... кім есіне түсті ме?..

Жолдан келген күнгі Қайырдың көз тастасы, Дәмештің оған арнаған мөлдір тұнық күлкісі, Ораздың жанын өртеді, қинады. Танымайтын бөтен біреуге Дәмешті қияр әй, тап Қайырға... он жерден жақын болса да, қайын ағасы түгіл, туған ағасы десе де, жоқ... О баста Дәмешті Ораздан айырған да сол Қайыр! Келді де ертіп алды да кетті.

—Ораз! — деді Дәмеш жұмсақ, жан тербетер дауыспен. — Неге мені тоспадың?

Ораз селк етіп, көпір жақтауынан құлап кете жаздады. Ұстай алды. Қандай ащы сөз болсын Ораз естуге дайын, бірақ, тап осындай сөзді...

Дәмешке жалт бұрылып:

—Қашан?.. Жаңа ма? — деді.

Дәмеш «еріннің емеуірінен түсінбеген мылқау» дегендей мұрнын тыжырып, біраздан соң мұңды дауыспен:

—Ия... — деді.

Қап, құдай атты-ау, Оразды! Кезекті сөзін өткізіп алды...

Дәмеш ендігәрі қайталап айтар ма?

—Ораз! — деді әлден соң тағы да күңгір баяу дауыспен, —

Ажармен бақыттысың ба?

Кезегінді енді жіберме, Ораз! Сенің айтпақ сөзіңді өзі бастады.

Жүректегі сырыңды жасырмай айт!

—Менен несін сұрайсың, Дәмеш! Көріп жүрген жоқсын ба?

—Жаңылыс айтқанын Ораз кеш түсінді. — Ойбу, шірік немеай, бүлдірді! Айтатын сөзі осы ма еді? «Мен бақытсызбын! Сен емес пе едің өмірімнің жұлдызы? Қолым жетпейді! Ең болмаса, бір қайырылып, үңіліп қарашы, жүрегіме!» дейтін кісі ғой...

—Ораз... Шын мені ұмыттың ба? — деді тағы да тал маураған нәзік үнмен, Ораздың жүрегі алқымына тығылды, шапшаң қимылмен оқыс бұрылып, Дәмештің қолын ұстай алды; нәзік ұзын саусақтарын қаттырақ қысып өзіне қарай икімдеп, бетіне үңілді. Дәмеш қабағын шытып:

—Керегі жоқ, Оразжан, — деді. Ораз не тілінің үшіндегі сөзін айта алмады, не бетінен сүйіп, жанын сездіре алмады, қолын қоя берді де, теріс айналып

жүріп кетті. Міне, ыңғай осы! Дәмеш алдында құты қашып, жасиды да қалады!

Осы бір түн Оразға өң мен түстің арасындай боп, әткеншек тепкен баладай, өз қиялындай тербетілді де қалды. Тұрса да, жатса да Дәмештің: «Мені неге тоспадың, Ораз?» деген назды үні құлағынан кетпей-ақ қойды. Мүмкін Дәмеш үйдеп айтпаған болар? Жаңылыс естіді ме? Күнде Дәмешпен бірге жұмыстан қайтады. Сол бір сөзді қайталай ма деп, күнде тосады. Ондай емеурін білдірмейді. Ашық, жайдары Дәмеш, сыр бүгетін, тұйық жанға айналған. Бойына сіңіріп қалыптасқан мінез боп қалды ма? Жоқ, өмірден туған жасанды ма?

Бүгін Ораздың демалысы. Терезе алдындағы газонға су құйып, гүлдердің арасына шыққан арамшөпті жұлды Ораз. Бір жұмадай көз қырын салмап еді, астраның қасына, жусаның жабыса қалғанын көрдің бе? Гүл тамырын шырмап, дәнін сормақ. Жұлып алудың өзі оңайға түспес. Еп керек. Тармақтанып гүл тамырын орап алған жусанды үзсең, түбімен гүл бірге қопарылайын деп тұр.

—Оразжан, немене күбірлеп жүргенің? — деді Дәмеш ашық тұрған терезеден асылып.

Ораз кенет басын көтеріп алғанда, қыз көзі мен көзі айқаса түсті — Шын «Оразжан!» дедің бе дегендей, телміре қарады.

—Мына бір хош иіс гүлді терезеңнің алдына әдейі егіп ем.

Сол айырықша безене өсіпті!

—Кәне, көрсетші? Аты не?

—Резеда!.. Ақшамда бүршік жарып, хош иісін ауық-ауық бүркіп тұрады. — Ораз екеуін жұлып ап, Дәмешке әперді.

—Сен өзің ектің бе, Оразжан? Шынымен маған арнадың ба?

Тағы да назды, сиқырлы үн. Дәл сонау бір түнгідей жанды қытықтайды.

«Саған!» деген сөзді Ораз айта алмай, тілі күрмеліп, көзімен айтып, басын шұлғыды.

Қыз да өзінің жаңсақ хате жіберіп алғанын аңғарғандай:

—Кеше маған құрыш қорыту жайында ақылдасатын ойым бар деп ең? Шай ішем де кетем... Кеңескің келсе, қазір дайынмын!

—О, не? — Ораз аржағынан Құрышпайдың даусын естіді...

Пенсияға шыққанымен Құрышпай үйде тегін отырмайды. Балаларға бас-көз боп, ақыл айтып, жол-жоба көрсетуді өзінің қызметі де, міндеті де деп ұғады.

Балалары өсті, үйленді; өздері де әке болды: дегенмен тұрмыстан таяқ жеу оңай! Жүріп келе жатқан жастық алдына қарамайды. Ор болса ордан, жар болса жардан секіреді, айналып өтуді білмейді, жығылып мұрнын қанатуға бар. Ал, айла-тәсілді епті жігіттің қулығы деп санайды. Ер жігіт: «Бір сырлы, сегіз қырлы» деген сөз ермек үшін айтылғандай.

Шіркін Құрышпай қандай еді жасында! Өзі сері, өзі әнші, жігіттің төресі еді. Тоқаш марқұмға еріп, біраз дәурен сүрген-ді. Тоқаш қаза тапқан соң, бес-алты жылдай ешбір өкімет жұмысына араласпай, арындаған аттай, еліне барып жатып алды. Содан жалыны аузынан шыққан Сақа Сағатов пен Ораз Жандосов — бірі обкомда, енді бірі өлкелік партия комитетінде хатшы боп тұрғанда, әдейілеп кісі жіберіп, шақыртып алды. Ұмытпаса бұл жиырма тоғызыншы жыл! Құрышпайды «қошқы одағына» бастық қып қойды. Осы баласының атын сол отыз үшінші жылы Жандосовқа арнап, Ораз қойған еді... Е, Құрышпай басынан нендей дәуір өткізбеді дейсің?.. Жаманнан жақсы туады. Әкесі, бишара, момын кісі еді.

«Ерші Қалдыбай» атанған: ер істеп, жүген тігіп, күнін көрген ді. Құрышпай жалғыз бала болды да ерке өсті: «сотқар», «тентек» атанды. Өскенсін домбыра тартып, ән айтып, бір кезде Жамбылдың да қасына ерді. О кезде Құрышпай — дембелше де ширақ, түрі де келісті ме еді немене?

Мұрнының ұшы бүгінгідей қожырланған шуақар-шұбар емес, томпақ, жып-жылтыр да... Көзі де сығырайған қысық емес, дөңгелектеу де, әйтеуір, қыздар жақтыратын... Жайлауда Кәрден байдың бір қойшысы қой тоғытам деп, Қаскелең өзеніне суға кетіп өлді. Ол қойшы Құрышпаймен аталас, жақын адам да. Жетім қалған бала-шаға құн даулап, Кәрденнен барымтаға бір үйір жылқы айдап әкетіп, Тыртышный сияқты бай казактарға сатып жіберген-ді. Елді уысына сыйдырып тұрған Кәрден қоя ма, Құрышпайға болысқан осы Дәмеш қыздың атасы Жүністі қоса екеуін Сибирь айдатқан... Құрышпай Сибирьде шошқа тағаласын ба, ел-жұртын сағынды да, қашып кетіп, дәл он алтыншы жылдың көтерілісі кезінде елге оралды.

Жүністі ала қашты. Әуелгі кезде жасырынып, Үшқоңыр тауында тығылып, көрінбей жүрді... Содан көтеріліс күндері Құрышпай Тоқаш Бокинге еріп, Жетісу еліне от тастап, өрт қойды... Одан қолға түсіп, сегіз ай абақтыда отырып, февраль революциясы тұсында бостандыққа шықты... Тоқаш Бокин мен Сақа Сағатовтың қасына еріп, Совет өкіметін орнатуға Құрышпай жігер-қайрат көрсетті... Бірінші бесжылдыққа ат салысты... Колхоз құрысты... Техниктік оқу бітіріп, қызметке тұрған ортаншы баласының қолына Құрышпай Қарағанды көшіп барды. Одан соғыс келіп киді: екі ұлы бірдей майданға аттанды. Ортаншы сы Москва түбінде қаза тапты да, үлкені Берлинге дейін барып, қайтып кеп, кәзірде Алматы жақта

Қаскелең төңерегіндегі бір колхозда бастық.

Соғыс жылдары Құрышпай Қарағанды мехцехінде жұмыс істеп, кіші баласы — Оразды оқытты... Оразбен қатар Дәмешті де тәрбиеледі.

Дәмеш революционер Сақа Сағатовтың қызы. Шешесі Глафира Андреевна жазатайым поездың астына түсіп қаза тапқан. Сақаның інісі Асқар 1944 жылы соғыстан қайтып, Теміртау келіп, Құрышпайды паналаған.

Партияның 20-съезінен кейін Сақаның ісі қайта қаралып, ақталып еді, бірақ ол сол жақсылықты ести алмай, «жүрек ауруынан қайтыс болды». Ал, Асқардың ісі белгісіз болатын... Содан бері үш жыл өткен. Кеше Құрышпай Асқардан хат алды.

—Сүйінші, Дәмеш! — деді Құрышпай, балконға шақырып ап, жайлана отырып.

—Сүйінші? — бұрымының үшімен ойнап тұрған Дәмеш Құрышпайға таңдана қарады. — Алыңыз, ата!

—Асқардан хат алдым! — Құрышпай қалтасынан төрт бүктелген қағазды суырып ап, Дәмешке берді:

«...Мен 56-жылы ақталғам. Содан Тайшет қаласының емханасында, баяғы майдандағы контузия қайта соғып, тілім күрмеліп, екі жылдан аса жаттым. Осы хатым бара ма, жоқ па, неғайбыл, екі ойлы жаздым. Алматы көшіп кетті ме деп те жобалаймын...»

Дәмеш оқып шығып, жаңа ғана үйге кірген Оразға ұсынды.

Құрышпайдың көз қиығы хатты ұсынған қыз саусақтары діріл қаққанын байқап қалды.

Құрышпай әрдайым қыз ойына ортақ: тап қазір Дәмештің неге қамығып тұрғанын дәл топшылайды. Осыдан жарты жыл бұрын, Дәмеш Алматыдан көшіп келісімен, Құрышпай сөз арасында:

«Асқар ұзынқұлақтан тірі, Сібір жақта жүрсе керек-ті, соны іздеп, тауып алсақ қайтеді, балам?» деген-ді. Дәмеш оған мән бермей:

«Әй, тәйір тірі дейсің бе?.. Үш жылдан бері бір хат жазбай ма?» деп қоя салған. Сол сөзі енді алдынан шығып отыр. Әрине, балаға бір жағынан ауыр, бір жағынан қуаныш! Жүрек күйіндірген өкінішке, туыстық тіршілік қуанышы қосылып, арақпен араласқан тәтті тамақтай, жүрек көтеріп, бейжай қылады.

—Мен барып, алып қайтсам қайтеді... — Дәмеш сөзі дауыстап айтқан ой тәрізді, қоңыр да баяу. Әлсіреп жеткен оқтай, нысанаға тисе де тесіп өте алмады.

—Барса, несі бар!.. Бірақ, «тәуірмін, жақында қайтам» депті. Жер білмейтін кісі емес, дәрігер! Онан да жақсылап қарсы алған мақұл...

—Сені қазір босата қоймас... Әнеугі мақала... Соңғы бригада халі...

Аяғыңды матаған тұсау ма деймін. — Ораз әкесінен жасырды ма ашып айтпай, ойын іркіп қап отырды. Сөз құнына баға бере білетін Құрышпай, бір бүкпенің бар екенін анық аңғарды. Әлгіде, Дәмеш бөлмесіне кіре бере, бір салқын сөздің шетін құлағы шалып қап еді, тегі осы «тұсау ма» екен? — О не қылған «тұсау», балам? — Құрышпай сұқтанбай, немқұрайды сұрады.

— Ол: Ораздың бригадасы осы аптада, екі күн ұдайымен құрмет тақтасының ең артынан бірінші орын алды... — Дәмеш Оразға күлімдей қарады. — Мүмкін атама өзің айтарсың?

Оразда үн жоқ.

— Тағы ішіп барып па ең? — Құрышпай дауысының қатал шыққанын өзі де сезіп, шамына тиіп, арындатып алмайын дегендей, бәсеңдете түсті: — Қара басты десейші.

— Бұл өзі арақ құмар ма, ата?

Кейбір жігіттердің әуеніне еріп, Ораздың іше бастап қойғанын Дәмеш естімеп еді, дәл Дәмеш көшіп келердің алдында үй ішінде жанжал дау сөз боп, Ораз: «Енді ішпеймін, қоям!» деп уәде берді де, әкесі мен Ажар Дәмешке «айтпаймыз!» — деп, екі жағы бітімге келген.

Әкесінің уәде бұзғаны, Дәмештің жерден жеті қоян тапқандай даурыға сөйлегені Оразға ұнамай қалды, Құрышпай оны теріс қарап күңк еткенінен-ақ сезді. Енді мәймөңкелеудің реті жоқ. Жамбасқа алатын ыңғай келді Құрышпайға. Тілдей бастады...

Құрышпай заманында бәйгенің алдын беріп көрген қазақ емес.

Еріккенінен, жоқ болмаса, күші тасығанынан қартайғанда құрыш қорытушы болды дейсің бе? Намыс! Осы Қайырдың әкесі марқұм Теміртау заводына директор боп, бекіп келді де, Қарағандының мехцехынан бірнеше жұмысшыны таңдап алды. Соның ішінде Құрышпай да бар. Рахым қандай қадірледі. Сонда Құрышпайдың белі шойырылып, еңкейіп жүріп құрыш құйған күндері болды! Ол жылдары соғыс қызып, шегіне жеткен кезі. Ел аш-жалаңаш. Үй суық, отынды заводтан, қол шанамен Ораз таситын... Ал, бүгінде тұрмыс та, күй де бөлек. Енді не қара басты? Радио да, газет те күнде «Социалистік Еңбек Ері Ораз Құрышпаев» деп Қазақстан түгіл, бүкіл дүние жүзіне атын жайды. Салақтық, мойын жар бермейтін жалқаулық — әйтпесе... не дейсің?

Құрышпайды тоқтату қиын. Ораз да шыдамай, бір-екі рет әкесіне қарай сөз айтып қап еді, арасына Дәмеш түсіп, зекіп тастады.

Заводтың бас инженері — Мүсілім Мусин партбюроға барардың алдында тағы да қайта-қайта өзінің ішкі сарайына үңіліп, жүрек түбінің камертонын¹ басып, оның үн-мақамына құлақ салды: аяғын жаңылыс басып жүрмесін?

Бұлай ішкі камертонмен санасып, байқастап дауға кірісу, ұтымды жерінде бой да көрсету — Мүсілімнің дағдылы тәсілі. Ұзақ жылдар өзінің өсу жолына көп көңіл бөліп, мансап, дәрежеге аса мән беріп, түрлі шахмат жүрістерін жасағандықтан туған әдіс. Талай-талай сын-өткелден Мүсілім осы камертонға сүйеніп, аман алып келеді. Ана бір жылдары Мүсілім өсіп, министрдің орынбасары да болып істеген-ді.

...Бір күні: «Жұмекең шақырады!» деді ЦК-дан біреу. Мүсілім отырған орнынан ұшып кете жаздады. Атып тұрды. Қуанарын да, қорқарын да білмеді. «Ау, не үшін керек қылды екен?» деп, қалбалақтап, кабинетінде шыр айналды. Әлдекім үстінен арыз жазды ма? Жоқ, ондай жамандық болса, Жұмекең өзі шақырып, әуре бола ма, тексертіп ап, жамбасқа сап тоңқалаң асырмай ма? Ия, ләйім жақсылық болғай да!.. Кабинеттің алдына барғанда, жүрегін басып өзіне-өзі тоқтау салды...

Сол жолы Мүсілім өзінің ішкі сарайының камертонын басып, бірінші рет «не сездің?» дегендей құлақ тікті: «Жылы-жылы сөйлесе, жылан іннен шығады... Жұмекеңнің жыланын тербетіп, ұйықтатып таста, шақырма!» дегендей тілекті қойды камертоны. Я, іске сәт, Мүсекең де ширақ басып, саудырап жетіп барды.

Салғаннан Жұмекеңді мақтап, жүрегін қолына ұстап ала барды. Ұзақ әңгімеден кейін о кісі Мүсілімнің тұлға пішініне, сөзіне риза боп, бұдан да жоғары қызмет бермек ниет білдірді.

Шіркін, не керек үлкен адамның бетін бір қайыруын-қайырыпақ еді, қазақтың күншілдігі қалған ба, өзімен достас Жетісудың бір жігітіне сол түні сырын айтам деп, омақата құлағаны бар. Ол

¹ Үн-мақамды айыратын аспаб.

«байдың баласы, әкесі — құлақ, жер аударылған» деп сарт еткізіп, арыз түсіре қойған...

Мүсекең содан Жетісу жігіттерін жек көреді. Ең артық мына Дәмеш — қазақ пен орыс арасынан туса да, Құрышпай шалдың үйінде тәрбиеленіп, солардың жаман мінезін бойына сіңіріп алған көрінеді. Ниеті — Мүсілімнің орнына бас инженер болмақ. Ол екі де екі төрт сияқты айқын. Әуелі заводқа «жаңалық» енгізген инженер боп, жұрт көзіне түспек. Жоқ, Мүсілім тірі болса... Жәнеде баяғы пленде болған дәрігер осы қыздың

ағасы. Бұл арада былайғы жұрт білмейтін бір сыр бар: Мүсілімнің ол туралы жасырын жазған арызы, соттағы ашық куәлігі... бірде болмаса, бірде қызға жетуі сөзсіз, заман өзгеріп сол «жабулы қазандардың» беті ашылып жатқан жоқ па! Қапты біз теспей қоймайды. Ол «сөз» қарындасына жеткен де болар?.. Жоқ, түр-қияпаты сезетін сияқты емес. Әлбетте, сақ болған жөн!..

Осы бір ойды ширата есіп, Мүсілім партбюроға келген де, алдымен қара көлеңкелеу бұрышта тығылып отырған Дәмешті көзімен іздеп, тауып алды. Тырысып, бір уыс болған сыйқы, әй жуас қыздың сыйқы емес, бет тырнайтын мысыққа ұқсайды.

Отырып жатып Мүсілім «түйе мойын» Серегинге көз тастады: бас пәле осында! Қыз осының қолындағы қаршыға! Жымиып, түк білмегенсіп, отырған түрін...

Бюро мүшелерінен тағы кім бар екен оларды жақтайтын? Ау, әлгі «бап» бар емес пе? Соның аты кім еді? Е, міне өзі де кірді — Күміспек. Бұ да сол Түркстан жігіті, анау қызды қарындас қып, ымпайласып жүреді...

Бюро мүшелері тегіс жиналды-ау дегенде Серегин бас инженерге сөз берді. Қағаздарын алдына аударыстыра жайып сөзін неден бастарын білмей отырған адамдай, Мүсілім азырақ мүдіріп, бәлсініп бастай қоймады. Жұрт та тым-тырыс — құлаққа ұрған танадай, бас инженердің аузына қарап, тына қалды. Мүсілім сөз бастамай тұрып директордың бет-әлпетін бір шолып өтті: былғарымен тысталған креслода шалқая сүйеніп, тізесінің үстіне қағаздарын жайып сап, оқып отыр; анда-санда қызыл қарындашпен бір белгі қояды. Кейін қарай қайрылған көмірдей қара шашы екі жарылып, маңдайына түсе береді, басын шұлғып қап шашын қайтадан орнына жатқызады. Екі қастың арасындағы қос сызық іштегі ой толқынымен бірде қатпарланып, бірде қайта жазылады. Осының оқып отырғаны бюро қаулысының жобасы емес пе екен?

—Бастайын ба? — Мүсілім Серегинге бұрылды.

—Баста! — деді Серегин, манадан бері, неге бастамадың? — дегендей таңдана қарап.

Мүсілім әуелі ұзақ сонарға сап, дәл баспай, мақала маңызы зор екенін сөз қып, бір-екі жерде Дәмештің атын атап, арқадан қағып та алды. Содан орағытып, мақаланың ішіндегі фактілерге кеп тоқтады да, оларды жоққа шығарды.

—Ау, завод — сауып отырған сиыр емес пе! Сиыр екеш сиырды күтсең — сүт береді де, күтпесең, жем бермесең, суалып кетпей ме? Ал жарықтық заводтың жемі — техника...

Қайыр мырс етіп күліп жіберді.

—Теңеуді ауыл маңынан іздейтін әдетіңіз-ау! — деді ол қағаздан басын көтеріп ап.

—Жасынан мал бағып, сиырмен көз ашқан, кедейдің баласы да, бишара! — деді Дәмеш қасындағы отырғандарға, Мүсілім естіп қалмасын дегендей күңкілдеп. Олар ду күлді. Бас инженер естісе де, естімеген болды.

—Сонсоң жем де әр түрлі. Дәмештің айтып отырғаны — сұлы да, жүгері де емес. Былтырғы шапқан көде... Ол сүт бере ме?

Дәмеш қызараңдап шыдай алмады:

—Әзіліңізге рахмет! Көдені өз сиырыңызға берерсіз! — Жұрт күлкіден қысылып отыр екен, біреу әмір еткендей, жарыса күлді. Серегин орамалымен көзін сүртті де қаламның сабымен столды тықылдатып, тәртіпке шақырды; әсіресе шек-сілесі қата күлген Қайыр:

—Мүсеке, ол сиыр сүт бермесе, әуреленіп қайтеміз, онан да үкіметке тапсырып жіберіп Ленинградтан жаңасын сатып әкелсек қайтеді? — деді ол қалжыңдап.

Қайырдың әзіл-күлкі үшін айтылған қалжыңын Мүсілім қолпаштау деп ұқты.

—Оны Дәмештен сұрасақ дейім. Егер ол — сүт бермейді десе...

Дәмеш бір қызарып, бір сұрланып, қысылғанын сездіріп қойды. Сөз арасында жұрт кейпін бақылап, көз шеңберінен босатпай отырған Мүсілім қыздың бұл қылығына өзінше баға берді. Қайыр Дәмеш үмітін ақтамады. Болыспады. Дәмеленіп, оны арқа тұтып жүрген қыз, енді жұрт алдында ұятқа батты. Дәмештің қысылу себебі осы... Мүсілім әккі бөрі таңдықтан ап, тістеген жерін жұлып түспей ме?

—Кім сөйлейді? — деп Серегин жан-жағына қарап, ұзын столдың есік жақ басында қаздыып отырған техника бөлімінің бастығын тауып алды. — Сіз бірдеме демейсіз бе?

Техника бөлімінің бастығы — атан жілік, ат жақты, ақ бас кісі, сөз күтпеген тәрізді, күбжеңдеп, тарылып:

—Мен бе? — деді.

Мүсілім Платон Сидоровичті қой аузынан шөп алмайтын «момын» —

зияны да, пайдасы да тимес деп ұғатын. О да «сен тимесең бадрақ көз мен тимеймін» дегендей жайына жүретін. Директор шақырса — келеді; сұраса — қысқа жауап қайтарады; бұйырса — тапжылтпай орындайды. Өз бетімен тышқан аулап көрмеген, әркімге бір иек артып, жаман үйреніп алған кісі — оны Мүсілім жақсы түсінетін. Сондықтан да ол бүгін «есебіне» кірмей қалған-ды. Не дер екен?

—Кейде біздің газет біреуге оп-оңай ат таға қояды, — деп сөзін бастады ол. Мүсілім тықыршып орнында отыра алмады. Мынау дүлей бүлдіреді-ау. Газетке тиісіп несі бар! Тамағын бір кенеп Романюк сөзін жалғады.

—Жазған адамның ойынша завод бастықтары шетінен кертартпа — «консерватор». Әлгі магазиннен сатып ап, кеудеге тағатын значок бар ғой, содан да оңай тағады... Жоқ, отпен ойнама, балам! Біздің заманда «консерваторлық» атқа құмар адам жоқ.

«Мә, желкем, ұр!» деп өзі тосып тұратын адам бар ма? — деп даусын нәштеп, жан-жағына қоқилана бір қарап қойды.

—Романюк, сен өз пікіріңді айт! Газетті қайтесін! — деді директор жақтырмаған пішінде. Бәсе, көзің бар, жүзің бар демей, маңдайдан былш еткізіп қасқита қоятын дүлейдің өзі екен. Жақсы басталған істі сырап қылды. Мұның келетінін білсе, күн бұрын сөйлесіп дайындайтын еді Мүсілім. Қап!..

—Менің пікірім: бусыз-ақ мазуттың өзі де жақсы жанады! Пешті бу аралас ауамен үрлеу деген миыма қонбайды. Буда сутегі болады. Ал, құрышта су тегі көбейсе болаттың арасы қуыс боп құйылады. Айтарым осы! — деп ол сылқ етіп отыра кетті.

Әй, ашық ауыз неме, манадан осыны айтсайшы, газетке тиісіп, бүйректен сирақ шығарып... Мүсілім іштей Романюкті ұрсып ап, көз қиығын Серегинге аударды: ол ақырын ғана саусағымен столды тықылдатып, торғай аңдыған мысықтай, әркімнің сөзін жіті аңдып, қағазына түртіп отыр екен. Езуі жымыып әлдекімді кекеткен тәрізді. Әрине, ол Романюкті жүндей түтеді. Мүсілімнің өзіне жармаспасына кім кепіл? Қой, бас инженердің беделіне қол сұға алмас, қанша саясатшыл болса да!

Бюро мүшелерінің, көпшілігінің көңіл райы әзірге көтеріңкі, кейде күліп, кейде сөз қыстырып қояды. Анау прокат цехының мастері — еңгезердей Нұрбек болмаса, есінеп, маужырап отырған! Тегі, түнде ұйықтамаған қу-ау!.. Ол кімді жақтар екен?

Мүсілім әркімнің бетіне қарап, сырын оқимын деп, Дәмештің сөз алғанын да байқамай қалды: ол өзі сұрады ма, хатшы емеурін білдірді ме, кім білсін... Қыз — белді бекем буған адам секілді, түсі суық; барлық жүйке-тамырларын, домбыраның шегіндей шиыршық атқыза бұрап алғандай,

безектей ала жөнелді. Бұрын тап бүгінгідей ашына шешініп, сөйлегенін Мүсекең көрген жоқты. Әдемі де киініп кепті, шолақ жең, ақ торғын көйлек денесіне жабысып, кеуде жағын бұлттытып, белін қиып-ақ тұр. Көрікті-ау, сайтан! Мүсінін ісмер қолмен сүйектен жонып, жасағандай нәзік те сәнді. —Қадірлі Мүсілім Сапарович өз сөзінде менің ұсынысымды былтырғы «шапқан шөпке» теңеді. Әрине, бұл сөздің аста ры бәріңізге де түсінікті! Ескі шөп сиырды семіртіп, сүтін молайта ма? Сол сияқты менің де ұсынысым завод техникасын жаңартпайды деген сөз! Бұл бейнелі сөзді Платон Сидорович қайталап өз тілімен ашық айтып берген жоқ па? — деді Дәмеш бас инженерге салмақ тастап. Жаңағы Мүсілім сөзі жанына тиген екен, көрдің бе, қалай шыбыңдайды? Нанбасаң, қазір «консерватор» деп таңба басады.

Мүсілімнің осы бір ойын тап басқандай:

—Консерватор деген атақты Сағатова қашан тағады деп аңдып отырғандар да жоқ емес!.. — деді.

Мүсілім қолынан ұстай алған ұрыдай сасып, жан-жағына қарады — жоқ, бұған үңіліп, анталап отырған кісі көрінбейді. Жұрт көзі — Дәмеште. Ол аз кідірді де, тағы да Мүсілімді жанап өтті.

—Бұл ұсыныс іске асса, завод жеті жылдық жоспарды төрт жылда орындайды!..

—Оны немен дәлелдейсіз? — деді директор баяу, салмақты дауыспен.

—Бу аралас ауа пешті тез қыздырады. Жалынның кызуы күшейеді! Пеш сегіз сағат емес, алты сағатта қорытуы... мүмкін.

—«Мүмкін» дейсіз бе? — Мүсілім кекеп көзілдірігінің үстін ала қарады Дәмешке. — Әлі де өзіңнің көзің жетпей ме?

—Ау! — деді қыз Мүсілімнің жиі айтатын сөзін өзіне қайталап. Мұны сезген жұрт, жымыңдасып, біріне-бірі көз жүгіртісіп алды.

—Есеп-қисапсыз көз жұмып, күмп беріп түсіп кетпеспіз, қадірлі бас инженер! — деді Дәмеш Мүсілімнен көзін алмай.

—Жетеді!.. Неге ұмытсын! — Қайыр айтысты қысқарту жағын ойлады ма, — уақыт жағын да естен шығармайық! — деді.

—Ал, түсінікті болса, мен сөзімді бітірдім! — деп Дәмеш отыра кетті.

Мүсілім үнсіз байқап қараса — жұрттың көбі қыз сөзіне ұйып қалған сияқты. Күнқилдесіп бастарын изесіп жатыр. Күміспек:

«Берілме! Осы беттен тайма!» дегендей қызға жұдырығын түйіп ым жасайды. Оған не жоқ? Онанда, артта қалған бригаданды сүйресейші, білгіш болсаң? Енді отырғандар жамырап, «сен сөйле

—сен сөйлеге» көшті. Үзіліс жасап, шылым тартып, желпініп алсақ дегендер де табылды.

Осы кезде Қайыр:

—Бір-екі ауыз сөзге рұхсат етсеңіз? — деді Серегинге.

Мүсілім Дәмешке сұқтана көз тастап «бәлем, қазір, қайтер екенсің?» дегендей ниет білдірді. Қайыр сөз сұрағанда қыз да оған кенет бұрылды. Егерде қыздың осы бір көз қарасынан: «Аяшы мені!.. Мен сені сүйем ғой! Жұрт алдында қара бет қылма!» деген сырды оқымаса, Мүсілімнің елуге келгені өтірік. Е, саған осы керек, ерке қыз!.. «Басқан қадамыңа жаным пидә» деп өліп-талып жүрген Қайыр және жоқ. Алам десе, Қайырға қыз табылады... Мүсекең өзі таңдап, алып береді.

Қайыр бұ жолы қысқа да дәлелді сөйледі. Ол әуелі газеттің көтерген мәселесін қолдап, ол жайында қыңыр сөйлеген Платон Сидоровичті ажуалап, «тілім менің — жауым менің!» деп тәлкек қылды.

Содан соң ол «Дәмештің алған позициясы дұрыс» деді. Мүсілім орнында отыра алмай қозғалып, тыжырынып, касқа басын қайта-қайта орамалымен сүрте берді. Кейде Қайыр бір ауыз сөзбен алғашқыда айтқан сөзін жоққа шығарып кететіні де болушы еді — «асыл» пікірін артына сақтап тұрмасын?..

—Әрине, «жаңалық» деп қалыптасқан завод өндірісінің процесін бұзуға бола ма?..

Мүсілім иығын қомдап, басын кенет көтерді. Е, бәсе, сөзі жаңа түзеле бастады ғой. «Бас инженердің ойы дұрыс!» деп мақұлдай салса, қайтеді? Баяғыда, Мүсілім министерствода жүргенде, қол астындағы керекті адамды иықтан қағып, алдай салатын-ды, олар оған мәз боп: «Шіркін, Мүсекең!» деп көрінген жерде атын жаятын! Бүгінгі жастар оны да білмейді, топас!.. Құдай біледіау, Мүсілімсіз осы директор өз бетімен бір қадам баса алмайды. Кімнің арқасымен директор боп жүргенін білмейтін де болар...

—Бусыз-ақ мазуттың өзі жақсы жанады. Жер қазып, труба орнату, ГЭС-тен бу тарту — бізге арзанға түсер ме екен, — деді сөзінің ақырында Қайыр. «Қой да аман, қасқыр да тоқ» деген орыс мақалы осы! Қайыр нағыз дипломат екен! Мүсілім бас иеді

—бұдан былай сақ жүруге өзіне-өзі уәде береді. Жеңді сыбанып тастап айтысқа түсейін деп отырғандар, директор сөзінен кейін тоқталып, Серегиннің өзі бас болып: «Тағы да зерттеп қорытынды жасау заводтың техника бөліміне тапсырылсын!» деген түйінге келді.

Бас инженер аяңдап жарық көшемен жүріп келеді. Салқын кеш. Мәдениет сарайының алды толған халық, дырду-шу, шатшадыман өмір... Пар-пардан қолтықтасқан қыз бен жігіт... Бөпесінің арбасын сүйретіп кешкі әуеге дем ала шыққан жас аналар... Бақша жақтан жүрек тербейтін музыка да естіледі...

Мүсілім тамсанып, көзін суарғаны болмаса, осындай тамаша қызықтан ада. Жас кезінде: оқу деді... одан қызмет... мансап, ол — денені улап, арақтай құмарта түсті. Баяғы ақсақ құландай сол құрғырдың соңынан қуа-қуа шашы ағарды. Алматыдан кеп түпкірдегі бір заводтың бас инженері болу — дағдырдың келемежі емес пе? Сағатова сияқты ала көздер осының өзін көпсінеді. О, жасаған!.. Жоқ, Мүсілім оңай қақпанға түспес, қызды да, сүйікті жігітін де өзінен бұрын орға құлатады...

Қайырдың бүгінгісі — дипломатия емес, сайқалдық! Дипломатия өнер ғой, тапқыштық пен білгіштік, тіл мен мінез қатар түсіп, сүйекке біткен қасиетке айналмаса, дипломат бола алмайды. Қайырда өнерден гөрі періп кетпе, озбырлық басым. Сасық құлық: қызды да өкпелетпеу, Мүсілімді де риза қылу. Өйтпесе, қайта зерттелсін дей ме? Ең болмағанда, бізге үйлеспейді, іске асырудың өзі қымбатқа түседі десе қайтеді? Ау, ақырғы сөзді Мүсілім айтады! Сұлу қыздың сиқырына алданып, директор жолдас жүре тұрсын... Інім деп енді іш жібімес!

Ертеңінде Мүсілім заводқа телефон соқты. Біреу сұраса — «Қалалық партия комитетіне шақырып кетті дегейсің» деп Лидаға бұйрық берді де машинаға отырып, Қайырдың үйіне барды. Қайыр мен екеуінің арасында сыртқа шықпайтын, көз қиығы, қабақ қағыстан сезіліп қап, әркім өзінше ұғынып жүрген жайды Ақмаралдан білгісі кеп, арнай келді. Ақмарал — ұлының көп сырларына ортақ, кейде тіптен ақылдасып та отыратын сияқты... Адуын шеше, баласы ер жетіп, жоғары қызметке іліксе де, уысынан шығармай, тізгіндеп ұстайтын көрінеді. Кейде ұрысып, кейде айналып-толғанып, әйтеуір тілін табады. Ел құлағы елу — күйеу баласы арқылы ма, жоқ, көрші тілі ме, жұртқа шашылған Ақмарал сыры Мүсілімге де жеткен-ді. Мұны естіген Мүсекең Ақмаралдың өмірбаянын терді: Қарқаралыдағы атақты бірінші Гельді саудегер Құсайынның бір кездегі келіні екен. Ақмаралдың бұрынғы күйеуі, Құсайынның оқыған, адвокат баласы қылмыс жасап сотталып кеткен де, жас келіншек жылы төсекті суытпай, сол қалада үйездік мекеменің бірін басқарып жүрген Мүсілімнің ағасы Рахымға тиіп ала қойған... Аз жылда жұмсақ мінезді Рахым марқұмды ол билеп-төстеп алады. Рахым Алматыда тұрғанда жауашы қызметкерлердің зайыптары ішінде «көрікті де шешені» осы Ақмарал аталады. Жақсы аяқтың сыры кеткенмен сыны кете ме! Ақмарал — күміс шаш, толық, аққұба әйел; бет әлпетіндегі дөңестеу ұшты мұрны мен әдемі жұқа ерні ерекше көзге түседі. Кейде, Мүсілім өзі де қызығып қояды. Аға өлсе, іні мұра деп...

Мүсілім екінші этажға көтерілді де есікті қақпастан кіріп барды.

Ақмарал көрпені астына төрт қабаттап салған, дөңгелек столды алдына орнатқан, сары самауырдың буын бұрқыратып қою шайды сораптап тартып отыр. Үш саусақтың үстіне орнатқан әшекейлі кесенің екі ұрттағанда түбі көрініп қап, күрең шайды жеңгей қайта-қайта еселеп құяды.

—Жолы болар жігіттің жеңгесі алдынан шығыпты.

—Мүсілім Ақмаралдың қолын сүйіп, тапал орындыққа отырды да қалтасынан орамалын алып, көзілдірігін сүртті.

—Рахым марқұм өткелі қашақтап жүруші едің, балам директор болған соң есігімнен қайтадан сығалайтынды шығардың-ау, ә! — деді Ақмарал беттен алып.

Мүсілім күліп жеңге сөзінің ызғарын қайтаруға тырысты.

—О, қадірлі жеңгем-ау, жаман ағасының себі тимесе, інісі оп-оңай директор болар ма еді? Менің арманым әкесінің орнын бастыру да, оған да шүкірлік, — деп Ақмаралдың алдын орап ишаралай сөйледі.

—Шайға кел, қайным!.. Соңыңнан ерген жалғыз інің... сен дегенде ішкен асын жерге қояды. Болыспайтын не бопты сонша саған?

—Ау!.. Менің жүрегімді Қайыржанның өзі де біледі. Бір пәлесі арамызға ши жүгіртіп жүргендер бар. — Мүсілім кәрден кеседен бір ұрттады да столға қойды.

—Өздерің мықты болсаңдар, мәлтек бастар не қылады, ит үреді — қалады...

—Садаға кетейін сөзіңнен, жеңгетайым! Мен де осыны айтам Қайырға. Бірақ, кейбіреулер менен де жақын болғысы кеп, бұза ма дейім? — Нысанаға жақын келгенін Мүсілім өзі де аңғармай қалды.

—Адрам қал, о кім ол, сенен жақын?! — Ақмарал ұзын ақ сулықпен аузын сүртті де, ашуын басалмаған кісідей умаждапумаждап бір нұқып жанына тастады.

—Дәл басып айту қиын... Ау, осы Қайыржан мына Құрышпайдың қызына үйленеді дей ме? — Мүсілім толғанған кісідей орнынан тұрып кетіп, қайта отырды, ақыры ашық форточканың алдына барып шылымын тұтатты.

—Білмеймін, қарағым, баламның дәл осы бір қылығына түсіне алмадым. Не үйленбейді, не қоймайды. Есектің миын жегендей айналшықтап соның маңынан шықпайды. Оқу бітіргелі міне бес жыл, айтсам күле береді...

Немере иіскейтін кез-ақ! — деді шерменде Ақмарал.

Мүсілім ауырған жеріне дәл тиген екен, бірақ, қу қатын қыз жайында ләм-мим демеді-ау? «Дәмешке үйленбекші ме?» деген сұрағы, төбеден түсіп келе жатқан өрмекшідей салбырап, теңселіп тұрып қалды. Тегі Мүсілім сырын сезіп тіліне тиек сала қойған сияқты. Мыстан!

—Оны неге сұрадың?.. Оны кім айтты саған? — деді Ақмарал. Қақбас

ештеңе білмейтін кісідей қайярси қалғанын... Бәрібір Мүсілім сыр тартпай қоймайды!

—Сізге өзі айтқан жоқ па?.. Бүкіл завод біледі. — Мүсілім сөнген шылымын тұтатып, сіреңке талын қорабына қайта сала бергенде, қолынан түсіп кетті. Еңкейіп, еденнен алып жа тып қабағының астымен көз қиығын тастап еді, о да шаншыла қарап отыр екен, көз қарастары түйісіп қалды. Осы бір мезетте

Ақмарал Мүсілімнің бүкіл ішкі сырын рентгендей көріп, ауруын айырғандай.

—Мен балама айтқам: үйленсең өзімді күтетін, тілімді алатын, қазақ қолды қыз ал деп, тілімді алмаса — өзі біледі.

—Әлбетте? — Ақмаралдың ол қыз жайында бұрын пікір айтқысы келмей бойын бағып отырғанын Мүсілім анық ұқты. — Қайдам, сізге қолайлы болар ма екен! Орыс мінезділеу еді.

—Қолда өскен бала ғой ол, сыры белгілі!

—Белгілі болса, несі бар. Кіргізіп ала қоймайсыз ба? — Мүсілім әдейі қажай сөйледі.

—Сыры белгілі болғандықтан қолайсыз...

Қуалап отырып, еріксіз айтқызды деген осы. Мүсілімнің енді отты батыл тастауына болады.

—Әй, қадірлі жеңгем-ай, көзің қырағы-ау! Кейде, осы сізге қарап отырып, іштей таң қалам! «Шіркін, Ақмарал оқыса... ел билер еді» деп өзімнен өзім өкінем де!.. Бүгін тегін келіп отырғам жоқ, сол қыз жайында бір суық сөз естіп, сіздің құлағыңызға салып кетуге, әдейі арнай келгенім. Құрғыр жастарда иман бар ма! Сол қыздың күйеу баламен бірдемесі бар дей ме? Завод іші күңкіл сөз: «ана бұрышта көріп қапты, мына бұрышта көріп қапты» деседі... Сондай сөзді айтудың өзі менің басыма симайды! Ұйтсе де, сыйлайтын інім, жамандық тілегім келмейді. Сондықтан сізге айтып кетуді өзіме борыш көрдім...

—Күйеуі кім?

Ақмаралдың дауысы қатал шықты, бұтақты бурыл қабағы түнеріп, ашуы бойына жинала бастағандай. Мүсілім енді кетпесе, аздан соң жеңгесі өзін де тілдеп алудан қашпайды.

—Оразды айтам!..

Мүсілім заводқа кешірек оралды. Барған сапары оң: от тастады. Енді тек ақырын күту. Бірақ Ақмаралмен ойдағыдай тіл таба алмады. Тіс қаққан, әккі қатын, бір шалдырмады. Әлде, баласы Дәмеш пен Мүсілім арасындағы қияс-керісті жеткізді ме екен?.. Әйтсе де, бір ұққаны: Ақмарал тірі тұрғанда, Дәмеш ол үйдің табалдырығын аттамайды. Жеңгесінің сөзі жай

немқұрайды шықса да, аржағында батпан зіл жатыр. Мүсілімге керегі сол!

Шынында, Дәмеш жайындағы әңгіменің шет жағасын Ажардың шешесіне жеткізгені де рас. Ораз бен Дәмештің күндегі күбір-күбір: «Әй, соны қойшы!» деп тыжырына айтқан сөздері сұрыпталып кеп Ажарға да ой тудырған: «Кім екен осы жақтырмай, сөз қылатын адамы?». Ақыры, Ораз бен Дәмеш бір, Қайыр мен Мүсілім бір — екі жақ боп айтысып жүр деген қауесет Ажардың құлағына тиген соң, өзінше жорыды: Дәмеш ағасының абыройын төгіп газетке шығарды, оны азсынғандай Ораз екеуі сыртынан ажуа қылады. Бұл екеуіне соңғы кезде қайын атасы және қосылды.

Ағасының бұларға не жазғанын?.. Ажар Дәмешке сенбейді, залым! Үйдейтіні, Ажар мен Дәмеш қатар өсті, бірінбірі айтпаған сыры жоқ-ты. Сонда Дәмеш: «Ораздың мінезі — майда, түр-сипаты да бір жігіттен кем емес» деп, өзінің көңілін білдіргені бар еді. Әлі де қызығатын сияқты. Әйелдің көзі қырағы, жүрегі сезімтал келеді. Осы күні Ажар ол екеуінің ерін емеуінен, көз қиығынан көп сырды ұғып, аңғарып отырады. Дәмеш пен Ораз арасындағы бұрынғы махаббат жаңғырыққан сияқты. Кеше, кешкі тамақ үстінде Ораз оған жалынды көз тастағанда, Ажардың түсі бұзылып, жылап жібере жаздады.

Екеуі бір цехта, бір сменада істейді; оңаша қайтады. Қаймығу жоқ, сөзге де, қолға да емін-еркін!.. Аанада базарда бір құрбысы:

—Дәмеш курорттан түлеп қайтыпты... Көзімізге шөп салып жүрмесін, байқа! — деді әзілдеген болып. Бұл ишара. Ажар шешесіне сол күйінде жеткізген. Қызының «шіріктігіне» ызасы қайнап кеткен Ақмарал әуелі өзін тілдеді.

—Ондай қауып болса, жыланды неге асырайсың?

—Мен бе!.. Шал емес пе? Өлдім-талдым, жалғызым деп, шақырып әкелген!

—Адырам қал, өзі туғызып па екен?.. Қайдағы бір орыс пен қазақтың арасындағы шата!.. — Шешесінің ашуға басқанда, дөрекі, тәйтік сөздерді байыбына жетпей, көбірек қолданатын әдеті. Бұл жолы да қаһарын тігіп, әуелі қызына кіжінді. Ажар өзіне-өзі ренжіп бекер айттымға түсті. Бүлдірмей тынатын кемпір емес. Керек десе, Құрышпайдың үйіне барып, әңгір таяқ ойнатуға да бар.

—Жоқ, апа, бұл жұрт өсегі... Қызғанудан туған жәй сөз!.. Мен Дәмешті ондай арқадан пышақ салатын адам деп ойламаймын... Бірге өскен құрбы, құдай атып па! — Осы сөзді Ажар шешесін басуға айтса да, ар жағы сенбейді: «Дәмешке сену қиын!» деп күйініп те қояды.

—Ә, бірге өскен құрбы десең, жаның ашыса, о баста Оразды неге құмадың? Көрейін де өлейін деп бассалдың!

—Тұу, апай-ай, қойыңызшы!.. Өткенді... Менің жазығым жоқ, Ораздың өзі айныған...

—Айныса, енді немене, малтаңды езіп.. әлен-пәлен деп бықсытып отырғаның?..

Осы әңгімеден кейін Мүсілімнің: Дәмешке Қайырдың үйленуі мүмкін деуі, Ақмаралды біреу қарақұстан салып жібергендей тиді. Мүсілімге үндемей қалуы сыр сақтау емес-те, не дерін білмей, абыржып қалғандықтың салдары... Ол сөздің мәніне Ақмарал Мүсілім кеткен соң, аздан кейін кешеуілдеп түсінді —

кешігіп жеткен телеграмма сияқты, қапы ұрдырып санды бір ақ соқтырды. Мүсілімнен тәптіштеп неге сұрап қалмады — ол қайдан біледі, өз аузынан естіді ме екен? Ақмаралға салсаң Қайыр дәл осы қызды тосып жүр деген ой миына кіріп те шықпаған. Әкешесі жоқ, біреудің қолында өскен жетім, кім біледі, қандай тәлім-тәрбие алғанын. Үлкенді сыйлап, кішіні қарағым-шырағым деп тұра ала ма? Әлде, алдына келгенді тістеп, артына келгенді теуіп, маңайына жуытпайтын асау бола ма?.. Оның үстіне әкешесі, ағасы семьясымен түгел сөзге іліккендер, біреу болмаса біреу пәленнің баласын алды деп бетіне шырмау ғып жүрсе... өсіре ме? Соңғы жылдар ондайды қойған деседі, үйтсе де, аузы күйген үрлеп ішеді, сол қыздың әке-шешесінің ақталды дегеніне сенбейді Ақмарал.

Тік бақай, еркек-шора қыз Ақмаралды сыйлап, күтпей, көңіліне жақпаған күні екеуі шартпа-шұрт, төбелесіп қалса, Ақмарал ұлына өкпелі де ренішті: айтпай ма, ақылдаспай ма?

V

Партбюрода болған айтыс ертеңінде радиодан біреу хабарлағандай бүкіл заводқа тарады. Әсіресе, бас инженердің:

«заводты сиырға теңеуі» әркімнің аузында бір өзгеріп, түрліше құбылып, жұмысшылардың арасын түгел аралайды. Бірі қарқылдап күліп, мәз болса, енді бірі жымып, басын шайқайды; ауыр мінезді салмақтылары мұрнын тыжырып, ызыңдаған масаны қуғандай қол сілтеп, жүре тыңдайды.

Түс кезінде, ол сөз завод ауласынан сырылып шығып, қалалық партия комитетінің бірінші хатшысы Базаровқа да барып жетеді.

«Онша ұшқыр сөз болмағанымен жусандай ащы екен. Тегі әнеугі мақала бас инженердің шамына тиген-ау!» — деп Базаров еңк-еңк етіп күліп апты

деседі. Бірақ, бұл сөз тыныш жатпады, балалап өсіп завод жұмысшыларын екі ұдай қылды: бірі — осы сөзді қолдап, көтермелеп көрінген жерде күліп, дәріптейді, қарсы тобы — ол сөздің иесін кекетіп, жас инженерді қостайды: за вод техникасын алмастырып, шеберлеп, адам еңбегін жеңілдете алмады, баяғы соғыс жылдарындағы шеңберден аса алмай жүр дегенді ашық айтып үн қосады. Шет-жағасы Дәмешке де жетті. Алғашқы кезде Дәмеш: «О кісі — баяғының көк өгізі, завод ты мүйізімен тіреп тұрған жоқ па!» деп қоса әзіл айтып мән бермейтін; кейіннен, жас инженерлер: «Мүсекең, ол бізден артық не біледі?.. Баяғыда оқудың нашар кезінде долбарлап, бірдеме бітірген шығар, кәзір, одан біз көп білеміз... өзі ойлап тапса, қайда қалды?» деп Дәмештің намысына тиіп, қайрай салды. Ал, бас инженерді жақтаушы бейбастақтар Дәмеш келе жатса, «сиыр!» деп күлетінді де шығарды. Анада, өз құлағымен естіп қап, оңаша жылап та алды. Осыдан бір күн бұрын, Ораз бір вальцовщикпен төбелесіп те алған көрінеді: оны өзі айтпайды, Дәмешке жеткізген жас инженерлер.

...Ораз кешке жақын паркке барса, сыра сататын ларёктің алдында екі жігіт тұрады, біреуі, қызулау ма, Оразды көріп: «Міне герой келді, жол беріңдер!» дейді, екіншісі: «О, бұл «сиырдың»... есі...» деп ымдап көзін қысады.

Ораз шыдай алмай: «Мә, саған сиыр!» деп құлақ-шекеден пергенде, ол мұрттай ұшады, екіншісі кеп Оразға жабысады, іштен теуіп қап, оны құлатады. «Сиыр!» деп көз қысқанды жағадан ап сілкілеп жатқанда, у да шу, милиционер кеп қалады. Ақыры, сатушы әйел Ораз сөзін растап, әлгі бұзықты алып кетеді-мыс.

Бұрынғы бас инженердің сөзіне осы әңгіме тағы қосылып, завод іші қиян-кескі, екі ұдай, тартыс.

Әлгінде завод ауласында Серегин кездесіп қап: «Қалалық партия комитеті сені сұрап жатыр, ұсынысың не күйде?» дегені бар ма? Қалалық партия комитетіне Серегиннің өзі айтқан да, әйтпесе, бюроның қаулысы жеткен, екінің бірі... Серегин осы сөзді жай, немқұрайды айтса да, Дәмешке үлкен ой салды. Партия жиналысындағы сөз қалалық партия комитетіне күнбе-күн жететін сияқты. Дәмешті неге шақырып сұрамайды? Не болды, не қойды демей ме?.. Неге сұрайды?.. Істесін, шешсін... Қолдарынан келмесе сонда ғана қалалық комитетке кеп, жүгінсін! Қара қылды қақ жарған әділдік осы емес пе?.. Дәмеш өзімен өзі іштей айтысып, кешкі сменадан шығып, келе жатқан-ды, қарсы алдынан ызғытып кеп, бір машина қатарласа тоқтай қалды. Машинаның іле есігі де ашылды, Қайыр түсе қап: —Дәмеш, жүр, көлдің аржағына шығып, демалыс үйіне барып, аралап қайтайық, — деді жалынышты дауыспен.

—Мен киінгенім жоқ.

—Осы киіммен де жақсысың... Біздің демалыс үйді көрсетейін саған. Жүр!

—Жарайды, бір жолға сыйлайын, директорсың ғой!..

Машина ағызып, қала жанындағы бұрынғы Самарқанд поселкесін қақ жарып, көпірден өтті де, Темірлі тауды белбеудей буынған тас жолмен қияға өрледі де, тау шыңына көтеріле алмай тұрып қалды. Теміртау онша биік те тау емес, бірақ тіп-тік, көл жақ бауры құламалы көкбеңбек қия тас, «Победа» болмаса, жай машина маңайына дарымайды.

Дәмеш тау басына шығып, көлден соққан самалға бетін төсеп, қала көрінісін қызыға тамашалайды! Жаздың маужыраған кеші. Аспан ашық. Күн ұясына енуге аз-ақ қалған. Айнала тым-тырыс. Кешкі дымқыл әуе — тымық та қою. Атқан мылтықтың дауысы тұншығатындай. Көлдің беті айнадай жарқырап, сұлық жатыр; тек орта шенінде, көл түбін тазалап жүрген тралдың маңы ғана маңдайға ажымдай қыртыстанып көрінеді. Көл жиегінің сәулетіне көз тоймайды. Жиек жағалай салынған зәулім қала. Завод мұржаларынан будақ-будақ көк-сары қара түтін Теміртау үстіне де бұлттай қалқып, Жауыр тауының басына сәлдедей оралады.

Батып бара жатқан жомарт күннің сәулесі көшелерге шүмектей құйылып, үш этажды, ақтас үйлердің мүсінін айқындай түседі. Алыстан жұлдыздай жымыңдап бірлі-жарым электр шамы да жағылды. Дәмеш жиекті көзімен жағалай отырып, Самарқанд көлінің шығыс жиегіндегі Қазақстан Магниткасына аялдады. Қасында тұрған Қайырда да үн жоқ, демін қаттырақ алып, толқып тұрған тәрізді.

—Дәмеш, әне бір су түбіне салынған қаланы қарашы! — деді еңтігіп ол.

Дәмеш: «Неге еңтігеді!» дегендей бетіне оның таңдана үңілді. О да Дәмеш көзін аңдып тұрғандай шайқаса түсті.

«Мені неге сүймейсің?.. Қинамашы, айтшы! Күнәм жоқ еді ғой, кешірсейші!» деген жалынышты сөзді, айтылмаған өкпе-назды да Дәмеш сол көзден тапты.

Бірақ түсінбеген пішінмен еркелеп:

—Су түбінде дейсің бе?.. Магнитканың көлеңкесін айтасың ба? — Дәмеш алғашында самарқау көз тастаса да, қарай келе, қызығып, балаша таңданды.

Әдемі кең көше. Ағылған халық. Зәулім крандар, бес қатарлы үйлерден анағұрлым басы сорайған алып домна.

Дәмешке біреу үңіліп қарап тұрған тәрізді, жалт бұрылса, Қайыр, көзін алмай, сүйсіне құмарта қадалады. Көзінде манағы жалынды сыр. Дәмеш ұялып, сөзге айналдырды.

—Бұдан жиырма жыл бұрын осы арада, осы қала болған ба? Дәмеш тілінің

ұшына оралған бірінші сөзді айта салды.

Ой шыңырауынан сергіген Қайыр шек-сілесі қатқанша күлді. Дәмеш-ай! Кейде бала сияқты. Осы Теміртауға атасымен бірге көшіп келгенде Дәмеш нешеде еді? Қайыр ұмытпаса, төртінші класта оқып жүретін қыз еді ғой. Басында қоянның құлағына ұқсайтын шошайған беретке, үстінде ақ жемпір, аяғында коньки, Самарқанд көлінен шықпайтын... «Қыз — ұмытшақ» деуші еді орыс мәтелі. Дәмештің өзі айтсын: сонда осы қала қандай еді?.. Үш-ақ көшесі бар еді. Қаланы Қайырдың естуінше отыз жетінші жылы сала бастаған. Осы арада, оншақты қараша қазақ үйі бар екен, аттарымен кірпіш тасып, үй қаласады, қала тұрғызады, кейін олар металлургия заводына жұмысқа кіреді.

—Сонда осы қаланы жиырма жылдың ішінде қолдан салып шыққан ба? — Дәмеш сенерін де — сенбесін де білмейді.

Қайыр «шын айтасың ба?» — дегендей Дәмештің бетіне үңіліп күлімсірейді.

—Әрине, қолдан адам салды! — Қайыр қаланың өмірінен көп әңгіме біледі екен, соны сөз қылам деп өзінің жүрек сырына орала алмай қалды. Бұл қала түгіл, осы көлдің өзін де адам қолмен жасаған. Ақмола даласын қақ жарған асау Нұраны екі таудың арасындағы қуысқа әкеп тұмшалаған да адам!..

Аспанды заматта бұлт қаптап, қала үстіне жинала бастады. Көл беті жыбырлап, толқын ойнап, көбік атты. Қала жақтан бір мотор қайық бұрқ-бұрқ етіп, Дәмештерге қарай тартып келеді.

—Осы моторға мініп қайтып кетсек... — Дәмеш ойын дауыстап айтты.

—Келе жатқан демалыс үйінің кісі таситын мотор қайығы. Мінсек мінейік! — деді. Қыз басын изеді. Демалыс үйіне бармастан, машинаны қайырып жіберді де бірін-бірі сүйемелдеп, қия жартастан төмен сырғыды. Дәмештің биік тақа туфлиі тобығын бұлталақтатып жүргізбеді, шешіп ап, жалаң аяқ жүріп көріп, бір қадам ілгері баса алмады.

—Арқала, Қайыр!.. Моторды шығарған сен! — Дәмеш әзілдеп еді, Қайыр іздегенім осы дегендей, шап беріп Дәмешті қолына көтеріп алды. Қия жартастан көтеріп түсе ала ма, жоқ па, ойына да кірмейді, «арқала!» деп рұқсат берген соң бір көтеріп қалмақ. Әй, жігітім-ай! Жартастан қалай түседі? Не секірмесе, не шана құсап сырғанамаса, колы бос емес, түсе ала ма?

—Ал, батыр болсаң түсші енді! — Дәмеш те қытығына тие әдейі итермелейді.

Қайыр ұтылғанын енді аңғарды. Жан-жағына көз салып, айла іздегендей. «Уһ!» деп жалған күрсініп, қызды қолынан түсірмей, бір тізерлеп барып,

тасқа отырды. Алдында жатқан қыздың ерніне төнді. Жігіттің залым ойына түсіне қойған Дәмеш екі қолымен оның жағынан тірей қойды.

—Қайыр, жібер!

Қайырға бұл сөз «мені сүй!» дегендей ме, қыздың ерніне аймалап төне берді!.. Дәмеш кеудеден итеріп қап, бұлқына тұрам дегенде, жартастан құлап кетті. Қайыр жан ұшырып, қыздың қолынан ұстай алды... Енді екеуі бірдей құлауға айналды. Қыз салбырап, бар денесімен төмен тартады; бір қолымен жартасқа жармасып, енді бір қолымен Дәмешті ұстап, тістене-тізерлеп Қайыр отыр. Қолы әлсіреп, маңдайынан бұрқырап тер шықты.

—Дәмеш, тіре тасқа аяғыңды!.. Бос қолыңмен ұстасайшы!— деп тауды жаңғырта Қайыр айғай салды.

Жігіттің дауысы қалтырап, үрейлене шыққанынан Дәмеш қауыптың шын төнгенін сезді. Жалма-жан аяғымен тырналап, бір тасты іліндірді, көзін жоғары төңкеріп, қолына ұстайтын бір шоқ тал, не бір сүйір тас іздеді. Саусағының басын жара-жара ғып, әреңге, бір қия тастан ұстады. Бұл жартастан құласа өлмес, бірақ өлімші болуына сөз жоқ... Екі бірдей азамат, біреуі заводтың директоры, енді біреуі инженері жартастан құлап, мертігіп, емханада жатыр деген атақтың өзі — өлім, масқара емес пе?

—Ал, енді қоя бер... Ептеп өзім түсем! — Қайыр Дәмештің қолын босатып жіберді.

Дәмеш іштей өзін-өзі мазақтайды: қоян жүрек! Жау қолына түссе, биік абақтыдан қалай қашар еді? Эх, Дәмеш, жартастан қорқып, үй ішіңмен де қоштаса жаздадың-ау!

—Ай, аяғым-ай! — Дәмеш дауыстап отыра кетті. Жүгіріп келген Қайыр, қан дірдектеген қыз табанын алақанымен баса қойды. Қалтасынан орамалын ап, байламақшы да болды.

—Менің туфлиім қайда? — Дәмештің туфлиі оның есіне түсті.

Біреуі Қайырдың қолында екен, енді біреуін таба алмады.

—Төмен домалап түсіп кеткен ғой! — Қайыр күліп, қыздың қасына қайта оралды. — Қалай, қалай жетесің?.. Аяғың — жаралы, туфли — жоғалды... Маған жалынбағанда кімге жалынасың?

—Ертеңге дейін отырсам да саған жалынбаспын!.. Менен ондай қылықты күтпе! — Дәмеш өкпелеген баладай аузын томпайтып, көлден көзін алмады. Екі тізесін құшақтап, отыра берді.

—Шын жалынбайсың ба?.. Мүмкін қонарсың осы арада?

—Қонсам, сен аяма!

—Менен артық жаны ашитын дос таба алмассың, Дәмеш! Байқа!

Екеуі бірінің сөзін бірі допша қағып ап, керісіп қалды.

—Жақын дос сен бе? — Дәмеш ажуалай сақ-сақ күлді. —

Жақын екенінді анада партбюрода сездіргенсін!

—Мен сонда теріс айттым ба?..

—Дұрыс айтқаның сол болса-рахмет!.. Дайын тұрған проектіні

Мүсекеңмен қосылып ап, қырық құбылтқан кім екен?

—Түсінбеймін. Осы мен түс көріп отырғам жоқ па? Мен не дедім, есінде бар ма?.. Жадыңа түспесе, қайталайын...

—Жаман сөзді адам ұмытпайды!

—Сен қызық екесің, Дәмеш!.. Тиянақтап тексермей, әлектеніп, артынан ол жарамай қалса, кім жауап береді?

—Неге жарамай қалады? Көзім жетпесе айтам ба? Қайыр таңданғаннан ысқырып берді.

—Мен оған бара алмаймын!

—Неге?

—Ақшаны кім береді?.. Финанс министрі заңсыз қаражат жұмсаған үшін орнымнан алып, соттатып жіберсін дейсің бе?..

—Отырған орныңа мәз, қарақшы болсаң, онда сөзім жоқ!

— Дәмеш, сенкөзіндіжұмда, меніңайтқанымдыорындадейсін.

Мен де инженермін... Менің де ойым бар. Неге санаспайсың?

—Санаспаймын! Менің проектім дұрыс! Оған көзің жетеді, бірақ, әдейі іске асырғың келмейді!..

—Шынын айтсам: іс шыға ма, жоқ па... сенбеймін! Сенбеймін!

Дәмеш бұдан әрі созуды қажет деп таппады. Көлдің кешкі сәулетіне қарап, үнсіз отыра берді. «Сенбейім?.. Шын сүйсе, сенер еді. Өзін құрбан да қылар еді...»

Қазақстан магниткасы жақтан гармонға қосылып айтқан ән естілді... Әні қандай құлаққа жағымды! Қас қарая бастады. Тау етегіндегі Қарағанды совнархозының демалыс үйіне кеп тоқтаған мотор қайық пысылдап отын тұтатып, қайтуға айналған тәрізді.

—Қайық кетіп қалса, осында қонамыз да, — деді Қайыр орнынан тұрып.

—Туфлиңді шеш!

—Жоқ, өзіме керек!

—Ендеше арқалап апар, түнде жалаң аяқ жүрмейім...

Қайыр Дәмештің құбылмалы ерке мінезіне сүйсінгендей, шап беріп көтеріп ап, алшаңдай басып, жартасты айналып кетті.

Дәмеш тамағын ішер-ішпес жата қалса да, түн ортасына дейін ұйықтай алмады. Қатты шаршаған екен. Біресе матаны кескен қайшыдай түнгі суды ірке кескен мотор қайығы, біресе тау басынан домалап құлап бара жатқан өзі, біресе құмарта қадалып, төніп тұрған томпақ көзді, жалпақ бет Қайыр елестеп, беймаза боп, аунақши берді.

Рас, Дәмеш өз жүрегінің соғысын өзі түсіне ме екен? Әй, түсінбес!..

Әйтпесе, бүгін Қайырмен жеке тауға шығар ма?

—«Неге-неге?» — деді іштей бір ащы дауыс. Ораз даусына ұқсайды. Бұдан біраз жыл бұрын Алматыда дәл поезд басында, Қарағандыға қайтып бара жатып: — «Неге-неге кетіп қалдың, түнде мені тастап?» — деген ащы дауысы, құлағына сіңіп қалған ба... Сол дауыс тағы келді құлағына.

Дәмештің сол тауға Қайырмен еріп баруы жөн бе еді?.. Қайыр екеуінің арасы алдақашан алыстаған, ол қайта жақындамасына көзі жетеді... Онда неге барды... Жеңілтек! Дәмеш өз мінезіне өзі сын көзімен қарайды: кейде еркек-шора боп өскен қазақ қызы сияқты тік, батыл; кейде жалғыз өскен ерке қыз секілді шолжың, құбылма; енді бір жайда — назды да нәзік қылықты қыз... Әйтеуір, өзі де түсінбейді. Ойлап қараса, Қайырды ұнататынын да, жек көретінін де білмейді. Өмірде жігіт сүйдім десе, ол жігіті Ораз болуы керек еді. Егер сүйсе? Дәмеш әлі күнге айыра алмайды: сүйді ме, сүйе ме, жоқ, балалық шақтағы әуестік-құмарлығы ма?

Бала шақта Дәмеш пен Ораз бір үйде, тату-тәтті, сыйлас өсті. Бір мектепте бір класта оқып, оқуды бірге дайындады. Ораз Дәмештің айтқанын екі қылмайтын-ды. Командирдің әмірі тәрізді қысты күні көлдің мұзын ойып түс десе, түсетін-ді. Магазиннен атасы сатып әкелетін қымбат конфеттер, Алматыдан Құрышпайдың туыстары жіберген өрік-мейіз, алма-нәктің ең қызылы да, дәмдісі Дәмештікі де. Ораз: «Дәмеш жесін!» дейтін. Дәмеш жоқта әкесіне беріп, тықтырып қоятын. Не бір бала ойнап жүріп Дәмешке тисе, Ораз ара түсіп, о баламен «мұрын бұзысып» төбелесетін.

Мұның бәрін Дәмеш білетін де Оразға одан да қатал бұйрық беріп, өзінің серігі, адъютанты есебінде тырп еткізбей ұстайтын.

Сыйлық құрметті бұрын көріп, таңдап үйренген Дәмеш Оразды да «өзімдікі» деп, үстіне киген көйлегі яки башмағы сияқты меншіктеп ие боп қалған-ды.

Бертін он бес, он алтыға келгенде, Ораз де Дәмешке сүйсіне көз тастап, реті келсе, оңаша қалғысы кеп тұратынды шығарды. Оңаша қап, қолымды ұстап, кеудесіне басса екен дейтін тілек Дәмеште де жазғы гүлдей шешек атты. Әуелгі балалық шақтағы бейқам балапан махаббат осылай басталды. Өмір зырлап өте берді, жас өспірім балалар арманын тауып, тілегін анықтап, біріне-бірі «сүйем» деген ауызға сирек түсетін сөзді де сыбырлап айтып қалған кезі де болды.

...Ертең ертесімен поезд жүреді. Ораз Қарағанды қайтады. Ораз магазингебарып шарап сатыпәкелді, Дәмеш солүйдіңбақшасынан алма терді... Сайтандай қайдан келе қалғаны, сол бір кеш осы Қайырдың жетіп

келгені. Дәмеш көптен көрмеген еді, сымбатты да, жайдары жігіт боп өскен көрінеді. Үстінде инженердің киімі, сап-сары ала, келе Дәмешті бейімдеп, іш-бауырына кіріп кетті. Жас күндерінде ұрыссып, араздаспаған сияқты, ол — ұмытылған, мейлінше тату. Жарты сағат өтпей құбылмалы ерке қыз, Қайырға еріп, паркке кетті де қалды. Оразға таққан кінәсі: «Мен меншігі емес, Қайырмен сөйлескенге ала көз демесін... Жасынан үйретіп алған жөн. Ертең қызғаншақ боп, басқан қадамыңды аңдыса... Жоқ-жоқ!.. Дәмештен Ораз кетпейді, қайта уайымдап отыра тұрсын!..» деп іштей түйін жасаған болатын. Түні бойы Қайыр екеуі паркте қыдырды. Қайырдың Дәмешке ұнаған бір мінезі: сөз тапқыш, қызық-қызық әңгіме айтады. Жалықтырмайды... Өзінің бойы ұзын, сымбатты, жанында жүрсең жұрт қарайды.

Түн ортасы ауа үйге қайтып оралса, Ораз столға басын қойып, ұйықтап отыр. Тағам жаюлы тұр, бірінен ауыз тимеген. Дәмештің іші ашып, қатты аяды. Өз мінезіне өзі ренжіді, бірақ сыр білдірмеді. Жастықта уайым-қайғы онша терең із қалдырмайды ғой, Дәмеш оған да іштей жауап тапты: «Қалып қойған өзінен көрсін. Неге оп-оңай мені біреуге беріп қоя береді. Таласып, тартып әкетпей ме? Шын сүйетін адам қолын қусырып, аспаннан алма жауды деп күтпес болар...».

Ия, сонда Ораз не деді? «Сенің талай еркелігіңді көтеріп ем, дәл мынаны саған кешірмеймін!» деп, түн ішінде чемоданын арқалап, вокзалға кете барған.

Ертеңінде Қайырды шығарып салған болып, вокзалға Дәмеш те барды. Дәл поезд жүрерде, шыдай алмай, жүгіріп барып, Ораздың қолын ұстады. Ол: «Неге-неге кеттің Қайырға еріп?» деп дауысы дірілдеп, көзіне жас іркіліп, вагонға кіріп кеткен-ді... Ай өтті! Хат жоқ. Дәмеш кінәсін мойнына алып, хат жазуды лайықсыз көрді. «Қайда кетер дейсін» деп мән де бермеді. Бір күні Ораз бен Ажардың тойына шақырған Құрышпайдың телеграммасы сақ ете түсті. Дәмеш талып қала жаздады. Абырой болғанда, үйде жеңгесі жоқ еді, көзге түспеді, төсегіне құлап түсіп, ал жыла!.. Сол жатқаннан төсек тартып үш күн жатты... Қайғырды, жылады. Оразбен бірге өткізген күндері кино көргендей көз алдынан елестеп өте берді, өте берді...

Ораздың біте қайнап, жүрегі мен жүрегі дөп соғып, ақылына ақыл қосылып, «өзім» боп кеткенін Дәмеш сонда бір-ақ білді. Оның қадірін де, сүйетінін де сонда сезді... Теміртауға барып, Оразды Ажардан тартып алмақ та болды.

Бұл күндері Қайырдың жалынды да сырлы хаттары қардай жауды. Аздап Дәмештің көңілін бөле бастады. Біртіндеп елігіп, өзі де жазды. Аздан соң: «Ну его к черту», алды-артына қарамай, үйлене қалған адамның құны да

сондай арзан! Ондай адам нан ерте құтылғанының өзі артық!» деп өзіне өзі демеу салды. Бірақ, Оразға деген махаббат оты біржола сөнбеді, жүректің арғы түбінде көмілген шаладай қалып қойды.

Дәмеш қиялында Ораз бейнесін Қайырбасты, кейдеқатарласып қалғанда, Ораз оны сырғытып тастап жүрді, әйтседе Қайыр ұзаққа шабатын жүйріктей талмастан осы күнге дейін қиялында ілесіп келеді. Қай күні көкпар алатынын, ала ала ма, Дәмештің өзі де айта алмайды.

Үш жылда хат арқылы бірін-бірі ұғысқан тәрізді... Дәмеш институтын жақсы бітіріп, министерствоның аппаратында қалды. Қайыр: «Бірге істейік, Теміртауға кел!» деп шақырып еді, бармады. Ораз бен Ажарды сүйістіріп қойып, қарап отырмас! О кезде жүректегі көмулі шала бір күні тұтанып, өрт кетіп жүрсе...

Қайыр шыдамады, самолетпен Алматыға ұшып келді. Сол күні Дәмештің бес жылдай бірге оқыған студент жолдастары «тауға шығып, пикник құрайық, енді қайтып бастарымыз қосылмас» деп уәде байласып, тауға барған-ды. Түнде пәтеріне келсе, Қайырдан телеграмма жатыр. «Ертең ұшам, тос» деп рейсін көрсетіп, бір күн бұрын хабарлапты. Жалма-жан аэропортқа телефон соқса, ол рейс алдақашан келген екен.

Түні бойы Дәмеш сергек ұйықтады. Ертеңінде жуынып, шай ішіп, енді іздейін десе, қайда түскенін білмейді. Бірлі-жарым таныстарға телефон соғып сұрастырып қарап еді, олар да білмеді... Енді қайдан іздейді? Сағат он екінің кезінде мейманханаға барып білсе, сонда қырық жетінші номерде тұрады екен. Қуанып, жүрегі алқымына тығылып, жетіп барса, Қайырдың жанында ақ сары орыс қызы, алдарында шарап, мәз-майрам. Дәмеш есікті жаба сап, мейманханадан атып шықты. Опасыз!..

Қайыр қуып жетіп, жалынып келеді. Құдай да, «честное слово» да, жүрек, тілек те аталды. Бірақ, бірі Дәмештің миына кіріп шықпады. «Аулақ-аулақ!.. Тек менен аулақ, көрмегенім сен болсын!» деп маңына дарытпады...

Қайыр күнде телефон соғады. Есік алдында Дәмештің көшеге шығуын күтеді. Хат та жазды, кісі де салды. Жалынды-жалпайды, қатесін мойындады. Дәмеш біріне жауап қайырмады, жүрегін тарс бекітіп ап, қайтып Қайырға ашпай қойды... Бір түн тоспай, қыз тауып алған жігіт өмірлік дос бола ала ма?..

Соған кейіп, танысам деген жас жігіттерге сынай қарап, не сөзінен, не мінезінен ылғал тапса маңайына жолатпайтын болды. Дараланып, жеке жүруді жақсы көрді. Жігітпен танысу, театрға бару дегенге құлқы соқпады. Өткен жылы бір танысының үйінде ақ құба, ұзын бойлы, әдемі қара мұртты қазақтың бір ақынына кездесіп, сол алты ай бойы әдемі өлеңдер жазып, көңілін көтеріп қайтадан баяғы ақ жарқын жайдары қалпына түсірді. Жаны

да аяулы жігіт екен.

Бірақ, оның бір әдеті насыбай атады екен. Сонысы Дәмешке ұнамады. Қайыр да хат үзбеді. Жауап алмаса да жазады. Біртіндеп Дәмеш ойға түсті: «Шын сүймесе, екі жыл босқа хат жаза ма?.. Ораз сияқты үйленіп жүре бермей ме?..». Жүрегі жіби бастады.

Министерство жойылып, Дәмеш басқа бір жерге ауыспақшы болып жатқанда, Дәмешті шақыра Алматыға Қайыр тағы келді.

Бұл кезде Дәмеш жүрегіне Ораздың салған бірінші жарасы шорланып бітіп, Қайыр салған жаңа жараның өзі жазыла бастағанды. Қазір Дәмеш сау-саламат. Қайта Қайырға жаны ашиды. Бес жыл үйленбей, Дәмешті тосып жүр. Ал ертең... Дәмеш тимесе қайтеді! Сүймеген жүректі Дәмеш күштей ала ма? Бір қалған көңіл жіби ме?.. Дәмеш Қайырды о баста сүймеген тәрізді. Сымбатты жас жігітке тек қызыққан ба деп ойлайды...

VI

Бүгін Серегин қалалық партия комитетінің бірінші хатшы сы Базаровпен бір сағаттай оңаша кеңесті. Оқта-текте шақырып ап, завод өмірімен танысып отыратын Базаровтың әдеті де. Телефонда: «келіп кетші!» дегенде, әнеугі бюродағы айтыс-дау құлағына тиген бе, деп қалды Серегин. Үстінен тап баспағанымен, Серегиннің шамалауы шындыққа жуық екен. Әңгіме көбіне сол айтыстың маңайында дөңгеленді.

Біреу кеп: «Партбюро хатшысы қолдан «консерватор» жасап, бедел алам деп, жанталасуда, Сағатова сияқты буыны бекіп, бұғанасы қатпаған жас инженерлерді қолына қаршыға қып ұстап, заводтың әлек-тәлегін шығарып жатыр. Базаров иегінің астында не боп жатқанын көре ме, жоқ па?» деп сөздің бір жақ ұшын тірей сөйлесе керек-ті. Базаров кім екенін айтпады, бірақ, Серегин сезеді. Аяқ алысы — бас инженерге ұқсайды. Анада партия бюросында да жең ұшынан келдегінің басын қылтыңдатып отырған-ды. Бас инженердің мінезіне Серегин түсіне алмай-ақ қойды. Бір кезде жоғары қызметте, республика көлемінде істеген азамат, білімі де бар. Тілге де жүйрік. Істі де біледі. Бірақ, ол кісінің бойында бір үлкен сырқат бар — өзінен басқа пендеге сенбейді. Әркімнен бір күдіктеніп, «кімнен қандай иіс шығып қалады» деген сияқты мұрнын шүйіреді де жүреді.

Бұл осыдан бірнеше жыл бұрын азаматтар арасына тараған кінарат еді, әлі де сауығып кетпегендердің болғаны ғой... Әйтпесе, дәл бүгін, жанындағы жолдасына, қатар жүрген совет азаматына сенбеу, арына тию, адамшылығына дақ түсіру, біздің елдің адамына жат мінез... Сағатованың проектісін іске жаратпай, «сиырға беретін ескі шөпке» теңеп, келемеж

қылған да өзі емес пе? Алдын ала неге байбалам салады?

Сағатова Ялтада жүргенде шықты ол мақала, сонда Серегинге: «Жерден жік шықты, екі құлағы тік шықты!» деген қазақ мәтелімен жауап қайырам! Ондай арзанқол «жаңашылды» талай көргеміз деген жоқ па еді Мүсілім? Жарайды, Серегин хатшы ғой, екі жағын да таразыға сап, өлшесін-ақ, олай болса, партбюрода директордың сөзіне неге қосыла салады? Шешініп жіберіп, салғыласпай ма дейтін болар Базаров. Е, әрқашанда: «Неге үйтпедің, неге бүйтпедің» деп айту жеңіл. Таудан аққан бұлақтай түрлі пікірлер сарқырап кеп, бір сайға құйғанда, айырып көр, «қайсы таза, қайсы лай...». Серегиннің өзі екі ойлы, шерменде. Өндіріс хатшысы инженер болу керек деген пікір осындайдан шықса керек. Жаңа проектіні іске асыруда сақтық, зиректік өте қажет. «Жаңашыл» болам деп, көп жылдан келе жатқан өндіріс ырғағын бұзып ап, жаңаның, кілтін таба алмай, әрі-сәріде қалса... Серегиннің батыл пікір айта алмағаны да сол.

Базаров Серегиннің сөзін онша мақұлдай қойған жоқ. Мәселені күн бұрын дайындамай, салдыр-салақ бюроға қоя ма екен? Хатшы болып Серегин неше жыл істейді? Жаңа талпынып, демеу керек қып жүрген хатшы емес, шақар да азулы. Бұл жолы неғып тайқақ соққанын. Жалтақтық партия қызметкеріне тән мінез емес! Қазір Москвада коммунизм техникасын жасауды қолға алды: ескі өндіріс техникасын ауыстырып, жаңартып, автоматиканы кеңінен қолдануды осы жетіжылдықтың мақсаты қып отыр. Бұл — техникадағы революция!.. Сағатова сияқты инженер, техниканың жаңа кілтін тауып, құрыш қорытушының қолына ұстатам десе, оған түрлі себеп тауып, «аулақ-аулақ» деп қол сілтейді. Бұл — күндеуден, жеке қарабастың егес-қиясынан туған мінез.

Базаров ұлтандап сөйлейтін кісі еді, келешекті болжап ап, дәл қоштасарда: «Коммунистік бригаданың атағына күресіп жүрген Құрышпаев бригадасы төрт аяғынан бірдей ақсап жатқан көрінеді... Не болды саған, жолдас Серегин?» деген-ді Базаров...

Міне осы сөз Серегиннің ұзақ күнге құлағынан кетпейді...

Николай Иванович қалалық партия комитетінен қайтқан соң партбюроға соқпастан, тура мартен цехіне барды. Цех комитетінде құрыш құюшы мастер Күміспек Дайыров кез болды.

—Сен неғып жүрсің, Дайыров?

—Мүшелік жарна төлеуге кеп ем.

—Сен бұл сменада... кешкі 12-де барушы ма ең?... Онда екеуміз кеңесіп алсақ дейім... Мұнда жүр! — Серегин бос тұрған цех начальнигінің кабинетіне алып кірді. Қара былғарымен тысталған кушеткеге отырды да қалталарынан қатарласа шылымдарын шығарып, біріне-бірі ұсынды.

«Рахмет» айтысып, әрқайсысы өз шылымын тартты.

—Құрышпаевтың бригадасы сенің сменаңда ғой?

—Ия. Кеше өзі келмей қалды. Сырқат деседі... Бүгін тәуір болса, өзі біледі.

— Маңдайына түскен көмірдей қара шашын Күміспек саусағымен тарады. Оның шегір көздері күлімсіреп:

«ауруы шын болса, дұрыс қой, арындаған аттай, қиястанып жүрмесе?» дегендей. Серегин тіс қаққан кісі, нобайлап айтса да түсінеді.

—Бригада түзеле ме, жоқ крест¹ қойып, құдай өзі кешер дейміз бе?

Серегиннің шылымы сөніп қап, қалтасынан сіреңке іздеп, таба алмады, оның не іздеп отырғанын сезген Күміспек сіріңкесін ұсынды. Күміспектің жуантық, түкті саусақтары күп-күрең — қола түстес, жалынға қақталып, отқа күйген тәрізді. Серегин Алматыда істеп жүргенде, бір жылы Жетісу өлкесін аралаған-ды, сонда бір қазақтың шоланында ысталған қазыны көргені бар, соның түсі осы Күміспектің саусақтарындай күп-күрең еді. Серегиннің қолына қадала қарағанын аңғарған Күміспек, әдейі мақтанғандай қола түстес саусақтарын маңдайына секіртеп отырды да, баяу, қоңыр дауысымен:

—Ол жігітпен жақсылап, оңаша сөйлесу керек! — деді.

—Анада әкесі кеп: Надырханов балама өсек тақты деп, шамданып жүр еді, тегі сондай бірдемеге бұ да қыңырланып қалған ба? — Серегин Күміспектің бет-әлпетінен жүрек түбінде жатқан

¹ Біржола сызып тастаймыз ба деген мағынада.

сырын таппақ боп, үңілсе де, бидай өңді бүйрек беті өзгермеді. Ол иығын қимылдатып: «өзім де түсінбейім!» дегендей пішін білдірді.

—Ол жігітте бір сыр бар, бірақ айтпайды! — деді Күміспек. Аздан соң... — Кешегі байқағаным: соның бригадасы құрыш құюдың технологиясын дұрыс сақтамайтын тәрізді...

—Не айтып отырсың? Пеш сырын жақсы біледі дейтін құрыш қорытушы, өзі герой... баяғыдан бері шошқа бағып жүр ме? Сен қайда қалдың, мастер емеспісің? — Серегиннің онсыз да ұзын кеңірдегі сорайып, бүгілген саусақтай жұтқыншағы томпайып шыға келді.

—Шынын айтсақ: «герой-герой» деп дандайсытып жіберген өзіңіз! —деп Күміспек күлді.

—Дандайсып, не істеді ол?.. Бос сөз! — Серегин жақтырмады.

—Надырханов құсап сен де: герой деген атақты тегін алды де?

Күміспек ыржиып тағы күлді:

—Ендеше неге араласып, неге сол құрышын бермейді?

—Соны мен сенен сұрамақпын!

—Тағы да айтам: ол героймын деп дандайсып алды!

—Ба!.. Хате!.. Бұл сөзді оған мен өзім де айтып жүрем: «дан-дайсыма!» деп... Менімше басқа бір сыр бар...

«Пеш — жанды адам сияқты, кейде арындап, құрышты дұрыс қорытпай қоятын кезеңі де болады. Оның тілін білу керек!» — деген қария құрыш қорытушы Иван Ивановичтің сөзі дәл қазір Серегиннің есіне түсті. Бұл бригаданың ақсауына не себеп болды екен? Пеш пе, жоқ, басқадай сыр бар ма? Кіммен ақылдасса... Сағатова ма?»

Дәмешті телефонға шақырып еді, шалдың өзі келді:

—Қалай шал, Надырханов сөзінің шындығы да бар сияқты.

—Серегин мысқылдап Құрышпайдың жанды жеріне тиді. Телефонда көрінбесе де ыршып-ыршып түскені беп-белгілі.

—Не дейсін? «Надырхановтың күші тасып бара жатса, өзінің Кавказына барсын?..» Ия, «тілі ешкінің құйрығындай шолтаңшолтаң етеді де жүреді...» Сонсоң: «Серегин, сен өзің айтақтап қоясың ба?» Сұрақ па, жоқ леп белгісі ме?.. Тегі әлі көзің жетпей жүр ме? — Серегин Күміспекке қарап: «көрдің бе, шалдың қимылын!» дегендей көзімен ым қағады. — Шал не десең о де, бірақ, Тұхфатуллин коммунист бригаданың атағына ие болады! Оған ешбір дау жоқ! Не дейсін? «Соған беріп қара!..» «ЦК-ға дейін арыз жазам!» Жаз-жаз!.. Қарсылық жоқ! Қалам-сия әкеп берейін. Қырық тиынға марканы тағы ала барайын, шалым! — Серегин тағы да телефонда мысқылдап күлді. — Ия... Жарайды... Татуласайық дейім. Балаларыңның біреуін телефонға шақыршы! Ораз тәуір болды ма?.. Онда екеуі де қазір заводқа маған келсін де!..

VII

Июнь. Арқаның жылы да хош иісті көңілді айының бірі. Күн еңкейе, бұйра-бұйра дөң-қыраты көкалдыр тартып, көкжиектен сағым көтеріліп, толқып жатқан теңіздей қиялмен ойнайды. Сол бір кеште Арқа даласы Мұхит дариясымен ұштас тәрізді. Толқыған мөлдір сағымға адамның көзі тоймайды. Жүре бергің келеді, жүре бергің келеді. Құлпырған дала гүлдерінің жұпар иісі мұрын жарып кеудені ашады, көңіл көтеріп, бой сергітеді.

Сол сағатта сананды да билейтін бір-ақ тілек: түн түспей маужыраған сол бір кеш батпай, ұзара берсе дейсің... Сол әдемі сезім бойды билеп күш бітіріп, өмірді қызықтыра түседі. Тіршіліктің қадыры артады. Дәмеш осындай бір июньнің сәнді кешін, өткен жылы Алматыдан командировкаға Баянауылдың Бозшакөліне барғанда басынан кешкені бар. Сол Бозшакөлдің бұйрат қырқасы, көк майса жазығы, жарқыраған айдын көлі

— табиғат қадірін танытқан. Еріксіз ән салдырған!.. Міне, бүгін де сондай бір әдемі кеш басталғандай. Ертең Дәмеш дем ала ды. Қайда барса екен?.. Осындай ғажап кеште, үйде отырудың өзі күнә! Көлден соққан самалға Дәмеш балконда отырып бетін төсейді... Тізесіндегі кітабы былай қалды, әлі беті де ашылған жоқ.

Үйде телефон мазасыз сылдырайды. Маужыраған әсем кештен ләззәт алған Дәмеш телефон соққан кісіге іштей наразы: телефон құлағын керенау көтеріп, салқын дауыспен сұрады.

—Кім керек еді?

Қайыр Дәмеш дауысын танымай қалды ма, әуелі бұл кім, бұл кім? — деді де, артынан аңғарған болу керек:

—Дәмеш?.. Дем алып жатыр ма ең? Мазанды алсам, ғапу ет!

—деді.

—Немене? Тағы да тауға шақырайын деп пе ең? — Дәмеш ана бір жолғы тау саяхатын ұмытпайды. Артынан аяғы ісіп кетіп, бір жұма ақсап жүрді.

— Құрысын ондай саяхатың! — Соның есесін қайтармақ боп, жанына тигізе әзілдеді. Ол Дәмеш әзілін түсінсе де қу екен, түсінбеген болды: «Тап үстінен түстің, Дәмеш!.. Жалғыз-ақ, тау емес, театрға шақырам!

Қарағандыға Алматыдан Серкебаев кепті. Бүгін соның концерті. Барамыз ба?.. Ертең дем алысың емес пе?

—Оны қайдан біле қойдың?

—Кімнің қай сменада істейтінін білмесем, директор боп не керек!

—Істейтін іс шамалы да! Әйтпесе, директордың білуі шарт емес!

—Жә, жетеді, Дәмеш!.. Айтысып уақыт өткізбейік, барса Ораз бен Ажарды да шақыр!

—Қазір сағат алты. Біз екі сағатта барып, үлгере аламыз ба?..

Билет болмаса қайтеміз?

—Директорлар бастас емес пе!.. Театрға заказды беріп те қойдық.

Дәмеш телефон құлағын тастап үлгермеді, өз бөлмесінен Ораз шықты, түсі суық.

—Барам дедің бе? — деді ол жақтырмаған пішінде. Дәмеш бетіне таңдана қарады:

—Сен қайдан білесің?

—Жаңа ғана сөйлескен жоқсың ба?

—Бармайсың ба?.. Ажарға да айт... — Ораз мұңайған жүзбен иығын қиқандатты да, өз бөлмесіне қайта кіріп кетті.

Странно! Дәмеш осы Оразды түсінбеуге айналды. Үлкен шар айнаның алдына кеп, шашын қайта өрді. Өкшесіне түсетін ұзын бұрымын орап-орап қошқар мүйіздеп желкесіне түйді. Осы бір шаш ыңғай Дәмештің қолын

бөгейді, әсіресе, таңертеңгі сменаға барарда, есі шығып бітеді. Өзін кесіп қысқартса?.. Жаңа модаға бір ілесе алмай-ақ қойды... Өткен жылы құрбысының шашы, Құрышпай атасының суреттеуі бойынша: «Ортасынан бір буған күзеген тайдың құйрығы» еді. Биыл: «Сенсең қозының елтірісі: қырқып бұйралап қойған!..». Құрекең табады! Көйлек те жыл сайын өзгереді: бірде бөксе жағы кең, шұбалаңқы келсе, енді бірде денемен дене ғып тігеді, сулы көйлектей, жабысып, мүсінін жасырмай сол анадан жаралған күйіндегідей көрсетеді. Әдемі киіну — Дәмештің жасынан бойына сіңген әдеті. Киім адамның бойына қонып, жарасса, жұртты таңдандырып қызықтырса, сонда ғана ол — ұнамды. Егер жұрт көзіне ерсі көрінсе, кісінің шамына тисе, ол киім сұлу түгіл...

Дәмеш шет өлкеде жүріп, қарайып қалған инженер емес. Мода, музыка, әдебиеттен де хабары бар. Саясат пен экономика, ғылым мен техника, дүние жүзінің жаңалықтарымен де таныс. Этажеркасының үсті толы газет-журнал. Жаңа романдар. Күнделікті газетті сыдыртып оқып шықпаса, әлденені ұмытқандай, не жоғалтып алғандай беймаза болады. Әсіресе Дәмеш музыканы жақсы түсінеді; ән салады. Жақында ашылған мәдениет университетінің музыка факультетіне жазылып, андасанда барып лекция тыңдайды... Не кісе екен бүгін?..

Ажар мен Ораз да дүрлігіп қонақ үйге шықты. Шаңқылдаған Ажардың ащы дауысы естілді. Есік сықап жабылмай, арасынан саңылау қалған екен, сөздері тегіс естіліп тұрды.

— Аулақ, бармаймын! — деді Ажар.

— Қой, Ажар!.. Ұят болар! — деді Ораз жалынған дауыспен. Ажардың қолтығынан алып, өз бөлмесіне қарай сүйреледі ме, алыс-жұлыс, іле Ажар «қоя бер!» деп шаңқ ете түсті.

Ораз қинала-күнкілдеп, тез-тез сөйлеп жатты. Не болған Ажарға? Құстай ұшып, әндетіп үйден үйге секіріп жүретін Ажар ашулы да қатал. Әлде... Ораз екеуі бірдемеге келіспей жүр ме? Ойын қонақтатып үлгермеді, тағы да Ажар дауысы шықты...

— Ұқпайым... Құлағыма кірмейді!.. Анау қарындасың ба еді, әлдекімің еді... бар, сонымен! Менен аулақ! — Дәмештің жүрегі су ете түсті. Жоқ, елес шығар, қос көрініп тұрған болар... Ондай жаман ойды Ажардың ойлауы мүмкін емес...

Ораз дірілдеген қатал оймен:

— Не деп тұрсың өзің? — деді.

— Жоқ, ол барса, мен бармаймын, айтқаным айтқан! — деді де Ажар есікті тарс жауып өз бөлмесіне кірді де кетті. Дәмеш ернін қаттырақ тістеді: ә, солай ма, Ажаржан? Оразды менен қызғануға айналдың ба?

Дәмеш не істеп, не қойғанына есеп бермеді. Ажар қылығына шыдамы жетпеді, есікті шалқайта ашты:

—Бармаса жалынба, Ораз!.. Өзіміз барамыз, киін!

Қаншама тез киінем десе де қолы дірілдеп, қара жібек көйлегі тарылып кеткен бе, кие алмай әуреленді, киген соң ол кеудесін қысып, тынысын тарылтты. Бір күндері тілім нанды бөліп жеген құрбы сіңлісі Ажар, енді жат көріп, жонын сырт береді. Опасыз! Кеше Дәмеш жоқта, Оразды қапқанына түсіріп, тартып та алды.

«Сен сүйттің-ау!» деп Дәмеш жұмған аузын ашты ма? Өкпеледі ме?.. Ең болмаса, Дәмештің қытығына тимей, сыр бермесейші?.. Ақылсыз!

Содан бері бес жыл өтті, Ораздың төрт жасар баласы да бар, сүйген күнде де Дәмеш Оразды семьясынан бөліп әкетуге ары бара ма? Ерегескен де?.. Бір кезде Дәмештің сүйгені анық. Ал, қазір... ия, қазір ше? Аанада бір оңашада, әлі де болса Ораздың жүрегінің соғысың түсінгені қайда? Енді неге жасырады? Намыстанып, Ажарға бола: «Сенің... Оразың кімге дәрі?» деп айта салған қызба сөз бе?..

Қайыр есік қағып рұқсат сұрады. Дәмеш те жаңа ғана киініп болып, сағатын тағып жатқан, қарсы жүріп, сынай қарады: Қайырдың үстінде жұқа қара бостоннан тіккен костюм, жағасын крахмалдап қатырған ақ көйлек, аяғында әшекейлі көк шегірен туфли. Киімі жарасымды, бойына құйып қойғандай. Маңдайы кере қарыс келісті-ақ жігіт, Дәмешке несі ұнамайтынын? «Беті жалпақ, көзі томпақ!» деді іштей ерегіскен бір дауыс. Дәмеш езу тартып сәл жымиды: еркек көркі бет емес, ақылда!.. Әне, өзің ықылас салып қарашы: шашын тілмен жалап жатқызғандай жыпжылмағай, жып-жылтыр, бір тал шашы үрпиіп, көзге түспейді. Соның бәрі кім үшін?

Бұлар концерттің екінші бөлімі басталып жатқанда келіп жетті. Есік аузындағы әйел партерге жібермей, жоғарғы балконға құды. Бәрінің алдында Дәмеш, оған ілесе Ораз бен Ажар, ең артында Қайыр ентіге басып, жоғары көтерілді де сол іретпен бос рядқа отыра қалысты.

Басты әнінің бірі — «Фигаросын» Серкебаев безілдетіп, театрды күңіrentіп тұр. Кең де ашық дауысы сахнаға сыймай, үйге ұшып кірген құстай залдың қабырғаларына соқтығып терезені жарып, көше-көшеге тарап жатты. Жайдары, қуақы сырлы үн тыңдаушылардың қиялына қанат жамап, өзімен бірге еліктіріп, биікке алып ұшты. Күндізгі реніш, тұрмыстағы жоқтық, түгелдей ұмытылып тек асқақтаған шаттық, лепірген жүрек осы бір залда өмір сүрді. Серкебаев аздан соң, көз байлаушыдай залды еркін билеп, соңынан ертіп алды...

Ораз радиодан естігені болмаса, Дәмеш сияқты бұрын Серкебаевты көрген жоқ-ты. Әншінің өзінен гөрі дауысының бояуы көбірек ұнады. Шын сүйсіне бар ынтасын сала тыңдап отырған Ораздың қолын біреу ұстап ап, қысып, жібермеді. Әншінің әніне елтіп, біреу «Естимісің Ораз... Қарашы, қандай актер!» деген ойын қимылымен айтып отырған Дәмеш екенін сезінді. Ораздың әрбір қимылын көз қиығымен аңдып отырған Ажар, байқап қап Ораздың санын шымшып алды. Ораз селк етіп оқыс бұрылам деп, Дәмешті иығымен соқты. «Не болған сендерге?» дегендей Дәмеш те екеуінің бетіне таңдана қарады. Бір қызарып, бір сұрланып, долданған Ажардың сыйқы, айтпай-ақ өзі түсіндірді.

Дәмеш те заматта өзгерді. Ажарға өшіккендей. Оразға айрықша көңіл бөліп, әншінің дауысын түр-сипатын сөз қып, біресе құлағына сыбырлап күліп, лезде Оразды өзіне бейімдеп алды. «Тише!» деп жұрттың ескерткеніне де қараған Дәмеш жоқ.

—Ораз, сен мына шыққан жас әнші қызды білесің бе? — деді сыбырлап Серкебаевтың артынан іле сахнаға секіре билей шыққан нәзік, тапал бишіні иегімен нұсқап.

—Жоқ, о кім еді?

Дәмеш Ораздың құлағына сыбырлады.

—Кім-кім дейсің? — Ести алмаған Ораз қызыға дауыстай сұрады.

—Аржағыңда прокурорың отыр, «тоқмаш» жейсің... Кейін!

—Дәмеш тұншыға күлді. Бұл сөзді Ажар да, Қайыр да естіді. Ажар ашулана сұрланып, Қайыр ұяла-қызарып, екеуі біріне-бірі қарады. Қайыр қарындасына зекіп бір қарады да, қырындап отырып алды. Ажар атып тұрып, алақанымен бетін басып, шыға жөнелді. Жолында отырған Қайыр:

—Но-но! Не болды саған? — деді сасып. Үн-түн жоқ Ажар сытылып шығып, сатыдан жүгіре төмен түсті.

Ажардың оқыс мінезіне ұялған Ораз, жаутаңдап жан-жағына қарады да соңынан кетпекші боп тұра беріп еді, Дәмеш етегінен басып жібермеді. Оны сезген Қайыр көзімен Оразды бір түйреп, қарындасының соңынан өзі кетті...

—Дура! — деді Қайыр орысшылап, фозде бағана түбінде солқылдап жылап тұрған қарындасына жақын барып. — Келемеждеп отыр, сезбейсің бе? — Буфетке барды да күп-күрең қою сыраны стаканға толтыра құйды...

ЕКІНШІ БӨЛІМ

I

Әлі жатыр, әлі жатыр... Күн найза бойы көтерілді, бір оқ шығарған жоқ. Айнала құлаққа ұрған танадай, тым-тырыс. Қарағайдың майы күннің көзіне еріп, иісі мұрын жарып, қолқаны ашады. Аралдың тоғайы суылдап, Ораздың бетіне салбырай төнген бұтақтың түйе табан жапырағы желмен теңселеді. Бұл сыбдырға арал қабағын шарпи соғып, кейін қарай қайта лықсыған Самарқанд көлінің толқын шуы тағы қосылады.

Ораз бүгін құс атам деп, ертесімен аралға есіп өтті де, ну тоғайға қызығып кетіп аунап, жатып алды.

«К черту все на свете!»¹ — орысшылап, қосауыз мылтығын лақтырып тастады. Мазасыз бір ойлар тиышын алғалы міне бір айдан асты. Түнде түсінен, күндіз есінен шықпайды. Міне, қазір, шалқасынан түсіп көкке қарап жатыр: екі көзі бала күнгі қардан соққан ақ қала сияқты көк-ала бұлтта. Жылжымайды, манадан сол бір орында. Әне біреуі — құлағы қалқиған қоянға ұқсайды-ау?..

Ораз жерден қияқты жұлып ап, аузына салып, қышқылдау дәмін тамсанып-тамсанып түкіріп тастайды да, жаңадан біреуін аузына тағы апарады. Кейбіреулер бүгінгі жастар қайғырмайды, уайым-хасіретке жүрек түбінен орын бермейді деп ойлайды. Әділіне келсе — жүрегі соқпайтын, қаны тасымайтын суық адам бола ма? Өмір тақтайдай қара жол емес, өмірдің бұлтарысы, шым-шытырық, айналасы да көп... Таяз ойлаған адамға: бала өседі, мектепке барады, бітіреді, үйленеді, балалы-шағалы болады. Қызметі де өседі...

¹ Кұрысын бұл дүниенің бәрі де.

Сонсоң бір күні өледі. Бұлай оп-оңай өмір сүрсе, өмірдің онша қызығы да болмас еді... Осы оқу, үйлену, жұмыс істеудің айналасында қаншама тартыс барын Ораз енді түсінгендей, қуаныш бар жерде қайғы да бар: адам сезімінің бірі астары болса, енді бірі тысы емес пе?

Ораз өзінің философиясына өзі іштей мысқылдай күлді: «Жаяу философ!». Онан да жүрек толғаған мұң-уайымды мүшелеп алмай ма осындай оңашада? Сонда ғана жүрек ортайып, адам тыныс табады. Сол бір... жанжал неден басталды?

Театрдан келе Ажар жанжал көтерді: «Ал! Қайда кетсең, онда кет!» — деді де теріс қарап жатып ап, түні бойы жылады. Көзінің жасы көлдей неткен долы? Баяғы ескі қазақтар болса, қамшының астына алып, сойып-сойып

үйден қуып шығар еді.. Ораз езу тартып күлді. Чепуха!.. Онымен адам тәрбиелеуге бола ма? Феодализм! Сондай қазақтар әлі бар ма екен? Жұмысқа барса, онда тағы жанжал. Ажардың осы бір мінезі Ораздың жұмысына да әсерін тигізді. Осыдан екі жыл бұрынғы жігер-қайрат жоқ, енжар, бәрі де қолдан түседі де тұрады. Оның үстіне завод толған пыш-пыш сөз: «Ораз герой атын таныстықпен алды», «Ораз коммунистік еңбек бригадасының атын енді ала алмайды», «Тұхфатуллин озып шықты»... деп жанына тағы тиеді... Әсіресе, жанына бататын, ар-намысына тиетін сөз: «герой атын оңай алды» дегені. Ондай атақты оңай ала алмассың, Ораздың еңбегі бар шығар... Жұрт сөзіне Ораз онша өкпелей қоймайды, кімнің аузына қақпақ бола алады. Кейде өзінің жүрек түбіне үңілгенде, арына сыймайтын бір мінезді тауып, соған өкінеді. Айталық, герой деген атақты: мартен пешінің ремонтна қатынасып, ертерек бітіріп одан ұтқан уақытта тонналап жоспардан тыс құрыш құйды... Құрыш сапасын да арттырып, бракті азайтты... Техниканы күтіп пайдаланды... Сол үшін герой атағын берді... Жарайды, бере-ақ қойсын. Сол табыстарын бойына сіңіріп, бригадасының игілікті ісін баянды ете алды ма? Жоқ! Геройлық ат алғасын, құрыш өзінен-өзі құйылатындай табысқа мастанып, салдыр-салақ жүріп алды. Герой деген атқа нұқсан келтіретін де, Ораздың өкініші де, намыстанып, күйінетіні де осыдан! Неге? Ораз қолынан келгенін аяп жүр ме? Бұл Ораздың айтатын сөзі емес, күндестердің сөзі!.. Бұл іштегі қарсы дау. Ораз қазір сол «рекордты» бойына неге сіңіре алмады, соның себебін іздеп, аласұруда: бір күн «рекорд» беріп, екінші күн оған күш жетпей әуре болу — коммунистік еңбектің принципі емес. Тұхфатуллин жанын аямай, терлеп-тепшіп, Ораздан зорға озды, бірақ, ұзақ бара алмайды, аздан соң қарқыны басылып, бұрынғы қалпына қайта оралады. Ораздың арманы: «Құрышты көп құятын әдіс тауып, сол әдісті бойға сіңіріп, байыпты бір ырғақпен істей берсе...»

Ол үшін бригадаға жеке жағдай туғызудың керегі де жоқ.

Жұртпен бірдей жағдайда озып шықса... Герой атыда, коммунистік еңбек бригадасының атағы да сонда сыйымды да, адал!

Күміспек сияқты доссымақ мастер: «Ораз құрыш қорытудың технологиясын дұрыс қолданбай жүр!» дегенді айтады. Ма стер болмаса да, Ораз одан кем білмейді; Ораз қазір сол тасқа басылған құрыш қорытудың нұсқауымен құйып, байқап жүр. Сол нұсқаудың кемістігі неде?.. Соны білсе, оған өзгеріс енгізу қиынға түспейді. Бұл жайында Ораздың өзінің ойлары бар... Бұл ойын Ораз әлі тірі жанға айтқан емес, шу көтеріп «ойбай!» құрыш қорытудың орнына, ермек қып жүр!» деулері де ықтимал!.. Міне, осы екі жанжал түйісіп кеп Ораздың есін шығарды: не

қыларын білмейді. Оразға бәрінен де Дәмеш күйігі жанына батады. Ажар байыбына жетпей, Дәмешті өкпелетіп, көңілін қалдырды.

Шіркін, Дәмеш адамның ардағы: сөйлессең — сөзінен, күлсе — күлкісінен, жүрсе — жүрісінен ләззат алып, жаның рахат табады.

Осы бір мезетте, Дәмеш қасына келіп көңілін білдіріп, бір ауыз сөз айтса, Ораз алды-артына қарамай Ажарды тастап, Дәмеш соңынан еріп жүре берер еді, әттең, сол бір сөз... сөз емес-ау, емеурін білдірсе... Әрине, Ораз Дәмеш қайырлады деп үміттенбейді де, ол үшін өткен бес жыл қайта айналып келуі керек. Енді ол — Ораз тұғырына қайта қонатын құс емес... Бұған кім кінәлі?.. Қайыр ма? Дәмеш пе? Ораздың өзі ме?

Бір топ сұңгуір үйрек дәл қасынан дыр етіп, көтеріле ұшты. Аңшының дағдысы — атып тұрып көздейін десе, қолында мылтығы жоқ, қол созым жерде ағашқа сүйеулі тұр...

Ораз жиекке қарай аяңдап келеді.

Ләқаула — түк атпай, үйіне құр қол қайтса, тағы күлкі боладыау. Ең болмаса, адасып жүрген соқыр үйрек те кездеспейді... Жаңағы бір сұңгуір үйректер қайда қонды екен? Әккі соққандар маңына дарыта ма?

Ораз ұрлана басып, ағаш-ағаштың арасымен, бұтақтардың астымен бірде еңкейіп, бірде еңбектеп, жиекке шықты. Бір топ үйрек екі жүз қадамдай жерде жіпке тізгендей қаз-қатар жүзіп барады. Алдындағы ақ тамақ, көкжасыл үйрек қайқаңдап, судың ортасына қарай бастады. Ораздың жүрегі лүпілдеп, денесі дірілдеп мылтығын қаттырақ қыса ұстап, жіті көздеді, қарауылға ілінер-ілінбес басып қалды. Су да шашырап, дүрр етіп топ үйрек шарықтап шыға келді, көл бетінде тыпырлап біреуі қала берді де, енді бірі топтан жекеленіп, самарқау ұшып бара жатып, жалп етіп, о да құлап түсті.

Ораз екі-ақ аттап қайық жанына жетті де, мініп ап, ескекті қарулана есіп, толқынмен ағып бара жатқан бірінші үйректі қуды... Шым ойған күректей ескек те толқынды кертіп, қайықты ытқытып жібереді.

Ораз өмірде де осындай мерген болсайшы!.. Кейбіреудің қадамы туғаннан сәтті. Оңай, қиналмай тіршіліктен өзіне лайық орнын алып, мұратына жетеді... Тегі о да өмірдің мергені: тіршіліктен алатын өзінің орнын тез тауып, күшін дұрыс бағалай білу о да мергендік. Өмір мергені солар, олар бақытты адамдар. Ораз құстың ғана мергені. Өмірдің мергені болса — институт бітіріп, Қайыр құсап инженер, не мүмкін директор да болар ма еді, кім біледі... Дәмештен де айрылмас па еді?.. Жоқ, бұл арман! Адамда арман көп болады, соның бірі. Ораз бақытты емес пе? Атақты құрыш қорытушы, герой, бұдан артық бақыт бар ма?

Аулада, қарағаш түбінде немересін ойнатып отырған Құрышпайдың көзі екі үйректі иығына артып, маң-маң басып келе жатқан баласында: сағат үш, сменаға баратын мезгіл де жақын.

Асығатын емес, жүрісі жайбарақат, құданың әмірі-ау, не болған осы балаға? Арындаған аттай, бұзылып жүр... Келінімен күнде жанжалдасады. Ол бейшараға не қыл дейтінін, күнде жылайды? Бірі айтпайды, жасырады. Үйін үй ғып ұстайды, әкесі мен баласын күтеді, несі жақпай жүргенін, бұл соққанға? Халық қадірлеп, «герой» деген ат берді. Сол атты енді қор ғып жүр.

Ең арғысы, кешегі төбелес қой Ығламбек екеш Ығламбекке де күлкі болғасын не сәрі...

Құрышпай ұлынан көзін алмайды, жақындаған сайын жүзіне қадалып реңінен жүрек күйін тапқысы келеді. Бала атасына бір күйік, ауырса, ренжісе алдымен ата-анаға батады. Жұғымсыз мінезіне қынжылып, сәтсіз қадамына налысады. Кесер кеңірдекке келгенде шұрқырап ара түседі. Сол қадірді бала біле ме?

Намыстанған күні Құрышпай туған еліне, алтын бесік — Жетісуына үлкен ұлының қасына көшіп кетпек те болады, бірақ, осыны аяйды: қатын алып, балалы болса да кешегі жалаң аяқ, жалаң бас жүгіріп жүрген Ораз. Үлкен ұлы жыл сайын хат жазып шақырады: «...Суық жақта саған не бар? Туған еліңе қайт, жаман айтпай жақсы жоқ, өмірден көрің жуық! Сүйегіңді Ұзынағашта қалдыр!» деп қатты сөз де айтады. Құрышпай мызғымайды. Арқа да, Жетісу да — бәрібір Қазақстанның жері. Пәлен жыл отына күйіп, жалынына қақталып, құрыш иісі сіңген завод Ұзынағаштан да жақын, әкесінің үйі сияқты.

Ең құрымағанда екі күнде заводқа бір барып, құрыштың қызған — ыс иісін иіскеп, кім не істеп жүр, цехта не боп жатыр, біліп тұрмаса ішкені ас емес. —Әне, папаң, жүгір! — Құрышпай немересін итермелеп Оразды көрсетті. Болат санын шапалақтап жүгіріп ала жөнелді. Әдеттегідей жерден көтеріп ап, бетінен сүйген Ораз жоқ, өңі суық; қатал үнмен: «Мә, саған!» деп бір үйректі ұстата берді де, үйге кіріп кетті.

Ыңғай осы, ашылып сөйлесуден қалды; тіпті Болатты да иіскемейді; бұрын да тұйық бала еді, қабағын бір ашпайды, қысты күнгі аспандай түнереді де тұрады. Не болған бұған?..

Құрышпай үйге кірмек боп енді ыңғайлана бергенде, почта таситын қыз телеграмма әкеп берді. Екі бүктеліп, желімделген телеграмманы ашып оқыса: «Жіберген ақшаны алдым. Жақында шығам. Асқар» депті. Сүйінші,

Дәмеш! Өлген адам тірілді деген осы! Шіркін, асыл жігіт екен, көрмеген бейнеті, шекпеген азабы жоқ.

Бір тұқымнан қалған осы екеуі-ақ. Асқардың әкесі Жүніс — ақылды қазақ еді. Колхоз құрған жылы Ибрагимбектің басмаштары өштесіп, бір түнде басын кесіп әкетті. Жүністің үлкен қызы Гүлжан қырқыншы жылы жіңішке аурудан қайтыс болған-ды. Жездесі — Бәкен, соғысқа кетіп, герой атағын алып, майданда қаза тапты. Бұлардың Құрышпайдан басқа жақыны жоқ. Әкең өлсе де, әкеңді көрген өлмесін деген осы.

Құрышпайдың да өмірдегі жолы — тақтайдай қара жол сияқты сайрап жатпады — бұлтарысы да, жалтарысы да көп болды... Неге отыр Құрышпай қуантпай ма Дәмешті?

Құрышпай бөлмесіне кірді де киіз қалпағын іліп, Дәмеш бөлмесінің есігінен сығалады. Дәмеш жеңін сыбанған, қағазын будыратып стол үстіне жайып салған, терең ойда отыр екен. Өңі қуқыл тартқан, жағы суалған.

Құрышпай кірер-кірмесін білмей есік алдында тұрып қалды. Мезгілсіз, бөгет жасағанына өкінді. Шалдың есіктен сығалап тұрғанын Дәмеш қарсы алдындағы шар айнадан көрді білем, бұрылып, Құрышпайды шақырды.

—Ата, кіріңіз! Міне қараңыз: мынау — мартен пеші! Түсінікті ме? Вот... өзіңіз білесіз, құрыштың тез қорытылуы жалынға байланысты емес пе? Егер жалын күшті болса, пеш те тез қызады. Солай ғой? Бұл сіз түгіл әрбір ас пісіретін әйелге мәлім... Біздің завод мартен пешін мазут майымен жағып, құрышты сонымен балқытады. Мазутты жандыру үшін, оны ауамен үрлейді. Шаңтозаңдай ұсақтайды. Неғұрлым ұсақ шашыратса, солғұрлым қызу күшті жанады. Ал, мен айтам: мазутты ауа аралас бумен үрлейік дейім. Себеп: бу араласқан мазут жақсы жанады да, жалыны өте күшті болады. Жәнеде ауа аралас бумен үрлеп жандырған мазуттан сұйық қоқыс орнына күл түседі, темір оттықты тазалауға жеңіл...

Осының бәрін есептеп көрсем: құрыш бес-алты сағатта балқып, қорытылатын көрінеді. Енді өзіңіз айтыңыз: бумен үрлеудің пайдасы бар ма, жоқ па?.. Қайыр бу тарту үшін жер қазып, тұрба орнату керек, оған көп қаражат кетеді деп еді, оны да есептедім... Оған шыққан ақшаны мартен пешін бу аралас ауамен қыздырсақ бір-екі айда ақтайды! — Дәмеш орнынан тұрып тоңған кісідей екі қолын кеудесіне айқастырып, «не дейсіз?» дегендей Құрышпайға жымия қарады.

—Қайдам... Бұл айтқаныңнан менің миыма өте қонғаны: бесалты сағатта құрыш балқып, қорытылып шығады деуің... Сонсоң сұйық қоқыс... Құрыш қорытушылардың көп уақыты оттықты тазалауға кетеді... Қайыр да қарсы дейсің бе?

—Ашық қарсы емес, бірақ, бу аралас ауа пешті тез қыздырады дегенге

сенбейді ол. Ал, Мүсекең о бастан қарсы!

Құрышпай қалтасынан темекісін алып, трубкасына нығыздап баса салды. Пысылдатып, ұзақ тұтатып, қайта-қайта сорады.

—Менің сынауымша: Қайыр сол Мүсекең ағасынан аса алмайды.

Дәмеш мақұлдап басын изеді.

—Ол — сөзсіз. Қазір Платон Сидоровичке тапсырған көрінеді. Ол үстінен түйе жүрсе де қозғалмайтын жуас адам, Мүсекеңнің айтқанын істейді.

—Өзіңе-өзің сенсең, күрес. Обкомға бар! Дәмеш күлді.

—Обкомсыз-ақ, қалалық партия комитеті де жетер. Әуелі өздері жауабын берсін! Сонсоң көрерміз... Тоса тұрайық!

Құрышпай шыр-шыр еткізіп трубкасын сорғылап отырды да, басын кенет көтеріп алды.

—Айтқандай... сүйінші!

Дәмеш ұзын кірпігін құс қанатындай серпи қағып таңдана қарады.

—Сүйінші?.. Алыңыз!

Құрышпай телеграмманы берді. Дәмеш көзімен жүгіртіп өтті де қуанғаннан атасының мойнына асылды.

—Ағам келе жатыр!.. Ағажаным! — деп балаша дауыстап, үйдің ішінде дөңгелене биледі.

—Кәне, кімнің сөзі оңға шықты?.. Аанада не дедім. «Бармай-ақ қой, ақша жіберейік» дедім бе?

—Жақсылап қарсы алуымыз керек, ата!

Сол түні Дәмеш түнгі сменаның қалай өткенін де білмей қалды. Жүрсе де, отырса да ағасы есінен шықпады. Асқардың бет-пішіні есінде сақталмапты, күңгірт. Со кісінің түрі Дәмештің әкесіне ұқсайтын сияқты еді-ау. Жиырма тоғызыншы жылы өлкелік партия конференциясында түскен Жетісу делегаттарының суретін Құрышпай сақтап қалған екен. Сол суретте Дәмештің әкесі мен шешесі қақ ортасында отыр. Сол суреттегі әкесімен жадында сақталған Асқардың бет пішінін салыстырса, біріне-бірі ұқсайды: екеуі де ат жақты, қырат мұрын, қою қара қастарының арасы қосылып, тұтаса өскен. Тұқым қуалаған бір белгі, Дәмештің өзінің қасы да қою, екі арасы қосылмағанмен, тым жиі. Жас кезінде Асқар: «жалғыз бауырым, бауырым, жас бауырым! Өзімізге тартқан бауырым!» — деп мойнына міңгізіп, сүйіп, жаны қалмайтын-ды. Сол Асқар ағасы бір күні жер жұтқандай жоқ болды да кетті.

Дәмеш көпке дейін түсінде іздеп, шошып оянып, жылап та жүрді. О кезде

Дәмеш бала, кімнің кім екенін де білмейді. Бір күні көлден коньки теуіп, қайтып келе жатыр еді, осы Мүсілім ағай үйленген Айша Байжанова кез келді. Асқар ағасымен екеуі бір емханада дәрігер болып істейтін-ді.

—Дәмеш, сен жақсы қызсың ғой, жылама, мен саған бір суық хабар айтайын: жаңа ағанды тұтқындап ұстап әкетті!.. «Жыламасын!.. Берік болсын!» деп саған сәлем айтты! — дегені бар ма Айша апайдың.

Дәмеш еңіреген бойы жүгіріп ала жөнелді... О жылдары қыс суық болатынды, ертеңінде үстіне қара дохасын, басына төбесі шошақ қызыл бархытпен тысталған шапкесін киіп, түрмеге барды. Қолында — тамақ салған сумкасы бар, сол мекеменің алдында, аязда бір сағат тұрды. Аздан соң қол-аяғы мұздап, мұрнының ұшы қызарып, беті домбыға бастады. Біреуі кіріп, біреуі шығып жүр, баланың «пердачасын» ала кетіп, неге қайырып жібермейді екен? Ақыры қоңқаш мұрын күржиген қызыл көз қазақ шықты да, сумканың ішін астан-кестен ғып ақтарып, шылымды ғана алып қап, тамағын қайырып берді: «Бар, кет!» — деп бір-ақ ауыз сөз айтты.

Сол бір түсі суық, қызыл көз қазақтың түрін Дәмеш есінде мәңгі сақтап қалса керек, осы жақында, Теміртаудың көшесінде бір көріп қалды: ол кездегі кескін жоқ. Үсті-басы жүдеу, өңі қашқан, адам бетіне тура қарай алмайды, ұрылар құсап, жанжағына алақ-алақ етіп, сүмелеңдеп кетіп барады. Артынан Дәмеш сұрастырып білсе, еш жерде қызмет істемей, пенсияға шығып, үйінде отырса керек... Ал, сонда жылы жүзбен сөйлесіп, жақын тартқан осы Айша апай. Көрген жерде: «Оқуың қалай, жаным? Ағаңнан хат бар ма? Берік бол!» деп ақыл айтып, есіркей жүретінді. Сондықтан ба, әйтеуір Дәмеш Айшаны жақсы көреді. Өзі де әйелдің сүйкімдісі де кербезі. Мінезі қандай биязы, бипаз болса, тілі де сондай жұмсақ, майда. Дәмеш Теміртау қаласында әдемі, кербез киінетін өзі ме деп ұғатын бұрын. Жуырда Мәдениет сарайында концертте көріп қап, қызыға таңданды: Дәмеш астар бола алатын емес. Тән мен тән қып тіккен қызыл күрең панбархыт көйлектен тығыршықтай денесі сыртқа теуіп, тырсылдап, сүйсіндіре көз тартады. Қолында күміспен нақышталған сумка. Дәмештің қасынан өте берді. Аққұба жүзі күлімсірей, оймақ аузы «мені сүй!» деп әлдекімге тосқандай. Дәмеш қызығып: «Шіркін, Айша апай маған неге жеңге болмады екен?» — деп іштей қиналды...

Цехтың ыстығына төзе алмай, Дәмеш тысқа, завод ауласына шығып, біраз салқындап, төбедегі төңкерілген көк шатыр аспанға көз жіберді: қандай әсерлі, ғажайып түн! Ашық аспан. Самал жел. Жарық ай. Жымыңдаған жұлдыздар... Осындай түнде Самарқанд көлінде қайықпен жүзсе... Жаныңда... жоқ-жоқ, тек Қайыр болмаса екен. Қой, Дәмеш! Сонша неге көңілің қалды? Аанада моторқайыққа мінгізіп ап көл бетінде сайран

салғызып-ақ еді! Ха-ха, со да қызық көрсеткен болып па? Дәмеш бір туфлиден айрылып, үйге жалаң аяқ қайтты.. Табанын тас тіліп, бір жұмадай ақсап, бейнет көрді...

Өстіп, Дәмеш өзімен өзі іштей айтысып тұрғанда, қасына Ораз келді.

—Құрыш әлі қорытылатын емес, қайтеміз? — деді ол. Дәмеш қолындағы алтын сағатына қарады:

—Ия, қорытылатын мезгілі жетіп еді... Мен не істейін? Ішіне түс дейсің бе?

— Дәмеш күлді. — Менің айтып жүргенім осы емес пе: ауа аралас бумен үрлейік мазутты дедім... Сенің қайын ағаң көнді ме, «мен де инженермін, білемін!» деп сызданады...

—Сен, Дәмеш, «бу-ауа» деп жүрсін ғой, мүмкін ол дұрыс та болар. Айта бер. Менің ойым: жаңалықты осы құрыш құюдың технологиясынан іздесек дейім. Сегіз сағатта құрыш зорға қорытылады... Қазір қой екеш қойды да екі-екі, үш-үштен қоздатудың әдісін тапты. Бала күнімде мектепте бірге оқыған бір досым бар еді, онжылдықты бітірген соң колхозға барып, ол — қой бақты. Содан биыл хат алдым: бір қойдан үш қозы аламын депті, ләқаула!.. Буаз биенің қанын құямыз дей ме? Біздің пеш сегіз сағатсыз мыңқ етпейді... — Дәмеш Ораздың сөзіне бұрын жөнді мән бермейтін-ді, соңғы кезде бұл осы бір ойын жиі айтады, толғатып жүрген адам сияқты.

—Құрышты тезірек қорыту үшін, пешті күштірек қыздыру керек. Бұл — әліп-би, екі де екі — төрт!.. Басқадай жол жоқ!

—Іздейік!.. Мүмкін табылап та қалар... — Ораз кекеткен тәрізді. — Біз бүгін сол баяғы тасқа басылған ереже бойынша, тапжылтпай құйып жатырмыз, сондағымыз осы, көріп тұрсың ғой: пештен әлі хабар да жоқ. Нанбасаң, жүр өзің көрші!

Екеуі пештің аузына жақындады. Оттың лебі бет қарып, шашты шарпиды. Костюмнің түктері үйткен құйқадай бырысып, қарая қалады. Дәмеш бір кезде комбинзон кимеймін деп, жақсы люкс костюмін бүлдіріп те алған. Көк көзілдірігін киіп, Дәмеш пештің тесігінен үңілді.

—Не көрдің? — деді Ораз қасында тұрып, бірге үңіліп. — Қоқыс қалыпқа құйған балшық сияқты сұп-сұйық, қазан беті көбіктеніп, күлдіреген тәрізді. Солай емес пе?... Әне әр жерде бір денедегі қалға ұқсас көк таңбалар...

Көрдің ғой? Бұл не?

—Бұл — құрыш әлі қорытылған жоқ деген сөз.

—Проба алмай-ақ білуге болады, Дәмеш. Құрыш қорытылса, баяғы елдегі, көріп пе ең, қайнаған құртты, сол сияқты бұрқ-сарқ етіп бүлкілдей қайнап қазан көпіршіп жатады...

Ораз технологияны білмейді деп жүруші еді Күміспек... Дәмеш осы ойын

дауыстап айтты:

—Білесің, о жағында қапы жоқ! Сөйтсе де, құрыш құюды өндіре алмай жүрсің...

—Сенің осы сөзіңді маған Серегин де айтып, күнде ұрсады. Мен бір аянып жүргендей. Жұрт аузындағы Тұхфатуллиннің өзі менен онша алыс кеткен жоқ. Бұл бәріміздің осал жеріміз... Мен сені осы араға әдейі алып келдім. Құрыш қорытудың осы технологиясы бар ғой... менің көңіліме ұнамайды. Процестерінің арасын жақындатып, уақыт ұтуға болмай ма екен? — деп Ораз Дәмешке қадалды.

Дәмеш ойланып қалды.

—Асығам деп операцияларды бірі мен бірін араластырып жіберіп, құрыш орнына шойын құйып ап жүрмесей? Байқа!.. Сонда қандай операцияларды дейсің? — Дәмештің бүгін Оразға көңілі толды. Құрышты қалай қорытуды білетін көрінеді.

Ораз: «айтайын ба, айтпайын ба?» дегендей, сәл кідіріп бастады сөзін.

—Қоқысты ағыза бастағанда, пеш орта түседі, со кезде — қарап тұрмай, пештің артқы түбін келесіге дайындай бастаса: магнезит порошоктарын сеуіп дегендей... Сонсоң, құрыш ағып біткен шамада кенді пешке машинамен салса, онда да бір емес екі машинамен...

—Бұл ойларың көңілге қонымды... Ал, сонда сен неше минут ұтасың? Есептедің бе?

—Жоқ!

—Вот, соны ойлан! Есепте! Содан кейін кеңесейік!.. Бас инженер не дер екен?

Ораз ыршып түсті:

—Ойбай, жұмған аузыңды ашпа!.. Ол білсе... — Ораз қолын сілтеп теріс айналды.

—Қорқасың ба?

—Жоқ. Әуелі байқап көрмей, айтуға бола ма!.. Ертең ойдағыдай шықпаса... Сенің ұсынысыңды не істеді... Келемеж ғып, бүкіл заводқа жайды... Боқ мұрын балаға шейін осы күнге дейін көшеде күледі.

Намысқа тұтыққан Дәмеш қып-қызыл боп төмен қарады.

—Соларға күлкі қылған сенің қайын ағаң!

—Қалалық партия комитетіне барып айтпайсың ба? — деп Ораз қыза сөйледі.

—Қорытынды пікірлерін беріп отыр ма? Ыңғай әне-міне деп созып келеді... Не дейсің барғанда?

—Қу екен!.. Сөзбұйдаға сап, мәнісін кетірсе, жалығып, өздері де қояды деу... Облыстық советтің сессиясы болмай жүр, өздерін біраз сілкілейтін...

Дәмеш мырс етіп күліп жіберді:

—Ажардан біржола айрылайын деп жүрсін ғой?

—Ләқаула... Онсыз да Ажарға жағып жүрген мен жоқ...

Бұл әңгімені әрі қарай созғысы келмеген Ораз шеткі пешті көріп жүрген Геннадийді шақырды:

—Әй, Гена!.. Кел, бері! Проба алайық!

Ораз Генаны жіберіп, құрықтай ұзын темірдің басына қағылған ожауды алдырды да, пештің қақпағын көтертіп қойып, балқып жатқан қазанның, ішіне тереңірек көміп, бір ожау құрышты алып шықты. Қуан да дөңгелек темір стаканды бұлардың қасына алып кеп қоя қойды. Ораз ожаудағы құрышты соған құйды: сұп-сұйық күрең құрыш жіп-жіңішке тарамыстай созыла ақты.

Құрыш суысымен, стаканнан ұрып түсірді де суға малып алып, шетін сындырды. Ораз құрыш сынығын Дәмешке көрсетті:

—Көрдің бе шетін, теп-тегіс, пышақ кескендей емес пе?

Ораз оны алақанына сап, алтындай салмақтап, сүйсіне қарайды.

—Жамандауға ауыз бармайды... Мықты құйылған құрыш!..

—Дәмеш басын шайқап, қолына алды.

—Лабораторияға жіберсең де, бізді мақұлдайды, — деді Ораз мақтанып.

— Жақсықұрышқорытушыныңкөзі— қыран, лабораториясызақ айырады,

— деді бет-аузы күйе-күйе Геннадий сөзге араласып.

Дәмеш оның бетіне қарап, іштей мырс етті: аумаған тентек бала!

—Құрыш қорытуда жарты сағат уақыттың ірі маңызы бар. Әлгінде, Дәмеш, сен ең алғашқы көргенде, проба алсақ, құрыш сапасы мұндай болмас та еді?

—Жігітсің, Ораз!.. Құрыш қорытуға маман екендігіңді дәлелдедің.

Күміспек қайда? Астында құрыш ағызатын алаңда жүр ме? Соған көрсету керек... — Дәмеш жан-жағына қарап мастерді іздеді.

—Мен шақырайын! — деді ондайда дайын тұратын Геннадий.

—Жоқ, мен өзім түсіп көрсетейін! — Дәмеш жүре беріп еді Ораз:

—Құрышты қалай құятынымызды Күміспек біледі. Онікі, ләқаула, бос сөз!.. Бізді қинап тұрған уақыт қой... Құрышты сегіз сағатта құймай, алты-жеті сағатта құйсақ... Арман деген осы!..

—Өмір таразысы — уақыт. Адалдық-арамдық, еңбек-бейнет, бәрі де уақытпен өлшенеді деп кім айтып еді, Ораз?.. Бір философ... е...

—Ендеше, уақыт іздеп, уақытты жан азығы ғып жүрген екінші философ — мына мен! — деді Ораз. Екеуі жадырай күлді.

Сменаның артынан Дәмеш «душеваяға» барып, тыр жалаңаш шешініп, душтың астына тұра қалды... Жылы су бойын сергітіп, еңсесін көтерді.

Зілдей басқан түнгі ұйқы шайдай ашылды. Албырт, шалдуар жастық, ноқтасын ағытқан құлындай, аласұрып, қуана секірді. Жас қыздың қаны тасып, жүрегі жиі соқты. Денесі толып, терісін кергендей. Кім ие болар екен Дәмештің осы жастығына? Кім? Қайыр ма? Жоқ. Ораз пішіндес бейтаныс жігіт! Қашан келеді ол?

Әлде Дәмеш мінезінің жігіттерге ұнамайтын қыры бар ма? Тәкаббар емес пе? Қыз балаға: нәзік наз, майда тіл, сыпайы қылық жараспай ма?.. Дәмеш Ораздың жары болса... Баяғыда сайтандай араларына Қайыр түспесе, Дәмеш бақытты болар ма еді? Әлде теңіз толқынындай Дәмештің құбылмалы мінезі бір күні кейін серпіліп... таптап кетер ме еді? Жоқ, Дәмеш Оразды әлі сүйеді. Көрмей жүргендік пе, бұрынғы махаббаты көктемгі гүлдей қайта құлпырды. Бұл — тірі жан білмейтін де, сезбейтін де сыр!

Душтан жайраңдап, сергіп шыққан Дәмешті Ораз қақпа алдында күтіп алды; екеуі үнсіз келе жатыр. Әрқайсысы өз қиялының жібін тарқатқандай...

Ораз қазір жүрегінде құсадай байланған шерін Дәмешке айтады. Мейлі, қалай ұқса, олай ұқсын. Мүмкін ашуланып жақтан тартып та жіберер, үйлерінен де шығып кетер... Жоқ, айтады!

Ол бір сөз тістен шықпай, Ораз өмір сүре алатын емес. Ауру — түнде дөңбекшіп, ұйқы көрмейді, ұйқтаса — шым-шытырық, шытырман бір түс. Күндіз тағы есінен кетпейді, жанынан тақап өтсе, қаны басына шалқып жүрегі тулап қоя береді.

Тоқтай тұрса ше? Ертең әкесі естісе... у-шу боп, бүкіл қалаға жайылса... Өзі депутат, өзі герой, жұрт мазақтап қолымен көрсетсе... Е, депутат болған адамның, геройдың жүрегі «тас» деп кім айта алады?

Мүмкін әлде, геройдың жүрегі нәзік те, қаттырақ соғар?.. Жай кісі герой бола ала ма?.. Тәк-тәк Ораз, тым алысқа сілтеме!

Дәмеште де үн жоқ, ай сәулесімен шағылысқан газондағы күміс гүлді тамашалап үзіп ап, иіскеп қояды.

Ораз қазір сырын айтуы керек, дәл қолайлы мезгіл осы! Айт, Ораз, немене шегіншектеп, тайқи шыға бересің?

Айт: «Дәмешжан, мен сені бұрынғыдай сүйем, сенсіз маған өмір жоқ» де!.. Жоқ, тұра тұршы, жүрегі құрғыр, алқымына тығылып, тынысы тарыла бастады ма, немене... Ойбай-ау, үйге жақын қалдық бастасайшы, үлгіре алмайсың ғой!.. Ия, тәуекел!

—Дәмешжан...

Бұл кезде үйге жақындап қалғаны рас еді, астыңғы ашық терезеден басын жартылай сұғып, сығалап тұрған әйелді Ораз бен Дәмеш бірдей байқады. Ажар екенін түсін көрмесе де, қатар топшылады.

—Ажар... — деді Дәмеш сағатына үңіліп. — Сағат бір жарым, көп тосып қалған екен.

Ораз үндемеді.

Дәмеш те Ажарды әдейі қытықтағандай үйге көңілді кірді. Ажардың сенбей тұрғаны шамына тиді ме, масайраған дауысқа сыйқырлы күлкі араласты.

Ораз кірер-кірмес, Ажар шаңқылдап, үйді басына көтерді.

—Неге келдің? Қонып неге қалмадың?

Ораз бұлттың төніп тұрғанын білдіде, сөздіәріұшқындырмауға тырысып, қонақ үйге қарай жүрді. Ашуға булыққан Ажар, соңынан қалмай ере барды.

—Опасыз, кет өзің осы үйден! Любовницаңды ала кет!

Ораз жердің тесігі болса кіріп кетуге бар, дел-сал, тілі күрмеліп, сілейіп тұрып қалды. Кінәсін мойындап тұр ма деп ұққан Ажар өршелене түсті. Ұят-ай! Дәмеш естіді-ау. Ертең Ораз не бетімен қарайды оның жүзіне?

Ажардың шешесіне тартқан долы екенін Ораз енді білгендей.

—Қысқарт енді! — Ораздың дауысы дірілдеп қатты шықты. Ажар тағы да көтеріле бастағанда, стол үстіндегі дөңгелек сағатты Ораз жұлып ап, бар пәрменімен еденге бір ұрды. Күлпаршасы шықты. Ораздың мұндай оқыс мінезін көрмеген Ажар сескеніп, бақырып өз бөлмесіне қашты. Шошып оянған Құрышпай жүгіре шықты — сүзеген бұқадай басып төмен тұқырайтып, екі иығынан демін ап, ұлы тұр... Қирап сағат жатыр... Арғы үйден өксіп жылаған келіннің дауысы шығады... Шал ләм-мим демеді, қайтадан өз бөлмесіне кіріп кетті.

Дәмеш Ажардың ащы сөзін тегіс естіді.

Бәсе, Ажардың Дәмеш келгеннен бері қабағы ашылмап еді, аржағында сақтап жүрген зілі бар екен. Жоқ, Дәмеш бұл үйде енді қалмайды. Атасына қиын, әйтсе де, қисық басқан қадам орға жығады. Ораз бен Ажарды біржола айырып алмай, басқа пәтерге шыққаны мақұл.

Дәмеш Құрышпайды туған әкесіндей жақсы көреді. Қимайды. Әкешешеден айрылған жалғыз қыз, жетімдік көріп, теңқұрбысынан кем боп өсті ме?..

Түн өрінде дөңбекшіп ұйқы көрмеген Дәмеш, таң алдында талығып, көзі зорға ілінсе керек, Ораздың төрт жасар баласы келіп, оятып жібергенде уақыттың бірсыпыра болғанын бір-ақ білді. Баланы Құрышпай жіберді ме, келе мойнынан құшақтап,

«тәтелеп» жанынан шықпады.

—Болат, сен не білесің? Саған адамның бәрі де дос. Сен де оларға жұбаныш та ермексің!.. — деп дауыстап Дәмеш кеудені кернеген шерін балаға айтты.

—Ермек?.. Тәте, о баланы мен білем, біздің көрші! Әкесінің аты Күміспек!

— деп бала шүлдірлеп, Дәмештің көңілін сергіткендей. Әй, бірақ Ажар сөзін ұмыту қиын-ау! Дәмеш тамақ та ішпеді, толқыған қалпы көшеге шықты. Кімге, қайда барса екен?..

Күн сіркелей жауа бастады. Дәмеш жүріп келеді... Завод емханасының алдынан өтіп бара жатқанын аңғарды. Айтқандай, осында Айша апай істемей ме? Дәмеш баладай қуанып, емхананың ішіне кірді. Ақылдасып, сырласатын адам да осы — Айша апай.

Емхананың исі бесенеден белгілі. Кірген бетте-ақ эфир мен камфора иісі мұрын жарады. Ақ халат киген мосқал әйел Дәмештің қарсы алдынан кескестеп:

—Сізге кім керек? — деді.

—Дәрігер Байжанова!

—Оң жақта, бірінші есік! — деді ол қолын сілтеп.

Есік қағып еді, аржағынан нәзік қоңыр дауыс: «кіріңіз!» деді. Айша жалаңаш еркектің өкпесін тыңдап тұр екен. Құлағын трубкадан алмастан, көзін аударып. «Қазір, Дәмеш!» деді. Дәмеш есікті жапты да дәліз терезесінің алдына барып, емхана ауласына көз салды. Жаңбыр үдей бастады. Дабыл ұрғандай, жаңбыр шатырды төпелей ұрып тұр. Көп кешікпей еркек те шықты, Айша Дәмешті кіргізіп алды.

—Сіңлім, қайдан жүрсің? Денің сау ма?

—Сау-сау! — деп Дәмеш күлді. — Сізге тек ауру ғана кісі келеді дейсіз бе?

—Құдай сақтасын, ауырмай-ақ қой, сіңлім! Бұрын келмейтін едің, шошып

қалғаным сол, — деп Айша да күлді. — Орысша айтсақ: сені қандай жел айдап келді, кәне, әуелі соны сөйле!

—Сағынып сізді!..

—Сенбеймін, сіңлім! Курорттан келгелі де бірсыпыра болды, ең құрмағанда звандамайсың ба? — Айшаның тілі майда, тапқыш, жолынан да жеңілмейді.

—Хате менен. Мойныма алып келгенім ғой...

—О, онда өкпем жоқ.

—Жақсылық хабарым бар, апай! — Дәмеш Айшаға күлімсіреп, сынай қарады.

—Аузыңа май, сіңлім.

—Асқар ағамнан хабар бар... қайтарыпты, келе жатыр!

Айша бір қызарып, бір сұрланып, Дәмешке бадырая қарады. Аз мүдіріп өзін-өзі зорлағандай, қызыл сүрме жаққан еріндерін сәл ашыңқырап, тісін ақсита күлді. Бірақ, зерде сала бақылаған кісі оның көз түбінен: «апырмай, шын ба, жалған ба?.. Мүмкін емес!» деген сияқты екі ұшты ойды да сезіп қалатындай.

—Тірі екен ғой... — деді Айша. Осы бір сәт өткен күндері есіне түсіп, өкінді ме? Мұңайып, жабырқай сөйледі.

—Сен ол кезде жас едің, сіңлім! Біздің арамызды сезбеген де боларсың... Енді оны айтып қажеті де жоқ... Өзің жүдеу дейін десем, денең толық. Былайша сағың сынық. Ренішің бар ма?.. Осы біздің үйдегі ағаңмен екеуіңнің араң қалай? — Айша жем терген құстай ойдан-ойға шоқақтап ауыса берді.

—Оны неге сұрадыңыз? — Дәмеш оның көзінен көзін алмады.

—Біз үйде қызмет бабын әңгіме қылмаймыз, әйтсе де, бір әңгімеде ағаң жаратпаған лебіз білдіріп қалды... Мен шұқылай сұрап едім, тіс жарып айтпады. Ағаңның мінезі қызық қой: бірдемені назар аудара сұрасаң, кірпідей жиырылып, сезіктене қалады...

Дәмештің алдынан Мүсекеңнің кесе көлденең тұратынын, шамасы келсе, заводтан сырғытып жібергісі кеп, қақпан құрғанын түгелдей айтты. Сырға сыр, Айша апай, өзі бастағасын, Дәмеш те іркілмеді.

—Сонда не қылмайсың дейді саған? — Айшаның шырайы өзгеріп көңіл түйткілінің көлеңкесі жүзін басты.

—Не қыл дегеніне түсінбедім... Тегі жақтырмай ма дейім! Келгеннен солай, әлі бір жібімейді. «Тырнағын бояған қыз мартен пешінде істей алушы ма еді!» деп те шығарды... Одан енді: «завод — сиыр емес» дегенді тауып алды... Мен істегелі бірсыпыра болды, шақырып ап, оңаша бір тілдескен емес. Кез кеп қалса — қабағын түйіп, ойқастай өте шығады...

Айша мүсіркеп:

—Е, о кісі солай... Сені жақтырмайтын болу керек... Бірақ, сен оған қажып, жасыма! Өзіңе-өзің берік бол!

—Неге жақтырмайды, білуге бола ма? Айша күлді:

—Әлгіде айттым ғой, Асекең екеуміз жақсы едік... Оны осы кісі білетін-ді...

Айша әрі созбады, қызы үйінен телефон соғып, «қашан келесің?» деп мазалай бастады. Айша сағатына қарап:

—Түскі уақыттың кезі өтіп бара жатыр екен-ау? — деді.

Дәмештің сөз түйінін түймей, көңілі көншімейтін әдеті.

—Сонда, сол Асқар ағай үшін дейсіз бе? Айша ойланып:

—Мүмкін, — деді. — Асқардың атын атаса, түсі бұзылатыны рас. Менде бір суреті жатушы еді, соны тауып ап, өртеп жіберіпті...

Дәмеш Мүсілім ызғарына енді түсінгендей. Әлде, Ажар құлағына сыбырлап жүрген де солардың біреуі емес пе екен? Азамат қой, сақалды басымен қатын өсекке бармас... Енді Дәмеш Айшаға өткен түннің уақиғасын баяндады. Құрышпай үйінде бұдан былай тұруға болмайтынын, пәтер іздеп жүргенін айтып, ақыл сұрады.

—Алыстан сыйласқанның өзі жақсы... Баяғы бала Дәмеш емессің. Ер жеттің. Ол үйге енді сыймайсың!.. Айтқандай, мен саған пәтер таптым: бұрын заводта істеген бір шал науқастанып, кеше соның үйіне шақырып алып барды. Бес бөлмелі ағаш үйі, саңғырап бос тұр. Өздері екі-ақ бас. Ойбай-ау, сен оны білесің. Қызы — директордың хатшысы.

—Лида ма?

—Сол!.. Әкесі — пенсияға шыққан қарт құрыш қорытушы. Үйлері тап көлдің жиегінде. Бақшасы және бар... Фамилиясы Иван Иванович Соколов.

—Білем! Ол атамның досы. Екеуі бірге істеген.

—Білсең тым жақсы.

Айша қолындағы сағатына тағы қарап:

—Айналдым, жүр, біздің үйге барып шай ішейік! — деді.

—Жоқ, апатай... кейін... Мен қазір сол Иван Ивановичтің үйіне соғайын. Дәмеш екеуі көшеге бірге шықты. Жауын әлі басылмапты...

Дәмеш кеп: «ата, көшем!» дегенде Құрышпайдың тілі күрмеліп отырып қалды. Кешеден бері ұрыс та, жанжал да болып жатыр бұл үйде, бірақ Дәмеш айрылып, басқа пәтерге көшеді деп ойлаған емес те, миына да кіріп шықпаған. Масқара-ай! Жұртқа не бетімен көрінеді, не деп түсіндіреді? «Балапанымды құтты ұясына қондырсам» деп арман ететін Құрышпай мең-

зең. Алыс сапардан ертең ағасы қайтады. Жоқ, жоқ! Дәмеш бұл үйден ешқайда кетпейді! Құрышпайды ашуы кернеп, булығып атып тұрды: —Кет деген кім саған?

Бір сойқанның болатынына көзі жеткен Дәмеш атасының мойнынан құшып, жалынып, орнына қайта отырғызды.

—Маған ешкім кет деп айтқан жоқ! Өзім... үй тар, ертең Асқар келеді...

—Ағаң келетін болған соң менен бөлінгің келген екен ғой?..

Керексіз болдым ба?

Бұл сөз Дәмешке ауыр тиді. Қиналды. Шынын айтса, Ораз сорлайды. Оны бір жағынан аяйды; бар кінәні өзіне аударып еді — кешірілмейтін өкпе.

Қысылғаннан Дәмеш өксіп жылап жіберді. Қыз жасына егілген Құрышпай, «ауыр айттым ба?» дегендей қипақтап, көзіне жас алып, Дәмешті бауырына қысты.

—Жарайды, өзің біл!.. — деп көніп қалды.

Бірақ өмірдің ыстық-суығын бірдей көрген, алақанын күс басып, табанын тас тілген, тұрмыспен жекпе-жек күресте бірде құлап — маңдайын жарған, бірде жығып — күш алған баяғы әнші-сері, бүгін де қарт құрыш қорытушы атанған Құрышпай Дәмеш сөзіне сене қойған жоқ. Қыздың күйбелектеп сыр іркіп қалғанын сезгендей...

Баласын іздеп таба алмады. Келіні о да зытқан. Үйінің берекесі кете бастағанын енді аңғарды. Шаңырағын ортасына түсіріп, Жетісуға, үлкен ұлының қолына кетсе... Құрышпайсыз адам болып көрсін. Шалдың жалғыз басын сыйламаған бала мен келіннен не опа?

Қаншама қамығып, жабырқаса да Құрышпай қызының тілегіне қарсы тұра алмады — қыз нәрсесін таксиге салысып, Иван Ивановичтің үйіне өзі алып барды.

Кешке қарай жаңбыр басылып, бұлт тарқап, күн де жарқырай ұясына төнді. Көшеде шаң басылып, жауынның дымқыл иісі мұрын жарады.

Иван Иванович есік алдында орындықта кітап оқып отыр екен.

Құрышпайды көріп кәукелектеп, өз орнын ұсынды.

—Ақсақал, балаларың өскесін үйіңе сыймай бастады ма? — деді шал жымыып, бұл орамды әзілдің әржағында зіл жатқанын аңғарған Құрышпай, қабағын шытып сыр бермеді.

—Балапан темірқанаттанып ұясынан ұшпай ма?

—Тауып кеттің, — деп Иван Иванович еңкілдей күлді. Дәмеш пен Лида қызыл былғарымен көмкерілген қара чемо-

дандарды үйге кіргізе бастады. Жылы таныс чемодандарды көріп

Құрышпай тістене бекініп сыр білдірмей бақты. Әке баланың бойын өсірсе, бала әкенің көңілін өсіреді. Әрине, бала жақсы болса... қайдам, Дәмеш

ақылсыз, жеңілтек бала емес еді... Адам жаны қара түнек, көзінде шам жарығың болмаса адасасың...

—Заводта не жаңалық бар екен? — деді Иван Иванович Құрышпайдың ойын бөліп. — Сен менен бір елі жақын жүресің ғой...

—Завод орнында. Цех құрышын құйып жатыр. Одан артық не керек сен шалға!.. Тек Отан аман болсын де!

—Ия, Отан аман болса — жақсылық қашпайды. Осы әлгі Тұхфатуллин коммунистік еңбек бригадасының атағына ие болды дегені рас па?..

Осында біреулер соғып жүр: «Ораз артта қалып қойыпты» деп...

—Шын!

—Тек?.. Герой аты бар емес пе?

—Е, несін сұрайсың, баланы қара басты ғой. Бір-екі күн қазанда көміртегі көбейіп... көрер көзге графиктен шығып кетті. Өзінен сұрасаң: білмейді, «біреу шойынды көп құйып жіберген болар» деп күледі.

—О да мүмкін, біреуі өштесіп... Қырық сегізінші жылғы уақиға есінде бар ма: марқұм Эрднаев менің қазаныма шойын тастап, артынан оның есебінен ауыстырып маған жазатынын?

—Әйтеуір, мынада да бір сыр бар. Содан қуып жете алмай, айлық жоспар қалт-құлт етіп, әрең дегенде жүздің сызығына барып тоқтады.

—Бас инженерге айтпай ма? — деп Иван Иванович жаны күйінгендей қыза сөйледі.

—Түу, бас инженерді ауызға алып отырғаның... ол бір жүрген түлкі!.. Ораз ақсады десе, қышуы қанады!

Иван Иванович күлді.

—Қайыр ше? Жас директор... тізгінді қолына әлі ала алмай жүр ме екен?

—Сол түлкінің ықпалынан шыға алмаса қайтесін?

—Қайдам... Қолда өскен бала... Әкесі марқұм тегеуірінді адам еді. Әкеге тартып бала туа ма?

—Сен, құрдас, Дәмешке көз қырыңды сала жүр... Жеке тұрам деп болмайды...

Екі қыз екі шалдың қолынан жетектеп, еріксіз үйге алып кірді.

Шалдардың сөзі доғарылып қалды.

II

Ақмаралға бір күннің бір күннен айырмасы жоқ, біріне бірі ұқсас, күн батып, таң атады; біреулердей күн санап, «бүгін қай күн?» деп өмір сүрмейді. Ақмаралдың өмірінде санға кіретін жылдың төрт мезгілі: көктемде Ақмарал күрсінеді, өткен жастық шағын есіне түсіреді, қар еріп,

шатырдан тамшы аққанда, күншуақта есік алдына шығып көбірек отырады. Бірақ Ақмаралдың әсіресе, жақсы көретін мезгілінің бірі — жаз. Жазда кейде колхозға барады, қымыз ішеді; қалада қалса, базардан шықпай, әр нәрсені бір қызықтап аралап, күнінің көбін сол базарда өткізеді... Күзде — Ақмарал ауырып, сүйек-буыны сырқырап, төсек тартып жатып та қалады. Ас-судан мейірін қандыратын тек шай, қою күрең шай. Сораптап соны ішіп, жантайып жата береді. Ал, қыс келсе, соғым сойып, жас сорпаға буланып ауруын емдеп өзі жазып алады. Өзіне-өзі дәрігер. Көбіне көрші қатындарды жинап ап соларға ет беріп, өсегін тыңдайды.

Биыл қыс Ақмарал өсекті саябырлатып, бойын бақты. Баласы директор, завод маңынан тарайтын сөздер оған соқпай кете алмайтын тәрізді. Анадәулы бір сөздің ретінде: «директордың шешесінен тараған сөз деп, біреу-міреу бетіме басатындай болмасын, аузыңа берік бол, мама!» — деді. Осы жеткілікті ғой. Жақында, Мүсілім келгенде, Ақмарал аталғалы тартпақы мінез білдіргені сол еді.

Бірақ, қайнысының сол бір ауыз сөзі Ақмарал жүрегіне тұқым сеуіп кеткендей: ол — балалап өсіп, Құрышпай мен екі үйдің арасын шырмауық шөптей орап, шатастыра бастады. Ақмарал: «Қайыр мен Дәмеш тең емес. Адырам қал, жетімек қыз Қайыржанның маңынан жүрмес!» деп, тепсіне сөйлеп, ұлы мен қызы арасына ши жүгіртіп қойды. Шай үстінде, Қайыр көзінше немқұрайды ғып Дәмеш мінезіне мін де тақты: «Жеңілтек, не орыс, не қазақ емес, екі ортада шөре-шөре!» деп тілін шаншып та алды. Онысы: «Дәмешпен семья құру — бізге болмас!» деген сөзі. Қайыр солай ұққан да екен, үндемеді, тыржың етіп, стол басынан тұрып кеткен-ді. Шешесінің алдынан шықпай, не айтса соны заң деп білетін баласы, түс көрсетіп қалды...

Сөйтіп шешесі мен баласы арбасып жүргенде, Дәмеш пен Ораз жайындағы өсек дөп болды.

...Ажар тағы бір күні Ақмаралға жылап келді.

—Қайтем, апа? Маған күн жоқ! — деді. Ақмарал одырая қарап:

—Өй жасық қар, көзіңе ақ түссін! Тағы да әлгі шірік күйеуің бе?

—Зұлым қыз келгелі бұзылды Ораз!.. Уһілеп ұзақ түнге ұйқтамай шығады.

—Өй, шірік қар! Мына қалпыңмен инженер қыз түгіл, кез келген жұмысшы қыз тартып әкетеді... Есінде болсын!

—Сол екеуінің арасына түсірген о баста өзіңіз емес пе?.. Қояйық, бірін-бірі сүйеді дегенде болдың ба?.. Соның сазайын енді тартып отырмыз!

Ашулы Ақмарал алдындағы кесесін итеріп жіберіп, шайын төкті.

—Не оттап отырсың өзің? Жазасы несі ей? Салғаннан сығымдап, уысына ұстай алмаған өзіңнен көр! «ОразкемОразкем!» деп шашын тарап еркелете

бер. Бұл әлі саған аз!

Ажар өксік лебін баса алмай, тұншыға жылады, тіс арасынан қысыла шыққан сөз сыбырға ұқсады.

—Қол-аяғын кісендеп ұстаған ер менің әкемдей болар. Не істеді саған, білесің бе?

—Кет әрі, өлген кісіге тиіспей!.. Мені шенеген несі... Одан да, күйеуіңнің аяғына тұсау сал, қаңғыртпай!

—Ол менің қолымнан келмейді.

—Қолыңнан келмесе, жүр солай көзге түрткі боп... шірік неме!

Ақмарал қанша ұрысса да, қызын қимады, сөгіс арасында ақыл тастап отырды:

—Қу ол қызды үйіңнен!.. Қызға айтар сөзіңді естірте күйеуіңе айт!

Осы оқиға осыдан үш күн бұрын болған-ды, сол сөздің нәтижесінде: Дәмеш бөлек пәтерге шықты, бірақ үй ішінің дауы бітпеді, өрши берді. Ажар бүгін де базарға барайын деп киініп жатқан Ақмаралды жолынан бөгеп, жылап, сөйлей келді.

—Күнде ішеді ...өткен түні тағы да удай мас боп... келе жанжал шығарды... төсек-орнын бөліп ап, қонақ үйге ұйқтады...

—Көзін ашып қарасын, героймын дейтін болар... Геройдың бұты бір-ақ тиын... Жүре бер, мен өзім сөйлесем! — деп қызын қоя берді де, Ақмарал Рахым марқұмның әкеп беретін сырлы таяғын қолына алып, маң-маң басып, Құрышпайдың үйіне барды.

Күн жексенбі еді. Құрышпай мен немересі телевизор көріп отыр екен.

Болат ұшып тұрып:

—Әже, жүр сурет көр! — деп ебелектеп, жеңінен тартып зыр жүгірді.

—Сенің үйіңе сурет көруге келгем жоқ, тәйт әрі! — Ақмарал баланы қағып жіберіп Құрышпайға зілдене қадалды.

—Құрышпай, құдай алдында да, жұрт алдында да, көзіміз о дүниеге жұмылғанша да осы екі баланың өміріне біз жауап береміз!.. Өзің үйіңнің астынан су шығып жатқанын білесің бе?

—Ақмарал Құрышпайға сынай қарады: ол — қолымен шоқша сақалын уыстай ұстап, ұшын аузына сап тістелеп отыр. Саспады.

—Ақмарал, сөзіңді шашыратпай, ықшамдай сөйле!.. Ол қай су? Сіздің үйден аққан суды айтасың ба? — деді ол қысық көзін сығырайтып, мысқылдап. Ақмарал екеуі кез келген жерде ұйырсақ айғырдай шайнасып алатын әдеті де. Ақмарал бұ шалдан басқадай мінез күтпейді. Әйтсе де, осылай шайқаса отырып тіл табысатыны да болушы еді...

—Тәйір жазған біздің үйден саған су ақпайды. Басқа жерден төбеңе

бірдеме тамып жүрмесе... — Ақмарал езу тартып «ә, бәлем, енді мыштай боларсың-ау!» дегендей.

Құрышпай басынан сөз өткізген бе, дағдылы әзілқойлығына бағып, иығын көтере, дауысын кенеп, түйрей сөйледі.

—Бәсе, сондай бірдеме үйімізде отырғызбай қуып шығып еді... Әй, дәуде болса... Дәл үстінен түскен екем!..

Құрышпай енді бір танауынан күлді.

Ақмарал ойда жоқ жерде алдынан шыққан жарға тірелгендей.

Тәйрі, Құрышпайдан ұтылса, құдайдың қара басқаны да.

—Менікі саған үйреншікті ғой, құда! Өзі жас, өзі оқыған еркенің зәрі боп жүрмесе деп қорқам! — Ақмарал орала кеткен жауабына іштей риза: бәлем саған керегі осы шығар! Ақмаралдың айтысқа түскені жалғыз бұл емес, тісі — осындай егес-қияста ұшталған.

Құрышпай тағы да бір рет түйремек боп, найзасын көтере бергенде телефон шылдырлап, екеуінің сөзін үзіп жіберді, енді қайта оралғанда қызған қан суып, дене мұздап қалды.

Ақмарал арнай келген сөзіне көшті:

—Мені қажағанда саған не түсер дейсің, шал! Онан да балаңды жөнге сал!

Арақ ішіп, түнде көше қыдырып бұзылмасын!

—Ақмарал, сен де Ажарды түрткілеп, қайрай берме! Мен білмейтін сыр жоқ, үйтіп көлгірсіме!

—Е, менің қызым не істеді? Жазғаны — сені күткені ме? Жоқ, саған тілі тиді ме?

—Күтпеді деп айта алмаймын! Рахмет, сыйлығыңа! Бірақ...

—Немене бірақ? Сондағы Дәмешті үйден қуып шықты демексің бе?

Асыранды қасқыр ит болғанды қайдан көрдің?.. Әне өз иесіне шауып отырған жоқ па?

—Бейпіл ауыз!.. Сенің тілің кісі өлтіреді! — Құрышпай «асыранды қасқырдың» кім екенін түсінді, қабағының үсті дірілдеп, түнеріп, таяғымен еденді сабалады.

—Жетеді енді, қысқарт!.. Білем кімді бейнелеп айтып отырғаныңды!.. Сен өзің көкжал!

Құрышпай таяғын шошаңдата сермегеніне шамданған Ақмарал шаңқылдап, үйді басына көтерді:

—Әй, қайтеді-ей, мынау? Әрі шошаңдат таяғыңды!.. Ондай қаһарың болса, бұзылған ұлыңа жұмса!..

—Ә, солай ма! Мен саған көрсетейін! — Құрышпай киіз қалпағын шекесіне қондыра сап, шапшаң қимылмен, үрпиген немересін қолынан жетектеп, үйден шықты да кетті.

Құрышпай Ақмарал сөзінен біраз сырды аңғарғандай: Дәмештің кетуіне себепші келіні екен. Енді түсінді. Дәмеш кінәні өзіне аударып, жанжалды әрі қарай ушықтырмауға тырысқан. Ақылды Дәмеш-ай!.. Бәсе, көмейінде тығылып тұрған сөзді, қыздың жаутаңдаған көзінен-ақ сезіп еді. Оразға не болды — әкесінен сыр жасырғаны несі? Кішкентайынан қолында өскен, ойы ұштасып, ақыл жалғасқан Ораздың сыр бүгіп қалуы Құрышпайдың жанына батады... «Бүгін біздің цехта мынадай қызық болды...» деп, немесе «...Ол сүйдеді, мен бүйдедім» деп көрген-білгенін тегіс жеткізіп, ақыл сұрап отыратын Ораз, аз күннің ішінде қауіп күткен көкқұтан құстай мойнын ішіне тығып, томсырайып, қасындағы жақын адамдарды елемей, олардың уайым басқан жүзіне, түртпектеп сұраған сөзіне тіл қатпай жүргенін, Құрышпай алғашында цехтағы сәтсіздігіне байланысты болар деп жорыған-ды. Баға келсе, жалғыз цех қана емес, семьясы да ауыр жүктей иығынан басқан көрінеді. Сонда ол қысымға шыдамай, өмір рахатын арақтан тапқаны ма? Күрт құлайтын ондай осал ма еді? Құрышпай балам өзіме тартқан, өмірімнің сәні де, мақтанышы да осы деп жүрсе, күйрек жасық боп шыққаны ма? Шалдың өмірдегі арманы да, артында қалдыратын мирасқоры да бұл емес. Құрышпайдың асыл бала тәрбиелеу қолынан келмегені де!..

Құрышпай завод алдына жақындай бергенде директор да машинасына мініп, қозғала берді. Қақпа алдында тұрған бір топ жұмысшы, шетке қарай қағылып, жол ашты. Құрышпай қолын бұлғап, тұра ұмтылды, бірақ аржағынан ызғытып кеп жүк таситын машина екеуінің ортасына түсті. Қап!.. Директор бір кетсе кешке дейін ұстау қиын...

Құрышпай машинаны өткізіп жіберіп, көшені көлденең кесіп, директордың құла машинасының алдынан қарсы шықты.

—Қайыр-ай, ай, Қайыр! — Құрышпай айғайлап шақырып, «Тоқта!» дегендей қолымен ым жасады.

Қайыр машинасын көбіне шоферсіз өзі жүргізетін, бұ жолы да жалғыз өзі екен, машинасын тоқтатты.

—Ассалаумағалайкүм, аксақал! — Қайыр қол беріп жатып, кішкентай жиеніне көзі түсті, еңкейіп оның иегінен қақты. — Қалай, қияңқы емессің бе?

—Қияңқы бұл емес, қияңқы боп тұрған шешесі мен әкесі. — Құрышпай сөз желісін өз мақсатына бұра сөйледі.

—Е, тағы не болды? — деді Қайыр сезіктене. — Машинаға мініңіз, жүре

сөйлесейік!

Құрышпай мен жиенін машинаға міңгізіп ап, Қайыр Магниткаға тартты.

—Құреке, Магниткаға барып көрдің бе?

—Қыста бір болғаным бар...

—Ендеше, алып домнаның қабырғасы салынып біткен. Сонау аспанмен тілдескен мұржалар сол домнаның қаупері!.. Маған еріңіз, көрсетейін!

Қайыр Құрышпайға кезек бермеді, Теміртаудың келешегін сипаттап, ұзақ әңгіменің ұршығын иіре берді. Кейде өз даусына өзі құмартып, мақтаныш еткендей дауысын нелер түрге бояп, жүйрік аттай, басын шұлғып тастап, әсерлене сөйледі. Құрышпай да ықласын сала тыңдады. Қайыр сөзінде жақсы ой, газет бетінен табылмайтын мәліметтер кездесіп қап отырды. Директор аты директор ғой: ірі мәжіліс, жиын-топқа қатынасып, үлкен адамдардың пікіріне де қанық. Келешекті болжап, біліп отырады. Завод директорының қолы ұзын, шеңбері кең. Неғұрлым адам жауапты, маңызды істі атқарса, солғұрлым оның ойы кеңіп, салмағы да өсіп, көреген бола ма деп ойлайды Құрышпай. Адам мінезіне таңба басатын өмірдегі ұсақ-түйектен, көді-сөдиден аулақ та тұратын сияқты.

—Құреке, менімше құрыш — біздің елдің қаны. Қансыз адам өмір сүрмейді, құрышсыз ел, ойлаңызшы, поезд, машина, самолет, трактор жасай ала ма?.. Ең артық жазу жазатын қалам да бұрын қауырсыннан, іс тігетін ине, кепкен қайыңнан жасалған... Енді сізге түсінікті болу үшін былай теңеп көрейін: сіздің денеңізге қан керек, қан тарамаса, ми да, жүйке тамыры да, тарам-тарам клеткалар да лезде жанып кетеді, істен шығады. Ал, сол қанды денеге таратып тұратын — жүрек. Теміртауда жүрек ісін атқаратын мартен цехі ғана бар. Басқа жерден тасып әкелген кен, темірді қорытып, қоқсын ағызып, құрыш-қанды жасап қана тұрады.

Біз келе жатқан Магниткадағы салып жатқан домна өндірістің асқазаны. Мұның тамағы шойын, шойын қорытып, мартен цехына жібереді, ол — қорытып құрышқа айналдырады. Осы домнаны салып бітірсек — аяғымен тік тұрған алып денелі комбинат құрылады,— деп Қайыр Құрышпайға күлімдеп қарады. — Енді түсінікті ме?

—Түсінем ғой, Қайыржан! — Құрышпай осы домна салғаннан бері екі ойлы боп: «Ескі завод жабылып қала ма, қайтеді? Пәлен жыл нан жеген ұяны бұзып тастаса» — деп іштей қайғырып та қоятын. — Сонда өзің айтқандай, домнаға тамақты қайдан әкеп береді? — Құрышпай әңгімені әрі қарай тереңдетті.

—О, ол арасын ұмытып бара жатыр екем: домнаға керек кенді Қарағандының аржағындағы Атасу мен Ақтаудан әкеп тұрады, бірі — ізбес, бірі — кен береді...

Шіркін, Құрышпай қазір Ораздың жасында болар ма еді, білекті сыбанып тастап, горновой боп, домнаға шойын қорытатын?

—Оразды осы үлкен заводқа көшірсек қайтеді? — Құрышпай өз атын атауға ұялып, қызыққаннан Оразды атады.

Қайыр арт жақта отырған Құрышпайға бұрылып:

—Құреке-ау, менің арманымның үстінен түстіңіз!.. Жалғыз Ораз емес, жүздеген Оразды оқытып дайындау керек! Қазақ баласы аттың құлағында қалай ойнаса, техникада сондай өнер көрсететін мезгіл жетті! Техникадағы мешеулік — коммунизм ге жеткізбейді, жолда қалдырады. Машинаны сатып ап, жүргізе алмай, кез келген шоферға жалынып жүру — қорлық емес пе?! Өзіңіз көз алдыңызға елестетіп көріңізші: жаздың әдемі күні. Тақтайдай қара жолда машинамен ағызып, әндетіп жарысып бара жатқан орыс пен украин, грузин мен өзбек, латыш пен эстон... жас қазақ жігіті жолдың аузында қызыға қарап, «Шіркін-ай, мен де машинаға мініп жарыссам-ау!» деп іштей өкініп тұрса? Әрине, достары жолда қалдырып кетпес-ау, мінгізер, бірақ өзіндей жас жігіттер техниканың құлағымен ойнағанда, оның кім бетінен қағыпты? Мойны жар бермей, қора-қопсының маңынан шыға алмаған өзінен көрсін деп тарихта да табаламай ма? Ертең осы өкініш болмай ма?

Менің ойлайтыным осы, Құреке! Өз құрбысымен тең болсын дейім. Сонсоң, техникадағы мешеулік адамның санасына да әсер етеді! Осы ойымды анада мен Орталық партия Комитетіне жазып, Теміртауда қазақ жастарынан құрыш қорытушы, горновой, вальцевщиктер дайындау мәселесін көтергем. ЦК комсомол қолдап отыр... Сол жайында «Казметалл» тресінің бастығымен алдын ала келісіп алуға келе жатырмын!.. Қалай оқытып, қалай үйретеміз дегендей... Бірақ, менің бұл пікірімді теріс ұғып жүргендер де аз емес! «Осы қалай өзі, «қазақ» деп бөліп алғаны?» деп, сезіктене сұрақ қояды, — деп Қайыр күлді.

—Қарағым, алған бағытың қайырлы болсын! Талапты ерге нұр жауар!.. Саған ешкім күйе жаға алмайды, сені жастай білеміз. Әкең де, сен де, тұқым ұрпағыңмен өндіріс үшін жаралған адамсыңдар... Октябрь революциясына қырық жылдан асты. Қырық жылда қазан жаңарады дейді. Қазаққа техниканы үйренетін заман жетті. Қашанғы масыл бола береміз! Дұрыс айтасын!

Бұлар дөң асып, өзеннің шығыс жиегіне бұрылғанда еңгезердей алып домна сарайып алдарынан шыға келді. Тұрпаты шөгіп жатқан қара атанға, әлде қонақтап отырған қара құсқа ұқсай ма? Жоқ, олар мұның қасында піл мен шыбын емес пе? Ай-ай!

Жоқ, мұның бәрі домнаның батыр тұлғасын беретін теңеу емес. Сонау

көкжиекте көрінген көк ала бұлт домнаның аспанға түскен көлеңкесі, сәулесі сияқты екен!..

Домнамен парапар түсетін, қиялмен тайталасатын ЦЭС электр станциясы: екеуі тетелес, бірінен бірі асқан асқар биік, Құрышпай жоғары қараса, басындағы киіз қалпағы түсетіндей.

Тұс-тұсынан тармақтанып кеп, домна маңына түйіскен қара жолмен зымырап ағылып жатқан машиналар алыстан: қонақтап отырған тауықтың қанат астына бірі кіріп, бірі шығып жатқан жас балапан тәрізді. Берірек, көл шетіне таман салынған біркелкі, төрт-бес қатарлы ақ тас үйлер сәнді де салтанатты. Оқтай түзу кең көшелер жазық құла түзге қарай далиып созыла береді. Мешітшіркеудің мұнара шпильдері тәрізді жыбырлаған құрылыс крандары темір-бетонды қабырғаларды жаңқадай көтеріп ап, тікедей сүйеп қойып жатыр... Өрмекшідей шатырда жорғалап, электр отына арматураларды пісіріп, от ұшқынын судай шашып, арпалысқан жас жігіттер... гуілдеген машина, шақыр-шұқыр егелген темір аспап, ызың-шу — даңғаза ештеңе естіртетін емес. Құмырсқаның илеуіндей қыбырлаған жан.

Қайыр келген қызметімен «Казметаллстрой» тресіне кіріп кетті де, Құрышпай мен немересі бірін-бірі жетектеп, көше қыдырды. Болат шүлдірлеп, көзіне көрінгенді тамашалай сұрап, Құрышпайдың ойлауына мұрсат бермейді... Биыл бірінші домна бітеді. Мына әдемі зәулім үйлер біртіндеп Теміртауға қосылып, зор өндіріс қаласына айналады. Сонда Арқаның төсіне орнаған қазақ қара металлургиясының ордасы осы Теміртау болады. Кенет бір ой Құрышпай жүрегін лүпілдетіп, қаттырақ соқтырды. Рас, Құрышпай мақтанбағанда енді кім мақтанады?

Кеше осы жапан түзде қазақ қала салып, ел болып па еді? Әр төбешіктің басында шоқиып отырған бір ауыл, өрбіген мал, үрген ит. Байлық та, жақсылық та сол еді. Әрине, ескі ауылдың жазғы көріністері: көші, ойын-сауығы Құрышпайдың есіне түскенде жүрегі ауырып, сағынады. Бірақ, қаншама сағынғанымен ол

—Құрышпайға дәл осы заводтай жақын көрінбейді, алыстағы мұнарланған тұман сияқты, кейде тұман тарқап арасынан әкешешесі, әйелі, жақын-достарының түр-сипаты, сүлдері көрініп қап жоғалып, кейде тар жол, тайғақ кешудегі қиын күндері, азапбейнеті есіне түсіп, сол бір өткен өмірмен қош айтқандай... Бүгін осы Магниткаға алып келген Қайыр — ол өмірді білмейді, дәмін де татқан жоқ, сондықтан ол — бақытты да әділ! Елу жылда ел жаңарады деген осы!..

Машина көл жағалап зырлап келеді.

Қайырдың қабағы түйіліп, реңі қашқанын Құрышпай болмаса, ол өзі аңғарған жоқ. Іштегі ойымен әлек. Жаңа ғана Құрышпай Ақмарал мен екеуінің арасындағы жанжалды, Дәмештің басқа пәтерге көшіп кеткенін тәптіштеп, түгелдей жеткізген-ді... Қайыр қарындасы мен шешесінің қылығына қатты қиналып, өзіне-өзі әрең тоқтау салып келеді, әйтпесе...

«— Жақында Теміртауға қазақ жастары келмек, соларды алдымен Магниткаға орналастырып, жер-жерге бөліп, оқуға жіберейік: бір тобы — Череповец, Кузнецк кетсе, енді бір тобы осында, біздің заводта оқып, үйренсін!» десе Қайыр, «Казметаллтрестің» бастығы жұқа өңді, шүйкедей ақбас шал:

«— Сенің қанша жұмысың бар? Кадр керек болса, өзің оқыт, дайында. Менде нең бар!» — деп қарап отыр. Қайыр күйіп кетті, біраз тілдеді. «Ертеңгі күнді неге ойламайсыз?.. Комбинат болғанда кім істейді? Әсіресе, қазақтан құрыш қорытушы, горновой шығару — орыс халқының көп көмегінің бірі емес пе? Неге түсінбейсің?.. Сөзді қой: жатақхана сенен, оқыту, үйрену менен!» деп қалай үгіттесе де, көнбей қойды. «Домнаны құра алмай жатсам, горновой дейсің... басымды қатырма! Бұл — өлтірмеген аюдың терісін бөлу!» деп келемеж қылды. Жарайды. Қайыр онымен обком хатшысының алдында сөйлеседі!..

Онсыз да шырайы бұзылып толықсып шыққан Қайырға Құрышпайдың сөзі электрдің отындай соқты, денесі дір ете түсіп, ыстық қан булықтырып, тынысын тарылтты.

Ақылсыз, жеңілтек Ажар! Біле білсе, Дәмешті бауыры на тартып, еліктей тағы қызды үйрете берсе қайтеді... Оразды қызғанғаны — көзін махаббат шелі басқан екен.

Жақсы, жас кезінде екеуі қатар бір үйде өсті, біріне-бірі ұнауы да ықтимал, бірақ, Қайыр білетін Дәмеш болса ол — тәкаппар, Ажарды көріп тұрып, маңына жуытпайды. Ажар қасындағы құрбысын танымаса, Қайырдан сұрасын... Ақылсыз!

Қайыр Дәмеш жанына қызығып та таңдана жиі үңіледі. Сонда Дәмештің теңіздей терең жанынан тапқан гауһар тасы мынау: қыз әлі жігіт сүймеген, сүйсе біржола, беріле сүйеді. Сол бір мезгіл Дәмеш өмірінің көктеміне айналып, сана-сезімі құлпырып, гүлдейді, ол кезде ол сүйген жігітінен басқа ешбір жан оның көзіне ілінбеуі де, ол жастығын соның жолына құрбан етіп бағыштауы да мүмкін!..

Қайырдың қыз соңына түскелі бес жыл, немен бітетіні әлі белгісіз.

Қайырдың жасы келіп қалды, биыл ноябрьдің басында жиырма сегізге

толады. Шешесі күнде қыңқылдап: «Құдайдан немере тілейм... сенікі, шырағым, не жүріс өзі...» деп зекіп, реніш те білдіреді. Қайыр Дәмешке талай ишара да жасап, сөз де салды, қыз не күлкіге айналдырады, болмаса, «екеуміздің аулымыз алыс, қайтесің...» деп тойтарып тастайды. Ал, біржола безіп, үйленейін десе, Дәмештің шырмауынан босанып тағы кете алмайды, айналшықтап соға береді.

Сонда қыздың көңілін біле тұра тосуы жөн бе? Түбінде күлкі болмай ма? Қайыр өзі де білмейді, тек әйтеуір, махаббат деген бұрап қап жандыратын электр шамы емес, бір көргенде ғашық та болмайтын шығар. Біртіндеп, үйрене келе тереңдейтін сезім деп ойлайды Қайыр.

Кім білсін...

Қайыр қайтып шалға үн қатпастан, үйінің алдына келіп бір-ақ тоқтады. Машинасын есік алдына қойды да, жүгіре басып, сатымен үйіне көтерілді. Шешесі шай жасап, баласын күтіп отыр екен, асыға кірген Қайырды көріп, «немене жай ма?» деп сескеніп қалды, оған көңіл аударған Қайыр жоқ, телефонды алды да:

—Бұ кім?.. Ажармысың? Қазір үйге келіп кет! — деп телефон құлағын ширақылау қимылмен іле сап, терезені шалқасынан ашып тастады — ауа жетпегендей екі иығынан демін алады;

Қалтасынан шылымын алды да, қорабының сыртына тықылдатып темекінің үгінтігін түсіріп, шешесіне көз тастады. Қайырдың Ажарды неге шақырғанын түсінбегендей сұстанып, қабағын түйеді ол. Еркек түстес Ақмарал, бұл екеуіне шеше ғана емес, бір жағынан әке. Осы күнге дейін Қайыр алдынан шығып, әмірін екі қылып көрген емес. Санасады. Кейбір оғаш мінездері болмаса, Қайыр Ақмаралды жақсы көреді — қанша дегенмен ана емес пе?

Астыңғы үйде тұратын Ажар сатымен тасырлата көтеріліп жетіп келді.

—Не бүлдіріп жүрсің? — Ызғарлы Қайыр, босаға жақта шешесінің қасында тұрған Ажарға жақындады.

—Не бүлдіріппін? — Ажар сескене сұрланып, жаутаңдай қарады Қайырға.

—Дәмешті үйден неге қуып жібердің? — Ажар шешесіне жалына қарап, күш алғандай шаптыға сөйледі.

—Семьяма іріткі салмасын! — деді де, Қайырдың тесірейген көзіне шыдай алмай, төмен қарады, есік жақ бұрышта тұрған Жамбылдың бюстін сипалап, қипақтай береді.

—Қазір бар да, кешірім сұра... Үйіңе қайтар!

Ажар не айтып тұрсын дегендей, Қайырдың бетіне таңдана көз тастады да, қайтып үн қатпастан тұра жөнелді. Қайыр шап беріп білегінен қапсыра ұстай алды. Ажар қатты қысқан Қайыр қолын ауырсынып, қынжыла ернін

тістеді.

—Аяғына жығылатын менің кінәм жоқ! Ол өзі сұрасын кешірімді! —деді қайсарланып. Шешесінде әлі үн жоқ, мысықтай бақылап, көзін алмайды.

—Но... Сен сұрайсың!.. Мен саған сұратам! — Қайыр ақырып жіберді, Ажар қолымен бетін басып, бақырып отыра кетті.

Ақмарал да енді кезегім келді-ау дегендей:

—Уа, сендерге не болды, иттің күшігіндей таласып? — деді әдетінше жазғыра, кеміте зекіп.

—Апа, мына қызыңды жөнге сал! Қазір Дәмешке жібер де кешірім сұрат!.. Үйіне алып қайтсын! Ел-жұртқа күлкі қылмасын!

—Есің дұрыс па, не деп тұрсың өзің? Қойнындағы күйеуін...

—деп әдетінше бейпіл ауыздығына сап, Қайырдың бетінен тырнай, көтеріле ашу шақырды. Қайыр да көнбеді: дардай ер жеткен ұлына, ел басқарған азаматқа ағат сөз айту... Сүттей ақ Дәмешті қаралау... бейпіл ауыздық, бейбастақтық! Сондықтан да Қайыр өмірде бірінші рет шешесінің бетіне қарсы шықты.

—Доғарыңыз!.. Көшедегі өсекті таратып, екі үйдің ортасына от жағасыз да жүресіз осынша жасқа келгенше! Ұят қайда?

Мұндай сөзді балаларынан бұрын естіп көрмеген Ақмарал әуелі мыштай боп сасып қалды. Алақтап қызына қарады:

—Мынау не дейді-ей?

—Солай, апа, баяғыдан бері сізді тыңдап келдім! Енді мені тыңдап, менің айтқаныммен жүресіңдер! Уақыт жетті! — Қайыр тез-тез басып үйден шығып кетті.

Қайыр заводқа қайта оралса да, енжар іс тізгінін қолына ала алмай, қапаланып, жабырқап, ақыл-ойы ұясына кірмей жан-жаққа қашқан тауықтай бытырап, әрқайсысының соңынан бір жүгіріп, сілесі қатып не қыларын білмей отыра берді. Көз алдынан Дәмеш кетпей ақсия күліп: «Е, махаббатты арзан бағалайды екесін, достым! Ең артық қарындасың мен шешенді көндіре алмағасын, ертең қалай менімен өмір сүресің?.. Аулақ-аулақ!» деген мазақ сөзі құлағына келгендей.

«Өмірлік жолдас болайық!» деп Дәмешке сөз айтады, дәмеленеді, бір жағынан семьясы қарсы боп, сыртынан өсек таратып, «жолатпаймыз» дегендей, сыр білдіреді...

Кінәлі шешесі. Ажарды түртпектемей басып, қайта Дәмешті бауырына тартатын жөні бар емес пе? Но, ертең қыз сөзін берді, Қайыр үйленді, сонда шешесі оның бетіне қалай қарайды, үйде келісім бола ма? Заводты меңгеріп алып кете алмай жүргенде мынау қайғы тағы жамалды...

Лида есіктен басын сұғып, терезеге қарап сілейіп тұрған директорды көрді

де қайта жапты: кім бар, кім жоқ, білгісі келді ме, солай да шығар, іле — лабораторияда істейтін инженер Амиров кірді. Басын кекитіп, ыңғай күлімсіреп жүреді.

—Қайыреке! — деді ол құрдас болғасын бір жағы әзілмен, бір жағы директор атын сыйлап. — Сізге айтты ма, өткен түнгі сменада үшінші марка болат беру керек еді, екінші марка болат берді!

—Не дейсің? Оны кім айтты саған? — Қайыр шошып сөз таба алмай қалды. — Қазір түс ауды, әлі ешкім хабар берген жоқ.

Керек десең бас инженердің өзі жасырып қойған. Бұл не сұмдық?.. Жоқ, Қайыр бүйтіп директор бола алмас!

—Кім айтқаны несі?.. Мен айтам! Лабораторияда анализді мен жүргіздім. Қайыр стол жиегіне орнатқан электр түймені үрейлендіре қаттырақ басты, Лида шошып, «не боп қалды?» дегендей кабинетке асыға кірді.

—Мусинді шақыр! — Қайыр: «Сөз бітті, тағы не шаруаң бар?» дегендей Амировтің жүзіне шаншыла қарады. О да сезгендей:

—Тағы да азын-аулақ шаруам бар еді... кейін! — деп күбіжіңдеп түрегелді. Қайыр жібермеді.

—Айтсайшы!

—Айтсам — жақында жаңа үй алғам жоқ па? «Ерулік» сияқты кешіміз бар. Соған шақырғалы келдім.

Қайыр күлді:

—Ерулікті беретін біз, біздің жанымызға көшіп келген сен емеспісің?

—Әй, бәрібір де! Сен — бізге көрші, біз — саған көрші. Орыстар — «новоселье», қазақтар ерулік дейді...

—Но-но...— Қайыр да күліп басын шайқады.

Амиров сөзін аяқтап үлгірмеді, сыздана басып Мүсілім келді. Қайыр Амировқа «жүре бер» дегендей ым қақты да, бетін Мүсілімге аударды.

Бітік көзі көзілдіріктен жөнді көрінбейді. Басы айнадай жалтырайды.

Мүсілім жайдары, күлімдеп арбай кірді. Қайыр үнсіз басын изеді де ызғар шақырып, қабағын түйді. Мүсілім де ажуалай езу тартып: «неменеге кісімсісің? Сенің менсіз күнің бар ма!» дегендей. Қайыр солай ұқты.

Қаншама өзін-өзі тежеп ұстаса да, сыр білдіріп алды. Дауысы дірілдеңкірей шықты.

—Түнгі смена болаттың керекті маркасын құйып бере алмапты ғой?

—Білем! — деді Мүсілім сызданып.

—Ертемен неге айтпадыңыз?

— Кіріпем, жоқболдың, — деді Мүсілім, пішіні — ушықтырмай ынтымақ шақырған кісінің пішіні.

—Мүсеке, мен сізді жаны ашыр жақын деп, сеніп жүрмін... Но, мен

директор болғалы осы завод баяғы қарқынынан айрылып қалған сияқты. Ай сайын жоспары құлдырап төмендеп барады. Бұ қалай? Неге бақыламайсыз?

—Қайыржан-ау, менен дейсің бе? Смена начальниктері өз алдына бір төбе... тыңдамайды... бағынбайды...

—Кім сонда? Қайсы бағынбайтын?

—Кім дейсің бе? — Мүсілім күлімсіреп Қайырға: «Пай, шіркін, білмей отырғаның? Дәмешті қайтесің?» дегендей емеурін білдіреді. Қайыр да бала емес, түсініп отыр, бірақ, «ағасының» өз аузынан естігісі келеді.

—Бірінші бағынбайтын Сағатова! — деді ол аз кідіріп.

—Әркімнің бір жауы бар. — Қайыр еңкілдеп күлді. — Соған әзірше тимесек дейм, Мүсеке!..

Мүсілім мұндай сөзді күтпегендей Қайырға таңдана қарады.

—О не дегенің бауырым-ау? Үстімізден балағаттап арыз жазады, масқаралап газетке шығарады... Мен саған, Қайыржан, анада айтқам: не мені, не оны таңдап ал!.. Мен енді онымен оттасып отыра алмаймын!

Сөздің қысқасы осы... — Мүсілім сөз арасын бөліп, аяқтамай тоқтады.

—Ондай бірге істеспеймін деген ойыңыз болса, арыз жазыңыз, шешейік!

— Қайыр да дипломатияға көшті. Мысқылдаған адамдай, даусы ойнақы, шым-шым.

—Қайыржан, әзілдеп отырған боларсың?

Әй, әккі түлкі!.. Қайыр ойының түп нысанасын сезініп қалды.

—Жоқ, шыным!.. «Сен бас инженерге ұнамайсың, жүре бер!» деп қызметтен қалай босатам?

Мүсілім де мырс-мырс күлді.

—Неге олай дейсің?.. Айтып отырғам жоқ па, іске селсоқ, салқын істейді. Бағынбайды деп...

—Рапорт жазып дәлелдеп, маған алып келіңіз! Мүсілім көзілдірігін орамалмен сүртіп қайта киді.

—Ол кезең де алыс емес... Бұл қалпымен салақ істей берсе... Лида тағы да есіктен сығалап:

—Қайыр Рахимович, сізді Қарағандыдан совнархоздан телефонға шақырады! — деді.

Әңгіме шорт үзілді.

III

Поезд Қарағандыға таңертең ерте келді.

Асқар вагонның терезесіне жабысып, вокзалды асыға күтеді. Жүрегі

лүпілдеп, көзіне жас іркіледі. Қазір поезд да тоқтайды, жалғыз бауыры Дәмешті көреді, құшағына алып сүйеді, аласұрған жүрек толас табады. Вагон дөңгелегінің жүрісі Асқар жүрегінің ырғағына дөп түсіп, қатарласа жарысады. Бұл жерді көрмегелі міне он бес жыл: талай су ағып, талай сайға құйды. Ия, он бес жыл бір адамның өмірімен санағанда бір есептен аз да, бір есептен ұзақ уақыт!

Дүниеге жаңа ғана көзінді ашып, талпына бастағанда, қанат бітіп, әлемді қызықтай самғағанда он бес жыл аз өмір, ал, ақыл толып, өз бағасын білген адамға бұл — ұзақ өмір, адам он бес жылда талай еңбек сіңіре алады...

Асқардың соңғы жылдағы философиясы осы «мезгіл-мерзім» мен байланысты: дүние жүзінде екі миллиардтан артық адам бар, соның әрқайсысы он бес жыл жасағанда неше жыл, неше ғасырға айналатынын кім есептеген? Сол екі миллиардтан аса адам соғыс болмай он бес жылдан жақсы еңбек сіңірсе, өмір азығы қандай қорланар еді. Кім соны санапты? Осы есептен халық бақыты да тумай ма? Халық бақыты — асқар биік алтын сарайға ұқсаса, жеке адамның бақыты соның бір кірпіші емес пе? Сарай іші халыққа қажет азыққа толса, әрбір азамат тоқ та, көңілді де емес пе?

Асқар өзін бақыттымын деп санамайды. Шіріген жұмыртқа! Қазір, міне он бес жылдан кейін не семья жоқ, не саулық жоқ, жастығын Сибирьде тастап, қуарған қу басы елім бар, жұртым бар деп келе жатыр. Кім білсін, сол елінің қалай қарсы аларын...

Поезд ырғалып кеп вокзалға тоқтады. Вагон ішіндегі жұрт бірін-бірі итермелеп, жөңкіле сыртқа ұмтылды. Асқардың қолындағы көнетоз чемоданын біреу қолынан қағып, түсіріп жіберді. Оны көтеріп алғанша, тықсырып, шетке шығарып тастады. Сөйтіп, Асқар асықса да, жұрттың алдын ала тамбурға шықты.

Вагон аузында шуылдасып ентелеп тұрған бір топ адамның ішінен Құрышпай көзіне бұрын ілінді. Кемсеңдеп, көзін жыпылықтата береді, жылаудың аз-ақ алды. Қайран Құрышпай, қымбатты сабаз! Еңкейіп, жауырыны күжірейіп кеткен, тегі кәрілік жеңе бастағанау!.. Апырмау, Дәмеш қайда?

Асқар жиылған топты көзімен аралап, далбаса боп тұрғанда, дәл иегінің астынан:

— Ағатай! — деді. Төмен қараса вагонның аузында сатымен түсіп келе жатқан Асқарға телміре қарап, көзінде жасы мөлтмөлт етіп Дәмеш тұр. Енді бір қадам аттаса, Дәмештің баурына құлайды. Айналайын! Қандай жақсы өскен, қағылез нәзік дала гүлі! Асқар өмірінің бақыты! Дәл әкесі сияқты: мөлдіреген қарақат көзі, қою біткен қара қасы — Сағатовтардың

тұқымына жазған таңба — белгісі. Асқардың көзінен жас ыршып-ыршып кетті. Егіле жылаған қарындасының қайта-қайта бетінен, маңдайынан, қолынан сүйіп, мауқын басты да, Құрышпайды құшақтады. Бұл — өмірде айнымайтын дос, аспан айналып жерге түссе де өзгермейтін, өз бетінен қайтпайтын табанды да берік адам! Жұрт:

«Асқар — жау!» дегенде, бұл: «Жоқ, жалған!» деп қолды бір-ақ сілтеген батыр! Жанындағы жақынына сене білген тұрақты кең пейіл адам! Сонда сол сөзді айтқызған оның таза жүрегі!..

Тағы кім келді екен, Асқарды қарсы алуға?.. О, мынау тұрған орта бойлы қызылшырайлы жігіт — Құрышпайдың баласы болмағай еді!.. Асқар әрқайсысының көзіне тесіле қарайды — алдымен адал ниет, қуаныш іздейді. Осы келген азаматтардан бар тілейтіні: аямаса екен! Асқар «сорлы, бишара» боп қайтып отырған жоқ. Асқардың — ары да, намысы да таза, совет азаматы қатарында қайтып отыр!..

Жолшыбай Теміртауға жеткенше, улап-шулап, бірінің аузындағы сөзін бірі қағып ап, мәре-сәре боп келді. Әсіресе, шаттана күліп, жүрек сырын шерте сөйлеген Дәмеш. Бірнеше күн ұйқы көрмей туған елді, туыс-досты сағынып, аңсап келген Асқардың да көңіл күйі шегіне жеткендей.

Арқа табиғатының көрінісін де Асқар өзінше ұқты: күн де бүгін төңіректі алтын арайға әдейі бөлеген тәрізді. Тебендеп жаңа шығып келе жатқан көкпеңбек егінде көк барқыт кілемдей құлпыра түсіпті. Арқаның самал желі жібек шәлідей машина доңғалағына оралып дыр-дыр етіп жыртылып жатты. Ақтамақ, қызыл кеуде қарлығаш екеш қарлығаш та Асқарды танып, машинаның алдын орап босатпайды.

Мұздыбай дөңінен асқасын Теміртау заводтары мойнын созып «кім келе жатыр?» деп таңсық еткендей.

Мұның бәрі туған жердің құрметі! Алыста жүргенде Асқардың сағынғаны Арқаның осы бір құлпырған көкмайса жері мен таңырқай да қуана қарап отырған осы достары. Азап-бейнет, қайғы-қасірет — бәрі де артта қалғандай. Адам нәпсісі мешкей емес қой, достым!

—Ағатай, неге үндемейсің? Бізді жатырқап келесің бе? — деді бір кезде Дәмеш еркелеп, қатар отырған ағасының кеудесіне басын төсеп.

Асқар күлді:

—Жоқ, айналдым, туған жердің әуесіне маужырап, жаным рахат табады!

—Тиышын алмаңдар, өзімен өзі болсын! — деді Құрышпай шулаған жастарға тежеу салып. — Мен де өз басымнан кешкем. Түсінем! Баяғыда төңкерістен бұрын Кәрден байдың жылқысын ұрладың, «конокрадсын» деп, мені жер аударған-ды.

Сонда тайгадан қашып, Іле келгенде сағынғаным сондай, жата қап жерді

сүйгем...

—Жерді сүйдім? — деді Дәмеш сенбеген пішінде қайталап сұрап.

—Ол сөкет пе, балам?... Адам алыста жүргенде ең алдымен жерді сағынады. Жерді анаға теңеу содан шыққан. Сендер әлі жассыңдар, не білесіңдер? Туған жердің топырағына аунау кісіні бір жасартады! — деді Құрышпай.

—Ағатай, сіз де аунаңыз, жасарар ма екесіз! — деді де Дәмеш күліп, іле қолымен аузын басып, қызара: — ғапу етіңіз... менмен...

Асқар мен Құрышпай қатар күлді. Рульде отырған Ораз түсінбей, жанындағы Дәмешке көз қиығын аударды.

—Асқардың әлі қартайтын жасы ма? Осы сен нешедесің?

—деді Құрышпай.

—Қырық бес мүшелім.

Николай Иванович бастаған бір топ қонақ: домбырашы, дөңгелек бет дембелше инженер — лаборант Амиров; тапалдау, шауқар прокат цехының инженері, өзі әнші — Қасымов; ұзын бойлы, талдырмаш инженер, Дәмеш сияқты смена начальнигі, биші Базарқанов бар, сау етіп жетіп келді.

Дәмеш: «Әлі жарты сағат бар!» деп тамақты столға жасап қойып, асықпай киініп жатқан-ды.

Иван Иванович пен Құрышпай есік алдында қонақтарды қарсы алып, бастағы жиналғанша бақшаға жіберіп тұрды. Жастар даурыға-дабдырлап, үйге кіріп, Дәмешті құттықтамақ болып еді, Лида босағадан әрі аттатпады. «Киініп жатыр!» деп, бақшаға жол сілтеді... Тағы кімді шақырған еді? Ажар өзі де келмейді. Құрышпай: «біздің үйде өткізсек қайтеді?» деп қыңқылдап еді, Дәмеш оғанкөнбеді. Ажардың қас-қабағынақарапжалпақтағанша, шалдың үйінде өзі қожа болғаны артық емес пе? Ақмаралға хабар айтып, кісі жіберсе... Жоқ, өзі кеп амандық жасаса, қоса салар, әйтпегенде, шенетіп, асты-үстіне сығалатып қайтеді...

Қайыр үйде болмады. Қарағанды кеткен-ді. Айша апайға телефон соғып, хабар беріп еді, жүрегі жарылғанша қуанды, жылап та жіберді. Бірақ, Айша апай: «Мүсілімді шақырма, бармайды — көңілің қалады!» деп кеңес берді. Өзі «бас кезінде болмаса да, аяқ шеніне қарай барып қалармын!» деді...

Қонақтар тегіс жиналды ма екен? Күміспек, Ораз әлі жоқ, олар қайда жүр? Дәмеш шар айнаның алдына барып, өз көркіне сын көзімен бір қарап, баға берді. Ақ жібек көйлектің етек жағы делдиіп, белін қынап, мүсініне аса бір ерекше сән бергендей. Қарақат көзі күлімсіреп, қызыл сүрме жақпаса да ерні қызарып, үлбіреп тұр... Ұшты мұрнының желбезегі сәл діріл қағып, іштегі терең ойдың әуенімен қою қара қасы бірде доғадай иіліп, бірде

сызықтай жазылады.

Дәмеш өзінің киімінен, өңінен мін таба алмады, риза. Енді қонақтарды қарсы алуға болады: әуелі демалып жатқан ағасын оятып, сонсын бақшаға барды.

Бұл кезде бақша ішінде думан қызып: күлкі сылдырап, судай тасып, ән де қала үстінде шарықтай бастаған-ды. Дәмешті көріп жас инженерлер алқа-қотан қоршап ап, кезек-кезек құттықтап қолын қысты. Думан қайта қызды, Амиров домбырасын безектетіп, күй ойнады, домбыра күйіне елігіп, Базарқанов билеп кетті.

—Бұл Дәмешке арналған би! — деді ол қамшы орнына шыбық үйіріп, Дәмешті айнала шауып. Ара-арасында қиқулап, өзін-өзі демеп те қояды.

—Уай, пәлі-ай! — деп Қасымов та кавказ биіндей қолын ұрып, қыздыра түсті.

Базарқановтың биі аяқталмай, бұйра шаш тентек Генка көлденеңнен киіп ала жөнелді. Шоқақтай жортып, Базарқановтың алдын кесті де, қанатымен жер сүйретіп, тауық қорғаған әтештей, Дәмешті шыр айналды.

—Жеңді-жеңді! — деп жұрт айғай салды. У-ду басылмай ақ, Қасымов кең баяу ән шырқады. Қасында Иван Иванович бар бұларға Құрышпай да қосылды. Киім киіп Асқар да шет жақтан кеп, тұра қалды. Оны жұрттан бұрын Дәмештің көзі шалды.

Жақын адамның жүрегі қатар үндес соғатыны несі екен?

Елдің ән-сауығын сағынған Асқар бар ықыласымен, сүйсініп тыңдайды: тұтаса біткен қою қара қасы, бұрынғыдан да гөрі қарайып, кең маңдайы қатпарланып, қой көздерінің айналасына құс қанаты тәрізді тарам-тарам әжімдер пайда болды. Дәмеш ағасына қайта-қайта қарайды.

Ағасы кісілердің тасасына түсіп көрінбей қалды. Ұялды ма, жоқ жастардың біреуі байқамай иығымен қағып қап, кейін сырғытып жіберді ме?

Дәмеш кештің осылай шатты басталғанына риза. Ұзақ жыл жол жүріп келген адамға мұндай жылылық жүректе қатқан тоң мұзды да ерітпей ме? Туған ел, Отан үшін ұмытылмайтын бейнет, кешірілмейтін өкпе бар ма? Іле Дәмеш дәмге шақырды. Қонақтарды стол басына тегіс сиыстырып, әрқайсысына орын тауып берді. Серегін Дәмеш пен Ораздың ортасына отырды.

Николай Иванович жиылған топты көзімен бір шолып өтті: төр алдында — Асқар, оның оң жағында Дәмеш, сол жағында Құрышпай, оған таяу Иван Иваныч. Столдың екі жақ қанаты толған жас инженерлер, цех мастерлері, Ораздың бригадасы.

Директор жоқ, бірақ Қайырдың өзі болмаса да, шешесі болуы келісті-ақ

еді... Және бас инженерді неге шақырмады екен? Бұ да қате!..

Дәмеш тойды Құрышпайға аштырды. Құрышпай тамағын кенеп, көзін шүйіріп, Асқарға оқтана қарап ап сөзін бастады:

—Дос-жарандар! Бұл той кім үшін жасалғанын білесіздер! Бұған кінәлі мына отырған — Асқар, Дәмештің ағасы. — Құрышпай сөзін неден бастарын білмей тұрғандай тұтығып қысыла сөйледі. Серегин таң қалды. Шалдың той бастап жүргені бүгін емес. Неден қаймығып, неге жасиды? Ойын тежеп, сәл мүдірген Құрышпай, сөзін жалғап:

—Менің көңілім бұзылып, аузыма сөз түспей тұр, ғапу етерсіңдер, балалар! Аз сөз алтын. Қайтсе де аз сөз сөйлеу керек. Солай емес пе, Иван Иванович? — деді.

—Ау? — деді ол қазақша, ойдан сергіп. Жастар бұл сөзге ду күлді: бас инженердің «ауы» естеріне түсті және де шалдың сөзі мысқылдап әдейі айтылған тәрізді шықты. Дәмеш «Сөзге қонақ беріңдер!» деп дырду-шуды зорға басты.

—Бүркіт қартайса, тышқан аулайды. Сол сияқты менің сөзім ұсақтап кетті ме, балалар көбірек күлді, — Құрышпай да ақысын жіберетін емес.

Құрышпай тыныстап, сөзін нәштеуі, айтысқа түсер шешеннің желпінісі сияқты көрінді Серегинге. — Әзіл өз алдына. Енді бір мағыналы сөзге көшейік! — деп бір тынды Құрышпай.

—Мынау отырған қазақтың жақсы азаматы, біздің құйып жүрген болаттан берік большевик! Олай дейтінім, мен бұл азаматтың өз басын ғана емес, ата-бабасын, үрім-бұтағын, әке-шешесін, туған туысын бес саусақтай білем. Осы баланың әкесі — әділетті жақтап халқына бақыт іздеп сандалса, ағасы — сол бақытты тауып, еліне социализмнің гүл-бақшасын екті. Содан қалған мына екеуі. — Құрышпай қолымен Асқар мен Дәмешті нұсқады: — Біреуі — азап шегіп, бейнет көрсе де, адамшылық арын сақтап, қайтадан ұясына оралып отыр! — Жастар ду қол шапалақтады. — Ия, олай дейтінім: менің қолымда бір ақтайтын дәлел бар. Осыдан он бес жыл бұрын, бір күні түнде, осы азамат үйіме кеп: «Құреке, мен сізге өзімнің арымды, намысымды, ұжданымды аманат есебінде тапсырғым кеп отыр. Өлсем қарындасыма, өлмесем, өзіме тиіс қыларсың... Менің өзімде қалдыруға реті келмей тұр. Қара бұлт тағы да басыма төнді. Екі жылдай фашисттердің пленінен тығып, аман-есен алып кеп едім»... деп, ойып алған тіліктей партия билетінің номерін табыс қылған. Сол билеттің номерін мен де сақтап келдім, енді осы отырған халайықтың көзінше табыс қылам! — деп Құрышпай өзінің партия билетінің ішінен күңгірт қызыл цифрлар жазылған тіліктей көк қағазды алып Асқарға ұсынды.

Асқар ұшып тұрып қағазды алды да билетінің номерін сүйді. Дірілдеген

қолымен паспортының арасына салды да, Құрышпайды құшақтап, еңіреп жылап қоя берді.

Дәмеш те шыдай алмай, қатар жылады. Жастардың ішінен біреуі ұшып тұрып: «Интернационалды» бастап жіберді, қайсы екенін Серегин аңғара алмай қалғандары ере түрегеп:

«...Бұл болар ең ақырғы...» — деп, үйді басына көтерді.

Серегиннің арқасын құмырсқа жыбырлатқандай, денесі тітіркеніп ұшып тұрды, Асқардың қолын қысып, шын ба дегендей шаншыла қадалды.

Асқар бұл үнсіз сұрақты ұққан тәрізді. Жымиып, жылы жүзбен жастарға бұрылды:

—Жаныңдағы досыңа, жақыныңа сену — адам баласының ең қымбатты қасиеті. Сенім бар жерде адалдық та әділет бар! Мен кейбіреуден сенім таба алмай қорлық көрдім. Бірақ, біздің ұлы дана партия сенді маған!.. — Аржағын ол айта алмай, булығып отырып қалды...

...Стол үсті толған тағам: суыған қазы-қарта, тауық еті, жұдырықтай қызыл-күрең тоқаш, қыстан шыққан тұзды қияр, қарбыз, иісі бұрқырап, тола келген табақ-табақ ет, арак-шарап —бәрі де лезде тып-типыл болды.

Шайды тоспай шалдар басқа бөлмеге ауысты да жастардың кейбірі жұмысым бар деп рұқсат алып тарай бастады. Кейбірі шылым тартуға тысқа шықты. Стол басында Асқар мен Дәмеш, Серегин мен Ораз өзара әңгімелесіп отыра берді.

Келген жастардың ішінде қызып қалған жалғыз Ораз. Қолын ербеңдетіп, көбірек сөйлеп, ыржалаңдап күле берді. Асқар аң-таң: Ораз осындай ұшқалақ, жеңіл ме еді? Арақты жиі ішкен адам, аузына тисе — ләйлиді деуші еді. Тегі, күндіз де қағып алған кісінің түрі... Ораз Асқар алдындағы арақ құйған графинге ұмтыла бергенде, Серегин одан бұрын қағып ап, Асқармен екеуінің ортасына қойды.

—Менен арақты да аядыңыз ба, жолдас хатшы? — деді ол шашын жұлқылап, көзін алайтып.— Чечен Ығламбекті менің соңыма салғаныңыз аз еді, ә?

Көз қиығымен бақылап отырған Дәмеш:

—Ораз! — деді дауыстап. — Сені, әне атам шақырып тұр!

Құрышпайдан сескене ме, жоқ, сыйлай ма, селк етіп, басын жоғары көтерді де, столға сүйеніп, арт жағын зіл басып жатқандай зорға түрегелді. Теңселе басып босағаға соғылды, аржағынан

«тентек Гена» мен «қуақы Қуан» келіп, қолтықтап алып кетті. Серегин: «Көрдің бе?!» дегендей Дәмешке иек қақты. Дәмеш кінәлі кісідей төмен қарады.

Тыстан Лида кіріп Дәмештің құлағына бірдеме деп сыбырлап еді, ол қуана

секіріп, тысқа атылды. Енді бір сәт ол — орта бойлы, балғын денелі ақсары әйелді қолтықтап алып кірді.

Асқар өзіне-өзі сенбей, көзін жыпылықтатып таңдана қарады.

—О, жалған, Айша ғой? Дәмеш күн бұрын неге айтпады? Мана бір сөзінде: «Сюрприз жасайым, сонда есіңнен танып қалма, ағатай!» дегені осы екен ғой? — Асқар мән бермей киім-кешек пе, деп қоя салған-ды. Бұдан артық не сыйлық, не құрмет, не жақсылық керек? Асқар орнынан тұрып, аяғын бір басып, екі басып қарсы жүрді. Күліп, қуана құшақ жаюдың есесіне, Айшаның алаулаған жүзіне, жасаураған көзіне үнсіз таңдана қадалды. Айша да талмаурап, не ілгері, не кейін баса алмай, сілейіп босағада тұрып, қолын созды.

Асқар ыстық лебімен күйдіре қолын сүйді...

...Уақыт — кемпірдің үйірген ұршығындай айнала берді. Түн ортасынан ауды. Стол басында Асқар мен Айша ғана қалды. Қонақтар түгелдей тарады. Дәмеш пен Лида ас үйде ыдыс жинады.

Асқар көзін Айшадан алмай қинала қарайды, осы бір мезетте жүректе тұнған өкініш-арманын, қызғаныш-ренішін тегістей жеткізіп, өзінің адал ақтығына Айшаны сендіргісі келеді. Айшаның көз қарашығынан сенімсіз күмән тапқандай үңіледі. Әлгі бір әзірде байқап та қалған секілді ме еді? Он бес жыл бойы Айшаның жүрегінде шер боп қатқан: өсек-қарғыс, бір көргендеақ көктемгі мұздай еріп кете ала ма? Сөйтсе де сүйген адамы бір жақсы лебіз білдіріп кетсе, өткен күндер онша ауыр да тимес еді... Кейде жылы тартып күлімсіреп, кейде үркіп, томсырайып отырған осы Айша кешегі сүйген жары. «Ертең той қыламыз» — деп уәде байласқан күні жер жұтып қойғандай Асқар жоқ болды. Енді бұл біреудің әйелі — қолынан ұстап, жанына жақындауға да еркі жоқ... Айшаның көзінен баяғы жалынды махаббаттың жұрнағы табылмайды. Бөтен адам боп кеткен!

Бұған кім кінәлі?.. Бастан-аяқ тәптіштеп Асқар айтса қайтеді Айшаға? Одан не түседі? Енді Айшаның махаббатына иелік қыла алама?

Тілініңұшындағысөзді, тіс арасынасап, қысып шығармады Асқар. Келіп, амандық жасап, ниет білдіргеніне рахмет! Әлі болса да, жүрек түбінің бір қалтарысында сақтап жүргенін айтсайшы... Адамшылық!

Асқар шығарып салам деп бірге көтеріліп еді, Айша көнбеді, Дәмеш пен Лиданы қалап, солар алып кетті. Бірақ Асқар дөңбекшіп, түн өрінде қашақ қиялды түлкі қуған аңшыдай дөңгелете қуып, бір жете алмай-ақ қойды. Айша күйеуге тиген! Тимей, — он бес жыл хабарсыз кеткен адамды күтіп отырсын ба?.. Әлгіде жолдасың кім деп сұрамапты да. Кімге тиді екен?..

Асқардан артық көрікті де ақылды болар.

Ұйқысы құрғыр қайда кетті, көзіне біреу ине тіреп қойған ба,

жұмылмайды!..

Айша кербез де сымбатты, байыпты әйел болған. Баяғы жұқа өңді, талдырмаш қыз емес, толған. «Он жасар қызым бар» дедіау! Ия, Айшаны алған еркек, кім де болса бақытты!

IV

Қайырдың: «...Мен директор болғаннан бері завод бұрынғы қарқыннан айрылып қалды» — деген сөзі соңғы күндері Мүсілімге көп ой салды. Директор бұл сөзге қандай мән берді екен? Әрине, ол: «Мен нашар директор болдым, басқара алмадым» деп өзін-өзі ұстап беріп отырған жоқ. Ол — сүттен де ақ. Қайыр сөзінің төркіні:

«Сенің тәжірибең мол, бас инженер едің, мені менсінбедің, ісіңе салқын-салақ қарадың. Кінәлі сен!» дегені.

Мүсілім езу тартып, жымыды. Қайыр — інісі қаншама әпербақан болса да, өлер жерін біледі. Бұл — Мүсілімге көрсеткен қыры. Әлбетте, Мүсілім аяғын санап басып, сақ болғаны жөн... Шыныға келсе, завод айлық жоспарын зорға орындап шықты. Оған бригаданың бұрынғы қарқыннан айрылып қалғаны себеп. Бұрын сол бригада жақсы өндіруші еді...

Қайыр — ыстық-суығы басылмаған жас директор — үйірге жаңа түскен шақар айғырдай, қылшылдап тұрсам, абырой-атаққа ие боп, көзге түссем дейді. Ондағысы, мансап баспалдағынан өрлеп, көтеріле беру — басқа не ой бар дейсің?

Мүсілім де қамсыз жүрген жоқ; інісінің басқан қадамы Мүсекеңе бесенеден белгілі, інісінің ептеген «тентектікбілместігін» де ертең керек болатындай саусағымен санап қояды. Қазірдің өзінде-ақ екеуі қырғи-қабақ, келешекті құдай біледі... Мүсекең баяғыдан бері «шошқа тағалап» жүр дейсің бе, даужанжалдың тәсілін үйренген. Әрқашан да қойнына тас сала жүруді өмірдің өзі үйреткен-ді. Жасы елуден асты, жақсы-жаманды көрді.

«Қап, әттеген-ай!» деп, ертең бірдеме болса, опық жеу Мүсілімге лайық па? Жүрек түбінде: «ертең Қайыр тайып кетсе», директор Мүсілімнің өзі болып қала ма деген де үміт жатыр. Хе-хе. Қалыңдығымен екеуі біраз мүйіздесіп алса, екі ортада Мүсілімге де жем түсер еді... Қалайда Қайыр мен ол қыздың арасын ашу керек. Бірлесіп кетсе Мүсілімге оңай тимейді, онда бұл заводтан абырой алу қиын. Ия, айтқандай інісінің жұқа жерін тапқан екенау. Ол — Мүсілімнің қолында, сілтесе оңдырмайды. Оны жеңіліп бара жатса ғана жұмсайды. Інісінің: «қазақтан құрыш қорытушы, шойын құюшы дайындау керек» деген сөзі — Мүсілімнің ойлап таппайтын сөзі. «Қазақ» деп неге бөледі ол. Осының өзі... қайда апарып соғар екен? Жап-

жап аузыңды! Тірі пенде білмесін, Мүсілім! Кейде ұйықтап жатып, дауыстап айтып қап, оны Айша естісе... құрысын!

Ау, заводтың жақсы істегені артық! Бірдеме болса, алдымен Мүсілімнің өзіне тиеді... Қайыр «салақтық» жасадың деп сөксе де, Мүсілім ондай мемлекетке зиян келетін жағына аяқ баспайды. Осы себепті де Мүсілім қызметтен кеп, тамақ ішіп біраз тынығып алған соң, түнде заводқа тағы барады. Цехтарға телефон соғып, жұмыс жайымен танысып отыратын әдеті. Бұл тек қана Қайырға көрсеткен қыры емес, ешкімге сенбейді. Кім біледі...

Бүгін де сол әдетпен Мүсілім қас қарая заводқа жақындай бергенде, сайтандай Ығламбек жанаса кетті.

—Ба, ақсақал, мұнда неғып жүрсіз? — деді ол көзімен ойнақшып, ұзын қияқ мұртын бүгілген саусағымен сипалап.

—Неғып жүргені қалай? — Мүсілім таңдана сұрады.

—Инженер Сағатованың ағасы келіп, инженер біткен соның тойында. Сіз неғып бармадыңыз дегенім?

—Ағасы?.. Қайдағы ағасы?

—Сибирь жақта жүрген бе немене...

—Асқар Сағатов па?

—Білмеймін, әйтеуір ағасы дейді.

Кенеттен біреу тап бергендей, Мүсілім селк етіп, өңі қашты.

Булығып, тынысы тарылды.

Қайтып үн қатпастан жүре берді. Заводқа келіп кабинетін ашты да, шам жақты. Мең-зең, сылқ етіп диванға отыра кетті.

Черт!.. Қара жолда көтерілген құйындай, қаралы ой Асқардың маңында дөңгелене ұйтқыды. Ойда-жоқта қайдан пайда бола қалды бұл соғынды! Жерден шықты ма, көктен түсті ме? Қайтып келеді деген ой Мүсілімнің есіне де кіріп шықпайтын... Осыдан үш жыл бұрын, осы сияқтылар ақталып қайтып жатқанда, біраз күн қиналды да. «Апырмай, о да қайтса, бетіне қалай қараймын?.. Сөз таратады-ау?!» деп ары темірдей күйдіріп, шыдатпады. Содан, бір жолыққанда, Құрышпайдан шет жағасын сұрап көргенде, ол: «Ұшты-күйлі хабарсыз, өліп қалған болу керек» деген-ді. Шыны сол ма, әлде жасырды ма? Кім білсін...

Апырмай, бәрінен де Айша естіп қойса ше?.. Енді естімегенде несі қалды!.. Мүсілімнің маңдайынан тепшіп суық тер шықты, қалтасынан орамалын алып, басын сүртіп, ерсілі-қарсылы жүре берді. Еденге төселген кілемнің қошқар мүйізді оюларының арасынан: «Әй-әй, Мүсілім, жауапты қызметте болған азамат едің, менің үстімнен жала жауып соттаттың...

Қалыңдығымды тартып алдың!.. Не жаздым саған осынша әурелейтін?»

деп сөгіп тұрған қою, тұтаса біткен қара қасты еркектің кейпі елестейді... Мүсілім көзін уқалап терезені ашты да, таза ауаға бетін тосып, қозғалуға мұршасы келмей тұра берді.

Осы бір кешкі жолдары кешегі өмір өзгеріп бара жатқан секілді. Мұның аяғы қайда барып соғар екен? Бұрын аяқ астынан «жау» табыла қалушы еді, бүгінде бәрі адал-ақ. Ау, жаным-ау, адамға сену дегеннің өзі?.. Бір есептен, ол баяғыда адал-ақ бола қойсын. Айшаны қызғансын... Сенімсіз адам деп көрсетсін-ақ, сонда осы Асқар он бес жылдың ішінде сол таза, адал-ақ қалпында қайтты ма? Ең құрығанда, жүрегінде бір ілік қалған шығар. Адам ғой, тіптен Мүсілімге деген кегі өшпеген болар... Сонда, Мүсілім екеуі қалай бір көшеде жүре алады? Сия ма? Ау, жаран! Бұл өмірдің өзі не боп барады?..

Бұрын жұрт бедел сыйлаушы еді, бүгінде ешкімнің бет-жүзіне қараудан қалды, бас сап, сынай бастайды. Ең артық, пәлен жыл өкімет басында отырған Кішкентайдың баласының өзін түйедей жүндеді... Бишара, десейші...

Ойын түйе алмай, сандалып көше кезіп Мүсілім үйіне кешірек оралды. Айша мен қызы шырт ұйқыда болар, оятып жібермей, жата қалғаннан артығы жоқ. Айша: «Қайда болдың? Өңің неге қашқан?» деп сұрай қалса ше?..

Мүсілім сыртқы веранданың есігін ашып, өзінің кабинетіне кірді. Шамды жақты да шешініп, пижама мен туфлиін киіп, ептеп басып, жатар үйге барды. Қараңғыда соқтығып, Айшаны оятып ап жүрсе, шатақ-ау...

Терезеден түскен ай сәулесінен үйдің іші күндізгідей жарық.

Айшаның кровати бос сықылды. Қой, мүмкін емес!

Мүсілім қабырғадағы жарықжібергішті басып қап, шам жақты.

Айша жоқ, кровать үсті бұзылмаған, таңертеңгі жиған жүк сол қалпы.

Айша қайда екен? Тоқта-тоқта! Шынымен сол үйге кеткені ме?.. Мүмкін емес!

Мүсілім жүрегін басып босағада сүйеніп тұрып қалды. Қой, емханаға күзетке кеткен болар. «Барам» деп бүгін айтпап еді ғой... Түнде талай шақырып әкететіні қайда?

Тик-тик — қабырғада ілулі тұрған үлкен сағат ықтиярсыз Мүсілімнің назарын аударды. Сағатқа самарқау көз тастады — он екіге 15 минут қалған. Ау, қайда жүр екен ол?.. Қайтадан кабинетіне барып, емханаға телефон соқты.

—Алло!.. Емхана ма?.. Доктор Мусина бар ма? Аржағынан суық тиген қырылдақ дауыс:

—Жоқ!.. Кетіп қалған! — деді.

—Қап!.. Алло... Сонда қанша уақыт өтті, кеткеніне?

—Үш сағаттай!..

Мүсілім телефон құлағын тастай беріп жалма-жан қайта киінді. Апасын оятып ап, сұрамақ болып оқтанды да, орта жолдан қайтты.

Айша ол үйге барам десе, Мүсілімнің апасымен ақылдаса ма? Сөз жоқ, сол үйге барды. Алдады! Қойнында жатқан күйеуін алдап, кешегі Мүсілімнің «қас жауына» тұра жүгіруі — қорлағандық!

Ентелей басып зырлап келеді. Ау, осы Мүсілім қайда барады? Ол қыз Құрышпай үйінен көшіп кетті демеп пе еді? Қайда көшкенін Мүсілім біле ме?

Ленин көшесіне бұрылып, Құрышпай үйінің алдынан өтті.

Шам сөнген, терезелері қап-қараңғы...

Металлургтер сарайының алдында улап-шулап топырлап жүретін жастардан бір де бірі қалмаған. Тегіс тараған.

Дырду-шу басылды, қала шырт ұйқыда. Сағат екіге айналды. Мүсілім верандада Айшаны әлі тосып тұр. Кім әкеп салар екен?.. Бір мезгілде қараңдап, мүйістен үш адам шықты, дауыстап, қоштаса бастады. Тұнық көшеде сөздері санқ-санқ естіледі.

—Айша апай, рахмет келгеніңізге. Ризамын! — деді, бұл — Дәмештің дауысы, Мүсілім бұлтартпай таныды.

—Алыстан алты жасар бала келсе, тоқсандағы шал алдынан шығар демей ме, еліміздің дәстүрі, сіңлім Дәмеш! Оған мойынұсынбай бола ма? Сонсоң Асқармен бір кезде дәмдес те болдық...

Айша сөзінің ар жағын жел қақты ма, естілмеді, сыбырға көшкендей. Түсінікті: «Және үйленбекші болып, уәде байласып едік!» дер. Басқа не десін? Кей түндер уһілеп, ұйқтамай шығатын еді, сонда осыны ойлайды екен ғой?..

Айша сатыдан көтеріле беріп, оң жақта верандада отырған Мүсілімді көрді. Екі көзі қараңғыда шыраандай жарқылдайды.

—Мүсеке, неғып отырсыз, ұйқтамай? — деді көтеріңкі дауыспен.

—Бұл не қыдырыс? — Мүсілім өзін тежей ұстаса да, дауысы құрғыр қалтырап кетті.

—Тойға шақырып, соған бардым. Дәмештің ағасы Асқар келіпті! Баяғы өзің білетін Асқар! — деді де, тоқтамастан өтіп жүре берді Айша. Жалтарып жалына ма десе, лақ еткізіп бәрін өзі айта салды-ау!

Енді не демек?..

Мүсілімнің жүрегін біреу инемен пісіп алғандай, шаншып, орнынан қозғалтпай, қолымен кеудесін басып отырып қалды.

«Баяғы өзің білетін Асқар!», бұл не деген сөзі?

Мүсілімнің ыңқылдаған дауысына Айша қайта оралды, жалмажан жүрегін тыңдап, дәрі ішкізді. Ертеңіне төсектен тұрғызбай жатқызып қойды: «Әзірше жүрек жүрісінде өзгеріс жоқ, кім біледі, бұл мотор ғой, кенет тоқтап қалуы да қиын емес!» — деді Айша таңертең қызметке бара жатып. Ауруды жанына батқан біледі. Түнде жүрегiнiң шаншып беймаза болғаны Мүсілімнің өзіне белгілі. Сондықтан да Айша сөзіне сенді де жата берді. Бірақ, нелер жыландай суық ойлар сумандап, бірі кіріп, бірі шығып, ішек-қарнын удай жалады.

Көзі қалғып бара жатса, терең шыңирауға түсіп кетеді де, қайта жоғары өрлеп, шыға алмай, терлеп-тепшіп, ерен қинала бастайды. Ертесімен кіріп: «Тамақ ішесің бе?» деген кәрі апасына да жөнді жауап қайырмады. Одан іле «папалап» қасына он жасар қызы да келді. Аздап көңілін аулап, ойын бөлген сол — баласы. Жүрек-мүреkte Әлияның ісі болған жоқ, әкесінің жанына отырып ап көрген киносын, құрбы-замандастарын сөз қылды... Сиырдың тұяғындай ағаш аяғы сырт-сырт етіп, Серегин кіріп келгенде ол жан алатын әзірейілдей Мүсілімнің өңі қашып, үрейленіп, бір уыс боп жиырыла қалды. Осыны сезгендей Серегин де жылы сөзді бастырмалата айтып, арқасынан қаға келді.

—Ба, ауру деген аяқ астында!.. Сақтанбаса, омақата құлатады... Соңғы кезде ақсақ аяғым сырқырап, ерен ауырады. Әсіресе бұлт күні — кесіп тастаған бақайларыма дейін сырқырайды-ау... — деп бір тынды. Мүсілім сескене тыңдайды — кім біледі, ар жағында бір қитұрқысы тұр ма? Серегин маңдайына түскен селеу шашын басымен шұлғып қап, орнына түсіріп, күлімдеген көк көзін Мүсілімге қадай, сөзін жалғады.

—Аяғымнан қырық үшінші жылы Қырымда айрылдым. Біздің әскер Ялтаны тұс-тұс жақтан қоршағанда, немістер тығылар жер таба алмай, теңізге құлап жатқанды. Біздің батальон Симферопольден Ялтаға бірінші жол ашты. Сонда машинамен ағызып келе жатып, Алуштаның тұсында минаға кез боп, машина бір жаққа, шофер екеуміз бір жаққа ұштық... Есім жинасам, ба!.. Аяғым сынып кеткен. Қан атқылап жатыр, шап беріп екі қолыммен жарадан жоғары санымды уыстап отырып қалдым... Іле артқылар да жетті. Сөйтіп, өзіме-өзім дәрігер болғам! — деп Николай Иванович мырс-мырс күлді.

Бұл әңгімені неге бастады екен? Серегин сөзге сараң, тіліне сақ адам. Мұнда бір гәп бар, тегі... Әңгімені басқа бір арнаға түсірген ұтымды болар Мүсілімге.

—Түнгі сменада оқиғалар болып қалушы еді, «жаңалық» жоқ па екен? —

Мүсілім сұрауын сұраса да, қапы ұрды, Серегиннің көздеген нысанасын жақындатып берді.

—Тиыштық! — деді ол. — «Жаңалық» сол инженер Сағатованың ағасы кеп, кеше соған той жасады!

Бәсе! Бұл тұлкінің неге келгеніне түсінбей, Мүсілім күдіктеніп еді. Шөп басының қимылын аңғарып, сыр тартпақ-ау! Мүсілім енді «осы жоруым дұрыс па?» дегендей Серегиннің көзіне үңілді. Көк шыны ыдысқа құйған су сықылды, толқыны жоқ, тұнып тұрған бір көз.

—Ол пленде болған жау емес пе еді, қалай босанып келді екен?.. Срогін өтеп келді ме екен? — Мүсілім әдейі сөз тастады.

—Ақталып, ісінен ада болып, босанған тәрізді, — деді Серегин бұл неге сұрады деген кісіше Мүсілімге таңдана қарап.

—Айта береді де... Қайсыбірін алсаң да «ақталған» болып келеді. Сақтық керек, жолдас хатшы! — Мүсілім: «Түбінде бір шатақ болады, аяғыңды байқай бас!» деген сөзін осылай жеткізді.

О да солай ұқты:

—Сіздің көрінгеннен сезіктенетін әдетіңіз бар-ау осы... — деп мысқылдай күлді ол.

—Ақырғы күлген адам ғана жөнін тауып күледі дей ме, сіздерде? Өмір әлі алда, тоса тұрайық! Қасқырды қанша асырасаң да орманға қараған... Хе-хе. Серегин түсін суытып:

—Не деп отырсыз?.. Кімнің сөзін айтып отырсыз? — деді. Оның дауысы шыныдай шытынады. Мейлі, шабына от түссе, шығып кетсін. «Кімнің сөзін айтып отырсын?» Сонда өзі кімнің сөзін қайталап отыр екен?

—Мен жүрек түбінен қайнап шыққан сөзді айтам! — Мүсілім де танауын жұлқылап, сұстана теріс қарады.

—Онда жүрегің әлі лай екен, жолдас Мусин?

—Көрерміз тірі болсақ...

—Өткен қайтып оралмайды, алға қараңыз, жолдас бас инженер!

Серегин арнайы келген шаруасын да бітірмеді, қайта араларын бұрынғыдан да ушықтырып алды. Әуелгі мақсаты: Мусиннің көңілін сұрап білу де, сонсоң ептеп Дәмеш ұсынысы жайында сыр тарту еді, орайы келмеді. Сөз арнасы басқа жаққа бұрылып кетті. Бірақ осы келістің өзінен біраз сыр ұқты: ескі азықтан арыла алмай, өткенге жалтақтап қарай беретін адам екеніне көзін жеткізді. Бұрын тек «солай-ау!» деп жорамал жасайтын.

Дәмеш пен Мүсілімнің арасындағы кикілжіңге бұрын түсіне алмай келгенді, енді соған шешім де тапты. Мусин қызды да, ағасын да жек көреді. Оларға сенбейді! Адамға сенбеу деген мұның қанына сіңіскен ауру...

Серегин кабинетіне кірсе, Дәмеш тосып отыр екен.

—Сізді тосқаныма табандатқан бір сағат! Қалалық партия комитеті шақырды. Сізді ала кел деді! — Николай Иванович кірер-кірмес Дәмеш дүрсе қоя берді.

—Неге шақырғанын білмедің бе?

—Тағы да менің ұсынысымды сөз ғып жатқан болар.

—Сөз қылса ше?

—Директор жоқта сөз қылу лайықсыз ғой. «Менің кеткенімді аңдып тұрып, арыз жаза қойды!» демей ме?.. Онсыз да маған «арызшыл» деп атақ тақты. Дауды жек көрем!

—Принцип үшін күресу — арыз қуу емес!

—Бюрода қарап шештік. Уақыт та бердік. Ойлансын. Берсін жауабын! Содан кейін, ақыл қосып, біз де пендеміз ғой, бірдеме дерміз... Қымс етсе қалалық партия комитетіне жүгіре беру абырой бермес!

Серегиннің Дәмештен күтпеген сөзі. Жанын сап, болысып жүрсе, қисық түсінгені қалай?..

Қалалық партия комитетінің бірінші хатшысы Базаров аққұба, ашаң жүзді, егде тартқан кісі. Байыпты, өзі сөйлеуден гөрі шақырған адамының сөзіне көбірек құлақ қоятын-ды. Орнынан тұрып, жылы жүзбен қабыл алды.

—Әдетте, партия комитеті шақырса, коммунистер: «Неге шақырды екен?» деп қобалжып қалады. Ол жақсы қылық. Партия комитеті — ең қадірлі де әділ орын. Біреу көрген зәбірін айтып, әділдік іздесе, енді бірі — мұңын шағып, ақыл сұрайды. Ал, бүгін инженер Сағатовадан ақылды мен сұрамақпын! — деді хатшы.

Дәмеш қызарып Серегинге қарады. Серегин күлімсіреп хатшыға:

—Сұрауға неге болмасын... — деді.

—Жолдас Серегин, сіз неге бұ кісі үшін жауап бересіз? Енді Серегин қызарды.

—Ақыл қосуға жарасам...

—Жарайсыз... Ол мынау: үлкен заводқа партком хатшысы ғып жіберсек, істейсіз бе?

Дәмеш басын шайқады:

—Мен партия қызметінде бұрын істеп көргем жоқ... Оның үстіне мамандығымды игере алмай жүрмін....

—Бас инженер сізді басқарып алып кетеді деп ұсынған еді. Серегин Мусиннің құтылғысы кеп, итере салғанын енді сезді.

—Мусин ұсынса, онда бұл кісінің қолынан келмейтіні анық!

—Оны қалай түсінеміз? — деді Базаров көзін қадап.

—Әдетте, бастықтар жақсы қызметкерін оңай бере қоймайды. Не бір жерге жіберерде, не штатын қысқартарда ұнатпайтын қызметкерін ұсынады. Бас инженер, Сағатовадан құтылғысы кеп, ұсынып отыр сізге. Әйтпесе, Сағатованың партия қызметін атқаруға әлі өресі жетпейді. Жас!

—Ол неге үйтеді?

—Шет жағасын мен сізге анада ескерткем!

—Е, ұсыныс жайында ғой? Айтқандай, сіздің ол мәселеңіз немен тынды?

—Сегіз рет өлшеп, бір рет піш демей ме? Асықпай өлшеуде...

Жақында пішетін болар.

—Дәл, бұл кісі айтқандай болса, жақсы ғой, — деді Серегин килігіп.

—Енді қалай?

—Сейфке салып, кілтін үш рет бұраған сияқты. Серегиннің шамдана сөйлегеніне Дәмеш жымия күлді:

—Ғапу етіңіз, Николай Иванович, істі олай қиындата бермейік. Партбюрода әбден иі қансын деген пікірді өзіңіз де қолдағансыз!

—Дәмеш те өз ұтысын Серегинге жібермей бақты.

—Ақыл сөз. Сізден ақыл үйренем дегенім теріске шықпады... Жолдас Серегин, сен олардың қолдарын қаға берме!.. Ерік бер, ойласын!.. — деді Базаров, сөз бітті дегендей орнынан көтеріліп.

V

Бірақ Серегиннің сол сөзі екі күн өтпей-ақ Дәмештің алдынан шықты. Мүсілім төсекте екі күндей жатып тұрды. Жүрегінің шаншуы басылып, бойы сергіп, бұрынғы қалпына қайта келді. Айшаның дәрісі себеп болды ма, жоқ, қорыққанға қос көрінген, жай шаншу ма, әйтеуір, тез жазылды. Бұрын мұндай жүрегі қысып көрмеген еді, қартая бастағаны ма? Мүсілімнің қартайғысы келмейді, жұбайы жас, әлі де қызықты, тәтті өмір өткізсе деген тілекте.

Бұл Мүсекеңнің жылы төсектен тұрған беттегі ойы еді. Енді бір сәт асығып-үсігіп шайын ішті де, ентелей басып, заводқа барды.

Қайыр облыстан әлі қайтқан жоқ, завод иесіз, күн-түні бақылап тұратын «көз» керек, бет-бетімен бытырап, ауа жайылудан қашпайды.

Амандық жасап, жанынан өтіп бара жатқан жұмысшыларға Мүсілім үнсіз басын изеп, ауланың түкпір жағындағы мартен цехына қарай аяңдады.

Бұл асфальтті соңғы жылдары Мүсілім өзі төсеткенді, сондықтан бұған айрықша көңіл аударады: бүлінген, тесілген жері болса, қайтадан цементпен құйдырып, бүтіндеп тұрады. Өйтпесе болмайды, ертең бүкіл завод шаң-тозаңның астында қалады. Соғыс жылдары осы заводқа бас инженер боп алғашқы рет келгенде, асфальт төсей алмады және де Мүсілім іле облыстық атқару комитетіне орынбасар болып жоғарылады. Еті тірі, епті жігіт құр жүре ме, жұрт көзіне ерте түсіп, Алматыға министерствоға орынбасар боп барды. Құдайдың берген мінезі: пайдасы тиетін қажет адамның іші-бауырына кіріп, өзіне қарай тартып алады; пайдасызға басын кекірейтіп бір-екі рет салқын амандасса, өздері де маңына жуымайды. Ең алдымен Мүсілім, республика саясатын қолына ұстап отырған басты азаматтардың зайыптарын, дос-жарандарын мақтап, соларға жағынады. Тілекүмітін солар арқылы бастықтарға жеткізіп, солар арқылы сол сөздің әсерін біліп, топшылап барып, қадам басатын... Сүйтіп жүріп, енді министр болдым-ау дегенде біреу аяғынан шалып қап, омақата құлаған-ды. Құлағанда да оңбады — баяғы өзін өсірген заводына қайта оралды. Келгенде қатардағы инженердің бірі ғана боп келіп еді, құдайға шүкір, бір жағы тіл мен жаққа, бір жағы облыстағы ескі таныстарға сүйеніп, бас инженердің дәрежесіне қайта ауысты.

Үмітсіз сайтан, директордың орнына да дәмелі...

Күн әлі ерте. Түнгі смена жаңа ғана жұмысын аяқтаған. Мартен цехында инженер Сағатова түнгі құйған құрышты ОТК-ға тапсырайын деп жатыр екен.

Үстінде жеңіл көк куртка, басындағы қалпағын желкесіне шалқайта киіп, ОТК-ның бастығымен керісіп тұр. Құрыш құятын алаңның жұмысшылары да бұлардың маңына жиналып қапты.

Я, сәт! Осы қызды бір ақсататын кезең келсе деп іштей сиынып жүруші еді Мүсілім. Алқақотан тұрған жұмысшылар араларын ашып, жол берді.

Мүсілім керенау басын изеді.

—Ау, бұл не жиналыс?

ОТК-ның бастығы жуан тапал қара еркек, орашолақ қимылмен Мүсілімге бұрылып:

—Мүсілім Сапарович, мына кесек құрыштың басында қара қожыр не? Брак емес пе? Мұны кеспесе мен алмаймын! Кескенде де жиырма процент кетеді. Сонда қалғаны дұрыс кесек бола ала ма? — деді.

Әй, Давид Петрович-ай, білесің-ау жанды жерінен ұстауды! Осыдан бес күн бұрын Мүсілімнің бір ұрысқаны бар: «Кім не айтса соныкі дұрыс... Көрмейсің бе Сағатованың сменасында не боп жатқанын. Құрыш кесектерінің арасы толған қуыс-тесік, ол бракты ертең сенің мойныңа жазам деген-ді... Енді міне үрейі ұшып, құйылған құрыштың басындағы көрінген қабыршаққа байланысып тұр.

—Ал мына бір кесекті тағы қараңызшы!.. Бұл не? Дәу де болса осының іші толған бос-қуыс, флокен!

Дәмеш кейінірек тұр еді, жұлқынып алға шықты.

—Давид Петрович, егер біреу менен брак шығар деп тапсырма берсе, саудаласпай-ақ жаза бер! — деді зілді жиіркене қарап. Мүсілімді біреу бізбен шаншып алғандай қызға жалт бұрылды, тіксіне қадалды.

—О не деген сөз?

—Бұл — әдейі байланып, мін табу деген сөз!

—Байқап сөйлеңіз!..

—Өз сөзіме өзім жауап бере алам!

—Берсең — мынау не? — деді Мүсілім шет жақта тұрған құрыштың бір кесегін қолымен нұсқап. Дәмеш те тайсалған жоқ, салмақты үнмен:

—Қабыршақ!

—Жақсы! — Бас инженер жан-жағына қарады да, әрірек тұрған екі құрыш ағызұшыны қолымен ымдап, шақырып алды:

—Қалыпқа құйғаныңызға қанша уақыт өтті? Дәмеш сағатына қарап:

—Бір сағаттай болды! — деді.

—Онда мерзім жеткен. Қалыптан суырып алыңдар да суытыңдар! — Мүсілім құрыш ағызашыларға бұйрық берді. Олар жалма-жан кранның шынжырын қалыптың екі жақ құлағына ілді де, биіктегі кран басқарушыға ым қақты. Зәулім биік төбеде сым үстінде жорғалап жүрген кран гүрілдеп кесек құрышты қалдырды да қалыпты суырып әкетті. Құрыштың өнбойы толған түк сықылды ұсақ-ұсақ жұқа қабыршақтар.

—Көрдің бе? — Мүсілім Дәмешке сыздана қарады.

—Көрдім! — деді Дәмеш құрыштан көзін алмай.

—Бұл неден?

—Құрыш құйған қалыптың іші тозған! Бұл — содан.

Әлдеқашан ауыстыру керек!

Е, таяқтың бір басын бассañ, екінші жағы өз маңдайыңды ұрады... Көрдің бе, Мүсілімнің өзін іліп жатқанын?

—Жоқ, біріншіден, — бас инженер бір саусағын бүкті. — Құрыш ағызарда температурасы жоғары болған, екіншіден, — бас инженер екінші саусағын жұмды, — қалып дұрыс орнатылмаған, қисық тұрған.

Іле мартен цехы начальнигінің кабинетінде, оперативка шақырылып, Мүсілімнің ұсынысы бойынша инженер Сағатоваға сөгіс берілді.

Сол күні түсте Қайыр Қарағандыдан келді де телефон соғып үйіне бас инженерді шақырды.

Қайыр іштей мазасызданып, ой-тілегі серігінен айрылған құстай, Теміртау үстінде қалықтады да жүрді.

Соңғы күндері шешесімен сөзге келуі, қарындасымен қырғи қабақ болу, Дәмешті көрер көзге алыстатып, өкпелетіп алуы — үміт-тілегін жақындатудың орнына алыстата берді. Ол аз дегендей обкомның насихат бөлімі шақырып алды да, бір күн ұстап жан-жағынан тілдеп есін шығарды. Бөлім бастығынан гөрі жанына тиген — «Советтік Қарағанды» газетінің редакторы. Орта бойлы, әдеміше қара торы еркек әжуалай түйреп, аузын аштырмады. Бәрі баяғы Дәмеш жазған мақаланың кесірі, Мүсілімнің айтағына еріп, газетке жауап жазбасы бар ма!

«Біз есекмиынжедідепойлайсызба, сөзастарына түсінбейтін?» деп редактор әуелі күліп алды. Сонсоң: «Мақала дұрыс басылған дейсіз де, іле сол фактінің бәрін жалған қып шығарасыз! Бұл — газет жалған мақалалар басады деген сөз емес пе!» деп қарап отыр. Қайыр бұрын жұрт алдында

қымсынып, ұялып көрген емес еді, тап осы жолы терлеп-тепшіп, не дерін білмей, сасып қалды. Шын сөзге қарсы дау айтуға бола ма? Келесі күні соған түсінік жазды. Әйтсе де, ойдағыдай шешкен бір мәселесі — қазақ жастарынан құрыш қорытушы, шойын құюшылар дайындау дегенді обком қолдап, «Казметаллтрестінің» бастығына, Қайырмен бірлесіп істеуді тапсырды...

Үйіне оралса, шешесі ол — жүдеген, екі күннің ішінде қартайып қалған. Қайыр бұрынғыдай сырласып, оны-мұны сұрайын деп, сөз тастап еді, түс бермеді — жауабын шолақ қайрып, салқын мінез білдірді... Қайыр заводқа бармай, Мүсілім ағасымен оңаша сөйлесуді лайық көрді. Бірін-біріне матап, шырмап жүрген сол Мүсілім ағасы! Қайыр бұрын ру дегенді білмейтін. «Сен кімсің?» деген шалдардың сөзіне «қазақпын» дейтін. Ал, қазақ — ру-руға бөлінеді, сол рулар бірі мен бірі жақын дегенді осы Мүсіліммен жолдас болғаннан бері ғана жиі естіп жүр.

Бұл — халықты өсірмейтін, оңбаған қылық екеніне алғашқыда түсінбесе де, кейін осы ағасының мінезі арқылы толық ұғынды. Дәмешті басқа рудың қазағы деп Мүсекең жек көруден де тайынбайды! Әйтпесе, қыз бала, несі бар өшігіп?..

Қайыр қалада өсті. Әкесі — марқұм Ереймен маңындағы бір кедейдің баласы бола тұрса да талпынып, Томға барып оқу оқып, жиырма алтыншы жылдары бітірген ескі инженердің бірі-де. Партияға түсіп, біраз жыл басшылық қызметте жүргенде, гипертониядан қайтыс болды.

Әкесі Қайырдың тәлім-тәрбиесіне бар ынта-ықыласын, жігербілімін жұмсаса керек-ті. Туғасын алты айдан соң Ақмаралмен төбелесіп жүріп, яслиге бергізеді. Одан балалар бақшасына барды: оқу жасына толғанда пионер отрядына кірді, комсомолға әкесі өзі кепіл болып түсірді. Оқитын кітабына дейін қадағалап, үйге қонақ келсе, басқа бөлмеге жіберіп, сөзге араластырмай, таза өсіріп бақты. Тек институтқа түскесін «уһ» деп бір-ақ дем алған деседі. Өйтседе тегін жатпады: әрбір хатында ақыл айтып, тиышын алатын.

Қайыр өткен өміріне көз жіберіп қараса — тәрбиесі жақсы сияқты. Жастай өсек-аяңға үйір болмай, қулық-сұмдықпен ауызданбай, айналысқаны кітаппен спорт...

Пандана басып, зілдене кіретін Мүсілімнің әдеті ғой, есікті шалқая ашып, көңілді амандасты. Қайыр диван үстінде жер шары оңға қарай айналады да, сол айналудың өзі қуат-энергия деген жуырда шыққан Козыревтің теориясын оқып отыр еді, Мүсілім Ақмаралдың қолын алып, көпке дейін жібермей, шұбырта мақтағанын, Ақмаралдың кәукелектен, көтеріліп қалғанын есіктен анық көрді. Айтқандай, Дәмеш жайында шешесіне осы

кісінің әсері жоқ па? Тамырын басып байқау керек екен!

Сыпайы-сыйлық, Қайыр орнынан тұрып қарсы жүрді. Ұзақ сапар жүріп келгендей, Мүсілім ден-саулығын, көңіл-күйін, барған сапарын, керек десе, шоферінің хал-ахуалына дейін сұрады.

—Жүдеп қапсың, баурым, арақ ішіп қойғаннан саумысың? — деді Мүсілім алдын орап:

—Арақтан ауырғам жоқ, сіздің ақыл-кеңесіңізден ауырдым!

Мүсілім сұрланып, маңдайдан біреу салып жібергендей, басын кекитіп, кейін шалқая берді.

—Е, менің ақылымнан директор болып алған соң жериін деген екенсің, інім! — деді ол екі иығымен еңкілдей күліп.

—Директор болған соң миым толған да, ағай!

—Толса, мені шақырып қайтесің, әркім өз ақылымен істесін!

—Бұдан былай солай да болар!

Екеуі шалғыға түскен тастай, шақ-шұқ болды да қалды. Қайырдың жанға тиетін мұндай ащы сөзден бастайым деген ойында жоқ еді, Ақмаралдың бұған, бұның шешесіне жапақтауы, шамына тиді — тіптен араларында жақындық бар, дос адамдар сияқты. Үйде отырған кексе әйелде қандай алыс-бермегі бар?

Бұлар сөзінің шет-жағасын құлағы шалған Ақмарал босағада тұрып:

—Шай ішейік! — деді.

Қайырдың көптен ызасы кеп, тісін қайрап, осы бір сәтті тосып жүр еді, шешесі әдейі бөліп жіберді. Әттегене-ай!.. Қымс етсе, директор ғып осы қойғандай, осының ақылымен күн көріп жүргендей, бұлдана сөйлейтіні бар!

Шай үстінде әңгіме қайта қызды. Мүсілім әлгіндегі ә десе мә деп өзінің мінез білдіргеніне іштей өкінгендей, қыры сынып қапты, татуласпақшы.

—Қайыржан, бірімізді-біріміз қажағанда не түсер дейсің... Екі ортада жатқа жем боламыз. Онан да айтсайшы, неге бүлініп келдің!.. Біреу өсек айтып па?

—Қымс етсе, «біреу өсек айтты» деп сезіктенуді, қатар жүрген жолдасымызға сенбеуді қашан қоямыз осы?.. Осындай сөз ана бір жылдары жиі кездесуші еді. — Қайыр алтын жалатқан кішкентай күміс рюмкаға коньяк құйып, Мүсілім алдына қойды да езу тартып, сөзін аяқтады. — Сүйегіңізге сіңіп қалған ба дейім...

Мүсілім сөздің уытын кетіріп, Қайырға қосыла күлді.

—Сенген сен-ақ сен, Қайыржан! Ау, аузы күйген үрлеп ішеді дейді! Мен талай опық жеген адаммын... Кім біледі кәріліктің белгісі болар.

—Кәрі білгенді, пері білмес! — деді шешесі Мүсілім сөзін қостап.

—Нақыл сөз, жеңешем!.. Әне келіп жатыр, кім біледі, қалай босанғанын...
Әйтеуір, жұртқа ақталды дейді...

—О кім? — Қайыр кімді ишаралап отырғанын түсінбеді.

—Ойбай-ау, естімеп пе ең?.. Айтқандай, сен жоқта екен-ау: инженер Сағатованың ағасы кеп, бүкіл завод инженерлерін шақырып той қылды. Шақырмай тастап кеткені мені мен жеңешем...

—Ажарды күйеуінен айырып және шақырмай тастап кетті...

Соның салдарынан күнде жанжал, — деді Ақмарал сөз қосып.

—Ау, мені шақырмасын, ол — белгілі. Қайырды бір күнге тосып, үй ішімен бас қосса қайтеді?.. Түсінбейім! — деді Мүсілім мүләйімсіп.

Қайыр үндемеді. Дәмеш жайында шешесінің де, Мүсілімнің де пікірі ашық. Бірақ, ағасының тойына Қайырды шақырмауы не біржола көңілі қалған да, не жақын дос-жарандар есебінен шығарып тастағаны. Қайыр осы бір сәт Мүсілім құрған торға қалай түскенін сезбей де қалды. Той жайын әңгіме қып, дайындық жасап алды да, заводта болған оқиғаға көшті.

Инженер Сағатова әбден ауыздықсыз кеткен, ешкімге бой бермейді. Бас инженер бұйрық берсе, бағынбайды. Дандайсып алған... Себебі — бетіне келер жан жоқ. Қайыр Мүсілім сөзіне ренжімеуі керек, дос жылата айтады. Мүсілім қаншама жаман болса да, туыс қой, шындықты жасырмайды...

Тойдың ертеңінде брак жасады. Жарайды, әркімнің өмірі бар, тойына кім қарсы дейсің, сөйтсе де қызметке салқын қарамауы керек қой. Құрыш құюды мастерге тапсырып, өзі бетімен жүрген. Қайда жүрді, кіммен жүрді, ол бір құдайдың өзіне ғана мәлім... Құрыш температурасына қарамай, тым ыстық құйған соң қалыпта толқып қатқан да арасында саңылау қалған! Мүсілімнің сөздері инеге сабақтаған жіптей, Қайырдың құлағынан тізбектеліп өтіп жатты, жадында тұрақтағаны:

«қызметке салқын қарап, брак жасаған» дегені ғана. Егер ол — Қайырға жаңа не дедім, қайталап айт десе, есіне түсіре алмас еді. Әне, шешесі де Мүсілім сөзін қолдап, көзін бадырайтып тамсана шошынады: «Пай-пай, брак дейді?.. Енді балам қалай күн көреді, кеселі тиеді-ау!» дегендей ұлының қамын жейді...

Дәмеш осы отырған екеуіне де құбыжық! Ертең ол — құбыжық осы үйге келін боп түссе, үркіп үйден шығып кете ме?

Қайыр мырс етіп күліп жіберді. Мүсілім сасып, Ақмаралға қарады.

Ақмарал аң-таң ұлына үңілді.

Қайыр стол басынан кенет тұрып кетіп, Мүсілімді өз бөлмесіне кіргізіп ап, есікті қатты жапты да сөзді тіке бастады:

—Инженер Сағатоваға неге өшсіз, соны айтасыз ба?

—Өші несі... Егер салақ істесе... Сөгісті қисық берді десең, мені босат!

Біресе завод қарқынын бәсеңдетіп алды деп маған жабысасың... Істесем, аяғымнан шаласың. Отырғанға опак, тұрғанға сопақ! Бұл не өзі ойыншық па? Жоқ, құдалау ма? Ал, сен өзің неге оған болысасың, соған жауап бересің бе?

—Болысқан емес, әділдік!

—Бұл арада әділдік жоқ! Инженер брак жасайды. Сен оны тексерместен сырттай қорғайсың! Бұны не дейміз?.. Қисық десең совнархоз алдында жүгінерміз! — деп қызара булығып, Мүсілім есікті бір қойып үйден шықты да кетті.

Бұл — алдын ала бажылдап, Қайырға қыр керсету еді. Қайыр солай ұқты да. Мүсілімнің: «Менімен санас, әйтпесе, арыз жазам!» дегені, жазса — қорқатын несі бар? Азар болса: «Қайыр қалыңдығын жақтап, оның қисық мінезін, олқы ісін жасырып, сынаған адамды ауызға ұрады» дер. Қайырда да тіл бар. Бірақ, осындай айтыстың кеселі заводқа тиеді. Іс ақсайды, әйтпесе... Мүсілім сөзінің жанды жері — Дәмештің сменасы нашар істейді, Ораздың бригадасы коммунистік бригаданың атағын ала алмады. Қайыр да тәжірибенің аздығынан қателік жасады — салғаннан уысынан шығармай, сығымдап ұстауы керек еді, енді Дәмешті бағындыру қиын. Сыға бастаса — газетке жазғасын, өш алғысы кеп жүр деуі де мүмкін бе? Ағасының айдап салғанына еріп, жалғызсыратып жүр демей ме? Әйтеуір, Қайыр Дәмеш алдын да екі жүзді: өзі «сүйем» дейді, іс жүзінде қуғындап, Мүсілімге қосылады... Осы ойды ұршыққа ораған жіптей орай отырып, Қайыр әдейі кешке жақын заводты түгел аралап шықты.

Қас қарайған мезгіл. Мартен цехына жақындай бергенде алдына томпиған, кішкентай паровоз пыс-пыс етіп, вагон-вагон кен артып, шихта ауласына қарай жөнелді. Терезеден басын сұғып отырған машинист Қайырды таныды ма, алыстан амандық жасады. Қайыр цехқа баратын ұзын, сопақ дәлізбен жүріп барып, темір балконға шығып, жан-жағына көз салды: төменде қыбырлап, отпен алысып жатқан құрыш құюшыларға сүйсіне қарады. Араның ұясы тәрізді — қалыптарға қара қазаннан құрышты құйып жатыр екен. Фонтаннан атқан судай, алтын тамшылар қалыптардан атқылап шашырап тұр. «Күнді ұрып сындырса сонда ғана осындай алтын сәуле шашырап еді!» деп Қайырға кім айтып еді? Қандай әдемі, ғажайып көрініс! Сол алтын шашыратқан фонтан қасында жүрген құрыш ағызушылар от ұшқынын елең қылмайды. Лапылдаған оттың жалынына қалай төзеді! Қайыр алыста тұрса да, беттетпейді — күйдіріп барады.

Үстінде көк китель, шашын қошқар мүйіздеп желкесіне түйген, көк көзілдірікті — Дәмеш-ау! Қайырдың жүрегі лүпілдеп, жиі соқты. Дәмешті көрмегелі бір жұмадай болды. Қалай шыдады десейші? Дәмеш-Қайыр өмірінің қол жетпейтін арманы!..

Қайыр цех қабырғасына жағалай орнатқан темір сатымен жүріп барып, құрыш ағызатын алаңға түсті.

Дәмеш те мұны көріп, ақсия күліп, қарсы жүрді. Осы бір күлкісін Дәмеш Қайырға: «Саған ғана арнадым!» десе... жанын құрбан қылар еді!..

Дәмештің екі беті алаулап, мұрнының ұшы тепшіп терлеген. Ерні күлсе де, қарақат көзінен ондай қуаныш оты жарқырамайды, жаңағы Қайырдың осы күлкісі өзіне арналса деген тілегі осыдан туғандай.

—Қуанышыңа ортақпын, Дәмеш! — Қайыр Дәмештің ұзын жіңішке саусағын қаттырақ қысты. — Бірақ, ыңғай мені жатырқап, бөліп жүретініңді осы жолы жақсы түсіндім!

Дәмештің мойнына дейін қызарды.

—Сен үйде болмадың ғой?

—Білер күн тоса тұруға асықтың ба?

—Жігіттер кеп қалғасын кейінге қалдыра алмадым! Және сен директорсың, қой соймасам риза болмайтын сияқтысың... Өзің өкпешілсің бе қалай?

Қайыр сағынышты көз тастады.

—Маған қой қажет емес, ет жеп жатқан мен тағы жоқ.

Ниетінді-жүрегіңді берсең, соған ризамын.

Дәмеш сақ-сақ күлді. Цех ішінің гуілі бұлардың үнін өшіріп, кейбір сөздері еміс-еміс естіледі, бірақ Дәмеш күлкісінің ырғағынан көңіл күйін сезеді.

—Жүрегімді саған беріп, сонша... сен кім едің?

Бұл сөз Қайырдың жанына қатты батты. Неткен аямайтын қатаң жан!

Ыңғай осы әжуалап, мазақ қылады. Қайыр да қызық: өкпелеп томсыраудың орнына құмарта, ынтыға түседі.

Қайыр қабағын шытып, сұс білдірді:

—Кеше тағы брак жасадың ба? — Қалыптар тұратын канауды жағалап, адымдай жүріп келеді.

—«Тағысы» несі? Бұрын қашан жасап едім?

—Осы брақты ғана мойныңа аласың ба? Әнеугіні қайда қоясың?

—Жоқ! Екеуін де мойныма алмайым!

—Но-но, сөгісті неге берді?

—Білмеймін!.. Бас инженердің өзінен сұра!

—Сенен сұрауға әдейі келдім. Кәне, көрсетші, сол құрышты?

—ОТК бастығы біледі, қамқорлық жасаған сол!

—Жақсы. Сонда сен...

—Сонда мен ол брак бізден емес, тозған қалыптардан дейім.

Жүр, көрші өзің!

Дәмеш директорды араның ұясындай сыңсып тұрған қалыптардың қасына алып барды.

—Әне, көз жіберші, қалыптардың іші ойылып-ойылып кеткен, көрдің бе?

—Осыны құрышты ағызбай тұрып, неге көрмедің? Неге қарап алмадың?

Мастерге сендің бе? Бригадирді аядың ба? Неге жұмсамадың?

Дәмештің мінезі — дәлелді сөзге қарсы дау айта алмайтын. Басқа ұрған аттай тұрып қалды. Қайыр да: «ұсталдың ба?» дегендей жымиды да, адымдай басып көрші прокат цехына өтіп кетті.

VI

Асқардың құрметіне болған кештен кейін Ораз бен Ажар арасы біржола бүлінді.

Сол түнгі шала мас Ораз, жел соққан құрайдай сенделіп, сүріне-құлап, үйіне зорға жеткен-ді, бірақ қарсы алып, шешіндіріп жатқыза қойған Ажар жоқ. Шаңқ-шаңқ етіп беттен алды. «Ол сайқалдың әдейі арамызды айыруға жасаған әрекеті. Әйтпесе, сені бөліп шақыра ма?.. Неге келдің, кет соның үйіне! Мүмкін алайын деп жүрген шығарсың!» деп мас адамға бекер тиісті. Ол ұрмақшы боп қуып, орындыққа соқтығып, құлап, мұрнын қанатып алды. Ажар бақырып, өз бөлмесіне кіріп кетіп, кішкентай Болатты оятып жіберіп, у-шу, азан-қазан қылды... Ертеңінде Ораз сол оқиғаны есіне түсіріп, бір жағынан мінезіне ренжісе, екінші жағынан Ажарға өкпеледі: есі бар әйел мас кісіні солай ушықтыра ма? Жалынып-жалпайып, төсекке жатқызып ұйықтатып, ертеңінде наз ғып айтпай ма? Ай-ай, Ораз ақымақ болды! Неге көп ішті.?

«Арақ абырой бермейді» деп әкесі қақсайтыны қайда?

Ораз Геннадийдің үйіне барды. Қаланың дәл ортасында, екі бөлмелі, верандалы, екінші қабаттан жақында ол үй алған-ды — таза да сәнді екен. Бір бөлмесін ас ішетін, қонақ қабылдайтын үй ғып қойған. Бұрышта — радиоқабылдағыш, қабырғада — көкала кілем жапқан тахта; ортада — шашақты сары жібек дастархан жапқан дөңгелек стол. Диванға отыра беріп, Ораз сөз тастады:

—Осы диванға бүгіннен бастап мен жатсам ба деген ойым бар.

Геннадий мен келіншегі Оразға өкпелеп жүретін-ді, жаңа үйге көшкенде, ол: «Дәмешті қарсы алуға аэропортқа бара жатырмын... кейін өзім келермін» деп бола алмаған. Енді Ораздың іс-міс жоқ салыш келгеніне қуанып, қалбалақтап қалса... Не дейді ей?

Ораз осы бір сұрақты, олардың таңданған пішінінен аңғарды.

—Ей, немене қыр көрсетіп отырғаның? — деді Геннадий бұйра шашын саусағымен көпіртіп, самай шашын жатқыза түзеп.

—Сол. Егер сен қондырмасаң, онда пәтер іздейм... Геннадий де, келіншегі де сенбеді.

—Көзді тұмандатып, бұлдыратпа, достым!.. Біз сенің тәлкегің емес!..

Маша, қой бөтелкені столға! — деді Геннадий стол үстін жинай бастап.

Маша күлді.

—Оразка, ыңғай қуланады да жүреді. Гена, сенің есінде бар ма, анада, қатынымды тастап механика цехының электро слесарі Ғалияны алдым деп келетіні?

—Ия, ия!.. Бұл солай, трюк жасамаса іші пысады!

—Жоқ, достарым, бұ жолы ешбір трюгі жоқ, шыным!

—Қойсайшы Маша екеумізді ақымақ қылмай!.. Айда, көтерейік! — Гена бір стакан ақ арақты лықылдата құйып, Оразға ұсынды. Маша тұздап кептірген шошқаның бұғанасын, ащы капустаны әкеп столға қойды.

—Өлтіресің бе, ей!.. Мынауың жазаның бір түрі ғой! — Ораз стаканды көтеріп, жартылай Геннадийдің өзіне құям дегенде, ол стаканын тартып қап, арақтың қақ жартысы жерге төгілді.

—Төкпей ішуді сендерге құдай жазбады ғой, — деді Маша басын шайқап.

—Ал, кәне не үшін көтеріміз! — деді Геннадий.

—Менің сендердің үйіңе көшіп келуіме.

Ораз бұларды сендіре алмай әлек. Бұрын қалжыңдасып үйренген замандас-құрбы, әзілге жориды. Ораз көңілі булыққаи түтіндей алай-түлей екенін сезбейді де. Мүмкін Ораздан ондай мінез күтпеген де болар, әйтеуір, шым-шытырық бір дүние! Геннадий Ораз көзінен шын сырдың көлеңкесін көріп қалғандай, адырая қарады.

—Шын айтасың ба?

—Шын!

—Не боп қалды?

—Әне күні шет жағасын өзің көрдің ғой: «кет-кет!» деп жаныма тигені...

Асқар тойынан басталды.

—Ого... Маша, бері кел! — деді Геннадий ас үйде жүрген әйелін шақырып.

—Отыр!.. Мынаның сөзі шын сияқты. Бұған не дейміз?

Геннадий Машаға бұрылды, Маша көзін Оразға қадады. Ораз сырын олардың алдына жайып салды... Іштегі сырын ақтарып болдым дегенде Геннадий:

—Болдың ғой? — деді.

—Болдым.

—Ораз, сен «деревнядағы бірінші жігіт» болмай-ақ қой! Сенің герой деген атың бар! Сол атыңа кір келтірме! Ажар кім? Ақмаралдың ерке қызы. Соған кісі өкпелей ме? Сен оған бұлданғың келсе, демалыс үйіне бар да жат, жұмысқа содан келіп тұрасың... Үйіңе біраз күн барма, сонсоң ол өзі де сені көруге құштар болады!..

«Гена тентек» деп Геннадийға тегін ат қоймаған. Жолжорасын сақтай отырып айтатын сөзді ол тіке көзге қатал айтады, бетің бар, жүзің бар демейді. Мәймөңкелеп, атақ-дәрежесін еске алып, қошеметтей «пәленеке, түгенеке» дегенді жақтырмайды.

«Сен неге дөрекі мінез көрсетесің?» десе, ол «Мен әділдік сүйем. Әділдік қатал, мартен пешін көсейтін болат көсеудей, шыжылдап бет қариды. Мәймөңке жүрген жерде өтірік-өсек, пәле жасырына бірге жүреді» дейді ол.

Құрыш қорытушылар мұның бұл сөзін қызық көріп күледі де, «Әй тентексің-ау!» деп иығынан қағады. Сол Гена жиылыстарда мінбеге шықса күлдіріп, думан қып, айтысты қыздыра түседі. Немесе, шешен сөзіне тосқауыл қойып, айғай сап, не бөгейді, не тоңқалаң асырып құлата мазақтайды. Гена, мінезі жұртқа мәлім

—біреу мықшындап жұмысын орындай алмай жатса шешініп жіберіп, болыса кетеді, немесе, бірдемесі жетіспей, таршылық көріп жатса — қалтасындағы ақырғы тиынын беріп жүре береді.

Құрыш қорытушылар жақсы көргендіктен кейде шектен шыққан өрескел мінезін мінеп, сынап та қояды. Осы мінезі үшін оны Ораз да маңдайынан шертіп алады. Оған ол ашуланбайды. Ұғады. Міне қазір ол өзі Оразды басып, ақыл айтып отыр.

Геннадийдің бұл ақылы Ораз көкейіне қонғандай. Тіптен, бүгін, қазір кетеді. Завкомге кіріп, путевка алады да, жүре береді... Геннадий тағы да сөз қосып, жүрек кернеген бір сырын Ораздың алдына тартты.

—Сенімен оңаша кездесем бе деп жүр едім. Жақсы келдің... Цехта жұмыс үстінде әңгімелесе алмайсың, смена біткесін, шаршаған адам үйге қарай томпаңдайды... Осы сен біздің бригада жайында не ойың бар?..

Коммунистік еңбек бригадасы деген атаққа ие бола алмайтын болдық. Ол-сүттен ақ! Бір де?

—Бір!

—Құрышты жақсы қорыта алмадық. Еңбек өнімі төмен! Екі де?

—Екі.

—Бұрын бригада құрыш сапасын жақсы құюшы еді, енді одан да айрылып қалдық. Бірақ...

—Үш де? — Ораз көзін шүйіріп Геннадийдан бұрын қулана саусағын бүкті.

—Үш! — деді Геннадий, оның әзілін елемей. — Осылардың себебін түсіне алмай қойдым. Басым қатты. Сен бригадирсің ғой, айтшы?

Ораз бастапқы кезде әзіл араластыра тыңдаса да, кейін Геннадий сөзіне мойынсұнды. Аз кідіріп, ойланып қалды.

—Мен ойланбай жүр дейсің бе, достым-ау!.. Қазір саған не деп жауап берерімді білмей отырмын... Тегі осы сәтсіздіктерді менің қара басымнан іздегенің жөн бе дейм!

Геннадий: «Шын ба?» дегендей Ораз бетіне таңдана үңілді.

—Биыл, жыл басынан бері мен көбірек қыдырып кеттім: сессия, партактив, кем дегенде айына екі рет Қарағандыға жиналысқа барам!.. Сол сықылды көлденең жүрістер: Дәмеш көшіп келді, ол

—курортқа барды, одан қайтты... алдынан машина апар, тосып ал...

Осының бәрі менің мойнымда! Начальник тәрізді сендерге бұйрық беріп, сырттан бақылайм да, құрыштың құйылуына қоянқолтық араласпай қап жүрмін... Сенің манадан бері аузың қышып айта алмай отырғаның осы болар?

Геннадий біреу намысына тигендей қызарып, күйіп-пісіп қалды.

—Тап осы айтқаның бұрын есіме келді бар ғой, басымды алсаң да жасырып қалмас едім. О жағын өзің білесің ғой!

—Сонсоң... көңілім бей-жай, үй-ішімнің шатағы тағы қосылды... Миыңа шөгірдей қадалып, бір ой тұрып алса, сен жұмысты қалай істер едің?

—Мен бе?.. Ән салар едім!

—Пішту! Саларсың... — Ораз кекете мұрнын тыжырды. — Саған ақылдасатын өз алдына бір сырым бар. Біз осы құрыш қорытудың процесін қайтадан тексеріп операциялардың арасын жақындатып, уақыт ұтсақ... соған қалай қарайсың? Кәзір түгелдей тәптіштеп айта алмаймын, себебі, пеш аузында, іс жүзінде солай жасап көру керек. Осы ой менің уақытымды алып, қолымды бөгеп жүр... Мен есінен адасқан адамдай мартен пешінің аузында неге тұра береді дейсің?

—Сені Қуан... — Геннадий күліп өзінің басын түртті. — Шатасты ма деп қорқып жүр.

—О да мүмкін! — Ораз күлді. — Біз коммунистік еңбек бригадасының атағын ала алмадық деп өкінбейік. Сол атаққа адал ие болайық! Шынын айтсам, осы «герой» деген атты да мен өзіме көпсініп жүрмін.

Геннадий қарқылдап күлді.

—Гена, әзілді таста!..

Бүгін Николай Иванович Серегиннің көңілі жабырқап тіршіліктің құнын бір тиынға санап, бүкіл әлемді қарғап, қызметке жүдеп келді. Түні бойы

кескен аяғы сырқырап, жоқ башпайларына дейін сезініп, қиналып шықты. Ауа райы өзгерсе, операция орны сыздап, шаншып ауыратын болды. Үй сыпырушы әйел кабинеттің терезесін ашып, таза ауа жіберуді де білмейді, үйдің ауасы моншаның буы сықылды. Қоп-қою, тұнып тұр. Терезені шалқайта ашты: фу, қандай таза, дымқыл ауа! Күн бұлыңғыр. Самарқанд көлінің үстіндегі қара құстай түйілген көшпелі бұлт, қалаға қарай аунап келеді, жауып кетуі де ықтимал... Аяғының сырқырағаны осы жауыннан екен!

Лида есіктен:

—Николай Иванович, директор шақырады! — деді. Директор да құрыстап отыр ма екен, ерте шақырды ғой...

Жоқ, ол жас қой, жадырап қазақ айтқандай: ақыл жастан!

—Өңіңіз жабыңқы, сырқат емессіз бе, Николай Иванович? — деді ол.

«Менің ауру-сырқауым, саған бата ма!» деп айта жаздап, Серегин өзін тежеп қалды.

—Күн бұлт қой. — Серегин өзінің ескі ауруы жайында сөз қылуды жек көреді.

—Николай Иванович, отырыңыз, неге тұрсыз? Сізбен ақылдасатын бір мәселелер бар еді... — Қайыр алдында жатқан папканың ішінен бір парақ қағазды алып, қасына қойды. — Мені обкомға неге шақырғанын сезесіз бе? Серегин жымиып, басын шайқады. Әрине, біледі...

—Ия?

Қайыр да алғыр, қыры көп жігіт қой, Серегиннің көзінен түпкі ойын танып қалғандай.

—Әнеугі газет мақаласы жайында... Осында газетке жауап жіберген едік, ол — хате жазылған екен. Чорт возьми¹ жығылған үстіне жұдырық.

—Маған неге көрсетпедіңіз? — Серегин ол хаттың маңызын және біледі.

Қасақана сынай сұрап отыр.

Қайыр өкінген пішінде:

—Ұрындырып жүрген Мүсілім Сапарович! Но... өзің білесің, тәжірибем шамалы, о жағынан со кісіге сеніп ем... — деді ол ақпейілімен.

—Бұл жолы не жауап бердіңіз?

—«Тексеріп, танысып жатырмыз» дедім. Шыны со ғой... Созылуы да рас, кінә бізден. Соның аяғын жерге тигізейін депақ келіп ем. Техника бөлімінің бастығы ауырып қапты. Соған тапсырған болатынбыз...

—Емханада жатыр ма екен?

—Үйінде. Кәрі кісі ғой, белі шойырылып қапты. Но... бұл — бұл ма!.. Мен жоқта бас инженер Сағатоваға сөгіс беріпті ғой?

—Ол үшін Сапарыч екеуміз қызыл кеңірдек боп, керісіп те алдық.

¹ Орыс мәтелі, сайтан алғыр деген мағынада.

—Сізше сөгіс дұрыс емес пе?

—Әлбетте!.. Бұл — қудалау. Сөгісті қайта алып тастаған жоқсыз ба?

—Жоқ. «Қалалық комитетпен келістім. Базаров біледі» дейді.

Базаровпен екеуі дос па, қымс етсе соны ауызға алады?..

—Базаровтың атымен сауда жасамасын! Кімге сөгіс беру, кімге бермеу керек, ол Базаровтың жұмысы ма екен?

—Білмейм, әйтеуір, бұл оған жүгіреді, оған барсаң, ол — мұны жақтайды. Жаңа мына бір рапортты тағы әкеп берді. Оқыңыз!

—Манағы жәшіктен ап алдына қойған қағазды енді Серегинге ұсынды.

«...Құрышпаевтың бригадасы біржола тәртіпке бағынбай жүгенсіз кетті...

Брак... Құрышпаев Ораз күнде арақ ішеді. Бұзылды... Начальник смена

Сағатова басқара алмады. Тәжірибесі аз... Сондықтан инженер Сағатованы ауыстырып, техбөлімге алып, оның орнына...» — Серегин ар жағын оқыған жоқ, Қайырдың алдына лақтырып тастады.

—Чепуха!.. Жұртқа мәлім ән...

—Өзім де солай ұқтым! Но, еске алатын бір зат бар. Ол бригада еңбек өнімін арттыра алмай жүргені рас. Осыны сіз қолға алып, бригадамен кеңесесіз бе?.. Және де, Ораз мас болып, біреумен ұрысқан дей ме?.. Герой жолдас ұятқа қалдырып жүрмесін.

—Жақсы, Қайыр Рахимович!.. — Серегин бір шешім алғандай орнынан кенет тұрды.

Сол бетінде Серегин қалалық партия комитетіне барды. Өткінші жауын шелектеп құя сапты. Көше сел. Әлі де болса, сіркелеп тұрған жауынға қараған Серегин жоқ, сыртылдай басып, екінші қабатқа көтерілді. Хатшының алдында бір-екі кісі тосып отыр екен, Николай Иванович иегімен хатшының кабинетін нұсқады:

—Кім бар?

—Бәрі сонда. Бір сағат болды, шығатын емес.

Серегин іс-міс жоқ кіріп барды. Базаров қағаздарға кезек-кезек қол қойып, қасында тұрған көмекшісіне біртіндеп беріп қояды; қарсысындағы қара тапал инструктор біреуді әңгіме қып, сайрап отыр; әлсін-әлсін үшеуі жарыса күліп, масайрасып мәз болады.

Серегиннің сұсты кейпінен қаймықты ма, нұсқаушы жұмған аузын ашпай, сөзін кенет доғарды. Базаров тұқырайған қалпы

«амансың ба?» деп жақтырмағандай келте амандасып, қолын қоя берді.

—Василий Федорович, менің сізбен тет а тет ¹ сөзім бар!

—Таяғына сүйеніп, зілдене сөйледі. Базаров Серегиннің дауыс мақамынан

толқып тұрғанын сезіп, қол қоюын тездете бастады.

¹ Тет а тет — француз тілінде оңаша, көзбе-көз деген мағынада.

Кабинет іші жым-жырт, ұшқан шыбынның ызыңы естілгендей, Николай Иванович өз жүрегінің қағысына құлақ салады — тиктик.

— Сонымен, маған Магниткаға барып қайт дейсіз бе? — деді сөзінің үзіліп қалғанына өкінгендей олқы дауыспен инструктор.

— Барып, сол материалмен танысып қайт. Алдымен асханаларды жете тексер!..

Қолды қойып бітіріп, оңаша қалған соң:

— Ал, сөйле! — деді Базаров күтпеген қонақты салқын реңмен қабылдап. Әншейінде күлімдеп, жылы ұшырап тұратын Базаровтың ақ жарқын жүзі, неліктен екені белгісіз, сазара қапты. Іштей тұнып келген Серегин бомбыдай жарылды.

— Сіз кабинетте отырып ап, басшылық етуді осы қашан қоясыз?

Базаров аң-таң, «есі дұрыс па?» дегендей Серегиннің бетіне үңілді.

— Есім дұрыс, жолдас Базаров! — Николай Иванович ойының үстінен түскенін білді. Базаров сасқаннан күліп:

— Сен өзің қай аяғыңнан тұрдың бүгін? Сол аяқ емес пе? — Әзілге айналдырып бақты.

— Партия мүшелері қалалық партия комитетін әділ де, қамқоршы орын деп сыйлайды да бағалайды. Сондықтан, саған көрсеткен сыйлықты жеке басыңа емес партияға, шаңыраққа көрсеткен сыйлық деп ұқ!.. Ертең сен кетсең, басқаға да осы құрмет! Ал, сен, жолдас Базаров, оны түсінбейсің!.. Теміртауға келгелі үш жылдай болды, сол үш жыл ішіндегі құрмет-сыйды сенің қара басыңа арналған жақсылық деп ойлайсың!.. Бүйте берсең культтің де аулы алыс емес!

— Ну-ну, байқап бұлтар, бір жерде түсіп қалма! — деді Базаров дауысы қалтырап, құлағынан мойнына дейін қызарып.

— Мен партияның сара жолымен тура тартып келем. Менде бұлтарыс жоқ!.. Бұлтарыс сенде бар. Кәне, айтшы, үш жылдан бері біздің заводқа неше рет бардың?

— Неше рет барғанымда нең бар? Саған есеп беретін кімсің өзің? — Базаров сұрланып басын шалқайта берді.

— Ха-ха. Сен заводқа үш жылда бір-ақ рет бардың!..

— Доғар енді! — деп, Базаров күжірейіп орнынан ұшып тұрды.

— Отыр, Василий Федорович! Менің әлі айтарым көп. Және коммунистің жүрегін білу — сенің әулиедей міндетің!.. Әрине, мен сені түсінем: осы күнге дейін мұндай шындықты әлі ешкім бетіңе бадырайта басқан жоқ

шығар!.. Саған жаным ашығандықтан әдейі айтуға келдім.

Базаров зілдене күлді.

—Жаны ашымпаз!.. Қамқоршы!.. Әуелі айнаға қарап өз сиқыңды түзеп ал!

—Айнаға күнде қараймын, жолдас Базаров, бетім түзу, қисық емес!.. Вот сен, әлі ескі тәсіл-әдіспен қызмет істейсің. Завод өмірін мәлімет, протокол арқылы біліп, жаңағы алдыңда отырған дарынсыз инструкторға сеніп, коммунистердің дағдырын шешесің!

—Дәлел?.. Дәлеліңді көрсет!

—Бөлме сөзімді!.. Саған қандай дәлел керек? Осы айтып отырғаным дәлел емес пе?.. Көрмейсің бе, біздің партия басшылары қазір қалай істеп жүргенін? Үлгі алатын уақыт жеткен жоқ па? Кабинеттен қадам басып шықпайсың, осы қаланың өмірін қалай білем дейсің?

—Қаланы да, заводты да білеміз, қалай білуді менен үйрен!

— Сенқала түгіл, еңартықбіздің заводты білмейсің!.. «Советтік Қарағанды» газетінде біздің завод жайында мақала шықты, талқыладың ба бюрода? Жоқ. Біз ол жайында не істедік, білесің бе? Жоқ! Бас инженердің оған не деп жауап жазғанын естідің бе? Жоқ! Бас инженердің жас кадрларды қуғынға ұшыратып жүргенін сезесің бе? Жоқ!.. Міне неше жоқ болды, саусағым да жетпей қалды-ау!

—Барды сана!

—Барды санайын ба? Жарайды... Бас инженер сенімен доспын деп, ешкімді елемейді де, санаспайды, қымс етсе, саған жүгіреді. Сен оны баяғыда бір министрдің орынбасары болды деп, ол не айтса соған ден қоясың. Оның сөзі саған бедел... Олай болса, Мусинмен достығың бар ма? Бар!.. Қолдайсың ба оны? Қолдайсың!

—Қысқарт енді, тіліңді тигізіп бақтың!.. Қоймасаң, қазір бюро шақырып сенің партиялық мәселеңді қараймын! — деді Базаров телефонға қолын созып.

—Ба! Шақыр! Менің күтіп отырғаным сол. Ал, шақыра алмасаң, есінде болсын, бірінші партактивте осы сөзімді жұрт алдында тағы айтам! Қашан айттың деме, жолдас хатшы!

Базаров телефонға созған қолын қайта тартып алды да, өңі бұзылып, басын шеңгелдей ұстап отырып қалды. Серегин Базаровтың түсін көріп, өзіне тоқтау салды: енді жетті! Ұққан кісіге осы да сөз! Сырт-сырт басып Серегин шығып кетті.

Жаңбыр басылып, көше дегдіп қапты. Бұлт астынан күн де жартылай сәуле шашып, ұясына жылжып барады екен. Қызмет аяғы болып қапты.

Базаровпен ұзақ салғыласқан-ау, тегі... Бәйгеден келген жүйріктей

елеңдеген көңілін басуға аяңдап, көл жиегіне барды.

Николай Иванович екі қолын шалбарының қалтасына сап, кеудесін кере, таза, дымқыл ауаны тереңірек жұтты да, көзін жұмып, басын шайқады... Ай-ай тағы да бір-екі сөзді айтпай қалған сияқты... Мана келе жатқанда жадына сақтап: «осы-осы» деп, жобалап кеп еді, көрдің бе?

Эх, Базаров! Теміртаудай ірі өндіріс қаласының хатшысы, бүгінге дейін Ораз Құрышпаевты танымайды. Бұрын Серегин Базаровты аузынан тастамай, көрінген жерде мақтап жүруші еді, соңғы кезде көңілі қала бастады. Кабинетінен шықпайды, достарының сөзіне сенеді. Мүсілім Сапарович Мусин тектес достары орға құлататынын сезбейді... Ораз — депутат, герой, жас жігіт, орта білімі бар, биыл сырттан оқитын болып, институтқа түсті. Ой жіберсең — үлкен адам! Бір республиканың мақтанышы. Ал сол Оразды білмеуі — ай-ай!.. Ораз қазір дағдарысқа ұшырап, толқып, әуре-сарсаңда жүр. Дәл осы бір сәтте оған ақыл беріп, демеп жіберетін сөзі өтетін кісі керек. Серегинді ол тыңдамауы да мүмкін... Ба! Қате Николай Ивановичтің өзінен, оны мойындау керек, бір-екі рет шартпашұрт сөзге кеп қап, аулақтатып алды. Басқа үн, басқа сөзбен, арқасынан қағып айтуы жөн еді, жүрегіне кілт таба алмады.

Базаровқа анада телефонмен: «Ораз Құрышпаевты білесің ғой?» десе, «Ба! Ол қай Құрышпаев, әлгі герой ма?» деп қарап отыр... Құрышпаевты «герой» деген атынан ғана біледі. «Герой» атамай, «Ораз ба?» деп неге айтпайды? Сол жолы: «Шақыр, сөйлес!» деп өтініш те білдірді. Оны елеген Базаров бар ма?

Жоқ, бас инженер килікпей, Серегин Ораз жүрегіне кілт тауып сырласып, ұғысқаны жөн. Чорт возьми, Ораз сыпайы, жұмсақ мінезді, ақылды жігіт пе дейтін еді? Ондай дандайсып кеуде көтеретін немесе араққа салынып, бұзылатындай адам емес еді! Қайдам... Адам жаны қара орман!.. Әлде «жаңалық» іздеп шатасып жүр ме? Анада, рекорд беру қиын емес, соны бойға сіңіру қиын деп бір ой тастаған еді? Өткен жылы рекорд беретін күні, тұмауратып ауырса да, денесінің отыз сегіз градус ыстығына қарамай, жұмысқа шығып, айдың ақырғы аптасын жүз алпыс процентпен бітірген Ораз емес пе еді? Білу керек!..

Серегин көл жиегіне жақындаған сайын аржағынан серуендеп, қарсы жүріп келе жатқан кісінің мүсіні көзіне жылы ұшырай берді. Ба, Асқар Сағатов қой!

О да алыстан танып келеді екен, күлімсіреп қол алысып, екеуі жүре әңгімелесіп, биік жардың басына шықты. Николай Ивановичтің ойы ұршыққа иірген жіптей Асқардың маңында шырматыла берді. Бұл кім өзі? Он жеті жыл саяси өмірден аулақ жүрді. Сол жылдар мұның жүрегіне

неғып мөрін баспады екен?

—Асқар Жүнісович, тынығып дем алып жатырсыз ба?..

—Рахмет! Жақсы!.. Сағынған елім-жұртымды тамашалап, қарай бергім келеді!

—Сіздің туған жеріңіз Арқа ма еді?

—Менің туған жерім — Алматы. Әйтсе де, Қазақстанның қай түкпірі болсын, маған туған жер ғой. Кейбір қазақтай үш жүзге бөлмейім!

—Ба! Бұл бір жақсы қасиет екен. Мен орыс болсам да «ру» дегенді естігенде ыза боп, жерге түкірем! Неге дейсіз ғой? Кім қай облыста туды, ол — қазақтың жақсы қасиетін айта алмайды ғой. Азаматтың іскерлігіне, біліміне қарап баға беріп, мекеменің есігін ашу керек емес пе? Әшейін «ауылдас» деп, қолынан іс келмейтін топастарды сүйеу — ой-өрістің мешеулігі! — Әлдекімге ызасы қайнағандай Серегин кейіп сөйледі. Асқар да Серегинге сұқтана қарады да: «Шының ба, достым?! Бұл — нағыз жаны ашитын достың пікірі» деп пікір түйгендей, бет ажары өзгеріп, сүйсіне қолын қысты.

—Рахмет! Көп жұрт осылай түсінбейді. Зерек екенсіз. Бұл сіздің сөзге қарсы комплемент емес. Шыным! — деді Асқар.

Серегин енді Асқар мінезінің жақсы жағын ашқысы келгендей, зердесін сала сынай көз тастады. Кім біледі, азап-бейнет шексе де, әлі де мұқалмаған адам болар?.. Бетінде әжімі онша көп емес, ұйткенімен қиын сапардың таңбасын жүз әлпетінен аңғаруға болады. Өңі қуқыл, сағы сынық. Самайын басқан қырау. Кейде қимыл қозғалысынан бостандық өмірге төселіп, үйренбеген жәйт білініп те қалады. Серегин аз кідіріп, ойын түйіндеді.

—Сіз Алматыда тудым дейсіз бе?

—Ия, Қарақастек деген жерде. Бірақ жасымнан Алматыда, қалада өстім. Менің үлкен ағам болды: мына Дәмештің әкесі, естіген де боларсыз! Сол кісі Совет өкіметінің алғашқы жылдары жауапты қызметте істеді де, кішкентай күнімнен мені қасына алды... Сіз өзіңіз қай жерден едіңіз?

—Мен бе?.. Мен Москва түбінен едім. Ерте отызыншы жылдары Алматыда менің де болғаным бар-ды. Жездем мен апама қонаққа барып бір жаз сонда тұрғам. Алматы қатты ұнаған-ды, әскерден қайтарда әдейі Қазақстанға сұрануым да сол себептен.

—Жездеңіз кім болып істеді?

—О кезде ЦК-да істеді. Генерал Басов. Соғыста қаза тапты.

—Басов?.. Баяғы жиырмасыншы жылдары ЧК-да істейтін Басов па?

—Сол! Біледі екенсіз ғой?

—Сақа Сағатов екеуі дос еді, біздің үйде талай қонақта болған... Уа,

ғажап!.. Енді бізге жаңадан танысуға тура келеді...

—деді Асқар таңданып.

Николай Иванович күлді.

—Өмір жолымыз айқыш-ұйқыш түсіп бірде жақындап, бірде алыстап, қатар жарысып отырған көрінеді. Қызық! Мүмкін соғыста да қатар жүрген шығармыз?..

—О да мүмкін. Сіз қай майданда, қай армияда болдыңыз?

—Мен соғыстың басынан аяғына дейін маршал Ватутиннің армиясында болдым. Сіз ше?

—Мен қырық екінші жылы Харьков түбінде жараланып, пленге түстім... — деді де, ар жағын айта алмай, сөзіне тұтығып, теріс айналды...

Асқар жүрегінде он бес жылдан бері сөнудің орнына өсіп, тармақтанып, бүкіл сана-сезіміне сабағы жайылған дертті аңғарды Серегин.

VII

«Қайғының да шегі бар: не жүректі улап дертке айналады, не жара боп бітіп, айығады» деген еді шығыстың бір философы. Сол сөз Асқардың бүгін есіне түсті. Он бес жыл сүліктей канын сорған қайғы-қасірет тағы да бүгін уын сеуіп, басын зеңгітіп, жүрегін қаттырақ соқтырды. «Қырық екінші жылы пленге түстім» деді Асқар. Бұл сөздің мәнісі: тірі адамның жер астына түсіп, жылдап азап-бейнет шегіп, қайтадан бұл дүниенің жұмағына оралу.

Асқар пәтеріне бұрылды. Шалдың үйі көлден қашық емес, жеміс-бақшаның ішіндегі сүрлеу соқпақпен ептеп өтсе, тура Иван Ивановичтің үйіне кеп тіреледі. Асқар сол соқпаққа түсті... Серегин құрық бойламайтын терең кісі, мысқылдай қараған көкшіл көзі: «Сен өзің кімсің?» дегендей. Асқар бұл сұрақты таныс құрбының, замандас-достың көзінен талай тапқан.

Асқар пәтеріне жақындай бергенде, аржағынан жүк таситын машина үйдің алдына келіп тоқтай қалды. Дәмеш кабінкеден қарғып түсті. Іле саңқылдаған Лиданың да даусын естіді. «Қалай түсіреміз?» деп даурығып, шуылдап кетті. Дәмеш не сатып әкелді екен? Асқарды көріп Дәмеш қуана айғай салды.

—Ағатай, пианино сатып әкелдім! — деді ол машинаның үстіндегі үлкен төрт бұрышты жәшікті қолымен көрсетіп.

—Қайырлы болсын! — Асқар мойнына асылып, еркелеген қарындасының бетінен сүйді.

—Ленинградтан жаздырып алдырдым. Көптенгі арманым! — Дәмеш

балаша секіріп, қайтадан машинаның қасына барды.

—Мұны түсіру оңай. Машинаның бортын ағытамыз да, екі қалың тақтайды сүйеп қойып, сонымен төмен жылжытамыз!

—Сынып кетуі мүмкін! — деді Лида.

—Сынбайды. Әкел тақтайды! — Асқар машинаның бортын ағыта бастады.

—Ағатай, пиджагіңді шеш! — деді Дәмеш.

Дәмештің сатып әперген әдемі текшелі сұр костюмін шешіп, Асқар ағаштың бұтағына ілді. Бұлар дабырлап жатқанда үйден Иван Иванович та шықты.

—Бәрің жиналып бір пианиноны түсіре алмай тұрсыңдар ма?

О, құмырсқалар! Кәне, жалғыз өзім түсірейін бе? Не бересіңдер? Жастар шу ете түсті. Аяғының сырқаты бар, кәрі адам, үстіне құлап, басып қалса...

Шал көнетін емес. Екі алақанына кезек

түкіріп:

—Тұр былай! — деп шоферді иығымен қағып қап еді, ол мұрттай ұшты.

Жастар ду күлді.

—Шал пенсияға ерте кеткен-ау?

—Анада мен келгенде жүре алмай отырған мешел едің, қайдан күш ала қалдың шалым?— деді көршінің бірі.

—Е, онда менің тіземе жара шығып, ісіп кеткен-ді... Өздерің кім деп тұрсыңдар мені? Баяғыда Ертіс пароходында жиырма бес пұт жүкті иығыма сап, ыңқ етпей жүре беретім-де!.. Итеріңдер бері!

Лиданың ұрысқанына, жалынғанына қараған Иван Иваныч жоқ, сүзеген бұқадай күжірейіп, мойнын ішіне тығып ап, оң жақ иығын жәшіктің астына тосып тұра қалды.

—Сүйеңдер! — деп ол жарлық берді.

Асқар өзін өмір академиясын бітірдім деп санайтын. Бірақ, қаншама өмір көрдім десе де, жетпіске келген шал пианиноны жалғыз иығымен көтереді деуге аузы бармады. Дәу де болса, шалды ажал түртіп тұр!

—Иван Иваныч, осы мен дәрігер едім, өліп қалсаң жауап беретін мен! Мені тағы да сотқа сүйретіп қайтесің?!

Асқар сөзін шал құлағына да ілмеді.

—Мен бүгін ақырғы рет күшімді сынап тұрмын! Егер қуатым қайтпаса, мен әлі жиырма жыл жасайм. Соны білгім келеді. Маған қолқа артпаңдар!

Сөз қысқарды. Лиданың көзі шарадай. Асқар да үрейленіп, тыпырши бастады. «Ал, ұстаңдар!» деп, тұрғандар бір жағынан жабыла көтерісті.

Шал жәшікті іркіп қап жалпақ жауырынға тегістей тигізді де, екі қолымен бүйірін тіреп, бір қадам, екі қадам ілгері басты... Тізесі дірілдеп бүгіле бастады. Жұрт даурығып, жәшіктің бұрыш-бұрышына жабысты. Шал

ақырып айғай салды:

—Кетіндер әрі, әйтпесе мені басып өлтіреді!

Шынында жұрт көмектесем деп, жәшікті теңселтіп, құлата жаздады. Иван Иваныч тағы да бір-екі қадам алға аттады. Машина мен шалдың арасы онша алыстай қойған жоқ, жерге түсірсе жәшік симай шеті бортқа тиерліктей.

Жиылған топ, көрші-қолаң, бәрі де демін ішіне тартып, үрейлене күтеді. Асқардың арқасы шымырлап қинала дағдарды, не ішегі үзіледі, не белі шығады, екінің бірі. Ақырғы қадамды зорға аттады, сол аяқ бүгіле бастады.

—Папа! — деп Лида шыңғырып жіберді. Шал боп-боз, шөге берді, шөге берді. Асқар жалма-жан жалпақ тақтайды жәшіктің астынан өткізді де, бір жақ ұшымен жерді тіреп, екінші жағын шофер екеуі көтеріп апарып машинаның бортына сүйеді. Дәмеш пен Лида екі жақтан жәшікті сүйеді... Шал үстінен жәшіктің салмағы азайса да, сол қалпы шөгіп, отырып қалды. Бар айтқаны:

—Эх, мен цехта істеуге жарамайды екем! — деді, әзілі ме, шыны ма кім біледі?

Алғашқыда Асқар шалды — сотқар, кәукөкірек, мақтанып, күшін көрсеткісі келді деп ұқты. Артынан ол райынан қайтып, шал мінезінің жаңа бір қырын тапқандай. Өткен он жеті жылдың өзгерісін енді сезгендей: ұлт, дін демей совет адамы біріне бірі қоян-қолтық жақындаса түскен, адам қадірін тереңірек ұғынғандай. Әйтпесе, айдаладағы шал, қайдағы бір қыз үшін осынша қинала ма?... Әйтеуір қолынан келген көмегін аямау!

Ия, осы тұрғандар Асқар білмейтін жаңа адамдар!.. Керек десе, Асқар Дәмештің өзін білмейді. Қайтып оралды... Жақсы қарсы алды... Сол Дәмештің жүрегіне кілт тапты ма? Үйіне жіберіп, паналатып, қолынан келген көмегін аямаған шал кім?..

Дәмеш пианиноны жақсы тартады екен. Кешке жақын қолы боста пианиноны бебеу қақтырып, бой шымырлатып, көңіл көтереді, қиялға қанат бітіреді. Бүгін тағы Григтің ғажайып сырлы ноктюрын¹ ойнап, көңіл күйін шертеді. Тамаша шаттық жастықты еске түсіреді... Қозғала алмай сұлқ жатқан шал, қасындағы Асқарға бетін бұрады.

—Музыканы мен жасымнан жақсы көрдім. Жақсы күй, ән әрдайым көз алдыма жастығымды елестетеді. Эх, Асқаржан! Өмірде от пен суды сен белден кештің... Адам жанын сен түсінесің... — Шал күрсініп өткен шағының бір кезеңін Дәмеш музыкасының ырғағына қоса, есіне алып, әңгіме қылды.

...Иван Иваныч Керекуде, Ертіс жағасында туады. Революциядан бұрын пароходта жүк тасиды... Одан он төртінші жылы соғысқа қатынасып,

Октябрь революциясын окопта қарсы алады... Азамат соғысын Свердлов қаласында өткізеді. Жиырмасыншы жылдың орта шенінде, баяғы Домидов салған металлург заводында құрыш қорытады... Соғыс жылдары осы Теміртау заводын салғанда, туған жерім деп Свердловтан өзі тіленіп келеді...

—Өмірде арманым көп. Соның бірі осы музыка... Мен кеше пианиноны жалғыз неге көтерді дейсің? Күш сынағаным әзіл... Жастығым есіме түсті! Сол бір жұмбақ сыр сандықтың жолында өліп кетсем, арманым жоқ деп ұқтым! Сен іштей келемеждеп те отырған боларсың. Біреу өмірін Отаны үшін, біреу — туғантуысы, біреу — досы үшін қияды... Ал, әумесер шал — музыка аспабы үшін... Рас, балам, айтуыңа болады, бірақ бұл — шын сөзім, — деп шал тағы бір тыңды.

¹ Жан сезімін тербейтін музыкалық шағын шығарма.

—Сен Асқар Жү...

—Жүнісович.

— Жунусович, ыңғай өзіңнің ішкі сарайыңа үңіліп, үйренгенсін, бе дейім. Үндемейсің?.. Сөз қоспайсың, бақырайып тыңдайсың да отырасың! Байқаймын, менің әрбір сөзімді өзіңнің елегіңнен өткізіп отырған сияқтысың.

Асқар күлді. Не дейді бұл қу шалға? Біліп те сезіп, аузы сөйлеп, көз бақылап отыр...

—Біздің Керекуде менің бала күнімде музыка аспаптарын, балалайка, мандолина жасайтын бір шал болды. Балалар бо лып соның мастерскойына барып көмектесіп жүрдік. Жыл өтті. Шеберлікті баурап, өз бетімізбен жасауға да кірістік. Бір күні Володя Багаев дейтін бала екеуміз пианино жасауға уәде беріп, жарты жыл дайындық жасадық... Енді кірісеміз дегенде, ағаш бұтап жатып оң қолымның бас бармағын шауып ап тыртықтау бітті. Бармақсыз шебер не істейді?..

Шал сырына Асқар енді түсінгендей: әркімнің бір арманы бар. Армансыз адам — топас, дөкір, жұғымсыз, менменшіл болар ма еді, қайтер еді?.. Арманадамның ішкі таразысы, дүниенің жақсы жамандылығын соған қарап өлшейді.

Асқар басының да арманы көп, соның бірі, бүгін тағы да жүрегін тербеп, беймаза қылды. Ол — Айша! Он бес жыл көз алдынан кетпей, өмірге шақырған, қиялына қанат, өзіне әл берген Айша! Сол Айшаны той күні бір көріп, жоғалтып алды. Асқар өзі іздер еді, семьясы бар.

Музыкасын тартып болып, шар айнаның алдында шашын түзеп тұрған Дәмештің қасына барды Асқар.

—Дәмешжан, Айша қайда істейді?

Дәмеш сырын түсінгендей күлімдеп, денесімен бұрылды.

—Ағатай, ғапу ет! Айша сізге кеше сәлем айтқан. Есімнен шығып кетіпті-ау! О да сізбен әңгімелесуге құмар!.. О кісінің күйеуі қызғаншақтау кісі...

—Күйеуі кім еді?

—Біздің бас инженер — Мүсілім Мусин!

Асқардың қолындағы бұрап тұрған сағаты жерге түсіп кетіп, күлпаршасы шықты. Екі көзі шатынап шошынғандай, кейін шегінді. Дәмеш те сасып, ағасына ұмтылды.

—Не болды сізге?

Пианино алдындағы дөңгелек тумбаға Асқар сылқ етіп отыра кетті де қолымен басын тіреп, үнсіз жылады.

—Ағатай, не болды сізге? — Дәмеш еңкейіп бетіне үңілді.

Асқарда үн жоқ. Дәмеш қайтерін білмей аң-таң.

—Ағатай, мен жаман сөз айттым ба? Маған өкпеледің бе? Дәмеш те көзіне жас алып кемсеңдей бастағанда Асқар шыдамады.

—Мусин... сол Мусин, маған жала жапқан да, ұстатқан да сол!

Бұл сөз Дәмешке жеңіл тие қойған жоқ. О да боп-боз боп, жиюлы кровать үстіне тәлтіректей барып отыр қалды.

Шерлі шындық деген осы!.. Дәмештің бұлхабары Асқардың жүрегінеөртсап, булықтырып, жанын улады.

Ұзақ түнге қиналып, дөңбекшіп шықты. Өзіне-өзі өмірден орын таба алмаған адамдай жалғызсырап, не істерін білмей әлек.

Мүсілім!.. Мүсілім кім? Неге ол жала жапты?

Он бес жыл қинала іздеген сұрақтың жауабын бүгін тапты. Жоқ, бұл сырды ішке сақтаса, бітеу жараға айналмай ма? Досжаранға, таныстарға жар салып, жеткізуі керек. Білсін!.. Ондай пасықтың адам баласын аздырмаса, пайдасы жоқ.

Асқар сөзіне жұрт сенбесе ше? Пленде болды деген таңбасы бар емес пе?

Асқар өзін-өзі жақсы түсінетін де болар, бірақ былайғы жұрт біле ме?

Жұртшылық көзінде Асқар деген кім ол? Айша Мүсілімге тиіп кеткесін

қызғанып айтып жүргені демей ме? Осы қаланың өзі Мүсілімді он бес

жылдай біледі. Үлкен қызметте істеген. Партияның кең пейілін, әділ

жүрегін бағаламай, келіп ап бықсытып жүргенін көрдің бе, демей ме жұрт?

Жарайды, бұл да ақыл. Бірақ, қойнында жатқан адамның кім екенін

Айшаның білуі керек!

Әй, Асқар-ау! Өмір сырын түсінем деп, қоқайсаң да әлі аңқаусың-ау! Оның кім екенін он жылдан бері Айша танымады дейсің бе? Қойнындағы күйеуін қай әйел жаман дейді?.. Мұны айтып жеткізу үшін төзім, тіл керек. Жақсы

еңбек істеп, әуелі жақсы баға алмай, Асқардың мұнысы — буынсыз жерге пышақ салу емес пе?

Асқар электр шамды жағып, пижама киді де, столдың басына кеп отырды. Кенет қолына қалам алып, таң атқанша дем алмай бір дәптер сыр жазды. «...Айшаға хат.

...Мен кім едім? Жұрт кім десе, о десін, мен — совет адамымын!

Сондықтан да, Айшажан, саған арнап осы сырды қағаз бетіне түсірдім. Білші менің кім екенімді!..

1942 жыл. Совет Армиясы Гитлердің қарулы әскерімен қантөгіс-шайқаста, кейбір басшы командирлердің топас әмірінен Харьков түбінде тамаша ерлер қаза тапты, қолға да түсті. Сол бір қолға түскен деревняда бас хирургтің бірі мен едім... Ол өз алдына бір роман. Кейін біреу үлкен кітапта жазар... Менің айтпағым — пленге өзім беріліп түскенім жоқ, жаралы боп түстім. Фашистер айуандық жасап, госпитальға дейін бомбалап, сонда контужен боп есімнен айрылып, құлап қалғам... Артынан есім кірді, бірақ басым ішіне мақта тығып қойғандай, шала естіп, шала көрем...

Содан қоршауда қалдық. Жанымда үш дәрігер, ауруларды тастап кете алмай, машинаға сап, бытқыл орман ішінде өзімізге қарай қашып бара жатқанда ұсталдық... Ал, менің орнымда сен болдың, не істер едің айтшы? Кейбіреулер айтады: «Сол арада берілмей атылып қалу керек еді» дейді. Не үшін? Сол қашып келе жатқан түні орман ішінде осы жайды ойлап, өзіммен өзім айтысып, ақыры бір түйінге тоқтағам.

Жүрек түбінде жатқан әзәзіл ой: «Әй, Асқар, ертең сені ұстап алса, қылбұрау сап қинап, әурелейді, онан да «тарс еткізіп» атылып өлсейші! Жеңіл ғой! Көз ашып жұмғанша о дүниеде боласың...» деп азғырды да. Жоқ, болмайды, бірінің қолы, бірінің аяғы жоқ солдаттар елге жетем деп сүйретіліп келе жатқанда, өзім командир — емдеуші дәрігермін, өзіме мылтық ала жүгіргенім арыма сия ма? Өлім қашпас. Өмір үшін күрескен ерлік демеуші ме еді Горький!

Ертең осы солдаттың бірі, аман қалып, елге айтып барса, не демек!..

Жақсыдан жаман туған екен десе, он алтыншы жыл батыр атанған әкесі Жүніс он сегізінші жылы совет өкіметін құрып, оққа кеудесін төсеген ағасы — Сақа, көрде бір аунап түспей ме!

Жарайды, фашистер қинасын, сыр сұрасын шыдап, қайрат көрсету ерлік емес пе! Қайта жаудың қолында отырып, жаумен күрескен коммунистер аз ба?.. Атса — қайта фашистер атсын!..

«Жаудың қолына түспей, атылып өл!» деген сөз күйрек, әлсіз адамға айтылған сөз. Қате!..

Сол түні жаман айтпай жақсы жоқ, қам жасадым. Серіктерім ұйықтады-ау

дегенде жалпақ еменнің түбіне барып, партбилетімнің номерін кесіп ап, жұмырлап, «барбамил» дейтін ұйқының дәрісін салған капсульге тықтым. Билетті емен түбіне көміп, өз атымды ағашқа пышақпен ойып жазып кеттім.

Майданның шекарасына жақындап келеміз, жер де, аспан да көкпеңбек көк түтін, қардай жауған оқ. Өте алмадық. Ұстады.

Бізді әуелі Киевке, одан Бобруйскийге апарды. Ол жерде жаралы солдаттарды алып қап, жүруге жарайтындарды эшелонмен Львов түбіндегі лагерьге тапсырды.

Жан-жағы электрлі сыммен қоршалған үлкен лагерь, құмырсқаның илеуіндей құжынайды. Лагерь қақпасының аузындавахтер. Жанында-күзет үй. Сол үйге кіргізді де тыр жалаңаш шешіндіріп, денеңде қарамаған, үңілмеген жері жоқ; ақыры қақпаға жақын бір брезент бараққа қуып тықты. Адам жаратылыста артық жаралған ғой: хайуанның миы бір қатпар болса, адамның миы екі қатпар, екі қабат, үстіңгі қатпар —ой-сана, зейін-сөздің орталығы да, сезім, ішкі өмірдің жүрістұрысы: тамақ жеу, дем алудың орталығы — астыңғы қатпарда екен. Хайуан миында үстіңгі қатпар болмайды. Дәл сол бір түні менің миымнан үстіңгі қатпарды алып тастаса азап-қорлық сезбес ем!

Брезент барақтың іші — екі қатар ағаш нар; лық толған солдаттар, аяқ басар жер жоқ. Аш-жалаңаш тырысып-бүрісіп иықтары салбырап, төмен түскен. Бізді көріп, қысыла сырғып, орын берді. Касымдағы дәрігердің біреуі шылым тартушы еді, бәрі соның аузына қарап, еріндерін жалады — ең құрығанда бір сорсам деген тілек. Арт жақта қалтарыста тұрмын. Ұртыма тыққан капсульге бар бойымнан орын таба алсам ше... «Капсульді қайда тықсам екен!» деген ой, бүкіл сана-сезімімді билеп алды. Ұйқтағанда жұтып қоймайым ба? Тек кешке жатарда ғана орын таптым, құлағымның ішіне тығып, сыртынан шүберекпен тығындап қойдым. Таң атқанша... Мен қара көлеңкелеу бұрышқа күбжеңдеп жатқанда арт жағымнан біреу түртіп қалды.

—Отыр-отыр, көлеңдемей! — деді, тегі менің етегім оның көзіне тиген тәрізді, ренжіген үн білдірді. Жалт қарасам, бір таныс көз маған қадалып қапты. Апырм-ау, осы бір көзді қайда көрдім? Сөйткенше болмады:

—Доктор Сағатов! — деді ол күлімсіреп.

Мен оны дауысынан таныдым: Павел Кочетов! — жас күнімнен бірге өскен алматылық досым. Екеуміз құшақтасып, сүйісіп көзге жас алыстық.

—Қашан қолға түстің?

—Жақында. Осында бізді де бүгін ертемен әкелді... Әлі отырмыз. Не тамақ, не су бермейді!

—Е, бұл біздің жастарға келген апат, сын! Осыған шыдап арнамысыңды сақтап қалу — ерлік!

Ақ жарқын қуақы Павелдің мұңайып, иығы салбырап түсіп кеткен.

—Біз жеңілдік!.. Бүйтіп, қор болғанша, белбеуге асылып өлген жақсы.

—Осынша не болды саған?.. Осындай күйрек пе едің?

Мен Павелге тесірейе қарадым. Осы сөз демеу болғандай, көзінен әзіл сәулесі жарқ ете түсті.

—Баяғы детдомда өскен, Абай өлеңін қазақ тілінен орысшаға аударған Пашкаға ұқсамаймын, ә? — деді ол қазақша. Осы сөзі маған біраз сырды ұқтырды. Мен бас сап, тағы да бетінен сүйдім. Енді екеуміз шүйіркелесіп, қазақ тілінде сөйлестік.

—О, Асашқа, біз тамұққа түстік? Бұдан тірі қалу үшін екі жол бар дейді.

Бірі — Отаныңды сатып, азғын болып, фашистерге берілу де, енді бірі — сол Отан үшін күресіп, ерлікпен жастығыңды құрбан қылу... — Паша сыбырлап, жан-жағына қарап қояды. Мен үндегем жоқ, бірақ Павел жүрегінің соғысы менімен дөп түсетінін анық аңғардым.

Бір барақ толы қыршын жастардың қайғысына күңіренген қара түн де өтті... Алыстағы үміттей ертеңгі күннің көзі де көрінді. Су құйған іннен қуылған тышқандай, сүмірейіп, жұртпен қатар біз де барактан шықтық. Жан-жағын электр сымымен қоршаған үлкен лагерьді ортасынан екі бөлген, біреуіне — ыңғай түрік нәсілдес тұтқын солдаттарды қамаған да, екінші зонаға Россияның басқа халықтарын жиған. Бізді «карантин барағына» апарып салса керек-ті. Үш күн өткен соң, бір күні таңертең тұтқындарды тысқа қуып шығып, азиялықтарды бөліп ап, түрік нәсілдес тұқымдардың арасына апарып қамады. Павелды тастап кете алмадым: сол сағаттан бастап, оның әкесі қазақ, шешесі татар. Пахритдин Көшенов атанды да, менімен бірге кетті.

Тапал ұзын саман барақтар, әрқайсысының өзі бірнеше секцияға бөлінеді. Әр секцияда — елу-алпыс адамнан. Лагерьдің іші құжынаған Орта Азияның жас балалары, тырнақтарының арасы бесбатпаң кір. Бұлардың ішінде сақалдары өскен, көздері шүңірейген, еріндері кезерген; айрықша менің көзіме түскен: дембелше қара торы әдеміше татар жігіті, киімі де таза, сөзге де епті. Бізді лагерь өмірімен таныстырған да сол.

...1918 жылы Қоқанд қаласында ұлтшыл-байлар үкіметін құрған, қашқын, Отанын сатқан Мұстафа Шоқаев, Парижден Берлинге келіп, Гитлерге сатылады. «Түркістан комитеті» деген ұйым құрып пленге түскен Орта Азияның жігіттерінен легион құруға әрекет жасайды.

Түрік нәсілдес халықтардың солдаттарын бөліп ап, алдапсулап, зорлап-қорқытып, сол легионға біртіндеп кісі тартып жатса керек-ті.

Ақырын сұрастырсам: Гитлер жалғыз ғана «Түркістан комитеті» емес, «Еділ — Орал комитеті» деп Еділ бойындағы татар-башқұртқа, «Солтүстік кавказ комитеті» деп Кавказ мұсылмандарына арнап, бөлек-бөлек ұйым құрады. Тап осы кездерде Украин ұлтшылдарының Бульба, Бендер дегендері, орыстың Власовы, жемтікке жиылған құзғындай, Гитлердің маңына үйелей бастайды. Әрине, Гитлердің ұстаған мақсаты, осындай қашқынпысқындарды салып, біріккен көп ұлтты совет елінің жігін ашып, быт-шыт қып, бөліп ап билемек. Баяғы ескі әдіс: «Разделяй, властвуй!». Жиылған тұтқындарды күн сайын медицина комиссиясына салып үш топқа бөледі: ауруын емдеп, сауын жұмысқа сап, көнсе легионға жіберіп жатыр екен.

Бір күні таңертең ертең жеңдеріне «р» әрпін жапсырған полицей украинцтер лагерьді қаптап кетті. Барақтардан тұтқындарды қуып шығып, сапқа тұрғызды.

«Бүгін неміс армиясының жоғарғы командасынан ұлы мәртебелі адамдары келеді, обход жасайды, олар келгенде өз беттеріңмен лағып сұрақ қоюшы болмаңдар. «Тұрмыстарың қалай?» деп сұраса, «жақсы-жақсы!» деп қана жауап беріңдер. Ал кімде кім өзінің большевиктік пікірін, бұзық ойын бықсытса, ол адам осы бастан-ақ бұл дүниемен қоштаса берсін. Генералдар кеткен соң, оның сазайын өзіміз береміз!» деді.

Сол тұрған бойда тұтқындардың әрқайсысының қолына сыпырғыш, күрек, шылапшын, шүберекті тауып беріп, баракты, зонды тазалатып сыпыртып, жудырта бастады. Түс кезінде біз де бітірдік, «жоғары мәртебелі генералдар» келіп қалды деген хабар жетті.

Тұтқындарды тағы да топырлатып қуып кеп, сапқа тұрғызды. Мен саптың сол жақ қанатына іліндім, оң жағымда — Пахритдин де, сол жағымда ең шетте, кешегі дембелше қара торы жігіт. Полицейлер лагерь қақпасын шалқайта ашып, бір топ адамға жол бастап қожасына арсалаңдаған ит тәрізді, айнала жүгіреді.

Тесіле қараймын: топтың алдыңғы қатарында келе жатқандардың ішінде азамат киімін кигендер де көрінеді.

—Мыналарың кім? — дедім қара торы татар жігітіне, сыбырлап.

—Итім білсін бе! — деді ол.

Олар жақындап келіп қалды. Жүздерін анық көрдім.

Топ ортасында бұтында французша қысқа шалбар, басында берет, орта бойлы, толқыған қара шашты аққұба өзбек — ВелиХаюм дейтін қашқын екен.

Әлгі өзбек тілінде, менің жанымда шет жақта тұрған Пахритдинге:

—Қазақсың ба? — деді.

—Иә, қазақпын! — деді ол.

—Жолдарың болсын! — деп, қолындағы ақ мата биялайының біреуін шешіп, жігіттің маңдайынан сипады. Арт жақтан бір татар жігі сыбырлап: «Артист!.. Осымен екі рет көрем, ыңғай осылай бастайды!» деді.

Вели-Хаюм топты бастап, саптың орта шеніне қарай кеткенде:

—Ролін жақсы жаттап алған ғой! — деді Пахритдин. Осы кезде баяу дауыспен Вели-Хаюм:

—Туыстар! — деді қолын көтеріп. — Бүгіннен бастап сіздердің құрғақ тамақтарың да, ыстық тамақтарың да бұрынғыдан екі есе мөлшерде артады. Күніне 6 сигареттен бергізем! Мақсат — сіздерді өлімнен алып қап, іске жарату!..

—Құлқын тамаққа сатып алмақ қой! — деді кекетіп оң жағымдағы қара торы жігіт... Біреулері: «Сіз кімсіз?» деп сұрақ та қойды. Вели-Хаюм бұл жолы көп сөйлемеді. Тек тұтқындардың ортасына от тастап, аржағын өздері тұтатсын деген әдіспен: — Совет өкіметі жеңілді, Гитлер жеңді. Әркім өз басының қамын, елінің, ұлтының келешегін ойлауы керек!.. Айтатын ақылым: өздеріңді ертеңгі жақсы күнге дайындай беріңдер! — деп ойын келте бітірді.

Осылай айтуының өзінде бір тәсіл бар екен: хайуанды үйреткенде әуелі конфет көрсетіп, аузынан суын құртып ап, айтқанына көндіретін, көнбесе бишікпен соғатын циркаштар сияқты. Тұтқындарға әуелі тамақты жақсартамыз деп уәде берді де, артынан шым-шымдап ой тастады...

Менің Пахритдинге айтқан осы бір сөзім үш күннен кейін расқа шықты. Бұл жолы Вели-Хаюм тұтқындарға бишігін үйіре келді.

—Вели-Хаюм! — деген сыбыр сөз лагерьге лезде тарады. Сол бір сәт тағы да бізді жинап алды.

—Мұсылмандар! — деді ол бәрімізге тіксіне қарап. — Кімде кім өлгісі келмей тірі қалам десе, бізге ерсін де легионға жазылсын! Жазылмайм десе, құрттап-биттеп, аштан өледі!.. — деді Вели-Хаюм екілене, аузынан көбігін ағыза айғайлап. Кейбір сөзін ұқпай да қалам, парсы-араб сөздерін араластырып қояды. — Кәне, кім не айтады? — деді тағы да Вели-Хаюм. Тұтқындарда үн жоқ. Әрқайсысының жүзі: «жүре бер, біз сенен өмір сұрағамыз жоқ!» дегендей ызғарлы да айбынды. О кезде — әлі азап-бейнет шекпеген, тауы шағылмаған тұтқынға жаңа түскен шақ.

Бірінің жүрегін бірі сезгендей. Вели-Хаюм да шолтаңдаған асығыс қимылмен әркімнің бетіне тесіле үңіліп, ыза-кек іздейді. Қолындағы солқылдақ резинамен бастан тартып жіберетіндей оңтайланып, үйіріп-үйіріп қояды. Бірде езу тартып, ажуалай көз тастайды, енді бірде — алдағы шепте тұрған жігіттерге тап-тап береді. Маңдайына түртіп, жыландай

ысқырып қорқыта азғырады. Аралап жүріп, «Анада өзі маңдайынан сипаған жігітім сенсің-ау! Осы сенен бастасақ, қалғаны соңынан ерер!» деген ойы болды ма, жақын барып:

—Әкең аты кім? — деді.

—Көшек.

—Өз атың?

—Пахритдин.

—Қай жерденсің?

—Түркістан қаласынан...

—О, жақсы қалада туған екесін!.. — Вели-Хаям жымыып: — Советте кім боп істедің? — деді.

—Техник.

—Ә, офицермісің? — Көзінің оты жарқ ете түсті.

—Жоқ!

—Әкең кім? Коммунист пе?

—Әкем қойшы!

—Туысыңда кім сотталды?

—Сотталған кісі жоқ!

«Рахмет, мен барам!» деп Пахритдин айта қоймады, тырысқақ мінезіне ыза болған Вели-Хаям блокфюрерге: «Алып жүр!» дегендей ым жасады да, жолды өзі бастады.

Біз тарай бастадық. Жүрегім қобалжып, аузыма тығылды. Жүректің арғы түбінен тұмандай жылжып қап-қара түнек үрей, бойымды шырмай басты: жеке-жеке шақырса қақпанға түсіп қалуымыз мүмкін-ау!

«Берік болыңдар!» деген бір ауыз сөзді қалай да әрқайсысының жүрегіне, тұқымдай сеуіп, өсірмей, босқа ақ жем боламыз!» дегенді айтты ол.

Ойымның тап үстінен түсті... Мен бұл сөзді біреуіне жеткізсем, ол — әрі таратпай ма? Кімге айтсам екен? Кекете сөйлейтін татар жігітін қолайлы тауып, соны іздедім. Жігіттер топталып әр жерде бір күбірлеседі. Бірінен-бірі ақыл сұрап — не істейміз дегендей, жақындап барсаң көзімен атады — кімнің кім екенін біліп болмайды, сақтық! Ақыры, татар жігітін таптым, ол —шылым тартып, ойға шомып жекелеу отыр екен. Сырғып жанынан орын берді. Менің оған сеніп маңайына үйірілгенімді, ол аңғарғандай.

—Әлгі жігітті қайда әкетті? — дедім шылымымның қалдығын қабына сорып. Татар жігіті «Сен өзің кімсің?» дегендей көзімен сұқтана бір шолып өтіп, күлімсіреп:

—Маған мұнда келгеніме бір жұма! Әлгі «қамқоршылардың...»

—деп кекете сөйледі. — Әрдайым істейтіні де, айтатыны да осы! Күнде алып кетіп жатыр, қайда апарады, бір құдайдың өзіне ғана мәлім!

Сахнаның пердесі ашылып, ар жағынан өмірдің артистері көріне бастады. Бұл — шолақ дамбал киген, сидаң тазы сияқты группенфюрер кім екен? — Вели-Хаюм деген кім өзі?

— Бұрын естімеп пе ең?.. Ия, сен оны қайдан естисің?.. Бұл жүрген авантюрист. 1922 жылы совет өкіметі Орта Азиядан алпыс баланы Берлинге оқуға жібереді. Соның бірі боп осы — Вели-Хаюм келеді екен, неміс қызына үйленіп, оқу бітіргесін елге қайтпай қалып қояды, мамандығы жоқ, ресторанда официант боп күнін көреді. Содан Гитлер соғыс ашқанда осы авантюристі тауып алады... Міне бізге қарсы сап отырған жоқ па?

Байқаймын татар жігіті көп сырға қанық тәрізді. Бұл өзі кім екен?

— Сіз қайдансыз?

— Казан татарымын. Есім Фатих... — деді ол көңілсіз айтқысы келмеген адамдай. Мен әрі қазбаламадым, өзімнің ойымды баяндадым:

— Берік болсақ жау қолына оңай түспес ек! — дедім. Ол езу тартып жымыды.

— Бұл сөз — совет солдатының жауға қарсы күрестегі ең күшті құралы! — деді Фатих. — Біз коллективте өстік қой...

Осымен сөз біткен тәрізді.

...Күндер зымырап өтіп жатты. Солдаттар біртіндеп азая бастады. Бірі көнді, бірі көнбей бір түнде жоқ болады, әрқайсысы өз жолын тапқандай. Лагерьге алдымен келген — апат-аштық, оның артынан өкшесін баса ұрлана кірген — ауру-сырқау. Өмір үшін күрес солдаттардың арасын қиюластыра, жігін жымдастыра түсті. Менің аспап-дәрім жоқ, әйтсе де, ақыл-кеңес, салмақты сөзбен емдедім. Осы бір күндері лагерьде өне бойы дал-дұл, бет-аузы парша-парша жаралы Пахритдин пайда болды. Біз үрпиісіп қалдық. — Ия!

Пахритдин әбден арып-азған, келе нарға құлады. Сол жатқаннан бір тәулік тұяқ серппеді. Ертеңінде Пахритдиннің жанына кеп, қайда болғанын, не істегенін сұрадық.

Гестапоға алып барып, жауап алған. Алдымен: «Сен қызылдың комиссары екенсің, соны мойныңа ал!» дейді. Одан кейін: «Лагерьде көтеріліс шығарып, қашпақ әрекетін жасапсың» дейді. Ақыры бұл айыптарды қалдырып: «Радиомен сөйле, совет солдаттарына қарсыласпай беріл де! Сонсоң өзіңді Берлинге жіберейік!» дейді. Қорқытып, есін алып барып, оңай қолға түсірмек болған. Көнбеген Пахритдинді азап шектіріп, тағы қинайды. Ұру-соғу — қинаудың дөрекі тәсілі. Бұлар — тәнді емес, жанды қинайды екен. Ауызбен айту қиын, әркім өзі басынан кешкенде біледі... Осы қинаудың кезінде СС-тің бас квартирасының шығыс бөлімінде, начальниктің орынбасары болып істейтін қызыл көз, қара шұбар қатал офицер келіп, жауап алды. Ол қинамады, ұзақ кеңесіп, егжей-тегжейімді білді де қазақ тілінде: «Іріп-шіріп босқа өлу — ерлік емес, жігітім! Жау десең күресе біл!.. Тәсіл тап! Менің айтарым осы! Енді сені оңай босатпайды... Егер менің тілімді алсаң, Берлинге алып кетейін. Бірақ өзіңе сенетін достарыңды бірге ала жүр!» деп мені шығарып жіберді. Осы! — деді ол аузымызды ашып, бақырая тыңдап отырған бізге. Бұл бізге жұмбақ. Шешімін іздедік. Бұл — не деген сөз? Жақсы, ол — жауға сатылған азғын болсын. Қазақ баласы деп іші ашып өзімен бірге Берлинге алып кеткенде, ол «Қайда кетсең онда кет!» деп ноқтасын сыпырған аттай, санға бір сап қоя берер дейсің бе? Көздеп отырған нысанасы: ұрмай-соқпай біртіндеп, жүнінен сипап үйрету де! Пахритдин екеуміз ұзақ түнге кірпік қақпай, күбірлеп, айтысып шықтық. Түйін таба алмай сандалдық. Ол қазақтың: «Жау десең, күресе біл!» деген сөзі құлақтан кетпей қойды. Ертеңіне мен: —Паха! — дедім, досымның қолынан тартып, — іріп-шіріп аяқ астында өлмей, жастықты ала өлейік! Ол мақұлдап екеуміз серт берістік. —Кімде кім орындамаса, өлім жазасына бұйрылсын! Уәделі күнде қызыл көз қырғыз да жетті. Ол: «Кім қайда істеген, қандай мамандығы бар» әуелі тексеріп, қолымыздан іс келетінін сезген соң Берлинге алып жүрді. Пленге түскен солдат күрестен жығылған палуан сияқты, беті қайтып, еңсесі түсіп кетеді. Қаншама ұлтшылдар көңілін көтеріп, совет өкіметін жамандаса да, ел-жұртын, бала-шағасын, туған туысқанын сағынған тұтқындар жігер, жауынгерлік қабілет көрсете алмады. Бір тобы — тамағын асырап, күнін өткізді, бұлар да құр сүлдер, ой-арманы, жүрегі елінде, ертеден кешке ойлайтыны «Бала-шағама бір жетсем-ау!...». Қолдарынан келер дәрмен жоқ, іштей өзіне-өзі наразы, қашса — не ұсталып атылады, не Дахау, Маутхаузеннің біріне түседі. Қорқады... Енді

бір тобы

—неге болса да басты қиып, ой-тілегін түйіндеп, алдына бір мақсат қойғандар: лажын тауып қашу, құтылу, не жастығын ала өлу. Қалай да Отан алдында қара бет болмай, анасының ақ сүтін ақтау — олар жатса да, тұрса да осы бір мақсаттың маңына өрмек тоқиды.

Солардың бірі боп, Мюнхен қаласына жетпей мен де қаштым. Түн ортасы ауа бере бізді әкеле жатқан поезд бір станцияға кеп тоқтады. Қар аралас жаңбыр жауып тұрған, бір кезде, басымды көтеріп айналама қарасам, қызыл офицер де, күзетші солдаттар да шырт ұйқыда екен.

Ептеп басып, түрегеліп, Пахритдинге қарасам о да сезіп жатыр екен, мені көріп, басын көтеріп алды. «Жүр!» деп ым қақтым да, тамбурға шықтым. Ешкім жоқ.

Поезд ырғалып жүре берді. Мен де секірдім. Іле Пахритдин де секірді. Шалшық суға шалп ете түскенін, құлағым шалып қалды. Жүгіріп вагон-вагонның арасымен тоңқалаңдай жүгіріп келем. «Апырм-ай, біреуге кездесіп қалмаса игі едім?» деген ой таяқпен қарақұстан салып жібергендей тиді, кенет басымды көтеріп қарасам: жүк артқан вагондар тұр... Я сәт!» — деп мен де ұмтылдым, поезд да жүріп кетті. Шап беріп артқы вагонға жандәрмен жармаса іліктім. Қат-қабаттап үйген тай-тай буманы ашық платформаға сап брезентпен жаба сапты. Құдай берді! Арасына кірдім де тырп етпей жата қалдым. Поезд рельсті гуілдетіп, сарнай тартып келеді. Менің ойым да вагонның дөңгелегімен қатар жарысады. Бірақ, Пахритдин іліге алды ма? Ертеңгі күнім

—қара түнек. Жан-жағымды қаптап, алдымды орағытқан — өлім! Ер жігіт басынан не кешпейді, арман — жастықты ала өлу!.. Менің бұл қашуым — көз жұмбай тәуекел, бұраңдаған айналма жол, бір жерден шығарар деу. Поезд түні бойы жүрді. Таң құлан иектеп ата бастады. Жауын басылған. Аспан әлі түнеріп тұр. Менің ұйқым қанып, тынығып қаппын, брезент астынан о жақ, бұжаққа көз тастасам: жолдың екі жақ бойы сыңсыған тоғай. «Осыдан қолайлы жер табылмас, тез секіргің келсе!» — деді іштей жол серігі — Қыдыр атам. Тегі мені оңға бастаған да сол Қыдыр атай да, әйтпесе, неге ояндым? Ей, баяғыда аталарым айтпаушы ма еді: «Жортқанда жолың болсын, жолдасың Қыдыр болсын!» деп. Сәуегейлік емес, Қыдыр халық тілегі — жол амандығы.

Артқы вагон, секірсем, поезд астына түспеуім мүмкін, және алға қарай секірсе, доңғалақ екпіні өзіне тартып, үйіріп әкете алмайды. Азар болса жараланармын. Гестапо ұрып, қинағанша, өз еркіммен қашып жүріп жаралансам «әттең!» деп қапы жемеймін ғой. Поезд ирелеңдеп, қыратты айнала бергенде атып тұрып алға көз жібердім. Ала көлеңке, тірі жан

көрінбейді. Суға секіргендей алға ұмтыла қарғыдым. Мысықтай жерге төрт табандап дік ете түстім де, жантая құлай беріп, тағы бір екі аунап, домалап кеттім. Құлаған шақта көзімді жұмып тістеніп алғам, үрейлене көзімді аштым: жоқ, әлі тірі екем. Сүйектерім де сау сықылды — козғалады. Құлағым тіктім: сыбдыр естіле ме, не «халт!» деп айғай сап, мылтық кезенген фриц көріне ме? Мүлгіп тұрған қара орман! Ешбір сыбдыр да, дыбыс та білінбейді. Жалма-жан еңбектей жүгіріп, орман ішіне кірдім. Уһ!.. Көз ұшында жоғалып бара жатқан қызыл ноқат — поездың артындағы шамы. Қол бұлғап, іштей поезға рахмет айтып, орман ағаштарын қуалап, жүре бердім. Қай жер, қайда келдім? Білмейм. Аздан соң орман ояна бастады: түн түнегі серпіліп, жапырақтар сыбдырлап, таңғы самал мойныма жібектей оралады. Таң алдындағы орман, иісі де басқаша екен: дымқыл тартқан жердің иісіне, қарағайдың қарамай иісі қосылып, тұнған кеудені ашып, мұрынды жыбырлатады. Түшкіріп қалам ба деп алақаныммен аузымды басам. Жүріп келемін. Аяғымның сыбдыры тұнық орманды жаңғыртып, басына көтереді. Апырм-ай, біреу сезіп қап... Күн де шықты. Қолдың саусағындай жиі бұтақтардың арасынан күн сәулесі орман ішіне теңбіл-теңбіл күміс сәуле шашты. Әр жерден бір оянып, құстар да дыбыс береді. Уа, қандай құстың дауысы екен? Осы бір әдемі де нәзік үн сонау алыстағы туған жерді еске түсірді. Бұлбұл емес, Күләштің, Барсованың әндерін естіген сияқтымын. Жүрегім лүпілдеп аузыма тығылады. Көзіме жас келді, денем шымырлап, ақ бас Алатауым, оның етегінде көлбей жатқан сәнді қаламнан Күләшім ән сап, мені шақырғандай. Кеше ғана ақылым толып, ойым қанаттанған Москва, Ленин жатқан Қызыл алаңнан Барсова қол бұлғағандай... Кенет селк етіп, оң жағыма қарасам, орта бойлы, қара мұртты, мосқал еркек, арқасына салған арқаны бар, маған үңіліп тұр. Жүрегім дір-дір етіп, буыным босап, денемді үрей биледі. Хауіптің алғашқы айбыны бет шыдатпайды-ау, мыштай ғып бүрістіріп алып кетеді. Ми түкпірінен ақыл көтеріліп: «Саспа, екі өлмек жоқ!» — деп қайрағанда барып адам ес жинайды. Айла іздедім! Бұрылып тұра қарсы жүрдім. Жас кезімде әкемнің: «Жүрек тоқтатып қарсы ұмтылсаң, қабаған ит екеш ит те тайқиды!» деп ақыл айтатын еді. Соны осы соғыс басталғалы тұмардай кеудеме тақтым. Айшажан, маған шын, саған өтірік, әлгі менің айбыныма шыдамай, кейін шегіне берді. Мен де сұстанып, жақындай бердім. Ол ыржиды. —Сен кімсің? — дедім немісше. —Бульбаши! — деді ол. «Бульбаши?» Естімеген халық. Түрі де неміс сияқты емес. Бұларды Гитлер қайдан алып келді екен? —Неміссің бе? — дедім.

—Жоқ, украинмын!

Енді мен «Бульбаши» мұның фамилиясы деп ұғып, ой бауырымдап бассалдым. Ай-түйге қарамастан құшақтап:

—Мен совет адамымын, — деп қуанып бетіне қадалдым. Ол қабағын шытып:

—Совет енді жоқ! Ұлы Самостойная Украина бар! — деді. Мен сескеніп, бойымды тарта қойдым. Бұл сөз менің көзімді ашқандай. Әңгіме желісін бұра қойдым. Әрине, әуелі сөз «кім едің, қайдан жүрсіңнен басталмай ма!» Сұрай келсем, Львов түбінен қуып кеп, жұмысқа салған украинец екен, осы орманның аржақ түбінде немістің гросс бауэрі — помещигінің қолында тұрадымыс. Күндегі ісі — малын күту, қорасын тазалау. Қазір ертемен мына орман ішінде кесілген сырық жатыр екен, соны сиыр қораға қоршау жасауға алып кетуге келіпті. Мен өзімді таныстырдым: дәл соғыстың алдыңғы күндері әйелімнің төркініне Белоруссияға кеп, дем ап жатқанда, соғыс басталып, Алматыға қайта алмай қалдым. Содан неміс алған қалада бір жылдай жұмыс істедім. Өзім артист едім. Сол Бердичевта ән салып, күн көріп жүргенде, осылай қарай қуып әкетті деп түні бойы ойлап шығарған повесімді бастадым.

—Австрия жаққа қайдан келдің? — деп қалды Бульбаши. Поезд Австрияға қарай өтіп кеткенін енді сездім. Ұсталдым-ау!.. Сыр бермей күліп:

—Ой достым-ай, қайдан келдің дерің бар ма? Әр бауэрдің қолына бір көшіп, қақпақыл ойнап жүрген өмір де... Бізді қазақта қақпақыл деген ойын болатын... — деп басқа әңгімеге ауыстырып, ізімді бүркей бердім.

Бульбаши әрине сенген жоқ. Көзіме

«Не брехай!» дегендей сұстана қарайды.

Сырғауылды көтерісіп фермаға бардым. Біз орман ішінде бір сағаттай айналдық. Жауыннан кейін күн ерекше жарқырамай ма? Күздің осы бір жайдары күні жүрек лүпілін әрең басып, фермаға жақындай бергенде, алдымыздан орта бойлы, қыпша бел, үкідей сары әйел шықты. Үстінде салт атты кісінің киімі, қолында қамшы, қора жақтағы ерттеулі тұрған атқа қарай жүрді. Бізді байқамады. Мен де іштей «байқамаса екен!» деп тілеп келемін. Бульбабашидың да, менің де көзім сонда: жеп-жеңіл, атқа қарғып мінді, тебініп қап, шауып бара жатып бізді көрді. Тізгінін шірене тартып тоқтатпақ еді, аты атырылып, аспанға қарғыды.

—Бұл кім? — деді қамшысымен мені көрсетіп. Бульбаши:

—Поездан қалып қойған көрінеді, ағаш ішінде кез болдым!

—деді.

—Мен келгенше жіберме! — деді де шауып ала жөнелді.

—Бұл кім? — дедім мен Бульбашиге.

—Помещиктің әйелі. Осы ферманың қожасы! — «Мен келгенше жіберме!»
Не дегені? Гестапоға тапсыра ма? Үрейленіп, ойым түрлі саққа жүгіріп,
көңіл дерек таба алмады. Сыр айтып, ақылдасуға Бульбашиден қорқам.
Маған сенімсіздеу қарайды, шешіліп сөйлеспейді, тегі о да менен сескене
ме? Кім білсін... Әлде помещик қатын келмей, табан жалтыратып, зытсам
ба? Бульбашиден қалай құтылам?

Кешеден нәр татқам жоқ, тамағым құрғап, аузым темір татиды. Қарным
ашқанын сонда ғана білдім. Ұстап берсе де бір тойып әлденіп алайын деген
оймен Бульбашиден тамақ сұрадым. Ол — қорадағы шөптің үстіне
отырғызды да, сырттан құлып сап кетіп қалды. Вот ит! Құлып салуын
көрдің бе? Енді мұның маған жолдас емес екенін аңғардым. Әлі отырмын,
әлі жоқ... Бір кез де жарты бөлке нан, шошқаның майын әкеп берді. «Жей
ме, жоқ па?» дегендей менен көзін алмай, сынай қарайды. Ашыққан адам
қомағай келмей ме, тіл қатуға да шамам жоқ, соғып ап, жақын қасына
бардым.

—Сен мені жаныңа ал, саған жақсы серік болам, — дедім сөз тартып оған.
Күлімдеп, арқамнан қағып, тысқа шықты, мен де соңынан ердім. Шауып
кеп қораны айнала берген үкі сары да тоқтай қалды. Аттың шылбырын
Бульбашиге бере салды да, маған тағы да бір рет таңырқай көз тастады,
үйіне жөнелді. Мен аттың ерін ап, қораға жемге байлайын деп ниет білдіріп
ем, Бульбаши сенбеді ме, жымыып: «өзім» деді. Мейлің маған десе табанын
жала!.. Ол аттың ерін ап, мойнын, арқасын щеткамен қағып, сыпырып,
сұлы салған жәшікке апарып байлады. Ертең менің де істейтін жұмысым
осы шығар дегендей, тапжылтпай қадағалап тұрмын. Осындайда қазақ
айтатын: «періште, ила-һи» деген ғой деп, сол айтқандай, ертеңінен бастап
ат күтуші мен болдым.

Мені үкі сары шақырды. Үстінде жылан терісі түстес шұбар халат, кеудесі
ашық, емшегін жартылай торсита ашып, көрсетіп қойған. Қылмың-қылмың
етеді, манағыдай емес, дауысы да жайдары.

—Немісше білесің бе? — деді маған. Мен өзімнің аздап білетінімді айттым,
шынында неміс тілін мен жақсы түсінем, бірақ сөзге шорқақпын.

—Кімсің?

—Артистпін.

—О, артист?! — үкі сары басын шайқап, маған таңдана қарап,

—қара орыссың ба? — деді.

Бақсам олар Орта Азияның халқын: «қара орыс» дейді екен. Мен қысқаша
манағы Бульбашиге айтқан повесімді қайталап айтып бердім. Сенді ме,
жоқ, помещикке жұмыс істейтін кісі болса жарады ма, мені жұмысқа алып
Бульбаши екеуміздің істейтін ісімізді бөліп берді: мені үкі сары өзіне

күтушісі қылып алды: үй жуам, монша жағам, атын күтем, не керек ерке қатынның қандай тілегі болса, соны орындау менің міндетім... Әзірге беталысым теріс емес, өстіп аяңдап, әбден өз кемеліме кеп, бір түнде қашып шықсам жарады!..

Помещиктің шатырлы ағаш үйі бар: үсті мезонин да, жартылай жерден қазған, астыңғы подвалда — тамақ тұратын қоймасы. Үкі сары тұратын үй, бірнеше бөлме, бірінен-бірі шығады, кірсең қайтып есік табуың да қиын. Аулада флигель сияқты жұмыскерлер жататын тағы бір үй бар, біз Бульбаши екеуміз сонда жатып, сонда тамақ ішеміз. Бізден басқа үкі сарының үйінде тағы үш әйел бар, жас күннен тәрбиелеп өсірген «боннесы» — кәрі кемпір, дым істемейді, өлім күтіп жүрген құр сүлде; жасамыс, толық әйел аспазшы, күні-түні кухнядан шықпайды. Жас қыз — үкі сарының күтушісі. Үкі сарының ері — әскерге алынған помещик, Гитлердің ставкасында интендант жағында істейді екен. Кейде Берлиннен келіп-кетіп жүреді, үкі сары өзі де сол маңайдағы бір бауэрдің қызы екен, соғыс алдында бір жыл бұрын ғана тұрмысқа шықса керек. Күнде таңертең атқа мініп хеткенде, ол — сол маңайда арасы төрт-бес шақырым жерде фермада малын, егін жайын аралап шығады. Украинадан қуып келген көп шаруалар сонда мал күтіп, қора жайласатын сияқты.

...Күндер зымырап өте бастады. Бульбашимен екеуміз әлі де ит пен мысықтай бір-бірімізді аңдимыз. Мен оған сенбеймін, ол маған жақындап, іш-баурыма кіре берген сайын, жүрегімді мықтап бекітіп, кілтін екі-үш бұрап қоям. Өйтетінім — ол Совет өкіметін жақтырмайды. Москва әне құлайды, міне құлайды деп күнде күтеді. Қайдан еститінін білмейсің, соғыс мәліметін үйдің қожасынан бұрын біледі. Үкі сарымен де қас-қабағы түзу. Шақырусыз барып, кейде жанына отырып қайтады. Не сөйлеседі, кім білсін... Мен не «солай» деп, не «олай» деп жұмған аузымды ашпаймын. Тек бақырайып таңданам да отырам. Кім өзі бұл? Баға келсем, Бульбаши деген оның фамилиясы болмай шықты. Аты жаңылмасам Остап Нехай. Бульба деген украин ұлтшылдарының Гитлерге сатылған бастығы екен. Бір күні кешке мені үкі сары шақырды.

—Сізді Эльза Мейер шақырады! — деді күтуші қыз. Оның аты-жөнін сонда ғана білдім. Қораны жайлап, жаңа ғана жуынып отыр едім, жүрегім дүрс-дүрс қағып, ішім төмен қарай тартып қоя берді. Мұндай кезде шақырмайтын еді, әлде гестаподан біреу келіп қалды ма? Жан-жағыма қарап Бульбашиды іздедім. Жоқ. Барсам, Бульбашиым сонда отыр, екі беті нарттай қып-қызыл, түр әлпеті аздап жұтып алған сияқты. Ерні күлімдеп, маған таңдана қарайды. Оқуы шамалы батыс украинадағы құлақтың баласы екен, немістің бай қатынының дастарханынан иттей сүйек

кеміргеніне мәз.

Эльза жанып жатқан каминаның аузында толқымалы шана тектес орындықта әрлі-берлі теңселіп отыр, жылан шұбар халатының етегін ашып тастаған, аппақ бұлтиған балтырын, жұп-жұмыр тізесін көрсетіп мені қызықтыратын сияқты. Каминада сытырсытыр маздап жанған оттың сәулесіне шағылысқан Эльзаның онсыз да қызыл беті, алаулап, екі көзі түнгі гәуһардай жарқырайды.

—Фрау Эльза, сенің даусыңды естігісі келеді! — деді Бульбаши маған.

—Ей, — деді фрау босағада сүйеніп тұрған күтуші қызға, — артистке шарап сыйла!

Мен басымды шайқап, тамағымды көрсеттім: «Ішуге болмайды, тамағым ауырады!» деген сөзді жартылай ымдап түсіндірген болдым. Фрау сақылдап мәз болады.

—Баста! — деді тағы да маған өктемсіп Бульбаши.

—О кісіге айт: мен елімде ыңғай өз тілімде ән салғам. Білетінім елімнің әні, дедім. Бульбаши немісше менен артық білмейді, сөйтсе де жағымсақтанып былдырақтатып жатыр. Фрау алдында менің немісше сөйлегенімді естігенде, «Өзі неге айтпайды!» дегендей маған таңдана көз тастады да басын шұлғыды. Мен енді қысылдым. Дауысым онша емес еді, сезіп қойып, артым ашылып қалмаса деп қылп-қылп етем. Бар пәрменіммен ескі ақындарша, әуелі айғай сап, дауысымды созып, шабыт шақырдым. Сонсоң:

Әйтпесе адам нәпсін білгізбейді, Сендерді ұқсатамын бүгін соған,
...төбет жалап жүргізбейді. Ылығып семіз қаншық ит іздейді.

Деп ауыма қайдан түскенін білмеймін, өлең шығарды Фрау мәз — қол шапалақтап әнімді ұнатқанын сездірді. Осы кеш кейінгі өміріме пәле болып тиді. Содан былай, Эльза мені күнде кешке қасына алдырып, ән салдырады, радиола ойнатып, биге шақырады. Бульбаши былай қалды, ол келсе сылтау тауып, жұмсап қуып жібереді. Эльзаның ынта-көңілі менде, оны сездім. Кейде билеп жүргенде тәнін тәніме тақап құмарта көзін қадайды. Мен де сезбеген адамша түс бермеймін, шыдамай беріліп бара жатсам елімді, жетім қалған кішкентай қарындасым — Дәмешті есіме түсірсем, көңіл сынаптай суиды. Мен қатайған сайын фрау — ынтығып, құмарта түседі.

Кейде түн ортасына дейін ұстап, әбден

қалжырап барып, менен «іс шықпағасын» қоя береді... Бір күні кешке таман күтуші қыз келіп, мені шақырып алып барды. «Кір мұнда!» деп иегімен ванныйды нұсқады. Менің ойымда дәнеме жоқ, жетіп барсам, фрау тыржалаңаш ванныйда шалқасынан күліп: «Жуындыр мені!» дейді.

—Менің қолым ауырып қозғалтпай тұр! — дедім. Бір жағынан суық тиіп

иығымның ауырып жүргенінің шет жағасын өзі де естіген, бірақ тап жууға жарамайтын халде емес екенін о да сезеді. Фрау ашулы: «Евнух!» — деп тыжырынды да айдап шықты.

Сол түні қашуға бел байладым. Кеше ғана Бульбаши сияқты малдың астында жатқан немістің солдаткасымен көңіл қосқанша, өмір бойы әйел көрмей, евнух боп өткенім артық...

Бульбаши үйде жоқ, ертесімен қалаға кеткен-ді. Ол келе қалса қиын, бір көзі ұйқтаса да, бір көзі аңдып жатады, сұм неменің!.. Нан мен шошқа майын сап шөптің арасына тығып жүрген дорбам бар да, соны суырып ап, түн ортасы ауды дегенде мысықтай басып тысқа шықтым. Алдында күтуші қыздан да, Бульбашиден де сұрап, Австрияның картасымен танысып алғам. Маған қалай да Чехословакияға өту керек, осы мен тұрған жерден алыс көрінбейді...

Ай сүттей жарық. Жердің бетіне қырау түсіп, ай жарығымен шағылысып, күмістей жылтырайды. Қораны айналып, орманға тура тарттым, со кезде оң жақтан жарқ-жұрқ етіп, машина кеп фермаға тоқтады. Мені байқамады, жан ұшырып, орманға қарай бүкшендеп жүгіре бердім. Апырмай, бұл не қылған машина екен? Эльзаның ері ме? Бейсауат машина жүрмейтін еді. Орманды қақ жарып өтсем, алдымда тағы да ферма болуы керек, сол фермадан Чехословакияның шекарасы да жақын. Бульбаши бір әңгімесінде солай деп еді-ау! Географияны еске түсіріп, топшыласам, сол беталысым өзіме де қолайлы тәрізді... Көп ұзамай-ақ, артымнан қуғын шыққанын сездім. Шабалана үрген иттің дауысына жүгіріп келе жатқан бірнеше адамның дүрсілі қосылып, мүлгіп тұрған орман ішін азан-қазан қылды. Қайран бейқамдық! Аяғыма галошты кимеп едім, ит енді екі аттатпайды. Бұлжытпай табады. Дорбамды бұтаққа іле сап, жан бермек оңай ма, жоғары өрмелеп, ағаштың басына шықтым. Тайшадай екі овчарка арс-арс етіп, иесін қоса сүйретіп, ағаш түбіне келгенде, қыңсылап шыр айналды да, ағашты тырмалап, тығылып отырған мені тауып берді.

—Түс! — деді немісше жуан дауыс, бұйырып. Амал нешік, түстім.

—Осы ма? — деді тағы да әлгі дауыс.

—Осы! — деді. Жалт қарасам — Бульбаши. Сүзеген бұқаша маған түксие қарайды. Екі көздің арасын ала екі елі маңдайдан періп кеп жібердім. Шалқалап барып, ағашқа басы сарт ете түсті.

Со кезде менің де басыма зілдей бірдеме, наганның дүбі ме, былш ете түсті, тәлтіректеп барып құладым... Есім жинасам, қолыма кісен салып, қоршап алған, дырылдатып Бульбаши фермаға қарай сүйреп барады. Машинаның қасына жеткенде, тастай беріп жалт қарады да, жеп қоятындай шұңқыр көзін көзіме қадап, кертік мұрнының желбезегі діріл қағып, тістеніп кеп,

ауыздан мені бір тепті. Алдыңғы күрек тісім опырылып, қанмен бірге түкірдім...

Сүйтіп Бульбаши мені ұстап берді. Эльзаны қызғанып, менен құтылғысы келген де, сол пасық оймен қалаға барған... Сөйтіп қаладан қалаға сатылап, айдап отырып, мені Венаның округтік гестапосына тапсырды. Бұл күндер өле-өлгенше естен шығып, таңбасы еттен кетпейді. Міне, содан бері 16 жылдай уақыт өтті, кейде түсіме енсе, шошып оянам! Гестапоның азап шектіру, қинау, мойындату әдістері қилы-қилы. Талай естелік кітаптарда жазылып та жүр, мен соны тәптіштеп жазып, жүрек айнытқым келмейді. Бірақ ер жігіт жүрек тоқтатып шыдаса, дененің ауырғаны сүйектің сынғаны жанға батпайды екен. Қайта адам ерегісіп, жаудың сөзін өткізе алмағанына, іштей өзіңе-өзің риза да болатын сияқты!

Мені жатқызып қойып, сегіз қырлы дырау қамшымен белді ала, құйрықтан дүре соғып, тілім-тілім қып қанын шығарды. Түнде жатқанда, қызыл шақа ет көйлегіме жабысып, ертеңінде сыдырып ала алмай, бейнет көрдім.

Сонда маған айтатыны:

«Қызылдың командирісің мойныңа ал!» дейді. Мен көнбегесін, шлангтан атқан суық сумен ұрып, бірнеше рет есімнен тандырды. Бұған да шыдадым!

Карцерге қамады. Үйшіктей, бір ғана адам сиятын бөлме, едені темір плита, астынан от жағады. Ып-ыстық. Күйдіріп, табаным үлдіреп, жүре алмай қалған күндерім де болды. Табандағы нервтің түбірлері орталық миға: «Өртендім! Күйдім!» деп үсті-үстіне зарлап, ойбайлап жатқанда, адамның есі қалмаса керек-ті. Мидың өзі де шалажансар, күйзеліп, дірілдеп балқи бастай ма дейім!

Сол бір күндері бар хаупім — капсульдегі билетімнің номерін не түсіріп ап, не жұтып қоям ба деп жанталасам. Аузымды тас жұмып ап, тістенем де жатам.

Венаның гестапосындағы менің алдыма қойған мақсатым, арманым, жауды мұқатар кегім — ұртымдағы капсульді солардың қолына түсірмеу болды. Бар жігер-қайратымды, қуатымды соған жұмсадым. Күресіп бақтым. Ол күндері өлім — қиыннан табылған даңғыл жол сияқты. Өлімнен қорықпайсың!.. Тірліктен өлім тиыш. Тергеуші өзі ұрмайды, қасында жеңдеті бар, қинайтын сол... Жүруге жарамай қалдым, күнде зембілге сап, тергеушінің кабинетіне астыңғы подвалдан екі надзиратель көтеріп алып барады. Күннің көзін көрмегеніме бір айдан асты. Алтын күннің сәулесі терезеден жарқырап, тергеушінің бөлмесіне түсіп тұр екен. Сондай қуандым, бетімді төсеп, қолыммен күн сәулесін жинап алғым кеп, шалажансар илікпейтін саусақтарымды ербеңдете бердім. Тергеуші мені

есінен адасты деп ұқты ма, еңкейіп бетіме үңілді. Сол бір сәт, іште қайнаған ыза-кегімді, жиреніш-зілімді бойыма жинап, тісімді шықырлата тесірейе қарадым. Ол селк етіп басын тартып алды. Кейін шегінді. Телефон соғып, мені қайтадан камераға апартып тастады. Содан қайтып шақырмады. Бір жұма өтіп, жүруге жараған соң Маутхаузенге жөнелтті. Адам көзіне қарауда үлкен мән бар екенін мен сонда бір-ақ аңғардым. Жау не десе о десін, мейлі есінен адасқан десін, әйтеуір сескенді. Менің ыза-кегім көзінің уытын алып, бетін қайтарды. «Көзді сөйлете білсең, қылыштан да өткір, тілден де шешен» деуші еді менің әкем. Соның өткір екеніне сонда ғана түсіндім!..

Маутхаузен Гитлердің ең қиын да ауыр лагері. Оның аты кірсе шықпас. Дантениң «Тұзағы», нағыз жаһаннам. Айналасы ат шаптырым қырат үстіндегі лагерьдің жан-жағын электр тогін өткізген сыммен он екі рет айналдыра қоршаған. Сымның арасы он қадамнан, сонда біреуінен өткен адам, екіншісінде сөзсіз ұсталады, екіншісінде болмаса — үшіншісінде... төртіншісінде... Әйтеуір он екінші торға жету мүмкін емес. Лагерьдің төрт бұрышында төрт құлағы — ұшырма бар, әрқайсысында мылтық кезенген күзетте солдат тұрады. Жақын барсаң, іс-міс жоқ атады. Лагерьдің ішінде — тарихтағы ешбір халықтың өміріне ұқсамайтын, бір де-бір кітапта жазылмаған, түс сияқты өмір бар. Маутхаузеннің ішіне түскен адам: «Мен ұйқтап жатырмын. Осы көрген азабым — түс, ертең оянам!» деп өзін өзі жұбатпаса, бір күн шыдамайды. Не өзін өзі өлтіреді, не о дүниеге сапар шегу керек.. Лагерьде 24 барақ, немістер блок дейді, әрбір блокта үш қатар нар, әр койкада үш кісіден айқыш-ұйқыш валетпен жатады. Тұтқындардың киетіні ала көйлек-дамбал, аяқта ағаш таға, сол жақ кеудеге үш бұрышты қызыл шүберек қадаған да оның қақ ортасында жіппен «Я» әрпін тіккен, онысы русиш — орыс дегені; жағасында әр адамның — номері. Адамның аты-жөні жоқ, номермен атайды. Тұтқын адамның тағы бір белгісі бар: қашса табатын, ол — маңдайынан желкесіне дейін тілдей қып шашын қысқалай қиған. Күніне ішетұғын тамағы картоптың қабығынан асқан жеті жүз грамм баланда, кебектен пісірген уал, жүз грамм

нан, сүті жоқ, жарты литр кофе. Блокта екі бастық бар, бірі — блокфюрер, эсестен, екіншісі — блокшрайбер, соның хатшысы, ол неміс, саяси тұтқындардан. Осының бәрін тәптіштеп, түгелдей жазудың да қажеті жоқ, бірақ қандай өмірді бастан кешіргеніме дәлел сияқты. Сондықтан атамай өте алмадым...

Мен келгенде бұл лагерьде Совет Армиясының офицерлерін, коммунистерді кезекпен күн сайын жиырма бес-отыздан қырып жатыр екен. Лагерьдің ішінде, қақпаға жақын крематория бар, өлген адамның

сүйегін өртейтін. Сол крематорияға алып барып, әуелі жеке бөлмеге кіргізіп, салмағын, бойын өлшемек боп «ростометрдің» астына тұрғызады. Электр тогы жүргізген ростометр төбеден сарт ете түскенде адам жан береді. Тұтқын тұрған таразы ойылып, төмен түсіп кетеді, өлікті конвейермен жылжытып апарып, жанып жатқан пешке лақтырып тастайды... Осылай эсесовтар аспай-саспай күніне отыз шамалы офицерлерді о дүниеге аттандырып отырады екен.

Мені әуелі карантин блогіне жіберіп, сонда бірнеше күн ұстады. Осы карантин блогына біреу келіп, біреу кетіп жатады. Мен «офицер» және «коммунист» деп сезіктеніп әкелген соң «дәрігерлігімді» жасыруға тура келді. Әсіресе крематорияға осы карантин блогынан дереу тура жол түсуі ықтимал. Ендігі ойым, қалай да жұмыс командасына ілігіп, қашу! Тірі мәйіт боп жүруді өзім ар көрдім. Іріп-шіріп өлгенше, бір оқ жалынсын, о дүниеге барғанның өзі артық...

Дәрігердің «тілін» білем ғой, әуелі біраз «сырқаттанып» күш жинадым. 1944 жылдың көктемі келді. Көктем қуаныш ала келді. Шабынан шегі шыққан жаралы «жыртқыш» — Германия, алысуға дәрмен жоқ, тісін сақылдатып жан-жағына кезек арсылдайтын халге жетті. Мюнхен-Перлахт, Германияның тағы басқа лагерьлерінде совет офицерлерінің құрған жасырын ұйымы БСВ (Братский союз военнопленных) ашылды. Солардың біреулері бізге де, Маутхаузенге де түсті. Енді біз сол қара түнекте жылтыраған отқа көз тігіп, тұтқындар арасында үгіт таратып, бірлікті күшейтіп, бір-бірлеп қашып құтылудың қамын ойладық.

Басқа елдің адамдары посылка ала бастады. Солардың киімін тазалап, кірін жуып, тамақ табуға бірнеше адамдар шығардық та, тапқан-таянғанын жаңағы ауру-сырқауларға беріп солардың өмірі үшін күрес басталды. Мен жұмыс командасына ілігіп, бір жұмадай Линскиде — тас шабатын карьерге бардым. Ол — лагерьден сегіз жүз метр төмен жерде тұратын. Оған жүз сексен алты басқышы бар баспалдақпен төмен түсіп барады да, екі-үш пұттай тасты арқалап қайтадан, сол баспалдақпен жоғары көтеріліп, лагерьдің жанына үйеді. Ол тастарды поезбен тас жол салуға жібереді. Үш пұттай ауыр тасты көтеріп жоғары шыққанша, өкпең өшіп, діңкең құриды. Сүрінсең болды, эсесовец дырау қамшымен бастан тартады. Итке талатады. Бірінші күні он сегіз адам, екінші күні жиырма адам жан беріп, сол жерден қайтпай қалды. Күші мол жас жігіт едім, соның өзінде шыдай алмай, үшінші күні мен де сүрініп, арт жақтағы бүкіл колонна тоқтады. Кейбіреулері тәлтіректеп, артқыны соғып, тас-масымен төмен құлап кетті. Зілдей тас мені бірге ала құлады. Жуан қызыл эсесовец айғай сап, жүгіріп кеп дырау қамшымен тартып-тартып жіберді. Бар тапқан айлам —

басымды қолыммен қалқалай, көзімді қорғай бердім. Қан саулап жүр, жандәрмен тасты иығыма қайта қондырып, тағы аяңдадым.

Ертеңінде аяғым күп болып ісіп кетіп, ыстығым көтерілді. Мен жұмыстан қалып қойдым. Фельдшер — алматылық ұйғыр жігіті, менің дәрігер екенімді білетін-ді, қайтып жұмысқа жібермей, өзіне санитар қып алды. Маутхаузенде БСВ ісін басқаша құрды, әр адам ең көп дегенде, үш-ақ кісіні білуі тиіс. Мен фельдшер мен өзім тартқан адамды ғана білем де, фельдшердің сөзін ғана жеткізем. Фельдшер кіммен байланысты, онда менің шаруам жоқ, білмеймін де. Мен жаңада келсем де қазақ жігіттерімен танысып ап, шүйіркелесіп, соларды БСВ-ға тарта бастадым. Менің қасымда жататын, татарға ұқсас, талдырмаш жалтыр қара Іслам дейтін жігіт бар еді. Сол екеуміз бір күні кеш соғыс жайын әңгіме қып отыр едік. Лагерьдің үстінен гүр-гүр етіп, бомбардировщиктер ұшып өтті. Оған көңіл бөлген біз жоқ, немістің самолеттері күнде ұшып жатады. Бір кезде бес шақырым жердегі Маутхаузен қаласын бомбаның астына алды. Барақтың қабырғасы жер сілкінгендей дір-дір етіп, терезе шыныларының күлпаршасы шықты. Шіркін, лагерьге түссе!.. Бүкіл тұтқындар қуанып, айқайлап, тысқа атып-атып шықтық: көйлек-дамбалшаң, енді біреулері жалаң аяқ, жалаң бас. Қол бұлғап: «Мұңдалап!» шақырады. Эсесовецтер інге тығылған тышқандай, мыштай боп, барақтан-бараққа тығылады. Сол түні аспан өртенгендей айнала алаулап қызарды да тұрды.

Ертеңіне әлі бар тұтқындарды қалаға жұмысқа айдады. Сол жолы «Үш жүз кісіден он шақты адам қашып, келмей қалды» деген қуаныш хабарды жаңағы жылтыр қара — Жексенов маған жеткізді. Кеште фельдшер үшеуміз күбір-күбір сөйлесіп ап, ертеңіне жұмысқа Жексеновпен бірге мен де шықтым. Фельдшер «сау» деп, командаға қоса салды.

Бұл жолы лагерьден бес жүздей адам жұмысқа шығып еді, оның үш жүздейін поезбен алпыс километр жердегі басқа бір қалаға апарып, бомбалаған депоның орнын тазалатты.

Күн бұлыңғыр-ды. Біз қалаға жетпей-ақ ұсақ жаңбыр жауды. Жексеновке «бүгін қаша алмасақ, біржола қою керек!» дедім. Түнгі аспанды торлап, ерсіл-қарсыл ескен прожектордың сәулесіндей шарқ ұрған ой қашудың жолын іздейді. Бомба депоны тасталқан қып, орнын ғана қалдырған. Қабырды ашып, адам сүйегін қопарып тастағандай, депоның астындағы канализация трубалармен батареялары көрден шығып жатқан аяқ-қол сияқты, сорайып жатыр. Кейбір трубалар кісі жұтып қоятындай, көмекейі үңірейіп тұр... Жерді күрекпен қарулана қазып, батарея көтермекші болып, төмен түстім. Менің не істеп жүргенімді түсінбеген-Жексенов сілейіп тұрып қалды. Айтуға шама жоқ, ым қақтым. Ол түкке түсінбей, бақырая

қарайды, менің көзім конвойда. Қырық-елу адамды басқарып, депоның ішін тазалатып жүрген жасамыс ашаң неміс теріс айналып, екінші бұрышқа қарай жүре бергенде, сып етіп трубаға ендім де кеттім. Менің артымнан іле Жексенов те кірген тәрізді. Труба кең. Еңбектеп жүгіріп келем. Мұндай үлкен трубада газ болуы мүмкін емес. Болса газдан-ақ өлейін!.. Арт жағыма құлақ салам, айғай-шу мылтық даусы естілмей ме? Білсе ит жібереді. Онда не істейміз? Қолда дым жоқ!

Пәрменіммен тоңқалаңдап жүгіріп келем. Бірде труба бұрылып кеткенде, мен басыммен тіреле құлайым, өкшелес келе жатқан Жексенов те тұмсығымен сүзе құлайды. Сағат төрттің мөлшерінде қаштық. Бесте жұмыс бітеді. Сол бір сағатта осы трубадан шықпасақ із кесуі де мүмкін... Трубаның ішіне көз де үйрене бастады. Белім талып, саным сыздап шаршауға айналдым. Жексеновте үн жоқ, әйтеуір соңымнан қалмайды. Жолы болып, тұзақтан құтылып «жұмаққа», бостандық өмірдің шетіне шіркін іліксек... Ай ол ауыл алыс қой!

Труба таусылатын емес. «Тұзаққа» апаратын нағыздың өзі болып, сайтан жетектеп келе ме?.. Тоқтап, Жексеновке сыбырладым:

—Сен байқайсың ба, осы труба ылдилап, төмен кетіп бара жатқан сияқты? Тегі «тамұқ» жердің жеті қабат астында деуші еді. Содан бір-ақ шығып жүрмесек?

Жексенов қолымен мені түйіп қалды.

—Тек! Періште илаһи деп жүрмесін! — Екеуіміз қараңғыда трубаның ішінде селкілдеп, дыбыссыз күлеміз. Е, эсесовец ұстап алса, түрменің әкесін сонда көрерсің. Ит қараңғы трубаның ішімен қуалар ма екен? Ит болмаса эсесовец жалғыз құмайды. Жаны ардақты емес пе.

—Ит қуып жетсе қайтеміз? — деді. Жексеновты да сол ой бимаза қып отыр екен.

—Қылғындыр тамақтан.

—Мылтығы бар эсесовецті қайда қоясың?

—Ия... Ең болмаса қолда таяқ та жоқ, бастан соғатын!.. Айда, жүр! — дедім де тағы да еңбектеп ала жүгірдім...

Жол ұзады. Бұл труба осылай айналып отырып, Маутхаузеннен шығып жүрмесін деген күдік көңілімде жер серігіндей жылт етіп, жоқ болады. «Көрдің бе, жоқ елес пе?» деп аңырайып тұрған ел қазағы сияқты мен де ол күдікке сенбеймін. Канализация трубасы қаланың шетіндегі сайға құйса, не ағып жатқан судың түбінен шықса қайтеміз? Бұл дәрменсіздіктен туған үрей!.. Егер канализацияның о басында итпен эсесовец тосып тұрса. Мана опоңай неге қоя берді дейсің? Ең құрғанда қолға бір келдек темір ілінбейді-ау? Енді ұстаса итке талатып өлтіреді. Жазаның қиыны сол... Жол ұзай

берді... Түні де, күні де жоқ, шексіз қара түнек өмір, тірідей көрге түсу деген осы! Көріп тұрып әдейі қоя бергені, мейлі, өздері де тұншығып өледі, қайта бәрі неге түспейді деп те тілеген болар. Әуел баста алды-артымды меңзеп, неге ой жүгіртпедім? Көзді жұмып күмп беріп қойдым да кеттім. Ия, ит талап өлгенше, газдан тұншығып өлгенім жеңіл!

Сол бір сәт, осыдан екі күн бұрын көрген бір сұмдық оқиға көз алдыма елестеп, төбе шашым тік тұрды: он бесінші блокта жас орыс жігіті соғыстан бұрын циркте арқан үстінде жүріп үйренген екен, пештің мойны арқылы қашпақ боп, бірер кірпішін алып, жоғары өрмелеп, үйдің шатырына шығады. Вышкада тұрған қарауыл жақын, түнде секіріп, соның үстіне түсіп, мылтық, киімін тартып алып әрі өтпек. Бірақ үлгере алмайды — таңертеңгі санаққа ілінеді. Іздесе, біреуі жоқ. Кім жетіспейді? Итті алып барып, ізіне салып жібереді, овчарка қыңсылап, пешті тырналайды. Ішіне үңіледі. Шатырға шықса, мұржаның түбінде тығылып отыр. Бүкіл лагерьдегі тұтқындарды сапқа тұрғызып қойып, бәріміздің көзімізше әлгі жігітті итке талатып өлтірді. Әй, азамат екен, «еһ» демеді, қайта дауыстап: «Жасасын Отаным! Жолдастар, мойымай қашыңдар!» деп өсиет айтып кеткен-ді.

Бір мезгілде трубаға саңылау түсті... Іле жарық көрінді. Сүйінші, Жексенов! Алақай, жарық дүние! Мысықтай басып жақын барып сығаласам, айдала, түн, жауын құйып тұр. Тап маңдай алдымызда бірдеме қараяды. Қаланың екінші жағынан шығып жүрмейік.

—Тоғай! — деді көзі жіті Жексенов.

—Құдай берді! Сен тырп етпе, мен байқайын! — дедім де ептеп жан-жағыма көз салдым. Не бір дыбыс білініп, не бір қара көрінсейші — айнала жым-жырт, жаңбырға малынып тұнып тұр. Серігімнің жеңінен тартып қап, тоғайға қарай зырладым. Жаңбыр құс қанатындай сабалайды. Шалшық су, мидай езіліп жатқан жер... Тоғай қуысына жабыса салынған ағаш үй. Үй жанында жұқа тақтайдан салынған үйшік — омарта. Ара ұясы. Жексенов жетіп барып, араның ұясына қолды сұғып жіберді. Аралар «ұры кірді» дегендей атой беріп, ызылдап соғыс салды. «Қой!» дегенге қоятын Жексенов бар ма? Екі-үш ұяны жұлып ап, тұра қашты. Аралар қуып берді. Талап келеді. Бірақ жауыннан қорқады екен, біраз жер еріп барып, қалып қойды. Аяғымыз шылп-шылп етіп, тоғай ішін жаңғыртады. Бұлт ыдырай бастады. Таңдықтай жұқа бұлттан түскен айдың күміс сәулесі біздің алдымыздан жол сілтегендей. Жалма-жан Жексенов араның ұясын бұлаққа сап, араның балаларын суға ағызды да біреуін менің қолыма ұстата берді. —Же!

Аш адам, оның үстіне өзі бал, қарағам жоқ. Шетінен тістелей омырып ап,

шайнап-шайнап тастай бердім. Ара түгелдей түспесе керек, аузымда бырт-бырт етеді. Шайнамайын десем бал тәтті, шайнайын десем ернімді, тілімді шағып, күптей қып ісіріп жіберді. Қанаған да секілді. Тәтті мен ащы тайласып, күш сайысқандай. Азумен де аямай басам, ара да жандәрмен аямай тызылдата шағады.

—О, Жексенов, қайдан таптың, жолың болғыр! — дейм іштей, айтуға шамам жоқ, бержағымнан көкейімді бал тессе, тіл құрғыр қолақпандай және иілмейді... Дегенмен бал нәр болды, әл берді. Сол бетпен қалың орманды қақ жарып жүре бердік. Үсті-басымыз су, көйлек етке жабысқан. Ағаш-ағаштың арасымен әлі де болса, арт жаққа жалтақтай қарап, жүгіре басып біз келеміз. Судан ит із кесе алмайды. Оны білем. Сөйтсе де, сақтық, түн өрінде жол ұту... таң ата бұтақты жалпақ еменнің саясына кеп паналадық. Жауын да саябырлай бастады. Біз көйлекті шешіп, сығып, тобарсытып алғанша, жауын да басылды. Ендігі уайым — су өтіп, ауырып қалмау... Екеуміз тоғай ішінде күш сынасқандай күресіп, дене қыздырдық... Күн шықты. Ағаш түбіне кеп, киім кептіріп, балдың қалғанын сордық. Аздап күш жинап ап, тағы жүрдік... Қалың орман таусылар емес. Оның таусылмағанына бір жағынан қуанамыз да: көзге түссе-ақ ұстайды. Киіміміз: «мен қашқын!» деп қол бұлғап, өзі шақырып тұр.

—Қалайда киім тауып кию керек! — дедім Жексеновке. Ол жайдары, қушікеш жігіт.

—Налымаңыз, тұзақтан шықтық, ендігісін маған жүктеңіз, табам! — деп өз күшіне сенген кісідей нанымды айтады, дауысында ылғал жоқ. Сондықтан да ол маған демеу сияқты, бәлкім... кім біледі, орыстар айтқандай шайтан кіммен әзілдемейді. Рас, сол сапарда «әзілдегені» де рас. Кешке таман күн суытып, дірілдеп тоңази бастадық. Ұзақ күнгі жүріс, аштық қалжыратқан сияқты. Жексенов бірде озып, бірде менен кейін қалып, аяғын сүйрете басып келе жатқан-ды, ағаш селдіреп, орман шеті көріне бастады. Бір кезде үйілген күпәнә шөпке тап болдық. Оған таяу астылыүстілі ағаш үй тұр. Жексенов екі қолын кейін сермеп, артындағы маған: «Қал!» деп ым жасады да мысықша басып, кетіп қап, әлден уақытта қайта оралды. Бұдан әрі не істесек те Жексеновтың бұйрығымен үнсіз, жедел істелді. Үйдің архитектурасы баяғы Эльза Мейердікінен ауған жоқ. Жартылай жерден қазылып салынған қойма бар екен, Жексенов әй-түйге қараған жоқ, терезенің шынысын қойып қап сындырды да маған қолынан ұстатып, ішіне түсті. Аяғымен сипалап столды тауып ап, маған «қоя бергін!» дегендей басын изеді. Мен қолын қоя бердім, ол гүрс етіп құлап түсті. «Ойбай-ай, ұсталды-ау!» деп ішімнен қапа жеп, құлағым тігіп тұра қалдым. Тым-тырыс. Тіпті жанның қимылы білінбейді. Жексеновтың аяғы тайып, құлап

кетсе керек-ті, бір жақсы жері, жараланбаған. Керегін тапқан. Терезеден түскен сәулемен қап тауып ап, соған шошқаның майын, нан, консерв, картошка, күріш, керек десең шарап та салып, лықылдата толтырып, бір қап тамақты маған әперді. «Есі ауысқан ба, қалай алып жүреді?» деп іштей ызам қайнайды. Айтуға дәрмен жоқ. Осы бір сәтте семсер пышақты көлденең тістеген, келбеті нарттай, терезеден қарғып шыға келді. Қапқа тамақты салып жатып, бір бөтелкенің тығынын қағып жіберіп, жұтып та алса керек.

—Асеке, ренжіме, қапты өзім көтерем! —деп қутың-қутың етеді.

Жексеновтың мұнысы ақыл екен, сол түні күпәнә шөптің қасына барып, жақсылап ауқаттанып, бірер бөтелке шарапты ішіп ап, күпәнаның төбесіне шығып, арасын қуыстап, ұйқыға бастық. Әбден шаршаған адам сол күні кешінде бір-ақ ояндық. Шошқаның майы мен нанды соғып ап, жұрт «ұйқтады-ау» дегенде ақырын түсіп сол бетімізбен тағы тарттық...

Бақыт деген өмірдің жүйрік тұлпары. Кейде бақыт асау аттай ағызып келе жатып, үркеді де жалт беріп, арқасынан тастап жүре береді, кейде өмірдің терең суына: «әні баттым, міне баттым!» деп екі құлағы ғана қалтиып бара жатқанда жүзімпаз аттай малтып алып та шығады. Сол жолы біз судың түбіне кетіп бара жатқанда, бақыт-тұлпар бізді аман-есен жарқабаққа алып шықты. Біз адасып, орманда шарлап жүріп, Чехословакияның шекарасынан өтіп кетіппіз. Чехословакияда әрбір шаруа совет солдатын өзінің досы көреді. Қайырымды бір шаруа бізді бір ай асырап, тойындырып, киіндіріп, елге қарай шығарып салды...

Ар жағын жазудың қажеті жоқ, кейін бір оралармын. Ол өзі бір кітап.

Аман-есен елге жеткен соң, азап та, қорлық та бір сағатта ұмытылды. Сол жазда елде болдым. Кішкентай жетім Дәмешті бауырыма басып, көзімнің жасын парлатып, қайта-қайта сүйдім. Тек осы күнге дейін бар арманым — Пахритдин жайында ешбір дерегім жоқ...»

Осы бір түні таң ата бір-ақ ұйқтадым... Түсте тағы бір рет қарап шығып, конвертке салдым да, Айшаға беріп жібердім. Оқысын

VIII

Қайырдың облыстық мәжілістен оралғаны сол еді. Совнархоз бастығы тағы да телефон соғып: «Ертең Москваға ұшамыз, совнархоз бастықтары мен қара металлургия завод директорларының мәжілісі болады. Дайындал» деді. Көптен Москваға бара алмай сағынып жүрген Қайыр, қуанып орнында отыра алмады. Ісі түсіп келген кісілерді Мусинге жіберді де, өзі керекті қағаздокументтерін ыңғайлады. Ол мәжіліс — өндірісте

автоматиканы көбірек қолданып, техниканы шеберлендіру мәселесін қарайды екен, сол жайындағы түрлі ой-пікірлерін, жобаларын жинақтап ала жүруге тура келді.

Қайыр Платон Сидоровичтің орынбасарын шақырып ап:

«Техниканы жаңартуда заводта не істеліп, не қойды, соны дайындап бер!» деді де өзі машинаға мініп Дәмештің пәтеріне барды. Ағасы келгелі оңаша бір сөйлесе алмай жүр. Күнде оқтанады, сәті түспейді — не мәжіліс, не тығыз іс киіп кетеді.

Аралары күн санап алыстай бастады.

Қайыр дәл жатарда, ертең бармақшы боп уәде береді де, таң атып кеңсе табалдырығын аттасымен-ақ ұмытады. Уақыты ұзақ күнге жел диірмендей иірле береді де, кештің батқанын сезбей де қалады. Түнде тағы да Дәмеш есіне түсіп, көңілі жабырқап, жалғызсырайды. Қайыр кейде өзіне «жігерсіз, жасықпын» деп налиды да. Сүйген қызына сөзін жеткізіп айта алмауы, жүрегін ұйытып, өзіне қарата алмауы — намыс. Бір есептен Москвадағы Вераға үйленіп тәкаппар Дәмешті тотитып кетсе?.. Дәмеш оған қуанбаса, өкпелемес; сөзін беріп, тостырып жүрген қалыңдығы емес; баяғы бір қоюы қашқан достық қайтып қиюласуы екі-талай. Оған шеберлігі жетпеген Қайырдың өзі кінәлі емес пе?

Дөңгелек столдың үстіне ені кере құлаш ақ қағазды жайып сап, Дәмеш еңкейіп сызып жатыр екен, Қайырдың көз қиығы шалып қалды, ол — шет-жағын жиып, денесімен қалқалап, көрсетпей екінші бөлмеге алып барды. — Ия, сіз де біз сияқты пендені іздеп келеді екесіз? — Бұрын «сіз» демейтін қыз кекетіп, жыландай оралып алақанына түскен ұзын бұрымының ұшымен ойнады.

Міне ыңғай осы — тіл табысып, жылы жүзбен оңаша сырласуға келтірмейді: кейде кекеп-мұқап маңына дарытпайды, кейде нәзік те сыпайы майда жан, егіле беріліп, құмарды арттыра түседі, бірақ, о кезде қыз оңаша болмайды, қасында біреу тұрады.

Қыздың мөлдіреген бота көзі, күлімсіреген жұқа ерні, біресе доғадай иіліп, біресе құс қанатындай жазылған қою қара қасы — бәріде сүйкімді де әдемі. Қайыр аймалап, сүйе берсе, сүйе берсе... таң атқанша, ертеңінде... жыл... жүз жылдай сол ләззат мерзімі созыла берсе... О, дүние!..

Дәмештің «Ал, сөйле! Неге келдің?..» деген сөзі ойға шомған Қайырдың санасынан орын тебе алмай, ұясына кіре алмаған құстай, шыр айналды. Ия, Дәмеш ақсия күледі — тістері қандай ұсақ, кіршіксіз таза, аппақ меруерттей. Неге күледі? Ажуалай ма?.. Жанын неге қажайды?

— Дәмеш, мен ертең Москваға ұшам... тапсыратының бар ма?

— Қайыр енді пианиноның пернесін бір саусағымен басып, ләлә... до-до

дегізіп, қырындап тұрған қызға жақын барып, қолын ұстады. Ол «қайтесің әурелеп!» дегендей, қолын жылжытып, тартып әкетті.

—Мен сенің жақын жүргеніңнен қорқам!..

—Қорқам!.. Мен дос боп жүріп қастық ойлайтын зұлым деп пе едің?

—Әйтпесе, менің проектімді «ағаң» екеуің ақыры қой болды ғып шығарар ма едің... «Дәмешке менің ешбір қастығым жоқ» деп қолыңды кеудеңе қойғанда сондайсың... Есіктен аттай беріп...

—Ар жағын айта көрме, Дәмеш, жалынам!.. Но, мен сенен ондай сөз естуге келгенім жоқ.

—Ә, солай ма? Шындық бет жыртады...

—Өзің білесің: Платон Сидорович науқас. Москвадан қайтқанша жазылар да, дайын қылар!.. Көбіне шыдағанда, азына сабыр ет!.. Тапсыратының жоқ болса, онда мен кеттім, асығыспын!..

Қайыр қоштасты да машинасына мініп кете барды.

Қайырдың артынан ұзақ қарап ойға шомған Дәмеш өзінің жүрегінде оған деген орын жоқ екенін бірінші рет аңғарды: бірде сөніп, бірде тұтанған махаббат отын қызмет бабы біржола өшірсе керек-ті. Жүректе тек жолдасқа деген сезім байқалады.

Қайыр қандай сымбатты, сабырлы, өткір жігіт. Осында жүрген инженерлердің бәрінен де анағұрлым жоғары.

Ал енді тосып жүрген жоқ па? Үндемейсің ғой, Дәмеш? Шоқшоқ, саған сол керек! Отты жаға білмеген өрт кетіреді. Қайырдың жүрегіне маздатып махаббат отын жағып қойып, енді су ала жүгіріп, сөндірsem дейді. Бұл қай кекесінің!

Ал, Дәмеш ойлағандай: өзі сымбатты да әсем, батыл да шешен болса, онда қыз неге оны сүймейді? «Махаббат деген үйленгесін де оралады» деген кім еді?

Дәмештің тиюі кәдік. Бірақ ондай күн болса, Ақмарал шешеймен отасып тұру да екі есе қиынға түсер. Дәмеш іштей азғырған бір әзәзіл дауысқа жауап қайырып, айтысып тұра берді...

Осы бір күндері завод өмірінде қатарласа тартылған екі желі: адал ниет пен игілікті іс, қаңқу сөз бен дау-жанжал, бірімен бірі жалғаса шегіне жеткендей. Оның сол бір түйінге жеткенін Дәмеш соңғы бір-екі оқиғадан анық аңғарды.

Бұрын партбюро хатшысы Серегин мен бас инженер Мусин қабақпен атысып, астарлы мысқыл сөзбен қағысып қап ішара дүрдеараз боп жүруші еді, соңғы күндері айтысқа екеуі де ашық шешініп шықты. Бұлардың қырғи қабақ болуына бас себеп Дәмеш пен Ораз. Бас инженер Дәмешті қудалай бастаған шақта оның көзіне Ораз ілікті. Әлгі орыс мақалы: ағаш кессе жаңқа ұшады демей ме, сол сияқты Дәмеш үшін Ораз күйді. Ыңғайына кеп қалған жерде екеуін де тұқыртып, мәжіліс-жиналыстарда басқа бригада, инженерлердің атын атап, соларды алға ұстады. Бұрын көзге түсіп, ауызға ілініп қалған Оразға бұл қылық онша ұнай қойған жоқ, ұйтсе де, ол мән бермеуге тырысты, бірақ бас инженердің бұл мінезін ұғынған Серегин ауыздықтап тежеп, қолдан қаға берді. Ұзақ жылдар заводты билеп төстеп алған Мүсілім оңайлықпен көне қоя ма, шамданып, Серегинді тобықтан қағып, бетін қайтаруға әрекет жасады. Тегі Серегиннің күшін Мүсілім еске алмағанға ұқсайды. Әйтпесе, ол кісі мұндай ашық айтысқа бармаушы еді. Ол: «Қайыр жас директор, тәжірибесі шамалы, өзінен аса алмайды, жәнеде қалалық партия комитетінің хатшысы Базаровтың дос екенін Серегин тағы біледі, қайда барады» деп жобалаған сияқты. Жуырда Серегин мен Базаров сөзге кеп қалғанын Дәмеш шет жағасын Серегиннің достарынан естіген-ді. Соған қарағанда, Мүсекең олардың арасына от тастаған ба деп қалды Дәмеш.

Хатшы да адам баласы, күнде барып: «Серегин — даукес, Серегин — мылжың, Серегин — жалқау!» деп жамандай берсе, ойлануы да мүмкін. Осылай екі жақ қызып, қызыл шеке боп тұрғанда, Ораз отқа май құйды. «Коммунистік еңбек бригадасының атағын» кімге береміз» деп завком ақырғы қорытынды жасауға келгенде, Ораз Құрышпаев: «Коммунистік еңбек бригадасының атағын беруді мен өзіме лайық деп таппаймын, қарсымын! Тізімнен менің атымды алып тастаңдар» деп, өшірткізеді. Жұрт аң-таң. Түсінбейді. Ол мәжілісте Серегин болмаса керек-ті, қатынасып отырған бас инженер мәжілісті тастап, Базаровқа жетіп барады: «Біздің елдің тарихында болмаған оқиға!.. Сұмдық. Коммунистік еңбек бригадасының атағына қарсы шығу... Саяси іс... Серегин тәлімтәрбие жүргізбейді, соның салдары...» дейді.

Әнеугі Серегиннің ащы сөзін есіне тұтқан Базаров жалма-жан кезексіз бюро шақырып, есеп айырысады: «Серегин дандайсып, кім екенін өзінің ұмытты, әйтпесе, қалалық партия комитетінің хатшысына кеп, мін тағып, сын айта ма!.. Айт, сына, бірақ өз ісің оңып, жұртшылық алдында баға алып тұрсын!..»

Ағаш аяғын сүйретіп Серегин де келеді. Бюрода оқиғаның қалай болғанын Мусин түсіндіреді: «Герой, депутат, коммунист, ертеңгі коммунизмнің

адамы: іс-міс жоқ, коммунистік еңбек бригадасының атағын алмаймын деп отказ берді... Мұның атын саяси соқырлық дейміз бе, жоқ... Құрышпаев жыл басынан нашар істеп келді, соған қарамастан жолдас Серегиннің ұсынысы бойынша тықпалап едік, ақыры: «маған керегі жоқ!» деп масқара қылды. Кінәлі партбюро хатшысы — Серегин! Дандайсытқан да, саяси соқыр ғып өсірген де сол!» деп ол сөзді бітіреді. Іле Базаров сөйлеп, Серегинді армансыз сілкілейді: «Даукес... дирекциямен тіл табыса алмаған, тәлім-тәрбие ісін жүргізбеген...» деген түйін жасайды. Басқа бюро мүшелерінен Серегинді жақтап жылы сөз айтушылар да табылады. Олардың сөзінен нәр алғандай Серегин бұғып қалмай, бас инженерді қоса қабаттап, Базаровты біраз сынға алады. Дәл энеугі бет пе бет айтқандай болмаса да, соған таяу түйрейді.

—Шақырыңыз Құрышпаевты! Сұрайық, неге олай дейді екен?

Мүмкін, басқадай ойы болар? — дейді ол.

Сменасын бітіріп, душтан жаңа ғана шығып тұрған Оразды бюроға алып келеді. Ораз аспай-саспай, байыпты мінезбен өзінің пікірін ортаға салады:

—Мен менсінбей отказ беріп отырғам жоқ, қайта, сол құрметті, қадірлі атқа ие болуды өзіме көпсінем, бригадам әлі мұндай дәрежеге жеткен жоқ.

«Коммунистік еңбек» дегенді, мен өзімше ұғам... Ол — еңбек қадірін түсінген еңбек сүйгіш адам, еңбектің жаңа бір әдісін тауып, өз бойына соны қасиет қып сіндіре білген адам. Менде, менің бригадамда әлі ондай қасиет жоқ. Сондықтан мен өзімді олқысындым! — дейді.

—Сен, әлде герой деген атақты да өзіңе көпсініп, «зорлап берді» дерсің? — деп Мусин кекейді.

—Рас, көпсінем!.. — дейді Ораз.

—Әне, естідің бе, Василий Федорович? — деп күйіп-піскен бас инженер Оразды иегімен нұсқайды.

—Серегиннің тәрбиесі ғой! — дейді Базаров.

—Менімше, геройдың осы сөзінде өрескелдік жоқ. Тауып айтылған! — деп Серегин ой тастайды.

—Ха-ха!.. «Тауып айтылған?» — Бас инженер қарқылдай күледі.

—Сіз өзіңізді азырақ басып ұстаңыз! — деп екінші хатшы Мусинді сөгіп тастайды, — бюрода отырсыз ғой...

—Жоқ, жолдас Серегин, сен мақұлдасаң да біз бұл пікірді саяси дұрыс деуге ауымыз бармайды!.. Құрышпаевтың алмаймын деуі хате!.. Завод әлеуметі саған сеніп, ұсынса, бүйректен сирақ шығару саяси соқырлық! — дейді Базаров.

Құрышпаевты цехқа қайырып жіберіп, енді түйіндеуге келгенде, Мусин тұрып: «Құрышпаевтың семья мәселесі де онша оңып тұрған көрінбейді,

жұбайын тастап, айырылып кетсе керек-ті!» дейді...

—Анықтау керек, ол — өсек болар! — дейді Серегин. Сонымен геройдың оғаш мінезін талқылауды заводтың парт-бюросына тапсырады да, Серегинге көшеді: — «Салақ саяси басшылық ете алмаған, бұл қалпында хатшы ғып қалдыруға болмайды» деп Базаров ұсыныс енгізеді... Бұған екінші мен үшінші хатшылар қарсы шығады. Айтыс күшейді, түн ортасы ауа көпшілік боп, Серегинді арашалап алып қалады, бірақ: «Аз күнде саяситәрбие ісін заводта жоғары сатыға көтере алмасаң, өкпелеме!» деп ескертеді...

Соның ертеңінде Серегин Оразды бригадасымен Дәмешті қоса, партбюроға шақырып алады. Дәмеш соның алдында ғана Ораз оқиғасының шет-жағасын естіп, өзі де Серегинге кеп ақылдаспақшы боп отырған-ды. Ораз, Геннадий, Иннокентий, Қуан төртеуі, тентектік жасап қолға түскен баладай, салы суға кетіп, томсырайып отыр, бірінебірі қарамайды, ызалы. —Кәне, оңашада бізге айтшы, Құрышпаев, неге бардың завкомға? — деді Серегин Дәмеш келіп отырған соң.

—Айттым ғой, кеше! Сол менің шын сөзім! Екі сөйлеу дегенді білмейм! — деді Ораз қымсынып, осындай шу көтерілгеніне өзі де ырза емес секілді. — Менімше, осы отырған жігіттер де қарсы болмас дейм, ондай жақсы атқа ие болу әркімнің арманы, бірақ, адамның ең әділ төрешісі, таразысы, ол — ар!.. Ар не дейді: «ал дей ме?» соған құлақ тұру керек, кейде адамды намыс жеңеді:

«басқадан қаламыз ба? Алайық!» дер, итерер, өйдегенмен, ар әрқашанда жақсылыққа итеретін сияқты... Мен «герой» деген атақты алсам да, осы күнге дейін өзіме-өзім риза емеспін... Герой деген атақты әлі ақтағам жоқ. Біз жақсылап еңбектеніп көрейік. Содан соң ол атақ бізден қашпас!.. Осыдан бір жұма бұрын бригада айдың аяғында 100 процентке әрең жеткізді, сонда бірінші айғай сап: «Құрышпаевтың бригадасына бермеңдер, Тухфатуллин алсын!» деген сол бас инженердің өзі емес пе?.. Әйтеуір түсінбейм: сол атақты қалайда беріп құтылу ма, жоқ алдыңғы қатардағы озат еңбек бригадирлерінің іс тәжірибесін үлгі қып тарту ма? Мақсат не?

—Олар сені осылай ұғып отыр ма? — деді Серегин.

—Ұқпаса мен ертең «Правдаға» жазам! — деді Ораз ашынып.

—Жоқ, сенің барып айтуың хате!.. Нең бар еді, — деді ашулы Қуан.

—Әй, дос, байқап сөйле, ол менің азаматтық борышым! Неге айтпайым! — деді Ораз ежірейіп.

—Тсс, жолдастар! — деді Серегин, жастарды басып. — Мұнда бір шындық бар: ол — сенің бригадаң, Ораз, көзге түскен бригада. Еңбек өнімін төмендетіп алғандарыңмен, басқадай өнегелі істерің сай келеді: бәрің де

сырттан оқу оқисыңдар, үйірмеге қатынасасыңдар... Ие, осы айда неше рет киноға бардыңдар?..

—Төрт рет! — деді Геннадий, бір бүйірден. Серегин жымыып:

—Ба! Түсінікті, тегі сен басқарады екенсің ғой... Сонсын, кешкі университетке нешеуің қатынасасыңдар!

—Бәріміз де! — деді Кеша.

—Қай факультетінде оқисыңдар?

—Музыка. Әр түрлі аспапта! — деді Қуан.

—Көрдің бе?.. Тәртіп-тәрбиелерің жаман емес. Сондықтан да, дауласып отырып, тізімге кіргіздірген де, атақты осыларға беру керек деп қарысқан да мен едім... Бұл менің қатем! — деді мұңайып Серегин.

—Хате?.. Кеше бюрода отказ бергені не деп жазғырған жоқ па? — Дәмеш Серегинді аяйды: жақсы ниеті үшін аяйды.

—Менің қате ұсынысымды бас инженер пайдаланып отыр. Айтпадым дей алмайсың... Айтқандай, сен жұбайыңмен айырылып кетіп пе едің? — деді Серегин көзін қадап. Ораз қысылақызарып, не дерін білмей, сасқанынан Геннадий қарады. Ол — бұйра шашын саусағымен сүзіп өтіп:

—Тастаған жоқ! Кім айтты сондай өсекті? Жұбайымен аздап шәлкес сөзге келіп қалған-ды, соны әрі ушықтырма, демалыс үйіне барып жата тұр, Ажардың ашуы біржола тарасын деп, кеңес берген мен едім, — деді ол ара түсіп.

Дәмеш ұялып төмен қарады. Ол жанжалға себеп — Дәмеш. Дәмеш келді, Ораз үйінің берекесі кетіп, Ажардың құты қашты... Иә, жақсы қадам емес. Ойлану керек!

—Ораз, бұл жайында мен де ойлап көрдім. Сенде хате жоқ! Жүрегіңнің әмірін орындап, адалдығыңды білдірдің! Задында айтуың дұрыс!.. Қояр саған кінәм жоқ. Қате менікі, мейлі мені-ақ жазаласын!

—Жоқ, ол қалай?.. — деп келе жатыр еді Геннадий, Ораз киіп кетті.

—Онда сізді емес, мені кінәласын, қараңыз бюрода!

—Жоқ! — деді Серегин қатал...

Дәмеш асығыс үйіне кеп жеңін сыбанып жіберіп, тамақ пісірді. Ол жалғыз өзі болса, асқанадан ішіп жүре берер еді, жолдан келген Асқар бар, асыл тамақ ішкізіп, қондандыру керек. Өне, үстінде көкала пижам, терезе алдында кітап оқып отыр, көзілдірігінің үстінен Дәмешке тұқырая қарап қояды, ондағысы: «Кешіктің ғой, жайша ма?.. Өңің де қашқан?» деп сезіктенгені. Жарайды, кейін қолы босағанда айтар, дәл қазір ас пісіруі керек, смена жақын.

Дәмеш мұздатқышты ашып, ішінен тауықтың етін алып, тазалап, кесіп-

кесіп кастрюльге салды...

—Дәмешжан, Айшаны көрдің бе, әнеугіден кейін? — деді Асқар кітабын жауып, тізесіне қойып.

—Кеше сіз ол кісіні іздеп, үйіне бардыңыз ба?

—Бардым... Неге сұрадың? — Асқардың жүзін көлеңке басып, жабырқай қалды.

—Сіз енді ол кісіге бармаңыз!

—Неге?.. Келмесін деді ме?

—Жоқ, бұл менің өзімнің ойым. Мүсекеңе тиіспей, аулақ жүрейік дегенім. Мінезі қиын адам ғой...

—Жоқ, Дәмеш, оған мен көнбейім. Өткенді айту Айшаға менің мойнымдағы борышым!

—Қайдам... Бала-шағалы, семья... Дұрыс ұқса...

—Айша ұғады!

Ағасының бетін байқаған соң «неге барма!» дейді, Дәмеш соның себебін айтты: кешеден бергі жанжалды, Ораздың адал-ақ пікірін Мүсілімнің бұрмалап, қисық түсінгенін тегіс жеткізді.

Асқар басын шайқап:

—Әне, бұның әлі де тәубесі есіне түспеген... Байқа, балам...

Зақым келтіріп жүрмесін! — деді.

—Менің «барма!» деп отырғаным сол емес пе!

—Жоқ, бір есептен — бару да, айту да керек!.. Бұл әлі уыты қайтпаған, іштей тынып: «әй, тағы да бір сондай айғайшудың кезеңі туар ма еді, шіркін!» деп кіжініп жүрген кісі... Сондықтан...

Дәмеш заводқа келді. Кішкентай томпиған паровоз пысылдап, бірнеше вагонды ырғалта тартып, шихта ауласынан шыға жөнелді. Цехтің екінші жақ қапталында үзіліс кезінде бір топ құрыш-қорытушы домино ойнап отыр еді, паровоз әйнегінен асылып тұрған машинист айғай салды:

—Ей, Теке, мә-ә! — деп бір қолының бармағымен мұрнын тыжырып, екінші қолынан саусақтарын оған жалғастыра қимылдатып келемеж қылды.

—Ух! — деді оған, селдір жирен мұрт, жауырынды Тұхфатуллин. Дәмеш оны мұртынан таниды, тарақанның мұрты тәрізді. Соңғы кезде Тұхфатуллиннің бригадасы озат шығып завод төңрегіне мақталып, жиі атала бастады. Әне, «құрмет тақтасының» қақ ортасында ілулі тұрған осы Тұхфатуллин. Бұрын ол араға Ораздың суретін іліп қойған еді. Оны алып тастаған кім екен? Мусин де, басқа кім дейсің... Біреудің сүрінгенін аңдып жүретін адам ғой!

—Дәмеш Сахиевна, сәлем! — деп Тұхфатуллин өтіп бара жатқан Дәмешке екілене сәлем берді.

Дәмеш басын изеп, күлімдеп: «сәлем-сәлем!» деп өте шықты. Тұхфатуллин мұртын тағы да бір ширатып, қызыға қарап, қала берді.

Дәмештің толқыған ішкі сырына, пеш отының лебі қосылып, маңдайынан тер шығарды... Пеш механизмін өлшеп, бақылайтын аспаптар кабинасына кірді де, терезе алдындағы шөлмекті ашып, бір стакан тұзды суды жұтып салды. Тұу, қандай рахат! Құрыш қорытушылардың қорегі осы шығар... Кен төгетін машина ұзын піл тұмсығымен астау сияқты мұльдені тістеп ап, пештің ішіне кенді төңкере салады. Түтін аралас жалын күйе будақтап пеш аузынан сыртқа шапшиды. Пеш аузында отпен арпалысқан Ораз түтінге оранып Дәмештің көзінен ғайып болды.

Дәмеш құрыш ағызатын алаңға келіп, қанаудың, қалыптардың тазалығын, дайындығын байқап, қара қазанның қасына барса, Күміспек құрыш ағызушылармен әңгімелесіп тұр екен.

—Күмісеке, қалай қазан дайын ба? — Дәмеш те бөгелмей жүре сөйледі.

—Дайын-дайын! — деп ол ыржиып басын изеді де, қасындағы жігітпен сөзін үзбей әңгімелесе берді. Дәмеш Күміспекке сенеді, ұзақ жылдар құрыш құйып жүрген ескі мастердің, шебердің бірі:

«науа тәрізді жолобтан сарқырап қазанға құрыш аққанда, биік жартастан аққан судың сылдырын естимін!» деп күлдіретін, жайдары, ақ жарқын жігіт те осы Күміспек. Күміспекке сенген беті Дәмеш қайтып қара қазанды қарап, тексермеді, дәл құрыш ағызатын кезде бір-ақ барды.

Киіз үйдей дәу қазанды сырғанатып әкеп, араның ұясы тәрізді жыбырлап тұрған қалыптардың үстіне қондырды...

—Құрыш қазанда неше минут тұр? — Дәмеш сағатына қарады. Мастер:

—Он бес минут өтті, — деді.

—Аш, шүмектің тығынын, жетеді! Көп тұрып қалса оттегі мен көміртегі қосылып, құрышты қазанда тағы та қайнататынын білесің бе?

—Е, оны білмесе, құрыш ағызудың мастері боп не керек! —деп ол күлді.

Бірақ тығын ашылмады. Дәмеш қолындағы сағатқа қарап уақыт санайды.

Әлгінде, он бес минут өтті дегенді... Он жеті... Он сегіз... Жиырма!.. Құрыш ағызушылар стопордың ашылмауын бірінен-бірі көріп, шулай бастады.

Дәмеш ой жүгіртіп, ашылмау себебін іздеді: қазан түбіндегі шүмекті құрышқа ерімейтін шамоттан жасалған стаканмен тығындап қояды.

Стаканды сырықтай ұзын темірдің басына күйдіріп, пісірген. Ол темірді стопор деп атайды. Стопордың шынжыр таққан ұшынан тартса, стопор бері тартылып ашылады да, қазан түбіндегі тесіктен құрыш ағады. Ал қазір стакан шүмекке жабысып қап, тесік ашылмай тұр... Басқа себеп жоқ!.. Енді

қайту керек? Стаканды оттегімен күйдіріп, шүмекті ашуға тура келеді. Жалма-жан Дәмеш сағатына қарады. Манадан бері жиырма минут өткен. Қап, кеш қалды-ау. Қазір... құрыш қайнайды.

—Оттегімен күйдіріңдер стаканды! Тезірек қимылдаңдар! — Дәмеш біресе сағатқа, біресе қазанға қарайды. Құлағын тігеді. Қазан іші қайнаған құрттай сарқ-сұрқ етіп, дыбыс бере бастады. Дәмештің қаны да құрышпен бірге қайнап, маңдайынан тер шықты. Стаканды күйдіріп, тескенше, құрыш сақылдап қайнап, атқылай бастады. Дәмеш кейін шегініп, құрыш ағызусыларға айғай салды. Енді бас қайғы. Құрыш тамса — денені оқтай тесіп өтеді. Ендігі ақыл-айла кісілерді күйдірмей аман алып қалу! Дәмеш дауысы қаншама ышқына шыққанымен ешкім тыңдайтын емес.

—Кейін кетіңдер!.. Жоламаңдар! — деп тағы да айғай салды. Өңі қашқан, моншақтап тері сорғалаған Күміспек анталаған құрыш ағызусыларды да, құрыш құюшыларды да кеудесінен итеріп, кейін қуады. Гена: «Бір күнгі еңбегім босқа кетті-ау!» деп жұдырығын түйіп, айғайлап боқтап жүр. Қайнап төгілген сүттей құрыш қазан жиегінен сорғалап аға берді, алтын тамшылары атқылап ата берді. Цехтің іші көк түтін иіс-қоңыс. Құрыш қатқасын кескілеп, біржола тазаламаса, әзірге маңайына баруға болмайды. Оған толық бір күн керек. Авария деген осы...

Дәмештің басы айналып, тәлтіректеп құлай бергенде, Ораз кеп, қолтығынан сүйеп тысқа алып шықты...

Аварияның болғанын бас инженер Күміспектен естіді. Ол күні Мүсілім бұлыңғыр күндей түнеріп өзінің бөлмесінде енжар отырған еді, соның алдында, бірнеше минут бұрын Айша мен екеуі сөзге кеп қалған. Айша соңғы күндері не жиналысты, не емхананың шұғыл ісін сылтауратып үйде отырмайтынды шығарды. Осыған орай Айшаның мінезі де өзгере бастаған сықылды: бұрынғыдай емес, ашылып сырласпайды. Кейде жоқты сөз ғып әзілдеп, күліп алатын болушы еді, одан да қалды. Мүсілім бірдеңе десе тітіркеніп, селсоқ жауап қайырады.

Әрине, бұл Асқардың әсері. Бірақ, ол Мүсілімнің «анау бір» арыздарын айта қойды ма екен? Естісе Айша бұлай жүрмейді — не біржола ат жалын кесісіп айрылысады, не тілдеп бет ашысады... Екіншісі. Үн-түн жоқ іштен тынып қоя салатын әйел Айша емес!.. Неғып ол айтпады? Жоқ, әлде сыр бермей жүріп, бір-ақ түнде екеуі басқа жаққа қашып кетпек пе екен. Жоқ, жоқ. Атама! Ол күн туса, Мүсілімге жер басып жүру қиын. Қатын кете берсін-ау, қымбатты қатын емес, «тастап кетті» деген атақ жаман!

Мүсілім кейде сезімтал да күйрек... Ит үреді, көш жүреді. Лагерьден келген әлдекімнің сөзі саяси өмірдің «әуе райын» жасаушы ма еді... Мүсілім оған қарсы сөз таратса, қайтеді? Әркімді былғап, баяғыда арыз жазғанның бірі осының өзі екен десе ше?!

Осылай қысылып, сынаптай толқып отырғанда, жайрандап Айшаның жетіп келмесі бар ма? Сағатына қараса түнгі он екі! Қарақұсынан біреу ұрып жібергендей, көзі қарауытып, жүрегі қысылып, бойы ауырлап отыра берді. Жаңа ғана соның құшағынан айрылып кеп тұрғанын көрмейсің бе?

Ерінінде оның аузының дәмі де бар-ау... Үһ! Мүсілім ұшқалақ қимылмен атып тұрып, қайта отырды. Жүрегін біреу қос уыстап қысып-қысып жіберген тәрізді, сылқ етіп диванға жантая кетті... Айша тамырын ұстады. Мүсілім қолын тартып ап, ыңыранып:

—Менің өлімім сенен, — деді. Айша селк етіп, қолын тартып алып, «есі дұрыс па?» — дегендей бетіне үңілді. Өз құлағына сенбеген адамдай, үрейлене:

—Не болды саған? — деді. Мүсілім үндемеді. Айша жалт бұрылып, кете барды. Іле шырылдап телефон безек қақты. Телефонды алмай біраз жатып байқап еді, дәті шыдамады, бас жағындағы тумбочкада тұрған телефонға қолын созды.

—Ия, не керек?

Ар жағынан Күміспек дірілдеген дауыспен: «Мүсеке, цехта авария!.. Құрыш тегіс жерге ағып кетті!» — деп ар жағын айта алмады. Мүсілім телефон құлағын ілуге шамасы келмеген адамдай, тұтқаны ұстап жата берді. Телефон «диң-диң: іле сал, іле сал!» дегендей жалына шырылдайды. Оны елеген Мүсілім жоқ — бұл заводқа онша шығын келтіретін авария емес, қайта... кейбіреулердің мойның астына келтіретін... омақата құлататын авария! Есеп айырысатын кезеңі енді жетті!

Мүсілімнің мысық пен күшік сияқты аңдысып жүрген доссымағы Серегин. Сағатованың ғашық жігіті, дос-жарандары, бейнелей айтқанда: «бір шоқ гүл» енді қайтер екен? Жаңашыл инженер әлде проектісін басқа заводқа беріп іске асырар... Бәлкім Мүсілімнің орнын тартып алар... Хе-хе... Түні бойы Мүсілім аунақшып, сергек ұйқтады — біресе цех... біресе мүләйімсіп, жалынып тұрған Асқар... Таң алдында бір айқын түс көрді. Темірлі таудың басында тұр. Төменде көл жиегінде тізесінен су кешкен Дәмеш. Қолында мылтық. Қанша көздеп атқанымен Мүсілімге бір тигізе алмайды...

Ертесімен киініп жатып, Мүсілім сол түсін жақсыға жорыды: тау — бедел, бақ-дәулет. Қыз — жау, қаншама дауласса да түк шығара алмайды!..

Победасын шақыртып ап, заводқа барды. Жүрісі де ширақ, жүрегі кеше ауырмаған адамдай, сап-сау. Кең, тік сатымен тезірек көтерілді.

Кабинетінің алдында бір топ адам иіріліп, даурыға сөйлесіп тұр екен. Олардың ішінен алдымен көзге ілінген: цех бастығы — сидиған жұқа өңді Эпифанов пен Күміспек. Сағатова көрінбейді.

—Сонда сеніңше инженер жауап бермеуі керек пе? — деді біреуі, бас инженер кімнің дауысы екенін айыра алмай қалды.

—Онда жауап беретін Пушкин! — деді екіншісі.

—Сменаны прием жасағанда көріп-тексеріп алмай ма? — деді бас инженерді көріп қалған Эпифанов. Ол Мүсілім мен Дәмеш арасын сезетінді, тегі естісін деп, жағына айтты ма, әлде цех бастығы өзін қорғап тұр ма?.. Мүсілім басын изеп, амандық білдіріп өте шықпақ еді, топ қақ жарылып, қойнын ашқан соң, екпінін басып, қол беріп, сәлем алды:

—Жүріңдер! — Соңынан шұбырта ертіп, кабинетке алып кірді... Стол басына барып жайлана отырды да, көзілдірігін ауыстырып, пенсне киді. Аздан соң басын көтеріп, Эпифановқа қарады:

—Ал, бұл не авария?

—Түнгі смена, құрышты қалыпқа ағызарда қазан шүмегінің тығыны ашылмай, бүкіл құрыш далаға аққан.

—Смена начальнигі кім еді?

—Инженер Сағатова!

—Ол қайда жүрген?

—О да сонда болған. Құрыш қайнап атқылағанда кім жуиды дейсіз...

—Кім жауапты деп ойлайсың?

—Инженер де!.. Басқа кім дейсің? Сменаны прием жасағанда механизмді күн бұрын көріп-тексеріп алмай ма?.. Мына жігіттер құрыш құю тәжірибесінде мұндай авария бола береді, соған күйдіре берсе инженер қалмас дейді...

Мүсілім қолды бір-ақ сілтеді:

— Мәселе механизмде емес! Құрыш пеште жетеқорытылмаған, бір қайнауы ішінде кетіп, қазанда тағы қайнаған. Аварияның себебі осы... Рапортың қайда?

—Әлі жазғам жоқ! — деді Эпифанов.

—Қазір түсірі!..

Топты соңынан ертіп, цехқа алып барды. Қатып қалған құрышты жаңа ғана кескілеп, алаңды тазалап бітірген екен, бас инженер басын шайқап, «тәртіп жоқ, бақылау жоқ!» деп Эпифановты сөгіп, кабинетіне қайта оралды да Лиданы шақырды.

—Жаз! — деді қолын қалтасына сап, шірене басып. Лида Ивановна машинканы алдына қойып, айтқанын басты:

«Смена начальнигінің жауапсыздығынан завод соңғы он жылда болмаған

аварияға ұшырады. Орасан зиянға қалды... Смена начальнигі Сағатова Дәмеш Сахиевна тәжірибесінің жоқтығынан өз міндетін дұрыс түсініп атқара алмаған, сүйте тұра қызметіне салақ қараған. Бұрынғы сөгісін еске алып, бұдан былай смена начальнигінің қызметінен босатылсын да, техника кабинетіне бастық боп бекілсін».

—Ауырлау кеткен жоқ па, Мүсілім Сапарович? — деп сөз салып көріп еді Лида, ол күлді.

—Қызметтен біржола босатып жібермегенге риза болсын! Мұндай аварияны Москваның «Серп-Молоты» бұдан қырық жыл бұрын «при царе — Кесоре» көрген, шырағым! — Мүсілім бұйрығын Лидаға бастырып ап, цех-цехқа талқылауға жіберді де, бір данасын завод қақпасының алдындағы тақтайға ілдірді.

ҮШІНШІ БӨЛІМ

I

Асқар шетелден келген қонақтай қалалық партия комитетінің алдындағы жазуды тамашалай оқып, күлімсіреп біраз тұрды. Бала жасынан бастап-ақ Асқардың санасына «Партия комитеті — адал да кіршіксіз таза орын» деген пікірді ағасы мен жеңгесі талай сіңірген-ді.

Асқар қаншама жазықсыз қорлық көріп, бейнет шексе де ана сүтімен бірге емген нақыл сөз, тәлім-әдет жамандыққа аяқ бастырмады. «Әділдік осы ма?» деген сұраққа жеме-жемге келгенде, ар-намысы көтеріліс шығарып, осы бір тәрбие Асқар жүрегіне нәр, ойына қуат берген-ді. Сол үміт ақталды! Міне, тағы да сол жастай өскен алтын бесігіне келіп тұр. Баспалдақтан бір-екі саты жоғары аттап тағы да тоқтады. Біреуі кіріп, біреуі шығып жатқан жұрт, оған көңіл бөлген Асқар жоқ. Дәл қазір, ең жақсы көретін адамы — Айша кеп: «Жүр, көлде саяхат құрайық» десе де, тіл қатып, назар аударатын халде түгіл... Ұзақ жыл күткені осы бір кезең-ді. «Барсам... партия комитетіне кіріп, шеккен жапаны, көрген әділетсіздікті көз жасымды сорғалата отырып, теп-тегіс айтсам» деп арман еткені қайда? Ендеше, Асқар неге тұр, кірмей? Кіріп барып, тәптіштеп айтпай ма хатшыға? Жоқ, жүректе құса боп қатқан сырын ақтармай, Асқардың тамағынан ас өтпес те, тыныш ұйқтап, дем де ала алмас, бұл иығынан басып еңсесін көтертпейтін зіл!

Асқар ширақ қимылмен жоғары екінші қабатқа көтеріліп, бірінші хатшының кабинетіне кіріп барды.

—Хатшы жолдас өзінде ме? — Кексе тартқан ақ сары әйел Асқарға

«қайдан келіп едіңіз?» дегендей таңырқай қарады:

—Мәжіліс өтіп жатыр... Сізді шақырып па еді?

—Жоқ. Шақырмаса кіруге болмай ма? Ақ сары әйел күлімдеп:

—Неге болмасын... Бірақ, күн бұрын келісіп қойсаңыз күтпейсіз ғой дегенім! — деді.

—Олай болса, мені приемға жазыңыз! Фамилиям — Сағатов Асқар, ақталып қайтқан дәрігермін.

Ақ сары әйел: «енді түсіндім!» дегендей тағы да басынанағғына дейін көзімен бір шолып, алдында жатқан блокнотқа Асқардың фамилиясын жазып қойды. Асқар қош айтысып шығып кетті. Хатшы қашан қабылдайды деп күтіп отырған бірлі-жарым кісілер де мұның соңынан жатырқай қарады. Кім білсін, олардың не ойлап қалғанын? Әлде іштей: «өліп тірілген адамдар қайдан жүр?» деп таңырқай ма, жоқ осықырып: «хатшы оған не керек» дей ме? Кім білсін... Ар жағынан кіріп келе жатқан кісімен Асқар есік аузында соқтығысып қалды. «Ғапу етіңіз!» деп ол кейін шегінгенде Асқар оны анық таныды — Мүсілім! Асқар дірілдеп, тесірейе қарай берді. Не істесем екен? Қойып жіберіп, шықшытын сындырса... Жә, неғып тұр, ұмтылмай ма!

Мүсілім де мұның кім екенін таныды, зып етіп кірді де кетті. Қап... Жоқ, асықпа Асқар! Ол тағы да кездеседі. Және, олай өш алу сенің басыңа лайық па?

Күн бүгін ерекше себелеп нұр құйғандай. Жұрт көше қапталын, киоске қалтарысын, ағаш түбін іздеп, үйездеген жылқыдай, топтоп боп көлеңкені паналайды. Солардың бәрі де Асқарға қарап, Асқарды сөз қылғандай. Керек десе әне бір аққайың бұтағында шықылықтап отырған қарлығаштың өзі де Асқарды қарсы алғандай. Жалғыз ғана қарлығаш емес, күн нұрына бөленіп көшенің ар жақ қапталында шулап бара жатқан, қызыл галстукті бір топ балалардың жүзіне қарашы — гүл-гүл жайнап «білемізбілеміз» дегендей. Асқар күлімсіреп, жан-жағына қуана қарайды—өмір осы! Азап-бейнет өмірдің көркем, ашық бояуын өшіре ала ма? Жаңа ғана «сен бе едің?» деген ызғарлы көз, Асқар жүрегіне оқ атса да, дәл осы күннің шатты сәнін бұза алды ма?

Асқар жеңіл аяңдап, сквердегі газон гүлдеріне көзін суарып келе жатыр... Айшамен бүгін кездеспекші еді, Асқар оны да кейінгіге қалдырды. Өмірде ең қымбат — тіршілік! Баяғыда қаңғырып жүргенде Асқар өліп қалса, қандай адам екенін кім біледі?..

Ия, Сағатовтың тұқымдары қазақ халқының қайғы-қасіреті, азап-бейнеті, қуаныш-арманымен бірге жасасып келеді: Сағат — Жетісудың әйгілі зергері, қолының шеберлігі сондай — Абайдың:

«Атымды адам қойған соң, қайтіп надан болайын!» деген сөзін аттың күрек тісіне ойып жазған деседі. Бүкіл өлкенің қызкеліншек, сері-сылқым, бозбала-жігітінің тілін тауып, қуанышына ортақ болған ісмер. Еңбегімен аталып, қыруар елдің сыйымды да қадірлі адамының бірі болған. Оның баласы Жүніс — халық басына туған қайғылы қара күнде топ бастап, еліне бақыт іздеп, бүкіл Орта Азияны кезген. 16-жылы ұлт-азаттық көтерілісінің туын қолына берік ұстаған. Оның үлкен баласы Сақа — Жетісуда Совет өкіметін орнатысқан, халқына бақыт әкелушінің бірі. Өткен күнде есеп жоқ. Кеше ғана жеке адамның басына табынуда құрбандыққа шалынды. Жүністің кіші ұлы Асқар-Отан соғысының азап-бейнетін басынан бір кешсе, өсек-жаланың зардабынан шашы ағарып кеп отыр... Сақаның қызы Дәмеш — еліне құрыш құйып, техника тұтқасын қолына ұстап отыр. Кәне, қайсы халқынан аянып, тартынып қалды екен? Сағат тұқымы ауырдың үсті, жеңілдің асымен күн көрісті паналап жүрген тұқым емес, тарихтың ең ауыр жүгін арқасына сап, артып келеді!..

Асқар пәтеріне келіп, шешініп жуынды да, пижамын киіп, қолына Құрышпай әкеп берген домбыраны алды. Жүрек кернеген осы бір ой он саусақпен домбыраның пернесіне түсті.

II

...Дәмеш бір күннің ішінде жастықты басынан кешіп өмірдің қабат-қабат сырларына егде тартқан адамның көзімен қарап баға да берді. Дағдыр бұрын да еркелетіп, маңдайынан сипап көрген жоқ та, үйтсе де өзінің жігер-талабымен талай қия тас, қарағанды адырдан өтіп, жалаң аяқ табанына талай жара салған-ды. Сон да жастықтың әсері ме, көңіліне секем ап, бір мұңаймаушы еді. Ал кеше... Кешегі заводтың авариясы төбесінен түскен жайдың оғындай, есінен тандырды. Осы заводқа жіберерде Алматыдағы достары «білімді де іскер инженер» атанған Дәмеш барысымен өндіріс тілін үйреніп, меңгеріп әкетеді деп ойлады. Мұнда келген соң кейбіреулер «біраз уақыт завод управлениеде істеп, танысып көрмейсң бе?» дегенде Дәмеш: «Цехқа жібермесен, басқа жерде істемейім» деп отырып алғаны да рас. Есінде. Дәмештің ондағы ойы оңай атақ ала қою емес-ті. Өндіріске барып істеу керек деген партияның ұраны өзінің ішкі үміт-тілегіне дөп келеді. Бір-екі жыл заводта істеп диссертацияға қажетті мәліметтер жинап алсам деп жүретін-ді.

Дәмеш келіп мартен пешіне қызметке шыққанда, бүкіл завод қауымы бас киімін шешіп, қарсы алды, инженердің талабына риза болып құрмет көрсетті. Кез келгендері сыртынан қарап:

«Әй, қыз тусаң осындай ту!..» деп құрыш қорытушылардың дәмелене мақтанғанын өз құлағымен талай естіген. Сүйткен инженер жарты жылдан аспай жатып, авария жасады, коммунистік еңбек бригадасының атағына жақсы күресіп келе жатқан бригаданы алға сүйрей алмады, кейін кетірді... Жығылған үстіне жұдырық. Ұсынысы күлкіге айналды, «арзан атаққа құмар ала аяқ» атанды. Бас инженер солай ұқты. Екеуінің арасы күн сайын шиеленісе түсті. Дәмештің басқан қадамын аңдиды ол. Бұрын Дәмеш «маған неге өш?» деп түсінбейтін. Әнеугі Асқар айтқан сырдан кейін бәрі де мәлім... Дәмешке қырғиқабақ жалғыз Мусин болса, бірсәрі. Қайырдың шешесі — Ақмарал, Ораздың келіншегі — Ажар Ораздың үйінен кеткенін Дәмештен көріп, бүкіл қалаға түрлі өсек таратып жүрсе керек. Әй, тегі өсек тарататын Ажар болмас, шешесі де!.. Үйдейтіні: Құрышпай Асқарды қонаққа шақырған күні, Дәмеш те бірге еріп барып біраз отырды да, «жұмысым бар» деп кетіп қалды. Сонда Ажар сөйлескісі кеп, қайта-қайта қипақтап Дәмешке қарай берді. Сонда қатесін мойындағаны ма?.. Құрышпай атасы о да өкпелі. «Жалғыз тастап, туысын тауып кетті!» дейтін сияқты. Дәмеш пен Ажардың арасы бұрынғыдай болса, кетер ме еді, кетсе де күн сайын, сағат сайын араласып тұрмай ма? Қайыр анау бас инженердің айтқанына еріп, Дәмештің ұсынысын басып тастады. Шын сүйген ғашық адам солай істей ме? «Мен сүйемін сұлу сүйсем, басқаша!» деген өлеңді кеше жолдан бет-аузы қызармай Дәмешке жазды-ау... Саған қор болған есіл әдемі сөз! Шын сүйсең өзіңді-өзің құрбан қыл, аянба! Дәмеш сүю дегенді солай түсінеді. Бүгін таңда қайтадан жүрегінен орын тепкен кім деші? Ораз? Дәмешке шын жар болатын Ораз еді, қадірін білмеді, көңілін қалдырды... Дәмешке жұмсақ мінезді, қасы мен қабағынан жүрек сырын түсінетін, сүйгеніне мәз боп, балаша қуанатын Ораз сияқты дос керек. Күйіп-жанып, құшырлана аңсаған Қайырдың махаббаты Дәмешке үйлеспейді. Дәмештің өзі де ыстық жанды, беймаза адам. Дәмештің тентек қылығын аңдып тұрып, Ажар Оразды тартып ала қойды. Ол «құрбым еді, екеуінің арасына от жақпайын, қиюын тауып қиюластырып жіберейін!» деген жоқ. Жігін ашты да сына қақты... Ораз басқа әйелдің меншігі дегенге Дәмеш кейде сенбейді. Бала күнгі бірге ойнап, қатар өскен өзінің Оразы, өзгермеген, бұрынғыдай Дәмешке құмарта қарап, аузынан шыққан сөзін тапжылтпай орындауға дайын. Кез келсе-ақ Дәмеш оның көзінен: «Не дейсің, жаным, айтшы өзің?» деген жалыныш тілекті ылғи аңғарады. Өткен түні де сол бір көз қарас Дәмешке маза бермей, қайда барса да алдын орап, уланған адамдай мең-зең болып жүріп, аварияға ұшырады...

Дәмеш осылайша әр ойдың басын бір қармап, түске дейін ұйқылы-ояу төсекте жата берді, жата берді. Содан сағат бірде көлден балық аулап қайтқан Асқармен түскі тамақты ішті. Жаңа ғана тынығып, көңілі орныға бастаған Асқарды ренжіткісі келмеді, түнгі аварияны жасырып айтпады. Кейін ести жатар... Асқар тіс қаққан әккі ғой, Дәмеш жүзінен әлденені сезгендей:

—Қалқам, бүгін өңің қалай жүдеу? — деді стол басына отырған соң.

—Түнде заводтан кешірек қайтып, жөнді тыныға алмадым, — дей салды Дәмеш.

—Заводта авария болды дегені рас па? Әлгінде көл басында бір-екі әйел: «Авария болмай қайтсін, ескі тозығы жеткен механизм!» деп сөз қып тұрды.

Дәмештің екі беті қып-қызыл боп кірерге тесік таба алмады.

Асқар да қарындасының неге қымсынғанына таң қалғандай...

—Ол сөздің саған қатынасы жоқ шығар деймін... Сен қазір түнгі он екіге дейін істейсің ғой? — деді ол. Дәмеш үндеген жоқ, орнынан тұрып қолын жуып киіне бастады — күндізгі сағат төрттегі сменаға барады, мезгіл жақын. Асқар да Дәмеш соңынан еріп, есік алдына дейін шығарып салды.

—Қалқам, ісіңе, берік болсайшы!.. Осы күнгі адамның жақсылық қасиеті — еңбекте ашылады. Біздің тұқым еңбек сүйгіш еді... — деді.

Дәмеш басын изеп, үн-түн жоқ жүріп кетті. «Біздің тұқым — еңбек сүйгіш!» көрдің бе сөзін? Тегі Дәмеш бекер жасырды, біліп отыр... Жоқ, білсе тура айтпай ма неге жасырдың деп?.. Сезінеді, бірақ анығын білмейді!

Дәмеш завод қақпасының алдында сөйлесіп тұрған Базарқанов пен Қасымовты анадайдан таныды. Екеуінің пішіні — бірдемеге келісе алмай, керісіп тұрған тәрізді. Тапалдау Қасымов ұзын бойлы Базарқановқа өкшесін көтере мойнын созып, жігерлене сөйлейді, анау тыжырынып, алақанын жайып: «мен қайтейін?» дегендей. Бірі әнші, бірі биші, екі жас инженер неғып келісе алмай тұрғандарына Дәмештің таңы бар. Бірі айтса, екіншісі басын шұлғып қарсы дауласпаушы еді... Дәмеш тез-тез басып жақын кеп қалғанда Базарқанов ұзын ғой, бұрын көріп қап Қасымовты түртіп қалды, анау селк етіп артына бұрылды. Тентектік істеген шалдуар баладай екеуі де қысылып, шегіншектей берді. Көздері шатынап, шығып барады.

—Сендерге не болған ей? — Дәмеш күліп қолын ұсынды.

Қасымов кәукелектеп Дәмештің қолын бұрын алды.

—Ehe-ehe! — деп о да күлді. — Қайдан келесің, Дәмеш?

—Үйден. Сменаға келем.

Қасымов пен Базарқанов біріне-бірі таңдана қарады.

—Сен... Естімедің бе? — деді Қасымов. Базарқановта үн жоқ.

—Нені?

—Сенің орныңа мына Базарқановты тағайындапты!

—Базарқановты?.. Қашан?

—Бүгін... Саған айтпады ма?

—Естіп тұрғаным осы...

—Безобразие! — деді орысшылап Базарқанов.

—Мен сенімен келісті ғой деп ойлағам!

—«Ойлағам!» — деді Қасымов кекетіп, Базарқановтың дауысына салып. — Менің айтып тұрғаным осы емес пе, неге бардың деп?.. Дәмеш, сен қазір барып сөйлес!

Дәмеш завод басқармасына көтерілді. Лида машинка басып отыр екен, Дәмешті көріп, папканың ішінен бір қағазды алды да Дәмешке ұсынды.

—Менің жазған қағазымды алдың ба?.. Жоқ! Осында біздің үйдің қасында тұратын Васядан беріп жібергем... Ұмытып кеткен ғой... Тұра тұр, сені ме!

— Лида сыбырлап бірдеме деп жатты, оны тыңдаған Дәмеш жоқ, бас инженердің бұйрығын оқумен шұғылданды... «Техкабинетке бастық болып тағайындалсын». Бұл не, келемеж бе?

—Лида, Сапарович бар ма?

Лида басын шұлғыды. Дәмеш кіріп барса, Мүсілім мен мартен цехының бастығы отыр екен. Дәмештің ашулы жүзінен сескенді ме, жоқ сыр бермейін деді ме, ол ыржиып: «Отыр, Дәмеш!» деп жаны ашыған пейіл білдірді.

Істерін істеп ап, құйрығын бұлғаңдатуын, түлкі!.. Дәмешті баладай алдап-сулап шығарып салмақ!..

—Дәмеш, бірдеме айтайын деп пе ең? — дауысы жұмсарып бет-әлпеті:

«Қап саған қиын болған, енді қайтейін...» дегендей көлгірси қарайды.

Дәмеш те іштей бекініп салғыласуға дайын.

—«Бірдеме» емес. Айтысуға келдім.

—Оһо, тағы құдай не жаздық?! — деді жалған күліп, цех бастығына иегімен Дәмешті нұсқады да зілді дауыспен: — айтысып қайтесің, шырағым, цехта істеу саған ауыр! — деді.

—Мен цехтан басқа жерде істемеймін!

—Чистая женская логика. Не дерсің? — деп иығын қысып:

«Мен түсінбейм, мынаны сен жөнге салмасаң?» дегендей тағы да цех бастығына қарады. Ол үндемеді. Кім білсін, бас инженердің сөзін қоштап отыр ма, жоқ ұнатпай іштен тына ма? Мүсілім аздан соң Дәмешке қарап-қарап отырып:

—Техкабинетке бармасаң, менің басқа берер қызметім жоқ!—деді.

—Мені қызметке алған сіз емес... Әрберден соң басқа қызметке ауыстыруға хақыңыз да жоқ! — Дәмеш қаншама салмақпен айттым десе де, дауысы шатынап шықты. «Сабыр-сабыр, Дәмеш! Әдеп сақтап сөйле!.. Бітісер жер бұл емес!» дейді Дәмеш өзін-өзі тоқтатып.

—Олай десең, барар жеріңе барып қайтарсың. Мені әурелеме!..

—деді де цех бастығына бұрылды: — Илья Савельич, құрыш ағызатын алаң бүгін істеді ме?

Есік алдына жақындап барған Дәмеш цех бастығының жауабын тосқандай есікті баяу ашты:

—Түнгі смена тазалап бітірген... Кейде мұндай жағдай болып қалуы ықтимал, сіз қатты кетпеңіз! — деді Дәмешті шығып кетті деп ойлаған бастық.

Дәмеш жалт бұрылды:

—Рахмет сізге, Илья Савельич! — Бұл сөздің астары бас инженерге: «Мені мұқатам деп өзің ұсталдың ба!» дегені еді. Сүйтті де ширақ қимылмен шыға жөнелді. Партбюро хатшысының кабинетіне жеткенше, іште мырс-мырс күліп келеді. Дәмеш сөзін естігенде Мүсекең тыржың етіп, оқты көзбен цех бастығын атты...

Өттегене-ай, жаңа Дәмеш: «Мені қудалап жүргеніңізді жақында ғана түсіндім. Тісіңізге жұмсақ мен емес, байқаңыз!» деп неге бет тырнамады? Әй, жасық Дәмеш! Ағасы дұрыс айтады: осы күнге дейін Мүсілімнің тәубесін есіне түсірді дейсің бе?..

«Сабыр-сабыр, Дәмеш!» деп-ақ иығынан басып, еңсесін көтертпеуге айналды осы бір ақыл деген неме? Ішіне кіріп алып, байғыз сияқты тұнжырап тығылады да отырады. Бір жерге барса да, күліп-ойнаса да батыл сөз айтып біреуді мұқатса да, етегіне жабысып, тартып: «әдеп-әдеп!» деп тұрған бір әже! Егер Дәмеш жасындағы қыздардың бәрі де осындай мінезге душар болса, бірі күйеуге тимес!.. Дәмеш өзіне-өзі күліп Серегиннің кабинетін ашты.

—Николай Иванович, рұқсат етсеңіз...

—Бұрын рұқсат сұрамаушы ең, бүгін біреу құдайыңды есіңе түсірген бе?!

— деді ол бұрынғы әдетінше мысқылдап.

—Сіз естіген екенсіз ғой?.. Әлде келісіп пе еді? — Серегин:

«Шын айтып отыр ма?» дегендей сұқтана көз тастап:

—Келіспей... Осыдан бұрын сөгісің бар-ды, енді... Қандай жаза қолдансын, өзің айтшы? — деді.

—Ия, солай екен-ау! — Дәмеш басын шайқады. — Шебер!

Білдірмей ордың жиегіне төндіріп қойғанын қарашы!

—Мен саған не деп ем?.. Шырылдап ара түсіп қалалық партия комитетіне дейін барғанда сен мені тойтарып тастаған жоқсың ба?

—Серегиннің жұқа езуінің бір жағы тартылып «кекеп» сөйледі.

—Ия, мен хателескен екем, Николай Иванович! Сөз бітті.

—Енді екеуі әрқайсы өз ойының жібін ширатып үндемей отыра берді.

Барып Мусин жолдастың жай-жапсарын Базаровқа айтып, ескертіп қойса, іс насырға шаппас па еді? Енді мынау: қазылған орды көрмей, күмп беріп түсіп кеткені... Серегінде жазық жоқ! Ол курорттан қайтысымен сездіргенді. Мән бермеген Дәмештің өзі. Сенімшіл-ақ!.. Сенбегенде ше? Қасыңдағы бірге істеген жолдасына сенбеген де кімге сенеді?..

Әне, ұясына еңкейген күннің күрең қызыл сәулесі терезеден сығалап машинаның түнгі фары сияқты Серегиннің жүзіне түсті. Жағына пышақ жанығандай, ашаң, өңі жүдеу. Самай шашы ағарған. Қартайғаны ма? Серегин жас, еркекке қырық бес жас кәрілік қылмайды. Асқармен шамалас шығар осы?..

Ия, Дәмеш Серегинге ойының төрінен орын беріп талдаса о да тегі Дәмештің қамын жеп, іштей аяп отырған сияқты: «Өзі сұранып кеп, қызмет істей алмай, сергелдеңге түсті дей ме?». Осы бір «қызмет істей алмады» деген сөз Дәмештің шамына тиеді. Дәмештің ойын сезгендей Серегин басын кенет столдан көтеріп ап, түсін суытып:

—Дәмеш Сахиевна, сен шынында нашар істедің! — деді де қолындағы қаламның сабымен: «Жақсылап тыңда!» дегендей столды тықылдатып алды. — Нашар істедің, оған ешбір дау жоқ! Біз сені алақанымызға салып қуана қарсы алдық, күн-жел тигізбей барлықжағдай туғыздық... Цехті сұрадың, бердік. Курорт сұрадың, бердік. Кәне, сен біздің заводқа не істедің, есеп бере аласың ба?.. Өндіріс өнімін арттыратын ұсыныс енгізбекші болдың, ақыры оныңды аяқсыз қалдырдың! Қол астыңдағы бригада, ол анау — төрт аяғынан ақсап жүр. Менің шын ниетімді білмек болсаң: сені сыйлап, жақсы көретін едім. Қолыңнан іс келетін инженер ме деп ұғып қап ем, бірақ ол үмітім ақталмады. Ақыл айтып, қамқорлық жасап ем, теріс ұқтың. Біреу сені айтысқа, жанжалға итеріп тұрған тәрізді көрдің. Мен сені жас коммунист деп қорғап әлек, сен өз бетіңмен қашып әлек. Сен жайындағы Мусиннің шешімін қолдап отырғам жоқ. Ол қате! Бірақ сен де өз қатенді көре біл!

Серегин сол аяғын сүйрете басып, толқып орнынан тұрып кетті. «Мен енді, біттім!» дегендей ерсілі-қарсылы жүре берді. Дәмештің екі беті дуылдап, арқасы буланып шып-шып терлеген сияқты. Айтсын... жерлесін... саған сол керек! Дәмеш көзінен домалаған маржан жас ерніне кеп, аз кідірді де кеудесіне ағып түсті.

—Біттіңіз бе? —Дәмеш дауысы тұншыға шықты.

—Біттім!

—Рахмет! — деді де Дәмеш тезірек басып шығып кетті.

Дәмеш ентіге басып, үйіне қарай дедектеп келеді. Аққұба жүзі бірде алмадай қызарып, бірде қағаздай ағарып булығы толқиды. Цехта кір көтереді деп киген қара көйлегінің түсі бүгін көңіл күйіне лайық. Қара басты деген осы!

Бұрымының ұшы да тарқатылып, шашы дудырап, екі иығына тармақтана жайылған, сырттан қараған біреу албастыға теңеуі де ықтимал. Әлгіде басындағы орамалын жұлқына шешкенде бұрымының ұшын түйген суыртпағы ағытылып кетсе керек... Бұл шашты кесу керек! Енді бұл мода емес... Әйелдің ойы — жер бауырлап жатады, ұсақ-түйек көр-жерді ойламаса, әйел бола ма? Әбден бүгін таяқ жеп, «суға кеткен кеменің капитаны» боп қайтса да біржағынан «модасы» да қалмайды. Әне, бір магазиннен сумка ұстап шыққан Ажар емес пе? Әдейі біреу жолын тостырып қойған секілді. Ел құлағы елу. Жаман хабар жата ма! Құрышпай шал айтпақшы: жамандықтың мың аяғы бар, қазір қолма-қол жанжаққа тұра жүгіреді... Ажар да естіген болар. Табалап: «Болсын!» деп шешесі екеуі қандай күлді екен? Жаңағы әйел нан магазиніне кіре ме деп еді, оған да кірмеді, тоқтап, бұрыла қарайды. Таныдыау!

Дәмештің кешегі жақын құрбысы, сырлас досы, бүгін оның күндесі де қасы... Өмір деген осы!.. Дәмештің кісіге жасаған қиянаты жоқ-ты, тегі тұзы жеңіл. Жақсы көрген адамы ылғи өзіне қарсы шығады. Ажардың ой көлемі тар, білімі аз, қызғаншақ әйел. Әйтпесе, байыбына жетпей, жанжал көтеріп, өз ұясын өзі бұза ма?.. Жоқ, Ажармен кездесіп қап, одан сөкет сөз еститін Дәмеш ақымақ па? Онан да мына көшемен бұрылып, оралып барса да болады, қайда асығады?

Кісі аз, ағашы көп көшеге түсті Дәмеш. Артына бұрыла қарады: Ажар қуып келе жатқан жоқ па екен? Жоқ, әлде артынан ернін шығарып, мазақтай күліп: «Ә, қаштың ба?.. Арың шыдамады ма?» деп тұр ма? Жоқ. Елес... Дәмештің ары таза, неге жүрексінеді? Қайта кез келсе көзіне көзіңді тік!.. Егер ол — бетін тырнап, жұрт көзінше масқара қылса ше? Оған да шыдай ма Дәмеш! Дәмеш қайта бұрылып Металлургтер көшесіне түсті. Бірақ Ажарды көре алмады: магазин кірді ме, әлде басқа біреу ме, кім білсін...

Неге екені белгісіз, Асқардың да көңілі орнықпай, қайта-қайта радиоқабылдағышқа барып, Москвадан музыка тыңдады, о да көңілге

дерек әкеле алмады. Есік алдына шығып, Ван Ванычпен қысыр әңгімеге кірді.

Ауыр пианино көтерем деп Ван Ваныч біраз жатып қап, қайта тұрды. Асқар емдеп өзіне әл-қуат берген еді, Асқардың емін бүкіл маңайына таратып, шал мен кемпірлер арасында даңқын жайды. Олар келіп: «Емде, жасарт!» деп отырып алады. Асқар: «Ойбайау, ол әзіл, менің қолымда ондай ем жоқ» десе, құлақтарына қыстырмайды: «Қутындап жүгіріп жүрген Ван Ванычты көріп отырып, қалай сенеміз!» дейді. Асқар не деп жауап қайтарарын білмей діңкесі құрып, ақыры Ван Ванычке жасаған емін жасайды. Емі — шалдардың білегінен қан алып, оны бір проценттік новокоинге қосып, инемен жамбастан жібереді. Әуелде бұл емді ол Ван Ванычтің шойырылмасына жасаған-ды. Бірақ ол ем шалдың шойырылмасын да жазды, күш қуат та берді. Сүйтіп, күнде сағат он бірден бірге дейін — екі сағат соларды емдеумен уақыты өтеді. Таң атса-ақ болды, есік алдында шал мен кемпір симай кетеді. Ойпырмай... Бір күні фининспектор келіп налог сала ма деп те қорқады. Асқардың бір тиынын алмайтынын қайдан білсін?.. Қаланың дәрігерлері білсе, шу көтеріп: кім өзі бұл, үйінде прием жасап жүрген демей ме? Асқар сол күдігін Ван Ванычке айтып еді, ол: «қайтесің, бейшара шалдарды емдей берсейші, батасы тиер... Қазір әйтеуір бос жүрсің. Саған да ермек!» — деді... Содан сөз бүгінгі заводта болған аварияға көшті. Асқар сенерін де, сенбесін де білмеді. Таң қалады: неге жасырды Дәмеш.

Мүйістен ентіге басып келе жатқан Дәмешті шал бұрын көрді.

—Мынау Дәмеш емес пе? — деді шал көзіне қолын қалқалап.

—Ия, сол! Бұл неге қайтты екен? Әлде бірдемесін ұмытып, үйде қалдырды ма екен? — Асқардың жүрегі лүпілдеп, өзіненөзі шыдамсыздана орнынан тұрды. Жақындаған сайын Дәмештің жүрісі баяулап, екі иығы салбырап, басы тұқырая берді. Бәсе, Асқардың жүрегі бір сұмдықты, бүгін сезгендей еді!

—Дәмешжан, науқастанып қалдың ба?.. Такси неге алмадың?

—деп Асқар анадайдан жалбарына сөйлеп, қарсы жүрді. Дәмеш ағасының мойнынан құшып, өксіп-өксіп жылап қоя берді.

—Не болды, қалқам, айтсайшы? — Асқар үрейленіп, қыз сырын жүзінен ұққысы келгендей, еңкейіп бетіне үңілді, ол ұялып басын тұқырайта берді. Ван Ваныч та кеп, Дәмештің қолтығынан алып жанына отырғызды.

—Дем ал, ентігіңді бас! — Шал көзі қырағы, Дәмеш тән сырқатын ауырлап келген жоқ, жан-көңіл сырқатынан ауырған сияқты.

Жаздың сәнді кеші. Жарқыраған айдын көл. Таудан соққан самал. Құрыш құюшылар қаласы. Жылт-жылт етіп, жағыла бастаған электр шамы.

Будақтаған завод түтіндері. Асфальтты көшемен зырлаған машина... Енді бір сәт, көз жұмып, құлақ тоссаң, көл жақта «Москва маңындағы кештер» деген әнді біреу гармонға сап, нәзік дауыспен айтады. Сол бір үзіле жеткен үнді жақын ауланың бірінде жамырай шулаған балалар дауысы киіп кетеді. Осындай маужыраған әдемі кеште Дәмеш жүрегін ауыртып, көңілін бұзған кім екен? Асқар күрсініп, қарындасының иығынан құшақтап, шашынан сүйді.

—Айналайын, қарындасым! — Баяғы мойнына мініп жүретін төрт жасар Дәмештей толғанады Асқар; өсіп, сақа қыз болғанын, бүгін ертең өз алдына ұя салатынын ұмытқандай. Дәмеш те баладай жуасып, өксігін басып, торғын орамалымен көзін сүртті.

—Ал енді айтшы бізге — кім саған тиіп жүрген, желкесін үзейін! — деді қуланып Ван Ваныч.

—Маған тиген бас инженер! Авария үшін мені орнымнан алып тастады! — деді Дәмеш мұңайып.

—Е, соған кісі жылай ма екен? — деді тағы да Ван Ваныч Асқарға көзін қысып: «сен де солай де!» дегендей. — ЦК-ға дейін қаншама саты бар екенін білесің бе? Біреуі болмаса біреуі сені жақтайды... Жаным-ау, осы мен түсінбейім, қалтада дипломы бар инженерге қызмет табылады.

—Рас-ау! Сонша өзіңді-өзің неге кемітесің? — Шалдың сөзі Асқардың көкейіне қонғандай.

—Мен қызметсіз қалам деп жылап отырған жоқпын. Әңгіме принципте! Мен цехқа өзім тіленіп барғам. Бұлар оған қарсы болған... Енді істей алмай шығу — өлім емес пе? Маған сеніп, Алматыдан жіберді...

—Түу, мен қатты ауырып қалдың ба деп қорықсам... Мусиннің жарасы жеңіл. Білмейсің бе, неге өшігіп жүргенін? — Асқар осы сөзді жубату үшін айтса да, іштей қиналып, өзін-өзі зорға басты. Қазір сол Мүсілім қасында тұрса, шықшытын бұзып есеп-қисап айрысар еді. — Өзіміз асықпай ақылдасармыз. Қазір жуынып, шай қой! Мусинмен айтысқан адам тамақты жақсы ішіп әлденіп алмаса, ол жеңіп кетеді. — Күлді. Дәмеш те күлді. Ван Ваныч түрегеліп:

—Қазір Лида қайтады. Қалғанын содан естиміз, — деді. Асқар Дәмеш көзінше өзін-өзі салмақты ұстап, қалжың ара-лас жұбаныш сөз айтса да, жүрек түбін тырнаған қара мысық мазасын ап, еріксіз көл басына апарды. Осы Мусин өмірбақи алдынан кесе көлденең тұра беруші ме еді? Кімсің өзің? Кеше мен бүгіннің айырмасын, әлі күнге біле алмай жүрсің бе? Әлде соқыр тұтқанынан жазбайды деп, өмірдің өзгерісін түсінбей-ақ қойдың ба? Сағатовтар өз еліне «қайыршы» емес, бел баласы, ұлы екеніне көзің жетпей ме? Кешегі күн ұмытылды, өткінші

жауындай өттікетті, қайтып ол оралмайды! Соны ұмытпай, соны нысана ғып ұстау — көрегендік емес! Топастық! Баяғы ата-бабамның өмірін, іс-әрекетін жазып келе жатқан тарих шежіресінің мұқабасына Лениннің атын қайтадан ойып, жаңа бетінен ұлы өзгерісті жаза бастағанын түсінгің келмей ме? Жоқ, Мусин, әлі де алаңдап артыңа қарай бересің, әлдене тосқан адамдай, құлағыңды түресің. Беу-беу! Байқа, Мусин, көшке іліге алмай жұртта қалып жүрме!

Алдында Мусин тұрғандай Асқар жұдырығын түйіп, көл жиегінде дауыстап сөйлеп кеткенін өзі де аңғарды. Мырс етіп күліп жіберді. Біреу естіп тұрса Асқар есінен адасқан екен дейдіау! Нерві. Жоқ бұл нервті домбыраның шегіндей бұрай берсе үзіліп кетуі де мүмкін Тезірек басып Мәдениет сарайының алдына кеп, будкаға кірді де автоматтан емхананың телефон номерін терді. Сирек, ұзақ гудок. Ар жағынан әйел дауысы естілді. Асқар Айшаны сұрады. Бар екен... Бүгін Асқар Мусинмен есеп-қисап айырысады.

—Айшамысың? Мен Асқар!.. Денің сау ма, қалқам?.. Саған барып қайтсам ба деп ем.. Қолым тимейді? Жоқ-жоқ, барлығын таста, мен үшін бір сағат уақытыңды бөл!.. Бүгіннен кейін менің де қолым тимейді Бір сағаттан соң дейсің бе? Жақсы, рахмет! —Асқар телефонды іліп қойып, сағатына қарады. Қазір жеті Билет сатып алды да паркке кірді. Жан тербейтін нәзік музыка, шатты күлкі екі-екіден дөңгеленіп билеп жүрген қыз бен жігіт. Кісі аздау. Шет жақтағы аллеямен жүріп келеді. Айша неге «қолым тимейді» деді? Әлде Асқармен кездескісі келмей ме? О да мүмкін. Асқар қазір бұл қалай деп таңданудан қалды. Кейде тап басып тұрып «осы-ау!» дегенің, ол болмай шығады. Қызық дүние!.. Адам жаны қараңғы орман, әрі қарай жүре берсең қараңғылық қоюланып, көзге түртсе көрінбейді демей ме орыс мәтелі. Кешегі ақылды да көрікті деп алдында бас иген Айша бүгін маңына жуытпайды. Тегі Мусинді сүйетін болар, не дегенмен он бес жыл бірге өмір сүрді ғой? Қан мен тер араласты, бала туды, екі ортада дәнекер бар... Жоқ, жоқ, Асқар олардың семьясын бұзып қайтсін... Айша енді сүйем, саған қайта оралам десе де Асқар көнбес. «Онда егер айырмайм деген ойың болса, өткенді неге жаңғыртып, неге айтам дейсің?» деді іштей бір кекесін дауыс. Асқар басқа ұрғандай тұрып қалды.

Рас-ау, неге барады? Айтқанда не түседі? Кімді мұқатады? Ызындаған сұрақтар тағы да арадай жабыла түсті. Асқар жауап беріп үлгере алмай, кейін қашты. Парктен шығып, көл жиегіне қарай бұрылды. Бармайды, к черту!..

Айша, Айша! Асқарды бұл өмірде бір адам ұмытпаса, соның бірі Айша деп ұғатын-ды. «Бүгін қолым тимейді!» деуі Асқардың жүрегіне біреу қанжар

сұғып алғандай болды. Әлде?.. Тығыз операциясы болуы мүмкін ғой, өзі хирург болмағанымен отделение бастығы. Өмірдің өзі Асқарды өкпешіл ғып жіберген бе? Шырт ете түседі. Қой, қасында жатқан кім, Айшаның білгені жөн. Бұл соңғы жылдағы денеге шыққан жара, оны сылып тастамай, құлан таза жазылу да қиын.

Асқар қайта бұрылып сағатына қарады. Сегіз болып қапты! Тезірек басып емханаға барды. Айша халатын шешіп, емхананың алдында тосып тұр екен.

—Қайда барамыз? — деді. Асқар бұл арасын ойламапты. Эх, шляпа!..

Емханада дәрігердің кабинетінде отырып кеңесем, деп келді ме екен?

—Қала сенікі... Өзің білесің! Апар деген жеріңе алып баруға дайынмын! — Асқардың аузына түскен сөз осы болды. Дөрекі шықты ма, кім білсін...

Айша сәл ойланып:

—Такси алып «Шығысқа» барайық. Соларда жақсы ресторан бар... Бірер сағаттай дем алсақ, жетеді! — деді Айша. Екеуі аяңдап орталық көшеге шықты. Жолшыбай бірінің-бірі денсаулығын, қызмет жайын сұрасып, негізгі әңгіме жайлы тек барлау жасады.

—Бізге қызметке кірмейсіз бе?.. Айтқандай, осы қаланың кемпір мен шалдары «Бізге Сағатов деген дәрігер керек!» деп хат жазып, тынышымызды алып жатыр. Жасартатын емі бар дейді. Ондай еміңіз болса, бізге де қарайласыңыз! — деп Айша әзілдей күледі.

—Е, Мекеге барған «қажы», не үйренбейді дейсіз...

—Меке? — Айша Асқардың бетіне таңдана қарады.

—Ия, мен Мекеге барып, қажыға қол тапсырып қайтқам жоқ па?..

—Түсіндім... — Айша сықылықтап рахаттана күлді. — Онда бұдан былай сізді қажы дейін.

—Десең де!

Маңдайындағы жалғыз көк көзі мөлдіреп, қастарынан бос такси өте берді.

Асқар айғай салып тұра ұмтылды.

—Әй, такси!..

Такси көл жағалап «Шығысқа» қарай зырлап келеді. Асқар мен Айша қатар отырып, «Шығысқа» жеткенше әңгіме шертті: Айша шешіле ой тастап сөйлейді де Асқар жан-тәнімен беріле, ықласын сала тыңдайды. Сөзіне мән беріп, жадына сақтап өзінше түсінеді. Арадағы ұзақ жылғы үзіліс екеуін алыстатып, бөтен адамдай жат қылып жібергені байқалады. Үйтсе де бір кездегі жақындық, қазір араларына дәнекер боп сөз тиегін ағытқандай.

—Ия, мен жоқта бір рет келіпсіз де, қайтып көрінбей кеттіңіз ғой? — деді Айша сөз арнасын бұрып.

—Талай оқталдым, бірақ бір себептермен өзімді-өзім тежей бердім. —

Айша жасында батыл да байыпты еді. Өзгермесе Асқардың аузы барып

айта алмаған сөзін өзі есіне салып «Айтайын дегенің осы ма?» деуі ықтимал.

—Себебіңіз белгілі, Мүсілім ғой? Мен кешегі ауылдың әйелі емеспін. Басымда теңдігім бар, сондықтан Мүсілім дәлел түгіл. Басқа бір себеп барды.

Айналайын Айшажан, Асқардың аузына сөз салуын көрдің бе? Керегі де осы! Манадан қысылып, қалай бастарын білмей келе жатыр еді, заматта жол ашты.

—Рас, басқа бір себеп!

—Қандай? — Айша жұлып алғандай сезіктене сұрады. Әлде Асқар дауысынан бір сынық — жарықшақ тапты ма?

—Бүгін сол «қандай?» деген сұрағыңа жауап қайтару үшін, әдейі телефон соғып едім. Ресторанға барып жайланған соң айтайын! — Асқар терезеден басын сұқты: — Мынау өз алдына бір қала ғой? Теміртаудан да үлкен-ау тегі?.

—Бұрын мұнда болып көрмеп пе едіңіз?.. О, бұл біздің мақтанышымыз!

—«Қазақстан Магниткасы» деген атты тегін қоймаған ғой...

—деді Айша мақтанған дауыспен.

Қала мен жаңа салынып жатқан құрылыс арасында қырат барды. Машина сол дөңнің үстіне көтерілсе керек-ті. Машина тоқтап, Айша мен Асқар Қазақстан Магниткасының түнгі көрінісіне сүйсіне қарап тұрып қалды. Айсыз қараңғы түнде Арқаның барқыт аспаны салбырап, төмен түскендей. Мойнын созған алып көкқұтандай домнаның каупері аспанды тіреп жерге түсірмей тұрған сияқты.

Жазық далада орнап жатқан жас қаланың о шеті мен бұ шетіне көз жетпейді, терезелерінен от жылтыраған төрт-бес қабат үйлер ұшы-қиыры жоқ, қаз-қатар тізіліп кете береді.

—Әдемі көрініс емес пе? — деді Айша.

—Қызмет істесем, осында орналасам! — Асқар балаша қызықты.

—Мұнда жаңа салған тамаша емхана бар...

Сөз жалғанбай үзіліп қалды. Машина ресторан алдына кеп тұра қалды. Екі қабат ақ тас үйдің астын ресторан тегіс алып жатыр екен. Жалпақ тұтас салынған терезелерден ішінде отырған адамдардың төбесі қылтияды. Дабыр-дұбыр дауыс, екіленген музыка естіледі.

Асқар ресторанға келіп тамақ ішпегелі неше жыл болды екен?.. Түтін аралас тағамның иісі мұрынды жарып, көмейді жыбырлатады.

—Менің бүгін қолым тимейді деген себебім осы еді. Көрдіңіз бе? Үстімде жөнді көйлегім де жоқ. Қызметке келген қалпым! — деді Айша вестибюльдағы үлкен айнаның алдына барып шашын түзеп жатып. Асқар

өзінің ақымақ болғанын енді білді: әлгінде түрлі саққа жүгіртіп, нелер қиянат тақпады Айшаға? Адам өзіне дегенге қызғаншақ, тар, әділ көзбен қарай алмайды-ау. Эх!..

Айша жол бастап, стол-столдың арасынан бұлтақтап етіп, бос орын іздеп келеді. Ресторандағы аржағына ел қонып, қызып алғандар Айшаға өзеурей қарап, тамсанып та қояды. Шынында өз жүрегімен әлек Асқар, Айшаның сымбатына жөнді назар аудармаса керек, жаңағы көзқарастар енді бұған түрткі салғандай. Денесі тығыршықтай, белі қиылған, бөксе жағы дөңгеленіп, етпен ет қып тігілген көк теңбіл жұқа файдешин көйлегінің етегі қусырылып, пішініне аса бір көрік беріп, қызықтыра көз тартады. Бұрында өзіне қандай киімнің түсі ұнайтынын Айша жақсы білетін де, әдемі де киінетін. Жаңа шыққан модалардан өзіне ұнайтынын ғана таңдап алатын. Сол баяғы әдеті. Бала тауып, семья құрса да бір өзгермеген кербез де тыраш. Оркестрдің оң жағында, түкпірде бір стол бос екен, соған барып отырды.

—Нәпсіңіз соққан тамақты таңдаңыз! — деді Асқар менюді Айшаның алдына сырғытып. Айша менюді ашты да:

—Бүгін маған сіз қонақ болыңыз. Алыс сапардан қайттыңыз. Қарсы алып, үйіме шақыра алмадым, оған ғапу етесіз! — деді күлімсіреп ол.

Қолында орамалы бар, еркек официант жорғалай басып жетіп келді де, стол үстін сүртіп, қолына кішкентай кітапшасын алып:

—Не тілейсіз? — деді.

—Асеке, нәпсіңіз не тілейді, айтпайсыз ба?

—Өзіңе алғанды маған да алдыр! Сол жетеді!

Асқар өмірден аздап тосырқап қалғанын енді сезді. Бұрын Айшаға өзі таңдап беретін еді... Сол тоқырғанын Айша да сезді білем, көз қиығын Асқарға бір төңкеріп официантқа заказ берді: салат, күрке тауықтың еті, коньяк. Айша айтып жатыр, айтып жатыр. Оны кім жейді? Қашан тауысады?

Ресторан іші гу-гу — күңгір дауыс. Түнгі тыныштықты бұзған машинаның сигналындай, есер дауыс кей столдардан айғайлап қап басылады. Джаз оркестр де саксофонын зарлатып, мыс дабылын безілдете ұрып қояды... Асқар ресторан көрінісінен гөрі, Айшаның ішкі сарайына үңіліп, содан ләззат тапқандай. Жүрегі де, көзі де: «өзгердің бе?» деп бір-ақ ауыз сөз сұрайды. Миының қатпар-қатпар астарында: «сен өмірдің академиясын бітіріп, жылдар тезінен өтіп, махаббат қадірін білгендей болып ең, не қылғаның көре-сала еріп, баяғы әуеніңді қайта бастағаның?» деген қатал да шын ой ракета сияқты жалт етіп жоқ болады.

«Аман-есен кездескен үшін!», «Асқардың ендігі өмірі жемісті де көрікті

болу үшін!» көтерілген бір-екі рюмка коньяк Асқардың қанына ыстық қан құйғандай қыздырып, көңілін балқыта бастады. Бірақ Асқар Айшаның алдында сыр бермеуге тырысып, толқыған сезімді тежеп, тізгіндеп жібермеді. Айша да асыға күткендей:

—Манағы айтпақ сөзіңізді бастай отырыңыз! — деді ол қылымдап жымыып. Енді бастамасқа Асқардың еркі де жоқ.

—Айшажан!.. Сені осылай атауға маған рұқсат ет, олай деуге қақым жоқ, әйтседе, бір кездегі сенің жылы жүзің ұзақ жылдар менің өміріме жұлдыздай жарқырап, жүректегі үмітіммен шағылысып, қуат беріп еді. Сондықтан сенің сол жылы жүзіңді ең жақын досым, жанымды аман алып қалған сақтаушым деп ұғам!..

—Асқар сөзін жайлап бастаса да, ақырғы кезінде жылдамдата айтам деп еңтігіп қалды. Жүрек тоқтату үшін бе, бір рюмка коньякты кезексіз қағып салды. Аз тыныстап, Айшаға үңіле қарап сөзін жалғады.

—Айшажан! Өмірде не қиын деп сұраса менен — дос адамның сенімі жоғалса, соны қайтып сендіру қиын дер ем. Бір кезде сен мені теріс те ұғындың. Оған дау жоқ!.. Жоқ-жоқ, тоқта... Әуелі мені тыңда... Лақапқа еріп артымнан топырақ та шашқан шығарсың... Сабыр ет, Айшажан! Мен дәл сені түстеп айтып отырғам жоқ, сен сияқты менің достарым бар ғой... Сол себептен менің кей сөздерім сенің жүрегіңе ауыр тиюі ықтимал.

—О жылдардың өзінде сізге сенбей, онша күдіктене қойғам жоқ...

—Сол «онша» дегенің рас. Әйтеуір титімдей болса да бір саңлау болды ғой.. — Асқар сөзін жұмсарту үшін еріксіз жымыды. — Айша, саған бір сұрақ қояйын, ренжімейсің бе?

—Пожалуйста!

—Шыныңды айтшы: мен күнәсіз дегенге сенесің бе? — Асқар өз сөзінің тұрпайы да қолайсыз айтылғанын кеш сезінді. Айша бетіне адырая қарап, иығын көтеріп: «түсінбейм!» дегендей пейлін білдірді.

—Үкімет ақтап отырса, мен өз үкіметіме сенбесем онда не болғаным?

—«Ақтап жатыр ғой, кім білсін...» деп сөз аяғын көп нүктемен бітіретіндер аз емес көрінеді!.. Жақсы, сенің сөзіңе мен де сенейін де ұзақ жылдар жүрегіме құса боп біткен бір сырдың бетін ашайын: маған жала жауып, мені ұстаттырған сенің күйеуің Мүсілім Мусин, осыған сенесің бе? — Асқар көзін алмайды. Айша қанын ішіне тартып, сұп-сұр боп, Асқарға тесіле қарайды да көзіндегі:

«Шын айтасың ба? Ая, менің семьям бар ғой» — деген жалынышты ойды, Асқар бұлтартпай түсінеді.

—Сізді жалған айтады деуге аузым және бармайды, сенуге дәтім тағы шыдамайды. Мүмкін, әлі де болса ойланарсыз, Асқар Жұнусович?.. Менің

жүрегім қағып, қорқып отырмын. Баламыз бар еді! — деді дірілдеген дауыспен Айша.

—Мен сөзімді осымен бітірдім.

—Жоқ, жоқ, сіз «а» дегесін «б»-ны айтпай құтыла алмайсыз...

Асқар үн-түн жоқ басын шайқады: «Баламыз бар еді?». Тегі Айша қалай болғанын, неден басталғанын түгелдей естігісі келдіау. Жоқ, Асқар әрі аяқ баспайды...

—Сіз мені әлі сүйесіз бе? — деді Айша жолшыбай таксидің ішінде.

—Сүйем! — деді Асқар.

Айша машинаның артқы сүйенішіне басын сап шалқайып отыр еді, кенет басын көтеріп алды...

—Сүйсеңіз — байқаңыз, қарсы дау болып жүрмесін! — деді Айша есігінің алдына кеп түсіп жатып.

Асқар қолынан ұстай алды. Жібермеді:

—Мана не дедім? Досты сендіру қиын дегенім жоқ па?..

—Жіберіңіз, терезеден ерім қарап тұр!..

«Досты сендіру — қиын?» Жоқ, Айша сенеді: Мүсілім ызақор, мансапқор бәрін өзім жайлап, өзім төстесем, жұртты аузына қаратса — пиғылы осы. Мұндай мінезі бар адам Асқар айтқан қылықтан қашпайды. Айша сатымен тез-тез көтеріліп дәлізге кірсе, Мүсілім де тосып тұр екен.

—Көрдім! —деді ол зілдене. — Түнгі сағат екіге дейін бөтен еркекпен сайрандап жүріс жасау совет дәрігеріне жат мінез! Что же!.. Дәрігер қауымының алдына салып көрейік!

Айша жиіркене қарады:

—Подлец!¹ — Өз бөлмесіне кіруі мұң екен, төсегіне етпеттей құлады да солқылдап жылай берді, жылай берді. Койнындағы әйелімен саяси тілде сөйлесу деген не? Бұдан да қызғанып, ұрғаны жақсы! Не деген жан? Он жылда бір еркелетіп: «Күнім», «Айым»,

¹ Пасық

«Сәулем» дейтін құмарлық сөздерді айтып, аймаламағаны Айшаның есіне енді түсті. Бәсе, екеуінің арасында бір жалған фальш сезілетін сияқты еді... Ия, Айшаның бір-ақ түнде көзі ашылды — жанында жатқан адамның кім екенін білді. Өкінішке ыза қосылып, булықтырып демін тарылта бастады. Айғай сап жібере жаздап жастығының шетін тістелеп өз үнін өзі өшіріп бақты... Айша-ау, бүгін біреу бір ауыз сөз айтты деп, пәлен жыл күйеу болған адамды іске алғысыз қылуға жарай ма? Жүрегіңе жақсылап үңілші! Әркімнің жүрегі — өмірінің айнасы. Қандай жасырын сыр болсын көлеңкесі сол айнаға түсіп тұрады... Айшаға қарсы іштей дау да айтылып, түн өрінде ұйқы көрмей, дөңбекшіп шықты.

...Айша медицина институтын бітірді. Теміртауға келді. Әкесі медицина институтының профессоры еді, жалғыз баласының соғыс жылдары майданға барғанынан гөрі жаңа құрылыста істегенін қолайлы көрді. Айша жалғыз бала болса да еркелеп немесе тентектік жасап әкесін ренжіткен емес. Әкесінің мамандығына жасынан қызыға өскен Айша, сөз айтпастан Теміртау келіп қызметке орналасты да, жанын сала істеді. Ия, сонда емхана мен поликлиника арасында ақ халатын мақтана киіп, жүгіріп жүргенде осы Асқарға кездесті. Әскерден келдім дей салды ол... Қайдан келгенінде қыздың не жұмысы бар? Тәжірибесі мол, білімді жігіт екен, шүйіркелесе түсті. Асқар екеуі түнгі сағат он екіге дейін емханада көңілін көтереді, ұйқысын ашады. Соғыс жылдары ойынсауық аз, дем алатын жер де жоқ. Асқар жатқа Гете, Гейне, Пушкин, Блок, Есенин, Абайдан көп өлеңдер оқиды, оқығанда нәшіне келтіре ақындарша әдемі лебізбен айтады... Кейде

әдебиет, искусство жайында көсіле сөйлеп, жақсы-жақсы ойлар тастайды. Айша күн сәулесі қай жақтан шықса соған қарай бұрылып бүршік жаратын гүлдей, Асқарға иіліп, жүрегінің төрінен орын берді. Шешесіне: «Мама, мен бір керемет жігітпен таныстым: өзі білімді, өзі әдепті, бүгінгі қазақ интеллигенциясының жақсы тұлғасын осының басынан таптым!.. Жақында демалыс ап, өздеріңе оны көрсетіп қайтам!» деп Алматыға хат та жазды. Сүйтіп қуанышқа бөленіп жүргенде екеуінің арасына осы Мүсілім кеп килікті... Бір күні, иә, Айша сол бір күнді әлі ұмытқан жоқ: «Заводтың бас инженері сырқаттанып қалды, соған дәрігер жіберіңдер» деп заводтан біреу телефон соқты. Осының алдында ғана Айша бір сырқат адамға барып кеп тұрған-ды, бас дәрігер:

«...Жассың ғой, барып келе қойшы, күзетші дәрігерді тапқанша уақыт өтеді!» дегені бар ма! Айшада отказ жоқ. Жетіп барды.

Көк атлас көрпенің астынан көзілдірікті, бидай өңді жігіттің басы қылтияды — өңі Айшаға тым жас көрінді. Тамырын ұстаса—аттай тулайды. Денесі қызу. Науқас дәрігердің сұрағына солғын жауап беріп, онша құлақ қоймады. Айша: «Емханаға алып, емдейік!» деп айтып көріп еді, ол маңына дарытпады. Ақыры, үйіне жатқызып қойып емдеуге тура келді. Ойда-жотқа Айшаға тағы бір жұмыс табылды. Пенициллиннің әлі тарамаған кезіде, бір ай емдеп зорға жазды. Бір ай ішінде тегі Мүсілім Айшаны әбден ұнатып, енді осыған қалай үйленудің торын құрған сияқты. Қызметке шығысымен Мүсілім завод үйінен Айшаға пәтер бергізді. Отын-сумен қамтамасыз етті. Жақсы жағдай тудырды. Асқармен де танысып, достасып ап, енді үшеуі бір жүретінді шығарды. Бос уақытта бас инженердің саңғырап тұрған төрт бөлмелі үйінде асыр салады. Сөз арасында бойдақ екенін Мүсекең сездіріп те қояды. Мүсекең бұрын әйелі болғанын, онымен айырылысқанын айтпайды. Айша оны кейін білді... Егер Асқардың айтқаны рас болса, ол қара ниетін осы бір күндері іске асырған сияқты. Дос боп жүріп ор қазу.. Жоқ, жоқ, Айшаның аузы бармайды, денесі тітіркенеді...

Жарайды, Айша! Осының бәрі шын-ақ болсын, сонда оған тұрмысқа неге шықты? Жасырма, жүрегіңе үңіліп, ақиқатқа тоқтай біл!.. Айша тегі сүйіп тидім деп айта алмас. «Асқар Мекеге аттанған соң», Айша қайғырып, өзін қоярға жер таба алмады. Енді шешесіне не дейді? Шынын жазса: «Кіммен байланыстың, қарағым-ау» деп шерменде боп өледі... Ах, Мүсілім кімнен кем? Асқардың орнын сол бассын! Екі жыл тосты — ешбір хабар жоқ, су түбіне кеткендей...

Шындық керек болса, Айша осылай тиді оған.

Жоқ, Айша! Мұның бәрі бүгінгі ішкен коньяктің салдары, Асқар сөзінің

әсері... Шолақ ойлап, морт кетпе! Сабыр...

Айша қалжырап, таң сызат бере талықсып барып ұйқтап кетті.

Бұл кезде қатарғы бөлмеде бір тұрып, бір жатып тықыршып Мүсілім жүр... Тағы да жүрегі шаншып, Айша берген дәріден бір шағым қантқа үш тамшы тамызып, тілінің астына салды. Уһ, көзі жаңа ашылды ғой! Мүсілім ауруға айналып кетпесе неғылсын... Соңғы күндері осымен үшінші рет ұстады. Ренжісе-ақ бол ды, жүрегі шаншып қозғалтпай тастайды, дәл біреу ине тығып тұрғандай.

Мүсілім терезені ашып, көшеге көзін салды. Қала шырт ұйқыда, тірі жан жоқ. Күндіз машина мен халық симай кететін көше, бос даңғырап тұр. Әне, бет-аузы бұжыр-бұжыр ай, бұлт астынан шыға кеп Мүсілімге қарап: «берілме!» деп иегін қаққандай. Ау, Мүсілім есуас па, қарадан қарап жүріп «беріліп?» Мүсекең әрқашан да әуелі өз «шаруашылығын» жөнге сап, сонсоң басқаға қарай ауыспай ма? Әлбетте, Айша ана келген ала аяқ пен баяғы «романын» қайта бастаған. Бүгін оңаша бір үйде ішіп, сүйіскен де... болар...

М-м, бұған қандай әдіс қолдану керек? Мүсілім Айшадан айрылмайды. О жағын атама! Қазіргі күрес екеуімен де қатар жүргені қолайлы. Неге дейсіз ғой? Есеңгіресе екеуі де бет-бетімен кетеді, бас сауға!..

Мүсілім қиялы түн өрінде тым жүйрік. Алматы, Москва одан қайта оралып Теміртау үстінде қарақұстай қалықтап тұрып алды. Бұл Асқар деген қайдан келді, кім өзі? Оның ақталды деген документін көрген кім бар? Әлде срогын бітіріп, немесе күнәсін кешіріп шығарған болар? Бұл енді қаншалықты өзін-өзі ақтар екен? Кім біледі, ертең «қасқыр» боп шаптан тартып жүрсе... Мүсілім сенбейді!

Қарағанды барып қауіпсіздік комитетіне кіріп, жай-жапсарды түгелдей жеткізсе: «бұрын осындай адам еді, сол тағы қайтып кеп семьяма бүлік сап жүр!» десе қайтер еді? Мүмкін: «ойбай, ол тағы басын көтерді ме? Онда сен бақылап соңына түскейсің!» дер?

Мүсілім алақанын алақанына уқалап, мұртынан күлді, аяғын ептеп басып, терезе алдына кеп қайта тоқтады. Ай тағы да бұлт астына тығылып қалды. Көлеңке көшеге түсті. О мынадай қараңғы көшеде кешірек жүрсе, аңдып тұрған біреу соғып жіберіп, таядыау?.. Ана Магниткада жиырма төрт мың жастар істейді, ішінде талай ығай мен сығай бар...

Жоқ, Мүсілім бұл комитетке бара алмайды. Оның есігі Мүсілімге жабық. Баяғы заман емес, таныс жігіттерден қалғаны және жоқ. Қайта өзінді ұстап

ап, тәлкек қып, қалалық партия комитетіне айтып жүрсе, масқара ғой. Тәк-тәкпен тұрған Айша үйден қуар.

III

Мүсілім ойы шырмалып, құм арасының шеңгеліне түскендей адасып, жол таба алмай, ұйқтап кеткен-ді. Тұрсаөсағат тоғыз! Көзінің асты іскен, меңзең. Ешкім оятпаған. Әлгі апасы қайда? Бейшара керек кезінде бір табылмайды.

—Жайбала! — Мүсілім айғай салды. Ас үй жақтан сылп-сылп басқан біреудің қадамы естілді. Сол — Жайбала, соның жүрісі. Бейшара алжыған ба, неге оятпаған Мүсілімді? Есікті ақырын ғана ашып, Жайбала басын сұқты. Дәуде болса қате естіп қап оятып жіберем бе деп қорғаншақтап тұр. Ия, осы үйде Мүсілімге шын жаны ашитын осы Жайбала!

—Ояның ба? — деді ол өз көзіне өзі сенбегендей табалдырықтан бері аттамай.

—Кірсейші, Жайбала! Не қара басты сені оятпай? Жайбала кірпігін жыпылықтатып абыржып қалды.

—Шырт ұйқыда жатыр екесін, қимадым!.. Айшаға айтып ем:

«Жатсын, қайтесің!» деді.

Мүсілім миының арғы бір түбінде көк күшік сияқты күзетші-ой шәу-шәу етіп үріп қоя берді. «М-м, тегі ол Мүсілімді ұйқтатып тастап, өзі алдын ала қалалық партия комитетіне жүгірді. Шағым жасап өзін ақтау, басқадай бөтен ой жоқ!» — деді ол күшік.

—Айша қайда?

—Қызметіне кетіп қалған!

Мүсілім толық ауыр денесін әрең көтеріп, орнынан самарқау тұрды:

—Шайыңды дайында, Жайбала! — Телефонның құлағын көтеріп, әуелі қалалық партия комитетінің номерін теріп, Базаровтың көмекшісіне көпшік қоя мақтап алды: «Сенің іскерлігіңе бүкіл қалалық актив қызығады. Аанада, сенің екі телефонмен қатар сөйлескенінді айтып ем, біздің завод инженерлері біржола ден қойды» деп алыстан орағытып кеп: «Не жаңалық бар?» деді. Ең соңынан: «Менің әйелім: «Назаровқа кірем!» деп отырғанды, менің де кіруім қажет еді, келсе, маған дың еткізе түс!» деп телефонды іліп қойды. Қайдан барсын, дәті шыдамас, аса дүзі қара болса да!

Шай артынан машина шақыртып алды да, түнгі жасаған жоспары бойынша іске кірісті. Я, сәт!.. Мұндайда кім бұрын қамтыса, сол ұтады. Мүсілім баяғыдан бері шошқа тағалап жүр дейсің бе, тым кеше болса да өмірінде сабақ алған болар...

Кабинетінің алдында үш адам күбір-күбір сөйлесіп отыр екен. Мүсілімді көріп олар түрегелді. Кебежені кемірген тышқандай мазасыз күдік жүрек түбінде тықырлатып жатса да, Мүсілім көңілді дауыспен: неге келгенін сұрап, мәселелерін қолма-қол шешіп берді де, Лидадан партбюро хатшысын Серегинді шақыртты. Бірақ, ол паңданып тез келе қоймады. Коммунизмді жалғыз өзі құрып жүргендей кекиетіні бар. Әй, осыны бір сүріндіретін кезең келе ме, жоқ па?

Аздан соң Серегин сол аяғын сүйрете басып, жұмсақтау, сирек, селеу түстес шашын маңдайына жалбырата түсіріп, кіріп келді.

—Сіз шақырдыңыз, біз келдік! — деді көзін шаншылта қадап.

—Ақылдасатын шаруа бар. Е, сіз заводтағы соңғы оқиғамен таныс та боларсыз? Авария үшін инженер Сағатова басқа қызметке ауыстырылғанды. Сол кісі қисық мінез көрсетіп, қызметке шықпай қойды... — Мүсілім жиі-жиі Серегинге көз тастап, түрәлпетінен сөз әсерін сезгісі келеді.

Серегин төмен тұқырайып, стол үстінде тұрған арыстан бейнесіндегі темір күлсалғышты қызықтаған адамдай айналдыра қарайды.

Мүсілім сөзін жалғады.

—Не істейміз соған? Серегин басын кенет көтерді.

—Өзіңнің не ойың бар?

—Құрышпаевтың мәселесін әлі қараған жоқсың ғой?.. Сол екеуін партбюрода бір қарап егер... — Серегиннің астыңғы ерні дір-дір етіп жылайтын адамдай кемсеңдегені несі? Тегі ашуланайын деді ме?

—Егер?

—Егер өзі сұранып кетем десе ұстап қайтеміз, солай емес пе? Енді ол бізге қызмет істеп жарытпайды! Базаров та соған қосылады...

Серегин столды жұдырығымен түйіп қалды.

—Не деп отырсың? — деді ежірейіп көзімен жеп.

Мүсілім шошып кейін шалқайды — мынау ұрып жіберуден тайынатын емес қой. Есерсоқ!

—Ау, осы жұдырық ертең өзіңе зіл боп тимесін! — Мүсілім тыжырынып, сұқ қолымен оның жұдырығын нұсқады.

—Жұдырық түгіл таяқпен ұрар едім, егер партбюроның хатшысы болсам! — деді Серегин ентігін баса алмай дірілдеп.

—Николай Иванович, саған не болған, нервің әбден бұзылғанау? —

Мүсілім енді ашынған дауыспен аяп сөйледі: — Бұрын мұндай емес едің! Серегин орнында отыра алмады, терезе алдына барып, көйлегінің жағасын ағытып, алқына демін алды! Мүсілім шылымды сирек тартатын, столдың жәшігін ашып, тығып қойған шылымын шығарды.

—Шылым тартасың ба? — Мүсілім ашу тарқатып тіл табудың жолын

іздеді. Серегин үн-түн жоқ, бір шылымды алды да, қолымен езгілеп, тұтатпай тұра берді. Мүсілімнің қолындағы бір тал сіреңке де тегіс жанып, қолын шарпып барып сөнді.

—Жолдас Мусин, Сағатованы қуғындауды неге қоймайсың осы? — деді Серегин қатал үнмен.

Мүсілім үнсіз басын шайқады. Е, Мүсілімді «құбыжық» қып көрсетіп, өзі зәбір көрушілердің қорғаныш-сүйеніші болмақ ау? Мұндай сүзеген «бұқалардың» мүйізін талай қағып тастаған Мүсекең.

—Дәлел? — Тамағы кебіріп қалған ба: «дәлелі» «тәлел» боп естілді.

—Дәлел?.. Басқан ізін аңдып, күн көрсетпей жүргеніңді бүкіл завод біледі. Оны жасыра алмайсың.

—Дау қуған бос сөз!

—Ә, факті керек пе саған? Ендеше... — Серегин бір саусағын бүкті. — Өндіріске жап-жақсы пайда келтіретін проектісі бар еді, құлаттың ба оны... Құлаттың! Бір де.

—Жоқ, сен өзің инженер емессің, «жап-жақсы» деп қалай айтасың? Мүмкін ол «жаман» шығар?

—Жамандығын осы күнге дейін дәлелдедің бе? Жоқ. Екіншіден... — Серегин екінші саусағын бүкті. — Жоқты сылтау ғып сөгіс бердің бе?

—Бердім!.. Тіленіп келмесін! Келсе — салдыр-салақ істемесін!

—Бүгін қызметтен қуып отырсың. Үш де.

—Аварияға сен жауап беретін боларсың, ә?

—Білеміз, неге соңына түсіп жүргеніңді...

—Неге? Ал, айта ғой? — Мүсілім селк етіп кейін шалқайды.

Қазір: «Асқар үшін!» дейді. Естіген екен!..

—Қорқасың! Орнымды тартып алады деп сескенесің!

—Ха-ха! — Мүсілім қарқылдап өтірік күлді. — Ой, ақылдымай! Қарашы күн бұрын бәрін біліп-пішіп отырғанын!

—Сен ұятыңды күлкімен жума.

—Тіліңді тарта сөйле!

—Жоқ, бүгін мен сенімен сөйлеспейм, төбелесем!

—Онда милиция шақырайын алдын ала.

—Шут гороховый!¹ — деп Серегин жиіркене көз тастады. — Сен де бір кезде министрдің орынбасары болдың-ау! Таңым бар, қалай қойған десейші?

—Ау, сонда сенен неге сұрамады екен, ә?

—Сұраса — мен айтар едім: ұсақ-түйектің адамы, алысқа құлаш сермеуге өрісі тар, мемлекеттік жаны ашыр тілегі жоқ. Тек

«өзім» деп қарабасының қамын ойлайтын адам. Халқым өссін, елім

көркейсін деудің орнына «орнымды біреу тартып ала ма» деп соған дірілдеп, ұсақ-түйекпен күнелтеді, дер едім.

Бұл сөз Мүсілімнің шымбайына батқандай. Бұрынды соңды мұндай сөзді ешкім бетіне айтып көрмеген-ді. Әсіресе «мемлекеттік жан ашыр тілегі жоқ» деген сөздің астарлы сыры бар. Бұл ойын ол ертең Базаровқа да айтады. Ең бәлесі осы...

—Дәлел... Дәлелсіз сөзді өсек деп ұғам. — Мүсілім бұл жолы дөң-айбат шеге, төбелеске шыққан әтеш тәрізді жауырынын күжірейтіп, қолындағы газетті лақтырып жіберді.

—Сенің мемлекеттік ойың болса, қазақ әйелінен шыққан жас инженерге жаның ашып көмектеспес пе ең?

—Мен қазақ, орыс деп ұлтқа бөлетін ұлтшыл емеспін.

—Міне ұсталған жерің осы. Ленин айтқандай: сен не өз ұлтын жек көретін «держимордасың», не «ұлтшыл» деп кінә тағады дейтін қорқақсың. Екінің бірі. Ұлт кадрын — бақшадағы гүлдей күтіп, өсіру ең қадірлі міндетің емес пе. Эх!.. — Серегин аяғын сықыр-сықыр басып есікті тарс қойып шықты да кетті.

Мүсілім қолымен басын тіреп — столға тұқырая қарап, отырып қалды. Не деп кетті, әлгі? Өш адамның сөзі... Айтқызып отырған Сағатова... Жә, ол солай болсын. Бұл о қызды неге жақтайды? Осыны табу керек. Әлде бұл Қайырға жағынам деп қызды қолдап жүр ме? Соңғы кезде Қайырдың өзі де бұзылып, сол қызға қарай

¹ Жұрт мазағы.

ауыса бастағаны мәлім. Ертең үйленіп қойса екеуі Мүсілімді мүйіздеп, бұл заводтан қууы сөзсіз! Алдын ала қам жасамай өкініште қалуға бола ма? Қанша дегенімен «тайша» аты бар ғой. М-м, жаңағы Базаровқа барып, қара күйені Мүсілімге былшита жақса... Оған Айша қосылса... Әлгі соққан телефон соқпады-ау!.. Жоқ, Серегиннің тауалы қайтқан, енді Базаровқа бара алмас... Қазір Мүсілім Базаровқа барып, кейбір жайды түсіндіреді де, тура Қарағанды тартады.

Қармақты бұрын сермеу — сақтық!

Мүсілім звонок басып Лиданы шақырып алды: «Тығыз шаруамен кетіп барам, тосып отырған адамдар ертең келсін» деді де, машинаға отырып ап, қалалық партия комитетіне жетіп барды.

Базаров жаңа ғана түскі тамаққа барайын деп, жиналып жатыр екен.

—Василий Федорович, сізде бір асығыс шаруам боп келдім... Қарағанды жүріп бара жатыр ем. — Мүсілім монтаны пішінмен есік алдында кес-кестеп тұрып алды. Мүсілімнің жаттап алған қағидасы: «Бастық алдында

шылбыр сүйрете сөйлесең, ұрылдың де! Неғұрлым ұлтандап айтсаң, соғұрлым сөзің ұтымды да әсерлі!» деген. Осы ережемен киіп-жарып сөзін тіке бастады.

—Заводта болған аварияны естідіңіз бе?

—Естідім.

—Сол үшін инженер Сағатованы орнынан ауыстырдым. Әйел адам ғой, цехта істеу қиын болды. Шамасы келмеді. Қалай дейсіз?

—Солай лайық деп тапсаңдар... Бірақ өзі құлшынып қолына түкіріп жүр еді, анада Магниткаға да бармады... Директорды тоспадың ба?

—Завод жоспары орындалмай олқылықта отыр. Қалай тосамыз? Өзінің сөгісі бар... Жұмысшылар арасында беделі жоқ. Құрышпаевтың бригадасы сол Сағатованың сменасында ғой, бет-бетімен олар кетті. Серегін көмек берудің орнына бүйректен сирақ шығарып ол жүр... Білмейм, осы күз демалыс алып, басқа бір жерге ауыспасам. Қолтықтап демейтін кісі жоқ, ең басты қырсық осында!

—Құрышпаевтың мінезін талқылады ма?

—Жоқ! Бүгін айтып едім, қолын бір-ақ сілтеп столымды ұрып, боқтап кетті.

—Не дейді, жын шалған ба өзін?

—Не десең де сол!.. Сағатова жұмысқа шықпай ол жүр, техника кабинетіне жіберіп ем — менсінбейді...

—Мынау сұмдық екен!.. Жақсы, ертең заводқа өзім барам! — деді ол орнынан көтеріліп қатал үнмен.

—Менің тағы бір сөзім бар еді.

—Сонда айтарсың...

Қарағандыға аттанудан бұрын тағы бір үй бар екен, Мүсілім кіріп шығатын. Бүгін-ертең директор Москвадан ТУ-104-пен ұшып келуі де ықтимал... Базаров «өздерің біліңдер!» деді ғой. Сол өздерің ертең келген соң қарсы болып бүлдіріп жүрсе... Алдын-ала қамтыған жөн де... Мүсілім Ақмарал жеңгесіне соқты. Жеңгесі үйін сылатып, төсек-орнын қағып, баласын күтіп отыр екен. Мүсілімді ертіп, баласының кабинетіне алып барды: үйдің төбесіне, қабырғаларына ою салғызып әшекейлепті де, еденін лак қосқан сырмен жарқырата сырлатып, төсек орнын жиһаздап жинап қойған, кірсе шыққысыз.

—Қайдан жүрсің? Жыл құсындай анда-санда бір көрініп жоқ боласың? — деді Ақмарал күмістелген сүйек шақшасын қалтасынан алып, насыбай иіскеп.

—Жеңгей сіз насыбай атушы...

—Атпаймын, йіскеймін!.. Қайырдан хабар бар ма?

—Өзіңнен білгелі келдім-ау, жеңгем!

—Осыдан бес күн бұрын телефон соғып, Москвада тағы бір жиналыс болады, соған қалам деген.

—Ә, жақында Орталық партия комитетінің пленумы болатынды. Басқа ештеме айтпай ма?

—Жоқ... Сен немене, мұнда Қайыр жоқта у-шу ғып жүргенің?

—деді Ақмарал. Бірақ жеңгесінің кең танауының желбезегіне мысқыл жасырынғанын Мүсілім байқап қалды.

Дәмеш жайында пікірі белгілі, іштей қуанып та отырған болар, үйтсе де, ерке жеңгейді қытықтап қойған жөн.

—О не қылған шу, жеңгей?.. Бұл қазақ тиыш жүрсе, іші кебеді-ау?..

—Уамай, адырам қал!.. Қаярсынуын!.. Мүсілім мырс-мырс күлді.

—Жеңгетай тіл тигізіп алдың ба?

—Тигізбей? Менімен жасырынбақ ойнасайшы? Дәмешті неге қызметтен шығардың? Өзім-ақ сұрайын...

—Кім айтады «шығарды» деп?

—Осында Құрышпай шал келіп кетті, тіксініп «қолыма түссе, дейді, жүндей түтем».

—Мен шығарғам жоқ... Ау, пәлесін маған жаппағын... Сіз оған қарсысыз ба? Шығарғанға дейм...

—Менің баламсыз шығарма. Жанжалға басың қалады. — Ақмарал сөзін аяқтамай көз қиығын стол үстіне аударды... Ақмаралдың көзін аңдыған Мүсілім, стол үстінде кішкене рамада тұрған Дәмештің суретін таныды. М-м, енді белгілі! Ақмаралдың аузына құм құйылып отырғаны осы екен ғой.

—Бәсе, неге шырылдап үстіне түсе қалды деп күдіктеніп ем...

Келін десеңізші.

—Білмейім, не магнит бар екенін! Әйтеуір, осы қыз десе ішкен асын жерге қояды. Екеуміз осы қыз үшін қырғи-қабақ та болдық. Енді өзім қойдым. Мүсілім бусанған көзілдірігін сүртіп, іштей өзіне-өзі ұрысты: Е, сенген қойым сен болсаң... Әлде қайсарып отыр ма? Тағы да тамырын басқысы келді.

—Ораз да сол қыз үшін бүлінді деп өсек таратып жүр.

—Кім не демейді!. — дей салды Ақмарал. Мүсілімнің астарлы сөзіне түсінбей қалды да?

—Ау, жеңгесі-ау, осы Ораздың Ажардан айрылғаны рас па?

—Қой, қайным, түртпектеп қайтесің... Мен тірі тұрғанда ол болмас, ондайды сезсем: әкесі Құрышпай мен екеуін қосақтап қойып, Тескен тау айдатамын...

—Жеңгем-ау, өкпелеп қалдың ба? Жұрттан сатып алған сөзімді, сол

бағамен саудалап отырмын.

—Мен білмейтін қайнымда сыр жоқ, үстемдеп сөз қосып отырсың ғой. Өй, алыпсатар неме!

Мүсілім жеңгесінің сөзіне өкпелемейді, қайта қарқылдап күледі.

—Аллай, енді алыпсатар қылдыңыз-ау. Туғалы мұндай қорлықты көргем жоқ. Қой кетейін, бұдан да ащы сөз естіп қалармын.

—Тәйт, көлгірсімей отыр. Сен Ораз туралы бықсытып жүргенің не?

—Айтсаң бір пәле, айтпасаң екі пәле. Ол жігіттің өзі ғой мені де, Қайырды да ұятқа қалдырған.

—Қайдам... Әйтеуір саған жабады. Осы бір қыз келмеді, пәле келді. Осы завод сол қыз жоғалмай оңбайды, — деді Ақмарал ашынып, жасырынбақ ойнау жетті дегендей. Жеңгесінің арындап алатын мінезін Мүсілім бұрыннан біледі. Сабыр етсе өзі-ақ сырын ақтарады. Сондықтан Мүсілім мезгіл жетті деп ұқты. Ақмаралға Дәмеш жайындағы өсекті тегіс жеткізді. Жеткізгенде әсерлеп, түрлендіре түрлі саққа жүгірте жеткізді...

Ақмарал үйінен көңілді шыққан Мүсілім, машинаға отырып ап, тура Қарағандыға тартты. Мүсілімге тағы бір дәлел табылды: Дәмеш Қайырдың қалыңдығы. Бүгін-ертең той. Сондықтан Қайырдың ренжуі де мүмкін, оны Совнархоз бастықтары күн бұрын біліп қойғаны жөн емес пе?

IV

Оразды біреу аңдаусызда ұстап ап, құм салған қаппен жаныштап, езгілеп кеткендей денесі мылжа-мылжа, көңілі жабыңқы. Көлге қарай жүріп келеді. Эх, бүгін аңға шықса... Аңшының іздеп таба алмайтын күні: қоңыр салқын, аспанды қаптаған ақша бұлт. Тек сонау көкжиекте жинала бастаған қара бұлт жауып кетіп жүрмесе. Өне бір бұлттың етегі ыдырап шашақтанып тұр, тегі Қарағандыда жаңбыр жауып жатқан тәрізді. Я, бүгіндей күнде Қызыл таудың қойнында арқар қойдай өреді. Тас түбінде отырып ап, бытырлатып сұлата берсе. О дүние! Ажар ерегесіп, машинаның кілтін тығып, бермей қойды: «Дәмешті мінгізіп ап саяхат шегесің!» дейді. Қызғанады. Әлде Иннокентийдің мотоциклін сұраса қайтеді?.. Сол осы «сатам» деп жүр еді, берер ме екен?

Ораз жардың жиегіне кеп отырды. Көл — күлген кемпірдің бетіндей жыбырлап, қатпарлана ажымданады. Темірлі тау мен Жауыр тауының екі арасындағы шатқалдан Арқаның желі соқса, көлдің астан-кестені шығады — көбік шашып, толқын атады. Бұлашулы көл. Өткен жылы Геннадий балық аулайым деп суға кетіп қала жаздаған. Жарайды, бұл өткен-кеткен Ораз көңілін алдандыра алмайды. Беймаза ғып, жүрек кернеген екі сыры

бар. Бірі — Дәмеш. Ол — Ораздың қол жетпес арманы. Кейде сол арманы буалдыр сағымға оранған Дәмешке айналады да: «Келші, сүйші!» деп ернін тосып шақырған тәрізді. Шіркін өзі болар ма еді? Бала күнінде Дәмештің Оразға ернін тосқаны бар. О кезде екеуі де сегізінші класта оқитын-ды, қайыққа мініп, көлдің арғы қабағына саяхатқа шықты. Темірлі таудың қойнында жидек, нелер әдемі түз гүлдері өседі: қызғалдақ, сарғалдақ, айгүл, миуа, керегөз сияқты қызыл да жасыл гүлдер жазға салым толықсып қаптап кетеді. Дәмештің соңынан корзинка сүйреткен Ораз бетаузы қан жалаған иттей жидек шырына боялып, қызға күлкі боп келе жатыр еді. Үлкендігі түймедей көгілдір де дөңгелек көзінің ішінде қарашықтай ақ бедері бар айгүл, тас түбінде желпілдеп тұр екен. Ораз қуанғаннан: —Дәмеш, міне айгүл! Ләқаула, қандай ғажап! — деп айғай сап, бірсыпыра жер кетіп қалған Дәмешті шақырып алған. Дәмеш те гүлді ерекше сезініп жанымен сүйетін. Айгүлді көріп қуанып, жұлып алуға батылы бармай, аймалай берді. Ораз жігіт емес пе, Дәмеш тілегіне түсінді де ептеп, бүлдірмей үзіп ап, қызға ұсынды. Сонда риза болған Дәмеш ернін тосып: «Сүй!» деп әмір еткен-ді. Сол Дәмештің ыстық ернінің дәмі аузынан әлі кеткен жоқ. Әсіресе, оның Теміртауға соңғы оралуы, Ораз жүрегін қайта оятты. Көзіне Ажар ілінбей қалды. Кеше ғана құмартып сүйген, домаланған тығыршықтай Ажардың орнын орта бойлы, сымбатты, аққұба қыз басты. Әсіресе мөлт-мөлт еткен бота көзі шақырады да тұрады. Дәмештің көркі ғана емес, оның мінез-қылығы, жүріс-тұрысы, нәзік дауысына дейін Оразды қызықтырып, құмарта түседі.

Дәмеш кейде: асқақтаған ерке, ақ жарқын-ашық, өткір тілді батыл қыз да, енді бір сәт бұйығы, ұялшақ, қапыда байқамай айтқан сөзден бетінің оты шыға қызарады. Қыры көп, сырлы жан.

Дәмеш ең алғашқы Алматыдан келген кезде: таңертең Ораз балконға шығып кітап оқиды, Дәмеш әндете жүріп үй жинайды.

Теңбіл гүлді атлас халатын киіп ап, ашық балконнан олай-бұлай өткенде, Ораз: «Шіркін, Ажардың орнында Дәмеш болар ма еді!» деп өкіне күрсінді. Сонда оның басқан қадамын аңиды.

Я, Дәмеш келгеннен бері Оразда тыныштық жоқ. Немен аяқтарын кім біледі? Дәмеш Ораздың неге қиналып жүргенін сеземе екен?.. Сездесе, білдіре ме ол? Жоқ, бұлай дел-сал мәжнүн боп жүру — Ораздың арына симайды. Дәмештің өзімен неге ашық сырласпайды?

«Әй, Ораз-ай, ұшқары ойлайсың-ау! Қазір жүрек сырын шертетін мезгіл ме?» деді іштей бір кекесін дауыс... Дәмешті қызметтен шығарып тастаса, өз басымен қайғы. Шамасынан келсе Ораз оны жалғызсыратпай, ісінің әділ шешілуіне көмектесуі керек емес пе? Бірақ «Депутатпын ғой, обкомға

айтып комиссия шығартайын!» деп еді Ораз, көнбеген Дәмештің өзі. Бас инженер Дәмеш емес, Ораздың да үстіне төніп, қарақұсша бүргісі кеп жүр. Ораздың ақ ниетін теріске шығарып, шу көтерді. Сол күні: «Мені тізімнен өшіріңдер» деп бекер айытты ма екен Ораз? Жоқ, Ораз айтпай тұра алмайды. Ары не бұйырса соны істейді.

Ораз орнынан ұшып тұрып кейін бұрылды. Қас қарайды. Қара барқыт шапанын жамылып, Арқаның түні де келді. Ораз бақшаның ара-арасымен жүріп отырып, шеткі үйге жақын барды. Мысықша ұрлана басып, терезеден сығалады! Дөңгелек стол басында Ораздың әкесі мен Дәмеш отыр. Шалдың күжілдеген дауысы шығады. Ораздың жас кезінде: әкесі жайдары, әзілқой жігіт-ті. Қартая келе — өкпешіл, тырысқақ боп кеткен тәрізді. Алжиын дегені ме?

Ораз құлағын тосып тыңдап бақты:

—Еліме кетем. Қалмайым!.. Бұл не тұрмыс? Сен де жүр, бізге Жетісудан бір орын табылар... Кеше үлкен ұлыма хат жаздым:

«Көшіріп әкет!» деп... — Құрышекең ерін мойнына ап тулап отыр.

—Асықпа, ата! Баяғыда өзіңіз айтушы едіңіз ғой, «Е, мұның да бір қайыры болар!» деп... — Дәмеш сөзін аяқтамады, шал тағы киіп кетті.

—Сені қуды. Мен жұмыстан қалдым. Сенген Ораз ол өз бетімен жүр. Енді бізде не бедел, не ар қалды?..

Ар жағын Ораз ести алмады, Дәмеш дауысы бәсеңдеп сыбырға айналды. Жүректен қинала шыққан сөз тәрізді. Енді ықыласын сап, тағы да құлағын тоса бергенде көшенің мүйісінен қараңдаған біреудің тұлғасы көрінді. Ораз зып етіп үйді теріс айналды да, бақша ішімен қайтадан көл жиегіне оралды. Көл ортасында судың түбін тазалап жатқан тралдың оттары жарқылдайды, алыстан рейдте тұрған кеме сияқты. Одан берірек ыдыраған бұлт астынан көлбей түскен ай жарығымен бір қайық жүзіп келеді. Қайық ескен екі қыз құбылта әндетеді.

Ораз қолымен тізесін қапсыра құшақтап, оның үстіне иегін төсеп, бір уыс боп отыра берді. Бір кезде көлдің суы қып-қызыл боп қанталап кетті. Ойға шомған Ораз әуелі таңданып «бұл не қылған керемет», аспан өртеніп жатыр ма деп аспанға қарады. Есіне түсті. Жымиып артына бұрылды. Мартен пешінің мұржасынан атқан қызыл жалын қалаға нұр сеуіп, жап-жарық қып жіберген. Көшеден жоғалған инені табатындай.

«Құрыш ағызып жатыр екен... менің цехім» — Ораз күбірлеп, қуана қарайды. Ораз кешкі тұнық ауаны кеудесін кере, қабына жұтты. Керемет емес пе!? Осы жалынды ықтиярсыз тар пештің ішіне қуып тығып, сегіз сағат жандырып, қоя бергендегі лап етіп аспанға қашқан беті бұл. Ол — отты пенде қылған Ораздың бригадасы. Осы құрыш ағызып жатқан дәуде

болса қияқ мұрт Тұхфатуллин. Ол қазір коммунистік еңбек бригадасының атағын алды. Көрдің бе, Ораздың маңына дари алмай, кешегі қалып қойған Тұхфатуллин, бүгін озып шықты. Оған кінәлі Ораздың өзі емес пе?

Дандайсып, басқадан бөлек маған жағдайдың керегі жоқ, жұрт қатар істеп, озып шығам деген. Пай, шіркіннің жүйрігіай? Кеше «құрмет тақтасының» жанынан өте бергенде, канал тазалайтын екі жұмысшы әйел не деп тұрды? Есіңде ме?

Біреуі:

—Тұхфатуллин қандай айбынды жігіт! Бұл жуырда ер атағын алады, әлі!.. Хе-хе! Сенің жақсы көріп жүретін Оразың түсіп қапты ғой! — деп келемеждей күлді:

Екіншісі:

—Ия, бұрын осы арада соның суреті ілулі тұрушы еді... Не болғанын бишараға!.. Жұмысқа кетіп бара жатып күнде бір қарап, мақтанатын едім... — деп мұңайып сыр білдірді.

Жердің тесігі болса Ораз кіріп кететін еді. Қайтерін білмей сасып, апырмай, көріп қалмаса игі еді деп, жүгіре басып, қырындап өте шыққаны қайда? Үйге жақындай бергенде, Ораз қобалжып, жүрісін бәсеңдетіп, бір басып, екі басып, үріккен маралдай елеңдей берді. Бара ма, жоқ... Түнде ұят боп жүрмесе...

Ораз кіріп барды. Әкесі жоқ, Дәмеш жалғыз өзі нотаға қарап, рояль ойнап отыр екен. Оразды көріп рояльдің қақпағын тарс еткізіп жаба салды да шұғыл қимылдап орнынан көтерілді.

«Неғып жүрсің, түндетіп?» деген көзінен шошыған үрей байқала қалды. Дәмеш жүдеген сияқты: көзі шүңірейіп, мұрны ұшталып, белі қиыла түскен. Ұзын ақ саусақтарын Оразға ұсынды. Қандай нәзік те жұмсақ! Мартен пешінде істейтін инженер дейтін емес.

Ораздың көңіл күйін сезгендей әңгімені Дәмештің өзі бастады.

—Жаңа, сенің алдыңда атам келіп кетті. Елге көшем деп бұлқан-талқан боп, Мағзұмды шақыртыпты. Менің халім болса, мынау... Осы сенің не ойлаған ойың бар? Саған барсам ба деп отыр ем, жақсы келдің!.. Кәне екеуіміз гана ғой, шыныңды айтшы, не ойлаған ойың бар?.. Сен демалыс үйіне неге кетіп қалдың?.. Жұрт әлі білмейді. Бірақ, біз сеземіз...

Ораз қыбыжықтай қызара-тепшіп отырды да, басын кенет көтеріп Дәмешке күлімдей қарады.

—Шындық керек пе ?

—Әрине!

—Менің Ажардан көңілім қалды.

Дәмеш: «осы да себеп болып па?» дегендей иығын қозғап таңданған пішін

білдірді:

—Әуелде неге үйлендің? Басын неге қатырдың?

—Саған ыза боп...

—Ха-ха! — Дәмеш сақ-сақ күлді. — Маған неге ыза боласың?

Мен сені тастап тұрмысқа шығып кеткен жоқ едім ғой?

—Сенен қорықтым!

—Ғажап! — Дәмештің ерніне тағы да күлкі жиналды. — Неден қорықтың?

—Сенің біліміңнен!

—Білім адамды құбыжық қып көрсете ме? Қайта білім адамды жұқартып, сезімін ұштамай ма?

—Сен сезімтал — мен аю сияқты боп, үйлеспей қалам ба деп қорыққаным да!

—Ха-ха. Құрыш құйған адам сезімтал болмайды деген қисынды сенен естіп отырмын.

—Жаңа өзің айттың ғой?

—Білімді кітаптан ғана алмайды адам. Еңбек те білім береді.

Сен сөзге жармас па!.. Онан да асығыстық жасадым де!

—Жасадым, енді соны түзеткім келеді!

—Кеш қалдың, достым!.. Балаң бар, кішкентай Болатты тастап, қайда барасың?.. Жеңілтек болма, семьяңмен тату-тәтті бол!

—Болмасам ше?

—Онда саған өкпелеймін! Мені сыйлағаның шын болса — әкеңді ренжітпе... О кісі іштен тынып, уайымдап жүр. Сенің герой деген атың бар... Бас инженер басқан ізінді аңдып, қалай ақсатсам деп жүр...

Алғашқы бір сөздерде қараңғы түндегі жұлдыздай жарқыраған, Ораздың үміті, енді көмескіленіп бұлдырай берді. Лепірген жүрек судай басылды. Көзі қарауытып, сенделіп орнынаң тұрды.

—Хош, Дәмеш!

—Осы-ақ па, отырғаның? — деді Дәмеш, азырқанып.

Ораз қайтып үндемеді. Аяғын ауырлай басып үйден шықты. Дәмешке айтпақ сыры көп еді, бірі аузына түспеді: бригаданың

Дәмешке деген қамқорлығы; олардың: «Жалғызсырамасын, біздің жүрегіміз Дәмешпен бірге соғады» деген сәлемі, түгелдей айтылмай қалды.

Міне осындай әдеті бар — ылғи Дәмеш алдында тілі күрмеледі. Неге?

Ертең демалыс деген күні Ораз күндізгі сағат төртте жұмыстан шықты да, Геннадийдің мотоциклін сұрап ап Қызылтау тартты.

Ораз бұрын Қызылтауға бір рет барған-ды, бірақ о жолы Күміспекке еріп барып, күздің ақ жауынына ілініп, әттеген-ай деп, бармағын тістеп қайтқан.

Қазір аң аулайтын мерзім емес, бұл үшін — мылтығын тартып ап, штраф

салуы да мүмкін, өйтсе де беймаза қылған жүрек дерті шыдатпай, қаладан қашырды.

Мотоцикл де — су кескен сүңгір қайықтай, желді есіп зырлап келеді. Өткен жылғы Күміспектің: жол таудың көлеңке жағымен жүреді, ал күңгей жағында қаптаған арқар, қоян-түлкі дегені Ораздың әлі есінде... Түс ауа арқар қора-қора боп қойдай өреді. Жыландай иірілген мүйіздерін салақтатып, бір екеуін мотоциклге салып ап, қалаға алып барса, біреуін... Дәмешке, сонсоң Болатқа берсе... Дәмеш: «Семьянда тату-тәтті тұрмасаң, мен саған өкпелеймін!» — деді-ау?.. Тағы не деді? «Өзіңді ған ойлама?» — деді. Кейде Ораз бала сияқты «кішіт-кішіт!» десе соған уанып, күледі... Ажармен қалай тату-тәтті тұрады? Қымс етсе, Дәмештен қызғанып, жанжал шығарып, көңілін қалдырады... Семья болып, ерлі-зайыпты, аға-қарындас дегендей бірімен-бірі араласып, сыйласып тұрмас па?.. Жығылған үстіне жұдырық — Ораз еңбектен де ұтылды... «Герой» деген аты бар! Ай-ай!

Бетіне жаңбыр тамғандай. Ораз аспанға көз тастады. Бір топ қара бұлт Баян тауының төңірегінде жөңкіле көшіп барады. Жел Қызылтау жақтан, тегі жауын болмауы ықтимал. Әлгі қазақ атасы айтпақшы: мен ұрлық қылған күні ай жарық болды деп, дәл бүгін Ораз аңға шыққанда жауын жауса — бағының түзулігі де.

Көз ұшындағы көк тұман ішінен мойнын созып: «Мынау кім әй, келе жатқан!» деп сорайып тұрған Қызылтаудың шыңы көрінді. Енді бір секірсе қойнына енеді... Енді де Қызылтау жықпылы сыңсыған қалың орман.

Шатқал. Жол тау қатпарын иректей, жоғары өрлей бастады. Ораздың екі көзі шатқалдың күңгей бетінде, қазір арқарлар өріске шығады. Бұлт та тарқап, күн жарқырап, таудың ішіне нұрын төкті, ағаштары құлпырып, түрлі түске боялды. Жол тауды қабырғалап, бұрыла берді. Есідерті арқарда отырған Ораз рулін бұрып үлгіре алмады. Мотоцикл екпінімен шатқалға қойып кетті. Ораздың «А-а!» деп дыбыс беруге мұршасын келтірмеді, қалпақтай ұшып түсті де, қиядан мотоциклмен қатарласа домалап, төмен қарай қалбағай ойнағаны есінде, ар жағын білмейді, түпсіз шыңырауға құлап түсті... Көзін ашса, шеңгелдің арасында, екі бүктеліп жатыр.

Қозғалайын десе, белін біреу омырып кеткендей, көтере алмайды. Бет-аузы жаражара, қатқан қан. Жан-жағына қарап еді — мотоциклі көрінбейді.

Апатқа ұшырағанын енді сезді. Өрмелеп, жоғары жолға шыға алама?

Шықса — кез келетін кім? Баяннан Ворошиловқа бара жатқан біреу болмаса бөтен кісі жүрмейді!

Құлағын тікті — келе жатқан біреудің дыбысы естілмей ме екен? Ешбір дыбыс жоқ, айнала мүлгіп тұнып тұр. Осылай итқұсқа жем болып,

айдалада өлгені-ау!.. Жүрегі мазасыз қағып, тынысы тарылғандай. Әлден-ақ тамағы құрғақсып, қаны кебе бастады. Көп шыдаса бір-ақ күн, содан соң шөлден кеуіп, жан береді. Не соғыста Отанды қорғап, жау қолынан қаза тапсаң, не пештің аузында құрыш қорытып тұрып, күйіп өлсең, о да бірсәрі... Адамда нысап шамалы-ау, өзіме бола берсе дейді. Ораз өзі қалап, таңдап алған профессиясы — құрыш қорытуға да кеше назары болды. Осындай тәубең еске түскенде ойласаң — асқандық! Мартен пеші Оразды он жылдан аса асырап, ақыры атақ әперді. Шіркін, қолына көсеу ұстап, мартен пешінің аузында тұра қалғанда, Ораз өзі қожа, өзі шебер, өзінен асқан адам жоқ, дүние аяғының астында жатқандай сезінетін. Осы бір сезім сүйекке сіңіп, әдетке айналған, басқа уақытта Ораз аяғын жерге нық тіреп, талтаңдап баса ма осы?.. Енді міне тәубесі есіне түсіп, дүниенің бәрі қымбат, бәрі жақсы... Қызыл таудың шатқалында, ит-құсқа жем боп жатқан Ораздың сүйегін тауып алған күні: «Әйдік жігіт еді, құдай ақы, босқа өлді!» деп аяй ма, жоқ, мақтап-мақтап есуас қып жіберді!» деп күле ме? Бәлкім біреулері: «Ораз Құрышпаев дандайсып, бригада ісін ойсыратып алды да «коммунистік еңбектің бригадасы» деген атаққа ие бола алмай, тауда қаңғып өліпті!» дер... Ертең қабырының басына осы сөзді жазып қойса, әділ болар.

Ораздың арманы өзінің құрыш құя білетінін бас инженерге дәлелдеп бір көрсете алмады!.. Шіркін-ай, тамаша ойлары бар еді... Қап! Енді бұл — кешігіп оралған ақыл кімге керек?

Ораз тағы да құлағын тікті. Таудың басында қия жартаста шақылдаған тұрымтайдың дауысы шығады. Шақ-шақ етеді, неткен шақар құс, тегі о да өзінің өмірі үшін бет тырнасып жатыр ма, кім біледі... Әлгі қойдай өріп жүретін арқардың біреуі кез келіп, құйрығына жармастырып, жоғары сүйреп алып шықса, біріне тимес еді... Тұу, сандырақ па — бұл? Қайдағы қайдан есіне түсті? Жоқ, бүйтіп, оңай жан беруге болмайды... Басын көтеріп, көрсе қайтеді? Ораз зорға дегенде, арқасына аунап түсіп, екі шынтағымен жер тіреп, басын көтеріп бақты. Е, онша ауырмайды... Тағы да, тағы да!.. Басын көтерді. Бірақ отыра алмады. Сол аяғын қозғалтып байқап еді, жаны шығып кете жаздады. Көзінен от ұшып, шаншудың бір жақ ұшы жүрегін барып түйреді. Оң аяғының башпайы қыбырлағанымен, ұршық жақта бір пәле бар сияқты, сіресіп, жібермейді. Кеуде де ғана жан бар. Бөксе жақ басып жатқан бір батпан!

Салмағын екі шынтағына артып, жоғары қарай сүйретілді. Шынтағын тас тіліп, тызылдап аши бастады. Жылымшылай аққан қанды да сезді. Оған қараған Ораз жоқ, демін ап, тағы да бір-екі жылжыды. Қанша жер жүрді, бір қарыс па, әйтпесе о да жоқ. Үстіп қозғала берсе, үш күн дересінде

жолға жетеді; оған сусын-азық керек. Бос қиял. Дәрменсіздік! Жан қию оңай ма, тағы да бір қимылдап көрсең қайтеді, Ораз? Самарқанд атты айдын көлдің жиегінде, металлургтердің орталығы — Теміртау сияқты сәнді қала бар. Сол қаланың әдемі де кең көшесінде екі қабат ақ тас үйдің астында — семьясы тұрады. Қарт әкесі Құрышпай, төрт жасар ұлы Болат, әйелі Ажар күтіп отырған жоқ па?.. Оларды былай қойғанда, жасынан бірге өскен Дәмеші — балалық шақтағы кіршіксіз таза махаббаты, сағынып, жүдеп ол отырса... Кеше оның:

«Сені сүймеймін, аулақ!» деп айтуға аузы бармағанын білесің бе?.. Ең болмаса сол үшін өмір сүргің келмей ме? Мөлтілдеген жас Ораздың көзін жапты, басын шайқап қап еді, күміс тамшы ағып жерге түсті. Әуіп! Тағы да сүйретіліп сырғанап көрді... бір сүйем, екі сүйем, үш сүйем... одан артық әл жетпеді. Көзі қарауытып, басы айналып, жер сүзе құлады. Аздан соң көзін ашты. Ұйқыдан оянғандай, қайда жатқанын аңғармай, маужырап жата берді. Әуелі санасының бір шеті ғана түрілді, сонан соң миды басқан қара түнек түндіктей ашылып, әрі сырғыды, одан бақайының ұшына барып таң алдындағы үйдің бұрышына тығылған көлеңкедей, күлкілдеп, тұрып-тұрып жоқ болды. Денесі ширатылып, есін жинады. Көгілдір аспан. Батып бара жатқан күн көк жиектен сығалап: ертеңге дейін қош бол, ренжіме! Түнде жалғызсырама! — деп қош айтысқандай... Түнеріп түн келеді, қасқыр бөрісі бірге өреді... Қалтасында сіріңкесі бар ма екен? Қасқырдан қорғап қала алатын от қана. Басқа амалы жоқ. Қас қараймай от жағатын шеңгел, қараған, тобылғы жиып алса... Ораздың жатқан жері тақырлау, сол жағында бір шоқ тобылғы қараяды, егер соның түбіне жетсе... Дауыс? Ұлыған дауыс — қасқыр адамның исін сезіп, ұлиды деуші еді. Тіміскілеп лезде тапқан. Апырмай, шоқ тобылғыға жетіп, от жақса... Тағы да шынтағының қанын ағыза-тамыза, киімін далдал ғып, сүйретіле жылжыды. Бақайшағынан басталған шаншу электрдің тогіндей миын соққанда, көзінен оты жарқылдайды. Адам ауруға үйренбейді, шыдайды. Бұдан да қиын жағдайда өзін-өзі ұстай білгендер болған! Шыда, Ораз!.. Сол бір мезет оң жағынан сыбдыр естілді. Ораз құлағын тігіп, демін ішіне тартып, тына қалды. Қасқыр емес пе? Көз байланбай, әне бір қараған шоқ тобылғыға жетсе, тәуір болар еді. Денесінің бар қуатын жинап, тағы да сүйретілді бір сүйем... екі сүйем... Әуіп, енді бір сүйем! Шыда, Ораз! Шынтақтан дірдектеп аққан қан қия тастарды бояп, шөп басына түскен ертеңгі шықтай мөлт-мөлт етеді. Тағы да сыбдыр. Көз көрім жердегі қалың орман ішінен бір от жылт-жылт етіп, бір сөніп, бір жылтырайды. Қасқырдың көзі ме? Жан-жағын торып, келіп қалған ғой. Өне бір маңдай алдында жылтыраған нақ қасқырдың көзі! Көрдің бе, «жейм» дейді...

Шалбарының қалтасынаң сіреңкесін іздеді. Қолы қалтырап, илікпейді. Бас салады-ау! Жақындап келеді. Сол жақ қалтасында жоқ, енді оң жақ қалтадан іздемесе?.. Қасқырдың көзіне тура қараса, бата алмайды деуші еді. Қайсына қарап үлгіреді, жанжағынан қаптап, жақындап келеді... Жан ұшырып, сіріңкесін тауып ап, енді тұтатайын десе, қолы қарысып қалған, саусақтары илікпейді. «Жақ, тұтат тезірек! Қасқырлар қаптап кеп қалды!» дейді санасы. Қолы дір-дір етіп сіріңкені зорға тұтатып, бір шоқ шеңгелдің үстіне тастап жіберді. Лап етіп, шеңгел сытырлап жанды... Ораз есінен танды.

Геннадий шырт ұйқыдан оянды. Түсінде сағаты тоқтап қалыпты: «Бұзылды-ау, досым сыйлаған сағат еді!» — деп қынжылып ояна келсе, түсі. Қолын жастығының астына тығып жіберіп, сағатын суырып алды да, бас жағында тумбочкада тұрған саңырауқұлақ бейімдес қол шамды жағып, қараса — шын тоқтап тұр! Құлағына тосты — жүрмейді! Ғажап — сағат тоқтағанда, Геннадий де оянған. Ұйқылы-ояу түсіне алмай, жата берді. Сағат неге тоқтады? Геннадий неге кенет оянды? Досым сыйлаған сағат деген өзінің дауысы құлағынан кетпеді. Бұл сағатты Геннадий үйленгенде Ораз әкеп сыйға тартқан. Айтқандай, кеше Ораз Геннадийдің мотоциклін сұрап ап, аңға кетіп еді ғой, қайтатын шамасы болды, әлі жоқ... Мотоциклі ескі де, апатқа ұшырап жүрмесе? Әлде достың жүрегі біржола тоқтады ма? Жоқ, дос жүрегі бір апатты хабарлай ма? Түу, Геннадий жоқ-барға нанатын ырымшыл ма сондай... Келсе оятып, сарайдың кілтін алып, мотоциклді қоймай ма?... Жоқ!

Геннадий түрегеліп, шылым тартты. Бірақ, қайтып ұйқысы келмеді, жүрегі толып, сағат механизмінің ішінен Ораздың екі көзі жаудырады да тұрды. Ораздың осы бір көзқарасы Геннадийдің есінде қалған көрінеді. Өткен жылы Геннадий демалыс күні көлде балық аулады. Күннің жел екеніне қарамастан, елігіп әрірек барды да, қайықтың ескегін жиып тастап, қармағын суға лақтырды. Бір кезде қармағын тартып қалған секілді, ақырын байқаса, зілдей, қармақ қозғалмайды. Е, құдай берген екен: не тайшадай сом, не жеңдей шортан! Ол көлде сомның өспейтіні де жадында жоқ; бар пәрменімен тартып қалды, қармағы шолтаң етіп шыға келді; Геннадий екпінімен шалқалай құлады; қайық салмағын көтере алмай ауып кетіп, тоңқалаң асты. Жан таласып, су түбінен көтеріле бергенде, төбесі қайта-қайта қайыққа тиіп, су үстіне шыға алмады; дем ала алмай тұншыға бастады; жан ұшырып, қолын ербелендетіп қылқылдата су жұтып: «бәрі

бітті» деп үміт үзілген кезде, бір күшті қол судан балықтай суырып алды. Сөйтсе, Ораз бен Кеша екен. Олар Москва әншілерін тыңдауға Мәденит сарайына бармақ боп, Генаны іздеп жүріп, осы оқиғаға тап болады. Ал, Оразға не болды, соны айтсайшы?

Қатар өсіп, бір конфетті бала жастан бөліп жеген дос, жазатайым бірдемеге ұшыраса, өкініші естен кетпес... Бұлар соғыс біткенше бір аулада қатар тұрды. Геннадий Ораздан бес жас кіші болғанмен құрбылас өсті. Геннадий Ораз қасынан қалмай бірге ойнайтын-ды. Артынан соғыс біткен соң Геннадийдің әкесі туған жеріме барам деп Воронежға көшіп кетіп, онда үйрене алмай, үш жылдан соң Теміртауға қайта оралған-ды.. Содан Ораз бригадасына қолғанат боп кіргелі, міне үш жыл. Геннадий Оразды сыйлайды да, іскерлігіне ден де қояды. Ол «өзімде ғана болсын» дейтін сұғанақ емес, өзінен гөрі достарында, бригада мүшелерінде болғанын артық бағалайды. Бірнеше жыл бірге істеп жүр ғой: үлгіре алмай жатса — мен бригадир едім деп шіреніп қарап тұрмайды, болысады, күшің жетпей жатса — көмек береді, ақыл сұрасаң — жайлап, баптап білгенін айтады. Дікілдеп, зекіп, мұрнын тыжырмайды, күліп немесе салмақты пішінде бір ауыз сөз айтады: «эх, шляпа» деп сол жетеді.

Ван Ваныч: «Ерте кезде мартен пешінде қолқанаттарға күн көрсетпей, мастерлер қуып жүретін!» деп өткенді талай әңгіме қылғаны бар-ды, осы күні кейбір құрыш қорытушылар әлі күнге дейін зекіп, «ананы әкел — мынаны әкел!» деп жатады. Ораз жас болғандықтан ба, басқаша қарайды: жұмысты керенауланбай тиянақты беріле істегенінді көрсе, сенеді де, сырттан бақылап үйренуге ерік береді... Бригада мүшелерінің ішінде Геннадийді артықша бағалайды. «Досым» дейді, бірақ, сол «досы» әнеугі күні Серегиннің көзінше біраз сөздеп те алды. Содан бері ол томсарып, қырындап жүр...

Аздан соң таң да атты. Геннадий Машаны оятпай жуынып, киініп тысқа шықты. Қала жаңа оянған. Бірлі-жарым адамдар асыға басып есік алдынан өтіп жатыр. Сақалы кеудесіне түскен шал ауланы сыпырып бұрқ-бұрқ шаң көтереді. Анда-санда гүрілдеген машинаның шуы жақындап кеп, қайта алыстайды.

Геннадий жүгіре басып Қуанның үйіне барды. Үшінші қабатта тұрушы еді, жүгіріп шығып, есікті қақты. Дыбыс білінбейді. Тарсылдата қақты. Әлден уақытта аяғын дік-дік басып, тегі жалаң аяқ тәрізді, Қуан есік ашты.

—Ой, немене, таң атпай! Астыңнан су шықты ма? — деді ол шашы дудардай, көзі ісінген.

—Ораз қайда?

—Ораз аңға кеткен.

—Әлі қайтқан жоқ па?

—Жоқ.. Не боп қалды?

—Менің жүрегім сезіп тұр, сол бір апатқа ұшырады!

—Қой-ей, сен балгер ме едің? Әулие ме едің? — Қуан қарқылдап күлді. Шынында күлетін қылық, бірақ Геннадий қолын келте сілтеп, жүгіре жөнелді. Құлағынан Қуанның күлкісі кетпейді — ұшқан шыбындай зың-зың етіп, нервісіне тиеді.

Геннадий енді Құрышпай шалдың есігін қақты. Мүмкін сол жақтан үйіне оралған болар. Достық борышын атқармай, тамағынан ас өтпес. Көйлек-дамбалшаң, шайы шапанын иығына іле салған Құрышпай бадырая қарады.

—Ораз келді ме? — Геннадий үрейін алмайын дегендей дауысын жұмсарта сұрады.

—Жоқ, ол қайда еді?

—Кеше түсте аңға кетіп еді, жоқ, түнде оралам деген кісі әлі...

Әке жүрегі сескенімпаз да сезімтал ғой, түсі қуқыл тартып, қабағы жабыла қалды.

—Енді неғып жүрсің? Іздейсің бе?

—Көлік жоқ.

—Мін, ана машинаны! Жүргізе білуші ме едің? Айтқандай, сенің мотоциклің бар емес пе еді?

—Ораз соны мініп кеткен жоқ па!

—Өзің ғана барасың ба?.. Мен де барайын ба?

—Жоқ. Қайтесіз. Өзім!

Шал бөлмесіне барып, машинаның кілтін алып шықты. Екеуі гаражды ашып, машинаға су құйып, май құйып, он-он бес минутта дайын қылды. Дәл қақпадан шыға бергенде, шал:

—Жолың болсын!.. Байқа, бір жерде машинаны соғып ап, сен де отырып қап жүрме! — деп ақыл салды.

Бабына келген жүйрік аттай құтырып тұрған көк «Волга» Геннадийдің аяғы педалға тиюі-ақ мұң екен, ағыза жөнелді. Мейлі, Қуан күле берсін! Атының сыры өзіне белгілі демекші, Геннадийдің мотоциклі ойбайлап тұр, талай жөндеп әуре болған қырық-жамау. Әлде Геннадийдікі бостан бос дабыл қағу боп, жұрт аузындағы: «Притча во языцах»¹ қа айналып жүрмесе игі еді. Қаладан шығып ап, тақтайдай қара жолмен Геннадий тартып келеді. Осындай бір машинаны сатып алса... Қазір Геннадий әйелімен екеуі айына екі мыңнан аса табады. Біраз уақыт үнемдеп, ақша жұмсаса... мотоциклін сатса — жетеді. Әкесі қосады. Ол қазір Магниткада домнаның электросварщигі, ерен көп ақша тауып жүр.

Бір есептен машина не керек? Кешкі мектепті бітіріп ап институтқа түссе, машина мінуге уақыты бола ма?.. Маши-

1Жұрт аузындағы келемеж.

на Ораз сияқты аң аулауға қабілетті, құштар адамға жарасады. Геннадийдің арманы — институт бітіріп, инженер болу...

Найза бойы көтерілген күн Қызылтаудың быжырық шатқалын, жықпыл-түкпірлерін жарқыратып, Геннадийдің көз алдына жайып салды. Жыландай ирілген, тар жол қия жардың ернеуіне тіреліп қап, жалт бұрылады, аңдамаған адам, тоңқалаң асып, терең шатқа құлап түсуі сөзсіз. Геннадий қазір екі рет осындай қауіпті жерден өтті. Енді түсінікті.

Машинаны баяу жүргізіп, жан-жағына жіті қарап келе жатыр еді, жолдың жиегінде жатқан Ораздың мылтығын көзі шалды. Машинаны тоқтата сап, шатқалдың қабағына көтерілсе, құлаған мотоциклдің ізі жатыр: жерді осып-жыртып, қараған-тобылғыны жаныштап, тастарды домалата құласа керек.

Геннадийдің зәресі тас төбесіне шықты — өлген екен! Мотоциклдің ізімен төменірек түсіп, жан-жағына қарады. Көрінбейді. Құлағын тікті, ешбір дыбыс білінбейді. Айғай салды. Жауап жоқ! Тағы да төмен түсті. Төрт дөңгелегі көктен кеп, тыраңдап, шоғыр тастың түбінде мотоцикл жатыр. Ораз көрінбейді. Енді қайтті? Геннадий қия шатқалдан сырғанап барып, оң жағына көз тастады. Ондағы ойы: машина құлағанда, Ораздың салмағы жеңіл, оң жаққа қарай ұшуы ықтимал. Адам жұмыс істесе де оң қолын жұмсап, жығылса да оңға қарай құлап, оңға ыңғайлы тұрмай ма? Елу қадам жер жүрген жоқ, Ораздың кепкесін тауып алды. Одан әрі аса көп ұзамады — етпетінен сілейіп жатқан Оразды тапты. Өне-бойы дал-дұл, қатып қалған қан. Тіріліктен ешбір белгі жоқ. Геннадий еңкейіп, тамырын ұстады. Соқпайды. Қолымен жүрегін басты. Соға ма?.. Соғады! Жаны бар. Енді шалқасынан жатқызып, термосқа құйып алған суын аузына тамызды. Сол бір сәт Ораз да дем алғандай болды. Жағасын ағытып, әлсін-әлсін аузына су тамызып, маңдайын сипалап, Геннадий білген емін жасады. Терең шатқалдан сүйретіліп, бірталай жоғары жылжыса керек-ті. Не шынтақта, не қарын, тізеде сау жер жоқ, дал-дұл.

Геннадий Құрышпайды алып келмегеніне өкінді. Мынау қиядан қалай алып шығады?

Оразды арқасына салам деп байқап еді, еңгезердей тірі мает қораштау Геннадийді түйедей шөктірді. Арқасына салақтатып салып ап, еңбектеп жоғары өрледі. Қаншама таңдап бастым десе де қызылшақа тастар пышақтай алақанын кеседі. Ораздың жансыз аяғы сүйретіліп жерді соқадай

жыртады. Тезірек, Геннадий! Маңдайынан аққан тер сорғалап көзін жауып, түк көрсетпейді. Сүртейін десе қолы бос емес, мүйізден ұрған танадай, басын шайқап-шайқап, тағы жоғары еңбектейді. Оразды ептеп арқасынан түсіріп, ішкі көйлегін шешіп ап, екі бөліп жыртты да алақанына орады. Сонсоң қайтадан Оразды арқасына салып, тағы да жоғары еңбектеді... Өкпесі өшіп, демі құрып, тәлтіректеп, машинаға түс кезінде зорға жетті...

Суық хабар жата ма, Ораздың өлім алдында жатқаны лезде бүкіл қалаға тарады. Геннадий Оразды зембілге сап емханаға апарып кеп, машинаның қасына қайта оралса, есік алды толып кеткен кісі. Завод жұмысшылары, көрші-қолаң бірі күрсініп, бірі басын шайқап, бірі тамсана таңданып, әр қилы қабылдайды. Оған құлақ қойған Геннадий жоқ, машинаны кілттеп, сатымен қайта көтеріле бергенде, қақпа алдына тақай кеп бір машина тұра қалды. Ішінен өңі қашқан құп-қу Құрышпай түсті. Қасында Асқар.

—Тірі ме? — деді Құрышпай үні құрыған кісідей сыбырлап. Сол сөзді сұрауға аузы бармай, зорға өзін-өзі күштеп тұрғаны да беп-белгілі.

—Тірі! Қорықпаңыз!.. Ештеме етпейді! — Геннадий салмақты дауыспен әдейі сендіре айтты.

—Бір жері сынған ба?

—Қазір дәрігерлер айтады!

Ораз жатқан бөлмеге ешкімді жібермейді. Асқар Айшаны іздеп екінші қабатқа кетті де вестибюльде Құрышпай мен Геннадий оңаша қалды.

—Ажар қайда?

—Ажар базарға кеткен-ді, әлі естіген жоқ.

—Сіз қайдан білдіңіз?

—Маған көршінің баласы кеп: «Ойбай, Оразды жаңа машинамен емханаға салды» деді. Оны қайдан естігенін... Адам болатын түрі бар ма?

— О, не дегеніңіз! — Геннадий осысөздіайтсада, жүрек түбінде өзі де қобалжып сенбей тұр. Әке жүрегі сезімтал, Геннадийдің көзінен сол бір үрейді танығандай шұғыл бұрылып, Ораз жатқан бөлмеге кіріп кетті.

Геннадий қаусырма есіктің саңылауынан сығалады: ақ халат киген сестралар — бірі шешіндіріп, көйлегін ауыстырып, енді бірі — укол жасап, қарбалас боп жатыр екен, шалды көріп қап, біреуі баж ете түсті. Оған қараған Құрышпай жоқ, баласының басын құшақтап, маңдайынан қайта-қайта сүйді. Үстіңгі қабаттан бір топ дәрігерлер түсті. Ішінде Айша мен Асқар бар, дуылдасып, біріне-бірі жол беріп, операционныйға қарай беттеді. Күзетші дәрігер сестраға: «Ауруды әкеліндер!» деп бұйрық берді. Құрышпай сұрланып қинала шықты. Қысық көзі сығырайып, жұмылып кеткен. Білеуленген шеке тамырлары солқсолқ етеді. Геннадийдің үнсіз

қолын қысты — берік бол дегені ме,
жоқ, тірі екен, рахмет саған деген нышанасы ма, түсінбейді.
Оразды зембілге сұлатып тастап бетіне ақ жайма жауып, операционныйға
қарай алып шықты. Ажар да келіп жетті. Беті ашық еді, танып қап,
бақырып тұра ұмтылды; Геннадий ұстап үлгіре алмады, бас сап, құшақтап,
емхананы басына көтерді...

V

Қайыр бүгін ерте оянса да Москвада өткізілген соңғы он күнін есіне түсіріп
жата берді. Әуелі қара металлургия өндірісінің командирлері жиналып,
жетіжылдықта қанша құрыш құйылды, мүмкіндік қандай соны кеңесті.
«Құрыш — Совет өкіметінің қаны. Денеге қан тарамаса, өмір сүре ала ма?
Сол сияқты құрышты көбірек құйса — Отан мықты да бай!» деген
Запорожсталь меңгерушісінің сөзі сол кеңестің арқауы боп табылды.
Қайырдың да көкейкесті сөзі еді, соны ол дауыстап айтып берді. Бір
көйлекті бұрын тоздырған аға екенін аңғартты: Қайыр ойланып-толғанып
жүргенде, болат кәдірін ертеден ұққан халық ойын ортаға бұрын салды.
Запорожстальдің артынан Череповец, Магнитогорск сияқты қара
металлургияның алыптары сөйлеп, Қайырды сырғытып, қағып тастады.
Қайыр тек Қазақстан көлемінде ғана кеудесін көтереді екен, олардың
жанында көзге ілінбей қалды. Бірақ Қайыр оған шамданған жоқ
— «Ертең Теміртаудағы үш домна от тұтатқанда сонда көрерміз, кім
қандай?» деп көңіліне соны демеу қылды. Әрине, Кремльдің зәулім
залының биік мінбесінен: «Теміртау шығыстағы қара металлургияның —
жүрегі» деп жатса, Қайыр мақтанбай, кім мақтанар еді? Үзіліс кезінде сол
Запорожстальдің меңгерушісі залда оңаша кездесіп қап, құрыш құюдың
жаңа әдіс-тәсілін сұраған-ды. Қапсағай бойлы, шоқша сақалды, жылы өңді
еркек Қайырдың Теміртаудан келгенін білгеннен соң, жуан бағананың
түбіндегі барқыт креслоға отырғызып ап, ұзақ кеңесті.
Қара металлургияның ірі заводтарында техниканың жаңа түрлері бар
көрінеді. Қайырға керегі де сол: олардың заводын да құрышты үзбей
құятын машина істейді. Бұрын құрышты қолмен ағызса, енді соны машина
өзі істейді: құрыш краннан аққан су тәрізді үзілмей ағып, қалыпқа
құйылады да, ол қалыптан вагонеткаларға кесек-кесек боп, кесіліп түсіп
жатады, ол вагон толған соң сырғып, екінші вагонға орын береді...
Осы Қайырға ой салды. Қазақ металлургия заводында осындай техника
жаналықтарын өндірсем деп арман қылып жүргенде, бір күні ЦК-ның
пленумы ашылды.
Бұл пленумда — өндірісте техниканы жаңартып, автоматиканы енгізу

жайы, кеңінен сөз болды.

Шынында ойлап қараса, Қайыр мен Мүсілім сияқты завод бастықтары иегін артып жаман үйреніп алса керекті. Өз бетімен жаңалықты іздеп табу, қолдану, техника мен автоматиканы шеберлендіре түсу заводтың міндеті деп ұқпаған. Институттарда ойлап шығарса, жоғарыдан бұйрық берілсе, сонда ғана ырғалыпжырғалып, мұрнын тыжырып: «әй, қайдағы пәлені қайдан тауып алады осылар?» деп кейіп барып, зорға қолданатыны рас. Онда да қайта-қайта обкомнан сөз естігесін, амалсыздың күнінен...

Ұят-ау, сонда сол техниканы кім жаңартады десейші? Автоматика адам баласының еңбегін жеңілдетіп, өмірін ұзартпай ма? Азап-бейнет ауыр жұмысты машинаға артпай ма?

Ия, Қайыр бұл шындықты бұрын неге ойламаған? Ескі соқпақпен жүріп, әдет қып алғанда, соны жол іздеуді бойына сіңген қабілет қыла алмаған. Әйтпесе, Мүсілімнің сөзіне еріп, Дәмештің соңғы ұсынысын сергелдеңге салып, ең жақсы көретін адамын, ғашық жарын шерлі қылар ма еді? Жә, өзі сенбесін, бірақ жас инженерлердің талқысына салып неге ақылдаспады? Мүмкін ол ұсыныстың дәні бар шығар? Дәмеш қалай өкпелемесін?..

Дәмеш есіне түскенде Қайыр төсектен атып тұрды.

Сағатына қарады. Форточканы ашып, гимнастика жасады. Суық сумен жуынды да телефон мен буфетке заказ беріп, бір стакан кофе, май жақтырып бір тілім нан, сосиски алдырды. Қайырдың бала күнінен әдеті: ертеңгісінде тамақты аз ішіп, жарап жүретін. Әкесі марқұм: «Қайыржан, қарныңды қампита тамақ ішпе, мына маған ұқсап кетесің!» деп әзілдесе де шынын айтатын.

Қайыр бүгін күндізгі сағат үште ұшады. Қазір жолдасы келсе, магазиндер аралап, шешесіне, қарындасына базарлық сатып апармаса, тамағы іспей ме?

Қайыр балконға шықты. «Москва» мейманханасының алтыншы қабатынан төмен қарағанда сәнді де сәулетті Москва көшесі бір уыс боп, Қайырдың көз алдына келді: суға тоғытқан қойдай бірінің артынан бірі қаз-қатар тізілген қызылды-жасылды алабажақ түрлі-түсті машиналар, рұхсатсыз өте алмай, иіріліп тұр. Ерсілі-қарсылы ағылған халық көшені керіп симайды. Неткен көп жан? Қайда асығады? Тамашалаған Қайырдың ойы да сол халықпен бірге жарысады. «Неге асығады?» Неге асықпасын? Үш жүз жыл жасаған Американы Совет адамы елу жылда басып озуға асығады. Өмірді сүйіп, өмір кәдіріне түсініп, бағалай білген халық — өмір сүруге де, өмірді әдемілеп құруға да асығады...

Біреу есік қақты — Қайырдың ойы аяқталмай үзіліп қалды.

Жолдасы келді. Оны ертіп Қайыр ГУМ-ге барды.

Көшені алып жатқан төрт қабат зәулім магазин дәл құмырсқаның илеуіне ұқсайды. Қыбырлаған қара топыр халық шынжырдай иріліп бір жақ есіктен кіріп, екінші есіктен шығып жатыр, таусылатын емес.

Қайыр да жолдасының қолтығынан мықтап ұстап ап, сол толқынның ішіне сүңгіді де кетті, үйірім суға түскен жаңқадай, балалар киімі сатылатын бөлімнен бір-ақ шықты.

—Балаңа... бірдеме... — деп жолдасы тұншыға күлді. Қайырдың әлі күнге дейін үйленбей, «кәрі бойдақ» атанғанын біледі.

—Бала белде әзірге. Кішкентай жиенім бар, соған алуға болады. Есіме жақсы салдың! — Қайыр жолдасының әзіліне назар аудармады. Ол оған көне қоймады, тағы да қытықтап, күлдіріп, көңіл күйін шерткісі келгендей:

—Үстіп жүргенде жасың жетіп, белің шойырылып қалмасын!

—деді ол. — Осы сенің кешегі жаныңда жүрген селеу шаш қызың кім?

Қайыр жымиды.

—Ол менің досым...

—Түсінікті. Дәмештің орынбасары ма сонда?

Қайыр бұл жігітпен көптен таныс, «қуақы, сөзшең» атанған еді, қазіргі әзілі ұтымды шықпады, өрескел. Қайыр тура жауап бермей, естімеген кісідей елеусіз қалдырды.

—Сенің кейде тауып кететінің бар, достым. Жиеніме алдым...

Шешеме осы бір биқасап жарар-ау, ә?

—Сіздің үйдегі шешейдің мінезі белгілі де, менсінбей жүрмесін!

—Қойды ғой о кісі. Өзінен күшті шықса, немене дейтін еді қазақ?

—...Екі көзі сонда шығады.

—Сол ендеше! Күшті шығып тұр ғой, достым. Сол күштіге не аламыз, айтшы, білімпаз екеніңді көрейін?

Қайыр жетектеп «сыйлық» деген жазуы бар бөлімшеге алып барды.

—Алтын сақина сатып ал да, «күштім — Дәмешке» деп жаздыр!.. Сол жетеді. Неге дейсің ғой? «Жақында өмірлік дос боламыз, сақина соның белгісі» деген ишара.

—Бұл орыс халқының әдеті ғой?

—О қайтеді? Жақсыдан үйрен. Бұрын сақина, білезік, алқа сыйлау қазақтың өзінде де болған ғұрып. Не сөкеті бар?.. Алса

—қыздың көнгені. Алмаса... — деп жолдасы қолын сілтеді де, витринаға қарап, бір сақинаны таңдап алды. — Кәне, шынтағыңа кигізіп көрші!..

Симай қап... сенің қолың салалы да жіңішке екен. Шынтағың оның сұқ қолына дәл келері!..

Қайыр көнді. Сатып ап, төс қалтасына салды да, қайтып жолдасының әзілін қостамады, сол күпті қалпы, Қарағандыға жеткенше өз ойының

тұтқынында болды. Қайыр кейде өзінің жүрегіне өзі түсінбейді: жылдар бойы Дәмеш деп тынбай соғады, қанша ма ол: «Аулақ, менен аулақ!» десе де кете алмайды. Қайта соған құмарта түседі. Кездесіп қалса шекісе түседі. Қыз да қымсынып, бұралып тұрмайды, кейде күліп мазақтап, кейде улы тілімен шағып суық қабақ білдіреді. Сонда күле берсейше! Оның орнына, Қайыр тауып жауап қайыра алмай, кейде қызды өкпелетіп те алады. Сонсоң он қадам жер жүрмей, бұрылып Дәмеш соңынан қызыға көз тастайды. Күрсінеді. Оп-оңай өкпелетіп алғанына өкініп, өзін-өзі ажуа қылып: «Жігіт бипаз, сыпайы болмаушы ма еді, қызбен айтысып, жеңем деу Дон-Кихоттық!». Қайыр жас емес, сақа жігіт, шын сүйсе — Дәмештің тілін табуы керек; әйтпесе бұл тәкаппар мінезінен қыздан айрылады. Әй, айырылса, мейлі, қашанға күте береді. Осылай сұр бойдақ атанып жүре бере ме? Манағы жолдасының: «Орынбасар ма?» деген әзілінің аржағында шындық бар. Ол — Москвада тұрады, инженер, авиоконструктор. Қайыр танысқалы, міне оған да үш жыл. О да тосып жүр. Бірақ Қайырдың жүрегі көбіне Дәмешке ауып, сол деп соғады. Оны мына Валентина Васильевна сезіп те қойған ба, кеше екеуі оңаша отырғанда өкпе-наз айтты.

—Теміртауыңда жарың болса, маған жасырмай айт, не қыласың, менің басымды шатастырып... Мен сені сүйем. Бірақ, махаббат екі жаққа бірдей — біреуі сүйіп, біреуі сүймесе жүрек аңсап, алаңдай береді. Өмірден тиянақ таба алмайды. Сені қаншама сүйсем де, тастап кетуге күшім жетеді. Ұмытпасам да сені іздемеуге ант берем! — деді көзінде жасы мөлт-мөлт етіп. Шерлі де, ащы сөз. Қазір кесіп не дейді? Дәмештен біржола үміт үзген күні, Қайыр өзі де Валентинаға оралады. Қайдан тағы бақыт іздейді? Қайырдың біреудің бағын байлауы дұрыс па? Екі қызды қатар сүю, екі кемеңнің құйрығынан ұстаған су түбіне кетеді емес пе? Екеуінен де айырылып, тотиып қап жүрме!

Қайырдың көңілі түрлі саққа жүгіріп, торға түскен құстай шыр айналады: ол соқтыққаны тор емес, өзінің жүрегі. Жүрек — Дәмешке бұрады... Қайыр Валяға ашу үстінде, сөзін беріп, өзін-өзі матап алды. Оған Дәмеш кінәлі. Ол оқуын бітірер жылы Қайыр Қарағандыдан әдейі іздеп барған-ды... Июль айының бас кезі. Түлеген құстай құлпыратын қаланың бір кезеңі. Қайыр жаны сүйетін орталығын, орталықта тұратын жарын іздеп, зар боп келе жатып Қарағандыдан «шықтым» деп телеграмма беріп еді, ол шықпады, Қайыр: «Ала алмады ма, не тығыз шаруасы болып қалды ма» деп өзін-өзі басып, уатса да, жүрегі ауырып, «Алматы» мейманханасына зорға жетті. Жеке номер дайындап қойған екен, келе душқа түсіп, салқындап алды да, телефонның құлағына жармасты. Дәмеш әкесінің қарындасы Гүлжанның үлкен баласының үйінде тұратын. Ол ғылым

академиясында істейтін Аралбай дейтін ғылыми қызметкер де. Қайыр сол үйге телефон соқты. Әйел дауысы: «Кім керек еді?» деді. Қайыр Дәмешті сұрады. «Тауға саяхатқа кеткен!» деді.

—Ә ... Қарағандыдан телеграмма келді ме?

—Келген, бұл кім өзі? — Қайыр телефонды іле салды.

Қайырдың жүрегі аттай тулап, қызғаныш намысын қамшыдай шабақтады. Енді қайтті?.. Қыз айнығаны ма? Әйтпесе, телеграмманы алып тұрып, неге алдынан шықпайды?

Қайыр сол бір кеш өзін қоярға жер таба алмай сандалып, көшеде жүре берді. Калинин көшесі — ағылған халық. Пар-пардан қолтықтасып ап, театр-киноға, паркке ағылып жатқан жастар.

Дарқан өмір, шадыман кеш. Шаттық күлкі. Пай-пай!.. Кайыр әрқайсысының бетіне бір үңіліп: «Осы Дәмеш пе?» деп көрген қызды соған ұқсатады. Өне бір екеуі: «Әй, Дәмеш тәрізді-ау!». Ендіге басып, қуып жетеді: ол — емес. Жаңа тауға саяхатқа кетті демеп пе еді... Тауда біреу байлап қойды дейсің бе? Қайтқан да болар қазір, сағат кешкі сегіз... Жігітімен жүрсе ше?..

Дәмеш соңғы хатында: «Қайрош, қазіргі күндері көп ойланып жүрмін.

Міне институт бітірдім. Ертең министрствода қызмет істеймін.

Инженермін — қалтамда дипломым бар. Бәлкім, мен қызметті жақсы да істермін... Жалақым да өзіме жетер.. Әдемі де киінермін... Сонда мен өзімді бақыттымын деп санай алам ба?.. Бақыт деген не?». Қайырға сөз тастап хат жазған. Әрине, Қайырда ол сөзді күмістей алақанына сап, қайта-қайта аударыстырып, өз түсінігін жазды: «Адам өзінің ұстаған мақсатын іске асырса, халқына пайда келтірсе, ертең өлгенде, «Бейшара босқа кеп, түк бітірмей дүниеден босқа аттанды демесе, сол адам бақытты!» деп осы ойының астын сызды. Сонсоң бұл сөзі өзіне ұнамады, жаттама кітап сөзі сияқты көрінді де, ойын әрі жалғап: «Осы бір сөзді баяғыда менің ұстазым, профессор айтып еді» деп, ұстазына жалтара салды. Тағы да ойланып-ойланып: «Менің бақытым сенсің. Ал, өз бақытыңды өзің тауып ал» дегенше, «сенің бақытың менмін» деп неге ашық жазбады. «Өзің тауып алы» несі?.. Іле қысқаша, өте салқын лепті бір хат алды, онда. «Бақытымды таптым! Сен мен үшін қысылма!» депті.

Қазір, міне, жүрек құрғыр босқа желікпей, байыптап, қыз сөзін талғап қараса, ол — ашық айтқан: «Әуре болма, бақытымды таптым» деп. Соны Қайыр неғып түсінбеген? Көзін шел басып миына ақау түскен бе? Кімді іздеп, Алматыға келді?

Қайыр: «Таптым, бақытым — сен!» деп қызды сырттай иемденіп, үйленем деп келсе керек-ті. О, өркөкірек неме?..

Қайыр сол бетінде қазақтың «Абай атындағы академиялық опера және балет театрына» барып еді, селеу шашты, көкшіл көзді сымбатты қыз: «Сізге неше билет керек еді?» деді. Қайырға керегі біреу, оның қолындағы артық билетін сатып алып, екеуі жұрт отырып болған кезде орындарын тауып алды. Қалай да сәтті келіс, жұрт өшіретке тұрып театрға зарығып кіреді, Қайыр опоңай қиналмай сұлу қыздың қасына отыра қалды. «Корневельдің қоңырауы», сахнада: Граф... Ән... Махаббат... Оны тыңдаған Қайыр жоқ, қызды салғаннан өзіне тартып, бейімдеп ап, құлағына сыбырлады да отырды: «Графтың аяғы қисық, ол қыз сіз тәрізді менің жанымда отырса — «сүюге тұрмайды» деп азғырар едім...» дейді. Оған сұлу қыз күлімсіреп, езу тартады. Енді бір сәт Граф: «Бүкіл теңіз-дарияны кешіп, оралдым!» дегенде, Қайыр да сол сөзді қасындағы қызға айтты. «Осы сөзі рас еді, мені танымайсыз, бірақ мен сізді іздеп келдім!» деп көршісінің басын қатырып есін шығарды...

Сол бір кеш Қайыр қызға ұнап қалса керек-ті. Аяқ астында батыл бола қалғанына Қайырдың өзі де таң қалды, бүркіттей бүріп, салғаннан уысынан босатпады: күлдірді, қуантты, көңілін аулады. Ақыры екеуі «Алматы» мейманханасының үстіндегі ресторанға барып, тамақ ішті. Қыз да жолаушы болып шықты. Москвадан демалыс алып, өзімен бірге оқыған құрбысының үйіне қонаққа келіпті. Құрбысы АЗТМ заводында конструктор бюросын басқарады екен. Жұмысы болған ба, театрға келе алмай қалған көрінеді. Келмегені-Қайырға жақсы болды.

Сол бір түн дұзаққа айналатын еді, сұлу қыз, баяғының перісі ме, қайдан кез келе кетті екен!?

Екеуі ресторан жабылғанша отырды. Түнгі сағат екіде қала ұйқыға мүлгіген кезде, қыз бен жігіт көше қыдырды. Жап-жарық бос көше. Басқан қадамның ізі жаңғырығып, бүкіл тас үйлерді басына көтерді. Жүріп келеді. Көшенің екі жақ қапталы — самсаған ағашпен жарыса тізбектелген шар шам, орман ішіндегі үлкен саңырауқұлақ тәрізді. Қыз Басарықтың жиегінде тапал ақ үйде тұрады екен, соған апарып тастап, ертең күндіз Қайырдың номерінде кездесіп, тауға қыдырмақшы боп, уәде байласты.

Валентина мен Дәмеш Қайырдың көз алдында тайталасып бірінен кейін бірі елестеп, түн өрінде әурелесе де шарап ішкен, жол соққан, шаршаған Қайыр аздан соң ұйықтап қалды.

Ертеңінде айтқандай, сыланып-сипанып кешегіден де құлпырып Валентина келді. Қайыр такси шақырып, енді жүрейін деп жатқанда, біреу есік қақты. Қайыр «да» деп те үлгірмеді, ар жағынан есікті ашып, қызара бөрткен Дәмеш кіре беріп, босағада сілейіп тұрып қалды. Қайыр сұп-сұр

боп, тілі күрмеліп, Дәмештен көзін алмай отыра берді, амандық білдіріп, қолын ұсынуға шамасы келмеді: «Шынымен, Дәмеш, сенбісің? Неге... неге кешіктің?» деп іштей жалынады. Дәмеш те екеуіне кезек қарап, Қайыр көзінің түбінен өзіне керегін тапқандай, күлімсіреді де, теріс айналып жүре берді. Қайыр соңынан тұра жүгірді. Ұзын дәлізде қуып жетіп: «Дәмеш, кеше алдымнан неге шықпадың?» деді. Бар тапқан сөзі, ойының жиынтығы сол болды. Дәмештің қасы күлді: доғадай иіліп, құс қанатындай қайта жазылды. Қайыр қызды шешіліп сөйлер ме деп үміт күтіп еді, ол кекесін дауыспен

«Алдыңнан шығуды қажет деп таппадым!» деді. Ұққан кісіге осы сөз жетеді. Қайыр біраз салпақтап еріп барып, біртіндеп қалып қойды. Қыз қабырылмады, арадағы үш жыл бойы тоқылған қыл арқан бір күнде ойда жоқ жерде үзілді... «Ертең той!» деп қуанышы қойынына симай келген, Қайыр жерге қарады. Әрине, Қайырдың мінезі шұғыл, қатал, бір жағынан балалық шақ әсерін тигізеді, бар тапқан ақылы — екі-үш бетке хат жазып, Дәмеш үйінің адресіне салып жіберді. Валентинамен аз күн тауды аралап, саяхаттап Теміртауға тартып берді. Өкініш жүрегін удай улап, үйіне құр сүлдері келді. Қайыр о кезде цех бастығының орынбасары болатын-ды, өзімен жақын жүретін сырлас досы цех мастері Күміспек ерен сөкті: Қайырдың өзін кінәлы ғып шығарды... Содан былай Қайыр хат үстіне хат жазып, жалынып-жалпайып кешірім де сұрады. Демалыс беріп, Күміспекті Алматыға жіберіп те алды. Достарының кеңесімен Құрышпайды да сыйлап асты-үстіне түсіп, әлпештей бастады... Ақыры алты ай өткен соң Дәмештен бір хат алды «серт бұзғанның орны шоқ!» деп. Екеуінің арасында хат қайта жүре бастады. Дәмеш анда-санда бір жазса, Қайыр екі-үш күнде бір жазып, өмірімен толық таныстырды да отырды. Осы күні соны жинаса, кемінде жуан бір кітап... Екеуінің арасы немен бітетініне Қайырдың әзірге көзі жетпейді.

«ИЛ-18» самолеті Москвадан Қарағандыға төрт жарым сағатта ұшып келді. Күннің шығысына қарай ұшқан самолет кешке жақын кеп қонды. Түскі асты Москва мейманханасында ішкен Қайыр кешкі тамақты Қарағандыда ішті. Немере ағасының үйіне түсіп, аздап дем алып отыр еді, шахтадан ағасы оралды.

—Қайырдың жүрісі осы: ұшарын жел, қонарын сай біледі! Үн-түн жоқ, салып жетіп келеді. Немене, біз ел емес пе?.. Құдайға шүкір осы Қарағанды толған қуандық! Бір бес сомға телеграмма берсең, алдыңнан шұбатып тегіс алып шықпаймын ба?.. Буы бұрқырап қазанда ет пісіп жатпай ма?.. Көбігі аспанға атып, шампандар құйылып, алаңсыз көңіл көтермейміз бе? Бұл не келемеж?

—деп ағасы ашу шақырды. Қайыр не десін: айтып жеңе алмайды, «Кінә менен!» деп құтылуға тура келді. Сасқанынан чемоданын ашып, Москвадан әкелген сәлемдемесін ұсынды. Дүние құрғыр көздің құрты ғой, інісінің жеңгесіне әкелген шашақты жібек шәлісін көргенде, ағасы мырс етіп мұртынан күлді. Шертиген болскей ақ самауырын стол үстіне қонды, шарабы, қазы-қартасы да толып кетті, әңгіме қызды.

Ағасы қою шайға қанып алған соң, жылтыр қара мұртын сылап қойып сөз бастады.

—Шешеннің саулығын да сұрамайсың, сен өзің төрешіл боп барасың ба?

— деді ол бір мұртынан қулана күліп қойып.

—Өткен түні: «Ертең барам» деп апама телефон соғып, тілдескем, бүгін міне төрт жарым сағатта өзім ұшып келдім, менде не жазық бар?

—Сөз тапқанға қолқа жоқ. Аяқтан шалмақшы боп көріп ең, Мырзажан шоңқайтты-ау өзіңді! — деді жеңгесі күйеуін табалап, қазақша қайнысының атын атамай.

Оған шахтер мәз-мейрам болып, қатыны мен інісін бір-бірдей мақтады.

—Екеуің де тіл мен жаққа сүйенген қу жақ екенсіңдер... Өйткенімен, Ақмарал телефонда не айтты дейсің саған, басқа туыстарың бар, олардан не білесің? — Шахтер орамалымен маңдайының терін сүртіп, інісіне көз қиығын тастады.

—Қипақтап манадан бері айта алмай отырғаның Дәмеш қой...

—деді жеңгесі күйеуінің орағытқан астарлы сөзін жақтырмай.

—Дәмеш?... Иә? — Қайырдың дауысы үрейлене шықты.

—Қызметтен шығып қалса керек, қайдам, не пәлеге ұшырағанын... Ұзын хабардан заводта апат болған ба... — деді жұбауратып ағасы. Жеңгесі оның аузындағы сөзін тағы да тартып алды.

—Осында жүр, кеше осында көрдім, — деді.

Қайыр аң-таң: әзіл ме, жоқ... Дәмешті қызметтен кім шығарады?

—Ораз машинадан құлап, жараланып, емханаға түсіпті. Өлімнің аз-ақ алдында қалса керек, аяғы сынған дей ме? — деді ағасы жаңалықтарды шұбыртып.

Қайыр жедел орнынан тұрды. Шешесі неғып айтпады?

—Дәмешті қайдан көрдіңіз? — жеңгесінің аузынан шыққан сөзін бас сап, қағып алатындай қадала төнді.

—Бұрын осында түсуші еді, бұл жолы келмеді. Өзін анадайдан мейманхананың алдынан көрдім, автобустың терезесінен!

Мм... Он күннің ішінде дүние жүзі сілкінді деп пе еді Джон Рид? Қайыр Москвада он күннің шамасындай болды, сол аз мерзімнің ішінде заводта талай оқиға өткен? Қайыр мейманханаға телефон соғып, Дәмешті сұрады.

Жеңгесінің болжауы дұрысқа келді — сонда екен. «Қазір жоқ, жуықта оралады» деді үй жинаушы әйел. Қайыр көп ұзамай мейманханаға барып, он үшінші бөлменің есігін қақты. Аржағынан Дәмештің: «Кіріңіз!» деген даусы шықты. Қайырдың жүрегі лүпілдеп, есікті қолы дірілдеңкіреп ашты. Үстінде жапырақ гүлді жібек халат, ұзын шашын күлтелеп кесіп, ортасынан бір буған Дәмеш, столдың жанында кітап оқып отыр екен. Қайырды танып, ақ құба жүзін қуаныш нұры басып, күлімсірей түрегелді. Қолын созды. Қайыр алақызып, бар жантәнімен ұмтыла, Дәмештің қолын сүйді, сол сүйіске сағыныштілегін, реніш-қайғысын сыйдырып, ниетін білдірді. Қыз да сезді білем, қолын сәл өзіне қарай тартқан сияқты қимыл жасады да, дауыстап, әдетінше сақылдай күліп:

—Көзіңді көрсетші, жолдас Алжанов, жылап жібергеннен саумысың?.. — деді.

Дәмештің сықағына Қайырдың құлағы үйренген. Кездескен жерде екеуі тасқа тиген шалғының жүзіндей шақ-шұқ болатын әдеті.

—Кәне, қарашы, таптың ба, меруерт тасты? — Қайыр бетіне бетін тақап, көз түбінен сырын сүзді.

—Рас таптым! Мөлт-мөлт етеді. Инжу ма өзі? — Тағы да күлкі.

—Саған ұзақ сапарда жүріп, тауып әкелген Инжу-маржаным!.. Енді де маған жібімейсің бе? — Қайыр тал шыбықтай бұралған, сымбатты қызды, құшырлана бауырына қысып, сүйгісі келеді. Қаны тасып, басына шабады, көзі қарауытып, күлім қаққан қыз ернінен басқа түк көрмейді. Бірақ, мұндай суық ақыл миды түкпірінен: «Тоқта, сүйеге сенің қақың жоқ!» деп қолынан тартқандай, өзінің кім екенін есіне салады. Лағнат! Осы бір «хұқықты» ойлап шығарған кім екен?

—Қашан келдің?

—Жаңа!

—Менің мұнда екенімді қайдан білдің?

—Жүрек сезеді де!

—Сенен ондай сезгіш жүрек әлі аңғармап едім... Ал, айта бер, не көрдің, не білдің?

Түнгі аспанда самолет ұстаған прожектордың сәулесіндей, Қайыр көзі де тумбочка үстіндегі шампанға түскенін Дәмеш те аңдады. Ду етіп, екі беті нарттай қызарды.

—Ол — саған!

—Иесі бар да... — Қайыр столда жатқан кітаптан дәйек тапқандай, соған қолын созды. Әр бетін бір ашып, оқымаса да, үңіле берді.

—Саған десем... Нанбайсың ба?.. Онда шынымды айтайын: кеше осында менің номеріме «Советтік Қарағанды» газетінің редакторы келді...

Рестораннан сол алдырды. Мен ішпейім деген соң, тастап кетті. Саған бұйырыпты!.. Жарайды, сенің Москвадан қайтқаның үшін екеуміз ішейік.

—Идет! — Қайыр балаша қуанып, атып тұрып, шампанды аша бастады.

Сөйткенше болмай тарс етіп, бутылка тығыны жоғары ұшты, быжылдаған шампан стаканға көпіре құйылды.

—Кәне, Дәмеш, менің арманым орындалуы үшін!

—Ол қандай арман, айтпайсың ба?

—Айт десең... Менің арманым... екеуміз... өмірлік...

—Жә, жетеді. Ол арманға ішпеймін!

—Неге?

—Мен «бақытымды тапқам».

—Бұл осыдан үш жыл бұрынғы сөз!

—Біреудің жылын санап, сәуегей болма!.. Іш!.. Екеуміздің кездескеніміз үшін ішейік, жарай ма?

—Жарайды!

Екеуі соғысып, ұзақ ұрттап жұтты, жұтып жатып біріне-бірі қарап күлімдеп қояды...

—Дәмеш, енді жай-жапсарды айтшы: неғып жүрсің? Қайдан келесің?

—Жоқ, әуелі сен айт: не көрдің, не білдің?

—Жоқ, сен!

—Жоқ, сен айт!

—Жарайды, онда мен-ақ айтайын. Онда жүректесті бір сөз: редактор саған неге келді?

Дәмеш сақылдап күлді.

—Маған кісі келтірмейін деп пе ең?.. Сен мені баурап барасың, кімсің өзің?.. Қайыр, между прочим, ол — сүйкімді де білгір... Сені фельетон ғып газетке жазам деп материал жинап жүр. Рас! Бірақ, мен ол бетінен қайтардым.

—Түсінікті. Баяғы «Қырық мысал!» де.

Қайыр звонок соғып, официанткаға тағы бір бутылка шампан алдырды.

Әңгіме тиегі ағытылып, кең арнаға түсті.

Қайыр Москвада, Орталық партия Комитетінің пленумы на қатынасқанын, онда бірінші хатшының сөзін тыңдағанын, тәптештеп, түгендеп айтты.

—Пленум маған үлкен әсер берді, Дәмеш! Бүкіл пленум мүшелері бір адамдай бір мәселені: коммунизмнің техникасы қандай болу керек, соны шешті. — Қайыр сөзіне Дәмеш ықласын сала тыңдады. Көзі күлімдеп, әлде нені есіне алғандай.

Қайырдың жүрекке түйгені:

Өзінің ұшқан ұясын кім жақсы көрмейді. Осыған сәйкес қазақ металлургия зауытының келешегіне Қайыр да көз жібереді: ертең құрышты адам құймай, машина өзі құйып, өзі ағызатын болады... Шахта салу, пешті үрлеп жандыру, құрыш құю процестерін радиоэлектрониканың күшімен істейді. Зауодтың телевизиялық орталығынан бір-ақ адам әмір беріп, бақылап отырады. Керек десе күніне қай пеш, қанша құрыш құяды, қанша тонна болат шықпақ, оны да есеп машинасы есептейді...

—Бұл қиял емес, ертеңгі зауодтың бейнесі. Бүгін басталған ертеңгі күн!..

—Ақылыңды есіңе түсірген екен!.. Әзірше ниетің де, сөзің де дұрыс.

Қайдам... Ертең ағанды көргесін тағы бұзылып қап жүрмесең... Мұндай ерен өзгеріс түгіл, менің жеңіл қолды ұсынысымды да іске асырмадың... Әйтеуір ертең газетке шықсаң маған өкпелеме!

Қайыр күлді.

—Дәмеш, сен қызықсың... Менің орнымда отырсаң бұлай демес ең... Сенің ұсынысыңды іске асыру үшін қаражат, уақыт керек! Ертең ақша шығарам, уақыт өткізем, ол пайда бермейді, жастар орындамайды. Кім жауапты?.. Жарайды, барысымен бұйрық берейін, өз жауапкершілігіңе алып істейсің бе?

—«Өз жауапкершілігің?..» «Ақсақ қой түстен кейін маңырайды» деп Құрышпай атам мақал айтатын... Енді кеш қалдың, жолдас!

—Қалай? — Қайыр түсінбеген пішінмен бадырая қарады Дәмешке.

—Қалай?.. Мен енді ол зауодқа бармайым. Шықтым... Манағы ағасының үйіндегі сөз Қайырдың есіне енді түсті — келген бетте тілінің ұшына кеп еді, басқа әңгіме киіп кетіп, мидың бір қалтарысында қала берген-ді.

Қайыр оқиғаның қалай басталғанын, немен тынғанын толық түсінді. Мүсілім ағай түлкі шалысқа сап, көптен аңдып жүріп, Дәмешті қақпанға ақыры түсірген екен. Атақты қазақ суретшісінің полотеносын Қайырдың бір көргені бар: Ауыл. Өзен. Жар. Құйрығын бұлаңдатып жардан сығалап бөрі тұр. Қой құдық басында жусап жатыр да, таяғын беліне ұстаған қойшы қараша үйге қарай кетіп барады... Ар жағын өзің шеш. Қойшының қарасы жоғалысымен қасқыр қойға шабады. Бір тоқтыны арқаға салып ап, зытады... Мүсекең дәл сол бір қасқыр сияқты: Қайырдың кетуін күтіп тұрып, Дәмешке азу басқан... Қайырдың ең налитыны, Мүсекеңе өкпелейтіні: қыздан інісінің көңілі барын, дәмеленіп жүргенін анық біледі... Біле тұра санаспауы, Қайырды басынғаны. Жарайды. Қыз кінәлі-ақ болсын. Сонда директордың келуін күтпей ме? Е, айтысайын деген екен!. Семсер көтерген семсерден қаза табады, дейді орыс алқы.

—Менің шешем қазақ мақалын көп біледі. Соның бірі — алыстан

шабынған ердің қайраты қайтады дейтін, сырттан кіжінбейік! Ертең қайтып барып, бұрынғыдай екеуміз де іске кірісейік! — Жүрек түбінде тырналап жатқан қара мысықты сездірмей, Қайыр Дәмешке ақыл салды. — Совнархозбен келісіп істемеді дейсің бе?.. Кеше мен болдым: «Бастық Москвада, соны күт!» деп немқұрайды айта салды... Мұнда да келмеуші едім, бригада мүшелері: «Біз үшін қуынып, әділдік табыңыз!» деп қолтығымнан алып, автобусқа зорлап мінгізгендей болды. Бір жағынан Асқар ағам да: «Сен бармасаң, мен барам!» деп ерегескені. — Дәмеш шампан толған бокалға үңіледі: балық көздей жылтыраған алтын көбік бірі жарылып, бокал түбіне батып, енді бірі жаңадан туып, мөлт-мөлт етеді. Дәмеш басын кенет көтеріп:

—Кел, жақсы ниетің үшін! — деп соғыстырып, дем алмастан жұтты. Дәмештің қысылмай өз еркімен ішкенін Қайырдың көргені осы. Бұрын қыстағанда ұзақ кеште бір бокалды әрең тауысатын. Әлде нерві жұқарып, қамығып жүргендік пе...

—Қалалық партия комитетіне неге бармадың?

—Бардым. Сені тос деді!

—Дұрыс қой... Енді несі бар қипақтайтын...

—Жоқ, мен о кісіден қорқам!.. Бас аманда кетейін... Бәрібір ол шыдатпайды!

—Неғып жасып отырсың, Дәмеш?.. Баяғы заман жоқ, жала жабатын...

—Е, сен о кісіні әлі білмейді екесін. — Дәмеш Асқар мен Мүсілім арасындағы болған оқиғаны Қайырға түгелдей жеткізді. Қайырдың көзі бақырайып, астыңғы ерні салпиып, үрейленіп өңі бұзылды. Бұл — көзді ашып жұмғанша болған құбылыс. Іле Қайырдың бет әлпеті қайта өзгерді — тасырайған үлкен көзінің жанары от шашып, қарқылдай күлді.

—Бір кездегі ауру ғой, оның емі табылған. Енді жұқпайды, қорықпа! — Қайыр қыздың жұмсақ ұзын саусақтарынан ұстап жібермеді, жүрек сырын да сол қолы арқылы айтып, түсіндіргісі келеді, бірақ тілі құрғыр дәл баспай, керексіз бір сөздерді айтады.

—Қайтасың, Дәмеш!

—Жоқ, қайтпаймын! — деп қыз онан әрі ерегеседі.

—Ұсынысыңды кімге қалдырасың?

Бұл сөзге келгенде Дәмеш үндемейді, дәлелі де, себебі де таусылған сықылды. «Енді осының жыры бітті ғой» дегендей түрегеп барып, радиоқабылдағышты бұрап, Алматыдан концерт ұстады. Самал желдей сүйкімді музыка жүрек лүпілдетіп, қиял тербейді, Дәмештің әсері ме, қанды қыздырған шампан ба, Қайыр елтіп, осы бір ән сазын беріле тыңдайды.

Музыканы жақсы да түсінетін, өзі де ән шырқап, рояль тарта білетін Дәмеш қосылып, қоңыр дауыспен ән салды... Бибігүл емес, Қайырға нышалап Дәмеш айтқандай:

Жүрегіме әмір беріп, Билеп алып кетпедің... Қайтесің сен өкпе теріп, Ұғуға әрең жетпеді!..

Ол ұзын кірпігін құс қанатындай самғай қағып, ерні күлімсіреп, әнін шырқай берді.

«Жүрегіме әмір беріп...» деген жол Қайырдың миына атқан оқтай қадалды. Әнге елтіп отырған қызды Қайыр бас салып, қапсыра құшақтап ернінен сүйді. Ұзақ жылғы құмартқан ынтықзарын, сағыныш пен қуанышын ұққандай Дәмеш те егіліп, ернін тосты. Мүмкін о да осы бір мезетті талай күткен де шығар? Махаббат уыты қанға тарап, тән шымырлатып, екеуінің есін алды. Ақыл күшімен жолы кесіліп, ноқталанып келген бездер желіден ағытылып кеткен құлындай қанды лайлап асыр салады...

Қыз есін бұрын жинады, Қайыр құшағынан босанғысы кеп, тыпырлап көріп еді, темір шеңбермен қысқандай тырп еткізбеді. Қайырдың көзі буалдырланып ештеңе көрмейді де, елемейді, есінен адасқан сықылды, не істеп не қойғанына есеп те бермейді, Дәмешті балаша көтеріп алған, көзін, ернін, маңдайын сүйе береді, сүйе береді... Кішкентай номердің ішінде дөңгеленіп жүр: қызды біреу тартып алып кететіндей ұрлана құшып, қоярға жер таба алмайды. Дірілдеп, алаулаған ерні: «Күнім!.. Айым!.. Сәулем!.. Жаным!» деп күбірлеп, сыбырлап айтады. Дәмештің көзі жұмулы, Қайырдың бүкіл қимылын, құрмет-қадірін, күйініш-сүйінішін сезінгендей, қанша мезгіл уақыт өткенінен хабары жоқ, о да шала мас. Әбден маужырап, рахат тапқандай, Қайырдың құшағында ұйқтап қалды... Қайыр бетіне қызыға таңданады: шынымен ұйқтап қалғаны ма... Талықсып жатыр ма?.. Егер шын ұйқтаса, Қайырды сүймегені! Сүйсе жүрек тулап, қаны тасып ұйқы бере ме?.. Әлде шампан басына шауып, елітіп, есін алды ма? Ал, қыз Қайырдың қолында, қақпанына түсті. Қазір кереуетке сап... шешіндіріп... өзі қасына жатады... Құшақтап сүйеді... Но. Бұл Қайыр арына сия ма? Біреудің әлсіздігін пайдаланып, күш жұмсау, ұятқа қалдыру—адамшылық па? Мүмкін, қыз Қайырды сынап жатқан болар? Көзін ашып, жақтан тартып жіберсе... Өзі өкпелі Дәмеш біржола ат құйрығын кескені ғой? Өзі құмартпаса... Ондай іске қадам басу—арсыздық, сүймеген адамды, олай көндіруге Қайыр бармайды! Сүйсін қыз Қайырды. Сонда... Қайыр білетін Дәмеш болса, қасақана қайтер екен деп сынап жатыр!.. Міне қол-аяғы бір уыс, бала сияқты Қайырдың алдында жатыр. Қандай сұлу, көрікті қыз! Ернінің үлбіреп, «сүй!» деп тұрғанын...

—Дәмешім! — Қайыр шыдамай ерніне төне бергенде, қыз киіктей атып тұрды.

«Бәйге көк» атанған есік пен төрдей көк «Волга» жер апшысын қуырып, ағызып келеді. Машинамен бірге Дәмештің де ойы зымырап, бірде қарлығаштай алдын орап, бірде қырғидай, аспанға шарықтайды. Машина артында тоңазыған кісідей бүрісіп қолын қусырып Дәмеш отыр, кабина терезесін сыпырып тұрған «сібірткіден» көзін алмайды. Өткінші жаңбыр сабалап, долдана құяды.

Ертесімен Қайырдың «Победасы» келіп еді, оған мінбей қалып қойды, ондағысы — өзімен өзі ақылдасып ой-тілегіне, арман-қиялына жаңадан бір өрнек тігіп, қызықтамақ. Қыздың әшекейсіз күні бар ма, қолымен тоқымаса, қиялымен тоқиды. Өткен түні не болды? Дәмеш соған өзінің арының алдында жауап беруі лайық...

Шампан ішті... Қайырмен сүйісті... Құшағында маужы рап жата берді... Содан басқа күнәсі бар ма? Өмірінің осындай кезеңін ыңғай аңдып тұратын — «ар» аттас әжесі бар, миының қатпарында бір көзін жұмып, бір көзін ашып, қалғып-мүлгіп отырса да, бәрін көреді. Және сол аяғы тайса, басын шайқап: «Әйәй, ұят-ай!» деп табалай бастайды. Сол әжесі Дәмешті бүгін тағы да алдына әкеп жүгіндіріп қойды. «Сен жиырма алтыға келгенше, не шарап ішпедің, не бір жігітке сүйдірмедің, бүгін сені не қара басты?..

Жасым келіп қалды деп қорықтың ба? Немесе, жапа шегіп жүріп, жүгеніңді босатып алдың ба?» — деп Дәмештің жанын шыбықтай шабақтайды.

Ішсе несі бар? Дәмеш күйеуге тимей, кәрі қыз атанып қалғысы жоқ, әжесі басын қатырмасын!.. Ерегіссе, ертең-ақ Қайырға тиіп алады! Рас-ау, Қайыр кімнен кем? Сымбатты десең сымбат ты. Ұзын бойлы, тіп-тік, қырат мұрын, ашық маңдай... бойында Дәмешке ұнамайтын бір сипаты — шадыр көздеу. Онда да томпақ емес, сәл сыртқа тебіңкіреп тұрады. Кейбір әйелдер, ондай көзді «ашуланшақ адамда кездеседі» деп те атайды, кім білсін, әзірге Қайырдың мінезі — Ораз құйған құрыштай!..

Қайырдың көзіне қарап үйлеспей жүрген жоқ-ау... Бір кезде Дәмеш студент шағында, түн өрінде: «Менің ғұмырлық досым сенсің!» деп түсінде жастықты құшақтаған күні де болған... Артынан ол қиялдағы махаббат қана болып шықты.

Өткен түнгі Қайырдың мінезі де, сөзі де көз алдынан кетпейді: оның қылығы, сөзі, күлкісі жарыққа үймелеген шыбындай, ойламайын десе де, ызыңдап мазасын алады... Жас баладай көтеріп, әлдилеп... жан тербейтін

ыстық сөз айтқан Қайыр ма? Енді кім? Дәмеш ауру шығар, осы сандырақтап отырған жоқ па?

Дәмеш іштей өзін-өзі мазақтай күледі: баяғыдан бері ұнамай келген Қайыр, бір-ақ түнде жүрегін билеп алған несі? Көз қарайғандық па?

Жоқ, олай деуге болмайды. Дәмештің мінезі аумалы-төкпелі, көңіл тұрақтамай сан рет құбылып, кімнің ұнайтынын өзі де білмейді, ізденіп аласұрады... Дәмеш үйінің алдына келгенде, іштей бір мықты түйін жасады: Қайыр Дәмешке адал, әйтпесе, кеше бір сыр білдірер еді... Дәмешті бір адам жақсы көріп сүйсе, ол — Қайыр!..

VI

Дәмеш келіп қала ма деп ертесімен біраз күтіп, базардан ет сатып әкеп, дайындаса да Асқар қарсы ала алмады. Қалалық партия комитетінің хатшысы Базаров машинасын жіберіп шақыртып алдырды.

Ұзақ жылдар сарғая күткен мерзім жеткен екен. Асқар апылқұпыл киініп, шашын тарады да, Ван Ванычқа: «Мені Базаров шақыртқан көрінеді, анада приемына жазылған едім. Дәмеш келсе қарсы аларсың!» деп жылдамырақ басып, машинаға отырды. Қолы дірілдеп, көңілі толқып, жадына ештеңе кірмей, әнеугіден бері: «Мені айт — мені айт!..» деп тынышын алып жүрген топ-топ ой, үркіткен құстай жан-жаққа бытырай ұшты. Он жеті жыл дамылсыз, үзбей телеграф лентасы тәрізді қиял-ойын, шерсырын, арман-тілегін жазып келген миы кенет тоқтады. Асқар баспалдақтан қинала көтерілді. Хатшының алдында отыратын көмекшісі: «Кіріңіз, тосып отыр!» деді.

Асқар басы зеңгіп, шеке тамырлары білеуленіп, солқ-солқ етеді, өңі бір қызарып, бір бозарып, ұзын кабинетпен жүріп келеді, екі көзі стол басынан тұрып, қарсы аяңдаған Базаровта; аққұба, сопақ бет, жылы жүзді мосқал еркек, жымиып қолын созды.

—Жолдас Сағатов?.. Салметсиз бе?.. Отырыңыз! — Базаров орындық ұсынды. Тағы да қайта-қайта Сағатовтың жүзіне үңіле қарайды: «Самай шашыңызға шық түскен-ау тегі, ештеңе етпейді...» дегендей. Асқар да көңіл божысын тежей ұстап, жанжаққа бытырап кеткен ойларын қайта құрастырды, баяғы шерлі сырды лақ еткізіп төкпек. Бірақ хатшы оған жібермеді:

—Қалай, жақсы тынығып отырсыз ба? — деп бұрын білетін, көрген адамдай өзі сөз қозғады.

—Рахмет, енді қызметке кірсем бе деген ойым бар, зеріге бастадым! — Асқар әңгіме аяғының басқа арнаға ауысқанына онша риза емес, сондықтан

болды ма, әйтеуір дауысы дүңкілдеп, басқа біреулердікі тәрізді естіледі.

Хатшы да Асқардың толқып отырғанын сезгендей, жымыып:

—Қызметке асықпаңыз!.. Әлде курортқа барып келесіз бе? — деді.

Асқар да жымыып, бойын кең салып, жайлана отырды.

—Күзге қарсы барам ба деп жүрмін. Дәмеш: күні ертең барсаң, путевка тауып берейін дейді. Оған елді сағынып қалсам керек, әзір ешқайда барғым келмейді! — Асқардың көзі Базаровтың алдында жатқан «Казбек» папиросына қадалды. Көптен тартпай, қойып кеткен-ді, дәл қазір соған құмартып тартқысы да келеді. Оны Базаров байқап қалды, қақпағын ашып: «Тартасыз ба?» деді. Шылымның осындайда бір пайдасы — бойың ширап, ақылың кіреді! Шылымды қабына бір-екі сорып, Базаровқа көз тоқтатып «Енді маған рұқсат беріңіз?» дегендей қарады.

—Ғафу етіңіз, Василий Федорович, мен бүгін туған партияның есігін ашқанымға қуанып, көңілім босап отыр!.. Мен осы бір кезеңді адал күткен едім, көрмей өліп кетем бе деп, қауіптенген күнім де болды. Шын тілеген екем, арманымға жеттім! — Асқардың көзіне мөлт-мөлт етіп жас іркілді. Қымсынып, ұялған Асқар жоқ, орамалымен көзінің жасын сүртіп, сөзін қайта жалғады. — Мен бүгін Теміртау қалалық партия комитетінің хатшысы Базаровқа келдім деп отырғам жоқ. Мен туған партияма: тарихи әділетті орнатқаны үшін, шындыққа көзін жеткізгені үшін, адал адамды ақтаған үшін рахмет айтуға келдім!.. — Базаров орнынан тұрып, Асқардың қолын қысты.

—Жігер-қайрат мұқалмай, ар-намысқа кір жуытпай келу —ерлік! — деді Базаров тағы да қолын сілкілеп.

—Менің айтпақ сөзім бір қапшық болатын. Аузын буып, лықылдатып дайындап жүргем. Бірақ бір ауыз сөзіңізден кейін керексіз екенін жақсы ұқтым.. Тек жүрегімнің қабына орап, қасқырдың аузынан, сұмырайдың тырнағынан аман-есен, сақтап әкелгенім бар. Ол — мынау! — Асқар қызыл шүберекке ораған партия билетінің бос тысын алып, ішін ашты да, уқаланған, сарғайған, бір жапырақ қағазды ұсынды, зерде сала қараған адам:

«Партиялық билет номері...» деген жазуды оқиды, нольден әрі цифрлар көмескі, жарыққа апармаса, адам танымайтын. Базаров аңырайып Асқардың бетіне қарайды: «Бұл не?» деген сұрақты айтпай-ақ ұқты.

—Бұл соғыстан бұрынғы менің партия билетімнің номері.

Соны пленге түскенде тіліп ап, аман алып шықтым!

Ертесімен жауған жаңбыр күн еңкейе басылып, бұлт астынан жарқырап күн де шықты. Алтын арай сәулесі маңдайшасы дөңгелене келген биік терезеден еденге шашылды.

Асқар мен Базаров екі сағаттай әңгімелесіп, сағат үшке таяу келген Асқар, сағат беске таянғанда шықты. Базаров қолын қысып, есікке дейін шығарып сап:

—Сіздің партиялық стажыңыз жайында, обкоммен сөйлесейін!.. Оған қапа болмаңыз! — деді.

Бүгін Асқар өзін туған ұясына қайта қондым деп есептейді. Партиясыз өмір Асқарға — өгей, тұлсыз өмір, әуелі пионер, одан комсомол, одан коммунист болған Асқар құнды да бағалы өмір тек қана ұлы Ленин партиясының қатарында деп ұғады... Осы қуанышын Айшаға тарту қылса қайтеді?

Ораздың мертіккені Асқарға сылтау болды да, емханаға жиі қатынады. Әуелгі бетте Ораздың еміне қоян-қолтық араласпай, сырттай бақылап қана жүрді. Дәрігерлер бірінің ісіне бірі араласқанын жек көреді. Сондықтан да Асқар ақылын Айшаға айтып, сол арқылы Ораздың еміне араласты. Асқар Айшаға барғысы кеп, аңсайды да тұрады. Айшаны көрмесе көңілі жабырқап, бірдемесі жетіспегендей, беймаза болады. Он бес жыл күні-түні ойының қызығы да, жүрегінің кілті де болған Айша әлі күнге дейін ең жақын досы, ғашық жары секілді. Өзімсініп, кейде іштей таласып өкпе айтса, енді бірде, ақыл қосып сырттай иемденіп жүреді. Асқардың өмірі — аяғы «Пері қызына» кездесетін Ақан серіге ұқсайды — қиялында өмір сүреді. Асқар қазір өткен шағына көз жіберіп қараса, үйлену түгіл қыз сүйіп серілік құруға да мұршасы келмепті. Асқар мектепте оқып жүргенде: ойын-сауық, футбол, білім — кітаппен шұғылданып, бос кештерін соған жұмсады. Маркс айтқандай ғылымның биік шыңына апаратын сұрлеу — соқпақпен талмай өрлеген адам ғана көтерілмей ме? Енді бітіріп жаңа кемеліме келдім бе дегенде, ағасы мен жеңгесі апатқа ұшырап, кішкентай Дәмеш жетім қалды, соны асырады, ана орнына ана болды, енді ол: есін жаңа жия бергенде, соғыс киіп кетіп, қайғы-қасірет жан азығына айналды. Майдан... Тұтқын... Гестапо... Маутхаузен... Теміртау... Сибирь... Тайшет... Емхана! Міне өмір жолы осы!..

Шынында осы Асқар сүйе де білмейтін шығар-ау? Өмір бақи өзі өз болып, сүйген қызы Айша-ды! Сондықтан махаббат жайлы жақсы қиялы да, өкініш-арманы да, тілек-зары да сол Айшамен байланысты.

Айша емханадан табылмады, шығып кетсе керек. Сол жерде тұрып, оның үйіне телефон соқты. Кешке қызметке оралар ма екен?

Телефонда әуелі қыз баланың дауысы: «Кім керек?» деді де, Айшаны

шақырды.

—Ия, мен! — деді ол.

—Айша? Мен Асқар ғой. Емханада тұрмын. Кешкі обходқа келесің бе? — Асқар іштей өзіне-өзі ренжіді: біреудің тышын алып... Күйеуі үйінде отырса, жанжал шығарады-ау?..

Айша: «Қолың бос болса өзің келіп кет!» деді-ау?.. Бармаса қайтеді? Жоқ, Асқар Айшаның мінезін жақсы біледі: тағайынды да ұқыпты, әрдайым ұят келмейтін жағын көздейтін адам. Сенді де барды.

Пәтері кең де жарық екен. Еденін лактап сырлаған. Іші толған жасау, әсіресе, қонақ үйі бір жиһаз: рояль, телевизор, радиоқабылдағыш, тақта, қабырғада ілулі масаты кілем, үй ортасында шашақты жібек дастарқан жапқан стол.

Үстінде жеңі шолақ, алқымы ашық атлас халаты бар, алдынан қарсы шықты.

—Жақсы келдіңіз, үйден дәм татудың ретін таба алмай жүр едім! — деді Айша күліп.

—Айшажан, мен анада «сіз» деме, баяғыдай «сен» де деп тілек еткенім қайда?

—Оған әзірге ауыз бармай тұр ғой!.. Мына келе жатқанды қайтесіз? — деді көз қиығымен кіріп келе жатқан он жасар қызды нұсқап. Талдырмаш, бойшаң, Айшаның өзінен аумаған ақ сары қыз бала иіліп сәлем берді. Әдептісін — Айшаның тәрбиесі ғой!

—Қандай тамаша бала едің, бері келші, маңдайыңнан иіскейін!

—деді Асқар қолын созып. Айша:

—Бар, Софьяжан!.. Әнеугі мен айтқан ағаң! — деді баласына. Бала сүйкімді де ашық мінезді екен, жатырқамай, Асқардың мойнынан құшақтап:

—Сіз менің мамамды он бес жыл бойы іздепсіз ғой? — деді ол. Айшаның балаға не айтқаны енді белгілі. Ас үйге кіріп, қайта оралған Айша баласының сөзін естіп қалса керек-ті:

—Салғаннан сондай сұрақ қоя ма екен? Оңашада, кісі жоқта сұрамайсың ба? — деп күлді. Софья да наздана күліп:

—Мама, мен сіз жоқ деп ойладым. Ғапу ет! — деді үлкен кісідей.

—Ия, жаным, мен сенің маманды сонау мұхит теңізінде, Байқалда, Сибирьдің тайгасында жүріп іздедім.

—О, онда неғып жүрдіңіз елге қайтпай? — Балаға енді жалтарып жауап беруің қиын. Шынын айтса түсінбейді. Не деу керек? Асқардың қысылып отырғанын Айша да сезді де балаға:

—Жарайды, Софажан, сен өз бөлмеңе барып, кітабыңды оқы. Кейін өзім

айтып берем! — деп қызды шығарып жіберді. Бірақ, секіре басып, әндетіп кеткен бала Асқар жүрегіне шоқ түсірді. Бұл Асқардың баласы болу керек емес пе еді?.. Асқардың жүрегін біреу қолымен қысқандай, тынысы тарылып, өңі қашып отыра берді.

—Асеке, сіздің бір жеріңіз ауырғаннан сау ма? — деп Айша үрейленіп, Асқардың көңіл түйткілін аңғара алмады.

—Кешеден бері бір шаншудың қадалып жүргені! — Асқар сыр бермеді. Жұқа жерінді сездірме!

—О, онда бір рюмка спирт ішіп жіберіңіз. Шаншуға мың да бір шипа, — деп Айша буфеттен бір графин спиртті әкеліп столға қойды. Өзіне де, Асқарға да аздап құйып:

—Айтқандай, сізге ішуге болмайды екен ғой! — деді.

—Жазылдым ғой, Айшажан! Қазір басым ауыратынын қойды. Елге қайтқасын ауру дегенді ұмыттым! — Асқар күліп, Айшаға жалынды көз тастады: — Менің емім сен ғой!

—Мен емге жарасам әлі де құнды екем! — деді әзілдеп Айша.

—О не дегенің? Он бес жыл қиялымда мәпелеген, өміріме жұлдыздай жарқыраған Айшамен, көріп отырып айрылғым келмейді!.. Сен маған баяғыдан да ыстықсың!

—Асеке, соңыңыздан қалмай жүрген қиялдан туған елес шығар, ертең менен де әдемі, жас қыз өміріңізге күннің көзіндей жарқыраса, мен сияқты көлеңке жоқ болады, — деп Айша әзілдеп күлді де, қабағын шытып: — Арамызда қазылған ор бар, содан секіру қиын ғой, қайтесіз өткенді жаңғыртып.

—Жоқ, мен секірем, өзіңді ойла! — Асқардың Айшаға айтпақ боп келген сөзі бұл емес еді; Базаровпен екеуінің кеңесі, қызмет жайы, медицинадағы өзінің жаңа ойлары да. Ал қазір сөзден сөз туып, әңгіме басқа бір арнаға түсіп кетті.

—Сізді, — деп Айша аз бөгеліп, ақсия күлді, — Мүсіліммен татуластырам деп жүрсем. Директор Москвадан қайтса керек, сонда кеткен еді... Егер ол қазір кіріп келсе, қайтер едіңіз?

Асқар орнынан салмақты тұрды.

—Мен кетем, Айшажан!

Айша да тұрды.

—Сіз сондай су жүрек пе едіңіз? — Айша әзілдесе де, сөз оқыс айтылды. Өзі артынан сезді білем, жалпақтап, — қалжың ғой, Асеке! Сіздің жүректі мен түсінем! — деп жайып-шуды.

Асқардың енді бұл үйде қалғысы жоқ, Айшаға: «Шығарып сал!» деп өзімен бірге көшеге алып жүрді. Қас қарайып, ымырт жабылған кез. Асқар

бұрынғыдай жатырқаған жоқ, бүгінгі әңгіме екеуінің арасындағы мұзды ерітіп, жақындастыра түскендей, ер сөйлескенше! Айшаны қолтықтап ап, жарық көшемен келе жатыр. Жас әйелдің тығыршықтай денесі оттай күйдіріп, жанын балқытып, сөнген сезімдерін қайта қоздырып, Асқарды мас қыла бастады.

—Сен Мүсілімді шын сүйесің бе? — Асқардың аузы кеберіп, қайта-қайта түкірігін жұта берді.

—Жасырма! Адалын айт!

—Сүйсем ше?

—Жоқ. Сен сүймейсің!.. Егер сен соны сүйсең... — Асқар аз мүдіріп, сөз тыңдады: — Сүйсең де, мен сенен айрылмайм, өмір бойы соның көлеңкесінде жүруге саған ант берем! — Айша алақанымен Асқардың аузын жапты, «тек» дегендей. Асқар Айшаның алақанынан сүйді.

— Асеке, сен... сіз мені қинап келесіз. Бұдан былай ондай сұрақ қоймаңыз!..

—Әнеугі менің берген дәптерімді оқыдың ба?

—Оқыдым!

—Менің көрген азап-бейнетіме көзіңді жеткіздің бе?

—Жеткіздім.

—Менің ақ екеніме енді сендің бе?

—Сендім!

—Айша! — Асқар жаны қиналып, қаттырақ атады. — Ендеше не деп тұрсың?.. Мені жазықсыз айдатқан пасық адаммен қалай тұрасың? Жоқ, сен сүймейсің, бұл жалған! — Ай жарық еді, көзінің жасы мөлт-мөлт етеді «аясайшы мені!» дегендей жалына қарайды Айша. Ерні күбірлеп:

—Ол менің күйеуім емес, баланың әкесі! — деді.

Асқар шап беріп, Айшаны айқара құшақтап, бетіне бетін тақап, дірілдеп-қалшылдап:

—Ол бала менің балам болуы керек еді!.. Ол — зұлымдықпен сені алдап торға түсірді. О балаға енді әке мен болам! — Тісінің арасынан қысылып шыққан сөз сыбырға ұқсайды. Айша жұлқынып, құшағынан босанып ап, «жоқ-жоқ!» деп жүгіре жөнелді. Асқар екі иығынан демін ап ентігіп, орнында тұрып қалды...

Көпұзамай Асқар қызметке орналасты. Көлдің шығыс жиегінде салынып жатқан «Қазақстан Магниткасы» деген құрылыстың бір емханасына бас дәрігер қып жіберді.

Теміртау қаласы төрт жік: Теміртаудың қазіргі металлургия заводы бар ескі қаласы оған жалғас — «Соц. қала» — біркелкі төрт қабат ақ тас үйлер, өз алдына бір төбе; одан әрі Қарағанды баратын жолдың жиегінде, тау

етегінде жастар қаласы; дәл көлдің шығыс жақ жиегінде — Магнитка; ол — алдына бір төбе, күн сайын жайылып өсіп барады. Магниткадан үш шақырымдай жерде салынып жатқан домна. Алыстан: Москва өзенінің жиегіне орнаған отыз үш қабат үйдей, анадайдан адырайып, шойын мойны аспан тірейді.

Жергілікті халық бұл жаңа қаланы — «Шығыс» деп атайды. Оқтай түзу, о шеті мен бұ шетіне көз жетпейтін заңғар көшенің орта шенінде — алаң. Дәл алаңға қарсы үш қабат тас үй — Асқардың емханасы.

Асқар келіп бас дәрігердің кабинетіне кіргенде, бірсыпыра дәрігерлер жиналып, тосып отыр екен. Тегі хабарлаған ба, бәрі орындықтарынан тұрып, «хош келдіңіз!» деп қарсы алды. Асқар салмақпен қол беріп, амандасып, әрқайсысына көз тоқтатып, сынай қарады. Топты бастаған сом денелі, қартаң, хирург әйел, оған таяу — шоқша сақалды көзілдірікті, халатын салақтау киген — терапевт, «бос минутымда шылым тартып қалайын» дегендей, саусағының арасынан шылымы көрінеді; тапалдау келген рентгенолог әйел күлімсіреп, сыр тастай қарайды... Асқар кезеккезек қолдарын қысып, «көз... құлақ... мұрын... жүрек... нерв...» әр мүшенің мамандарымен танысып шықты.

Басына орамалын шаршылап тартқан жасамыс әйел жап-жаңа ақ халатты әкеп кигізді де Асқарға «рұқсат етіңіз бастауға!» дегендей, ибалы қылықпен иілді де, топты бастап, емхананы аралады...

ТӨРТІНШІ БӨЛІМ

I

—Қанша ұйықтадым, апа?

—Бір сағаттың шамасы, тұр енді! Ванный жағып қойдым, шомылып ал. Біреу-міреу келіп те қалар...

Қайыр атып тұрып, қолына орамал алды да, ваннаға барып, рахаттанып, балаша шолпылдатып, ұзақ шомылды. Қайран менің өз үйім, кең сарайдай боз үйім! Арқасы кеңіп, көңілі жайбарақат тапты. Жол соқты, одан түні бойы жөнді ұйқы көрмей, қалжыраған Қайыр, іс-міс жоқ, келе төсекке құлаған-ды. Түсі қандай әдемі? Жатқан романтика! Ертең кездескенде Дәмешке айтуы керек. Не дер екен? Қайыр түске сенбейді, әйтпесе, шалдар құсап алдағы өмірін болжап, осыдан бір түйін жасар еді. Шешесіне айтса ше? Кемпір әлі баяғы пікірінен қайтпады ма екен? Тегі Қайырдың сөз райын аңғарғаны тәуір-ау. Ертең Асқарға Дәмешті үйіне шақырып жақындаспаса, аралары суып барады.

—Қайыржан, үйрек боп кеттің бе? Заводтан телефонға шақырып жатыр, не деуші ең? — деді Ақмарал ванный есігінің сыртынан айғайлап.

—Он бес минуттан кейін қайта соқсын де! — Қайыр түкті ақ жаймамен үстін сүртіп, пижамасын киіп, ванныйдан шықты да, шар айнаның алдына барды. Шашын тарады. Толқыған майда қара шашы да лезде құрғап, үлпілдеп шыға келді. Баласын сағынған анасы шашын қалай тарағанына дейін сүйсіне қарап, желке тұсында бақылап тұр екен, айнадан бейнесін көріп қап, Қайыр сөз бастады.

—Апа, Ораз мертікті дей ме?

—Қойшы, сол есерсоқ немені!.. Басын жұтады, үстіп жынданып жүріп!..

—Қалай, қазір?..

—Жатыр дейді емханада!

—Бармадыңдар ма?

—Ажар тамақ апарып беріп жүр...

Телефон тағы сылдырады. Қайыр телефон құлағын көтерді.

—Аллоу... Иә, мен!.. Ә, жақсымысыз. Рақмет!.. Мақұл. Бір сағаттан кейін... Дәмеш келген жоқ па?.. Жарайды! — Іліп қойып, сақалын қыра бастады.

—Бұл кім?.. Әлгі Мүсілім бе? — деді құлағын тігіп тұрған Ақмарал.

—Жоқ, Серегин ғой... «Кел!» дедім, шай бар ма, апа?

—Дәметжан Алматыға әне көшеді, міне көшеді десіп, жұрт алып қашып жүр еді... — деп Ақмарал аржағын айтпай, бөгеліңкіреп, баласына сөз тастады.

—Дәмеш ешқайда кетпейді... Жақын арада ағасы екеуін үйге шақырып дәм татқызу керек. Осыған қам жасаңыз! — Қайыр әдейі түсін суытып, қарсы дау-сөз айтқызбай бақты. Үні де қаталдау шықты.

Қайырдың әнеугі Москваға жүрер алдындағы дауысы, бетін қайтарып тастаған ба, шешесі баяғыдай дөң-айбат шегіп, ызғар көрсете алмады.

Ернін «сылп» еткізіп, бір тартып жүре беріп, қайта бұрылды.

—Қайыржан, әлгі Мүсілім де аға боп, жаны ашып жүруші еді, бірге қоса шақырасың ба? — деді Ақмарал көзін қадап.

Қайыр қабағын шытады.

—Жоқ, болмайды. — Ақмарал қайтып сөз айтпады, ас үйге кіріп кетті.

Мүсекеңнің кім екенін, шешесі әлі естімей жүр ғой.

Кім айтса — сол келеді, «Ассалаумәлейкүм!» деп Мүсілім кіріп келді.

Әдемі киінген, жүріс-тұрысы пысық, сөзі «ой бауырымнан» басталады.

Қолтығынан түспейтін жаңа портфелін босаға жақтағы бұрышта тұратын үш аяқты киім ілгішке іле салды да, әдетінше мүйіз көзілдірігін түзеп, Қайырдың қолын қысты.

—Бауырым, есен-саумысың! Мұнда, жеңгей екеуміз сыртыңнан тілек

тілеп... — Қайыр Мүсілімнің шұбыртпа сөзінің кәдірін біледі, ар жағына құлақ қойған жоқ, бөліп:

—Жоғары шығыңыз!.. Айша жеңгей, Софа бәрі де жақсы ма?

—Жеңгең тың ғой, жөпшенді ауру ала қоймас! — деп Мүсілім қарқылдай күлді. Қайыр ол боғауыз айтқандай жирене тыржиып:

«сөзің қандай дөрекі!» дегендей радиолды жүргізді, ұзақ ойнайтын пластинкаға жазылған Төлебаевтың «Коммунизм оттары» деген симфониялық поэмасын ойнатты. Мүсілімнің: «Ау, інім, Москвада талай қызықты көрдің-ау!» деп аузының суы құрып, тамсанған сөздерін елең де қылмады. Жақсы көретін композиторының музыкасына жанын бөлеп, қиялын ұштайды. Төлебаевтың осы бір поэмасын тыңдағанда, Дәмеш екеуінің көлдің аржақ жиегінде тұрып, Теміртаудың келешек бейнесін елестеткені есіне түседі... Музыка ырғағынан сол қиялы қайта туып, көз алдына тағы да оралады.

Ертең!.. Коммунизм оттары сәулетті де салтанатты. Қырымда Аю тауының желкесіне шығып Қара теңіз жиегіндегі Ялта қаласының тамаша бейнесіне Қайырдың таңырқай көз суарғаны бар. Сонда.. Сонда теңіз қабағы доғадай иіліп Қара теңіздің қаракөк теңбіл суын құшағына алады...

Құшағы жетпейді. Сыймайды. Мрамор қабаққа жағалай қадаған электр шамы жылт-жылт етіп, көз нұрын тартады... Төлебаевтың поэмасынан туған Ялтаның осы бір сәулетті көрінісі, ертеңгі Теміртаудың бейнесімен ұштасып жатты...

Ойға шомып тұрып қалған Қайыр есін жиды. Ас үйдегі Ақмарал мен Мүсілімнің күбір-күбір сөздері бірде естіліп қап, бірде сыбырға айналады. Мүсілімнің шешесіне жақындығы Қайырға ұнамайды. Шешесіне ой тастап, сыр жеткізіп, жүретін де осы «ағасы» ма деп қалады.

—...Үйленетін түрі бар дейсіз бе?.. Сонда кім?.. Баяғы Дәмеш пе?.. Ой-бай, атама!.. Қалыңдықты оған өзім таптым. Әйел боп Дәмеш жарытпас, еркек шора ма, бірдеме! — деп талай сұмдықтың басын бір қылттып, дәл тазының күшігін қойнына тығып ап бір көрсетіп, бір жасырып: «Қандай тамаша! Жоқ, бермейім!» — деп қызықтырған аңшыдай, шешесін азғырып тұрғанын көрдің бе?.. Сөйткенше болмады, Қайырдың қасына жетіп кеп: —Қайыржан! — деді қиқарсыған жылы үнмен: — аға мен інінің арасына базналық жарасқан. Атамыз қазақтың бір дәстүрі. Сені өзімсініп, бір істі мойныма алып тұрмын. Айт десең айтам?

—Айтыңыз!

—Айтсам, жеңеше бері келіңіз!.. Иә, мен Қайыржанға қалыңдық таптым...

Медицина институтын бітіріп, жақында осында келді, дәрігер қыз...

Қайыр «Әзілдеп тұрған жоқ па?» дегендей әуелі таңдана қарады да,

артынан көлгірсіп тұрған сиқын сезіп, зілді сөзбен басып тастады.

—Мүсілім Сапарович, пожалуиста, менің қамымды жеменіз, мен өзім бірдеме қып тауып алам! Көзім соқыр, мұрным пұшық емес!

Мүсілім жалт беріп бұрыла қойды.

—Қайтер деп сынау үшін айтсам, ашу шақырғаның не, Қайыржан? Түсінбедім!.. Жеңешемнің көзі тірі кезінде бір немере иіскетуің-ата-бабамыздан қалған мирас...

—Апам өзі біледі, менің неге үйленбей жүргенімбді. Қайыр сөзінің бір ұшын шешесіне тіреді. Ащы сөздің әрі өрістеп бара жатқанын сезген Ақмарал ызғарлана:

—Жарайды енді, жетеді!.. Екеуің де менің қамымды жемендер!—деді де ас үйге кіріп кетті.

Үй ішінің ауасы бұзылып, демалыс тарыла бастағандай. Қайыр балконды ашып, сонда шықты. Соңынан Мүсілім бірге шықты.

—Қайыржан, сапарың сәтті болды ма, не бітірдің, орталықтан әкелген жаңа тәлім, жаңа бағыт бар ма?

—Қайырдың ішінен шалып ала алмаған соң «ағасы» басқа әдіс қолданды, сырт жағынан қапсыра ұстады.

—Әуелі сіз айтыңыз, заводта құрыш көп пе, қоқыс басым ба?

—Әдейі ишаралап тигізе сөйледі. «Бірдеме сезіп тұр-ау, шешесі жеткізбеді дейсің бе?» дегендей Қайырдың көзіне о да үңіле қарады, не ұққанын өзі біледі.

—Қоқыс көп! — деді, — баяғы Сағатованың сменасы үлкен аварияға ұшырап, завод шығында қалды!.. Қалалық партия комитеті бір жағынан, совнархоз екінші жағынан, өзімнің есімді шығарды. «Ай, күннің аманында бұл не авария?», «Бұл не масқара?» деп күнде шақырады, күнде ұрсады...

—Иә, тексердіңіз бе?

—Тексергенде қандай? Салақтық. Барып тұрған жауапкерсіздік!

Қайыржан-ау, өзің айтшы сол қыз келді цехқа, пәле орнады. Құрышпаевтың бригадасы ол құрып кетті. Цехқа барсақ — ахаха-уахаха жұмыс қалады, бәрі соны қоршап ап, қылмындайды да тұрады. Қазақ қызы инженер боп, мартенде құрыш құюшы ма еді, тәйір! Әлек те! Сонымен саған ұят келмесін деп бар ауырлықты өз мойныма аударып әйтеуір лажын тапқам.

—Иә, қалай?

—Сағатованы техкабинетке бастық қып жібердім. Бұрын министерствода істеген, оған қолайлы сол орын болар дедім. Базаров та соны мақұлдады!.. Бірақ ол Алматыға кетем деп жатса керек... Екеуің бірде тату, бірде араз едің, саған жек көрінішті боп қалам ба деп тағы да қыпылдайым... — Ар жағын созбай тына қалды. Қайырдың не сүйеме сөзін, не жақтырмаған сын

сөзін күткендей. Қайыр әдейі үндемеді. Бас инженер бұл сөзіне жауабын ертең заводта алады. Қазір ол-мейман, көңілін бұзып қайтеді. Қайыр үндемегесін, Мүсілім сөзін әрі жалғады.

—Өзің келерден екі күн бұрын мені обкомға шақырып, соған барсам жаңадан келген хатшы баяғыда министерствода бірге істеген ең жақын досым боп шықты... — Мүсілім «досым» деген сөзді наштеп мән бере айтады. «Ағасының» емеурінін Қайыр сезеді. Мүсекең аз кідіріп, дауысын кенеп ап, сөзін аяқтады. — Екеуміз біраз әңгімені шертістік... Сөз арасында сені де сұрап қойды... Әй, жақсы адам-ау. Майда жібек адам: «Ерулік бермеуші ме ең?» деп күледі.

Осының бәрін неге айтып тұр? Қайырға «Менің берген бұйрығыммен санас, әйтпесе, ертең обком мені жақтайды, өзің ақымақ боласың!.. Менің қолымда да күш бар!» деп ескерткені. Осы күнге дейін «ағасының» кім екенін Қайыр танымайды-ау... Ішіне шынтақ айналмайтынын, көзі тар екенін не ғып білмейді? Тоқта-тоқта, Қайыр! Кейде періп кетпе, құлап кетпе мінезің болушы еді, қайтып көрместей сөзге барма! Мүмкін, авария Дәмештің айтқанындай емес, заводқа зиян келтірген шығар? Мүсілімнің жаны ашып, әділ шешсе қайтесің? Сонда Қайыр Дәмешке сенбей, Мүсілімге сенгені ме?..

Тіліне ащы сөздер оралды. «Ағасын» алқымынанып, сілкілеп алса... Серегіннің, оған жалғас Күмісбектің келуі, Қайырды біраз пәледен құтқарды. Есендік жасасып, мәз-майрам боп жатқанда, бұларды күтіп тұрғандай Ақмарал шайға шақырды. Қонақ үйдегі дөңгелекүстелге жағалай отырған соң, Қайыр көрген-білгенін, орталық қаладан алған әсерін сөз қылды.

ЦК-ның пленумында естіген сөздері, басшы адамдардың ойлары, құлашсермесі, Қайырды таң қалдырды. Бұрын ондай мәжілісте болып көрмеген жас инженер, таң-тамаша боп, шешендердің әрбір қимылын аңдып, сөзін бақты. Дүние жүзінің қақ жартысында социализм орнап, совет халқы коммунизмге бара жатыр. Қайырдың жас кезіндегі «Коммунада остановка!» деп айтатын әні енді қиял емес, ертеңгі өмір сияқты.

Президиумда отырғандар коммунизмге алып бара жатқан «Совет өкіметі» атты алып тепловоздың біреуі машинисі, енді бірі инженері, тағы біреуі көмекшісі сияқты көрінді Қайырға. Әне, «Коммунизм қырқа астында!» деп пленум ауыр өндіріс командирлеріне жол сілтегендей.

Қазақ металлургия заводы сол тепловоздың бір бұрандасын құйса, берік құйса, үлес қосқаны емес пе? Халық алдында өз міндетімді атқардым деп Қайыр ашық айта алар да еді...

—Ия, адам шын бақыттымын деп сонда ғана айтуына болады!

—деді Серегин қуанған жайдары жүзбен Қайыр сөзін бітіргесін. Мүсілім үндемеді. Тұқырайып, шанышқысымен тарелкесін түрткілей берді. Қасындағы Күмісбек әзілдеп:

—Мүсекең екеуіміз қала қоймаспыз, билетсіз болса да, сол тепловозға жармасып байқармыз! — деп Мүсілімге қарады.

—Жиырма жыл қызмет атқарғанда бір билетке ие болмай есектің миын жеді дейсің бе?... Жоқ, үш жыл істеп бөрікпен соғып алуға бармаймыз, — деді Мүсілім Қайырды да, Серегінді де қатар түйреп.

—Бірақ жиырма жылдық стаж коммунизмге баруға мандат бола алмайды, жолдас Мусин! — деді Серегин. — Біздің заманда үш жыл істеп бұрын өтуі де ғажап емес.

Қайыр мен Күміспек күліп Мүсілімге қарады: «Енді не дейсің?» дегендей емеуірін білдірді. Мүсілім намыстанып, ашуланудың орнына бірге күлді, бірақ күлкісінде зіл бар:

—Әрине, жасымыз жетпей «базардан қайтарып» қойса, онда, әрине, бізге жол жоқ!

—Базардан қайтқан» біз емес қой, сіз базардың ішінде жүрсіз... Егер күшіңіздің азайғанын сезіп, «қайтам» десеңіз, әрине, ұстап тұрмаспыз. — Қайыр қабағын шытып, «сөзім әзіл емес, шыным» деген ниет білдірді.

Өткен күннің дәмі аузынан кетпей қымс етсе

«біз едік» деп артына қарай сөйлейтін Мүсілімнің әдеті. Бұл кісінің осы сайтанын тізгіндейтін кезек жетті... Серегин алдындағы коньякка толы бокалды әрірек сырғытып, қасындағыларға «Ішерміз, асықпаңдар!» дегендей ым жасады.

—Ұлы партияны басқарып отырған қайраткерлерден үлгі алып үйренетін уақыт жетті! Көрмейсің бе, эне, олар тыным таппай, бүкіл дүние жүзін шарлап, бейбітшілік, дарқан өмір үшін жанын қиып, өмірін сарп етіп жүр! Сол дарқан өмір кімге керек білесің бе, Мусин?

—Сенсіз де білеміз, жолдас Серегин! Бұл үй саған Мәдениет сарайы, немесе жиналыс емес, онан да Қайырдың сөзін тыңдайық. Мүмкін ол кісілерді сенен артық мен жақсы көрермін? — деді Мүсілім өңі қашып. «Қой, тап осы сөз шының емес шығар!» дегендей мысқылдай сылқ-сылқ күліп:

—Ә, солай ма еді өзі? — деді Серегин. Осындай сөз өршігенде баса қоятын Ақмаралдың әдеті, құлағын тігіп аңдып жүр ме, бұл жолы да дер кезінде бір табақ етті әкеп столға қойды...

Қонақтар тарай бергенде Ажар кірді. Оразға тамақ апарса керек, қолындағы сумкасын тастай беріп, Қайырдың мойнынан құшақтап, бетінен сүйді.

Қайыр Ажардың мінезіне ренжісе де, тетелес өскен қарындасы, жақсы көреді. Қайыр директор болмай тұрғанда екеуі сырлас та сыйлас еді, араларының алшақтай бастағаны соңғы кезде: дәреже Қайырдың көз етін өсіріп, мойнын жуандатып жібергені ме? Қой, Қайырда ондай мінез жоқ, қолы тимейді, завод өмірімен шұғылданып жүрген адамға кінә қоюға бола ма? Әйтсе де, адам өзін-өзі бақыламаса, тез «семіретін» көрінеді. Ажармен амандасып жатқанда Қайырдың басына осы бір ой келді.

—Ораз қалай?

—Жақсы!.. Өзіңді күтіп жатыр. «Сырым» бар еді дейді. Не сыр екенін, — Ажар бірдеме сезген кісіше күлімсіреп қарайды Қайырға.

Қайыр заводқа ерте келді. Сағынып қалған тәрізді, кез келген жұмысшылармен қол алысып амандасып, денсаулығын сұрап, бір-екі ауыз әзіл де айтып, көңілдерін көтереді. Завод қақпасынан бірі кіріп, бірі шығып жатқан машиналарға да «не тасып жүр?» дегендей көз тастайды. Осы заводтың иесі есебінде жаны ашиды. Қайырды бұрын мұндай сезім билеп көрген емес. Москвадан тауып әкелген қасиеті ме, Қайыр жоқта завод ойсырап қалды дей ме? Қайыр ондай «кеуде қағатын» тәйтік сөзге аузы бармайды әлі жас, шаруашылықты зерек түсінетін тәжірибелі директормын деп өзін санамайды... Запорожецстальдің меңгерушісі: «Заводты өз үйім деп қара да, завод үшін кімнің жаны ашыса, соның бетін қақпа!» деген-ді, мүмкін, сол бір сөз әсер етті ме, жас директор заводқа бүгін кейіген, жақтырмаған пішінде кірген жоқ, жайдары, ақ жарқын мінезбен кірді.

—О, директор келіп қапты ғой!

—Жас болса да ақылды ма дейім!

—Қайдам, ісі де өзі сияқты зор келсе...

Вахтердің алдында «рұқсат қағаздарын» көрсетуге иіріліп тұрған бір топ жұмысшылардың әзіл аралас күлкісінің шет жағасын сатымен завод басқармасына көтеріліп бара жатқан Қайыр естіп қалды. Бұл сөзден Қайырдың ұққаны: жұмысшылар директорды әлі жақсы білмейді, сырттай түр-әлпетіне, мүсініне баға беріп, жас кадр болған соң құрмет тұтып сыйлайтын сияқты. Бірақ «жақсы директор» деп олардан баға алу үшін жақсы еңбек істеп ұйыту керек. Жұмысшы халқы мақтауға сараң. Алдағы жетіжылдықта Қайыр заводпен бірге өспей, жақсы директор атағын ала алмайды. Қазір Қайыр кім?

Кабинетіне кірді де Лида Ивановнаны шақырып ап, Қайыр бұйрық жаздырды:

«...Бас инженердің бұрынғы бұйрығы бұзылып, Сағатова өзінің орнына смена начальнигі боп қайта бекітілсін».

—Жаздың ба? Машинаға бас та, бір данасын Сағатоваға жібер! — дедідте

телефонмен Серегинді шақырып алды.

—Оқы! — деді таяғына сүйеніп отырған Николай Ивановичке бұйрықты ұсынып. Ол көзімен сыдыртып өтіп:

—Дұрыс! — деді. — Бірақ ол совнархозбен келіскен болу керек. Ертең сенің бұйрығыңды қайта бұздырып жүрмесін?

—Обкомға барам!

—Обком оны қолдаса...

—Алматыға, ЦК-ға дейін айтысам.

—Өзіне айттың ба?

—Жоқ.

—Ертең ол себебін де сұрамады деп дәлел қылмай ма?

—Кеше үйде айтқам.

—Ол — үй де, бұл — кеңсе!

Қайыр Лиданы шақырып ап, бас инженерге жіберді. Көп кешікпей о да келді. Аса ықласты ылтипатпен амандасты.

—Мүсілім Сапарович, сіз инженер Сағатованы қызметтен дұрыс ауыстырдым дейсіз бе? — Қайыр баптап, салқын түспен сөйледі.

—Әлбетте өндірісті білмейді, тәжірибесі жоқ. Бұрын ыңғай кеңседе істеп үйренген.

—Бұл дәлел болмайды. Білмесе, үйренбей ме?

—Авария дәлел бола алмай ма? Авария қызметке салқын қарағандықтың салдары емес пе?

—Мұндай авария заводтарда болуы мүмкін ғой?

—Есінде болсын, жолдас директор, бұл бұйрықты келіскем! Бұзуға болмайды, — деді Мүсілім дауысы өзгеріп қатал үнмен, «енді салғыласуға да, дауласып айтысуға да кезек келді!» дегендей.

—Қызметке алу, қызметтен шығару директордың жұмысы!

—Ау, инженерді қызметтен алып, қызметтен шығаруды совнархоз бекітіп отыратын көрінеді ғой! Оны да ұмытпау керек!

—Ол жағын менің өзіме жіберіңіз... Келісе жатармын.

—Өзің біл! — Мүсілімнің сағы сынғандай мұңайып айтса да, аржағында зілі бар екенін, кетіп бара жатып білдірді: — Іс насырға шабады, Қайыржан!.. Завод жалғыз жайлайтын мекенің емес! — деді де есікті бір қойып Мүсілім шықты да кетті. Қайыр мен Серегин біріне-бірі аңырып қарап қалды. Қатар күлді.

—Чорт возьми! — деді Серегин, — қалай күш көрсетеді?

—Кеше біздің үйде-ақ күшін көрсетіп отырған. Шегірткеден қорыққан егін екпес!..

—Бұл кісі: «директор жас, жиырма жыл инженер боп істедім. Еңбегім

сінді. Енді маған ешкім қарсы келе алмайды. Аузымнан шыққан сөзім заң!» деп сынсыз қеткен бастық! — деді Серегин мұңлы шыраймен. — Аанада екеуміз осы Дәмеш үшін қатты керістік. Қазір маған атарға оғы жоқ. Базаровқа барып мені күнде жамандайды!..

—Не деп сонда?

—Айтуға сөз табылмай ма? Талай арыз жазып, жанжалдасып үйреніп қалған қу — жағам десе кір табады. Әнеугі Ораздың дұрыс пиғылын теріске айналдырған да осы. Базаровқа: «Серегин әкімшілік іске қол сұғады, дөрекі, қымс етсе тіл тигізеді, қызмет істеудің орнына өсек тастап, жұртты бірімен-бірін шағыстырады да жүреді!» депті. Базаров екеуміздің айтысымыз да осыдан басталды. Жаңа менің үндемей отырғаным сол. Дәуде болса бұйрықты мен бергізді деп кетті.

—Бас инженер қалай жүріп, қалай тұратынын ұмытып кетсе, үйретіп бағайық! Бұл мәселені әуелі партия жиналысына сап шешіп алайық. Коммунистер айтсын: кімдікі дұрыс, кімдікі бұрыс... ЦК-ның пленумына байланысты техника мен автоматика мәселесін завод көлемінде қалай шешеміз, соның баяндамасын қояйық. Базаровты да шақырайық. Серегиннің көзі жайнап, қозғалып, орнында зорға отырды.

—Тапқан ақыл! Өзім де осылай ұғып, сенің баяндаманды қоям ба деп ем!

—Жарайды, пленумда болған мен ғой. Өзім-ақ жасайын. Бірақ коммунистер күн бұрын біліп, белсене қатынасатын қыл...

Серегин кеткен соң Қайыр тосып отырған жұмысшыларды қабылдады. Бірі пәтер сұрайды, бірі басқа бір жұмысқа ауысқысы келеді: цех бастықтарының кейбір мәселені үстірт шешіп, кейбіреулерді ренжітіп алғандарын да айтты.

Қайыр әрқайсының жүрегіне кілт тапқысы кеп: біріне уәде беріп, бірінің тілегін табанда орындап, енді біріне ақыл берді.

Ұзақ күнге директор кабинетінің есігі жабылмады. Телефонда шырылдап біресе цех бастығын, біресе завкомды іздеп аласұрды да жатты.

Сағат алты жарымда ең ақырғы жұмысшыны қабылдап орнынан тұрғанда, Қайыр ұзақ күнге тамақ ішпегені есіне бір-ақ түсті.

Ертеңінде Лида Дәмешті шақыртып ап, қолына бұйрықты табыс қылды. Дәмеш келгенде, техника бөлімінде істейтін бірнеше инженерлер Қайырдың кабинетінде отыр екен. Қайыр орнынан тұрып Дәмештің қолын алып, амандық жасады. Техника бөлімінің бастығынан басқасы директордың ізімен орындарынан тұрып әдеп білдірді. Плабтон

Сидоровичтің белі шойырылып, төсектен жаңа тұрған беті еді, күлімсіреп басын изеді.

Дәмеш Қайырға тура қарайалмады, арғыкүнгімейманханадағы екеуінің оңаша отырғаны есіне түсіп, ұяты бетіне шоқтай басылды. Қайыр да Дәмештің қысылып отырғанын сезгендей назарын Платон Сидоровичке аударды.

—Айтқандай, Платон Сидорович, сіз Сағатованың проектісін не істедіңіз?.. Москваға кетерде сізге табыс етіп ем ғой өз пікіріңізді дайындап қой деп?

— деді Қайыр негізгі мәселесін тастай беріп.

—Пікірімді жазып, бас инженерге бергем!

—Менің өзіме табыс етіңіз! — деді де Дәмешке қарап: —

Маған бірдеме айтайын деп келдің бе? Бұйрықты оқыдың ба?

—Алдым міне қолымда. Сонда бүгіннен бастап па?

—Бұйрықта айтылған жоқ па екен?

—Бүгіннен депті... Совнархозбен келісіп алдың ба?.. Ертең тағы қайта бұзылып... Мен үшін өзің сөзге ұшырап...

Қайыр сүйсінген пішінде:

—Дәмешжан, сен үшін мені орнымнан алса, арманым жоқ, екеуіміз қол ұстасып баратын жер табармыз. Оған уайым жеме! Бүгінгі сменаға шығуға дайын болғайсың... — деп жүрек тербейтін жұмсақ дауысына ықылас-ниетін сыйдыра сөйледі.

—Жоқ-жоқ. Қайта цехті сағынып жүрмін.

—Онда бүгін шық!.. Соңыра өзім кіріп кетермін!

Дәмеш ауызғы бөлмеде отырған Лиданың қолын қуана қысып, үйіне қарай жүгірді... Дәмеш құрыштың ауыз қуыратын дәмін, ыс исін сағынды. Бұрын цехта жүргенде осы бір өзгешелікті жөнді сезбейтін, арасына уақыт салған соң аңсай бастады. Дәмеш әуелде қате жасаған Институтты бітірісімен өндірісте істесе, көп тәжірибе алып, ендігі диссертация да қорғап алуға мүмкіндігі болушы еді... Жоқ, Дәмеш енді цехтан басқа жерде істемейді... Қайырға риза! Дәмеш бұрын Қайырды мұндай батыл, досқа жанын салады деп ойламап еді. Мақтаншақ, менменшіл жігіт пе деп ұғатын. Ол ұғым неден туды екен? Орыстың адамды тану үшін бір пұт тұз жеу керек деген сөзі осы-ау? Бір пұт тұзды бітіргенше қанша жыл өтеді екен, ә?

Дәмеш жалғыз Қайыр жайында ғана қателескен жоқ. Әнеу күні Серегин не деді? Оңашада ойланып соған жауап тапты ма? Бұрын құрыш құйып көрмеген инженер келе сала, ат үстінен меңгеріп алып кетпекші де болды. «Институт бітірді, қалтада — диплом, және үш жыл министерствода істеді, несі бар?» деп кеуде қақты. Не деген ұшқары ой десейші? Институтты осы пештің аузында тұрып бітірген сияқты. Дәмеш өзіне сын көзімен қараса,

заводта бірінші рет істеп отыр. Қарт инженерлермен ақылдасса, мастерлермен, құрыш қорытушылардан үйренсе, тез жетіліп кетер еді, бірақ оларға жолаған Дәмеш жоқ. Коллективтің сый-қадірін бағалай алмай қалды.

Дәмештің коллективпен қоян-қолтық келе алмай қалуына досжарандары, керек десе, ақыл айтқан сол Серегиннің өзі де кінәлі. Ол өзі де мойнына алды ғой сол жолы. Келісімен: «О, министерствода істеген, көп біледі. Дәмеш Сахиевна, Дәмеш Сахиевна деп қолға түсірмей көтермелеп, дандайсытқан біздің өзіміз деген жоқ па». Ал, Дәмеш те өзінің кім екенін ұмытып, дақпыртпен шаба беріпті. Мүмкін, әлде, Серегин айтпаса, Дәмеш осы күнге дейін өз қатесін сезбес пе еді?.. Жоқ, енді Дәмеш білекті сыбанып тастап, пештің аузында құрыш құюы қажет. Әйтпесе?..

Тамағын ішіп, киімін ауыстырды да, Дәмеш заводқа барды. Алдымен Құрышпайға жолықты. Шалдың басында құрыш қорытушылардың брезент қалпағы, қолында көсеу, қолқанаттарына әмір беріп, пештен кокс ағызып жатыр екен. Цехтың іші алтын нұрға бөленген ертегідегі алтын сарай сияқты. Цех түбінде жүрген адамдардың түс-әлпеті де ерекше: шашына дейін алаулап жанып жатқан секілді.

Дәмеш Құрышпайдың қасына барды.

—Ата, немене, жұмысқа шықпай жатып, кокспен алысып? —

Дәмеш әзілдей сөйледі.

—Е, балам-ай, өмірде не көп қоқыс көп. Негұрлым қоқыстан тезірек айрылсақ, солғұрлым коммунизмге тезірек жетеміз, — деп Құрышпай да қулана жауап қайырды: — Сен, Дәмешжан, кеше маған «Қартайғанда цехқа неге бардың?» деп ренжідің ғой. Міне, көрші, сен өзің инженер емессің бе, кокс көпіріп жатыр ғой. О неден? — Көзін Дәмештен алмай жауап күткендей.

Дәмеш енді шын қысылды.

—Көміртегі көбейіп кеткен болар...

—О да дұрыс, балам. Мәселе көміртегі неге көбейеді? Соны айтсайшы?.. Осы пешті бізден бұрынғы қорытқан бригада шихта салып жатқанда, пешті суытып алған. Қызуды күшейте түсудің орнына бәсеңсіткен. Дәу де болса, біздің Ораз да осындай шалағайлық қып, ұтылып отырғаны сол! «Жақсы кокстың астынан жақсы құрыш шығады» деп қарт құрыш қорытушылар неге айтты дейсің.

—Ата, осы кокс сұйық емес пе? Дәмеш көк көзілдірігін киіп көз жібереді.

—Жоқ, қайта қою ма деймін... Байқап қадағалап тұрмасаң, жастар ғой, жіберіп алады. Сенің де көзің әлі үйреніп дағдыланған жоқ. Авария жасап ап жүргенің де сол!.. Оқасы жоқ, өзімнің қасымда біраз болсаң, баулиым,

— деді шал анадай тұрған Гена мен Қуанға қарай аяңдап. Дәмеш шалдың соңынан сүйсіне қарады.

Жетпіске таяп қалған әкесінің баласы орнына тұруы — асқан ерлік.

Баласының намысын жыртып, долы жалынмен алысуы — қарт қайратының молдығы. Сүйегі қандай асыл. Жасынан әбден шыныққан ғой.

Кеше Құрышпай мен Иван Иванович екеуі Дәмешті ортаға ап біраз әуреледі. Қартайғанда адам алға ұмтылмай, ыңғай өткенге көз жібере ме дейім, екеуінің сөзі сол өткен шақ болды да қойды.

«Жастар жақсы-ақ істейді-ау, бірақ алаңғасар, байыбына жетпей қолды бір-ақ сілтейді» — деп, бірсыпыра Оразды сөз ғып мүйіздеп алды. Ораздың орнына «өзің бар!» деп Құрышпайды итермелеген екінші шал. Намысқор-ақ: «Жалғыз Ораздың бригадасының абыройы емес, тұқым қуалаған құрыш қорытушылардың абыройы, бригаданың қалайда сағын сындырмау керек» — деп бірін-бірі итермелеген сықылды. Ораз албырттығымен жараланды, ондай қылық жас кезде жиі кездеседі. «Ертең әлгі Ығламбек секілдінің біреуі герой дандайсып, бригаданы басқара алмай, тартып алды деп жүрсе өлім емес пе?» деп бірін-бірі қостады. Ораз емханадан қашан шығар екен? Дәмеш Қарағандыдан келгелі Оразға барған жоқ, қолы да тимейді, Құрышпайдан сұрайтын екен: Ажар қатынаса ма екен? Ақылсыз Ажар, орынсыз қызғанам деп, Ораз бен Дәмеш арасын қайта жақындастырып алды. Қазір Қайыр екеуі Дәмеш қиялында тайталасып бірін-бірі ала алмай жүр, аспанда таласқан екі қыран сияқты. Өткен жазда сурет көрмесінде бір әдемі пейзаж көргені бар-ды. Қыран үйректі қуып барады. Үйрек сасқаннан өзін-өзі көлге тастап жібереді. Сол бір сәт оқтай атқан лашын үйректі қуып бара жатқан ақтұйғынның жолын кеседі.

«Менің көлім, сен неге билеп-төстейсің?» дегендей, түйіліп топшысымен соқпақ. Әне, ұрды-ау дегенде, тұйғын шалқалай жата қап тырнағын сермейді... Дәмеш жүрегінде осы екі қыран сияқты Қайыр мен Ораз күнде соғысады.

Дәмештің қасына Гена мен Қуан келді.

—Дәмеш Сахиевна, әуелі, цехқа қайта оралуыңызбен құттықтап қояйық! — деп Геннадий желдіре сөйлеп, күліп Дәмештің қолын қысты.

Шүйіркелесіп, әңгімелесуге уақыт болмай жатыр — Дәмеш екеуінің қолын кезек қысты.

—Кеша қайда?

—Ол пешке шихта төгетін машинаға мұльдені іліп жүрген болар... Біздің ішімізде үнсіз жұмыс істейтін сол ғой! — деді Қуан жымыып.

Цехтің гуілінен бе, бұлар Құрышпайдың қай жағынан келіп қалғанын да сезбей қалды.

—Сөзді доғарыңдар! — деді шал ызбарланып. — Инженер, бұларды бөгеме!.. Кейін-кейін!

Геннадий мен Қуан тым-тырақай қаша жөнелді. Дәмеш күлді:

—Ата-ау, енді амандастырмайсың ба?

—Какой саған амандық, құрыш қорытып жатқанда? Денеге қан құйып жатқанда дәрігерлер сөйлей ме? — деді шал, көзін шүйіріп. — Бот, сол ендеше! Ел денесіне қан жіберіп жатқанда сендер де сезінулерің керек!.. Аанада бригада не ғып нашар істеді десем, сені басынып алған екен. Енді білдім! — Шал шағып алды. Дәмеш атасының сөзіне өкпелемейді. Үйреншікті. «Әкей ұрыспасын, ұрысқаннан таяқтап ұрғаны артық!» деген Ораздың сөзі Дәмештің есіне түсті.

II

Ораз марлімен қаптаған терезенің алдында, балдаққа сүйеніп мұңайып отыр, өңі — жүдеу, қиялы жазғы сағымдай бір жақындап, көз алдында діріл қағады. Кейде қиялы өңімен ұштасып, біреулердің дауысын да ести ме, қайтеді?

Емхана ауласына еккен жас бақша біртіндеп алыстай берді, аумақты экранға айналды Алматының Горький атындағы паркі Сай-сайдан сарқырап аққан көктемгі тасқын судай аллея-аллеямен сылдырай күліп, ағылып жатқан қыз бен жігіт көк кептердей күбірлесіп, жан сырынан ләззат алғандай. Енді бір сәт дүркірей ұшқан топ үйректің қанат серпісіндей ән де кенет шарықтайды. Парк іші әсем де көңілді!.. Ораз жүріп келеді... Зәулім тоғайдың қолдың саласындай сыңсыған шыршасы мен қарағашы, бәйтерегі мен емені, қарағайы мен қайыңы Ораздың алдынан, бірі сарғыш алтындай, бірі жасыл гауһардай, енді бірі қызыл лағыл асыл тастай жапырақтарды шашудай шашады. Сентябрьдің орта шені. Ораз әрқайсысын бір көтеріп, иіскей, тастап келеді... Жүрек кептеген қуаныш: жаңа ғана бүкіл Қазақстан жастарының алдында «Ораз Құрышпаев атақты құрыш қорытушы, герой!» деп мадақтап, аспанға көтерді. Комсомол съезіне жиналған делегаттар ду қол шапалақтап, таныстары Оразға бұрылып, күлімдеп: «Сен! Сені атады!» дегендей.

Ораз күрсініп, көзін уқалады. Парктің орнында емхананың кішкене бақшасы. Мүлгіп тұр. Шыршаның бұтағында сарғыш безектеп, шықылық атады. Оразды келемеж қып: «Сен де атаққа ие болдың-ау!» деген сияқты. Жоқ-жоқ, о кезде Ораз жан-тәнін аямай бар ықыласын сала еңбек еткені айқын! Оған күмән келтірме! Ал жарайды, сендік, сонда коммунистік еңбек бригадасының атағын алмайым деп неге сөзге іліктің?

Ораз көзімен емхана бақшасын шарлап шығып, сонау көкжиекте шөккен

өркеш-өркеш көгала бұлтқа барып қонақтады. Бұлт етегі өртеніп, қып-қызыл шоққа айналған. Жоқ, ол теңеу дәл келмейді, көкжиекке қызыл барқытпен көмкерілген түскиізді керіп қойған сияқты. Ар жағынан кереге көз бұлт саңлауынан күн сәулесі сығалайды. Ораз суретші болса, осы бір бояудың түсін қағазға түсірер еді. Құрыш қорытушы, аңшы, шофер Ораз, енді суретші болғың келді ме? Дәмең зор-ау, әр немеден? Ораз жұрт көзінде: «дандайсыған», «көзінің еті өскен», «жүгенсіз кеткен» де болар, ал өзінше — олай емес, Ораз нашар істеген жоқ, сабасына қарай піспегі. Әй, енді аман-есен осыдан шықса ма?.. Үйдейтіні, соңғы толғап жүрген ойлар осы емханада піскен тәрізді. Бір ай бойы түн өрінде сол бір ойды талай шым-шырғасын шығармай, бұрап-бұрап шиыршық атқызды. Ол — құрыш қорытудың жаңа әдісі. Бұрын Ораз көп нәрсенің байыбына жетпей, салдыр-салақ, асығыс істейді екен. Жете ойласа, операциялардың арасын созбай, жақындатып, уақыт ұтуға болады екен! Бұл жайында Дәмешпен, Қайырмен ақылдасқаны да жөн-ақ. Емханадан шықса-ақ қолға алар еді. Дәрігерлерден күнде сұрайды: «үйге қайтар!» деп, рұқсат бермейді. Өзінше тәуір сияқты. Әй, бірақ, бейнетті көрді-ау, енді аңға шықпас!

Ораз жараланғалы бірсыпыра уақыт өтті. Сол аяғының ұршығы шығып, оң аяғының жіліншігі шатынап, бел тамыры жаншылып қалса керек-ті.

Ұршықты орнына түсіріп, оң аяғын гипске салды. Бірақ бел тамыры шойырылып, қозғалтпады... Бір келгенде Асқарға: «Беретін кеңесіңіз бар ма, бұл күйде ұзақ жатып қалатын түрім бар...» — деген-ді Ораз. Тегі Асқар Айша апайға айтқан ба, ертеңінде беліне укол арқылы новокаин жіберді. Содан бері тәуір!

Ораз емхананың дәлізіне шықты. Бүгін — туыстарымен кездестіретін күн. Ораз іштей асыға күтеді. Әсіресе, ұлын сағынады. «Папалап» жанында жүгіріп жүргенінің өзі қуаныш екен. Болатсыз Ажардың өзі келді.

—Денің сау ма? — Ораз селсоқ амандасты. — Болат қайда?

Неге әкелмедің?

Ажар қызараңдап, кінәлі адамша қинала сөйледі:

—Кешеден бері сырқаттанып жатқаны.

—Дәрігерге апардың ба? Қай жері ауырады?

—Аяғына шеге кіріп кетіп, жүре алмай жатыр, атасы жұмыста, қарайтын кісі жоқ.

—Сен өзің ше? Ораздың тілінің ұшына: «шешеңмен қосылып ап, өсек соққанда сондайсың, жалғыз баланы қарауға мұршаң келмеді ме?» деген сөз оралып еді, аяды. Айтпады. Екеуінің арасы әлі алшақ. Ажардың жазықсыз Дәмешке тиіскенін, үйден кетіргенін Ораз ұмытпайды да кешірмейді. Тек ауырғаннан бері Ажарға аздап іші жіби бастады: күндіз-

түні келіп, тамақ әкеп, жаны қалмай жүр. Өзі жүдеп те қалды. Қызғаншақ мінезі болмаса, Ажардың ұқыптылығы, кісі күтуі, тазалығы көп әйелдерге дес бермейді...

—Әкей үйде ме? — Ораз не дерін білмей аузына түскен сөзді сұрай салды. «Не айтып тұр?» дегендей Ажар Оразға таңдана қарады.

—Қайда болушы еді, жұмыста!..

Оразда тағы да үн жоқ. Вестибюльдегі дөңгелек столда қазотын еккен шар аяқ тұратын, Ораз соны тамашалап, иіскеlep, не айтарын білмейді.

Ажар да тамақ салып әкелген сумкасының құлағымен ойнап, ауық-ауық Оразға мұңды көзінің қиығын тастап: «Не болды саған, осынша қатайып, бір ауыз жылы сөзің жоқ па?» дегендей.

Ажар деп соқпайтын жүректі Ораз қалай зорлайды? Жоқ, бес жылдан аса жолдас болған серігіне Ораз жүрегінің соқпауы мүмкін емес. Өкпе шығар.

Ажар сияқты сүйкімді де нәзік, Ораз десе жанын қиюға дайын зайыпты тастап, баласын тірі жетім қыла ма? Көрдің бе әне, Ораз-ау! Екі көзі жаутаңдап, саған қарай береді!.. Барып, қолынан алып, бетінен сүйсейші! Жоқ, Ораз ондай сайтанның азғыруына көнбейді. Ажар жап-жақсы семья боп отырған үйдің қиюын кетірді. Қайта жамасын. Одан бері-де, атама!..

Сау етіп, дабырығып бір топ адам кірді. Топ алдында Дәмеш, оның соңында Ораз бригадасының мүшелері — Геннадий, Қуан, Кеша. Ораз да орнынан тұрып үлгерді. Дәмеш бас сап құшақтап бетінен сүйді.

Қалғандары да қолын қысып, мәз-майрам болды. Дабырлап, жарыса амандық сұрасқаннан кейін, қайтерін білмей, кетіп қалудың есебін және таба алмай, анадай жерде бүрісіп отырған Ажарды байқады. Кеша оған басын изеді, Гена мен Қуан қол берді, Дәмеш те салқын амандасты.

Ажарды әдейі аңғармағандай, келгендер қысылып қалды. «Бар болғыр, өзі де қушықтай, жуырманда, көзге түсе қоймайды!» деп Геннадийдің жолдастарына айтқаны бар-ды, сол есіне түсті ме, Қуан жымыып теріс айналды. Ораз Ажарға көз тастады: қып-қызыл, беті шиедей, булығып, төмен қарайды, тегі көзіне жас та іркілгендей.

—Көрдің бе, Ажар сені сағынып жүдеп қапты! — деді Геннадий әзілдеп Оразға. Қуан мен Кеша қолпаштай күлді. Ажар жақтырмай тыржың ете түсті. Ораз езу тартып жымыып, Дәмешке қарады. Ол «Ажарды білмейім де танымайым!» дегендей өз бетімен тұр, қолындағы Оразға әкелген кітабын ашып әр жерінен бір оқиды.

—Ісің не болды? — Ораздың Дәмеш Қарағандыдан қайтқалы толық мәліметі жоқ та, Дәмеш Қайырдың ақылымен қайтып кеп іске кіріскенін тегіс баяндады.

—Директор осы жігіт деймін! — деді бір бүйірден сүйсінген Геннадий. —

«Аудың» мүйізін бір қаққан екен!

—Сен «аудың» бүгінгі кокстай көпіргенін естісең, көзің жамандық көрмесін... — деп Қуан мұрнын шүйірді.

—Қой, өй?.. Не болды тағы?

—О кісі де солай қатты ашуланушы ма еді? — деп Ораз бен Кеша қатар жарыса сұрады. Дәмеш Геннадийден көзін алмайды.

—Мен түсте заводқа келсем, шофері бір жерге кетіп қалған ба, әйтеуір кешігіп кепті, жерден алып, жерге салмасын ба! Өзінің түсі суық, өңі қашқан. Әлденеге аптығып жүр!

Дәмеш езу тартып, мысқылдап:

—Қайыр тамағынан өтпеген сүйектей кесе көлденең қадалып тұрып қалған да!.. Қайыр мен емес! — деді.

Дәмештің Қайырды көтере сөйлегені Оразға ұнамайды, іштей қызғанады.

Дәмеш бұрын ыңғай кекете атап, Қайырды жақтырмаушы еді. Өзгеріп қапты ғой...

Ағасы мен інісі араларынан қыл өтпейтін тату еді ғой? Ораз Дәмештен көзін алмайды: егер де қыз жүрегінде көлдің суындай махаббат тұнса, Ораздың осы сөзі лақтырған тастай оның бетіне әжім түсірмей ме?

—Все течет, все меняется! — Дәмеш күлімдеп. Ал бұдан Ораз не түсінеді?

—Бұл тегі мен үшін туған іріткі де! — деді Дәмеш Оразға.

—Сен шалдың қимылын естідің бе? — деді Ораздың ойын бөліп Геннадий. — Саған алдынала бірнеше ұпай беріп жіберді! Күшті-ау өзі!

—Қалай? Жұмбақтамай айтсайшы! — Ораз Геннадийдің асыра сөйлейтінін біледі.

—Жұмбақсыз дейсің бе, құп-ақ! Ол сенің шихта салуыңа да, қорытуыңа да қарсы. Өзінше істейді. Мысалы, менің миыма қонады! Ар жағын қайтесің... Сөзге Дәмеш араласты:

—Біз: «Шалдар — ах, миы қатайған қазымыр!» — деп қолды бір-ақ сілтейміз. Ол — қате!.. Өмірде көргені көп, солардан үйренейік!

—Рас, ол шалдар-өмірдің азабын шегіп, рахатын тамашалаған кісі. Бірақ олар сол баяғы белгілі меженің төңірегінен аспайды. Ізденбейді. Ал біз іздеп, алға ұмтыламыз! — Ораз ақыл айттым ба дегендей қызарып Дәмешке қарады. — Мен нақыл сөз, немесе газеттен жаттап алғанымды айтайын деп тұрғам жоқ. Мені осы емханада тегін жатыр дейсіңдер ме? Ұзақ түнде ойлап-ойлап бір түйінге келдім: соны ақылдаспақ едім, жақсы жиналдындар. — Аз мүдіріп, ешкім үндемегесін, Ораз жағалай шолып өтті: — Айтайын ба? — деді.

—Ықыласымыз сізде, — деді Геннадий күлімсіреп.

—Біз осы күнге дейін уақытты дұрыс пайдаланбай келіппіз. Баяғы салып

алған даңғыл жол бар, сонымен тарта берсек керек. Пешке шихтаны толтыруда самарқау қимылдап, уақытты өткізіп алатын сияқтымыз. О кезде пеш суып қап, құрыш қорыту кейде сегіз сағаттан да асып кететін жәйі бар. Солай ғой?

—Бригадир жолдас, көбірек сөйлеп кеттіңіз! — деді әзіл араластыра Геннадий.

—Тетелес жақын операцияларды жарыстыра қатар жүргізсек дейім. Мысалы, құрышты ағызып жатқан кезде пеш ішінің босаған жерлеріне: төбесіне, артқы жағына заправка жасасақ, яғни тесілген жерлерін бітесек, сөйтіп, заправка аяқтай бастағанда пешке шихтаны екі машинамен қатар салсақ... Бұл бір. Бұдан біз қанша ұтамыз? Оны пеш аузында байқайық... Тұра тұр, Гена, мен айтып бітірейін! Өздерің білесіңдер: «Жақсы қоқыс алсақ, жақсы құрыш та аласың!» демей ме біздің мәтел. Сол жақсы қоқыс үшін күрессек!

—Бұ да ойға қонады, — деді Қуан.

—Қонуы қонады-ау, бірақ қанша уақыт ұтамыз? Соны айтсайшы! — деді Геннадий.

—Сабыр етіңіз. Сөзіңді бітір, Ораз! — деді Дәмеш таласты басып.

—Бітірсем: біз әдетте темір мен ізбес тасын алмастыра саламыз ғой, ол дұрыс, осының үстіне, ізбес тасын пештің ішіне жұқалап үйдім-үйдім ғып әр жерге бір төксек... Тез қорытылатын сияқты. Осы, Дәмеш, сен инженерсің ғой, ойланып көрші. — Ораз достарына қарайды: мақұлдап жақтай ма деп үміт күткендей. Жоқ, құшағын жайып, «ойбай, сенікі керемет!» деп тұрған бірі көрінбейді. Геннадийдің бір езуінде мазақ, көзін шүйіреді. Қуан бәтеңкесінің тұмсығын жаңа көргендей басы төмен салбырап, содан көзін алмайды. Кеша өз бетімен тұр. Жалғыз Дәмеш қана мақұлдаған сияқты, күлімдеп еліге ойланады.

Мыналарға не болған, осынша түнеріп?

—Ләқаула, сендерге не болды, ей? — Ораз жақын отырған Қуанды бүйірден түртіп қалды. Ол селт етті.

—Ә, не? — деп ойдан сергіді.

—Жаңа мен не дедім? Ораз бас боп бәрі ду күлді.

—Бәрімізге белгілі. Ізбес тас жуыр маңда қыза қоймайды... Сонсоң оның астында жатқан темірге де қызу жетпейді... Сондықтан... Не істеу керек дедің? Ар жағын ұқпай қалдым, — деді ол шыны ма, қулығы ма, кім білсін.

—Бәтеңке сатып алсам деп беймаза болып тұрғаныңды біз де сеземіз!

—Қой, ей! Оны қайдан білдің, Ораз! — деді ол жабыса түсіп. Тағы да ду күлді. Қатардағы есіктен сестра шығып: «тәртіп бұзбаңдар!» деп зекіп алды. Дәмеш орнынан тұрды.

—Ойыңды түсіндім, Ораз Пешті суытпай, қызуды көбейтіп, құрыш қорытуды тездетем, уақыт ұтам, уақыт ұтсам құрыш та тез ағызам дейсің ғой... Солай ма?

—Солай!

—Құп! Менің де іздеп жүргенім сол уақыт емес пе? Жарайды, мен ойланайын, қаншалықты ұтысың бар екен.

Ораз басын изеді. Бригада қопарыла көтеріліп, қоштасып, шығып кеткенде барып Ораз Ажардың әлі отырғанын сонда аңғарды. Қасына барды.

—Әлі отырсың ба? Болат ауру ғой?

—Саған ештеме керегі жоқ па? — Ораз Ажардың қолын қысып, жүрегінің жібігенін сездірді...

Бір күн өткен соң кешке жақын әкесі кеп, терезеден Оразды тысқа шақырып алды. Құрышпай бұрынғыдай емес, ысылып, етінен аздап айырылған ба, қалай? Сақал-мұрты аппақ. Ораздың апатқа ұшырағаны, үй-ішінің жанжалы батқан-ау... Өткен жылы жұрт таңданып: «Апырмай, Құрекең жап-жас, жетпіске таяу деуге ауыз бармайды» дейтін. Ораз ұятын мойнына алғандай: «Оразым ұл боп туды!» деп мақтанудың орнына, жарықтық бүкшендеп цехқа барып, әлі қолына көсеу ұстайды. Әй, Ораз-ай, сенің де адам сүйер қылығың жоқ! «Бетін шиедей қыл! Бас ұятын!» — деді іштей бір дауыс. Ораз осы сөзді әкесі айтқан жоқ па дегендей жалт қараса үн-түн жоқ, күміс жалатқан сүйек шақшадан насыбайын атып, шырт-шырт түкіріп баласы ойын бітірсін дегендей, баптана тосып отыр. Ораз қымсынып, не дерін білмей, шақшаны сөз қылды.

—Осы шақша тозбайды екен. Тегі, менімен жасты болар! — Ораз шашақты тығынын қолына ап, жіті қарады. Иіскеп, мұрнын тыжырды. — Фу! Осыны да атады-ау!

—Бұл шақша сенен де үлкен. Баяғыда біздің елде Қаскелең түбінде Мергенші дейтін сұғанақ, өсекші сұмпайы болатын-ды. Сол Ордабайдың кісесінен ұрлап ап, маған бір қойға сатып, артынан оған барып: «Ойбай, Құрышпай ұрлап алыпты, сонда көрдім!» деп атыстырып бір жаз «шақша дауы» атанған дау бүкіл елді дүрліктірген. Ол 1912 жылдар-ды. Сен қай жылы туып едің осы?

—Өзіңіз жаңылмасаңыз, 1933 жылғы деп жазылам.

—Сол дұрыс. Дәл сол бір жылы мен де құдай атып бұзылып, колхозға есепші боп келген татар қызын алам деп үйден безгем. Содан сенің шешең Халима марқұм бір күні: «Маған керегің жоқ, бүгін кетсең де еркің... Бірақ, балаларың өскенде жетімдікті саған кешірмейді» деді. «Балаларың кешпейді» деген сөз жүрегіме құсадай байланды да ақыры қойдым! Әңгіменің бір шеті өзіне тигенін Ораз да сезді. Шал көптен бері дөңгелетіп

қалай сөз бастаудың лажын таба алмай жүретінді, бүгін нысанасына іліндірді.

—Шешей соңыңызға түсіп аңдып, шатақ шығарды ма сонда?

—Жоқ! Жалған айта алмаймын. Обалы не керек, кең адам еді.

—Жақсы. Сізді о кісі ақылмен ұстады. Ал егер, ол күнде тіл тигізіп, жұрт алдында абыройыңызды төксе қайтер едіңіз?

Шал бір мұртынан күлімсірегендей.

—Онда ма?.. Онда, әрине, ат құйрығын кесуім ықтимал еді.

—Ә, олай десеңіз, маған сол ақылды неге бермейсіз? Көрмей отырсыз ба?

—О кездегі мен, бүгінгі сен емессің. Коммунист, герой, депутатпен 30-жылдардағы шала белсенді бір болып па? Сенің артқан жүгің көп. О кезде менің ұшарымды жел, қонарымды сай біліп, серілік қызуым кетпеген: «Ә десе, мә дейтін күнім...». Ал қазір мен сол баяғы Құрышпаймын ба? Сері, әнші, партизан атанған Құрышпай, қазір шал, пенсионер, қарт жұмыскер... Заманың басқа, қарағым, соны ұқ! — деді әкесі сөзін тұжырып. Оразды сөзбен матағандай, іштей әкесін қоштайды, бірақ... Ажардың ұнамсыз мінез-қылығына өкпелі. Неге? Ерлі-зайыпты — бірі еркек, бірі әйел, қол ұстасып өмірдің ұзақ сапарына шығады, тар жол, тайғақ кешеуден өтеді, бірде қабақ шытысып, бірде реніште ртуатын кезек те келеді. Сонда ақыл, төзімдік жеңбей ме?.. Ажарда қандай төзімдік бар? Жарайды, Ораз бен Дәмеш екеуінің арасында жас шақтан келе жатқан достықтан да артық құрмет, сырсипат бар. Соны сезбей, жанжал шығаруы... Жүрек қазынасының байлығы емес. Әкесі осыны келініне неге түсіндірмейді? Ораз ой түйінін әкесіне жеткізді. Ол астыңғы иегін дүрдитіп, насыбайын тілімен жайластырды да, қысық көзін жыпылықтата бастады.

—Айттым, шырағым! Менен қалған сөз жоқ. Табанында ұққан сияқты болады, артынан тағы да өзінің ескі әніне басады. Тегі жалмауыз енең бұзатын сияқты. Шырағым, осы менің әке болып сұрағаным: сен қой!.. Таста! Келіс! — деді Құрышпай.

—Мен қоймайым деп жүрмін бе! Дәмештен кешірім сұрасын!

Әкесі тұнжырап қақпаға қарай аяңдады.

III

Мәдениет сарайының әйдік залында завод коллективінің жалпы жиналысы ашылды. Жиналыс ашылудан бір сағат бұрын, Лида Дәмешке Серегиннен хат әкеліп берді. «Дайындал, бүгін сөйлейсің» депті. Дәмеш әуелі сасып қалды. Не деп? Қалай сөйлейді?..

Лида директордың хатшысы ғой, көп сырға ортақ. Қайыр баяндамасының

тезистеріне дейін ол машинкаға басады, бірақ Лида тіс жарып ештеңе айтпады. Жалғыз-ақ ол: «Бүгінгі жиналыста болған да, болмаған да арманда», деді. Бұл сөзді естіген Ван Ванычтің де делебесі қозып, үйде отыра алмады. Киініп, Дәмешке еріп жиналысқа барды.

Мәдениет сарайы араның ұясындай гуілдейді. Жиналыс алдында екі-екіден ерсілі-қарсылы жүрген коммунистер, күбіркүбір сөз, мырс-мырс күлкі, әрқайсысының көңіл-күйі, ой-тілегі күмбез сарайда құстай шарқ ұрады. Дәмеш Иван Ивановичтің қолтығынан ұстап ап, жоғары көтерілді. Жан-жағынан өтіп жатқан коммунистер, бұларға бірі басын изеп, бірі көтеріңкі дауыспен амандық білдіреді. Прокат цехының обермастері палу ан денелі Нұрбек қасында вальцовщик Мырзахан бар, бұларды қуып жетіп, өтіп кетті, мартен цехының обермастері Иващенко мен мастер Күміспек қарсы жолығып қап, баспалдақтың бір жақ қанатына қарай үйіріліп жол берді; Иван Иванович сатының айналасында бір дем алып, жоғары шыққанда, алдынан Құрышпай да кез келді. Екеуі шүйіркелесіп, залға кірді. Дәмеш антресолиге сүйеніп тұрып, жан-жағына көз жіберді. Жұмысшылар гуілдеп кіріп жатыр, кіріп жатыр. Ішінде бурыл сақал мосқалы да, мұрты жаңа тебендеп шығып келе жатқан жасы да бар. Сабырлы қимыл, сараң сөз үлкендеріне тән болса, ширақ қимыл, көтеріңкі дауыс, күлкілі әзіл кішілерінің бойына біткен қасиет тәрізді. Өнеу дауырығып тұрған бір топ жас металлургия зауытында істейді. Дәмеш бәрін де таниды: көк көйлекті бұйра шаш жігіт прокат цехінде істейді. Оған тетелес ақшыл күлгін қызыл ала көйлекті селеу шаш жігіт-мартен цехінде құрыш қорытушы, жұмыстан бос уақытында мәдениет сарайында ән салады, ол екеуіне қарсы қолын шошайтып, сөзге дес бермей, кең сарайды басына көтеріп тұрған еңгезердей қара жігіт механика цехінде істейді. Ұста. Кітап құмар. Үйі толған кітап, нендей кітап керек болса, содан табасың!.. Бұларға әне Гена бастаған бір топ жігіт қосылды... Бәрі де жас та көрікті, жайдары да көңілді. Жайбарақат, ыңғай өмірдің күншуақ жағында өскен тәрізді... Жаңағы Иван Ивановичтың, Құрышпайдың орнын басатын зауыттың ертеңгі келешегі осылар емес пе? Кеше Дәмеш жалғызсырап жүдеп жүргенде осылар емес пе еді, қанат астына ап болысқан?.. Кім екен партбюро хатшысына барып, шу шығарған? Өмірдің мақтанышы да, Теміртаудың иелері де осылар емес пе? Бұлардың бәрі де Дәмештің құрдастары, соғыстан кейін өскен қыршын жас, таза жандар!..

Дәмеш сияқты осылар кеше ғана Самарқанд көлінде қысты күні коньки тепкен жоқ па еді? Аз-ақ жылда құлпырып шыға келді... Уақыт деген осы! Уақыт — тарихтың сыншы-төрешісі, өмірдің арқауы. Уақыт деген-мәңгі

өшпейтін жасампаз күш... Кім еді айтқан, уақыт өмірге сын деп?

Иә, уақытпен санасқан жөн, достым!

Ойдан сергіген Дәмеш жан-жағына тағы да көз жіберді. Сарайдың күмбез төбесі шаңырақ сықылды, көк, қызыл, жасыл тастармен қиюластырып, қисынын тауып қалаған. Қақ төбеде 18 шырақданды алтыннан нақышталған канделябр дөңгелек фойені күліңгір жарыққа бөлейді. Түрлі тастардан қашалған қабырғаларды көркем суретпен безеген: басында үкілі тақия, үстінде жасыл барқыт, жеңсіз камзол, аяғында қызыл сафьян етік, шыр айналып билеп жүрген қазақ қызы; шекесіне кепкесін қоқайта киіп, шоқақтай жорғалап, оның алдын кескен орыс офицері. Дәмеш сол жағына бұрылды: Қырман басында қап-қап астық тиеген машиналар, бидай елеп жатқан комбайн... Қыруар жұрт... Жоғары күмбезде: басында қалпақ, маңдайында көзілдірік, мартен пешінің аузында құрыш құйған құрыш қорытушылар... Шіркін, жетпей тұрған айға ұшқан ракета екен!..

Дәмеш ойы әрі аяқталмай үзіліп қалды. Қоңырау сылдырап, коммунистер лек-легімен залға кіре бастады. Дәмеш сығылыса ұмтылып орынға таласатын бала-шаға емес, «маған деген бір орын бар шығар» деді де, кейінірек жұрттың артын ала кірді. Есік аузында орын көрсетіп, жол сілтеп тұрған завод басқармасының бір қызметкері. Дәмешті алдыңғы қатарға алып барды да, Тұхфатуллин мен Күміспектің арасында бір бос орын бар екен, Дәмешті соған отырғызды.

Күміспек:

— Мен сөйлегенде жаңылып қалсам, айтып демеп жіберерсіз!

—деп биязы күлді.

—Уәде!.. Сіз тұрсаңыз, мен тұрдым! — Дәмеш мойнын созып, кім-кім бар екен дегендей жан-жағына көз тастады. Күміспек те Дәмеш ойын сезгендей:

—Көрдіңіз бе? — деді ол ақырын сыбырлап, — залдың сол жақ қапталында кімдер топталғанын? — Дәмеш Күміспектің иегімен нұсқаған жағынан бас инженерді, техника бөлімінің бірнеше қызметкерлері мен Ығламбек бастаған жұмысшылар тобын, одан әрі прокат цехының бірнеше вальцовщик, мастерлерін көрді.

—Иә — Дәмеш көңіліне секем алды.

—Түсінбедің бе? Бұлар-Мұсекеңе арқа сүйеп жүргендер... — Күміспек ар жағын тәптіштеп айтпады. Бірақ осының өзі біраз сырды аңғартатын сияқты. Дәмеш Күміспектің құлағына ерінін тақады:

—Жарайды, техника бөлімі бас инженердің қолғанаты-ақ болсын, сонда прокатқа не жоқ?

—Бұл өзі — прокат инженері ғой. Ыңғай соларды іш тартып бейімдеп

жүреді. Дәмеш енді түсінгендей:

—Ығламбекке не жоқ? Не қылмайсың деп олардың ортасына кіріп кетіп жүр?

Күміспек мырс етіп күлді.

—Әй, Дәмеш-ай, өмірдің астарлы сырына шорқақ түсінесіңау! Саған ақты — ақ, қараны — қара деу керек, ақтың астарының бояуы қандай, зер салмайсың ба? — Ол өзі дегендей Күміспек орашолақ, қимылмен денесін бұрып, Дәмештің бетіне шаншыла қадалды: Ығламбек Оразға қарсы ұстаған оның қолындағы қаршығасы емес пе?..

Николай Иванович Серегин жиналысты ашты. Президиум сайлады, тұс-тұстан әркімнің фамилиясы аталды. Дәмештің құлағына жылы естілген екі шалдың фамилиясы — Құрышпай мен Иван Иванович. Күміспек Дәмештің атын атамақ боп қопақтап еді, Дәмеш сұстана қарап, басып тастады.

Залдың екі жақ қанатынан шұбырып, президиумға жұрт көтеріліп жатқанда соңынан ерткен бір топ адамы бар Базаров кіріп келді. Президиумға оны да қоса шақырды.

Зал араның ұясындай гуілдеп, көпке дейін басылмай, Серегин қоңырау соғып, зорға басты.

Серегин Қайырға сөз беріп, ол мінбеге шықты.

Қайырдың үстінде: қара шевиот костюм, манжетті ақ көйлек, қара галстук, шалбарының балағы қусырылып соңғы фасонмен тігілсе керек, денесіне құйып қойғандай ұнамды-ақ. Мінбеге орнатқан шам жарығынан жүзі сәл қуқыл тартып, өңі жүдеу сияқты. Неге екені белгісіз, Қайырдың кере қарыс маңдайы, томпақтау қоңыр көзі, қырат мұрны бүгін Дәмешке жылы да сүйкімді. Бұрын оның мұрнын көргенде тыжырынып: «аумаған Мефистофельдің мұрны» деп асыра қорлап, іштей жақтырмайтынды.

Сонысы есіне түсіп ұялғандай, Дәмеш көзін тайдырып әкетті де төмен қарады. Қайыр бұрын талай сөйлеп ысылған адамдай, асып-саспай, сөзін салмақты бастады. Ол әуелі: Москвада ЦКның Пленумына қатынасқанын, ондағы арқау болған мәселені атап өтті де, өзіне ой салған жайға тоқтады. Қайыр-жігіт! Көргенін керегіне жаратып, естігенін миына тоқып, өз заводында үлгі болуы — талапкерлік. Дәмеш риза!

Дәмеш ойы Қайыр сөзімен қатар жарысып, залдың не үшін қол шапалақтағанын да сезбей қалды. Қайыр қолын жігерлене сілтеп, сөзді түйдек-түйдек тастайды, қызған сайын шешіле сөйлейді. Маңдайына түскен толқынды майда қара шашының бір тұлымын саусағымен кейін тарап қойып, залға көз тастады. Самсап отырған халықтың ішінен сөзін Дәмешке қана арнағандай көзін алмайды.

—Біздің заводтардың техникасы, міне соңғы жиырма жылда бір

жаңармаған, баяғы таз қалпы... Жаңартуға мойын да жар бермеген бе, қалай? Иә, мазасын кетіріп қайтсын... Біздің завод бертін салынса да, сол алғашқы соғыс жылдарындағы техникаға өз бетімізбен бір бұранда қостық па екен? Қашан тозып қалғанша сол бұранданы бұрай беріппіз, бұрай беріппіз. Әбден тозығы жетіп, енді жарамайды дегенде бір-ақ лақтырып тастап, Москва мен Ленинградтан жаңасын алдырып, сол үйреншікті ырғақпен қайта бұраймыз. Дұрыс қой, жолдастар? Осы сөзімнің артығы жоқ па?

—Жоқ, жоқ! — деді артқы қатардағы бірер дауыс.

—Сол бұрандаға тағы бір ирек қосып, жүрісін жеделдетуді, біз өз бетімізбен ойладық па? — Тағы да Дәмештен сұраған секілді.

—Жоқ!.. Ал жете ойласаң, техниканы шеберлендіріп, жаңарту деген осы екен... Оған заводтың ескі басшылығы батыл жетіп бара алмады. Тек жоғарғы жаққа иек артып, соған қараған да отырған. Онда да «істе!» дегеннің өзінде тыжырынып, самарқау, «осы неге керек?» деп қоятын-ды... Серегиннің қасында отырған бас инженер қызараңдап, қозғалып, Серегинге бұрылып бірдеңе деді. Тегі «яскі басшылық тұсында Қайырдың өзі де істеп еді ғой, онда қайда қалған» деді ме? Серегин жақтырмаған пішінде мінбені қолымен нұсқап: «Сен де шық!» дегендей қылды.

—Несін айтып тұрсың, сенің қолыңнан қаққан ешкім жоқ қой! — деді сол жақ қанаттан Ығламбек, чечендердің әдетінше «сіздің» орнына «сен» деп.

—Қолды неге қақпасын! Ондайлар да табылады.

—Директорсың, бұйрықты беріп, қуып жібермейсің бе ондайларды! — деді оң қанаттан, арт жақтан біреу.

Серегин қоңырау қақты: Сабыр, жолдастар, сабыр!

Сөзін бөлгеніне Қайыр реніш білдірген жоқ, қайта өршелене, айтыса сөзін ұштады:

—Е, директор дегенді кім деп ойлайсыз? Айтты бітті, сөлай ғой, тегі? —

Қайыр мойнын созып, қолын жайды. — Жоқ, директор алдымен осы отырған сендердің пікірлеріңмен санасады! Сендерсіз бір қадам баса алмайды!.. Осыдан бірнеше ай бұрын инженер Сағатова құрышты тезірек қорыту жайында өзінің ойын ұсынды, оған біз қалай қарадық?

—Біреуге аударма, өз кінәнді айт! — деді сол жақ қанаттан біреу. Дәмеш кім екенін айыра алмай қалды.

—Айтам! Неге айтпайым? Мен де селсоқ қарадым. Сенбедім!

Содан іс шықпай ма деп тайғақ соқтым.

—Енді сендің бе? — деді бас инженер президиумнан.

—Әлі де толық сенімім жоқ! Но... Бір ойланатын жай, істейім деп

құлшынған адамды іштен шалмайық! Ал Сағатоваға жәрдем берудің орнына «қолды бір-ақ сермедік.»

—Ол қол сілтеушінің бірі өзің емес пе? — деді Серегин сөзді қыздыра. Қайыр «сен едің?» дегендей бұрылып Серегинге қарады да жымыып басын шұлғыды.

—Ол-мен және бас инженер қадірлі Мүсекең!.. Алдымен сол кісі! — деді Қайыр Мусинге бұрылып. Зал ду күлді.

—Суға кеткен тал қармайды деп, менде не ақың бар, өзіңді айта берсейші, — деді Мүсілім қопақтап, Базаровқа «дұрыс па» дегендей қарап қойып.

—Сопы бола қалған екен! — Сол жақ қанаттан бір-екі дауыс Мүсілімді қостап, директорды табалады. Дәмеш іштей қиналды, бюрода айтса да жетпей ме? Қайырға не болды, жұрт аузына жем қылып?..

—Айыпты жұрт алдында бөліп алған, саған да, маған да жеңіл тиер, оңашада маған аз қалдырдың деп өкпелеп жүрерсіз?! Қайыр тағы да мысқылдап, Мүсекеңді рәсуә қылды. Зал қол шапалақтап мәз болды. Күміспек пен Дәмеш өзара күбірлесеміз деп Қайыр сөзінің аяғын босатып алды. Президиумның арт жағында оқшаулау отырған партия комитетінің хатшысы стол қасына келіп:

—Жолдас Алжанов, сөзің аузыңда... Бүгінгі «Советтік Қарағанды» газетін оқыдың ба? — деді ол қалтасынан газетті шығара жайып.

—Жоқ! Кешікті ме, біздің заводта оқыдым деген кісі көре алмадым. Солай ма, жолдастар? — деді Қайыр залға.

—Көрсек көзіміз шықсын, — деп бірнеше дауыс шу ете түсті.

—Әрине, сендерді түйреген газет болса көресіңдер ме? Мұлайымсып мысықша көз жұматындарыңа мен куә! — деп хатшы суық лебіз сездірді. Дәмештің жүрегі соғып, беті дуылдай бастады. Әнәугі редактордың мейманханаға келгені есіне түсті: қап, бүлдірмесе игі еді?!

—Мә, оқы! — деп Базаров газетті Қайырға ұсынды. Ол әуелі газетті іштей оқыды.

—Оқы, оқы!

—Дауыстап оқы! — деп президиумнан да, залдан да итермеші сөздер тастады.

«Қазақ металлургия заводының инженері Сағатованың жақсы ұсынысын столға тығып қойып, құзғын көздер жол бермеді деп

«Советтік Қарағанды» газетінде жазған едік. Ақыры сол үшін жас инженерді қуғындап, мұратына жетсе керек-ті. Жоғарғы орын араласпаса, әділдік табу қиындау сияқты!» — деп Қайыр тынған кезде, зал ду етіп, шулап қоя берді. Серегин қоңырауды шылдыратып соғып жатыр, оны елең қылған коммунистер жоқ. Әркім өзінше ұғып, өзара таласып кетті. Серегин

шуды зорға басты. Қайыр сөзін жалғады. Газет мақаласы жайында пікір айтуды коммунистердің өздеріне жүктеді: «Мен бұған қорытынды сөзімде тоқтармын» деп өте шықты да, завод техникасын жаңартуды әрі әңгіме қылды.

— Мен, — деді ол, жуан даусымен зәулім залды күңіrentіп.

— Запорожецсталь, Ново-Туль заводтарының басшыларымен әңгімелестім.

Олар үздіксіз құрыш ағызатын машина орнатқан. Біз неге ол машинаны орнатпаймыз? Егер де ол машина істесе әнеукүнгідей аварияға ұшырар ма едік? Әрине, жоқ. Машина құрышты үздіксіз ағызса, — ең қиын, ең ауыр еңбек жеңілденбей ме? Ертеңгі коммунизмнің принципі де сол — адам еңбегін жеңілдету! Егер құрышты машина қорытып, машина ағызса, прокат та сұмаңдай иірілген қызыл темірді қысқашпен жылан ұстағандай тітіркеніп ұстар ма еді вальцовщиктер? Машина темір жіптей есіп, машина ғана дайындаса, анау отырған Нұрбек пен Күміспек тек бақылап, машинаға әмір етіп тұрса қайтер еді? Шаршамай төрт-бес сағатта жұмысын бітіріп, не кітап оқып, не театр барса, не құс атуға көлге кетсе, көңілі қаласа, екінші мамандық тауып алса — өмір көрікті де, қызықты болмай ма!..

Коммунизмнің ертеңгі шағын бүгін біз неге бастамаймыз?!

Зал ду қол шапалақтады. Дәмеш көзін Қайырдан айырмайды. Бұрын Қайырды білмей ме, жол көріп, үйреніп келген бе, әйтеуір бүгін шешен де білімпаз сияқты. Кайыр сөзін бітіріп, президиумнан орын алды.

Жарыссөз басталды. Кейбіреулер бәйгеге қосқан жүйріктей аласұрып, әрең отыр екен, баяндама бітісімен-ақ мінбеге көтерілді.

Дәмеш өзі ауылдағы бәйгені көрген жоқ. Құрышпайдың айтуынан жадында қалғаны екі үйдің арасында байлаулы тұрған бәйге көк қалың дүрсілге делебесі қозып, құлағын қайшылап, тықыршып, ауыздығымен алысады екен. Ығламбек те, дәл сол: манадан Қайырдың баяндамасына килігіп, кекесін сөзін та стап, аузымен алысып отыр еді, бірінші шықты. Ол салғаннан Қайырға жармасты. Шоқпар сияқты зілді ауыр сөзбен бас-көз демей, былш-былш ұра берді. Дәмеш әжептеуір тәлім-тәрбиесі бар, завод қауымынан үлгі алып, таудағы тағы, жабайы мінезінен құтылды ма десе, ұрыншақ, қызба жігіт боп шықты. Көңілі қалып, тыжырына тыңдады. Ол әуелі: «Директор завод өмірін білмейді. Сырт жүреді. Өз туыстарын жақтап, соларды өсіреді. Әйтпесе, Ораз деген кім? Мақтаншақ, жалқау, бригаданы тоздырып, ақыры емханаға түсті» деп, Ораздың тамтығын қалдырмай өзеурей сөйледі. Зал тым-тырыс, ұшқан шыбынның ызыңы естіледі, жарты жұрт таңдана қымсынып, енді жартысы іштей ызаланып, сыртқа шығара алмай көзбен атып бақты. Құптап, «бас қамшыны!» деген адам, әй, аз-ау...

—Неге десеңдер, Ораз — Қайырдың күйеуі! — дегенде Ығламбек, зал дүрсе қоя берді.

—Не деп шатып тұрсың, ұят қайда?

—Говори, но не заговаривайся!

—Өсек сөздің не керегі бар?!

—Бұл өзара сын емес! — деген дауыстар көбейіп, Ығламбекті бөгеп, ауыздан қақты. Зал бұлай қарсы алады деп Ығламбек күтпеген сияқты, алақтап сасып қалды. Оның болжауынша, зал: «міне, нағыз коммунист, директордың өзіне ұпай берді!» деуі керек. Әй, Дон-Кихот!.. Қайыр кім, Ығламбек кім? Қайыр жақында ғана директор болған, техника тілін білетін талапты инженер, шауып бара жатқан аттай, жаңа заманның үзеңгісіне аяғын сап, шоқтығынан ұстаған заман азаматы. Енді аз мезгілде ол — техникаға аттай мініп, завод тізгінін өз қолына алады. Оны түсінбей, алдынан кесе көлденең тұрып, шоқпар сілтеу — Ығламбекке лайық па? Ол жаңада ғана партияға өтіп отыр. Енді өз атына кір келтіргені несі? Коммунистер енді оған сене ме? Мінбеде тұрған Платон Сидоровичті көзі шалды. Ақ бас, сидаң, атан жілікті қарт инженер әдетте мылжыңдап көп сөйлемейтін. Сүйекке сіңген мінез қала ма? Бұл жолы да — «техника, технология процесі» деген сөздерді қайталап айтып, негізгі ойын ұқтыра алмай әлек. Мұның сөзі басқаларға қалай әсер етті екен? Дәмеш қарсы алдындағы президиумда отырғандарға көз тастады: Қайырдың көңілі көтеріңкі, Ығламбектің сөзін шыбын шаққан құрлы көрер емес. Платон Сидоровичтің сөзіне Серегин қоңылтақсып отырған сияқты, тыжырынып, қабағын шытып қояды. Анда-санда: «қашан бітіресің?» дегендей бұрылып сұқтана қарайды. Ол сөзінің аяғында:

—Сағатованың... — деді.

Дәмеш жалт қарады. Тіс жоқ, құдай осының қызыл шақа иегіне қаратып қойған соң Қайырдан не сұрайсың!

—Сағатованың ұсынысын біз қарап шықтық. — Тағы да тоқтап не айтарымды өзім де білмеймін дегендей, президиумға бұрылды.

—Уақытыңыз бар әлі, айта беріңіз! — деді Серегин анау уақытын білгісі келді ме деп ұғып.

—Айтсам, директор жолдас өз пікірін білдірді ғой. Солай болсын! — деді Платон Сидорович.

—Өз пікіріңді айт! — Шыдай алмай Күміспек айғай салды.

—Өз пікірімді айтсам... Өз басым іс шықпай, уақытты өткізіп аламыз ба деп қорқам!

—Платон Сидорович, сіз бір кезде жақтап жүрген сияқты едіңіз? — деді прокат цехының жас инженері Қасымов.

—Жақтап... — Шал таңдана кідірді. — Әрине, бұдан мен түбірімен қарсы деген сөз тумасын, мен әлі де екі ойлымын. Байқап көруге де бола ма? Кім білсін...

Зал ду күлді. Біреулері қол шапалақтап та жіберді, Серегин:

—Платон Сидорович, біреу айтса, соған ере бересіз бе, өз пікіріңіз қайсы?

— деді. Залда күлкі бір дуылдап, бір бәсеңдеп шалдың сөзін тәлкек қылғандай.

Ығламбектің зілді ауыр сөзінен кейін, Платон Сидоровичтің солқылдақ сөзі жұртты бір желпіндіріп, осыдан кейін іле басталған айтыс-тартыс, сілкілес сахнаның ашылар алдындағы ойнайтын увертюра сияқты болды.

Сол жақ қанаттан бірінің артынан бірі, бірнеше коммунистер шығып сөйледі. Завод өмірін директор жетік білмейді, сырттай қамқорлық жасайды. Керек десе, осы заводта директор танымайтын да жұмыскер бар. Оған не дейміз? Он бес жылдан бері заводта бір бұранда өзгертпеді деп бұрынғы басшылықты сынайды. Өзі қайда қалды? Үш жыл шошқа тағалаған ба?.. Кінәлі бәлен де түген. Әрине, басқаға жабу оңайға түседі... Сөйтіп, өзі мопмомақан болып судан таза шықпақ!.. Соңғы авария кездейсоқ оқиға ма? Жоқ. Алдымен жауапты завод басшылары — директор, қала берсе смена инженерінің салақтығы. Айыптыны алыстан іздеудің не қажеті бар? — деп бірінен соң бірі шығып, Қайырға да, Дәмешке де азуды басты.

Дәмеш бір сұрланып, бір қызарды — көзінің астымен Қайырға да қарайды. Манағы батыл да байыпты Қайыр жоқ. Әрқайсының сөзін түртіп қойып, төмен тұқырая түседі. Бұл — қысылған адамның қылығы. Апырмау, завод коллективінің алдында Қайырдың беделі жоқ па еді? Ең болмаса, бір кісі қарсы сөйлеп тойтармай ма? Бас инженердің күн бұрын дайындап қойған адамдары сыңар езулеп, өктемдік құра беруші ме еді? Әрине, пәлен жыл осы заводта істегенде Мүсекең өзіне ұя салмады дейсің бе?.. Дәмеш ойына үндес мінбеге бас инженердің өзі шықты. Жиналыстың ақырына дейін Дәмештің төзімі жетіп, тыңдай ала ма, жоқ па? Жаңағы сөзуарлар Қайырды жұдырықтап, тәлтіректетіп кетсе, Мүсекең тегі есінен тандыра құлататын болар! Кейде осы Николай Ивановичті Дәмеш түсінбейді — бірыңғай қарсы жаққа сөз бере-бере ме екен? Алмастыра, ақиқатын айтатын коммунистерді неге шығармайды?

Мүсілім көзілдірігін түзеп, істік мұрнын әдетінше қусыра бір тартып, қалтасынан блокнотын шығарып алдына жайды. Залды паңдана көзімен бір шолып өтіп, даусын кенеді. Ол сөзін әуелі: Совет үкіметі үлкен табысқа жеттіден бастады. Революцияға дейін Россияның өндірісі қандай сатыда еді, қазір қандай? Неше процент өсті, соған тоқтап, салыстырып барып,

Қазақстанға көшті. Қазақ жері бұрын ит-құс жайлаған қу дала еді, бүгін құлпырып, гүлстанға айналды деп бір дем алды, осы маңда ол бір цифрларды келтіріп, зорға дегенде Қарағандыға, оның маңызына оралғанда уақыты да таусылып қалды. Серегін қоңырауын шылдыратып:

—Мусин жолдас, уақытыңыз бітті! — деді.

—Ойбай-ау, түк айтқам жоқ, қалай біте қалды? — деді өзі де таңданып.

Кейбіреулер күліп жіберді.

—Неге? Табандатқан он бес минут сөйледіңіз! Менің жазығым жоқ! — деп Серегін залдан рұқсат сұрады: — Кәне, қайтеміз? Жолдас Мусин сөзін қомақтап сөйлемей уақытын ұтқызып алды. Тағы да уақыт қосамыз ба?

—Жарайды, айтсын! — деді сол қанаттан бірнеше дауыс.

—Жаңағыдай, халықаралық жағдайға түсіп кетіп, бізді сорлатып жүрмесін! — деді біреуі.

—Қорықпаңдар, жолдастар! Ендігәрі аяғымды көрпеме қарай көсілермін!

— деп Мусин қуланып, кекесін сөздің уытын қайтарып тастады. Тіс қаққан әккі ғой, біледі залды қалай алдауын! Расында да ол енді пікірін ықшамдап, тікелей завод мәселесіне көшті:

—Мен сөзімді соңғы авариядан бастамақпын! — деп Дәмешке қараған сияқты. Белгілі, қазір ол Дәмешті бүкіл завод кемшілігіне құрбан қып шалмақ. Шыдамың жетсе, Дәмеш шыдап бақ! Дәмеш оның сөзін өз елегінен өткізіп, кей жерлерінде іштей күйініп, кей сөзін мазақтап, іштей мырс-мырс күліп алады. Мүсекеңше авария — салақ істің нәтижесі емес, олай болса бірсәрі ғой. Өндіріс тілін білмегендіктен туған оқиға. Баяғыдан бері талай-талай инженерлер істеп те келді, ардақты «қара қазан» құрышты құйып та бақты. Ешқайсысына жаман мінез көрсеткенін өзім-өз боп естігем жоқ. Тек инженер Сағатованың тұсында ғана тозып, оны аварияға ұшыратса керек-ті. Әлгі қазақ айтқандай: «Жаман етікші біз таңдайды» болып жүрмесін?.. Директор жолдас, істің байыбына жетпей, қалалық партия комитетімен, совнархозбен келісілген бұйрықты бұзып, Сағатованы мартен пешіне қайта жіберді. Ол ертең тағы авария жасамасына көзі жете ме екен? Неге жақтап отырғанын да білеміз!

Бас инженер кір-кір қолымен жүрегін ұстай алғанда Дәмеш дір-дір етіп, шіміркеніп, алақанымен бетін басты — ұят-ай!

—Нені білесіз? — Қайыр кекеп, ызалы сөз тастады.

—Бұл арада қозғап қайтеміз, айтатын жерде айтылар... Тап бүгін коммунистер арасында басын ашып алатын бір-ақ нәрсе бар. Ол — техниканы техника үшін жаңартпай, адам өміріне қабысатын, адам еңбегіне пайда келтіретін техника ғана біздің заводқа енуі керек. Біреудің беделін өсіретін, біреуге атақ әперетін тырнақшаның ішіндегі «техниканың» керегі

жоқ. Ертеңгі күні белшемізден зиянға батып, байбалам салып жүрмейік!.. Дәмеш әрі тыңдаған жоқ, шынтағын орындығының артына тіреп, алақанымен мінбе жақ құлағын мықтап басып, өз жүрегіне үңілді. Сөйлесе ме, жоқ... Жалма-жан қалтасынан блокнотын алып бір ауыз сөз жазды: «Қайыр! Мен сөйлесем бе? Қалай қарайсың?»

—деді де иегімен президиумды нұсқап Күміспекке берді. Ол президиумға жақын барып, шет жағында отырған Қайырдың дәл өзіне табыс қылды. Қайыр оқыды да, күлімсіреп Дәмешке қарап, басын шайқады, «Сенсіз де сөйлесушілер жетеді» дегендей. Дәмеш: «Түсіндім», деп ишарат білдірді. Бірақ, жүрегі оған толас таба қойған жоқ. Қайырдың есі шығып кеткен бе, баяндамасын бітіргелі Дәмешке көз тастағаны осы. Ойламай ма, қайда, не ғып отыр деп? Түу, Дәмеш те бала сияқты. Еркеліктің кезегі де, реті де бөлек емес пе?

—«Заводқа директормен бірге мен де жауап берем! Сондықтан менің белімнен аттап өтем деушілерге аузым алты қарыс, байқа дейім!..» — Дәмештің құлағына төсеген алақаны Мүсекеңнің қатқыл салқын үніне қалқан бола алмады.

Бас инженер ұзақ сөйледі. Серегін де Мүсекеңді қайтып бөлмей, армансыз бәйгеге қосты. Оның артын ала Иван Иванович көтерілді. Шал қызба екен, буыны қатайып мінбеге ширақ көтерілді. Орыстар айтқандай, ол салғаннан Мүсекең тәрізді сүзеген бұқаның мүйізіне жармасты.

—Бас инженердің сөзі маған ұнамады. Баяғы осыдан бес жыл бұрынғы айғай-қаукөкіректік! Өмір өзгерді ғой, жолдас Мусин!

Қыр көрсетіп, ықтап алу деген қалған. Қазір ақыл мен білім жеңеді де, сол екеуі шешеді! — дегенде бүкіл зал қол шапалақтады, қарт коммунист содан бір демеу алғандай екілене сөйлеп, бүкпесіз сырын жасырмастан жарқыратып ортаға салды. — Қайыр да, Дәмеш те-соңғы жылдары өзіміз өсірген жас инженерлер. Олардың адал, ақ екеніне де көзіміз жетеді. Кір жуытпаймыз! Бас инженер, ашық айтайын, сенің сөзіңнің «но»-сы көп, астарлы. Ана бір жылғы сөздерге ұқсайды. Тастайық та адал істейік! — деп қайта орнына отырды. Манадан бері түрлі саққа жүгіртіп, құбылып отырған Мусинді шал бір ауыз сөзбен тойтарды. Кезек күтіп отырған коммунистерге жол ашты. Шал артынан іле Күміспек шықты. Бидай өңді, шегір көз, шымыр жігіт нық басып мінбеге көтерілді де:

—Ығламбек! — деді. — Сен осы бір емес, екі емес, жиналыс болса аузыңа Оразды аласың, сенің одан не алмағың бар?

—Е, сынауға болмай ма? — деді ол айғай сап.

—Болады, бірақ сынның да жүйесі де, жөні де бар! Сен ыңғай пәле сала сөйлейсің. Жыланның басын бес кессе де, кесірткедей әлі бар, қаншама

жамандасаң да, ол сені белбеуіне қыстырып кетеді!.. Ораз бригадасының еңбекті өндірмей жүрген күні болған жоқ!.. Рас, сенің бригадаң коммунистік еңбек бригадасының атағын бұрын алды. Онда да ана отырған Тұхфатуллиннің арқасы. Сенің қалай істейтінің бізге де мәлім. Ал, мінезің сенің коммунист адамға ұқсамайды. Күншілдік бар сенде!

—Жала! — деп, отыра алмай тағы да айғай салды Ығламбек.

Серегин қоңырау қағып, тәртіпке шақырды.

—Баласы ауырса, жетпістегі әкесі орнын басты. Мына президиумда отырған шалды неге көрмейсің, әділ болсаң? Семьяның намысы коммунизм заманындағы адамға тән қасиет емес деп айта аласың ба?.

Зал ду қол шапалақтады. Осы кезде Лида келіп, Дәмештің құлағына сыбырлады: «Сені совнархоздан телефонға шақырады», деді. Дәмеш аяғын еппен басып, қымсына залдан шықты. Кім екен бұл тығыз шақырып жүрген? Ондай таныс адам жоқ еді? Лиданың соңынан қуып жетті. Екеуі Мәдениет сарайының директоры кабинетіне енді. Лида телеграфтан совнархозды сұрап, телефон құлағын Дәмешке берді. Шәңкілдеген әйел дауысты біреу

«Ертеңнен бастап қызметке Магниткаға «Казметаллстройға» ауысасың, совнархоз бұйрығы ертең сіздің қолыңызға табыс болады!» — деді.

Дәмештің қолынан телефон түсіп кете жаздады.

«Неге?» деп жай-жапсарын сұрап көріп еді, аяғына отырғызатын емес:

«Өзің білесің ғой, қайтесің әурелеп... — «деп сырдаққа салды. Дәмештің зығыры қайнап, бар аузына түскені: Мен ешқайда бармаймын, болды...

Екеуі ұзақ керісті: әуелі бірін-бірі аңдысып бақты, артынан ашу шақырып, телефонда айғайлай керісіп, ақырында тіл табысқандай болды. Кадр бөлімінің қызметкері:

«Егер директор олай шешетін болса, бастыққа кіріп келіссін де, әйтпеген күнде бұйрықтың аты-бұйрық, іс аяғы насырға шабуы ықтимал!» — деді де Лидаға: «Мусин бүгін неге келмеді? Ертең сағат онға дейін телефон соғып хабарлассын», — деп хабар айтты.

Дәмеш Мұсекеңнің соңынан қалмай жүргенін тағы бір рет сезінді.

Лида мен екеуі осы бір жайды әңгіме ғып күліп те алды... Лиданың қалтасынан конфет те табылды. Аздап дем алып, қайтадан залға оралып, есікті ашса, мінбеде Серегин сөйлеп тұр екен. Дәмеш оның сөзінің орта шенінен килікті.

—Осында кейбіреулер Ораздың адал, таза ниетін теріске шығарып, соған саяси мән беруге тырысып жүр...

—Ол «кейбіреулер» кім? — деді Базаров сұстанып.

—Ол ма? — Серегин атайын ба, атамайын ба дегендей, сәл мүдірді де

жігерлі үнмен: — Ол-бас инженер! — деді. — Жалғыз ол емес, қолдаушылар тағы табылады!

—Мысалы? — деді тағы да зілдене Базаров.

—Мысалы, қалалық партия комитетінің хатшысы жолдас Базаров та байыбына жетпей, бас инженердің айтқанына еріп, Ораздың қылығын партбюрода қарауды тапсырды... Мен коммунистер алдында ашық айтам: қарамаймын!

—Құрышпаев коммунист емес пе, егерде партбюро ұсынса?

—деді тағы да сөз таластырып Базаров.

—Оны ұсынған-мен. Қате менікі, ол үшін мені жазала, жолдас Базаров! — деп Серегин президиум жаққа мойнын бұрды. — Ал газеттің екінші рет мәселе қозғауы орынды да әділ сын... Ол ұсынысты іске асырмақ тұрсын, инженердің өзіне қызмет бермей қойдық!

—Жала! Өсек! — деді орнында отыра алмай Мусин.

—Аварияны қайда жасырып қаласың? — деді залдан Ығламбек.

—Авария үшін сөгіс беруге болады, сол күнгі орындалмаған жоспарды бригаданың есебіне жатқызып, біртіндеп өтеттіруге де болады, бірақ, қызметтен алуға біз көнбейміз!

—«Бізің» кім? — деді сөзге жармасып Мусин.

—«Біз» — партбюро! — деді нығыздап Серегин. — Дәмештің ұсынысы пайдалы, оған жәрдем беріп, іске асыруды бұдан былай партбюро өз міндеті деп санайды! — деп сөзін бітірді.

Іле мінбеге Базаров көтерілді. Зал тағы да құлаққа ұрған танадай тына қалды. «Бұл не дер екен? Жаңа ғана Серегин сынап өтті...» деп ынта сала күткендей. Дәмеш іштей Серегиннің Базаровты жұқалап болса да сынағанын ұнатпады. Қанша дегенмен хатшы, беделін сақтауы керек емес пе? «Өзара сын дегенді білмеуші ме ең, Дәмеш? Егер бірін-бірі сынамаса, өсу бар ма?» — деді іштей бір дауыс. Рас!.. Бұл кезде Базаров та Серегинге азуын сала бастаған-ды.

—Заводтағы кемшілікке алдымен партбюро, оның хатшысы Серегин жауапты. Тәлім-тәрбие жүргізудің орнына Серегин әкімшілік іске араласты. Соның салдарынан заводта түрлі «сырқаттар» да пайда бола бастады!.. Серегин біреуді сынауға шебер-ақ, ал өзіне келгенде маңына дарытпайды!.. — Базаров баяу қоңыр дауыспен Серегинді біраз сілкіледі. Коммунистер бұл жолы не күле қоштап, не таласып сөз жарыстырған жоқ, айбынды сұспен жым-жырт тыңдады. Сөзінің ақырында ол Қайырды да түйреп өтті. — Жаспын деп, өзіне келген допты ұстамай, бас инженерге кезегін беруі-өренің жетпегендігі! Кеше революция тұсында жиырма үш жаста комиссар болып, мемлекет басқарған

жастар да болған! — деген сөзіне қайтарған Қайырдың жауабы Дәмешке ұнап қалды: — «Федор Васильевич іске жауапкершілікті баскетбол ойынына теңеді. Сол ізбен мен де сізге жауап қайырғым келеді: директор болған соң сеткенің аузында әлбетте мен тұрам. Солай ғой?.. Бас инженерден гөрі жаспын және де тез қимылдаймын. Сондықтан Базаров жолдас маған доп жіберсе, оны мен бұрын да ұстаймын, сеткеге өзім салам!.. Бас инженер тырбанып қол созғанымен өресі жетпейді, ол тапал, ал менің бойым одан биік! —дегенде жұрт ду күлді. Базаров ұтылғанын өзі де сезінгендей. Жиналыс кеш бітті. Бірақ екі жақ бір шешімге кеп, келіс түйін таба алмады, қайта айтысты қыздыра түскендей...

IV

Дәмеш сменаға түнгі сағат 12-де баратын болған соң күндіз лекцияға данындалды. Ертең Мәдениет сарайында ксшкі университетте «Адам мен болат» деген тақырыпқа лекция оқиды. Бұл «Техника тарихы» атты курстың бір тармағы. Мұны Дәмешке жүктеп жүрген-Николай Иванович. Партия қатарына жаңа түскен коммунистей жегеді. Сабына алтын жалатқан қаламын қолына алса да, Дәмеш бір ауыз сөз жаза алмады. Николай Иванович есінен шықпай, ойын бөле берді. Ия, Дәмештің бір ауыз сөз айтуға батылы Жетпегені ме? «Кешіріңіз, мен сізді бір кезде дұрыс ұқпа-ған екем!» десе, Дәмештің ар-намысына дақ түсе ме? Дәмеш айтар еді, оған сөз де табады... Бір оңаша кездеспей-ақ жүр. Кісі көзінше айтса ше?.. Жә, жетер енді Дәмеш! Уақыт тапшы, айындал! Осы бір ойын терезенің пердесіндей кейін сырғып тастап Дәмеш лекциясын жаза бастады. «...Темір болмаса, адам баласы цивилизацияның бүгінгі сатысына жете алмас еді! Бұл айдан да анық!... Цивилизация дегеніміз-мәдениет, техника, ғылымының ең жоғарғы сатысы... Тарихта байырғы тағы халде өмір сүрген адам жерден қола мыс тауып, «мәдениетті адам» атанған. Мен адам баласының өзінің тарихында қола мен мыс дәуірін бүгінгі адамның өскен бесігі дер едім. Себеп табиғатпен күресте мыс пен қола адам қолындағы қару болған! Бүгінгі бульдозер, трактор, комбайн, әр түрлі машиналар, темір жол, пароход, үй салатын крандар, жер қазатын экскаваторлар, жер серігі, ракета — бәрі де осы темірден жасалған жоқ па? Темірсіз бүгін біздің ел бір қадам баса алмас еді. Егер де біздің заводтар күні-түні осындай көп құрыш құймаса со-циализмді орнатып, коммунизм құра алмас еді. Біздің қазақ халқының революциядан бұрын кешеуілдеп артта қа-луы да қала сап, құрыш құймағандықтың салдарынан... Қазақтың

ұлы данышпаны Абай: Қара жер — адамзаттың койны, қуысы кен, бай қазынасы, соның жүз мың түрлі асылының асылы—темір-деп біліп айтқан! Әдегте, халық болатты да темір дейді. Темір кенінен барып мартен пешінде құрыш қорытады. Құрыш мықты да жеңіл. Құрыштан түрлі машина жасауға болады. Ерітіп түрлі сортпен құйылған нақ сапалы құрыштың аты — болат!..

Есік қағып завод басқармасының хат таситын әйелі кіріп кеп, партбюроға шақырып жатқанын жеткізді. Міне, осы! Күніне бір рет көрмесе Серегиннің көңілі көншімейді. Ойын бөліп жібергеніне ренжіген Дәмеш, қағаздарын ша-ла-шарпы жинады да тысқа шықты. Үйдің құлпын салып, кілтін жақтаудың тесігіне тықты...

Неге шақырады екен? Кеше Ван Ваныч партбюрода болып, сенің проектің жайында дау шығардым деп отыр еді... Қызық шал! Тыныш отыра алмайды: балық аулауға бармаған күні екі қолын артына ұстап ап, заводты аралайды, әр іске бір көз тастап көңіліне жақса мақтап, жұмысшыларды арқасынан қағып, жүріпжүріп үйіне қайтады. Кейде тамағы құрғап, слесі қатқанша айтысады. Директорға барып айғай-шу көтереді. Цехтың бастықтары шал келе жатса бұ-рылып қаша жөнеледі. «Мазасыз» деп жақтырмайды...

Иә, шалдың да мінез-құлқын, жүрегін түсіну керек, алданыш ермегі де, ой санасының шеңбері де сол — завод. Өмірді де сол заводпен өлшейді.

Соңғы партия жиналысынан кейін қайта-қайта заводқа барғыштап, Қайырға жаны ашып, жыртысын жыртатын секілді.

Дәмеш Серегиннің кабинетіне бұрынғыдай батыл кіріп бармады.

Қаймыққандай, сәл аялдап есікті баяу ашты. Николай Иванович пен Қайыр көк шұға жапқан ұзын стол-дың үстіне жайған завод картасына төніп, әрқайсысы өз ойын үнсіз ширатып тұр екен. Николай Иванович сол қолымен иегін қапсыра ұстап, шынтағын оң қолының алақанына сап картадан көзін алмайды да. Қайыр астыңғы ернін қымқыра тістеген, картаны қайрат шеге сызады. Арасында ыңылдап әнін де қосып қояды.

Ақсұр люкстен тіккен костюмі үстіне құйып қойғандай.

Босағада «кірейім бе, кірмейім бе» дегендей сәл бөгеліңкіреген Дәмешті ол бұрын байқады. Қуана күлімдеп, басын көтеріп алды.

—Дәмеш!..— деп аса сүйсінген дауыспен атады.— Кел, кел!

Сені тосып отырмыз!

Серегин де жалт бұрылды: көзінен бұрын қабағы күлімдеп:

—Ба, осы күнге дейін қайда жүрсің? — деп мойнын созып, басын шайқағанда бүккен саусақтай жұтқыншағы қылт-қылт етті.

Дәмеш биязы ерке қылықпен күлімсіреп, аяғын бір басып, екі басып қарсы жүрді.

—Ба, Дәмеш Сахиевна, сіз осы инженерге лайық жан емессіз. Тым нәзіксі». Басқа бір профессия таңдау керек еді — деді ойын жасырмайтын Николай Иванович.

—Бұл сөзді сізден бұрын Мүсекең айтқан. — Дәмеш түсін өзгертті.

—Солай еді-ау? — деді аңқау Серегин. — Ол баска-дай мән беріп айтқан болар.

—Сеңіңше, инженер дөрекі келу керек пе? Нәзік адамда қаһарман адамның жаны болады дегенді естімеп пе ең? — Қайыр күлді. Дәмеш те күлді:

—Мені бақайшығыма дейін шағып, талдауға шақырдыңыздар ма?

—О, не дегенің! Николай Иванович: әйел қауымын мақтаса қолға тез қонады дейді. Оны естімеп пе ең Дәмешжан? — деді Қайыр қасына барып, қолын қысып.

—Қолға қонатын құс па, әлде Құрышпай атам айтпақшы мені біреуге қайрап сап...

—Үстінен түстің!.. Мына карта неге жаюлы дейсің? —Серегиннің сөзін Қайыр қостады.

Николай Иванович майын тамыза сөз бастады.

—Ба, кеше осында маған екі шал келді. Өңдері суық, қабақтары қатқан! Сөзді, әрине, Ван Ваныч бастады: «Тұхфатуллин коммунистік еңбек бригадасының атағына ие болып отыр ма? Отыр! Ол атаққа жоспар орындаған адам ғана ие болмауы керек. Жоспармен қатар санасы да биік тұрсын. Олай болса оның бригадасының мүшесі Ығламбектің санасы тым төмен, энеугүні партия жиналысында Оразға жаппаған пәлесі, айтпаған өтірігі аз ба еді? Ол бригаданы қайта қараңдар! — деп екеуі екі жақтан иықтап отырып алғаны бар ма?..

—Шалдардың сөзі — әділ. Ығламбек абыройын түсірді, Оған дау жоқ, тәрбиесі нашар! — Дәмеш: «Осы сөзім ағат кеткен жоқ па» дегендей Қайырға қарады. Ол осындайда «Бойым биік, ойым да биік, ондай жер құрты көзіме ілінбейді» — дейтін қалжыңдап. Сол сөзін бүгін де қайталады.

—Менің бойым ұзын, алыстан көрем ғой, ол кеште көзіме ол емес ілінген, Мүсекең! Оны итеріп салған да сол!

—Кеше мен бүгін көрдің бе Мүсекеңді? Нендей қам жасап жүр екен?

—Дәмеш өзі көрмеген соң жұрттың бәрі солай деп ойлай ма?.. Көрмек тұрсын, күніне бірнеше рет кездесерміз! — деді Қайыр күліп. — Жым-жырт, жиналыс жайында жұмған аузын ашпайды. Басқан ізін де білдірмейді. Менімен бұрынғыдай: ол-аға, меніні...

—Бұл — дауыл алдындағы қапастық. Іштен тынып, қай жағынан соғарын жобалап тұр, мен білетін Мүсекең болса, көп ұзамай-ақ бастайды. Дайын бол! — деді Николай Иванович.

—Оны өзім де сезінем. Кеше қалалық комитетте көріп қалдым.

—«Қасқырдан қорыққан орман бармас» — дейді орыс, негізгі іске көше бер!—деді Николай Иванович Қайырдың сөзін бөліп.

—Бір қызығы: Базаров Мүсекеңнен бойын аулаққа сала бастапты. Кеше бір сөзінде: «Соның өзінің іскерлік жағы қалай?»

—деп күдік сөз тастап, жақтырмаған пішін біл-дірді, — деді Қайыр.

—Сенің пікіріңді тартпақ шығар? — Серегин шүйірле қарады оған.

—Жоқ, дауыс ырғағын түсіне білеміз ғой... Осыған жалғас ол сені де жақтырмай отырды. Тегі саған да бір тықыр таяу сияқты.

—Ба!.. Ол айдан анық нәрсе ғой. Көптен бері тісін қайрап жүр!

—Мен саған айтайын деп ұмытып кетіппін. Жақында сенің баяндамаңды бюроға қоймақ, дайындала бер!.. — Дәмеш, әңгіме былай: партия жиналысынан, газет дабылынан, шалдардың шатағынан кейін, сенің проектінді іске асырмақ болып шақырдық,— деді Қайыр шыны мен әзілін араластырып.— Ия менің саған берген уәдем және бар!

—Ештен кеш жақсы, благословляю,— деді Николай Иванович.

—Жақсы! Сонымен қарсылығың жоқ қой? — Қайыр Дәмешке әзілдеп көз тастайды. Дәмеш «өзің біл!» дегендей немқұрайды иығын көтереді.

—Автор қарсы болушы ма еді? — Николай Иванович жымиды.

—Қайдан, қазір күн сайын айға қарай ракета ұшып жатқанда, ескіріп қалды деп жүрмесе?

—Мысқылың өзіңе, Қайыр! — Дәмеш қызараңдап Қайыр сөзін көтере алмай қалды.— Білем, қолыңнан келсе баяғы әніңе қайта басып: «Сенбейім!.. Мен-инженер!» демекшісің, — Дәмеш Қайыр дауысын сап кекете аяқтады сөзін.

—Но-но... Ойбай, Дәмеш, әзіл ғой!.. Ал сенем бе, сенбейім бе, ол-менің ішкі ұжданым!

—Олай болса, баста Қайрош, Дәмеш іспен дәлелдейді! — Серегин жолдастарының қиюы қашып бара жатқан сөздерін жымдастыра, екеуін де сылап-сипап, так-такпен ұстады.

—Мақұл. Не де болса, Дәмеш, сен үшін мен көндім...

—Сен мен үшін істеме! — Дәмеш атып тұрды.— Сен елің үшін, халқың

үшін істе, жолдас директор!

Серегин шошып, тағы да айтыс күшейіп кетеме деп, қолын жайып, екеуін кезек құшақтап, күліп зорға басты.

—Кіріспе сөз бітті ғой осымен, Қайыр? — деді Қайырға көзін қысып: «Қайтесің, саған еркелеп тұрған жоқ па?» дегендей. Оны Дәмеш сезіп қалды. Солай да ұқты. Қап, ұят-ай... Осы жұрт жүрек сырын қалай түсінеді екен? — Көзден оқи ма, жоқ ми түбінде радио тәрізді ұстайтын аппараты бар ма?

—Мен бастасам, Дәмеш бері қара!.. Мынау-біздің қазіргі пешке мазутпен әуе жіберетін форсунка. Буды да осыдан жібереміз! Солай ғой? Так, сонда буды қайдан аламыз? Каргрэстен бе?

— Каргрэсі не? — Дәмеш оның бетіне таңдана қарады, шынымен білмей тұр ма? — Заводтың өзінің котельниі жоқ па? Бар керегі жүз метр труба! Жерді қазып, трубаны орнату қымбатқа түспейді.— Қанша күн керек, қанша қаражат кетеді, Дәмеш бәрін есептеп қойған-ды.

—Қанша қаражат керек дейсің? — Серегин ұзын мойнын созды.

—Менің қазір жадымда жоқ.. Әнеугүні сенің атыңа жазған хатымда бар еді ғой. Оны қайда тастадың? — Дәмеш Қайырға тап берді.

—Ол — техника бөлімінде. Мына қағаздық арасында жоқ, тегі алып қалған ба?!—Қайыр қағаздарды ақтарып таба алмады.

—...Небәры ұмытпасам, бір жұма уақыт кетеді, егер де қауырт қолға алса... Қайыр көк қарындашпен картасын шимайлай сызып, әр жеріне белгі қойды. Есіктен Лида кіріп, совнархоз бас-тығы Қайырды телефонға шақырып жатқанын айтты.

—Жарайды, осымен бітсін. Ертеңнен бастап бригада жіберем! Дәмеш, маған кіре кетесің ғой?—деді Қайыр шығып бара жатып. Дәмеш басын изеді.

Серегинмен екеуі оңаша қалды. Дәмештің кезегі енді келді.

—Николай Иванович, менің сізге айтпақ сөзім бар еді... Бір реті келмей-ақ қойды.

—Айт!.. Есікті кілтке жауып қояйын ба? Дәмеш күлді:

—Жоқ... Неге... Онша жасырын емес. Сіз анада маған қатал сөз айттыңыз...

—Есімде!

—Мен сонда сізге өкпелеп ем. Оным қате екен. Соңғы кезде түсіндім!

—Түсінгенің жақсы. Мен түсінбей кете ме деп қорқып ем... Николай Иваныч Дәмеш көзінің қарашығына үңіліп:

—Қалтқысыз түсіндің ғой? — деді.

—Түсіндім!

—Өз күшіңді артық бағаламай, дұрыс өлшедің ғой?

—Өлшедім де ұқтым!

—Жас кезде адам албырт та алғыр! Бірақ сол жақсы қасиетті орынды да ақылды пайдаланған жөн. Дос қатты айтса да, шынын айтады. Дос қатты айтса, жақсы көріп айтады... Бұрынғыдай келіп-кетіп, ақылдасып жүр! Мен сені әдейі сөз қозғамай өзің бастасын деп жүр едім. Жарайсың! — Серегін күлімдеп қолын ұсынды... Алақай-ай, жақсы болды-ау! Біреуге бермегі бардай көнілдей түйткіл еді, ашық аспандай мөлдір, таза, зілсіз ар адамға қандай жеңіл тиеді! Дүниенің бәрі кадірлі де көрікті, адамның бәрі жақсы да сүйкімді-ау? Осы адам бірін-бірі неге жек көреді? Дүние үшін неге таласады? Сен де, анау да өмірдің жақсылық жағынан өзіне қажеттісін алсын, ата-бабамыздың көксегені де сол емес пе еді? Сол үшін қанын төгіп, жастығын құрбан қылған жоқ па?

Қала да көңілді, көше де сәнд. Скверь! — Мұндай жа-сыл да гүлді скверьді Дәмеш Алматыда көрген жоқ. Үкі-мёт үйінің алдындағы «Гүл паркі» де астар емес. Газон — киіз үйдің орнындай дөп-дөңгелек, хош иісті алуан түсті гүлдер: «мені иіскеші, мені жұлып алшы!» деп көздерін мөлдіретіп, бүршігін тосады.

Гу-гу!.. Бұл не дыбыс? «Эй, мадам! Өлгің келді ме?»— деген дөрекі сөз, үстінен мұздай суды құйып жібергендей денесін мұздатып, есін жидырды. Тұу, Дәмеш байқамай машинаның астына түсіп қала жаздаған екен ғой! Шофердің жаны мұрнының ұшында болған шығар. Бейшара!.. Басса Дәмеш өледі де қалады. Жоқ, жоғалсын өлім! Жасасын өмір!.. Осындай тамаша емірді қызықтай алмай өліп қалу — трагедия емес пе?.. Дәмеш үйіне келді де халатын киіп ап, тамақ дайындады.

Дәмеш тамақ істеуді мейлінше ұнатады. Бұрын да қара жаяу еместі. Өйтседағы жеке шыққалы әбден үйреніп алды. Кейде қазақтың да дәмді тамағын пісіріп, Асқар мен Иван Иванычтан алғыс та естиді. Демалыс күндері бар қаймақ, құймақ, лағман, манти пісіреді.

Дәмеш «мұздатқышта» жатқан қойдың сүбе етінен алақандай кесіп ап, семсер пышақтың сыртымен мылжалап-мылжалап тұз бен бұрыш сеуіп, табаға салды да электр плиткасының үстіне қойды. Қабыршықтана бастағанда екінші жағын алмастырып, үстіне сары май құйды. Лангет жасады. Тез де тойымды тамақ! Дәмеш сорпаны аз ішеді, анадағы Асқардың: «Қарын керіп тамақ ішпе, толып кетесің» дегені есінде... Тамағын жасай бергенде Ораз кіріп келді. Екі беті қып-қызыл. Жасарған. Бұрынғыдай күбжіңдемей, Дәмештің бетіне тура қарап, ойын жеткізе сөйлейді. Байыпты. Өзгеріп қапты.

—Қашан шықтың?— Дәмеш Оразға да тамақ жасай бастады.

—Мен жаңа үйден тойып шықтым, әуре болма, Дәмеш!

—Жарайды онда, отыр, мен саған емханадан аман-есен шыққаныңды құттықтап, керемет шарап берейін. Ішесің бе?

—О, о не дегенің, Дәмеш! С удовольствием!— деді Ораз әдемі барқыт дауыспен.

Дәмеш Асқардың бөлмесінен әкеп «Совет ромы» деген 45 градустық шарапты Ораздың алдына қойды. Ішіне алтын жалатқан сыртын қара кавказбен нақыстаған оймақтай рюмканы қолына ұстатты.

—Дәмеш, мен оймақтап ішіп, мас болсын дегенің бе?

—Әуелі дәмін тат!

—Ойлаған мұратымызға жету үшін!— деді ол рюмканы көтеріп. Әлде... Дәмеш, өзің де... ә?

—Жоқ, айналдым! Мен ол жағына ни-ни... Өзің біле-сің ғой!..

Соғыстырғың келсе...— Дәмеш нарзан сусыннан бір стакан құйып ап, Оразбен соғыстырды. Ораз қағып сап, тамсанып, көзін жұмды.

—Ах, керемет екен! — Екеуі күліп алды.

—Ал енді айта бер!.. Көңілің соқса аздап өзің құйып Іш те, мынамен аузыңның дәмін ал!— Көк ала қағазға

оралған «Тиын» атты бал қаймақтан жасалған конфет берді.

—Айтсам, бүгін шықтым. Кешке жұмысқа барам!

—Жетеді енді шалтай-балтай, достым! Атам осы бір айдың ішінде орасан қартайды. Жетпістегі адамға мартен пешінің аузында тұру оңай дейсің бе? Бір-екі күннің дересінде завком да:

«Сочиға путевка тауып береміз» деді. Бүгін, ертең Қарағандыдан алып келсе самолетпен жіберейік!.. Сенің әлегің...— Дәмеш жіңішке қасын доғадай иіп, ұзын кірпігін құс қанатындай бір серіпті. Ораз да қымсынып қолындағы рюмкаға үңіліп, айналдыра берді.— Естідің бе, партия жиналысында бақайшағыңа дейін шаққанын?

—Ығламбек-күншіл! Герой деген атақты бергеннен бері көре алмай жүр... Бүгінгі менің келген бұйымтайым: сен үйге қайтсаң...

Дәмеш мұңлы жүзбен басын шайқады.

—Балапан өскесін бір ұяға сыя ма?.. Біз де ұядан ұш-тық, өстік.

Сыймаймыз!

—Көңіл сыйса...

—Әркімнің өмірі бар, Ораз. Қайтесің...

—Ұмытайын деген екенсің. Жек көргеніңнің бұ да бір белгісі:

—Олай деме, Ораз! Мен әлі де сендерді жақсы көрем.

—Жоқ, сүймейсің сен! -

—Өрине, сүймейім, Ораз! Сүю мен жақсы көру-екеуі екі басқа. Сен менің туысым, сондықтан жүрегіме жылы, көңіліме жақын көрінесің!.. Ал сүю

үшін құмартып, есіл-дертім құрып, ынтық-зар болуым керек. Менде ондай сезім жоқ. Аанада бір шет жағасын айттым ғой: сені бір кезде сүйгем. Сен үйленіп қойғанда бір ай есалаң тәрізді де болғам.

—Сонда кінә менен бе еді?

—Енді кімнен?

—Мені Қайырға айырбастап кеткен сен емес пе?

—Ол айырбас емес, өткінші жауын сияқты көңілдің құбылысы да. Сенің шыдамың жетпей бара үйлендің... Иә, мен өзімді ақтамаймын. Менде де кінә бар... Өткен қайтып оралмайды. Мен осыдан бес жыл бұрынғы Оразды сүйгем. Ол — Ораз сен емессің. Ол — менің арманым. Ал қазіргі алдымда отырған Ораз-менің туысым, досым, замандасым. Мен оны жақсы көрем!.. Соңғы күндері сен емханада жатқанда өз жүрегіме үңіліп солай деп таптым. Менің жүрегіме әзірге әмір етпесе де тамырлас соғып жүр-ген біреу бар...

—Жарайды, айтпай-ақ қой, оны да білем.

—Мүмкін... Сен езің Ажармен татуластың ба?

—Жоқ.

—Жоқ?! Оның не?

—Сен үйге қайтпай менде де келісім жоқ.

Екеуі түнгі он екіде сменада қайта кездесті. Бұрын мұндай егес-қиястан кейін Ораз томсырайып, өкпесін білдіріп алатын-ды. Бұл жолы ондай емес, пешті жағарда Дәмештің қасына келіп:

—Әнеугі ойымды бүгін байқап көрсем бе дейім!— деді ол.

Дәмеш Ораздың ол «ойын» да өз елегінен өткізген. Кітаптарға да үңіліп, іштей кеңесіп, шалдардан да ақыл сұраған. Ван Ваныч пен Құрышпай да жерден тауып алған күмістей әрлі-берлі алақанында аударып төңкеріп, өз пікірлерін қосқан.

—Сенің алдыңа ұстаған мақсатың — құрышты тез қорыту.

Солай емес пе?

Ораз көзін шүйіріп:

—Солай, бірақ,— дей беріп еді, Дәмеш оның ойын әрі қарай өзі аяқтады.

—Менің іздеп жүргенім де сол. Екеуіміздің де мақсатымыз бір де, іздейтін әдісіміз басқа. Сондықтан екеуі-міз бірлесейік. Мен саған болысайын, сен — маған. Мақұл ма?

—Мақұл.

—Кәне, сен бастасаң, баста! Көрейін!— Дәмеш екеуі ортадағы пештің аузына қарай жақын барды.

—Осы пешті аздан соң ағызамыз. Осыдан баста-йық!— деді де Ораз Генаны шақырды.

Гена мен Қуан қатар таласа жүрді. Генаны шақырса да, Қуан бұрын келді.

— Қазір құрыш ағызамыз ба?

—Ағыз, мерзімі жетті!— деді бригадир. Дәмеш сағатына қарап тұр.

Күндегідей емес, Қуан мен Гена да пысық қимылдап, жедел істейді. Бірінші пештің құрышын ағызға бастағанда, Гена пештің түбімен, төбесінің құрыш тескен, ойылған жеріне магнетит парошогін сеуіп бүтіндей бастағанда, Қуан екі машинамен қоса қабаттап, шихта салуға кірісті.

—Қуан, әуелі жеңіл тартатын темір сынықтарды, қаңылтырды пештің түкпір жағына сал... Сонсоң, тез ерй қоймайтын ауыр, қатты темір сынықтарын сал!—деді Ораз.

Ораздың бүгін қимылы да, сөзі де ширақ. Адамның сұбханы түссе, осы тауды да орнынан қозғайды. Самайынан дейін тер саулаған.

Пеш көзінен: «Әй, сені ме, бәлем, келші бері, жалап күйдіріп жіберейін» дегендей асау жалын да қызыл тілін шығарып, келемеждеп кейін тартынады. Оны елең қылған Ораз жоқ, пештің қақпағын жалма-жан ашып жіберді. Пеш ішіне сыймай, тулап жатқан жалын лап берді, Геннадий машинаның піл тұмсығына ілген бір астау шихтаны пеш ішіне төңкере салды. Қап-қара қою түтін бұрқырап, жоғары ұшты.

Дәмеш сағатына қарады, екі жарым минутта салып бітірді.

—Жарты минут артық кетті! Екі минуттан аспауы керек! Енді бес минуттай қыздыр да, екінші мұльдені сал!.. Әр жерге шашып сал, бір жерге үйме.

Дәмеш бақылау-өлшеу аспаптары тұратын шынылы будканың ішінен бригаданың күрес әрекетіне сүйсіне қарайды.

Ораз қап-қара, түтіккен шөлмектен тұщы суды жұта береді. Күміспек... қабағын түйген, жиі-жиі пеш әйнегінен сығалап, құрыштың қорытылуын асыға күткендей.

Гена, Қуан, Кеша үшеуі бүгін жинақы да ширақ, әр пештің аузында бір отпен арпалысады. Әдеттегі айғай, күлкілі сөз естілмейді. Дамыл көрмей бригада жеті сағат күресті. Бірақ түнгі күрес ауыз толтырып айтарлықтай нәтиже бере алмады...

V

Асқар кеш жатса да белгілі мерзімде тұрды. Өткен түнде жалғыз Дәмеш емес, Иван Иванович пен Лида да партия жиналысынан кеш қайтып, көпке дейін жатпай, әрқайсысы өздерінің жиналыстан алған әсерін әңгімеледі. Ол түні Мүсілімнің құлағы шулаған болар. Жалғыз Ивановичтың үйінде ғана сөз болса бірсәрі-ау. Оның:

«Мен өндірісте жиырма жылдай істедім, маған ешкімнің тісі батпайды»

деген емеуріні, кеуде қағып, жұдырық түюі, талай адамға ұнай қойған жоқ. Арқасынан сипап жаман үйреткен. Асқар болса, шіркін, бетін шиедей қылар еді. Әй, соған ауызды ауыртып... Мүсілімнің кім екенін Асқар білмей ме?

Завод коммунистері өздері-ақ мойнына құрық салып, үйретіп алар... Асқар гимнастика жасап, суық сумен жуынды да, бір стакан какао мен май жағып бір тілім нан жеді де, тезірек киініп, көшеге шықты. Емхананың «Жедел көмек» машинасы келіп тұр екен, мінді де Магниткаға тартты.

Бүгін де күн кешегідей салқын да ашық. Қала оянған. Теміртау өндірісті қала. Таң ата завод мұржаларынан будақ-будақ түтін атқылап, қала үстін сұрғылт тұман басады.

Ерте оялатын қала халқы да лек-легімен ағыла көшеге шығады: бірі — завод, мекемеге, енді бірі — базар, магазинге шұбырып, иін тіресіп көшеге сыймай кетеді. Сол халықтың ара-арасымен «Жедел көмек» машиннасы сумандап, балықтай жүзіп, зырлап келеді. Машинаның алдында қаздаңдай басып кетіп бара жатқан сымбатты әйелді Асқардың көзі шалды. Сырт пішіні, қиылған белі, әсіресе, толықтау балтыры Айшаның мүсінін есіне тусіреді. Қайда бара жатыр екен ерте? Емхана бұл жақта емес еді?.. Жоқ, ол түгіл Айшаны күнде бір көрмесе Асқардың көңілі көншімейді. Баяғы жүрек жарасы жазылып, қайтадан «Айша» деп күні-түні талмай соғатын болды. Кеше келе чіатып, Айшаға соғып, бірер сағат жанында отырып қайт-ты.

Айшаның өңі жүдеу, бетінде бір шырмау бар. Бұрын қолына алған нәрсесін жаңылмай, тиянақты істейтін Айша сонғы кезде «Асқардың ертең пәлен сағатта кездесейік» деген уәдесін орындамай, жаңылсақ соғады. Оңаша кездесуге Асқардан қорқа ма, өзіне сенбей ме? Әлде біржола Асқардан қол үзіп жанына тыныштық іздей ме, кім білсін, бір сыр бар!..

Машина емхананың алдына кеп тоқтады. Келген күннің ертеңінде, ақ бас дәрігердің кабинетін Асқар астына көшірген. Науқас адамдар бас дәрігерді іздеп, үстіне көтеріліп жүре ме? Бұл өзгерістің бастамасы болды. Екінші жаңалығы: рентген, тіс, физио сияқты халық көп те жиі баратын түрлі кабинеттерді де астына көшірді. Үстінде палаталар мен хирургия кабинетін ғана қалдырды. Емхана төңірегіне жататын: құрылыс, асхана, жатақханаларды үш аймаққа бөліп, әрқайсысына медсестралар тағайындады. Екі смена бойы ертелі-кеш аралап шығып, аурусырқау болса анықтап, сырқатын емханаға жіберді де, сәл көдисөди ауруларға табанында ем жасайды. Емханаға келіп, өшіретке тұрып уақытын өткізбейді.

Асқардың бұл өзгерістерін қалалық партия комитеті қолдап, «Теміртау жұмысшысы» газетінде арнайы мақала да басылды.

Асқар халатын киіп түймелеп тұр еді, қасында «Казметаллстрой» тресінің бастығы бар Базаров кіріп келді.

—О, доктор жолдас, іске сәт дейміз бе?—Қолын қысып, өзінің неге келгенін түсіндірді: құрылыстың емхана, асханаларын аралап таныспақ екен.

—Біз де халат киейік те аралайық,— деді ол сөзін түйіндеп.

—Сенің емдеу әдістерің көңілге қонады. Құрылысшылардың уақытын бағалап, емді сол құрылыстан, жатақханадан бастау — қадірлі іс. Біздің совет адамына ең табылмайтын қымбатты зат —уақыт. Жұмыстан шығысымен қолының жарасын таңдыруға бір сағат емхананың алдында тұрса, ол қай кезде тынығады, қай кезде киноға барып демалады? Базаров әдетінше күлімсірей жылы жүзбен дәрігердің ісіне баға бере отырып, өз пікірлерін де ортаға салды. Асханада астың дәмін көріп, қуатты да витаминды болу жағын дәрігерлер басқармаса шағым көп. Соны қолға алуды Асқарға арнайы тапсырды.

Үшеуі емхананы аралап шығып, сол аймақтағы домна салушылардың асханасына барды. «Фин үйі» дейтін бір қабат сырлы ағаш үй екен, олар ішкі есіктен кірді. Асхананың іші таза, таңертеңгі тамақты беріп, енді түстікті әзірлеп жатқан көрінеді. Ақ куртка, ақ қалпақ киген аспазшылар бірі қазан сыпырып, бірі картоп аршып жанталасуда. Асқар бас аспазшыны шақырып алып, менюді алдырды.

—Порция аз деп шағым жасай ма?— деді Базаров оған. Аспазшы иығын көтеріп:

—Бізге әлі айтқан жоқ!

—Қалалық партия комитетіне осындай шағымдар түсті. Нашар дайындайды, тамақтың дәмі жоқ дейді. Ол қалай?—Базаров түксие қарады. Асқар Базаровтың көзінің ықпалына еріп «не дер екен?» дегендей бұ да оған үңілді. Ей, мынау таныс адам ғой?.. Тоқта!.. Маңдайы екі елі, шүңгір көз, керттік мұрын... Мұрнының ұшын пышақпен кертіп қойғандай. Қара шаш, қалың, қою қара қас! Қай жерде көрді осыны?.. Есіне түсіре алмады. Асханада жазық жоқ, кейде шикі тамақтарды кезінде тасып жеткізбейді дегендей аспазшы түрлі дәлел айтып құтылғысы келді. Оған Базаров сене қоймады.

—Дәрігер жолдас, осы асхананы өз нысанаңызға алыңыз,— деді ол кетіп бара жатып Асқарға.

Асқар енді бұлардан бөлініп кете алмады, оларға еріп домнаның құрылысына барды.

—Домнаны көріп пе едің бұрын, дәрігер? Жүр, әлгі асхана кімге тамақ дайындайды екен, біл!— деді Базаров.

Домнаның кауперіне жоғары қараса бас киім түседі.

Биік, алып, үлкендігі — Бурабай көлінің ортасындағы «Оқжетпес» тауындай, аспанмен тілдескен домна қиялмен жарысады. Ирек-ирек, жұп-жуан, жұп-жұмыр трубалар домнаның бүкіл денесін орап-орап алған. Асқар таң дана қарап, домнаны орап алған трубаларды адамның бүйен ішегі сияқты ішкі дүниесіне ұқсатады. Қандай қиын, адам миы жетпейтін нәзік механизм! Иә, домна құрып жатқан инженер — сол домнаның дәрігерлері. Дәрігер адам дүниесінің құрылысына, жүйе тамырларының жүрісіне түсініп барып ем жасайды. Ал инженер домна жүрегін, шойын ағызатын пешті өз қолынан жасайды... Инженер-домнаның құдайы!.. Бөрік түсетін биікте тоқылдақтай жабысқан электросварщиктер темірге темірді жабыстырып, отпен пісіріп жатыр, алтын ұшқын себелеп жауып тұр. Басы айналып, не ғып құлап кетпейді екен? Әлде қанаты бар ма? Қандай қиялға симайтын зор, түстен де бай, асқар еңбек! Бұл домна — дүние жүзіндегі заңғар домнаның бірі. Осы домна-ның құрылысына қатынасып, аз да болса, қарлығаштай аузымен су тасып пайда келтірсе, Асқар өзінің еңбегін ақталды деп санар еді...

Базаров пен трест бастығы құрылысты аралап кеткенде, Асқар қызметіне оралды.

Асқар қызметке ерте барып, кеш қайтады, түскі тамақты ИТР-дің асханасынан ішіп, кейде сол Магниткада жата қалады. Емхананың қасында жаңадан біткен төрт қабат үйден Асқарға да үш бөлмелі ас үйі, ваннаны, туалеті бар пәтер берген-ді. Бірақ Асқар Дәмештен бөлініп кете алмады, бірде онда, бірде мұнда қонақтап, әрі-сәріде жүріп жатты. Алыстан сарнап: «Жалғыз бауырым, Дәмешім!» деп келсе де, тұрмыс құрғыр икемге көнбей, екеуін екі жаққа ағызып әкетіп барады. Асқар осыған қатты налиды: тату-тәтті, біраз күн бірі аға, бірі қарындас боп сағынған жүректің мауқын басу керек еді. Қайдам, бой жеткен қыз — өзінің өмірі, дағдыры бар, бүгін бе, ертең бе тұрмысқа да шығады. Асқар болса, о да өмір бойы салт өтті, сабау қамшы атанып өтпес... Иә, кейде осындай өмірдің көзге ілінбейтінін, ауызбен түсіндіре алмайтын ескерусіз жағы киіп кетіп, бөліп әкететіні бар-ау...

Бүгін Лидаға телефон соғып: «Шаруам бар, бара ал-маймын, тоспаңдар!» — деді. Шаруасы — Айша келмек те! Бірнеше күннен бері қайта-қайта шақырып, зорға көндірді. Соңғы кезде Айшаның мінезі түсініксіз, асаудай маңынан жүргізбейді. Бір күн Асқар телефон соғып, ха-бар бермесе өкпелейді, наз айтады, барса, жақтырмайды. Бұрынғыдай салмақты мінезбен, жайлана отырып сыр шертуден қалды. Әр әңгіменің басын бір шалып, сабау қамшылап өте шығады.

Бүгін Асқар Айша жүрегінің пернесін басып, қалай да сөйлетуі керек. Сағат дәл жетіде Асқар Магниткада жаңа пәтерінің алдында тосты. Уәде бойынша, такси де жетіден бес минут өткенде, үйдің қасына келіп тоқтай қалды. «Келе ме, жоқ па?...» деп тыпыршып, ерсілі-қарсылы дамыл алмай жүрген Асқар, Айшаны көріп, балаша қуанды. Жас жігіттей ширақ қимылмен машинаның есігін ашып, Айшаны түсіріп алды да, иіліп қолынан сүйді. Таксидің ақшасын төлемек болып, қалтасына қол сұға бергенде Айша ұстай алды. «Төленді» дегендей ым қағып, қатарласып: —Бастаңыз,— деді. Әйел күтуді тосырқап қалған ба, шіркін, қалбалақтап, аузына сөз түспеді. Әй, Асқар-ай, ғашық болғаннан саусың ба? —Пәтердің басы бар, дүние-заты жоқ... Жетіспейтіндер аз емес...— Асқар ишаралай сөйледі. Айша түсінгендей жымыып, жаңа ғана сыры кепкен еденін, оюлап кесте жүргізген қабырғаларын, саңғырап бос тұрған кең бөлмелерді тамашалай қарады.

—Жетіспейтіндері көңіл қосса, жетіледі ғой, Асеке...— деп әдемі назды дауысымен қытықтай күлді.

—Менің көңілім «қосып-ақ» тұр-ау, бірақ оның кө-ңілі қоса ма, соны айтсаңыз ше?— Асқар Айшаның жеңіл көк ала плащын шешіп, кеше ғана сатып әкеп қаққан киім ілгішке ілді.

—Е, Асеке, қабырғаны .бүлдірмеңіз, қазір біздің заманда киім ілгішті қабырғаға қақпайды, орнатып қоятын киім ілгіштер болады. Айша осы сөзін айтса да Асқар ренжіп қалды ма дегендей, кінәлі пішінмен қарады Асқарға.

—Бұл дүние ғой, Айшажан! «Дүние — қолдың кірі, жуса кетіп қалады» деп философ қазақ айтқан. Жаңағы менің сөзімді елеусіз қалдырдың ба, қалай?

— Айша сәл есіне түсіргендей көзін шүйіріп, күлімдеп:

—Ах, әлгі «көңіл қосса ма?» — деді сөзін нашына келтіре, ерекше мәнмен айтып. Асқар енді батыл кірісті:

—Иә, сол! Менің өмірім де, жүрегім де сенің алақаныңда. Бүгін сені әдейі ақылдасуға шақырдым, не ғыл дейсің маған? Мені осылай өмірлік жетім қып қоясың ба? — Тығыршықтай денесі көйлегіне сыймай, тырсылдап үй ортасында тұрған Айшаға Асқар жақын барды. «Тұра тұр, Асеке, сен де осындай ма ең?» дегендей Айша басын шалқайтып, кейін шегінді, бар қимыл тұрысымен

«шыдашы» деп қарсылық білдіргендей. Айша шегінген сайын Асқар құмарта түседі. Айша қабырғаға барып тірелді, сол кезде Асқар да шап беріп белінен қапсыра құшып, ерніне төнді. Екеуі ұзақ сүйісті. Ұзақ жылдар жанын өртеген сағыныш, тілек арманына жетіп, осы бір ләззатты кезеңде құмарынан тарқады...

Екеуі диванда құшақтарын жая алмай, елтіп, үнсіз отыра берді. Сағат та жылжып өтіп жатты. Әлден уақытта, Айшаның мастығы тарқағандай: —Асекем, неге келдің осы қалаға?.. Менің тыныштығымды бұзып, өмірімді өртеуге келдің бе?—деп мұнды да ащы сөз тастады. Көзінен парлап аққан жас құшағың жаймаған Асқардың қолына ағып түсті. Асқар кенет бойын жиып, бетіне үңілді.

—Айышым, жаным, жылап отырсың ғой!.. Көзіңнің жасынан айналайын! — деп көзінен сүйді.— Неғыл дейсің, айтшы, өзің айтшы? Сенсіз маған өмір жоқ! — Не істерімді білмей басым айналды!.. Кетем... Алматыға кетем... Әкеме барам! — деп Айша ойын түсіндірмей тек түйіліп қана айтады.

—Мені тастама, ала кет!.. Мен сенсіз тұра алмаймын!—Асқар құшақтап, айналып-толғанып сүйеді, жауап күтеді. Айшада үн жоқ. Саусағындағы көк тасты алтын жүзікке үңіледі. Асқар да Айша көзінің ізімен сол жүзікке төнді. Кім білсін, қосыларда бұл жүзікті Мүсілім сатып әперді ме? Қолының басынан Айшаның кеудесіне қарай көк қоңыздай жорғалап бара жатқанын қарашы?! Айшаның өміріне үйелеген сасық қоңыздың тап өзі... Фу, Айша неге лақтырыптастамайды? Асқардың арқасын құмырсқа жыбырлатқандай тітіркеніп, тістеніп, шап беріп Айшаның саусағынан жүзікті жұлып алып, лақтырып жіберді. Жүзік зең етіп, дөңгелене домалап, босағаға барып түсті...

Сағат кешкі он кезінде Айшаны таксиге мінгізіп қоя берді де, Асқар түнгі самалмен салқындап, Магнитканың тұзу де кең көшесімен келе жатыр еді, домна асханасынан от көрінді, кешкі тамақтан кейін ыдыс-аяқтарын жуып, ертеңгі тамақты өлшеп, әзірлеп жатыр ма... Асхананың тұсынан өтіп бара жатып, Асқар қайта бұрылды, жүрек түбінен «кірші!» деп итермелегендей; аула жағынан айналып, ішкі есікке барды. Аанада Базаровтың тапсырып кеткені бар, «өз бақылауыңа ал!» деп... Несі кетеді?

Бірнеше аспазшы жиналған, алдарында тамақ, арақ, қызара бөрітіп, ауқаттанып отыр екен. Асқарды көріп, абыржып орындарынан тұрды. Столда қалтиып тұрған шөлмек те көз ілеспей жоқ болды. Асқар тесірейіп бас аспазшыға қарай берді, қарамаймын десе де іштегі бір сайтан түртпектеп тұрғандай. Есіне түсті.

«Маңдайы екі елі, керткік танау...» Сол! Асқардың денесі мұздай, қалшылдап өзін-өзі әрең басты. Заматта мұқыл тұмсық кирза етік көз алдына елестеп, біреу теуіп жіберген секілді боп басын ұстай алды. Есін жиды, жымыып «рахмет» деп столға отырды.

—Бүгін бір жұмыскер қалалық комитетке барып шағым беріпті, соны тексер деп маған тапсырған еді... Күндіз қолым тимейді, кешкі тамақты

ішкен соң келгенім ғой, ғапу етерсіздер!

—Асқар қолма-қол сылтау тауып, сөз бастады.— Сіздер іше беріңіздер! Қысылмаңыздар!

—Жоқ, жоқ, жаңа ғана тамам қып отыр едік! — деді ыдысты жинап алып жатқан жуан қара. Асқар көз қиығымен бас аспазшының әрбір қимылын, бет әлпетінің өзгерісін қадала аңдиды. О да түс бермейді, жайбарақат адамның кескіні. Іші қандай дымқыл күнгі пештей ұйтқиды екен?!

—Сонда не деп кінә қояды? — деді екінші біреуі.

—Еттің порциясы аз, котлет болса іші толған нан... деген тәрізді айыбы.

—Фамилиясын білуге бола ма?—деді жуан сары.

—Біреу де... Қайтесің... — деп зекіп тастады жуан қара.

—Алдын-ала әдейі айтуға келдім, сақ болыңдар деп... Асқар бас аспазшыға бұл жолы тікелей қарады. Ол болар-болмас жымып, рахмет! дегендей басын изеді. Оның әдейі сөйлемей отырғанын Асқар да ұқты: күлсе, сөйлесе, адамның бет ажары өзгеріп, өткен күннің бедері еске түсуі мүмкін-ау?

—Ғапу етіңіз, сіздің аы-жөніңіз қалай? — Асқар енді тура сұрады.

—Тихон Силыч... — фамилиясын айтпады. Асқар әдейі сұрамады. Оның аты Остап Нехай емес пе еді?

—Тихон Силыч, складтан тамақты өзіңіз аласыз ба? Өлшегенде де, безбенге салғанда да қасында тұрат боларсыз?

—Иә, мен өзім алам! Аһа! — деді ол.

Асқар ұшып тұрып, теуіп жібере жаздады. Өзін-өзі зорға тежеп, тағы да басын ұстай алды. «Аһа» — соның тілі. Орыстың «г» сын қазақтың «х» сіне жақындатады, екі аралықта айтатын.

Асқар дауыстап:

—Ғапу етіңіз, басымның ауыратыны бар еді! — деп орнынан тұрды.

Қоштасып тысқа шықты. Жаңа Асқар басын ұстай алғанда аспазшының өңі бұзылып, бірдеме іздегендей маңайын шолып өтті-ау. Сол — сөзсіз сол!

Асқар тездете басып, көшеде ағылып жатқан халық-тың ішіне сүңгіді де кетті. Кім біледі, артынан ере шығып, такси тұратын жерге қарай беттегенін біліп қалса... Әуелі сырттай бақылап, ақ-қарасын тексерсе... Ол болмай біреудің обалына қалып... Әділетсіздікті басынан кешкен Асқарға ол — кешірілмейтін кінә, өшпейтін дақ емес пе? Адамға адам ұқсай береді. Асқар, сен өзің ондай ұшқалақ азамат емес едің, көргенің көп, ол бұл жаққа қайдан келсін?... Австрия союзниктердің қолына түсті, Остап Нехай қашса, әрі Батыс Германияға, одан әрі Америкаға етпей ме? Жақсы, ол қашпады, союзниктер ұстап ап бізге берді, сонда ол батыс Украинаға қайтып кеп: «Пленде болдым, батырақ болдым» деп бұрынғыша тұра

бермей ме?

Жақсы, тағы да басқаша ойлайық: ол өзінің туған, ескен жеріне бармады, баруға беті жоқ дейік. Айталық, немістерге жағынып, совет азаматтарын көрсеткен қара бетбақ болсын, сонсоң ол фамилиясын да, аты-жөнін де өзгертіп, Қазақстанға неге өтіп кетпейді? Халық көп, әр жерден келіп жатыр, кімді кім біледі? Германияда бірге болған Асқармен кездесем деп ойлады дейсің бе? Маутхаузенде жанын жаһаннамға берген шығар алдеқашан дейтін болар ?

Құп, бұ да өз алдына бір жоба. Мысалы, неге ол шпион болмайды? Так-так! Ой, білмеймін, сол аласапыран кезінде оны кім тарта қойды дейсің, немістердің күлі аспанға ұшып, тым-тырақай қашып жатқанда, шпиондар әзірлеуге шамасы келді дейсің бе? Егер ағылшын, американдықтар өзіне жалдап алса?

—Сізге такси керек пе? — деген дауыстан барып Асқар ойдан сергіді. Таксидің жанына аяғыт ез бастап алып келсе керек-ті... Теміртауға тура тартты... Кіммен ақылдасса екен? Дәмешпен бе? Жоқ, бул-тым құпия іс, Дәмешті араластыру ретсіз, әлде қалалықпартия комитетінің хатшысына барса ма?.. Жоқ, ертең ол болмай шықса, айтпай ма: «Қорыққан-ға қос көрінеді», бейшара әбден зерезап болған екен, көзіне Бульбаши елестейді; кайтсін демей ме? Ең қолайлысы — Қайыр. Завод директоры ғой, бір ақыл табар. Қайырдың үйі қай көшеде екенін біледі. Жақында Дәмеш екеуін шақырып, қонақ қылған-ды. Қайымның Дәмеште көңілі бар екенін сонда ғана сезген. Бірақ аю-кемпір бірде бүге, бір-де шіге құбылып сә» нәрседен қабағын шытып қап отырды. Тегі баласының таңдағанына риза емес пе? Үйге қайтып келе жатып Дәмеші «Қайыр саған ұнай ма?» — деген-ді. Жартылай орыс мінезді бала ғой, ағасының ондай сөзіне қымсынбайды. Екеу ашық сырласады.

—Танысқалы біраз жыл балсада да, өз сезімімді өзім ұға алмайақ қойды. Кейде ұнайды, кейде жек көріп қалам. Оның мені тосқанына табадандатқан міне бес жыл! — деді Дәмеш мұңды жүзбен. Өзі де қалай сөз бастаудың ретін таба алмай келеді екен, екеуі үйіне келген соң тыста отырып ұзақ кеңесті. Бұлармвен қонақта бірге болған Иван Иванович пен Лида озыңқырап кетіп еді, жатып та қалса керек, терезед жарық көр рінбейді.

—Бес жыл тос>м, тосу-ақ екен! — Асқар шын мақтады.

—Мен тос дедім бе?

—Сүйген де!

—Мен сүймесем ше?

—Сүю деген, айналдым, адацлмның мінезіне байланысты. Адам баласы бірін-бері біркелкі, бір қалыппен сүймейтін тәрізді. Біреудің мінезі ауыр,

енді біреудің мінезі жеңітек, тұрақты, тұрақсыз. Сол осы айтқан мінезіне қарап біреуі сүйетінін тез білдіріп қояды, енді біреуі іште сақтап, жұмыртқадай шайкамай, балапандай өсіреді. Мүмкін сенің махаббатың әлі шайқалмаған, да болар — Дәмеш күліп жіберді.

—Ақырын күл Дәмешжан, Лида қызметке ерте барады, ұйықтасын! — деп Асқар әзілдеп Дәмештің аузына алақанын тосты. Дәмеш ағасының қолын ұстап ап, кеудесіне басты.

—Ағатай, сенің теңеуің ғажап екен, нағыз дәрігерлік теңеу.

Жұмыртқа-махаббат.

Қазір Қайыр үйінің есік алдына түсіп жатып Асқардың осы бір оқиға есіне түсті. Есікті Қайырдың өзі ашты. Ақ көйлегінің жағасын ағытқан, жеңін сыбанған, қызара бөртіп таңдана қарады.

—Түнделеткен қонаққа жол болсын? — деді ол.

—Әлей болсын!.. Аздаған ісім түсіп келіп қап ем, айыпқа бұйырмассың.

—О не дегеніңіз?.. Біздің үйде Құрекең семьясымен отыр. Сізді іздеп таба алмадық. «Бүгін келмейді» — деді Лида. Дәмеш шаруам бар деп Қарағандыға кеткен, ертең қайтпақ! Жүріңіз!

Қайыр Асқарды қонақтар бар үйге алып барды. Құрышпайдың өзі бастап түрегеп орын берді.

—Асекеңнің тілегі жақсы екен, — деді Ақмарал Асқардың оқыс келгеніне пейіл білдіріп.

—Ас үстіне келуін көрдің бе?

—Мақтап жүрем ғой жеңгемді! — Асқар Ақмаралды мақтаса ұнататынын аңғарғандай.

—Табақ та столға қойылды, сен де қоңырау қақтың. Отыр!

—деп Құрышпай да Асқардың алдына тәрелкеде тұрған басты ұсынды.

—Мен сізден үлкен емеспін қой, Құрыш аға!

—Жолың үлкен. Әкең Жүніспен дәмдес, ағаң Сақа-мен табақтас болғам.

Солардан қалған жалғыз көзсің. Алыстан келдің... Осы отырғандардың бәрі де өрісім сияқты. Сондықтан жол сенікі!—Құрышпай баяғы шешен дігіне басып, сөз тізгінін қолына ала бастады.

—Кім біледі, Алла жазса, біз де Асекеңмен .. болармыз,— деп, Ақмарал да сөзін жібермей, ишағара көшті.

—Апа, әуелі қонақ сөйлесін,— деді Қайыр күліп шешесінің шайпау тіліне тиек салып.

—Апама ырық берсең, біреуіне сөз бермейді, — деді Ажар да сықылықтап қасында отырған Оразға. Асқар бастың бір құлағын кесіп ап Болатқа қойды, екінші құлағын Оразға сыйлады. Ұртынан бір-екі кесіп асады да, сол қалпымен қайтадан Құрышпайға тартты. Қайыр шалға да, Оразға да

коньяк құйып, асқардан не ішетінін ішетінін сұрамай, шампан ашты. Тарс етіп тығ ғары атылды. Ақ көбік быжылдап, бокалдан асып; жатты.

—Кәне, Асеке, сөз сіздікі,— деді Қайыр.

—Жоқ. Енді жол Құрышпайдікі! — Құрышпайдың әлі де болса шарап ішкеніне таңданды Асқар. — Мен өзім аздап осындай бас қосқанда татып қоятыным болушы еді. Әйтпесе, жас келді, жолды мына Ораздар тартып алған жоқ па? Жарайды, Отанның амандығы үшін, Отан аман болса, бақ та, дәулет те табылады!

—О, шешенім-ай, сөз табады-ау,— деді Асқар көтермелеп, бәрі бокал көтерді.

—Асқар шырағым, мені балаларым көп сөйлейсің деп маған күледі,— деп Ақмарал сөз бастады.— Сөйтсе де сөздің жөнінен жығылуға бола ма, осы үйде бүгін өзің бар, Дәмеш бар, түгелдей бас қоспақ едік, ыңғайы келмеді. Дәмеш қалаға кеткен деді ме... ол енді мына Қайырдың нашарлығы, неге күні бұрын хабарламаған... Ол өз алдына бір тайпы әңгіме!.. Менің айтпағым, бүгін бас қосуға екі себеп болды: біріншісі, мына тентек күйеу өлімнің аузынан қайтты, бұл заманның баласы еркелей де біл-мейді. Екіншісі, құдай жазып, құда түссем деген ниетім тағы бар...

—Апа!—деді Қайыр жақтырмаған дауыспен.— Дұ-рыс тамақ ішейік.

—Е, мен теріс сөз айттым ба, жазғаным, пейілімді білдіргенім...— Ақмарал қанша өктемдеп бақса да баяғыдай емес ашуға баса алмайды.

—Ондай сөзің болса, мен жоқ жерде айт, апа! Менің рұқсатымсыз кіріспеңіз! — деп еді, Ақмарал қипақтап, сөзін әрі соза алмай «жарайды, шырағым, ертең таң да атар» деп қоя қойды. Қайыр әңгіме желісін басқа жаққа бұрып әкетті. Асқардың байқауынша, Ақмарал әнеукүнгідей емес, сағы сынып, жұмсап қапты, тегі бұлар кеткен соң, сол күні екеуі мықтап сілкілескенау. Дәмештің бүгін келмей қалуы да осыдан, шет жағасын сезді ме?

Шай артынан Асқар Қайыр мен Құрышпайды, Оразды оңаша алып, өзінің келген себебін түсіндірді. Ақылдасты. Әрқайсысы әр түрлі жорамал жасап, түйінге келе алмады Теміртау қаласындағы қауіпсіздік комитетінің өкілі Қайырға таныс екен, ол соған телефон соқты...

Сол күннің ертеңінде-ақ, бас аспазшы Қарағанды вокзалында билет алып, поездға мінейін деп жатқанда ұсталған.

VI

Жиналыстан кейін Мүсілім өзінің ішкі сарайына үңіліп, өткен өмірін архив мәліметіндей аудара ақтарып, содан бүгінгіге мөлшер іздеді. Осы

жолы айқасса жеңіле ме, жеңе ме? Өмір — карта ойыны, қол шықса ұтады, шықпаса, ұтылады. Баяғыдан бері Мүсілімнің қолы шығып ұтып келді. Енді кім білсін? Соңғы кезде өмір қырындай бастаған сияқты... Жоқ, Мүсекең жеңді сыбанып жіберіп шешіне кіріседі. Аянып қала алмайды. Күрес әдісін жақсы біледі, неден қорғанады?

Өзім асыраған күшігім, өз басыма секірді. Кеше ғана оқу бітіріп, Мүсілімнің алдына кеп, «Сізге қызметке жіберді!» деп сүмірейіп тұрған Қайыр еді. Енді мынау директор, бастық! Бәрін өзі билеп, өзі төстейді. Мүсілімнің өзі ақымақ! Сонда ғой «інім» деп бауырына тартпай бойын аулаққа салса, кім біледі, директор болмас па еді? «Інім өзімнің руым, қолыма ұстаған қаршығам болады!» деп үміт қылды-ау? Мә, саған іні!.. Мүсілім ашуланғаннан өзіне-өзі қолын шығарды.

Сағат жылжып түнгі он екіге барды. Столдың басында Мүсілім әлі отыр. Алдында қағаз бен қалам. Жазу керек. Ауызша айтқан сөзді делого тікпейді, із қалдырса, сөздері де жауап беруге мәжбүр болады. Жаз, Мүсілім! Іштей әзәзіл дауыс түрткілеп, қаламға қолын итермелесе, ми түбінен ақ бас шал басын көтеріп тіксіне зілмен қарайды: «Неге елігесің, заманды түсінбейсің бе, Мүсілім?» деп сөгетін де сияқты. Заман-заман... Өзгерген заман жоқ, баяғы қалпы, несі бар, қаймығып бұйыға беретін?! «Қайыр Әлжанов заводты өзінің меншікті үйі, қора-қонысына айналдырып алды. Бүкіл заводта өзінің туған-туысқаны істейді: күйеуі, оның әкесі, қалыңдығы » — деп бір айыпты жазды да өшіріп тастады. Үш жарым мың жұмыскері бар заводқа үш адам көп болып па? Обком бұған маңыз бермейді. Онда? «Қайыр Әлжанов сын көтермейді, өзара сынға жол бермей маңайындағы атарман-шабарманына дейін жабылып сынаған адамды қуғынға ұшыратады » деп жазды да тағы да ойланып қалды. Факті? Қандай фактісі бар? Ығламбек!.. Аанада Ығламбек Оразды сынаған жоқ па еді? Сол үшін оны қудалап, алакөз деп жүргені бепбелгілі. Обком да: «Қудалағанда не істеді? Қызметтен шығарды ма, жазықсыз сөгіс берді ме? Не істеді?» — десе, Мүсілім не деп жауап бермек?.. Жоқ, дәлел болмайды. Енді қайтеді?

Мүсілім қаламды лақтырып тастап, тұрып кетті. Осы баяғыда қаламы зыр қағып ой мен факті қабысып, дәлелді сөзі тіл ұшына орала кетпеуші ме еді? Қартайған ба дейім Мүсекең Үкімет бастығы кейбіреулерге «базардан қайтып келе жатқандар» деп ат қойыпты. Соның қатарына ілініп жүрмесе? Жоқ, Мүсілім әлі жас, олар өз алды-на бір тап. Ең артық Қайыр да «Мүсеке, сіз сол базардық қызған ортасындасыз!» деген жоқ па? Рас-ау, өзін-өзі неге қартайта береді?

Мүсекең күрес әдісін ұмытса керек-ті. Мұндай тұрмыс көлеміндегі

кәкіршүкір әңгімемен Қайырды жеңе ала ма? Сая си мәселенің шоқтығынан ұстаған ұтымды да салмақты ғой, ойбай-ау! Бірінші, Қайырдың: «техниканы меңгеретін қазақ интеллегенциясын дайындау керек, завод кілтін қазақтың құрыш қорытушысына, горновойына беру керек» деген ойы-қауіпті ой!.. Соның аржағында бірдеме жатқан жоқ па екен? Міне, Мүсілім жазса, осыны жазуы керек!

Екінші, Ораз бен Дәмеш... Бұлар кім? Директор олармен неге байланысады? Ертең қандай адам болып шығарына көзі жете ме? Авария жасап, заводқа зиян келтірткен инженерсымақ қалыңдығын совнархоздың рұқса-тынсыз, қызметке қайта алып отыр. Бұл қызмет бабын өз қажетіне пайдалану емей немене?

Мүсілім таңның атуына зорға шыдады. Көзін іліндіріп алды да, ертесімен машинасын шақыртып, Қарағандыға жүрді. Кеше директор: «Совнархоз шақырып жатыр, барып қайтасыз ба?» — деген-ді. «Менің тығыз шаруам бар, шақырт!» деп досына телефон соққан Мүсілімнің өзі екенін білсе, жіберер ме еді? Қарағандыға жеткенше машинаның артында отырып айтатын сөзін, дәлелдерін саралап, ойын тұжырды. Қазір Мүсілімнің шағым жасауына кедер-гі жоқ — маңдайы ашық, босағасы тең. Қалалық партия комитетіне барды, алдарынан өтті. Енді «Сен тәртіп бұздың!» деп ешкім бетіне баса ала ма? Мүсілім осы Базаровты түсінбейді:

«Әлжанов бүлдіріп жатыр, қолынан іс келмейтін инженерді қайта алды!» десе, «Директор ғой, бірдеңе білетін болар...», дейді. Іші қыз-қыз қайнайды, әттең, айтуға дәрмен жоқ! Хатшы баяғыдай емес, Мүсілімге салқын...

Бір сағатқа жетпей-ақ Мүсілім машинасы Қарағанды көшесіне кірді. Күн әлі ерте. Құмырсқадай өрген қала халқы көше-көшемен кеңсе, мекемелерге ағылып жатыр; бірін-бірі басып озып, машинаның алдын кеседі.

Сескенбейді. «Енді түсті-ау!» дегенше болмайды, жылт етіп өте шығады. Өне бір жуан тірсек, бөкселі әйел, сырт жағынан таныс секілді қатарласа бергенде Мүсілім машина терезесінің шынысын төмен сырғытып, басын сұқты. Сол

—обком хатшысының көмекшісі.

—Тоқтат! — деп, машинадан қарғып түсіп, Мүсілім әйелдің алдына тұра қалды. Әйел селк етіп, кейін шегініп бадырая қарады.

—Саламатсыз ба? Ал мініңіз! — деп «Победаның» есігін шалқая ашты Мүсілім.

—О не дегенің, жаяу-ақ барам!—деп әйел бұлданып еді, Мүсілім жолдан жығылып көрген бе?—Үлкен адам, әдейі түсіп, иіліп, амандық жасағанда, бәлсіну — тәкаппарлық мінез!..— деп жанына тигізе сөз айтып, ықтиярсыз мінгізіп алды.

Машина үстінде обком хатшысына кірмек ниетін білдірді. Қазақстандағы қара металлургияның әйдік заводының бас инженері көңіл толмайтын ұсақ мәселемен хатшы жолдасқа кірер ме, тегі? Әрине, Мүсілім ол кісінің қолы тимейтінін, жұмысы қауырт екенін сезеді. Бір кезде өзі де министрдің орынбасары болып көрді ғой, аздаған хабары бар.

Мүсілім өзінің бұрын жоғары дәрежеде болғанын әде-йі қыстырды.

Нысанаға дәл тиді-ау, әйел де: «Ә, сіз сондай ма едіңіз?» дегендей жалт қарады. Әрине, шіркін үлкен адам болудың орны басқа-ау, сол барған бетте-ақ хатшының кабинетіне ере кіріп, бірінші боп жазылды.

Обком хатшысы бұйра шашты қара торы, жас, өңді еркек, бұрын Мүсіліммен Алматыда біраз бірге істескені де рас. Аанада Қайырға «арқа тұтатын адамым» деп ишаралап отырғаны да осы кісі.

—Қалай, жұмыс жақсы ма?

—Әлбетте, жолдас Сарқисов. Е, өзіңіз қалай? Үйрене бастадыңыз ба?

—Таныстық қой!.. Қала ішіндегі өндірісті түгендей аралап, өз көзіммен көріп, баға бердім. Енді сол Теміртауға барам ба деген ойым бар. Сен жақсы келдің... — Хатшының бұл сөзі еңсесі түсіп, енжар боп келген Мүсілімді құр атқа мінгізгендей бір көтеріп тастады. Елеуреп, ба-тыл кірісті.

—Сізден бұрын хатшы боп осында біреу отырды, алтыай жазда Теміртауға басын бір сұққан емес. Үлкен құрылыс, қалай басқарды десейші?..

Теміртауға келш, нақты басшылық беруді асыға күтеміз!.. Сіздің іскерлігіңізді ана бір жылдары сезгем. Оны достарыма жайып та жүрмін. Ол — өз алдына бір мәселе. Бірақ, Теміртауға бару үшін кейбір жағдайды алдын-ала түсініп алған да жөн. Менің бүгін келген ниетім де сол еді...—

Тым алыс орағытқанын Мүсілім кеш сезді. Хатшының қою қара қастары бір түйіліп, бір жайылды — жақтырмады ма? — Ол қандай жағдай?

Мүсілімнің құдайдан күткен сұрағы осы да. Оңтайланып отырып ап, бастанақ сыдырта берді. Хатшы мұның сөзін бөлмей бар ықыласымен тыңдады. Екеуі бір сағаттан артық әңгімелесті. Ақыры хатшы ертеңгі сағат үшке қазақ металлургия заводының директоры Әлжановты, партбюро хатшысы Серегинді, қалалық партия комитетінің хатшысы Базаровты қоса шақыртты да, Мүсілімге сол кезде орал деп, қоя берді...

Мүсілім ол екі ортада Совнархозға барып «досымен» кеңесіп, Совнархоз орынбасары бидай өңді, еңгезердей қазақ жігіті еді, соған да кіріп, өз жайын тегіс түсіндірді. Ертеңінде түсте жұрт қатарлы асханадан тамақ ішті де аспай-саспай айтатын ойын тағы да үшкірлеп, обкомға оралды. Обкомге кіретін есіктің қақ маңдайындағы дөңгелек сағат үшке бес минут қалғанды, Мүсілім хатшының кабинетіне кірді.

—Сізді тосып отыр! — деді көмекші әйел, Мүсілім табалдырықтан аттай бергенде. Мүсілім күйгелектеп жалма жан сағатына қарады. Сағат үштен үш минут өткен. Қап, есік алдындағы сағатқа сеніп, кешігіп қалғанын қарашы.

Есік ашып кіріп барса, бес адам отыр: обкомның өндіріс бөлімінің бастығы — Базаров, Серегин және Қайыр мен Сарқисовтың езі. Бәрі де әлденеге мәз. Жүрегі су ете түсті. Тіл табыса қалғаны ма? Сыр бермей, еркіндей басып төр жақтан орын алды.

—Қарағандыда түскі тамақ ішу қиямет қой, та-бандатқан екі сағат отырдым.

—О жағынан кенде емеспіз... Сіз Қайыр...

—Рахимович,— деді есіне салып Қайыр.

—Қайыр Рахимович, сіздер де тамақ ішкен боларсыздар? —деді хатшы. Базаров пен Серегиннен сұрамай Қа-йырға қарап.

—Иә, ішіп шықтық, рахмет!

—Онда тура іске көшелік. «Аш адам ұрысқақ» деген қазақта мәтел де бар екен. Тоқ адамның сөзі де майда, көңілі де көтеріңкі.

—Сарқисов жымыды. Мүсілім жұдырығын жұмып, іштей әзірлене бастады.

—Металлургия заводының бас инженері үлкен на-разылық білдіріп келіп отыр. Бүгін сол жайында пікір алысып, шындықтың бетін ашуға шақырдым. Хатшы Мүсілімге қарады.— Сіз қысқаша айтып өтсеңіз деймін.

Осы кезде әдемі киінген екі жасамыс әйел кіріп кеп, бос столға отыра қалды да, дәптерлерін ашып жаза бас-тады. Стенографистка екенін Мүсілім енді сезді. Хатшының бұл беттестіруін Мүсілім іштей ұнатпай, кірпідей жиырылса да сыр бермеуге тырысты. Аз мүдіріп, көз тоқтатып әрқайсысына бір-бір қарап алды.

Завод басшылығы, нақты атап айтсақ, мына отырған директор, партбюро хатшысы, қалай да мені қуып шығудың мақсатын көздеп, артыма жарық алып түсіп отыр... Мен бас инженер болып бүгін бұйрық берсем, ертең директор бұзып, өз тұсынан басқа бұйрық жазады. Сонда менде қандай абырой қалды, ойлайсыз ба?

—Факті? — деді Қайыр.

—Сен, жолдас директор, өзіңнің кабинетінде отырған жоқсың, оны біліп қой!.. Менің аузымды баса алмайсың енді.

—Жарайды, қағытыспай, байыпты сөйлесейік! — деді хатшы екеуіне де ескертіп, тежеп.

—Менің өзімнің сөйлесу әдісім: жеке мәселеден барып жалпылай қорытынды жасаушы едім. Сондықтан да әуелі өзімнен бастадым.

Кешірерсіз. Сағатова деген бар бізде, өзі сұлу, өзі инженер. — Мүсілім көз қиығын Қайырға тастап еді, ернін тістелеп, өң жоқ, сөл жоқ зорға отырған көрінеді: «Ә, бәлем солай ма?» — Йя, сол инженер-қалтасында диплом болғанымен, бұрын өндірісте істеп кермеген, және өзім білем деп кеуде қағушы жастардың бірі, заводты аварияға ұшыратып, зиянда қалдырды Совнархозбен келісіп, өзінің әлі келетін қызметіне ауыстырып едім, директор жолдас Москвадан қайтысымен орнына қайта қойды. Бұл факті емес пе?.. Бақсам — қыз бұл кісінің қалыңдығы екен — Мүсілім: «тұқырта бір бастым-ау!» дегендей қомдана көзін бір тастап, сөзін жалғады. Отырғандардың бірінде үн жоқ.

Мүсілім жиналыста болған жанжалды, Ығламбектің, Ораздың мінез-құлқын суреттеп өтіп, Асқарға көшті. Оның өмір тарихын қопарып, сол кісі пайда болғаннан бері, заводтың әлек-тәлегі шықты деп бір тынды. Сонсоң сөзін түйді: — Қырағылық керек, кім өзі ол, нысанадан шығармау керек сықылды. — Мүсілім көзін Қайырға қадап, «енді қайтер екенсің бәлем!» дегендей жымыып, жағалай көзімен бір шолып өтті. Сарқисов та беріле тыңдап отырған адам сияқты. Қайта Базаровтың езуі күлім қағады. Серегин мен Қайырдың бастары тұқырайып, төмен түсіп кеткен.

—Осыдан туатын бір қортынды: директордың гәжірибесі аз, жас адам. Өзі білмейді, білгеннің тілін алмайды. Заводта техниканы жаңартпақ болып, атой берігі шапса да, іс шығара алмады.

«Увлечение» — жас кезде адам еліктегіш, көрсе қызар болады ғой, ол — инженер Сағатованың авантюралық проектісін, түк шықпайтынына көзі жетсе де, қыз көңілін қимай ақыры соны іске асырмақ! Қаражат жұмсап, үкімет ақшасын далаға шашуға бола ма? Осыған байланысты Әлжанов жолдас, Қазақстанда техника кілтін қазақ инженерлеріне беру керек деген теріс пікірді ұстап ап, қолынан іс келмейтін сенімсіз адамдарды маңайына жинап отыр...— Шешінген судан тайына ма, заводта істеп жүрген бірнеше инженерлерді, Әмиров, Қасымовтарды мұрнынан тізіп атап өтті де, сөзін тұжырды — «Қазақ» деген сездің аржағында «бірдеме-шылдық» жоқ па деп қаласың. Бұл тайғақ жол!.. Сонымен заводта емір жоқ: не мен, не бұл тұрсын! Екінің бірі. Мен жиырма жыл істедім, осы заводты қолыммен құрдым десем артық айтпаған болар ем. Енді мынау сияқты боқмұрын балаға, артық айтсам ғапу етіңіздер, пенде бола алмаймын! — деп сөзін бітірді. Шылымын тұтатып терезе алдына барып, жеке отырды. Хатшы қағаздан басын көтеріп, жан-жағына қарап, көзін тоқтатты.

—Жолдас Әлжанов, бұл тағылған айып туралы сіз не айтасыз? — деді. Айдарынан қан ағып, ұнжырғасы түскен әтештей Қайыр салбырая түрегелді. Саған осы керек, кіммен айтысатыныңды біліп қой! Осы, дәл

қазір Мүсілімге қауіпті Серегин болып жүрмесін?

Қайыр сөзін неден бастарын білмейтін адамдай, Серегинге қарады. Ол басын шұлғыды. Көрдің бе, онысы-баста, қаймықпа дегені... Қап, Серегинді баса айту керек еді. Бірақ тағы да сөз берер!

—Бас инженердің айтқанының бәрі дұрыс, бір өтірігі жоқ! — деп отырғандарды көзімен Қайыр бір шолып өтті. — Дұрыс деген сөзді «кекетіп» айтып тұрғам жоқ, шын мағынасында айтам! — деді ол. Бұл сөз жарылған бомбадай Мүсілімнің есін шығарды. Мынау не дейді, ей! Мүсілім ойының алды-артын жинақтап үлгере алмады. Қайыр сөзін әрі қарай созды. — Жалғыз-ақ, сол фактілердің өңін өзгергіп, саяси астар беріп тұр. Біздің бас инженер, ескі жүкті әлі де болса арқалап жүр! Қайран мешеулік! Осында отырған облыстық партия комитетігінің хатішысы алдында ашықтан-ашық айтам: біреудің айтпаған сөзін айтты деу, істемеген ісін істеді деу, ақты қараға аиналдыру — кешегі Берия сияқты зұлымдардың сарқыты. Сіз әлі сол «сарқыттан» айықпаған көрінесіз! Мүсілімнің қолы дірілдей бойын билей алмады. Қап! Стол ды қойып қап, атып тұрды.

—Тарт тіліңді!.. Жолдас Сарқисов! Бұл-балағаттау, тіл тигізу, жала жабу!

—Тсс!.. Сабыр, жолдас Мусин. Сен сөйлегенде кім сөзіңді бөлді?.. Айтсын ойындағысын! — деді Сарқисов салмақты пішінде екі жақтың тізгінін бірдей ұстап. Мүсілім терісіне сыймай булығып бара жатқанын сезді — жағасының түймесін ағытып, терезенің алдына барды. «Әлі де болса, кеш емес, ойланыңыз, жолдас Мусин!..» деген Қайырдың сөзі алыстан әлсіреп жеткен оқтай құлағының жарғағын ғана жарып өтті. «Ойланыңызі» Не-ні? Қу бала көрдің бе, қалай сырдақтауын? Тәубесі ішінде Сарқисов ескі досын талатпас күшіктерге...

Мүсілім енді Қайырдың сөзін тыңдаған жоқ, мәжілістің барысын, кімнің безбені қай жаққа ауып барады, кім не дейді, соны болжады. Серегин? Әй осыны баяғыда ұрып жіберетін кісі еді, орынсыз тартпақтап, енді мынау, аузына қарап, қипақтауын...

—Мен қысқа сөйлейім,— деді Серегин Қайырдан кейін сез алып.—

Инженер Сағатова жайында Мусинмен талай қызыл шеке боп айтысқам да ұрсысқам, төбелесудің алды болғам! Сонда оған; «Пікірің де, алған бетің де қисық» деп көзге шұқи айтқам. Айтпады десінші өзі? — Мүсілімге қарады.

—Сен әділ хатшы бола алмадың! Директордың емеуірінімен мәселе шештің. Сенің өз алдыңа ұстаған бетің жоқ! — Мүсілім де бет тырнады. Серегин күлді:

—Директордың ұстаған жолы түзу болса, неге жақтамаймын? Жақтаймын! Қазақтарды өндіріске, техникаға тартып, техника тілін үйретем деудің несі

қисық? Қазақ баласынан инженер дайындап, техникаға аттай мінгізем деудің несі зиянды?.. Ой өрісін сатылай қусақ: ұлт қардін өсіру керек деген сөздің өзі қате ме? Мал бағып далада өскен халық бүгін техниканы басқарам десе:

«Жоқ ол — қисық пікір, сен қойыңды бағып жүре бер маңдайыңа гвазылғаны-сол. Не лезь, в Калашный ряд!»¹ — деп айта аламыз ба? Ол біздің конституцияға қайшы екенін бас инженер түсіне ме? Мен өзім директор жолдастың қазақ баласынан мартен пешіне құрыш қорытушы, домнаға гор-новой дайындауды ірі мемлекеттік мәселе ғып қоюы — республиканың келешегін ойлағандық деп білем! Мал бағуға үйренген халық әлі де сол завод жаққа өз бетімен бара қоймайды. Заводта істеу олардың бойына сіңген қасиет емес! Сондықтан қазақтарды оқытып, тәрбиелеу қалай саяси қате болады? — Серегин жымыңдап, кейде сөзінің нәшіне қарай дауысын өзгертіп, Мүсілімнің жынына тиіп, ызасын келтіріп-ақ тұр, қайтеді қолдан келер Мүсекеңнің дәрмені—айғайлап сөз қосу, сүріндіру, бірақ оны да орынды айтпаса, хатшы: жеңілтек мінезді адам деп ұғып қалуы ықтимал.

—Совет халқының бір-бірінен артық-кемі жоқ, коммунизмге де бәрі тұтас қатар барады. Керемет қиын техниканың тілін білетін халық ертең еңбек істеп, қалған білмейтіні қолын қусырып қарап отыруы керек пе екен? Бүгін мал бағу, егін орудың өзі үлкен техникамен байланысты, техникадан аулақ жүрген қазақ: «Әй, Иван келіп малымды бағып, егінімді орып берші, саған ақы төлеймін!»

¹ Орныңды біл деген мағынада.

—десе, бұдан қырық жылғы бұрын қазақтан оның не айырмасы бар? Республика-зор, жері-бай, істесін, үйренсін, қашанғы көрші халықтарды шақырып солардың келуін күтіп отыру керек? Қазақстан болғалы қырық жыл, бір адамның өмірі. Техниканы меңгеретін мезгілі жетті!.. Сіз, Мусин жолдас, «қазақ» деген сөзден үрейлене қашасыз, «Ұлтшыл» деп айта ма деп. Бұл сіздің санаңыздың төменгі сатыда тұрғанын көрсетеді. Мысалы, мына Қайыр сол «қазақ» деген сөзді сізше ұқпайды, сіз айтқан Сағатовтың әкесі қазақ та, шешесі орыс, екі халыққа бірдей адам, бұл екеуі де сол халықтардың бірін аға, бірін іні тұтады!..

Мұның бәрі Мүсілімге таныс «қисса», енді мұны тоқ-тату қиын болар. Демагог! Көпіріп, тіл мен жағына сүйенуін қарашы! Мейлі не десе о десін... Енді ана Базаров не айтар екен? Ыбылжып, сөзі аузынан түскен неме еді, бүлдіріп жүрмесе? Дәл түзде отырған қазақ сықылды мелшиген сиқын қарашы...

—Қалалық партия комитеті осында айтылған мәселелердің біразына қанық. Сағатова жайында бас инженер келіп, өз пікірін жеткізгенді. Бірақ көрінген тесікке тығын боп, бас сап әрбір іске кірісе беруді қолайсыз көріп, өздеріне ерік бергеміз, «ішкі істерінді өздерің шешіндер деп»... Шеше алмаса, әрине, енді шешіп берейік... Серегин біраз мәселені түсіндірді, соған қосымша айтайын: Сағатов Асқар сіз ойлаған адам емес, нағыз коммунист, ол жайында ешбір күмән болмасын!

—Ерте айтып тұрған жоқсыз ба? — деді Мүсілім шыдай алмай.

—Ерте айтқан сіз көрінесіз, жолдас Мусин! Өмір соны анықтады! — деп зілдене қарады Базаров.

Мүсілімнің шеке тамыры солқылдап, көзі қарауытып шалқая берді. Қолы кеудесін аймалады, жүрегі шаншығандай ма? Ауруы тағы ұстап қалмаса игі еді. Шынымен бүгін ұтылып көнді біржола бергені ме? Жоқ. Әлі де үміт бар... Сарқисов болмаса? Тегін кісіні обкомге хатшы ғып жібере ме?..

Сарқисов қою қара қасын түйістіріп:

—Жолдастар! — деп айтар сезін ойлаған адамдай аз кідірді.

Тым-тырыс, ашық терезеден ағылып етіп жатқан ма-шинаның гүрілі, азан шақырған әтештің дауысы, кейде балалардың күлкісі еміс-еміс естіліп қап, жел желпіп әкет-кендей қайта тынысталады. Қайырдың еңсесі көтеріліп қапты. Манағыдай емес, қомданып, екі көзі күлімдей ма-сайрайды. Тегі ұттым деген сияқты-ау? Анау ақсақ Сере-гин де «бітті шаруасы!» дей ме, Қайырға көзін қысады...

—Жолдастар, сіздер бүгін ашық, емін-еркін сөйлеп, әрқайсысың өз пікірлеріңізді жеткізіп бақтыңыздар. Оның бәрі қағазға түсті. Енді біз әбден тексеріп, ойланып, облыстық комитеттің бюросына салып, қортынды жасаймыз! Менің ескертетінім: жолдас директор, завод техникасын жаңарту, шеберлендіруді коммунизм техникасын құру деп біліп, батыл бастауың, соған лайықты кадр дайындау — ізгі қадам! Осыдан тайма! Кімде-кім жолыңда тұрса шынтағыңмен қақ. Ал сіздің... — Сарқисов Базаровқа қарады. — Нашар басқарғаныңыз көрініп-ақ тұр, жолдас хатшы!.. Ойланыңыз! — деп Сарқисов орнынан тұрды. Сөз тәмам.

Отырғандар тегіс көтерілді.

Мүсілімнің салы суға кетіп, қипақтап жұрт артындан қала берді.

—Адам Григорьевич, сіз де мені теріс ұқтыңыз ба? — Еңгезердей

Сарқисовқа жаутаңдап мәліе қарады. Ол түс бермей ызбарлы қалпында:

—Эх, жолдас Мусин, мен сізді мұндай деп ұқпаған ем! — деді де плашын киіп, кабинетінен адымдай шықты.

Күн көкжиекке қырынан қойған алтын табақтай жарқырап, кештің келіп қалғанын еріксіз еске түсірді. Арқаның дөңесінде қақбақ қуып, асыр салған

қызыл жел басылып, саябыр тапқандай. Көз ұшындағы будақ-будақ көтерілген шаң — директор машинасының ізі. Зырла шофер! Мүсілім оны қуып жетіп, басып озса... Өмірде де солай артта қалдырса қайтер еді. Әй, жету қиынау! Ол тегі Мүсілімнің қуып келе жатқанын сезген сияқты, тіпті жеткізетін емес! «Победа» 70—80 километрден алып келеді.

Мүсілім тірі тұрса өмір божысын Қайырға бермес!.. Жаңағы хатшы жолдастың сөзі қызық: «Сені бұлай деп ұқпап едім...» Енді қалай ұқты екен сонда? Істің тұтқасы оның қолында тұрған жоқ шығар. Дұрыс шешпесе, Мүсекең Алматыға барады, о шешпесе Москваға дейін қуады ерегескенде! Қиял арқанын ширата-ширата Теміртаудың көшесіне қалай кіргенін Мүсілім сезбей де қалды. Үйіне жақындай бергенде бойын жазып, көңілін орнына түсірмек ниетпен машинаны гаражға қайырып жіберіп, аяндап келе жатыр еді, Мүсілімнің үйінен біреу шықты. Қарсы келе жатыр. Мүсілімді іздеп жүрген біреу ме? «Жаңалық» естігісі кеп асыға кеткен Ығламбек пе? Директор мен партноро хатшысын тығыз обком шақырып кетті деген хабар бүкіл заводқа тараған болар, суық хабар жата ма? «Немен бітеді?» деп асыға күткен коллектив елеңдеп біріне-бірі құлағын то-сып жүр ме?.. Аанада ниеттестерінің бірі «жас инженердің бәрі Сағатованы заводқа қайта алғанына риза көрінеді» деген-ді... Инженерлер Қайырды қолдаса, Ығламбек тәрізді алдыңғы қатардағы жұмыскерлер Мүсекеңді қолдайды, несі бар?!

Ау, мынау елбелектеген әлгі... Жоқ, жоқ, атын атауға аузы бармайды. Иә, тдп Соның өзі! Ойпырмау, бұл қайдан жүр? Айша мен екеуінің арасы насырға шапқан ау, тегі. Не қылса... Төбелессе ме?

«Ертең директор пайдалана қойып, бюроға сап, партиядан қуып масқара қылсын десек төбелес!» — деді өзіне-өзі күбірлеп. Бетпебет қарсы келді. Мүсілім бұрылып кетудің лажын таба алмады.

—Ә, Сағатов жолдас, қайырлы кеш! — Мүсілім көтеріңкі дауыспен сәлемді бұрын берді. Қолын ұсынып, жүзіне қадала қарады. Ол.сасып қалған сияқты, қалбалақ-тап қолын алды.— Ұзақ сапардан қайтқалы көрісе алмадық, уақыт болмай жатыр, шет-жағасын Айшадан естіп те жатқан шығарсың! — Айшаның атын әдейі атап, сынай үңіледі: әккі соққан-ау, түс бермейді.

—Менің қайтқаныма қуанып, ниет білдіріп жатқаныңды естідім,— деді Асқар кекетіп. Астыңғы ерні салпиыш, көзі тесірейіп кетіпті, тегі салғыласуға да дайын-ау. Мүсілім арзан күлкіге сап, көңілін аулауға тырысты.

—Өткен — өткінші жауындай өтті де кетті, қайтесің еске алып, ол бір заман...

—Өткінші жауыныңа болайын, он бес жыл жауған!

—Ойпырмай, Асеке-ай, кейде адам өзінің әрекетіне өзі ие бола алмай қалады екен...

—О не дегенің? Сонда жауапты мен емеспін демекші-сің бе?

—Заман ғой, достым.

—«Заман» деп басқа біреу айтсын, сен айтпа, Мүсілім! Тап сені ешкім күштемегеніне менің көзім жеткен.

—Күштеді ғой...

—Түу, саппас! Сөйдеп басқаны алдасаң да мені алдама! Білем, сенің неге істегеніңді. Айшадан айыру үшін маған жала жаптың!

—Ой, Асеке-ай, бір кезде жақсы дос едік, қайтесің өткенді жаңғыртып. Егер керек болса — Айшаң әне, барып жүрсің ғой, қой дедім бе? Асқар бетіне бетін тақап, тістеніп:

—Саған қор болған қайран Айша! — деп, жерге бір түкірді де жүре берді... . Мүсілім өзінің не айтқанын кейін түсінді. Қап, оны қақпанға түсірем деп Мүсілім өзі түсіп қалды-ау! Аузына сөз салды. Енді ол Айшаға да жеткізеді...

Үйге кіріп барып: «әлгі неге келді?» деп жанжал шығарса... Дәліз қап-қараңғы. Ей, бұл ешкім жоқ па? Әуелі өзінің кабинетінің есігін ашты... Онда да жарық жоқ... шляпасын, портфелін тастап, қонақ үйге кірсе, Айша мен қызы чемодандарды ашып, киімкешектеріи салып жатыр. Апасы мүсәпірсіп босағада жағын таянып тұр. Мүсілімді көріп, Айша басын көтерді: өң жоқ, сүп-сұр. қа-бағын шытқан. Кішкентай кызы да көңілсіз, маңдай асты-нан тұқырая қарайды.

—Иә, жол болсын, бұл не?— Мүсілім көлгірсіп жы-лы жүзбен эзілдей сөйледі.

—Жол болса, баламыз екеуіміз Алматы жүрейік деп жатырмыз.

—Иә, неге?

—Негесі болып па, шатынаған көңіл енді қайтып жамалмайды. Мұнда не сен, не мен тұруым керек. Казір мен демалыс алдым, соған дейін ойлан! Мүсілім дірілдеп баласына қарап еді ол:

—Да, папа, мы уезжаем без тебя. Ты оказывается злой!' — деді. Бұл сөздің үстіне егіле еңіреп тұрған апасын көріп, Мүсілім сылқ етіп босағада тұрған орындық-қа отыра кетті.

VII

Кешегі менменшіл, өркөкірек, кейде әзілден кекесіні басым, томпақ көздеу, жалпақ бет, аққұбаша Қайыр, бұ күнде Дәмешке кіші пейіл, батыл да тілді,

сымбатты да көрікті жігітке айналды. Бұрын ұрыншақ па деп жақтырмайтын Дәмеш, енді кездесе кетсе жылы жүзбен күлімсірей қарайды. Москвадан Дәмеш жүрегінің кілтін тауып әкелгендей, оңашада тебіrentіп ән салдырады, соңғы күндері жауыннан кейінгі ормандай, Қайырдың мінезі де, көркі де Дәмешке бір-ақ сәтте құлпырып, жаңарып шыға келді.

Шынымен Дәмеш ғашық боп қалғаннан сау ма? Кеш оралған махаббат — ересек те ақылды махаббат деп кім айтып еді осы? Әлде Қайырдың өжеттігі, іс-әрекеті Дәмеш жүрегіне жылы леп тудырды ма? Бір жұмада Дәмеш проектісін іске асырды, пешті бу аралас ауамен үрлететін қылды. Қайыр Дәмешті шақырып алып:

«Ал бізде енді жазық жоқ...», — деп күлім-күлім етеді. Со кезде бөтен кісілер отырмаса Дәмеш оның мойнынан құшақтап, сүйіп те алатын еді... Бүгін Дәмеш бірінші рет пешті ауа аралас бумен үрлейді. Енді не жұрт алдында қара бет, масқара болады, не жеңіп, арманына жетеді!.. Егер бу құрыштың сапасын төмендетіп жүрсе қайтеді? Пар-су, сутегі құрыштың жауы деп айтпап па еді профессор? Жоқ, Дәмеш өзінің есеп-қисабына сенеді! Математикаатам заманнан бері адам баласына адал қызмет істеп келе жатқан ғылым! Өйтседағы, кім біледі, жазатайым сүрініп кетсе... Мүсекең бас салмай ма?

Дәмеш арқандалған аттай бүгін осы бір ойға қайта-қайта айналшықтап, орала берді. Кім біледі... Сондықтан да бүгін шала ұйықтап, ерте оянды. Және де Құрышпай атасы Алматыдағы

«Түрксиб» санаториясына жүрмек. Соны шығарып салу керек.

Айтқандай, кім апарып салады: Ораз да, Дәмеш те күндізгі төрттегі сменаға барады. Ажар ма?

Есікті біреу қақты да, іле Ажардың өзі кіріп келді. Ой ғажап, кімді ойласаң, сол келеді. Екі беті дуылдаған, қымсынып, босағадан бері аттамайды.

Әдемі үлкен қой көзі жапақтап, Дәмешке ұяла қарайды.

—Кір, кір, Ажашка,— деді Дәмеш бұрынғы өзінің қойған атымен атап. Сол сөз Ажарға үлкен демеу болғандай, жүгіріп кеп Дәмешті құшақтап, жылап қоя берді. Дәмеш иегінен ұстап, басын жоғары көтеріп, үрейлене көзіне үңілді.

—Не болды?

—Дәмеш, кешір... Менің саған тілім тиді! — Ажар Дәмешке қарай алмай төмен тұқырайып, бетін жасыра береді. Жүрегі орнына түскен Дәмеш күліп, шашынан сипады.

—Эх, Ажашка, глупая ты!.. Осы сөзіңді осыдан үш ай бұрын айтатын кісі емессің бе, осынша шу көтеріп...— Ажар қуанғаннан тек Дәмешті

құшақтап аймалай бер-ді. Қуыршағын жоғалтып тапқан баладай мәз.

—Менің адал екеніме кезің жетті ме, сірә?

—Жетті!

—Сол екі ұшты ойыңды менің алдыма неге тартпадың о баста?

—Сенбедім... Саған да... Оған да...

—Енді қалай сендің?

—Қайыр ағаммен екеуің...

—Айт, айт! Жасырма!

—Сен екеуің сөз байласқан екенсің ғой!

—Жоқ, Ажар, оған сенбе!.. Мен ешкімге әлі сөзімді бергем жоқ. Ол-қате.

Қайыр екеуіміздің арамыз бая-өғыша!

Ажардың бет пернесі өзгеріп, іле қайта өңіне кірді.

—Қайыр ағамды ренжітпеші, Дәмкетай!..

—Оған уәде ете алмаймын!

—Неге? Ол саған ғашық. Сенсіз оның өмірі қараң!

—Ажашка, Қайырдың сөзін сен сөйлемесің! — астына жазылады Менің жалғыз бауырым ғой...

—Ораз менің бауырым емес пе? Оны сен неге ескермедің? —

Дәмеш енді тісін батыра сөйледі.

—Мен білмедім ғой, Дәмкетай... Өздерің ана бір жылдары уәдеміз бар деп... соған да сеніп қалдым.

—Жас кезінде бала не демейді, Ажашка?..

—Кешір, Дәмкетай...

Екеуі құшақтасып, сүйісіп, аз күндегі өкпені қалдырғандай болды. Енді Ажар жайдары жүзбен:

—Дәмкетай, бүгін атам курортқа жүреді. Атам да, Ораз да сені шақырып жатыр! Әдейі алып кетуге келдім! Асқар ағам жоқ па? О кісіні де шақыр деп еді?

—Асекең Магниткада, қызметінде. Қолы тимес.

Құрышпай шалдың үйі кісіге лық толды. Шалды курортқа шығарып салуға басы завод директоры, инже-нерлер, құрыш қорытушылары мен мастерлері тегіс жи-налған көрінеді. Дәмештің көзіне жұрттан бұрын ілінген — Қайыр мен Ораз. Біреуі—өткендегі балалық шағы сияқты сүйкімді де қадірлі, енді бірі—бүгінгі өмірінің бейнесі тәрізді қызық та ыстық, алдағы үміті ме, қалай? Даурығып тұрған топ ішінде Құрышпаймен қатар төр алдында креслода Ван Ваныч отыр. Қай кезде келе қалғанын? Ай, қу шал! Тегі Дәмешті шақыртқан адамның ішінде осы да бар-ау?..

Күміспек, Гена, Қуан, Кепіа-олар да өз алдына бір топ. Әмиров пен

Қасымов, цех бастығы Илья Савельевич, Қайыр мен Серегин кеукеулеп,

бірімен-бірі айтысып жатыр. Мүсілім де бар ма деп ойлап қап еді, ол көрінбеді. Ажар тіптен арсыз болса да, дәл бүгін келе қоймас. Айша апайдың қашып кеткені бүкіл заводқа жайылыпты.

Дәмеш босағада аз тұрып қалды. Бүйірдегі есіктен кірген Ақмарал жақын кеп:

—Қарағым, денің сау ма? Неге кірмей тұрсың?.. Әй, не болып кеттіңдер, түге, осынша шулап! Қайыр, қайдасың, Дәмеш келді!

—деп айғай салды. Дырду-шу Ақмаралдың даусынан су сепкендей басыла қалды. Қайыр Дәмешке ұмтылды.

—О, жоғары шық, Дәмеш!—Қайыр иіліп төрге шақырды. Дәмеш жиналған топтың көзіне түсіп, барлығын маңына үйіріп алғанды, сөзге дес бермей жалғыз өзі сөйлегенді ұнатады, соған құмар да, ал Дәмеш жұрт назарын аударса құты қашып, қысылып, денесі құрыстай бастайды. Дәл қазір де жұрт жабыла қарағанда, беті алмадай қызарып, күле берді.

—Дәмешке жүктейік, лекцияны тамаша оқиды! — деді Қасымов.

—Дәмеш, бүгін маған қуанышты күн екенін естімеп пе ең? Қазақстан Орталық Комсомол Комитеті менің анада «Лениншіл жас» газетінде басылған мақаламды қолдап, жаңа домна мен мартенге құрыш қорытушылар, шойын құюшылар дайындау үшін бес жүз қазақ жастарын аттандырса керекті, соның алды келіп те жатыр.

—О, сағаты түссін! — Дәмеш оның қолын қысты.

—Соған лекция оқитын, үйретіп басқаратын кісі керек! — деді Серегин директор сөзіне мән бере.

—Е, оларды Свердловск, Челябинск, Череповецк сияқты қара металлургияның үлкен орталығына неге жібермейміз?

—Барады. Жібереміз. Орысша шамалы білетіндерін өзіміз дайындасақ дейім.

—Тілі мен жағына сүйеніп тұрған мына инженер Қа-сымовқа тапсырайық. Оқытсын! — Дәмеш әзілмен жауап қайырды.

—Жоқ, Дәмеш, оқытатын кісі табылар... Мен де, сен де оқытамыз. Қазіргі міндет — соларға жайлы жай беріп, жақсы ықлас білдіріп, қарсы алып, қызықтырып, тех-никаңы көкейіне қондыра білу, таратып алмау!..— деді Қайыр жігерлі сөйлеп.

—Олай болса, біз барып олармен әңгіме жасайық! — Дәмеш Қайырдың сөзіне елігіп, қазір де кетіп қалуға дайын адам сияқты.

Қайыр сөзін аяқтамай Ажар келіп тамаққа шақыр-ды, Жиналғандар дүрліге шулап қонақ үйге барды. Екі шал Дәмешті орталарына алды. Сөзді Қайыр бастады:

Бүгін біздің қарт ағамыз, ардақты құрыш қоры-тушы Құрекең курортқа

бара жатыр. Сол кісінің Теміртауға жасарып оралуы үшін, қағида бойынша тост көтерейік... Бұл кісі кім, білесіздер ме?

—Қайыр аз тыныстап күш жинағандай қаттырақ дауыстап сөзін аяқтады:

— Бұл кісі — халқымыздың ар-намысы! Халқымыздың ең жақсы қасиетін осы кісінің басынан табамыз! Сонау патша за-манынан бері кедейдің мүддесін қорғап, жер ауған, он алтыншы жыл патшаға қарсы күресіп, абақтыға түскен, Октябрь революциясына қатынасып, Жетісуда да совет өкіметін орнатты, одан байларды конфискалап, колхоз құрысқан, Отан соғысы уақытында жұмыскер боп құрыш құйған кісі. Халқымыздың тірі тарихын осы кісінің өмірінен аңғарамыз. Біздер осы кісілердің табысына ие боп, азап шекпей, бейнет көрмей өстік. Осындай адам үшін!..

Құрыш қорытылғалы бес сағат. Инженер Сағатованың сменасы жанталасып мартен пешімен алысуда, теңіздің асау толқынын матап-буып, пештің ішіне әкеп қоя бергендей, қып-қызыл жалын төңкеріле тулап, пешке сыймай әлек. Оттың тілін біліп, оған әмірін жүргізіп қалған Ораз көзілдірігін киіп ап, көсеуін ала ұмтылады. Арыстанды үйреткен дрессировщик сияқты, көсеуді Ораз пешке сұғып жібергенде, шамдана тулаған жалын қаймығып, сол сәтінде басыла қалғандай.

От шарпыған маңдай шашына қалпағын бастыра киіп ап, Геннадий да құрыш ағатын шүмекті күн бұрын дайындап жүр. Қуан қолына проба алатын ожау мен стаканды ұстап, қалбаландап пештің алдынан шықпайды. Оркестрді басқарған дирижердай, солардың ісін қадағалап, көз айырмай мастер Күміспек тұр.

Дәмеш темір сатымен пеш алаңына көтерілді де, сағатына қарады: кешкі тоғыз!.. Дәмештің есебі бойынша проба алатын мезгіл жетті! Дәмеш кеуде қалтасынан көк көзілдірігін алып, пештің көзінен сығалады. Құрыш толған қазанның беті көбік атып, қайнаған құрттай бұрқ-сарқ етіп көпіршіп жатыр екен. Иә, уақыт жеткен! Алты сағатта құрыш қорыту — мартен пешінің тарихында бірінші рет, дүние жүзіндегі ең жоғарғы еңбек өнімі деген осы! Құрышты ағызуы бар, жеті сағатқа айналады. Бір сағаттай уақыт ұтады. Бұл жағына Дәмештің енді қаупі жоқ. Сапасы қалай шығар екен?

—Күміспек!—Дәмеш дауысын цехтың гуілі, жоға-рыда темір сымды жорғалап жүрген кранның шақыр-шұқыр дауысы естіртпеді. Дәмеш Күміспекке қолын бұлғады. Күміспек — тыраш, цехтың ішінде де өзін-өзі таза ұстайды, қолына күйе жұқтырмайды, күлімдеп паңдана басып қасына келді.

—Проба алсын, бұйрық бер! — Айтуы мұң екен ол Оразға қолымен пешті нұсқады, бірін-бірі сөзсіз ыммен түсінеді.

Оразда үн жоқ, ернін жымырып, қабағын түйіп алған, пештің ортадағы

әйнегінен ұзын сапты ожауды сұғып жіберіп, қайнап жатқан құрышқа тереңірек батырды да, бір ожау құрышты алып шықты. Стаканға құйды. Аппақ қаймақтай құрыш созылып, үздіксіз ағады. Іле стаканнан пробаны түсіріп ап, Қуан лабораторияға әкетті.

Дәмеш енді қиналды. Кім біледі, немен бітерін... Егер бұдан шыққан сутегі құрышқа қосылса, ертең «болаттай асыл» бола ала ма, жоқ шытынап, шыныдай омырыла бере ме?.. Жоқ, Дәмештің құйған болаты асыл, мықты: ертеңгі Ленин атындағы кемені, Дүние жүзін шарлайтын «ТУ-104»-ті немесе Ай мен Күнге, Шолпан мен Темірқа-зыққа ұшатын әуе кемесін, мүмкін осы Дәмеш құйған бо-латтан жасар? «Дәмеш — Ораз болаты» деген марка бүкіл дүние жүзінде бірінші орын алар?!.

Дәмеш ойы шорт үзілді. Цех маңында аңдып жүр ме, біреу хабарлады ма, топырлап Серегин мен Қайыр, Әмиров пен Қасымов пеш алаңына көтерілді. «Бөгет болмайық» дегендей ептеп басып, үн-түн жоқ пешке жақындамай, анадай үйіріліп тұрып қалды. Дәмеш байқамаған кісі боп қалтасынан орамалын алып бетін сүртті. Қасында тұрған Күміспектің құлағына сыбырлап:

—Бетім күйе емес пе?—деді.

—Дәл мұрның ұшында!

Дәмеш қайта-қайта сүртіп, қайта-қайта сұрайды. Неғылған күйе кетпейтін, бояу ма? Күміспек шыдай алмай күліп жіберді. Бірінің артына бірі тығылып, моншақтай тізіліп, Қайыр, бастаған топ та келіп жетті.

—Сіздерді кім шақырды?.. Атамды шығарып салғаннан бері осында жүргеннен саумысыңдар?

—Ау, біз сені тосып жүрміз!

Бәрі ду күлді. Қайырдың «ау!» дегені Мүсілімді ес-ке түсірді.

—«Ау!» қайда екен осы?—деді Әмиров.

—Ойбай-ау, сен естідің бе, Дәмеш, біздің Мусин Сапарович емханаға түсіп қапты. Жаңа үйіне телефон соқсам апасы бишара емханаға аурып кетті дегені бар ма...

Емханаға телефон соғып едім: дәрігер «жақсы» дейді, жү регі аздап қысылса керек-ті.

Дәмеш сынаптай толқиды, жиылған топтың әзіліне құлақ та қоймайды: Қуан не қып кешігіп жатыр, әлде?.. Темір сатымен жүгіріп келе жатқан Қуан, оның соңынан асыға басып Елифанов көтерілді. Бір тарақ қағазды Қуан Дәмешке ұстата берді. Дәмеш сұп-сұр боп, өңі қашып, қолы дірілдеп қағазды зорға ұстады, ол қағазға Қайыр да төнді. Лабораторияның не деп бергенін білетін Елифанов күлімсіреп, көзін Дәмештен алмайды. Дәмеш «уһ» деп жүрегін ұстап, басын көтергенде, көзі қарсы тұрған Елифановқа

түсті. Шап беріп, оның мойнынан құшып, бетінен сүйді.

— Міне, Қайыр жолдас, көріңіз, қандай құрыш құйдық алты сағатта? — Дәмеш бір жақ шеті кетік, дөңгелектеу келген алақандай құрышты Қайырға ұсынды. Ол жал-иақ алақанына салып, жұрттың алдына тосты. Сап-салмақты қара көк құрыштың бір бетінде әжім секілді әшекейлі сызық, астыңғы жағы теп-тегіс күмістей жылтырайды.

— Нағыз құрыш-осы! — деді инженерлер бір ауыздан.

— Бұл құрышты мен жалғыз құйғам жоқ, ағайындар!

— Иә, тағы кім ортақ? — деді Серегин күлімсіреп.

— Ораз!.. Ораздың бригадасы.

— Жоқ, жоқ, мені қайтесің Дәмеш кірістіріп, — деді Ораз ұялып.

— Әділдік керек! — деді Гена.

— Генаның сөзі-жүректің әмірі. Оны айтпай болмайды...

Соңғы кезде Ораз екеуіміз бірлесіп кеттік!

— Иә, мына қызықты қара! — деді таңданған Қайыр. — Директор білмейді, ә?

— Директор түгіл, цех бастығы да білген жоқ... Ораз өз бетімен құрыш құюдың әдісін іздеп, біз бір-екі рет онысын пеш аузында байқап көргеміз де! — Дәмеш күлімсіреп Оразға қарады — «енді айтуға болады ғой?» дегендей.

— Өздерің бүлдіріп жүрміз десеңші! — деді Илья Савельич.

— Бүлдіргеміз жоқ, Илья савельич!.. Мұның тапқан әдісі құрыш қорытудың операцияларының арасын жеделдетіп, уақыт ұту...

— Сонымен... бу аралас ауа пешті тез қыздырды да, Ораздың

— әдісі құрыштың тезірек балқуына себебін тигізгді. Осы!

— Ораздың бұл бірталайдан бергі арманы еді, жолдастар! — деді Гена.

Бәрі шулап, кезекпен Ораздың, бригада мүшелерінің қолын қысты.

Елегізген Дәмеш Қайырдан көзін алмай, күлімсіреп тұрды да, шешіле сөйлеп кетті:

— Қайыр Рахимович, осы тартыстың үстінде мен бір түйін жасадым!..

Өмірге уақыт сыншы. Адамды бір жағынан өлімге жақындатса, екінші жағынан өмірін таразыға салатын да уақыт па деп қалдым. Біздің арамыздағы таласты шешкен де уақыт боп отыр, оған көздеріңіз жетті!..

— Сондықтан? — деді Қайыр Дәмеш тыныс алған шақта.

— Сондықтан... уақытты босқа жібермей, пайдалана білейік. Уақыт ұтайық!

— Дәмеш күлімсіреп: «дұрыс па?» дегендей Серегинге қарады.

Қайыр тағы да киіп:

— Сеніңше, өмір сүруге асығу керек пе? — деді.

— Жайбарақат жүрген де өледі, асыққан да өледі. Сондықтан өмір сүру

үшін асығайық. Бірақ, жемісті өмір сүру үшін асығайық!
«Уақыт — алтын» деп бұрынғылар тегін айтпаған...
Қайыр Дәмештің мөлдіреген қара көзіне сүйсіне қарап тұрып қалды.

...Түн. Ай сүттей жарық. Ашық аспанға сепкен күміс жұлдыздардың бірі сөніп, бірі гауһар тастай тұтанады. Темірлі таудан ескен самал көйлектің жаға-жеңінен кіріп денені аралап, суық жыландай мойныға оралады. Самарқанд көлі түп-тұнық, беті жыбырлап, кешке қарай тыным тапқандай. Дәмеш пен Қайыр Темірлі таудың арғы жақ етегінде, көл жиегінде тұр. —Дәмешжан, радио әкелген бүгінгі хабарды естідің бе?.. Екінші космос ракетасы бүгін, бір жарым сәткеде айдың дәл үстіне барып түсіпті! — Қайыр көзін бұлт астынан жылжып шығып келе жатқан айдан алмайды. Кеше ғана ғашықтардың сырласы, мұңдасы, сиқырлы ай, бүгін Қайырға ескі танысы секілді. Жап-жақын, қолын созса жететіндей.

Қайыр ойын жалғағандай, Дәмеш:

—Әне бір ай бетіндегі қарайған, ракета апарып тастаған біздің вымпел емес пе екен?— деді әзілдеп.

—Көзің жіті-ау, Дәмеш, көріп-ақ қалғаның

—Көрмей, мүмкін, менің құйған құрышымнан жасалған шығар, ол вымпел?

Қайыр жымыды.

—Темірдің кекесі айда болса керек-ті. Шіркін, керемет құрыш құюға болар еді-ау!— Қайыр балаша өз сөзіне өзі мәз, күледі.

—Америкада сол айдың жерін осы күннен-ақ бөлісіп, сатып жатқан көрінеді... Темір барын сенен бұрын білгені ме, Қайыр?

—Но-но.. Біздің вымпел жатқасын, ай да біздікі! Оларға бір қарыс жер тимейді!..

—Иә, тарих деген осы!.. Қайрош, айға завод салса, директор боп барар ма едің?— Дәмештің дауысы сиқырлы да назды шықты.

—Сен барсаң, ай түгіл күнге де барам.

—Жанып кетерсің...

—Сен үшін жансам, арманым жоқ!

Екеуі тауды басына көтеріп, сақылдап шаттана күледі... Күлкі басылды. Жел де тынды. Айнала тым-тырыс. Тек екеуінің соққан жүректерінің дүрсілі ғана естілгендей. Жаңа ғана өздері келген қалаға таңдана қарайды. Өн бойына моншақтап, электр шамын таққан қала, шулап ән сап жатыр. —Дәмешжан! — деді Қайыр Дәмештің мөлдіреген қара көзіне төніп.

Дәмеште үн жоқ, ол көзін қаладан алмайды. — Дәмешжан, міне бес жыл болды, сені күткелі...

Сол бір сәт әлгінде батқан күн бұлардың жүзін көрмекке қайта шыққандай қаланы алтын арайға бөледі. Су бетіне қызыл бояу төккендей, көл қызарып Дәмештің жүзімен шағылысты.

Мартен құрыш ағызды!

Әне, аспан тіреген завод мұржасынан алтын ұшқын жаңбырдай себелеп құяды!.. Қандай ғажайып, керемет сурет!

Қайырмен екеуінің махаббаты бес жыл бойы құрыштай қорытылды. Ендігі күн қуаныш жүрекке сыймай дәл осы құрыш сәулесіндей төгілуі керек.

—Дәмешжан, неге үндемейсің?

Дәмеш кенет Қайырға бұрылды. Ұзын, нәзік саусағымен кере қарыс маңдайына түскен бір түп шашын кейін қайырып, оның қоңыр көзіне үңілді. Іштен әндетіп, Қайыр сөзіне жауап қайырды:

Сенен артық, жар табылмас, Табылса да артылмас!..

Осы бір сөзін дауыстап айтуға тілі икемделмеді, Қайырдың көзінен оның аузымен айтылмаған жалыныш сөзін, құмартқан сырын ұқты да, бас сап мойнын құшып, шын сүйгісі де келді. Бірақ, дәті шыдамады, тау шыңына жоғары өрмелеп кете барды.

Оглавление

[БІРІНШІ БӨЛІМ](#)

[ЕКІНШІ БӨЛІМ](#)

[ҮШІНШІ БӨЛІМ](#)

[ТӨРТІНШІ БӨЛІМ](#)